

68.79/61/02  
А 52

С А Р Б А З



К.Аманжолов,  
А.Тасболатов

---

# Қазақстанның әскери тарихы

68.49/5Каз)973


A 52

К. АМАНЖОЛОВ

А.ТАСБОЛАТОВ

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘСКЕРИ ТАРИХЫ

*Өңделіп, толықтырылып екінші басылуы*



Алматы «Білім» 2008

ББК 68.4 я 73

А 52

А 52 **Аманжолов К., Тасболатов А.**

Қазақстанның әскери тарихы: Оқу құралы. *Өңделіп, толықтырылып екінші басылуы.* – Алматы: Білім, 2008. – 320 бет, суретті.

ISBN 9965-09-547-7

Оқу құралында Қазақстанның көне дәуірлерден (б.з.д. VI ғасырдан) бүгінгі күнге дейінгі әскери тарихы баяндалады. Кітап жас ұрпақты өз елінің өткен тарихын білуге, Отанын сүйуге баулиды. Жоғары оқу орындарының студенттеріне, әскери академияның тыңдаушыларына және орта мектептің жоғары сынып оқушыларына арналған.

Оқу құралының соңғы тарауы қайтадан жазылды.

А  $\frac{1302000000-026}{412(05)-08}$

ББК 68.4 я 73

ISBN 9965-09-547-7

© Аманжолов К.,  
Тасболатов А., 2008  
© «Білім» баспасы, 1999  
© «Білім» баспасы, 2008

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 1999 жылы 20 қаңтарда сөйлеген сөзінде «Даңқты өткенімізден күш ала отырып, жаңа ғасырға нық қадам басамыз<sup>1</sup>»,— деді.

Бұл сөздің астарында не бар? Даңқты өткеніміз қандай, ол қашаннан басталады?

Қазақ халқы — этногенез жағынан алғанда, үш мың жылдан аса тарихы мен мәдениеті бар халық. Тарихқа біздің заманымызға дейінгі (б.з.д.) X ғасырда сақтар, б.з.д. IV ғасырда ғұндар (бұл атау ғұндар, хұндар, һундар деп те жазылады), б.з. V—VI ғасырларында «түріктер» деген атпен енген бүгінгі қазақтар — сақтардың, ғұндардың, түріктердің даңқты әскери тарихының төл мұрагері.

Қазақстанның ежелгі әскери тарихы сақтардың б.з.д. 529 жылы парсы патшасы Кирді жеңуі мен одан кейін б.з.д. 512 жылы парсы патшасы Дарийдің әскерін талқандауынан басталып, б.з.д. 330 — 328 жылдары Александр Македонскийдің (Ескендір Зұлқарнайынның) әскеріне мықтап тойтарыс беруімен оның бірінші кезеңі аяқталады. Одан кейінгі кезеңде хұндар империясы құрылып, қытай мен Ұлы даланың шекарасын бөлген Қытай қорғаны хұндардан қорғану үшін, бірнеше жеңілістен кейін б.з.д. 207 жылы салына бастағаны белгілі.

Ал Еуропаға жеткен хұндар патшасы Аттиланың 451 жылғы Римге шабуылынан кейін көп ұзамай Рим империясының құлауы хұндардың әскери өнердегі қуаттылығының шырқау шыңына жеткенін көрсетеді.

Орта ғасырлардағы түркілерге келсек, түркі жұрты VI—VIII ғасырларда Византия және сасанидтік Иранмен соғыстарда әскери өнерді дамытуға баға жетпес үлес қосты. XII—XIII ғасырларда Шыңғыс хан түркі халықтарының әскери дәстүрі мен өнеріне және жергілікті найман, керей, қыпшақ, қаңлы, дулат, т.б. этникалық түрік тектес бірлестіктерге сүйеніп, атты әскерді құру мен үйретуде және әскери дара басшылықта соғыс

<sup>1</sup>«Егемен Қазақстан», 1999 ж., 21 қаңтар.

өнерінің ең жаңа тәжірибесін жинақтады. XIV ғасырда Әмір Темір және оның мұрагерлері аса құдіретті тұрақты әскери күш құруда әлем тарихының сахнасына бірінші болып шықты. Сонымен, б.з.д. VI ғасыр мен бергі XIV ғасыр арасындағы сақтар, хұндар, түркілер, Шыңғыс хан, Әмір Темір дәуіріндегі әскери өнердің дамуы – біздің рухани және әскери өнердегі қазыналарымыз, әскери тарихымыздың деректі көздері болып табылады. Демек, қазақ елінің қорғаныс күштерін құру б.з.д. VI ғасырдан, сақтар дәуірінен бастау алады.

XV ғасырдың ортасынан бастап, жергілікті этникалық бірлестікке сүйенген тайпалар қазақтың ұлттық мемлекетін құрды. Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін қорғауда есімі аса құрметпен айтылатын: Қасым хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Тәуекел хан, Есім хан, Абылай хандар баға жетпес әскери дара басшылық тәжірибесін жинақтады. Отанын қорғауда өздерінің қабілеттілігімен, жеке басының ерлігімен халық жадында ұмытылмас тұлға болып қалған: Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, т.б. батырлар қазақ әскери тарихында өзіндік қолтаңбаларын қалдырды және қазақ әскери өнерінің дамуына аса зор үлес қосты.

Қазақтар белсене қатысқан Азамат соғысы жылдары (1918–1920 жж.) Қазақстан аумағында 4 кавалериялық бригада, 7 кавалериялық полк, 2 кавалериялық дивизион, 4 кавалериялық эскадрон, 4 жаяу әскер полкі, 8 күзет полкі және басқа да бөлімшелер құрылды. Олар азамат соғысына белсене қатысты. Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы туралы айтатын болсақ, мұнда да біздің жерлестеріміз жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Қазақстанда құрылған 20-дан аса дивизиялар мен бригадалар шексіз батылдықпен шайқасты.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан даласының 1 млн. 200 мыңға жуық ұлдары мен қыздары Брест қамалы мен Мәскеуді қорғады, Ленинградты ұзақ уақыттық блокададан құтқаруға тырысты, Сталинград түбіндегі қанды шайқаста, Орел, Курск шайқасында тайсалмады, Украинаны, Белоруссияны, Прибалтиканы, Молдованы азат етуге күш салды, Берлин түбегіндегі шайқастарға қатысты.

Тәуелсіздік алған кезден бері ұлттық мемлекеттің тұғырын биіктетер мәселелер көбейді. Қазірдің өзінде Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен, Қарулы Күштердің лайықты бет-бейнесін жасау жөнінде шаралар қабылданып жатыр. 1997 жылғы қараша айынан бастап, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін реформалау жөніндегі Жарлық іске

асуда. Ол реформа бойынша, Қарулы Күштердің құрылысы төмендегідей түрде жүйеленеді:

- 1) Жалпы мақсаттағы күштер
- 2) Әуе қорғаныс күштері
- 3) Мемлекеттік шекараны қорғау күштері<sup>1</sup>

Қазақстан Республикасының Президенті, Қарулы Күштердің Жоғарғы қолбасшысы Н.Ә. Назарбаев әскерлердің алдында сөйлеген сөзінде «әскери училищелердің офицерлері мен курсанттарына, жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне соғыс және армия туралы әскери тарихты оқыту» керектігіне баса назар аударды. Бұл, біріншіден, әскери істе болып жатқан процестерді, қарулы күштерді құрудағы теориялық-практикалық өзгерістерді, соғыс жүргізудің тәсілдері мен теориялық зерттеу жүргізуге мүмкіндік берді. Екіншіден, әскери тарих курсанттар мен офицерлердің әскери ойлауын, ғылыми ой-өрісін дамыту үшін де маңызды. Мұның бәрі өткеннің қателіктерін түсінуге көмектеседі, қоғам дамуының бағытын көрсетеді, қарулы күштерді басқаруда өткен уақыттың тәжірибелерін қолдануға мүмкіндік береді. Үшіншіден, әскери тарих халықтар достастығы рухында тәрбиелеудің құралы болады. Сондықтан бүгінгі Қазақстанның әскери тарихын оқып үйрену ерекше маңызға ие. Қазақстанның әскери тарихы әскери кафедрасы бар әскери училищелер мен жоғарғы оқу орындарына пән ретінде оқытылуы қажет. Осы кітаптың мақсаты бүгінгі күні еліміз тәуелсіздігін алып, ертеңіне сеніммен қол созған шақта өзінің тарихын танытуға талпынған халқымыздың ұл-қыздарына даңқты өткенін білуде аз да болса көмектесу деп білеміз. Сөз соңында айтарымыз, бұл кітап «Военная история Казахстана» (очерки) деген атпен «Рауан» баспасынан 1998 жылы орыс тілінде жарық көрген еді, ал қазақ тілінде осы кітапты баспаға дайындау барысында, авторлар жекелеген оқырмандардан, ғылыми мекемелерден және жоғарғы оқу орындарынан түскен көптеген орыны тілектер мен ұсыныстарды орындауға тырысты.

Кітап сегіз тараудан тұрады. Оның I–VI тарауларының авторы – отставкадағы гв. полковнигі, Ресей Әскери ғылымдар академиясының корреспондент мүшесі, профессор Керейхан Аманжолов, VII–VIII тараулардың авторы – генерал-майор, профессор Абай Тасболатов.

---

<sup>1</sup>Назарбаев Н.Ә. Қарулы Күштерді реформалау — уақыт талабы // «Егемен Қазақстан». 1998 ж. 17 қаңтар.

## *I тарау*

# САҚТАР, САҚТАРДЫҢ ПАРСЫ ПАТШАСЫ КИРДІ ЖЕҢУІ ЖӘНЕ АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙМЕН СОҒЫСЫ (б.з.д. 529, 330–328 жж.)

## § 1. САҚТАРДЫҢ МЕКЕНДЕГЕН ЖЕРЛЕРІ

Біздің заманымызға дейінгі X–V ғасырларда Кіндік Азия мен Қазақстан аумағында, Хуанхэ, Ертіс және Дунайға дейінгі аралықта парсыларша «сақ», грекше «скиф» деген атпен белгілі болған түркі тілдес тайпалар тұрған.

Хуанхэ мен Дунай өзендері аралықтарындағы қазбалардан шыққан сақтарға (скифтерге) тән қару-жарақ, ат жабақтары, аң стиліндегі киім-кешектері б.з.д. X–V ғғ. дейін ортақ мәдениеттің осы атаумен аталуына себеп болды, ол мәдениет б.з.д. III ғасырға дейін өмір сүрді. Сақтардың ескі зираттары, оның ішінде патшалардың топтануы Талас, Іле, Шу жағалауларында, Қырғыз және Жетісу Алатауының таулы бөктерлерінде, Кеген мен Нарынқолдың таулы аймақтарында орналасқан. Еділ мен Дунай аралығынан табылған ескерткіштерді тарихшылардың зерттеулері мынаны көрсетеді: б.з.д. X–V ғасырларда Орта Азия мен қазіргі Қазақстан даласын, парсы тарихшыларының айтуынша, «сақ», грек тарихшыларының айтуынша «скиф» тайпалары мекендеген. Бұл, Хуанхэ мен Дунай аралығындағы барлық көшпелі тайпаларға тән атау еді.

Біздің қазірше білетініміз, б.з.д. 484 – 425 жылдары арасында сақтар туралы Геродот<sup>1</sup> былай тұжырымдайды: «парсылар барлық скифтерді сақтар деп атаған». Орта Азия мен Қара теңіз жағалауындағы көшпенділерді гректер скиф деп атаған деп хабарланады.

Сонымен, қазір белгілі болып отырғандай, сақ тайпалары Орта Азияда, қазіргі Қазақстан аумағында мекендеген және массагеттер деген атпен белгілі болған. Ал еуропалық сақтар Каспий мен Қара теңіз жағалауындағы алқаптарда, яғни қазіргі кезде Венгрия, Румыния, Болгария мемлекеттері орналасқан аумақта өмір сүрген.

<sup>1</sup>Геродот – Кіші Азияның Галикарнас қаласынан шыққан ежелгі грек тарихшысы. Б.з.д. V ғ. грек-парсы соғыстарының тарихын жазған. Бұл ежелгі грек және ежелгі шығыс тарихы жөніндегі іргелі еңбек. Мұнда тұңғыш рет антик әдебиетінде скифтердің өмірі, тұрмысы суреттеледі.

Геродот сақтарды олардың айналысқан кәсіптеріне қарай жіктеген: егінші сақтар Зеравшан, Әмудария, Сырдария, Іле, Днепр мен Буг өзендері жағалауындағы өлкелерде өмір сүрсе, көшпелі сақтар Днепрдің шығыс жағын мекендеді дейді.

Сақтарда мал шаруашылығы жақсы дамыды, әсіресе жылқы шаруашылығы алға басты, соған байланысты, негізгі жауынгерлері атты әскер болды. Сақ тайпалары көсемдерінің молаларынан ондаған, тіпті жүздеген аттың бастары табылған, олар сақ көсемдері өлгенде бірге көмілген. Б.з.д. V ғасырда сақ тайпаларында әскери демократия ұйымдары болды: ол тайпа жиыны, тайпа көсемі, тайпа көсемдері кеңесінен тұрады. Бұл қоғамдық ұйымдардың негізгі мақсаты соғыс жүргізу еді. Осыған байланысты, сақтар соғыс құдайларына үлкен құрбандықтар шалды.

Б.з.д. VI ғасырда сақ көсемдерінің орны мұраға қалдырылып, патшалық мұрагерлік билікке айнала бастады. Сөйтіп, қолында үлкен саяси күші бар, мықты сақ мемлекеті пайда болды, оның үстемдігі бірнеше ғасырға созылды. Б.з.д. VII ғ. сақтар басқыншылық соғыстар жүргізді. Олар Кіші Азияға басып кірді, Геродоттың айтуынша, олар мұнда 28 жыл үс-темдік етті. Б.з.д. VI–V ғғ. сақтар қорғаныс соғыстарын жүргізді, атап айтқанда, парсы әскерлерінің шабуылын той-тарып отырды. Сақтардың ер-азаматтарының барлығы да жауынгер болды. «Сақтарда, – деп жазды Аристотель, – бірде-бір жауды өлтірмеген жауынгерге, үлкен мерекелерде айналдыра ішілетін ішімдіктен татуға рұқсат етілмейтін»<sup>1</sup>.

Геродоттың айтуынша, сақтар соғыстан түскен олжадан өлтірілген жауының санына байланысты үлес алады, оның дәлелі ретінде, өз патшасына өлтірген жауының басын әкеліп көрсеткен. Ежелгі халық аузында айтылатын, арабтардың тасқа, парсылардың өзенге табынғанындай, сақтар семсерге табынған.

Сақтар еркіндік сүйгіштігімен, батылдығымен, ұрыста табандылығымен көзге түсті. Геродот сақтарды ақыл-ойы ерекше дамыған ел деп есептейді. Екінші бір ежелгі дүние тарихшысы Юстиннің айтуы бойынша: «Бұл халық еңбекте қажымайтын, ұрыста бой бермейтін, қамалдай беріктігі төтенше. Олардың жоғалтатындай ештеңесі болған жоқ, жеңісте атақтан басқа ештеңе дәмектен жоқ»<sup>2</sup>.

<sup>1</sup>Аристотель. Политика. перев. Жабелева. СПб. 1911.С. 2-6.

<sup>2</sup>Юстин. Всеобщая история . ч.1.гл. III СПб. 1911. с. 66-67.



## § 2. САҚТАРДЫҢ ҚАРУЫ, ӘСКЕРИ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ПАРСЫ ПАТШАСЫ КИРДІ ЖЕҢУІ (б.з.д. 529 ж)

Әскери өнердің дамуында сақ жауынгерлерінің үлкен орны бар. Олардың соғыс жүргізу өнері мыңдаған жылдар бойы жаулары мен достарының назарын аударып келеді, әрі ежелгі құл иеленуші мемлекеттердің әскери өнерінің дамуына өзіндік әсерін тигізді. Ежелгі әскери теоретиктер сақтардың әскери өнерін зерттей келе, олардың ерекшеліктерін көрсетті және пайдалануға кеңес берді.

Сақтардың негізгі қаруы садақ пен ұзын найза болды. Сақ садақтары екі серіппелі бөліктен тұрды: сыммен жалғастырыла тартылған қос мүйіз.

Геродот айтқандай, сақтар садақты кеудесіне емес, иығына қойып атқан, олар оң иыққа да, сол иыққа да қойып ата беретін болған. Сақ жауынгері – ол атты садақшы. Авдиевтің айтуынша, оның күші – «жебеде, қорамсақта және болдыруды білмейтін жүйрік атта». Садақ пен найзадан басқа, сақтарда қысқа қылыш және арқан болды.

Сақтардың қорғаныс құралдары қалқан, сауыт, бас киім еді. Қалқан шағын ғана болды, теріден жасалды. Сауыт алғашында мыстан, кейіннен темірден жасалды, денеге тиіп тұрды, бірақ жауынгердің қимыл-қозғалысына кедергі жасамады.

Сақ әскерлері жеке-жеке топтан (рулық топ) тұрды.

Бірнеше отряд тосқауыл жасау үшін алдыға жіберілді және бұларды қолдау үшін қосымша күш жұмсалды. Негізгі мақсат майданның тұтастығын бұзу болды. Ұрыс шебін атты әскер құрды, жаяу соғысқан жоқ.

Сақтар негізінен, өз жауын күшпен емес, айламен алды. Соғыс, әдетте, күтпеген жерден шабуыл жасау түрінде басталып отырды. Тұтқиылдан шабуыл жасап, жауының есін жигызбастан арғы жағына өте шығуға ұмтылды немесе өтірік шегініп, қапыда қарсы шабуыл жасады. Соғыс табысты өткен жағдайда, сақтар жауын толық талқандағанша қуалап, толық жойып жіберуге ұмытылды. Ал жеңіліске ұшыраған жағдайда, айқасты өздерінің пайдасына шешілгенше жалғастыра берді.

Сақтарда үнемі жайылым жетіспейді. Олардың күшін әлсіреткен ең басты нәрсе тайпалар арасындағы қақтығыстар болды.

Б.з.д. VI ғасырдың II жартысында Иран жеріндегі парсы мемлекеті жаулап алу соғыстарын жүргізді. Парсы патшасы



Сақтардың жаяу әскері және атты әскері.

Кир Кіші Азияны жаулап алғаннан кейін Окс (Әмудария) және Яқсарт (Сырдария) өзендерінің арасын мекендейтін сақ тайпаларына (массагеттерге) басып кірді. Томирис патша басқарған массагеттерге аса күшті жаумен соғысуға тура келді. Сақ жауынгерінің де күші әлсіз емес-ті. Сақ әскерлері тез қимылдайтын епті, соғыс ісінің үздік шеберлері болатын. Олардың ең басты ерекшелігі әрі артықшылығы – олар қырсырын жақсы білетін өз жерлерінде соғысты.

Б.з.д. 529 жылы парсы әскерлері Окс өзенінен өтіп, бірнеше сақ отрядын талқандады. Томирис өз жеріне жауды тереңдей енгізіп, шатқалға апарып талқандау үшін, өз жауынгерлеріне жылдам кері шегінуге бұйрық берді. Жеңіске масаттанған парсылар сақтардың соңынан қуып берді де, сақтар алдын ала ойлағандай шатқалға жетіп, массагеттер құрған қақпанға тап болды.

Осы шатқалда парсылар түп-түқиянымен талқандалды, Кир патша өлтірілді. Юстиннің айтуынша, осы ұрыста сақтар 200 мың парсыны құртып жіберген. Бұл сан ұлғайтылып көрсетілген, шындығында, бірнеше ондаған мың парсы құртылған. Өйткені олар (парсылар) үнемі, үздіксіз соғысып отырғандықтан, өз тайпаларының есебінен жауынгерлер саны толықтырылып отырса да, тек ондаған мыңға жеткенін, алайда 200 мың болмағандығын байқауға болады.

Соғыс ісін жүргізуде, атап айтқанда, жаппай соғысқа кірісуде де, жеке-жеке шабуыл жасауда да сақ соғыс өнерінің өзіндік ерекшеліктері болды. Сақ стратегиясы соғыста күшті дұрыс бағалай білумен, оны өз пайдасына өзгерте алуымен сипатталады. Жаудың күші сан жағынан басым түскен жағдайда сақтар соғысқа кіріспей, әдейі өз жерінің ішіне қарай шегініп отырды. Жау күші әлсіреген жағдайда, шегінер жолын кесіп, оларды қоршап алып, құртып жіберуге тырысты. Осылайша, сақтар соғыс барысында күшті өз пайдасына бұруда бірінші болып стратегиялық шегініс жасау әдісін қолданды.

Сақтардың соғыс жүргізу әдісінің де өзіндік ерекшелігі болды. Сақтар әскерді өзара келісімге келіп отыратын екі топқа бөлді: бірінші отряд соғысқан жауға қарсы майданға шыққанда, екіншісі жау тылында немесе жау шегінген жағдайда соққы беруге дайын тұрды.

Сақтар бұл әдісті ескі грек-рим авторлары атаған «кіші соғыстарда» кеңінен пайдаланды. Олар кедергілер жасады, алдап түсірді, күндіз де, түнде де тұтқиылдан шабуыл жасап, тез жоқ болып кетіп отырды. Күтпеген ұсақ шабуылдармен жау әскерлерін үнемі үрейлендірді, алайда өздерін ешқашан ұстатпады.

Сақтардың соғыс өнеріне сипаттама бере отырып, Геродот былай деп жазды: «Олардың жеріне басып кірген жаудың ешқайсысы қашып құтыла алмайды. Егер олар ашық соғысуды өздері қаламаса, ешкім оларды қуып жете алмайды, себебі оларда қала да, бекініс те жоқ. Алайда олар өз баспаналарын өздерімен бірге ала жүреді әрі олардың барлығы да ат үстінде садақты жақсы ататын мергендер. Азықты олар жерден емес, мал өсіруден табады. Осындай жағдайда олар қалай жеңімпаз болмасын»<sup>1</sup>.

Геродот олардың қыс айларында мұз үстінде де шабуыл жасағандығын айтады. Ертедегі авторлар сақтардың тарихи рөлін жақсы түсінген.

Юстин скиф қаһармандарының ұлылығы мен маңыздылығына жете мән бере отырып, «сақ тарихының даңқы олардың әміршілдігінен де жоғары тұрды» деген баға берді.

Демек, түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының әскери тарихын, оның ежелгі мәдениетін зерттегенде, жоғарыдағы сүбелі арналарға соқпауға болмайды.

---

<sup>1</sup>Геродот. История в девяти книгах. Т. IV. С. 46.

Қорыта келгенде, сақтар одағы өздері мекендеген жерінде б.з.д. II ғасырға дейін өмір сүрді. Содан соң сақ тайпаларының одағы ыдырап, бүгінгі түркі тектес басқа тайпаларға сіңісіп кетті.

### **§3. САҚТАРДЫҢ АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙМЕН СОҒЫСЫ (б.з.д. 330–328 жж.)**

Арриан, Курций Квинт және Геродот еңбектерінде сақтардың Александр Македонский армиясымен екі жыл бойы соғыс жүргізгендігін баяндайды. Александр Македонский сақтарды соғыста тізе бүктіре алмады. Енді сол сақтардың Александр Македонскиймен жүргізген соғыстарының шешуші кезеңдеріне тоқталайық.

Үш жарым жыл ішінде македондықтар парсы флотын талқандап, Эгей мен Жерорта теңізіне орнығып алды. Парсылардың саяси-экономикалық орталығы Вавилон қаласын жаулап алды. Осы уақыт ішінде Македон жауынгерлері сегіз мың шақырымнан астам қашықтықты басып өтті. Парсы патшалығы талқандалды, дегенмен өздерінің жеңісін баянды ету үшін македондықтарға Бактрия мен Соғдиана және Хорезмді бағындыруға тура келді. Бұл далаларда көшпелі сақ-массагет тайпалары мекендеді. Бактрия мен Соғдиана аса маңызды сауда жолында тұрды. Шығысқа үстемдік ету үшін македондықтарға міндетті түрде осы аймақты бағындыруға тура келді. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін македондықтар тағы да үш жарым жыл уақыт кетірді.

Б.з.д. 330 жылы көктемде Македон әскерлері Әкбатанға қарай жылжып, 15 күннің ішінде мың шақырым жерді басып өтті де, Дарийдің соңғы байлығын басып алды. Македон атты әскері мен жеңіл қаруланған жаяу әскері парсы әскерлерін одан әрі қарай қуды. Көп ұзамай Дарийдің өлтірілгені белгілі болды. Содан соң македондықтар Соғдианаға – сақтарға басып кіріп, бостандық сүйгіш тайпалармен екі жылға созылған соғыс жүргізді.

Соғыстың **бірінші кезеңінде** – б.з.д. 329 ж. Македон жауынгерлері Окс өзенінен өтті де, Мараканд (Самарқанд) қаласын басып алды. Бұдан кейін македондықтар Яксарт өзеніне жетіп, аса мықты қамал-қала – соңғы Александрия (Ходжент) қаласын салды. Алайда Соғдианада орнығу үшін тағы да екі жыл соғысуға тура келді.

Македон басқыншыларымен күресті Соғдиананың әскер басы Спитамен басқарды. Ол сақ тайпаларымен одақ құр-



Македондықтардың сақтарды Яқсарт өзені жағасында атқылауы.

ды. Жергілікті халық көтеріліске шығып, Яқсарт өзені аңғарындағы жеті қаладағы Македон гарнизондарын жойып жіберді. Спитамен басқарған жасақ Мараканд қаласындағы Македон гарнизонын қоршауға алды. Македон әскері қиын жағдайда қалды. Олар дегенмен, жанталаса отырып, көтеріліске шыққан жеті қаланы да қайтарып алды, бірақ Спитамен әскеріне қарсы тұруға мүмкіндігі болмады. Себебі Яқсарт өзенінің оң жағында тұрған сақтардың үлкен күші өзен арқылы Македон әскерін атқылады. Сақтар Александрға сөз салды: «сен, Александр, сақтармен соғысамын деп өрескелдікке барма, егер сенің оларға шабуыл жасауға батылдығың барған болса, олардың азияттық тағылардан (варварлардан) өзгеше екенін байқаған болар едің»<sup>1</sup>.

Македондықтар өзен арқылы тас ататын машиналарын құрып, сақтарды атқылай бастады. Атқылау кезінде садақшылар мен мергендер (сақпаншылар) өзеннен өтіп, сақтардың алдыңғы отрядтарын кейін шегіндірді және фаланг (ұзын найзалы әскерлер) мен атты әскердің өзеннен өтуіне жағдай жасады. Сөйтіп, шайқас Яқсарт өзенінің оң жағына ауысты.

Шайқастың бірінші кезеңін македондықтардың алдыңғы отряды бастады. Сақтарға қарсы одақтас атты әскер отряды

<sup>1</sup>Арриан. Анабазис Александра. СПб. IV кітап. 1912. 1-бет.


жіберілді. Сақтар бұл шабуылды тойтарып, оларды қоршап алып, жебемен атқылады. Атты әскерге көмекке жеңіл қаруланған жаяу әскер жіберілді. Енді сақтар шегінді, алайда жауды көзден таса қылған жоқ.

**Екінші кезең** – негізгі күштің ұрысы және сақтардың шегінуі.

Алдыңғы жасаққа көмекке үш шағын топ пен атты мергендер жіберілді. Алайда сақтар македондықтар шабуылын тойтарып тастады. Сонда Александр өзінің атты әскерінің бәрін де соғысқа кірістірді де, сақтарды шегіндіріп, соңынан түсті. Аррианның айтуынша, сақтарды аптап ыстық, шөл және Александрды ауыртқан лай су құтқарды. Ұлы қолбасылардың жеңілістерін табиғи қиыншылықтарға аудару – ежелгі және қазіргі тарихшылардың әдеті. Шыңдығында Кирдің түбіне жеткен қайғылы оқиғаны еске алған Александр, сақтардың жеріне тереңдеп енуге баға алмады, Македон армиясына қарсы сақтардың әскери қимылы өз әскерін жеке-жеке талқандалудан сақтай отырып, дұшпанға қарсы күшті бірте-бірте топтасырып, күшейтумен сипатталады. Шайқасып жатқан отрядтар бір-бірімен тығыз байланыста болды және өзара тактикалық қимыл бірлестігін сақтады. Сақтардың артынан түсуді тоқтату, Арриан айтқандай, сақтарды талқандалудан сақтаған жоқ, керісінше, сақтардың македондықтарды өз жеріне тереңдете енгізіп алып, талқандауынан сақтап қалды.

Осыдан кейін Македон басқыншылары негізгі күштерін Мараканда тұрған Спитамен басқарған жауынгерлерге қарсы жұмсады. Бірақ Спитамен жағдайды дұрыс сарапқа салды да, шайқасқа түспей, Мараканды тастап, тез шегініп, сақ әскерлеріне барып қосылды. Оның соңынан күшті Македон отряды қуғындады. Сақтармен бірігіп алған Спитамен әскері македондықтарға шабуыл жасай бастады, бірақ үлкен шайқасқа түскен жоқ. Бұл македондықтарды кейін шегінуге мәжбүр етті. Жау садақшыларының қаупін сейілту үшін Македон отряды Политамет (Зеравшан) бойындағы орманға тоқтады да, сол жерде шайқасқа түсті.

Политамет өзені бойындағы шайқастың бірінші кезеңі – Спитамен жасағанның македондықтардың өзеннен өтуіне бөгет жасауы. Македондықтардың атты әскерінің бір командирі қолбасыларының рұқсатынсыз өзеннен өте бастады. Оның соңынан жаяу әскер бей-берекет қозғалды. Спитамен садақшылары мен сақ мергендері өзеннен өтпекші болғандарды жебенің астынан алды. Мұнымен қоса сақ атты



Б.з.д. 329 ж. Яксарт өзені бойындағы шайқас.

әскерлері өзенге түсіп, өзендегі бір аралға шыққысы келген жау әскеріне шабуыл жасады.

Соғыстың екінші кезеңі – Аралдағы македондықтарды қоршау және құртып жіберу. Спитамен мен сак жасақтары македондықтарды, негізінен, жебенің астына алды. Македондықтардың бір бөлігі сақ тосқауылына тап болды және барлық Македон әскер басшылары оққа ұшты. Қырық шақты атты әскер мен 300-дей жаяу әскер ғана қашып құтылды.

Сөйтіп, Спитамен мен сактардың атты әскері өздерінің соңына түскен аса қуатты Македон жасағын шешуші шайқасқа түспей-ақ, алдап шегіну арқылы тосқауылға түсіріп, соңынан құртып жіберді. Македондықтардың тағы бір үлкен күші үш күнде екі жүз сексен шақырым жол жүріп, көмекке жеткенмен, бәрібір кешігіп қалды. Өздерінің шығынға ұшыраған жауынгерлерін жерлегеннен кейін Александр Спитамен мен сактардың соңына түсті, бірақ тағы да сақ даласына ішкерілей еруге бата алмады да, Бактрияға келіп, осы жерде қыстап шықты. Осында оған жаңа күштер келіп қосылды. Сөйтіп, б.з.д. 329 жылғы жазғы шайқастағы шығынның орны толтырылды. Македон армиясы қыс бойы жаңа шайқастарға дайындалды. Мұнымен қоса Бактрия мен Соғдианадағы халық көтерілістері мен шайқасты жалғастырды. Бұл мезгілде жергілікті көтерілісшілердің шайқас тәсілдері өзгеріп, олар қолға түспейтін жерлерге тығылып қалды. Бірақ македондықтар негізгі жерлерге қамалдар салып, онда үлкен гарнизондар ұстады. Әскери өнер тұрғысынан алғанда, қамалдардың тұрғызылу әдісі былай болды: мысалы, Маргиана қаласы маңында алты «қалалық» қорған тұрғызылды, екеуі оңтүстікке қаратылып салынды, төртеуі шығысқа қаратылды, бір-біріне көмектесу үшін олар бір-біріне жақын аралықта орналасты»<sup>1</sup>.


Сөйтіп, жеке қорғандар салу үшін үлкен қаланы

<sup>1</sup>Курций Квинт. История об Александре Македонском. ч. 1-2. СПб. 1819. 11-15 бб.

күшейтіп, үлкен гарнизон ұстау тиімді болып шықты. Қазіргі қазақтар, өзбектер және тәжіктердің арғы аталарының Спитамен сияқты талантты көсем басшылығымен жүргізген шайқастары македондықтарды Бактрия мен Соғдиананы бағындыру үшін көп уақыт жұмсауға мәжбүр етті. Бірақ бағындыра алмады. Тек б.з.д. 327 жылы Македон армиясы Үндістанға жорық бастады.

Біздің еліміз аумағында тұрған жауынгер, бостандық сүйгіш халықтармен соғысу македондықтарға парсылармен соғысудан гөрі анағұрлым көп күш жұмсауды талап етті. Бірақ солай бола тұра, Македон армиясы Бактрия мен Соғдианадағы негізгі сауда жолдарына орнығып қалды. Олардың бұл жеңіске қол жеткізуіне себепші болған жергілікті ақсүйектердің сатқындығы және Спитамен армиясына одақтас болған тайпалардың көмегінің әлсіздігі еді. Македондықтар жеңіске жеткенімен, аса зор шығынға ұшырады. Александрдың өзі де бірнеше рет жараланды.

Сақтар кейіннен Александр Македонский армиясында қызмет етті. Сақтардың замандастары олардың әскери өнерін жоғары бағалады. Мысалы, Александр Македонский жағында сақтардың атты әскері болған. Аррианның «Анабазис Александра» кітабынан мәлім болғандай, Александрдың бойшаң жауынгерлерінің өзі сақ жауынгерлерінің иығына әрең жетеді. Сақтар империяның ең шалғай өңірлерінде де қызмет етеді. Олар тіпті Египетте, Мемфисте болды. Бұл жерлерден сақ атты әскерлерінің қобдишалары табылған. Ал Кархемыштың маңында парсы гарнизонынан шыққан сақ жауынгерлерінің қабірлері табылып отыр. Сақтар сонымен қатар Марафон әскерлерінің бетке ұстары болған. Олардың ерлігі аңызға айналған. Ал Платей соғысында ержүректік көрсеткен сақтың атты әскері болды. Сақ жауынгерлерінің қолдан жасаған жебелері бүкіл Алдыңғы Азия мен Грецияда ұшырасады.



Б.з.д. 329 ж. Политамет өзені бойындағы шайқас.



## *II тарау*

### **ХҰН, ТҮРІК ИМПЕРИЯЛАРЫ. ОЛАРДЫҢ ӘСКЕРИ ҚҰРЫЛЫМЫ, СОҒЫС ӨНЕРІ ЖӘНЕ ЖОРЫҚ ЖОЛДАРЫ (б.з.д. III ғ. – VIII ғ.)**

#### **§ 1. ХҰН ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ӨНЕРДІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖОРЫҚТАРЫ**

Хұн империясы ежелгі түркі мемлекеті болып саналады. Орыс ғалымы Н.А. Аристовтың айтуынша, б.з.д. III ғасырда хұндар түрікше сөйлеген. Хұн тайпаларына: қыпшақтар, қаңлылар (канюлер), үйсіндер және Жетісу бойынан ығыстырылған сақтар (қытайша: сә) жатады. Хұндар жұртының жер аумағы үш бөлікке бөлінеді.

Біріншісінің ішінде суннулар болды, олар біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың ортасынан бастап, Хуанхэ өзенінің орта тұсы мен төменгі ағысындағы – қазіргі Қытай жерінің және Орталық Азияның көп бөлігін қамтып, Шығыс Түркістаннан Оңтүстік Манчжурияға дейінгі аумақты алып жатады.

Хұндардың екінші бөлігі – біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықта сыртқы Монғолияда, Солтүстік Манчжурияда түркі-монғол тілінде аралас сөйлеген сәнбилер. Кейінен сәнбилер Солтүстік Вэй әулетін құрған (386–534 жж.).

Үшіншісі – түркі тілінде сөйлеген тайпалар қоныстанған орта. Мұнда ішкі Монғолияда, Байкалда, Ордостан (Ордос–Қытайдағы өзен) Алтай, Тарбағатай, Жетісуға дейінгі жерлерді мекендеген хұн тайпалары қалыптаса бастайды. Бұл тайпаларда түркі тілінде сөйлесушілер көбірек болған, ал бұлар бұрынғы сак тайпаларының ұрпақтарымен көрші тұрған.

Хұн мемлекетінің құрылымы да қатал иерархиялы болды. Б.з.д. V–VI ғасырларда жун (хун) тайпасының әскери демократиясынан өсіп шыққан хұн державасы көршілес тайпа одақтарымен және қытай патшалығымен соғыста әбден шыңдалды. Мұндай мемлекет тек әскери әкімшілік принциппен ұйымдастырылған, орталықтандырылған империяда ғана болуы мүмкін.

Қатал билік жүргізген елбасын «тәңірқұты» деп атаған. Ол «Аспан мен Жерден жаралған, Күн мен Айға теңестіріп

қойылған ұлы хун – Тәңірқұты» деген арнайы лауазымға ие болған. Оны «Көк ұлы» деп те атаған. Оның билігі мынадай міндеттер мен функциялардан көрінеді:

а) мемлекеттің барлық аумағы мен басқару міндеті, осы аумақты қорғау функциясы;

ә) соғыс және бейбітшілік шартын жариялау міндеті мен әскерге жетекшілік ету функциясы;

б) мемлекеттің барлық қарулы күштеріне жұмсалатын шығынды өз қолына жұмылдыру және сыртқы саяси бағытты анықтау функциясы;

в) қарамағындағы әрбір адамның өмірі мен өліміне жауаптылық міндеті.

Мемлекетте Тәңірқұтынан кейінгі лауазымды кісілер – сол және оң жақтағы (батыс, шығыс) «дана басшылар», яғни олар Тәңірқұтының балалары мен жақын туыстары болды. Олар империяның батыс және шығыс аумағын, әскердің сол және оң қанатын басқарды. Бұлардан кейін Тәңірқұтының белгілі бір жер аумағында басқа да туыстары тұрды, олардың бәрі әр түрлі лауазымға ие болады және «он мың жауынгердің үстінен қарайтын басшылар» деп аталды. Бұлардың жалпы саны империяның батыс, шығыс жақ бөліктеріне, әскердің сол, оң қанаттарына бекітілген 24 жоғары әскер басшылардан құралды. Бұл орындарға тәңірқұтына туыстық жақындығына қарай алынды. Басшыларды Тәңірқұтының өзі белгіледі, ол әр басшының иелігіне сонда мекендеуші тұрғындармен бірге аумақтар бөліп берді. Тәңірқұтының рұқсатынсыз тайпалардың басқа жаққа көшуіне қатаң тыйым салынды.

Басшының билігі мен әскери күші оның әскер үлесіне емес, тұрғындарының санына қарай анықталуына көбірек мән берілді. Оның қол астында он мың жауынгер болды. «24 басшының әрқайсысы 10 мыңнан бірнеше он мыңға дейінгі әскерге ие болды», – дейді Сыма Цянь.

Басшы өз иелігінің шегінде мыңдықтарды, жүздіктерді, ондықтарды тағайындады, оларға көшпелі тұрғындары бар жер берді. Басшыны ауыстыруға не жазалуға тек Тәңірқұтының әлі жетеді. Кейін басшы сайлау қатаң мұрагерлік жүйеге ауысты. Мемлекетте барлық ер адамның негізгі борышы әскери қызмет болды. Әр хун жауынгер атанды және әскери міндетті орындауға бас имегендерді өліммен жазалады. Барлық ер адам балалық шағынан өмірінің соңына дейін қатал бекітілген әскери бөлімшелерге жазылып қойды, әрқайсысы өз басшысының бұйрығымен соғысты. Хун империясы ертедегі Қытай патшаларының

саяси өміріне ұдайы араласып отырған. Олар кейде өзара шайқасып не болмаса өзгелерге қарсы бірігіп соғысып, әрқилы қатынаста болған. Соғыста шабуыл жасау, олжа алу аталмыш хұн империясының өмірінің ең басты мақсаты болған. Қытай сановнигінің сөзіне қарағанда, хұндардың шабуылы салық төлеумен не болмаса берілген сыйлықпен, көсемдердің құлқын сатып алумен, қыздарын әйелдікке берумен тоқталып отырған.

Сыма Цянь жазған «Сүй патшалығының тарихы» деген кітаптың «жағрапиялық дерек» деген бөлімінде былай делінген: «Беспалық құмды аймағының терістігі – алдыңғы хань патшалығы тұсында (б.з.д. 223–203 жж.) үйсіндердің дуньхудағы жері, соңғы хань патшалығы тұсында (б.з.д. 225–220 жж.) хұндардың ордасы тұрған жер. Ордадағы (хұндардың әскери лагері мен әскери басшысы ставкасы осылай аталған) үйсіндер басшысы хұндардан шекаралық аймақты босатуды талап етті. Соғыстан қауіптенген ақсақалдар хұндардың көсемі Модеге дуньхуларға жерді беру туралы кеңес айтты. Бұған Моде: «Жер – мемлекеттің негізі, оны беруге бола ма, сірә?» – деп қатты ашуланды. Сонан соң атына мінді де, соңынан ермегендердің бастарын алуды бұйырып, шығысқа қарай жылжыды. Дуньхуларға, үйсіндерге тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды талқандады, басшысын өлтірді, адамдарын және малдарын өзіне қосып алды». Хұн Тәңірқұтының алғашқы қадамын Сыма Цянь осылай жеткізеді.

Б.з.д. 202 жылы қытайда азамат соғысы аяқталды. Ел басына Хань династиясы келді. Оның негізін қалаушы Лю-Бан (император Гао-ди) мемлекет шекарасын қауіпсіздендіруге тырысып, б.з.д. 202 жылдың қысында хұндарға қарсы соғысуға әскер шығара бастады. Бірінші қақтығыстан соң-ақ Моде кейін шегінді, ал олардың соңынан жүріп отырған Хань әскері өзінің негізгі күшінен бөлініп, көз жазып қалады. Әскерімен бірге императордың өзі де бар еді. Мұны байқаған хұндар шегіністі бірден тоқтатып, төрт атты корпусымен императорды Байдан тауының маңында қоршауға алады. «Жеті күн бойы таудағы және одан сырттағы хань әскерлері бір-бірінен азық-түлік көмегін де, әскери көмек те алмады, – деп жазады тарихшы Сыма Цянь. – Батыстағы суннулар атты әскері ақ аттарға, ал шығыс беттегілер тұмсығында ақ дағы бар сұр аттарға, солтүстіктегілер – қара тұмсықтыларға, ал оңтүстік жақтағылар жирен аттарға мінген».

Соғыста жеңілген император Гао-ди хұндармен туыстық-

қа негізделген бейбіт келісім-шартын жасауға уәде беруден басқа жол таппады және Модеге император үйіндегі ханшайымды беріп, өз өмірін сақтауға келісті.

Біздің заманымыздың 48 жылы хұндар солтүстік және оңтүстік болып екіге бөлінді. Оңтүстік хұндардың тағдыры, негізінен, Хань империясына тәуелді болды. Солтүстік хұндар – Енисей (ежелгі қырғыз) тайпаларынан, әсіресе дуньхулар – үйсін ұрпақтарынан, сәмбилер – Манчжуриядан айырыла бастады. Хұндардың ставкалары (ордалары) Батыс Монғолияға, Солтүстік-Батыс Сібірге, Шығыс Түркістанға ығыса отырып, біздің заманымыздың II ғасырының бірінші жартысында хұн тайпаларының миграциясы әуелі Қазақстанның шығысына – Тарбағатайға және Жетісуға қарай ығысты. Сол кезде хұндар өздерінің 5 ғасырдай өмір сүрген Юэбан мемлекетін құрды, ол мемлекеттің ордасы Балқаш көлінің солтүстігінде орналасты. Ал кейін хұндар Батыс Сібір тайпаларымен бірге Орал, Каспий, Еділ маңындағы жерлерге қоныс аударды.

Біздің заманымыздың басындағы I ғасырда Хұн одағы екі топқа жарылып, бірі Шығыс Хұн мемлекеті, екіншісі Солтүстік-Батыс Хұн мемлекеті болып аталған. Екі мемлекеттің екеуін де түркі тайпалары билеп отырған, бірнеше тайпалық одақтар болған. Солтүстік-Батыстағы хұн мемлекеті біздің заманымыздың IV ғасырында әйгілі болып, Шығыс Еурпаға қарай жылжыды. IV ғасырдың 70 жылдарының аяғында хұндар Солтүстік Қара теңіз өңірінде пайда бола бастады. Хұндардың соққысына бірінші болып жығылғандар Азов теңізі өңірін мекендеген аландар еді. Көшпелі аландардың біраз бөлігі қазіргі Кубань өзені бойындағы хұндарға бағынды. Хұндар екі бағытта ілгері жылжыды. Біріншісі қыста мұзды жолмен, яғни Перекоп және Тамань түбегі арқылы қазіргі Керчь бұғазы мен Қырымдағы Боспор патшалығына беттеді. Мың жылдан аса өмір сүрген Боспор патшалығы жойылды. Екіншісі Батыс және Солтүстік батыста орналасқан сармат-алан және гот немесе швед тайпасына бет түзеді. Сонымен, батыс хұндарға Еділ мен Дунайға дейінгі жерлерді мекендеген түрлі тайпалар мен халықтар бағынды. Осыдан кейін 376 жылы хұндар Рим империясымен көршілес мемлекет болып, көп ұзамай оған күш көрсете бастады. 395 жылы хұндар Закавказье мен Месопотамия аймағына шабуыл жасады. V ғасырдың басында олар Дунай жерін басып алды. Поннонияны басып алып, хұн державасын құрды, орталығы қазіргі Венгрия жері болды. Олар басып алған жер-

лерінің алтын және тағы басқадай бағалы заттарын тонап, адамдарын өздеріне бағынышты етті. 433 жылы қартайған хұн патшасы өзінің билігін немерелері Белде мен Аттилаға береді. Олар 12 жыл патшалықты бірге басқарып, Герман тайпаларын бағындырады. Осы бірігіп басқарған 12 жылда Бургун корольдігін Рейн бойында талқандады. 455 жылы Аттила ағасын өлтіріп, енді жеке өзі биледі. Ол туралы гот тарихшысы Иордан тектен-тек былай деген: «Бұл адам өмірге келгенде халықты тік тұрғызу үшін, дірілдету үшін жаралған».

Тарихшылардың айтуынша, Аттила әскербасы болуға, саясаткерлікке қабілетті адам еді. Мұны римдіктер де мойындаған болатын. Римдіктердің жазып қалдырған деректерінен Аттиланың қандай екенін айқынырақ білуге болады: «Ол орта бойлы, кең кеуделі, үлкен басты, қысыңқы көзді, сирек сақалды болған». Сонымен бірге Аттила достарын сыйлай, тыңдай, еркелете де білген. Аттила қымбат қазынаның иесі бола тұра, қатардағы әскер сияқты киініп, олармен бірдей тамақ ішкен. Ол кәдімгі ағаш ыдыспен тамақтанған.

Аммиан Марцелин хұндарды былайша деректейді: «Олар ешқашан ақсақалдарының айтуынан шықпайды. Ақсақалдарының бір ауыз сөзі үшін олар жан беруге дайын.

Өздеріне қауіп төнсе, соғысуға шақырады. Соғысқан кезде жауын шеңберлене құрсауға алып, қатты ашулы дауыстар шығарады, жеңіл және айлакер олар қасақана бытырап кетіп, бірақ майдан шебін бұзбаған күйі, жауларын оп-оңай қынадай қырады. Олардың жау бекінісін қалай алғанын бақылау мүмкін емес. Олар қас қағым сәтте-ақ дүниенің астаңкестеніні шығарады.

Әскери өнері жағынан оларды нағыз жауынгер халық деуге тұрарлық. Соғысты алыстан, арнайы жасалған ұшы өткір жебе мен мықты садақ арқылы жүргізеді. Қоян-қолтық шайқаста олардай ешкім қылышпен шебер соғыса алмайды. Жауының қашып құтылуына мүмкіндік бермес үшін, олар арқан мен тұзақ алып жүреді, сол арқылы ұстап алады»<sup>1</sup> (1-құжатты қараңыз: 23-24 беттер).

Хұндардың патшасы Аттила 450 жылы Рим империясының шекарасын кесіп өтуге дайындалды. Ол Рим императоры Валентино III-ден қарындасы Гонорияны өзіне әйелдікке және Рим мемлекетінің байлығы мен билігінің біраз бөлігін беруін талап етті. Гонорияның өзі Аттилаға әйел болуға

<sup>1</sup>Аммиан Марцелин. История. Вып. III. Киев. 1908, с. 236-243.

ықылас танытады. Оның себебі Гонория көп жылдар бойы өз туыстарымен Римде билікке таласқан еді, сондықтан ол Аттилаға құпия түрде сенімді кісіден хат жолдайды. Онда Аттилаға әйел болғысы келетінін білдіреді. Римдіктер мұны біліп қалып, қатты дүрлігеді. Мұны ежелгі тарихшы «бүкіл мемлекетке жауыздық әкелді, Римге опасыздық жасады» деп жазады. Аттиланың Рим қызымен кесілер некесі Рим патшасының мұрагері болуға мүмкіндік беретін еді. Римдіктер Гонорияны қамауға алған соң, Аттила өзіне тәуелді тайпалардан Римге қарсы жорыққа шығуға әскер жинай бастады. Хұндар, остоготтар, герулдер, гепидтер, ругийлер қосылған сансыз әскер Римге бет алды.

Аттила өзінің алғашқы соғысын сәтті бастады. Шығыс Рим империясының Дунайға дейінгі қалаларын бірінен соң бірін қиратып, Балқанға келе жатып, жол бойындағы бекіністердің бәрін талқандады. Алғашқы шайқастың өзінде Рим әскері талқандалды. Греция қаңырап бос қалды, 70 қаласы өртеніп, мыңдаған адамы құлдыққа түседі. Енді Аттила Константинопольді оп-оңай басып алмақ бола тұрып, «Алтын жұмыртқа табатын тауықты өлтіруге болмайды» дейді. Бұл «мейір-шапағаты» үшін қала басшылары оған алты мың фунт алтын ақша беріп, жыл сайын Аттилаға екі мың бір жүз сом мөлшерде салық төлеп отыратын болған.

451 жылы Аттила алып державаның әміршісі болды. Оған Днепрден Римге дейінгі, Балтық теңізінен Қара теңізге дейінгі жерлер бағынды. Ол қай жерге аяқ басса, сол жерде үрей туды. Оның айтқанын ешкім екі етпеген. Аттилаға бағынбаған Рим ғана қалды. 451 жылы Аттила Рейн өзенін басып өткенде Римнің тағдыры қыл үстінде тұрды. Римнің әскер басы Аэци деген адам еді. Ол жас кезінде хұндардың тұтқыны болған, сол жерде Аттиламен кездескен болатын, ол хұндар әлемін жақсы білетін. Аэцидің туы астында весьтоготтар, аландар, алемендер, бургундар, франктар бірігіп, 451 жылы маусымда Тура қаласының жанындағы жазықта Аттила әскерімен шешуші шайқас болды. Мұндай жүздеген мың әскер қатысқан ірі соғысты бұдан соң тарихта XIX ғасырға дейін ешкім көрген емес. Өлгендердің саны 166 мыңға жетіп, жапа шеккен жаралылар өзеннен қан араласқан су ішкен. Тіпті аса берік, лирикалық өзгерістерге мойымайтын гот тарихшысы Иорданның өзі де шыдамай, осы шайқастағы қайғыны суреттеген. Алғашқы шайқас Аттиланың жеңілісімен бітті. Ол әскерлермен бірге күшті лагерьге тасалануға (бекінуге) мәжбүр болды. Шабуылды

күту кезінде, ол хұндардың дәстүрі бойынша, жау қолына тірі түспеу үшін өзін отқа жағуға дайын еді. Римдіктер құрған одақтың арасында өзара келіспеушілік, сенбестік, араздық басталды. Аттила өз әскерлерін ертіп, аман-есен кері қайтты. Көп ұзамай, ол өзінің әскер қатарын толықтырып, Италияның оңтүстігіне – Римге қарай бет алды. Ол көптеген қалаларды: Аквилея, Верона, Монтуя және Бергамоны басып алды. Милан қаласы Аттилаға тіпті өз еркімен берілді. Қала басшысы қақпаны өзі ашты. Аттила сол үшін қайырымдылық жасап, қаланы жай ғана тонады.

Ендігі кезек Римдікі еді. Мәңгілік қаладан Рим папасы– I Лев Аттилаға қайырымдылық сұрау үшін, елші жіберді. Елшілер Аттилаға көп алтын, асыл заттар тарту етті. Күтпеген жерден Аттила келісім берді. Себебі хұн елінде оба ауруы басталған еді. Хұн патшасы Поннонияға кетпекші болды, бірақ римдіктер Гонрияны әйелдікке бермесе, келесі жылы келіп қаланы шабамын деп қорқытты. Аттила қайтып келмеді. Ол өз сарайына әйелдікке бургун елінің (немістің) сұлу қызы Ильдиконы алды. Тойдың ертесі күні қызметшілері неке төсегінде жылап отырған қыз бен өліп жатқан Аттиланы көрді. Неміс тарихшылары: «Шындығына келгенде, ол қыздың бойынан алған құмарлықтың күштілігінен өлді», – дейді. Бірақ Аттиланың өлімі туралы, оның бургун карольдігін күйреткені және туысқандарын өлтіргені үшін кек алу мақсатымен Ильдико у берді деген хабар Еуропаның шартарабына тарайды. Аттила өлген соң хұн империясы ыдырады. Бірақ Аттила Еуропа елдерінің есінде мәңгі қалды. Оған мысал, 1942 жылы 11 сәуірде Гитлер өзінің баспанасы «Вольче логово» деп аталған үйде отырып, фашистік есіріктерге болашақта шығысты құлдыққа ұстау үшін мынадай кеңес берген: «Шығыс облыстарының халқына қару-жарақ бермеу керек, мұны бізге тарих үйретті, қару берсек, бұл ұлттарды билеу жойылады. Егер басып алған халықтардың: қырғыздың, қазақтардың қолына қару берілсе, бұл халықтар біздің билеуімізден кетеді. Біздің мақсатымыз – шығыс облыстарының жерінде әскери тірек пункттер орнату және барлық немістер осы әскери пункттермен тығыз байланыста болу керек. Олар өз тарихын, мемлекеттік ұғымды білсе, бізге қауіп туғызады»<sup>1</sup>, – дейді.

Хұндар көсемі Аттила қазіргі венгр халқының мақтанышы, Венгрияда Аттила атында университет бар.

<sup>1</sup>Из застольных бесед в ставке Гитлера (журнал «Новая и новейшая история», 1992, №4, стр. 171, 184.

## 1-күжат. ХҰНДАР ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР (Аммиан Марцелин еңбегінен қысқаша үзінді)

Хұндар – б.з.д. III–II ғасырларда Орта Азияны мекендеген көшпелі халық. Біздің дәуіріміздің I ғасырынан бастап хұндар Батысқа жылжи бастайды. IV ғасырда хұндар Доннан Карпатқа дейінгі аумақты иемденіп, түркі және тағы басқа тайпаларды өздеріне қосып алды.

Аммиан Марцелин – біздің дәуіріміздің IV ғасырындағы Рим тарихшысы. Оның тарихи жазбалары Шығыс Еуропаға кеңінен таралып, хұндар туралы маңызды деректер қалдырған.

«1. Хұн тайпаларының дене мүшелерінің тұрқы: серіппедей қатты, мойындары жуан, бұлшық еттері шыққан, тығыз әрі толық, әрі керемет, әрі қорқынышты көрінеді.

2. Олар ұрысқа түскенде ештеңені аямайды, жан-жаққа тарап әрі керемет қатты дауыс шығарып айқайлайды. Олар ешқашан ұрыс алаңын тастамай, қорқынышты өлім әкеле отырып соғысады. Жау бекіністеріне, лагерьлеріне шабуыл жасаған кездегі олардың жылдамдықтарына көз ілеспейді.

3. Хұндар айбынды жауынгерлер. Олар садақпен, сүйекті үшкірлеп қару жасап соғысады. Егер жақындап кетсе, қолдарымен де ұрады, қылышпен де соғады. Ал егер өздері соққыдан бүктеліп жатса да, жауларын аттарына қондырмау немесе аттарға мініп қашып кетпес үшін, олардың мойнына арқан лақтырады.

4. Бұл халық жаулап алу үшін жабайы кекшілдікпен өршелене жылжи отырып, ертедегі массагеттер мен аландар<sup>1</sup> жеріне дейін жетті.

5. Истр (Дунай) өзені Азияны Еуропадан бөліп тұрған Танаид өзенінің маңымен, яғни савроматтардың<sup>2</sup> тұсымен ағып өтеді. Бұл өзенен кейінгі өлшеусіз кең, созылып жатқан скиф шөлін аландар мекендейді.

6. Хұндардың жақсы және жынысы жағынан соғысқа жарамайтындар үй шаруасымен айналысады. Ал жастар,

<sup>1</sup>Аландар — сармат нәсілінен шыққан тайпа. Төменгі Днепр мен оңтүстік Орал аралығындағы аумақты, Солтүстік Кавказды б.з. II–IX ғасырларында мекендеген.

<sup>2</sup>Савроматтар-сарматтар — б.з.д. VI–I ғасырларда Поволжья даласын, ал б.з. IV ғасырына дейін шығыстан Оралға дейінгі аралықты мекендеген иран тілдес көшпелі тайпалар. Сарматтар Дон, Кубань, Солтүстік Кавказ аудандарын иемденді де, Қара теңіз жағалауының сақтарымен бірігіп кетеді. Қараңыз: Хрестоматия по истории СССР, М., 1960. с. 17.



жас кезінен бастап жалаң аяқ жүріп, тынымсыз жаттығулар жасап, нәтижесінде айбынды жауынгерлерге айналады.

7. Олар басқа адамдар сияқты тату, тыныш өмірден, ұрыстар мен қорқыныштардан рахат табады. Хұндарда кім ұрыс даласында өлсе, сол бақытты саналған. Ал табиғи өліммен, қартайып өлген адамды олар қорқақтар деп есептеп, қаталдықпен мазаққа айналдырған, яғни жазалаған. Олар адам өлтіргендігіне қатты мақтанады. Мақтанатындары соншалық, өздерінің ұрысқа мінетін аттарына өлтірген жауының бас терісін сылып алып, байлап жүрген.

8. Олардың құлдар туралы тіпті де ұғымы жоқ, өйткені олар бәрі бір тектен ақсүйектер. Ал кім соғыста көп көзге түесе, соны бастық етіп сайлаған»<sup>1</sup>.

## **§2. ТҮРІК ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ӘСКЕРИ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН СОҒЫС ӨНЕРІ (VI–VIII ғғ.)**

Ұлы далада түркі мемлекетінің, түркі тілінің қалыптасу дәуірінен дерек беретін Күлтегін ескерткішінде былай деп жазылады: «Әлемнің көгінде аспан, төменінде қоңыр жер пайда болғанда, осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адамзат баласының үстінен менің бабаларым Бумын қаған мен Истеми қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекетін қорғап, Түркі заңдарын шығарып, оны бекітті»<sup>2</sup>.

Мұнда дүниенің төрт бұрышын түгел өзіне табындырған алғашқы түркі қағандары билік құрған уақытымен байланысты суреттеледі.

Н.А. Аристов «Түркілердің бастапқы шығу тегі мен олардың ата жұрты туралы» деген мәселеде: «Түркілердің негізгі үлкен тайпалары алғашында Алтайды мекендеген. Алтайдағы жер-су аттары көне түркі халық аңыздарына енуі бұған дәлел бола алады. Ежелгі түркі мемлекеті хұндар империясы болып есептеледі»<sup>3</sup>, – дейді.

Орхон жазбалары бұған дәлел. Жекелеген түркі халықтары мен олардың тіршілік еткен мекені туралы толығырақ

<sup>1</sup>Аммиан Марцелин. История. Вып. III. Киев. 1908. с. 236-243 немесе Хрестоматия по истории СССР: с древнейших времен до конца XV века. под. ред. Тихомирова М.Н. М., 1960. с. 54-59.

<sup>2</sup>Малов С.Е. Памятники древнотюркской письменности, Монголии. М.—Л., 1959.

<sup>3</sup>Аристов Н.А. Түркі тайпалары мен халықтарының этникалық құрамы және олардың саны туралы ескертпелер. СПб., 1887, «живая старина», жексе қор, 1896. 182-бет.

мәліметті біз IX–X ғасырлардағы араб географиясынан кездестіреміз. Осы географиялық әдебиетте «түркі» деген сөз халықтар тобы және олардың тілінің ортақ иесі ретінде көрсетілген. «Түркі» сөзі (қытайша: «*тукюе*») б.з. VI ғасырында бірінші рет (бір) көшпелі халықтың атауы ретінде пайда болды. Бұл ғасырда түркілер Монғолиядан және Қытайдың солтүстік шекарасынан Қара теңізге дейін созылып жатқан ұлы көшпелі империяның негізін қалады. Қытайлар Тумынь деп атаған (түркі жазбасында «Бумын») империяның негізін қалаушы тұлға 552 жылы дүние салды, оның ағасы Истеми (қытайша Шедеми) батысты жаулап алған, 576 жылға дейін өмір сүрген. Бастапқыда ағалы-інілі екеуі бір-біріне тәуелсіз болған, қытайлар осыған сәйкес көшпелі империяларды солтүстік түркілердің мемлекеті және батыс түркілердің мемлекеті деп атаған. Осы ұлан-ғайыр аумақты мекендеген түркі тілдес ашина (түрік), қырғыз, үйсін, қаңлы, қарлұқ, оғыз (теле), қыпшақ, т.б. тайпалар Түркі қағандығының құрамына енді.

Ұлы түркі қағандығы өте қысқа мерзім ішінде Сары теңіз бен Қара теңіздің арасында жатқан тайпаларды біріктіріп, бір орталыққа қаратады – сол өлкені еркін жайлаған соғдылар Түркі қағандығына қарсы тұра алмайды.

Бумын қаған мен Қара қағанның мұрагері Мұған қаған оңтүстік-батыс Манчжуриядағы монғолдың қидан тайпасы мен Енисейдегі қырғыздарды басып алу арқылы түркі елінің Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірдегі билігін түпкілікті етеді. Қытай жазбалары бойынша шекарадан тыс жатқан көршілерінің бәрін тітіркентеді.

Қытай жылнамасында көрсетілген көне түркілердің мемлекеттік заңы негізгі ірі-ірі бес баптан тұрған:

*1-бап.* Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы кесілсін (мемлекеттің бүтіндігін сақтау талабынан туған).

*2-бап.* Түркі бүдун (жұртының) мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына кесілсін.

*3-бап.* Қағанат ішінде жазықсыз кісіні өлтіргендер өлім жазасына кесілсін.

*4-бап.* Сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын. (Ат – қоғамның соғыс күші).

*5-бап.* Ұрланған бағалы мүлік үшін он есе артық айып төленсін.

Аз уақыт ішінде Түркі қағандығы мемлекеттің жеңісін сыртқы жаудан қорғай алатын тұрақты әскер құрды. Әскерге

белгілі тәртіп бойынша ханның аға-інілері, балалары мұрагерлік жолмен басшылық етті. Қытайдың қазіргі солтүстік-шығысындағы өлкелерінен бастап Қара теңізге дейінгі ұланбайтақ өңірде Түркі қағандығы құрылып, басқару ордасы Орхон өзенінің бойына орналасады. Монғолияны, Орта Азияны мекендеген түркі тілдес тайпалар мен ұлыстар Түркі қағандығына бағынады.

Мемлекет, негізінен, ру-тайпа жіктері бойынша басқарылады. Осы он ірі тайпаның әрқайсысының басқарушысы болды, оны «шад» деп атады. Он тайпа «оң қанат» және «сол қанат» деп екіге бөлінді. «Сол қанатқа» дулулардың бес тайпасы, «Оң қанатқа» көшпелілердің бес тайпасы кірді. Қағандықтың негізгі күші басқару жүйесі мен армиясы болды. Түркілер темір өндіруден жалпы әлемдік тарих сахнасына шықты.

691 жылы таққа Елтеріс марқұмның інісі Қапаған (Мочжо) қаған (691–716) отырып, Шығыс Түркі қағандығы әскери, саяси дамуы жағынан шарықтап өсті: Солтүстік Қытай армиясына қарсы бірнеше шабуылдар жасады, кидандарды талқандады (696–697), Туваны жеңді. Енисейлік қырғыздарды бағындырды (709–710). Қапаған бүкіл Орталық Азияны билеуге қол жеткізді. Түркілердің қытай әскерін жеңуі шамамен 702 жылы болған. Қытайлар тұтқындарды сатып алмағаны үшін жазалау жорығы 703 және 704 жылдары, қытайлықтармен жаңа шайқас 706 жылы болды. Сол жылы Ча-Ча сенгупаның 80 мыңдық әскері талқандалған. Шатчжаучунидің түркілерден жеңілісі 707 жылы, түркілердің батысқа жорықтары 709–713 жылдары болған.

Шығыс Түркі қағандығы кезінде түркі әскерінің даңқы асып, қағандық өзінің шырқау биігіне көтерілді: Елтеріс (Құтлығ), Мочжо (Қапаған), Моғилян (Білге) қағандар кезінде қуатты мемлекет болды. Білге қаған қайтыс болған соң түркі тайпаларының арасында қағандыққа талас басталды. Түркілер 744 жылы ұйғырлардан жеңіліп, саяси қасіретке ұшырады, өзінің бұрынғы орталықтарын жоғалтып, Қашқар мен Жетісуға ығысты. Ол жерде үйсін, қаңлы, дулат, шигил (чигиль), т.б. тайпалармен қосылып, батыс түркілер жерінде Түргеш, Қарлұқ қағандығы мен Қарахандықтар мемлекетін құрды.

Батыс түркі тайпаларының арасында түргеш тайпасы ілгері шығып, VII ғасырдың соңында хандық билікті толық қолына алды. Батыс Түрік қағандығына кіретін «он оқ» халқының ішінен түргештер бас көтеріп, өз алдына қағандық құрып,

Тань мемлекетінің (618–907 жж.) жаулап алу саясатына қарсы тұрады. Сөйтіп, 704 жылы Батыс Түркі қағандығы жерінде Түргеш қағандығы тарих сахнасына шықты.

### § 3. ТҮРГЕШ ҚАҒАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАЛАС ШАЙҚАСЫНДА ҚЫТАЙ АРМИЯСЫН ЖЕҢУІ (751 ж.)

Батыс түркілерінің мемлекетін құрған түргеш тайпасының көсемі Уч-Элиг (Үш-Елік) Он оқ елінің бірлестігін қалпына келтіріп, жаңа мемлекетке Түргеш (690–766 жж.) атын берді. 699–704 жылдары түргештердің қолбасшысы Үш-Елік Батыс қағандыққа орын тепкен басқа түрік тайпаларын ығыстырып, Шаш (Ташкент) пен Турфан және Бешбалыққа (Шығыс Түркістанда) дейін өз билігін орнатты.

Батыс Түркі қағандығы құлағаннан кейін түргештер тез арада күшейіп, тарих сахнасына шығуға талпынды. Түргештердің көсемі өз ұлыстарын біріктіріп, басқару жүйесін қалыптастырды. Өзіне қарасты елді әрқайсысында 7 000-нан тұрғыны бар 20 әкімшілік аймаққа бөлді. Бүкіл ел оң қанат, сол қанат болып, екі үлкен ұлысқа бөлінді. Түргеш қағандығының ұлы астанасы Суяб қаласында, кіші астанасы Іле өзені жағасындағы Қойлық (Күңгіт) қаласында болды. Тань патшалығының көне деректеріне қарағанда, ол кезде түргештердің қоныстанған жері «Шығыс-солтүстікте Шығыс Түркі қағандығымен қанаттас, батыс-оңтүстікте Соғдылармен, ал шығыс-оңтүстікте Шаш аймағымен шекаралас болды».

Үш-Еліктің мақсаты Тань империясын Жетісуға шабуыл жасаудан мүлдем үміт үздіріп, қытайлық басшыларды бағындырып алу еді. Ашық даладағы ұрыс барысында қытайлар бас көтере алмастай талқандалып, Аньси басшысы Нью Шицзян 1708 жылы қаза тапты.

Үш-Еліктен кейінгі түргеш қағаны Сұлу (Сүлік) аз уақыттың ішінде шаңырағы шайқала бастаған Түргеш қағандығын қалпына келтірумен бірге, екі майданда бірдей соғысты. Оның бірі батыстағы мықты жауы арабтар еді. Арабтардың жеңілу көрмеген әскеріне 714–715 жж. Сұлу (Сүлік) әскері Сырдариядан бірнеше рет өте шабуылдап, бірнеше рет шегініп қайтты. Ақыры арабтарға қарсы күрескен жергілікті халықтың көмегіне сүйеніп, оларды Мауераннаһрдан Әмудария мен Сырдария ортасындағы жерге қуып шықты. Ал

екінші майдан Қытай тарапынан шықты. Олар Батыс Түркі қағандығы ру бектерін желіктіріп, Сұлуға қарсы күш ретінде пайдалануды көздеді. Бірақ қытайдың жымьсықы саясатынан еш нәтиже шықпады.

VIII ғасырдың ортасына дейін Орта Азияның біраз бөлігін жаулап алған араб әскерлері Түргеш қағандығының жеріне төніп келе жатқан. Түргеш қағандығы соңғы кезде сары түргеш және қара түргеш болып екіге бөлінген. Сары түргештер, негізінен, Іле бойының байырғы тұрғындары еді, ал қара түргештер бұл өңірге кейінірек келгендер болатын. Бірақ оларды дәуір қыспағы біріктіріп жіберген. Сары түргештердің ордасы Шу өзені жағасындағы Суяб (Сояб) қаласында, қара түргештер ордасы Талас өзені бойында еді.

Сары түргештер мен қара түргештер арасындағы таққа талас Сүлік (Сұлу) қаза болған соң қағандықтың ыдырауына әкелді. Сары түргештер мен қара түргештер арасындағы соғыс 20 жылға созылды. Міне, осы жағдайды Тань империясы 618-907 жж. пайдаланып қалуға тырысты.

Түргеш қағаны Сұлу (Сүлік) қаза болғаннан кейін және Түргеш мемлекетіндегі Шаш бегі бастаған көтерілісті<sup>1</sup> пайдаланып, Қытай Шығыс Түркістанды, одан соң 748 жылы түргештердің астанасы Суяб қаласын басып алып, ойрандады. 749 жылы қытай армиясы жалпы саны 70 мың әскермен<sup>2</sup> Шашты жаулап, Шаш патшасын өлтірді<sup>3</sup>. Сол жылы қытай армиясы Тараздағы араб армиясын қоршауға түсірді. Араб қолбасшысы Абу Мүслим қоршауда қалғандарды құтқару үшін бір отряд аттандырды және Түргеш мемлекетіне елші жіберіп, қоршаудағы араб әскерін қытайлықтардан құтқаруға көмектесе, араб әскерлерін Самарқан мен Бұхараға алып кететіні туралы уәде берді.

751 жылы шілдеде Талас өзенінің бойында қарсылас екі армия кездесіп, бірнеше күн бойы соғыс бастауға батпайды. Бесінші күні, яғни 30 маусымда қытайлардың тылына кенеттен түргештер мен қарлұқтар шабуыл жасайды. Дәл сол 30 маусымда қарсы майдандағы шабуылды арабтар бастайды.

<sup>1</sup>Большаков О.Г. К истории Таласской битвы (751 г.). Страны и народы востока. М., 1980 вып. 22, кн. 2. с. 132.

<sup>2</sup>Ар-Рашид ибн аз-Зубаир. Книга аз-заха, ир ва-т-Тухав ш-л. Кади ар-Рашид ибн аз-Зубаир. Ал-Кувайт, 1959. том 2. с. 181-183 или Большаков О.Г. К истории Таласской битвы (751 г.) Страны и народы Востока. М., 1980 вып. 22, кн. 2, с. 134.

<sup>3</sup>Бартольд В.В. Собр. соч., т. 3. М., 1956. с. 500.

Катыгез соғыс 30 маусымнан 29 шілдеге (30. VI. – 29. VII. 751 ж.) дейін созылады. Араб тарихшысының айтуынша, 45 мың қытайлық соғыс даласында өліп, 25 мыңы тұтқынға алынады<sup>1</sup>.

Қытай армиясының қолбасшысы Гао Сянь-Чжи тұтқынға түсті<sup>2</sup> және өлтірілді<sup>3</sup>, ал қытай деректері бойынша, Гао Сянь-Чжидің Талас шайқасына қатысқан барлық әскер саны 30 000 адам деп көрсетілген<sup>4</sup>.

Түргештер мен қарлұқтар, арбтар орасан мол олжаға батты, ал тұтқындар арасындағы қытай қол өнершілері Самарқан мен Бағдадқа жеткізіліп, қағаз шығарумен және жібек иіріп, тоқумен айналысатын шеберханалар ашуға пайдаланылды<sup>5</sup>.

Тараз қаласы мен Шу өзені түбіндегі қытай әскерін күйрете жеңудің Қазақстан мен Орта Азия халықтары тағдыры үшін үлкен тарихи мәні болды. Тань әскері енді Жетісу жерін ғана емес, ұйғырлар мен Тибетті, Шығыс Түркістанды тастап кетуге мәжбүр болды. Талас алқабына арабтар да табан тіреп тұрмай, Шашқа шегініп кетті. Болған соғыстың қорытындысы мынадай шешімге әкелді: Қытай мемлекеті Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан, Тибет елдерінің саяси қарым-қатынасына араласуын XVIII ғасырдың бірінші жартысына дейін доғарды.

Түркі халықтарының тарихында Талас жеңісі өте маңызды болып саналады және арабтар әскери шабуылын тоқтатып, Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістанға бейбіт жолмен ислам мәдениетінің таратылуы шешілді. Сары түргештер мен қара түргештер арасында таққа таласушылық қытай әскерін жеңгеннен соң да жалғаса берді, Ілміш қаған (753–756 жж.), Ата Боиша қаған (756–766 жж.) билік жүргізді, бірақ өзара қырқыс тоқтамады.

Түргештер өздерін осылай әлсіретіп біткен кезде, күшейіп келе жатқан қарлұқтар (түркі тектес) 766 жылы оларды жаулап алып, біржола тәуелді етті – билік қарлұқтардың қолына көшті. Түргеш қағандығы 704 жылдан 766 жылға дейін өмір сүрді.

<sup>1</sup>Al-Magdisi. Le livre de la creation l'histoire de Motahhar Tahir el-Magdisi, puvlie... par Cl Huart т. 6 р., 1919. с. 4-25. или Большаков О.Г. К истории Таласской битвы (751 г.) Страны и народы востока. М., 1980 вып. 22, кн. 2, с. 133.

<sup>2</sup>Ар-Рашид ибн аз-Зубаир. Китаб аз-Захир Ва-т Тухаф ли-л-Кадид ар Рашид Ибн аз Зубаир. Ал Кубаит, т.4. 1959. с. 253.

<sup>3</sup>Бартольд В.В. Собр. соч., т.3. М., с. 711.

<sup>4</sup>Бартольд В.В. Собр. соч., т.1. М., 1963 с. 253.

<sup>5</sup>Большаков О.Г. К истории Таласской битвы (751 г.). Страны и народы востока. М., 1980 вып. 22, кн. 2. с. 135.

### III тарау

## ШЫҢҒЫС ХАН ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ МОНҒОЛ-ТАТАР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ, СОҒЫС ӨНЕРІ, ЖОРЫҚ ЖОЛДАРЫ

### §1. «МОНҒОЛ» ЖӘНЕ «ТАТАР» АТАУЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Шыңғыс хан империясының қарулы күштері мен соғыс өнеріне кіріспес бұрын «монғол» және «татар» деген сөздердің (халық атының) хатқа түсу тарихына тоқталайық.

Шыңғысханға дейін монғол деген халық, ел, тіпті жеке тайпа да болмаған. Байкал көлінің солтүстік-батысынан Керуленге дейінгі аралықта өмір сүрген халықтарды қытайлықтар «татарлар» (жазылуы «тотар») деген. Олар өздерін «отыз татар», «тоғыз татар»<sup>1</sup> деген. Татарлар бірлескен үш үлкен тайпаға бөлінген. Ол татар тайпалары VIII ғасырдағы түрік-орхан жазбаларында кездеседі. Сонымен, монғолдар немесе сол кезде өздерін татар деп атаған халықтар көпке дейін тайпаларға бөлінді. Қытайлықтар бұл татарларды мәдени белгісіне қарап үш топқа бөледі: ақ татарлар, қара татарлар, аңшы татарлар.

1. Ақ татарлар қытай қорғаны жанында, Оңтүстік Монғолияда тұрған. Оларға қытай-түрік мемлекеттік өркениеті ықпал етті.

2. Қара татарлар қазіргі Монғолияның үлкен бөлігін алып жатты. Олар түркі мәдениетті халықтардың ықпалында болды.

3. Монғолдар «орман халықтары» деп атаған аңшы татарлар қазіргі Забайкалье облысы мен солтүстік-батыс Монғолияда рулық жағдайда өмір сүрді<sup>2</sup>.

Жоғарыда аталған қара татарлар мен аңшы татарлар иелігінің шекарасында, Онынның Делуін бұлтақ деген жерінде, шамамен 1115 жылы қара татар жанұясында<sup>3</sup> Темужин (Шыңғыс хан) дүниеге келді. Ол кезде қазіргі Монғолия жерінде көптеген ұсақ ру нояндары жеке-жеке ру мен тайпаларды билеп, өзара үнемі бақталас, алыс-жұлыспен келген. Бірін-бірі тонау, өлтіру ісі әдетке айналған.

<sup>1</sup>Бартольд В.В. Собр.соч.; т.5. М., 1968, с. 559-560.

<sup>2</sup>Сонда. 254-бет.

<sup>3</sup>Монғолдың құпия шежіресі. «Өнер» баспасы. Алматы, 1998 ж., 35-бет.

«Монғолдың құпия шежіресінде»:

Көк аспанның астында  
Көп елменен қағысып,  
Бел шешіп бір жата алмай,  
Бодан еттік қарысып,  
Қара жердің бетінде.  
Қарлы жердің өтінде  
Көрпені бір жамылмай,  
Қан жұтыстық қажысып<sup>1</sup>, —

дейді. Шыңғыс хан қоғамдық басқару өмірінде ру басшыларының билігін жойды, бірақ қарулы күшті ұйымдастыруда мыңдықтарды топтастыруға рулық құрылысты жақсы пайдаланды. Шыңғыс хан алғашқы билік үшін күрес жолын қара татарларды біріктіруден бастады. «Құпия шежіренің» 133-тармағында Шыңғыс қаған: «Атам заманнан татарлар біздің ата-бабамызды өлтірген қас дұшпан еді. Енді бұл соғыста белдесейік», — деп, Керейдің Тоорил (Тұғырыл) ханына елші жібереді<sup>2</sup>. Ол туралы «Құпия шежіренің» 156-тармағында: «татарларды шауып болып, Шыңғыс қаған, ноян Боорчи мен Мухулайды шақыртып алды да: «Сен екеуің осында жиналған барлық халықты тайпа-тайпасымен жікте. Бөгде тайпаның кісісін басқа тайпаға қалдырып жүрмеңдер», — деп әмір етеді<sup>3</sup>.

Сонымен, ол кезде «татар» деген атпен түріктерді емес, қидандардың (қара қытайлардың) бір бөлігін атаған. Томсеннің айтуы бойынша, татарлар Байкал көлінің оңтүстік-батысынан Кеуленге дейін өмір сүрген<sup>4</sup>. Түріктер монғолдардың қазіргі жер аумағында өмір сүрген. Орхон жазбаларында Өтікен облысы түріктердің мекендеген жері делінген<sup>5</sup>. Ал «қара татар» атанып жүрген халықтар осы түріктермен араласқан тайпалар.

Татарлардың кейбір бөлімдері түріктермен жақындасып және батысқа қарай жылжып отырған. Кейбір жасырын (құпия) жазбаларда Худут ал-алам (қараңыз: Туманский, Жаңа ашылған парсы географиясы. 121-бет) татарлар тугуз-гуздардан (ұйғырлардан) бөлінген делінген, ал Гордизиде (сонда, 82-бет) Ертіс жағалауындағы қимақтардан бөлініп

<sup>1</sup> Монғолдың құпия шежіресі. «Өнер» баспасы. Алматы, 1998 ж., 178-бет.

<sup>2</sup> Монғолдың құпия шежіресі. Өлгей. 1979 ж., 57-бет.

<sup>3</sup> Сонда. 75-бет.

<sup>4</sup> Бартольд В. В. Собр. соч., т. 5. М., 1968 г. с. 559.

<sup>5</sup> Сонда. 559-бет.



шыққан дейді<sup>1</sup>. Кейбір шежірелерде 1203 ж. наймандар мен керейлер мемлекетін жеңгеннен соң, Темужин (Шыңғыс хан) өзін 1206 жылы тұңғыш рет Шыңғыс хан деп атады. Сол кезде Шыңғыс ханның өз гвардиясының түбірлі құрамы, яғни оның билігінің негізгі тірегі құрылды. Әскердің негізгі қара татарлар болды. Ол әскері «мың қол», яғни мың адамнан құрылды. Шыңғыс ханның айтуынша, алғашында оған 13 мың қара татар отбасы (үй) бағынып, мың адам жинап берген<sup>2</sup>. Енді Шыңғыс ханға табынған қара татарлар рулары Шыңғыс ханға мың адамнан әскер топтайтын болғандықтан, өздерін руларының атымен емес, топталған әскер атымен «мың қол» немесе «монғол» деп атап кеткен. Сонымен, Шыңғыс хан заманынан қара татарларда «монғол» деген ат қалыптасты, бірақ олардың арғы тегі татар аты жойылған жоқ. Олар өздерін монғол-татарлармыз деп жалғастыра берді<sup>3</sup>. Енді «татар» деген сөздің хатқа түсуіне қысқаша тоқталайық.

Махмуд Қашқаридың айтуы бойынша, Өтікен (Отюкен) татар жеріне жатқан. Орхон жазуларына қарағанда, Монғолиядағы Орхонның жанындағы таулар тізбегі Тотар аталғаны белгілі. Кейіннен «татар-монғол» деген атаудан «монғол» сөзі түсіп қалды да, Ресей, Батыс Еуропа оқымыс-тылары османдықтардан басқа түркі халықтарын «татарлар» деп атаған (осындай сөз қолданысы Радловта да кездеседі). Қорыта келгенде, «татар» деген атау тек қана түркі тілдес халықтарға қатысты, Еділ бойымен Қырымнан Астраханға дейін, Қырым мен Сібірде қолданылды. Сондықтан 1927 жылы КСРО ұлыстарының тізімінде Қырым татарлары, Еділ татарлары, Касимов татарлары деп бөлек-бөлек аталып кетті<sup>4</sup>.

## **§2. ШЫҢҒЫС ХАН ӘСКЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН САНЫ**

Шыңғыс хан әскерінде монғолдар – қара татарлар аз болды, көпшілік отрядтар бағындырылған халықтар арасынан құрылды<sup>5</sup>. Жоғарыда көрсетілгендей, Шыңғыс ханның айтуынша, алғашында оған 13 мың қара татар отбасы (үйі) бағынып, мың адам жинап берген болатын. Кейіннен 20 жылдың ішінде монғолдар жеті жүз жиырма елді өзіне

<sup>1</sup> Бартольд В.В. Собр. соч., т. 5. М., 1968 г., с. 559.

<sup>2</sup> Разин Е.А. История военного искусства. т.2. «Воениздат», 1957 г., с. 205.

<sup>3</sup> Бартольд В.В. Собр. соч., т. 5. М., 1968 г. с. 560.

<sup>4</sup> Сонда с. 560.

<sup>5</sup> Бұл да сонда. с. 337.

бағындырды. Солардың көпшілігі түркі тайпалары – найман, қоңырат, ұйғыр, т.б. Монғол әскерінің саны бір жүз мыңнан асып түсті.

Монғолдардың күші жөніндегі неғұрлым нақты деректерді XVI ғасырдың бас кезінде өмір сүрген парсы тарихшысы Рашид ад-Дин қалдырған. Ол Иранды билеген хулагидтердің уәзірі болды да, бізге жетпеген монғол мәліметтерін пайдаланды. Ол Иран хандарының қазынасында сақталған «Алтын дафтар» (Алтын дәптер) деректеріне сүйенеді. Оның мәліметі бойынша, Шыңғыс ханның өлер алдында (1227 ж.) 129 мың жауынгері болған<sup>1</sup>. Бұл цифр 1240 жылы шыққан монғол эпосына қосымша дәлелденеді. Онда 1206 жылы Шыңғыс ханның 95 мың әскері болды деп көрсетілген<sup>2</sup>. Бұл мәліметтер күмән келтірмейді, өйткені екеуінде әр мыңдықтар мыңбасының атымен қоса берілген. Ол туралы монғолдың «Құпия шешіресінің» 202, 203-тармақтарында: «Ел-жұртты ұйымдастырысқан ежелгі ер достары туыс-ноен етіп, қажымай күш жұмсаған қайырымды жолдастарды мыңдық ноены болғызып, уәлі сөзімді айтайын» деп жарлық етеді. Мыңдық ноендарын тағайындаған әмірі:

1. Меңілік атай. 2. Боорчи. 3. Мухулай Гоуан. 4. Илугай. 5. Жорчидай. 6. Хунан. 7. Хубилай. 8. Зэлмэ. 9. Тугэ. 10. Дэгэй. 11. Толун. 12. Унгур. 13. Чулгэдэй. 14. Борохул. 15. Шигихутуг. 16. Хучу. 17. Хөхөчу. 18. Хоргасун. 19. Усун. 20. Хуйлдар. 21. Шилугэй. 22. Жидай. 23. Тахай. 24. Цагаан гуа. 25. Алаг. 26. Сорхон-шара. 27. Булуган. 28. Харачар. 29. Хөхөчес. 30. Сүйхэту. 31. Ная. 32. Жунсу. 33. Хучхур. 34. Бала. 35. Оранартай. 36. Дайр. 37. Мугэ. 38. Бужир. 39. Мүнгүүр. 40. Долоодой. 41. Бөрөн. 42. Худус. 43. Марал. 44. Жибгэ. 45. Юрұхан. 46. Хөхө. 47. Зэвэ. 48. Удутаи. 49. Бала-Черби. 50. Хэтэ. 51. Сүбэдэй. 52. Мөнх. 53. Халжа. 54. Хурчухус. 55. Гэуги. 56. Бадай. 57. Хишилиг. 58. Хэтэй. 59. Чаурхай. 61. Хкнгиран. 62. Тогоон-төмөр. 63. Мэгэту. 64. Хадаан. 65. Мороха. 66. Дорибөхө. 67. Идухадай. 68. Ширахул. 69. Дауна. 70. Дамачи. 71. Ажинай. 72. Алчи. 73. Тобсаха. 74. Тунухуйдай. 75. Тобуха. 76. Хауран. 77. Түйдхэр. 78. Сачуур. 79. Жидэр. 80. Олар күйеу. 81. Хингиадай бұқа күйеу. 82. Хурил. 83. Ашиң күйеу. 84. Халай күйеу. 85. Чигу күйеу. 86, 87, 88. Алчи күйеу, үш мың қоңырат. 89, 90. Буту күйеу, мың ихирэс. 91, 92, 93, 94, 95. Онгуудтық Алхушдигит хури күйеу,

<sup>1</sup> Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. Т. I., Кн. 2., М.-Л., 1952 г, с.266.

<sup>2</sup> Козин С.А. Сокровенное сказание. М.-Л., 1941 г., с. 158.

бес мыңдық онгууд, орман жұртының сырытында, Монғолдың мыңдық ноендарын Чингис қаған тағайындағанда мыңдық неондар 95 кісі болды.

203. Чингис қаған күйеулерімен қоса осы 95 мыңдық ноенды тағайындады<sup>1</sup>.

Плано Карпинидің айтуынша, монғол армиясының 2/3 бөлігі Шыңғыс ханға бағынған халықтардың ер-азаматтары болған<sup>2</sup>. Шамамен Шыңғыс хан армиясында 129 мың адам болды. Бұл әскер Шыңғыс ханның ұлдары мен немерелеріне мұра болып қалды, оның ішінде оның басым бөлігі (101 мың адам) кіші ұлы Төленің иелігінде қалдырылды. 1236 жылы басталған Батыс жорығына Шыңғыстың 13 ұрпағы қатысты, олар барлық төрт ұлыстан келді. Карагаловтың есебі бойынша, оған қосымша Рашид ад-Диннің есебі бойынша, бұл хандардың 40-45 мың адамы болған<sup>3</sup>, оның ішінде 20-25 мыңы Төленің ұлысынан<sup>4</sup>. Бұған қоса қытай тарихшысы Юаньшидің айтуынша, қолбасы Сүбедей 1224 жылы Руське жасаған жорықтан қайтқаннан кейін «меркіттерден, наймандардан, керейлерден, хангиндер (қаңлылылар) мен қыпшақтардан ерекше корпус құруды ұсынып, бұл ұсынысын Шыңғыс хан мақұлдаған<sup>5</sup>».

Шыңғыс ханның жорығына бағындырған немесе өз еркімен бағынған халықтар да қатысты. Мысалы, Қытайды, Тибетті жаулап алуға 30 мыңдық ұйғыр отряды қатысты, бірақ біз тұтастай бір халықтың Шыңғыс хан жорығына қатысқаны туралы мысал білмейміз<sup>6</sup>.

Сонымен, түріктер – Шыңғыс ханның негізгі әскерінің бір бөлігі болған. Бұған қоса бағындырылған елдерден қосымша жасақтар құрылған. Бұл пікірді Юань-шидің деректері де жоққа шығармайды, Сүбедейдің жасағына алынған меркіт, керей, наймандар жергілікті түріктер болған. Бағынған халықтар монғол армиясын толықтырып отырған. Соғыс кезінде қолға түскен тұтқындар мен бейбіт тұрғындарды монғолдар өздерінің алдарына салып, шайқасқа кіргізіп отырған. Бұған қоса вассалдар мен одақтастар әскері де

<sup>1</sup> Монғолдың құпия шежіресі. Өлгей. 1979; 108-бет.

<sup>2</sup> Плано Карпини. История монголов. М., 1957 г. с. 18-43.

<sup>3</sup> Каргалов В.В. Внешнеполитические факторы развития феодальной Руси. М., 1967 г. с. 75.

<sup>4</sup> Подсчитано по: Рашид-ад-Дин. Ук. соч. Т.І., кн. 2 с. 266, 278.

<sup>5</sup> Иванов А.И. Походы монголов в Россию по официальной китайской истории Юань-ши в кн. «Записки разряда военной археологии и археографии Русского военно-исторического общества». Т.3. СПб 1914, с.19.

<sup>6</sup> Бартольд В.В. Собр. соч., т. 5. М., 1968 г. с. 338.

пайдаланылған. Бұл тактиканы Қытай мен Русьтегі, Кіші Азия мен Германиядағы шайқастар жөнінде жазылған деректер растап отыр.

Шыңғыс хан әскерінің ұлттық құрамы мен санын айтқанда, армияның басшысы Шыңғыс хан туралы Б.Я.Владимирцев айтқан мына қорытындыны оқушының есіне салмақпыз: «Чингиз хан никогда не обнаруживал какой-то особой жестокости и кровожадности<sup>1</sup>». Мұны В.В. Бартольд та растайды: «Шыңғыс хан қандай да ерекше қаталдық пен қаныпезерлік көрсетпеген. Ол үнемі өз бойынан мәңгілік көк аспанның қорғауын сезінген<sup>2</sup>; «мәңгі аспан» алдында жандүниесінің тазалығымен көрінуге<sup>3</sup> тырысқан.

Қорыта келгенде, Монғол империясының құрылуы дүние жүзі тарихындағы бірден-бір оқиға болды. Монғол халқының өзіне бұл жаулап алушылықтың түкке қажеті болмады және ол одан ешқандай пайдалы нәтиже шығармады.

Монғолдардың 129 мың әскерінің 101 мыңы Монғолияға оралды. Жаулап алған елдерде қалған 28 мың монғол өз ұлтының қасиетін тез жоғалтты<sup>4</sup>.

Монғол жаулап алушылары монғолдар тағдырына қарағанда түріктер тағдырына үлкен әсерін тигізді. Батыстан Монғолияға қарай монғолдар құрған мемлекеттің тілі бірте-бірте түрікше бола бастады<sup>5</sup>.

Шыңғыс хан әулетінің қол астында үш ұлы мемлекет болды: Орта Азия, Оңтүстік Ресей және Парсы. Барлық монғол елінде түрік элементінің күшеюі байқалды<sup>6</sup>.

Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ұрпақтары билеген Оңтүстік Ресейде немесе Алтын Ордада ертеде түріктендірілген монғолдар жүрді. Монғол хандары өзбек және ноғай хандарының атымен түрік хандықтарын құрды. Монғол империясының бұл бөлігінде ислам діні бекіді<sup>7</sup>.

---

<sup>1</sup>Владимирцев Б.Я. Чингиз-хан, Берлин-Петербург-Москва, 1922 г. с. 176 или Бартольд В.В. Собр. соч., т.5. М., 168 с. 45.

<sup>2</sup>Бартольд В.В. Собр. соч., т. 5. М., 1968. с. 450.

<sup>3</sup>Сонда. 450-бет.

<sup>4</sup>Бұл да сонда. 211-бет.

<sup>5</sup>Бұл да сонда.

<sup>6</sup>Бұл да сонда.

<sup>7</sup>Бұл да сонда.

### §3. МОНҒОЛ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШІ

Монғол тайпаларының қоғамдық даму ерекшелігіне қарай, монғол соғыс өнерінің өзіндік сипаты болды.

Монғол тайпалары екі үлкен топқа жіктелді: орман тайпалары немесе аңшылар, дала тайпалары немесе мал өсірушілер. Аңшылар Байкал көлі жағалауында, Енисейдің жоғарғы жағы мен Ертіс бойында өмір сүрсе, малшы монғолдар Байкалдың оңтүстігіндегі таулы жайылымдардан Алтай тауының батыс сілемдеріне дейінгі аралықтағы жазық далаларда көшіп жүрді. Малшы-көшпенді тайпалардың саны мол болды, олар орта ғасыр тарихында маңызды рөл атқарды. Монғолдың «асыл сөздерінде» олар өздерін «киіз үйдегілер ұрпағы» деп атаған.

XI–XIII ғасырларда монғолдардың негізгі кәсібі аңшылық пен мал шаруашылығы болды. «Олардың малы өте көп: түйе, сиыр, қой, ешкі және жылқы. Олардың малының көптігі сонша, біздің ойымызша, ондай мал бүкіл әлемде жоқ»<sup>1</sup>, – деп жазды Плато Карпини 1246 жылы монғолдарға барғаннан кейін.

Кейбір деректер бойынша, Монғолия жерінде алты мың жылдай бұрын, алғаш рет жылқы қолға үйретілген, жылқы үйірлері монғолдардың басты байлығы болып есептеледі. Жылқы өте жоғары бағаланады, себебі далада жылқысыз іс бітіру мүмкін емес еді. «Кім аттан жығылса, – деді Шыңғыс хан, – ол қайтып шайқасқа кіре алмайды. Тіпті тұрып кеткен күннің өзінде, жаяу жүріп атты әскерді қалай жеңбекші?»<sup>2</sup>

Көшпенді малшылар атты әскердің негізгі базасы болды. Монғолдардың әскери күші жылқы санымен анықталды. Негізгі міндеттері жылқыны аман сақтау болып табылады.

XI–XIII ғасырларда монғолдар күрендермен-рулармен немесе ауылмен көшіп жүрді. Күрен – монғолдардың рулық немесе тайпалық одағы. «Күреннің мәні, – деп жазады ежелгі бір автор, – айналмалы дөңгелек болуында. Ежелгі уақытта белгілі бір тайпа бір жерге қоныстанғанда, дөңгелене орналасатын болған, олардың ақсақалдары осы дөңгелектің орта тұсын мекендеген. Осыны олар күрен деп атаған. Қазіргі уақытта жау әскері жақындаған кезде олар бөтендерді арасына енгізбеу үшін осылай қоныстанады»<sup>3</sup>. Күренде бірнеше жүзден бірнеше мыңға дейін киіз үй болды. Жайылым мен аң аулайтын орын бәріне ортақ болды. Рулық қоғамның ыдырауына байланысты

<sup>1</sup>Плато Карпини. Монғолдар тарихы. СПб, 1911, 7-бет

<sup>2</sup>Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. Л., 1934. стр. 38.

<sup>3</sup>Сонда, 37-бет.



Шыңғыс хан

жеке бөлініп көшіп шыққандар пайда бола бастады. Олар «айыл» деп аталды.

Басқа халықтардағы сияқты монғолдарда да өз қолдарына байлық жиналған ақсүйектер пайда болды. Ақсүйектердің көп малы, жақсы жайылымы болды. Соғыста қолға түскен олжаның басым бөлігі ру басының, әскери көсемнің, ханның пайдасына қалдырылып отырды. Соғыс тұтқындары құлға айналдырылды. Рулық құрылыс негізінде әскери демократия ұйымдары құрылды: тайпа мен рудың халық жиналыстары, ноян (әскербасы), құрылтай (тайпалық ақсүйектер жиналыстары).

Ноянның нөкерлерден тұратын жасағы болды. Нөкер дегеніміз— әрқашан соғысқа дайын жауынгер. Нөкерлер жасағының шығуы хандық биліктің құрылуына алып келді, сөйтіп, көшпенділердің еркіндігі шектелді. Нөкерлер жасағы өз тай-пасының әскери күшінің негізі болды, әрі әскери мектеп болып табылды. Осында әскери қолбасшылар іріктеліп шықты. Қоғам даму нәтижесінде, нояндар билігі хандық билікке ауысты. Жақсы жер, мал, жайылым, құлды көбейту үшін бір-бірімен соғысып отырды. Монғолдарды біріктіріп, тайпалық соғыстарды тоқтату үшін, барлық тайпаларды бір орталыққа бағындыратын хан керек болды. Мұндай хан Темучин болды (1154—1227). Керей, найман және бірнеше татар хандарын жеңгеннен кейін, Темучин 1206 ж. құрылтай (хан кеңесі) шақырды.

Құрылтайда оған Шыңғыс хан (күштілердің әміршісі) деген ат берілді, яғни ол барлық монғол тайпаларының ханы болды. Орталық мемлекеттік билік күшейтілді. Шыңғыс хан барлық тайпалардың басшысына айналды. Ол тайпалар белгілі бір аумақты иеленді және өздері жаулап алған жерлерінен салық жинап күн көрді. Сөйтіп, малшы-көшпенді монғол мемлекеті құрылды.

Монғол мемлекетінің негізгі халқы басы бос көшпенді малшылар болды. Шыңғыс хан монғолдарды құл қылуға тыйым салды, соғыс тұтқындарын ғана құл етуге рұқсат етілді.

XIII ғасырда монғол мемлекеті ежелгі түрік мемлекетіне ұқсас болды. Орталық монғол мемлекетінің шығуы монғол тайпаларында феодалдық қатынастардың дамуына алып келді. Бұл кезеңде монғолдарда әлі феодалдық құрылыс пен крепостнойлық басыбайлылық бірден қалыптасқан жоқ. Монғолдарда рулық қоғамның сарқыншағы сақталды. Мұның өзі олардың соғыс кезінде күшеюіне себін тигізді.

Тайпалық және рулық ақсүйектерге сүйенген Шыңғыс хан әскерінің негізін монғол ақсүйектері құрады. Бағындырған жерлерінде монғол гарнизондары тұрды. Жергілікті халықпен ассимиляцияға ұшырамау үшін белгілі бір уақыттан кейін гарнизондар ауыстырылып отырды. Сауданың дамуы үшін және әскери бағытта, яғни әскери мақсатта жолдар салынды. Аралық станцияларды жалғастырып отыратын ұшқыр почта құрылды. Мәліметтер мен бұйрықтар күніне алты жүз шақырымдық жылдамдықпен, атты эстафета арқылы жеткізіліп тұрды.

Сауданың дамуы үшін, Шыңғыс ханның сөзімен айтқанда, алтынды кез келген жерде, ешқандай тонаудан қорықпай-ақ, қарапайым ыдыс сияқты алып жүруге мүмкіндік туғызылды. Байлар мен ақсүйектердің құқығы хан үкімімен шектеліп отырды. Айыптаушылар жазаға тартылды.

Монғол мемлекетінің ішкі саяси жағдайы күшейтілді және соғыстар жүргізу үшін үнемі жауынгерлер саны арттырылып отырды. Шыңғыс ханның айтуынша, алғашында оған үш мың отбасы бағынған. Жиырма жылдың ішінде монғолдар жеті жүз жиырма елді бағындырды. Солардың көпшілігі түріктер, найман, керей және қоңырат. Монғол әскерінің саны бір жүз отыз мың адамға жетті. Монғолдар тез арада өздеріне Азияның негізгі бөлігін бағындырды. Монғолдар басып алған аумақ Маньчжуриядан Ертіске дейін, Байкалдан Танғұт империясына дейін созылды. Кейіннен бүкіл Азия бағындырылды. Монғол көшпенділері өздерін ортақ атпен «татал» деп атады. Осыдан монғол тайпаларының орысша атауы «татар» сөзі шықты. Әскерде қолына қару ұстай алатын барлық монғол қызмет етуге міндетті болды. Бұл жеңіл қаруланған шығыс көшпенділерінің атты әскері болды.

Нөкер жасағының негізінде, ақсүйектер мен мықты жауынгерлерден арнайы гвардия құрылды. Бұл гвардия барлық монғол тайпаларының үстінен бақылау орнатты. Шыңғыс ханның айтуынша, алғашында гвардия түнгі күзеттегі 80 жауынгер мен арнайы күзеттегі 70 жауынгерден тұрды. Кейін оның бұйрығы бойынша, барлық мыңдықтардан іріктеліп

алынған жауынгерлерден «ауыспалы гвардия» жасақталды. Шыңғыс хан былай бұйырды: «ауыспалы гвардияға барлық ноян, мыңбасы, жүзбасылардың және аксүйектердің балалары тартылсын. Ноян балалары өздерімен бірге он жолдасын және бір кіші бауырын, жүзбасылардың балалары бес жолдасын және бір кіші бауырын, ал онбасылардың балалары үш жолдасы мен бір кіші бауырын ертіп келуге міндетті. Олардың барлығы өздерімен бірге әскерге қажетті заттарды ала келуі тиіс»<sup>1</sup>. Осы есеппен «ауыспалы гвардия»



ХІІІ ғ. бірінші жартысындағы монғолдардың Қытайға жорығы.

сарбаздарының саны он мыңға жетті.

«Менің ұрпақтарымның ұрпақтары, – деді Шыңғыс хан, – менің орнымды басқан кезде мені еске ала отырып, осы мыңдықты сақтап қалуға тиіс<sup>2</sup>».

Әскер жасақтау кезінде әрбір он үйден, қажеттілік бойынша, бір немесе үш жауынгер шығуы тиіс болды, әрі олар өздерін-өздері азықпен қамтамасыз етуге міндетті болды. Бейбіт уақыт кезінде қару-жарақ арнайы орындарда сақталды. Ол мемлекет меншігі болып есептелді. Жорыққа шығар алдында жауынгерлерге үлестіріліп берілді. Жорықтан қайт-

<sup>1</sup>Козин. Сокровенное сказание, М., 1941.168с.

<sup>2</sup>Сонда. 173-бет.




қанда әр жауынгер өз қаруын қайта өткізуге міндетті болды. Жауынгерлер жалақы алған жоқ, қайта өздері мал санына қарай, салық төлеп отырды (әрбір жүз бастан бір бас).

Соғыс кезінде түскен олжадан әр жауынгерге бірдей үлес таратылды. Олжаның бір бөлігі ханға апарылуға тиіс болды. Жорық арасында жауынгерлер қоғамдық жұмыстарға тартылды. Аптасына бір күн олар ханға қызмет жасауға міндетті болды.

Әскер ондыққа, жүздікке, мыңдыққа, он мыңдыққа (түмен) бөлінді. Оларды онбасы, жүзбасы, мыңбасы, ноян басқарды. Басшылар арнайы шатырлар, қосымша қару-жарақ, жылқы қорын ұстады. Шыңғыс хан қолбасшыларды бейімделігіне қарай іріктеді: ақылдылар мен батылдарға әскер басқартты, шаруаға бейімділерге әскери жүк керуендері мен малды тапсырды.

Негізгі әскер атты әскер болды. Олар ауыр қару-жаракты және жеңіл қару-жаракты болып бөлінді. Ауыр қару-жаракты атты әскер жаудың негізгі күшімен шайқасты. Ал жеңіл қару-жаракты атты әскер күзет және барылау қызметтерін атқарды. Олар шайқас кезінде жауды жебенін астына алды. Монғолдар ат үстінен садақ тартудың шебері болды. Жеңіл қару-жаракты атты әскер жаудың соңына түскенде үлкен рөл атқарды. Атты әскер қосымша көп жылқы ұстады, мұның өзі олардың ұзақ қашықтыққа тез жетуіне көмектесті. Монғол әскерінің негізгі ерекшелігі арбалы жүк ұстамауында болды. Тек хан мен аса жоғары дәрежелі ақсүйектер ғана арбаны пайдаланды. Монғолдардың негізгі қару-жарағы садақ болды, ол ерекше бояумен боялды. Бұл бояу садақты дымқылданудан және қаңсып қалудан сақтады. Әрбір жауынгер бірнеше садақ және жебе салынған қорамсақ ұстады. Бұған қосымша ұшының темір найзасы болды. Онымен жауды аттан құлаты. Қисық қылышы, темірмен айқышталған бас киімі болды, ұзын сүңгі ұстады. Бұған қосымша жауынгерлер ұзын арқан ұстады, оны соғыста және аң аулағанда пайдаланды. Кейбір жауынгерлер бұған қосымша арбалет (садақ сияқты ату құралы) ұстады. Қорғаныс құралдары өгіз терісінен жасалды. Бұл айтылғандар, негізінен, жеңіл қаруланған сарбаздардың қаруы. Әрбір жауынгердің жебе ұшын шығаратын егеуі, біз, ине-жібі, ұн елейтін елеуіші, су сүзіп тазартатын сүзгісі болды. Атты әскер кішігірім шатыр ұстады, екі торсығы болды, біріне су, екіншісіне езілген құрт, айран құйып алды. Азық-түлігі мүлдем таусылып қалған жағдайда монғолдар аттың қанын ағызып ішті. Сөйтіп, олар он шақты күнге дейін



ХІІІ ғ. басындағы монғол жасағының құрылымы.

рихшылар монғолдар шабуылы бей-берекет жүргізілді деп жазады. Шындығында, монғолдар өз жауларына алдын ала барлау жасап, зерттеп алып, белгілі тәртіппен соғыс ісін жүргізіп отырған.

Жорық, негізінен, шөбі қалың құнарлы аймақтарға бағышталған. Мұның өзі қосымша жылқыларды асырауға мүмкіндік берген. Жорық кезінде барлаумен қоса күзет қызметі де жақсы жолға қойылған. Барлаушылар – жеңіл атты әскерлер, негізгі күштен екі күншілік жерде жүріп отырған. Басшыларға өз қол астындағыларға дұрыс қарау тапсырылып отырды. Өзендерден атты әскер аттармен жүзіп өтсе, жаяу әскер салмен өткен. Монғолдың жеңіл атты әскері шайқас кезінде рыцарлық ауыр атты әскерге қарағанда пайдалырақ болды. Монғолдар жауды негізгі күшінен бөліп алып, жеке-жеке талқандауға ұмтылды. Тосқауыл қою, күтпеген жерден шабуыл жасау, жауды шегінген боп алдап, кенеттен шабуылға шығу олардың негізгі соғыс тәсілдері болды. Монғолдар ұрыс даласында жылдам қимылдады. Олар жауды екі жақтап тылына шығып алып қоршап, құртып жіберіп отырды. Жебенің астына ала отырып, бетпе-бет соғыста жойып жіберді. Жау талқандалған жағдайда соңынан қуды. Монғолдар шайқас даласында өте тапқыр болды. Солтүстік Индияға басып кіргенде, әскери пілдер монғолдарды жеңіліске ұшыратты. Алайда соғыстың екінші күні олар пілге қарсы, басына от жағылған жебені пайдалануды ойлап тапты, сөйтіп, жеңіске жол ашты.

аштыққа шыдай білді.

Монғол әскері үш бөлімнен тұрды: оң қанат, сол қанат, орталық. Әрбір бөлімнің өз алдына шебі болды. Мұнымен қоса, жалпы алдыңғы шеп және резерв болды. Әскери тәртіп өте мықты болды.

Соғыс жауға алдын ала барлау жүргізіліп барып басталды. Бұған қосымша азық-түлік базасы құрылды, жауды адастыру шаралары да қарастырылды. Көп тарихшылар монғолдар шабуылы бей-берекет жүргізілді деп жазады. Шындығында, монғолдар өз жауларына алдын ала барлау жасап, зерттеп алып, белгілі тәртіппен соғыс ісін жүргізіп отырған.



Монгол атты әскерінің жорығы.

Әскерді басқару жақсы жолға қойылды. Барлау жүргізуді, қарулануды, басқа да қосымша шараларды арнайы адамдар басқарды. Олар дыбыс және әр түрлі түсті жалау арқылы бұйрық беруді меңгерді.

Қаланы қоршағанда, алдымен жан-жағын тұтас талқандады да, қаладан ешкімді шығармай қойды. Қаланы айнала қоршай ор қазды. Мұндай жұмыстарға жергілікті халық пен тұтқындарды пайдаланды және оларды қамалға кіріп шайқасуға мәжбүр етті. Өздері арттарынан қадағалап, кері қашқандарды өлтіріп отырды.

Монғолдар сол замандағы озық техниканы пайдаланды. Оны олар қытайдан алды. Батыс Еуропалық тарихшылардың тас ататын машинаны Марко Поло (1254 – 1323 жж.) үйретті деуі жалған. Бұл саяхатшы бұл жаққа Батый жорығынан кейін барған. Батыйдың әскерлері 160 кг ауырлыққа дейінгі тасты бірнеше жүз адымға лақтыра алатын қаруды пайдаланған. Қорғанның ағаш бөлігін мұнаймен өртеді. Тас қабырғаларды арнайы машинамен талқандады немесе оқ-дәрімен жарды. Оны Қытайдан алды және мұндай қару ол кезде Еуропада

болған жоқ. Кейде монғолдар қалаға су қаптатты немесе өзенді бұрып жіберіп, қала халқын сусыз қалдырды. Монғол әскерлерінде сол кез тұрғысынан алғанда, жақсы инженерлер болды. Оларды монғолдар Қытай мен Персиядан тұтқынға түсіріп алды.


Монғолдар жергілікті өз халқын әскери өнерге баулып, соғыс ісіне даярлауға үлкен көңіл бөліп отырды. Садақпен оқ ату үш жастан бастап үйретілді. Балаға кішкентай садақ берді және ол жасына қарай үлкейтіліп отырды. Әрбір монғол мықты әскер болды. Шыңғыс хан аңға шығуды соғыс мектебі деп атады. Аңға шығу қыс кезінде жүзеге асырылды. Алдымен аңы мол аймақтарға барлау жасалды, содан соң әскерлер оң қанат, сол қанат, орталық болып үшке бөлінді. Олар дөнгеленс орналасты. Алдымен хан, сұлтан, әскербасылар, олардың әйелдері, содан соң қарапайым жауынгерлер ататын болды.

Әскери тәртіп өте қатал болды. Шыңғыс хан былай деді: «Жүз мыңдық армияны басқарған қолбасы өз ханының бұйрығын бұлжытпай орындауға міндетті. Орындамаған жағдайда жазаға тартылады, тіпті өлім жазасына дейін кесіледі». Шыңғыс хан әскербасыларына арнап арнайы ереже (заң) шығарды. Онда әскерді қалай басқару, қамалды қалай алу, соғысқа қалай дайындалу әдістері қарастырылды. Бұл тәртіп бойынша, қолбасылар жауынгерлердің қару-жарағының жағдайын тексеруге міндетті болды. Қару-жарак жорыққа шығар алдында міндетті түрде тексеріліп отырды.

#### **§4. МОНҒОЛ-ТҮРІКТЕРДІҢ СОҒЫС ӨНЕРІ**

Монғолдар 1194 – 1206 жж. аралығында Шыңғыс ханның басшылығымен Жапон теңізі мен Сары теңізден Ертіс өзеніне дейінгі аралықты, Сібірдің оңтүстігін, Қытай мен Манчжурияны басып алды. Осыдан олар Орта Азияға шабуыл жасап, Хорезм мемлекетін бағындырды. Сүбедей басқарған монғолдың аса күшті отряды Кавказға жетіп, Грузия мен Арменияны басып алды.

Әр елді басып алған сайын Шыңғыс хан басып алған жерлерінде халық санағын жүргізді, егіннен түскен өнімнің оннан бірін, әр жүз бас малдан бір мал салық салуды өз шенеуніктеріне тапсырып отырды. Салық жинауда сол елдің ақсүйектерінің көмегіне сүйеніп, оларға да салықтан үлес беріліп отырды. Сөйтіп, монғолдар жергілікті халық арасынан өздеріне тірек-таяныш тапты.



XII ғасырдағы түменнің әскери құрылымы.

1206, 1207 және 1209 жылдары монғолдар Тапғұт (Солтүстік-Батыс Қытай) патшалығына шабуыл жасады. Бұл көшпенділер мен отырықшылар арасында болған бірінші соғыс болды.

Монғолдар Нючжей империясына (Солтүстік Қытай) салық төлеп отырды. Бірақ 1210 жылы Шыңғыс хан салық төлеуден бас тартып, өз тайпаларына Қытаймен соғысуға дайындалуға бұйрық берді.

1211 жылы ол өзінің ұлдары Жошы, Шағатай, Үкідай (Үгедай, Оқтай) және Толының қолбасшылығымен көп әскер ертіп жорыққа шықты. Гоби даласынан өткен монғолдар Солтүстік Қытайға қарай жылжыды. 1215 жылы олар Пекинді талқандады. 1216 жылы олар Монғолияға қайтып оралып, Орта Азияға жорық жасауға дайындала бастады.

Орта Азияда бұл кезде екі үлкен мемлекет – Қарахан-Найман мемлекеті және Хорезм мемлекеті өмір сүрді. Бұл мемлекеттер әр түрлі тайпалардан тұрды. Тайпалар өзара діни алауыздықта болды. Саяси алауыздық бұл мемлекеттердің әскери күшін әлсіретті.

Шыңғыс хан осы мемлекеттердің әлсіздігін пайдаланып, өзіне бағындырмақшы болды. 1218 жылы ол үлкен құрылтай шақырып, Хорезммен соғысу жөнінде шешім қабылдап, дайындық жұмыстарын белгіледі.

**Соғыстың бірінші кезені** – негізгі күштерді топтастыру. Хорезмді бірден жаулап алуға монғолдардың мүмкіндігі болмады, себебі солтүстіктегі Найман, Күшілік хан бастаған Қарахан мемлекеті қауіп төндірді. Сондықтан Хорезмге со-



Монғолдардың XII ғ. бірінші ширегіндегі Солтүстік Азияға, Кавказға және Оңтүстік-Шығыс Еуропаға жорығы.

ғыс бастаудан бұрын осы Қарахан мемлекетін жаулап алу керек болды.

1218 жылы солай қарай жиырма мыңдық атты әскермен Жебе басқарған отряд аттанды. Олар жергілікті халық пен мұсылмандар арасындағы алауыздықты пайдаланып, тез арада Қарахан-Найман мемлекетін бағындырды.

Хорезм әскерінің әскери күшін барлау үшін Шыңғыс хан екінші бір күшті отрядты батысқа – Отырарға жіберді. Монғолдардың бұл қылығын естіген Хорезм сұлтаны Мұхамед күшті әскермен Самарқандтан шығып, солтүстікке қарай бет алды. Ол монғол әскерімен кездесіп, шайқасқа түсуге мәжбүр етті. Монғолдар солтүстік қанатты талқандап, орталыққа басып кірді. Хорезмдіктердің оң қанатын басқарған Мұхамедтің баласы монғолдардың сол қанатын талқандап, орталық пен өздерінің сол қанатына көмекке келді. Кешке шайқас тоқтады. Түнде монғолдар қарсыластарын алдау мақсатымен, орналасқан жерлеріне мол қылып от жағып, өздері тайып отырды. Бұл шайқас Мұхамедке үлкен әсер қалдырып, ол: «мен ешқашан мұндай мықты әскерді көрген

емеспін», – деп, таңданысын жасыра алмады. Шайқастан соң Мұхамед Бұхараға кетті.

**Шайқастың екінші кезеңі** – монғол әскері негізгі күшінің Хорезмге басып кіруі.

Монғолдардың негізгі күші жорыққа 1218 жылдың аяғында кірісті. 1219 ж. жазда олар Ертіс өзенінің жағалауына тоқталып, астындағы аттарын біраз тынықтырды да, күзде әрі қарай жылжыды. Монғолдардың 129 мың әскері болды: орталықта 62 мың, оң қанатта 37 мың, сол қанатта 30 мың.

Мұхамедтің күші бұдан екі есе басым болды, бірақ оның әскері әр түрлі тайпалардан тұрды және бірыңғай тәртіп болмады. Әскерлердің бір бөлігі қалалардағы гарнизондарда тұрды. Монғол әскерлері хорезмдіктерге қарағанда ұйымдасу, қарулану және дайындық тұрғысынан әлдеқайда жоғары болды. Екі жақтың да әскери күшін шығыс тарихшылары аса асырып көрсетеді. Әсіресе, шығындар өте өеіріліп көрсетілген. Мысалы, Үргеніш қаласында 2 млн 400 мың адам өлтірілді делінсе, Герат қаласында 1 млн 600 мың адам шығындалды деп көрсетілген.

Хорезм мемлекетінің ішкі саяси жағдайы қорғанысқа бөгет болды. Мұхамед бір жерде аса үлкен күшті топтастыруға қорықты, өз әскербасыларына сене аламаған ол Самарқандқа қарай кейін шегінді. Нәтижесінде елді пункттерді жергілікті халық қана қорғады. Бірақ бұл халық ұйымдаспаған еді. Билік жүргізушілердің жеке бас мүддесі мен өз байлығын сақтауға ұмтылуының салдарынан, қорғаныс ауыртпашылығы қарапайым халықтың иығына артылды.

Хорезмдіктер күшінің әлсірегендігін естіген Шыңғыс хан төрт отряд құруға бұйрық берді. Бірінші отряд Жошының басқаруымен Сейхун өзені (Сырдария) бойындағы Жент қаласына аттанды. Шағатай мен Оқтай (Үкідай) басқарған екінші отряд Отырар қамалын қоршады, Шыңғыс ханның өзі басқарған негізгі күш Бұхараға бет алды. Мұның сол қанатында солтүстіктегі Бенекент бағытында 5 мың атты әскерден тұратын шағын отряд жүріп отырды.

1220 жылы наурызда монғол әскері тіке шабуылмен 20 мың әскері бар Бұхараны алып, одан соң 40 мың әскері бар Самарқанды талқандады. Қаладағы шеберлер мен суретшілер құлға айналдырылып, тұтқындардың бір бөлігі жұмыс істеуге пайдаланылды. Хорезм әскерінің қалдығы оңтүстік-батысқа Иранға қарай шегінді.

Шыңғыс хан қашқан жаудың соңынан қууға Жебе мен Сүбедей басқарған 30 мың әскерді аттандырды. Кезінде



Сүбедей

Мұхамед ұйымдастырған 30 мың әскер қашып кетті. Бұл кезде Жошының басқаруымен 30 мың адам 7 ай қоршап Үргенішті басып алды. Шыңғыс хан басқарған негізгі күш 1220 жылы Балх пен Талекан қалаларын қиратты. Шыңғыс хан өз ұлы Толыны 40 мың әскермен Мерв қаласына аттандырды. Мервтіктер қатты қарсылық көрсетті, Толының отряды қаланы алу үшін 700-ден аса тас ататын машина, 4 мың саты, 2500 тас толтырылған қап, т.с.с. пайдаланды. 1221 жылғы сәуірде Монғолдар Мерв қаласын басып алып, тас-талқанын шығарды. Шағатай мен Оқтай басқарған отряд солтүстік қанатты қорғап отырды.

**Жорықтың үшінші кезеңі** – Хорезм әскерінің талқандалуы.

Мұхамед шаһ өлгеннен кейін монғолдарға қарсы күресті оның ұлы Жәлел-әд-дин жалғастырды. Ол 70 мың әскер жинап, Кабулға аттанды. Мұнда хорезмдіктер монғолдың 30 мың адамдық отрядын талқандады. 1221 ж. Шыңғыс хан оған қарсы негізгі күшін аттандырып, желтоқсанның 9-ында Инд өзені жағасында қуып жетіп шайқасты. Хорезмдіктер жеңіліске ұшырады, алайда Жәлел-әд-дин төрт мың адаммен өзеннен өтіп, құтылып кетті. Осыдан кейін Шыңғыс хан Тибетке аттанды, бірақ кейін Бұхара мен Самарханға қайтып оралды. Осы жерде бір жыл қыстаған Шыңғыс хан 1225 жылы мол олжамен Монғолияға қайтып келді. Аса үлкен аумақта болған шайқас бар-жоғы үш жылға созылды.

## **§5. СҮБЕДЕЙ ЖОРЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЛҚА БОЙЫНДАҒЫ ШАЙҚАС**

Сүбедей басшылығындағы монғол әскері хорезмдіктерді талқандаумен ғана шектеліп қалған жоқ, олар енді Солтүстік Иран арқылы Кавказға өтті.


1222 ж. монғолдар Грузин армиясын талқандап, Дербент қаласын басып алып, Ширван арқылы қыпшақ даласына кел-



ді. Монғолдар Солтүстік Кавказда қыпшақ, лезгин, черкалан тайпаларының біріккен әскеріне тап болды. Сонд монғолдар зұлымдық жасап, қыпшақтарға тиіспеуге уәд етті. Қыпшақтар ұрыс даласын тастап кетті.

Монғолдар осыдан соң черкас, лезгин, аландарды оңа талқандап, қыпшақ даласына жетіп, осында қыстап шықты. 1223 ж. басында Сүбедей Қырымға басып кіріп, Суда қаласын басып алды да, қыпшақ даласына қайтып келді. Алғашқы шайқастан соң Днепрге шегініп келіп, өзенне өтуге орыстардан рұқсат сұрады. Монғолдар туралы хаба алған князь Мстислав Киевте орыс князьдерінің кеңесі шақырып, монғол басқыншыларымен соғысуға шешім қабылдады. Мұнда оларға қыпшақтар келіп қосылды. Орыс әскерлері князь жасақтарынан тұрды. Шешім князьдердің кеңесінде қабылданғанмен, әр князь өзінше әрекет жасады. Монғолдардың барлаушы отряды көрінген кезде князь Даниил өзеннен өтіп, оларға шабуыл жасады. Біраз қарсылық көрсеткен монғолдар кері қайтты. Князь Мстислав оларды соңынан түсіп, жойып жіберді. Алғашқы жеңіс орыстарды еңсесін көтерді. Одақтастар шығысқа қыпшақ даласын келді: 9 күннен кейін олар Қалқа өзенінің жағасына келіп жетті.

Князьдер кеңесінде әр түрлі пікірлер айтылды. Киев князь Мстислав Қалқа өзенінен өтпей, биік жағалауға қорғаныс тұрғызды. Галицкий князі Мстислав басқа князьдермен және қыпшақ әскерімен бірлесе отырып, Қалқа өзенінен өтіп монғолдарға аттанды.



Қалқа өзені бойындағы 1223 жылғы шайқас.

**Шайқастың алғашқы кезеңі** – орыс және қыпшақ алдынғы отрядының соққыға ұшырауы.

Жіберілген отрядты монғолдардың үлкен күші қоршап алды. Табан тірескен ұрыс басталды. Қыпшақтар мен орыстар шыдай алмай, кейін қашты, олар қалған әскерге үрей тудырды.

**Екінші кезеңде** монғолдар қашқан қыпшақтар мен дұрыс ұйымдаспаған орыс қорғанысын бұзып өтті.

**Шайқастың үшінші кезеңінде** монғолдар Киев князі Мстиславқа шабуыл жасап, алайда тіке шабуылмен ала алмады. Сүбедей қулық жасап, өз барлаушысын жасырын жіберіп, Мстиславқа егер құн төлесең, сенің өзің мен жасағына тиіспейміз деді. Бұл сөзге сенген Мстислав қорғанысын тастап шықты. Монғолдар бұларға шабуыл жасап, бәрін де құртып жіберді. Осыдан кейін Сүбедей жасағы Еділдің бойымен жүріп отырды. Олар Кама өзенінің сағасында татарлардан (болгарлардан) жеңіліп, кейін қайтты. Сөйтіп, 1225 ж. Сүбедей әскерлері Каспий теңізінің солтүстігімен жүріп отырып, Азияға, монғолдардың негізгі күшіне қайтып оралды. Хорезм жорығы кезінде монғолдар жауға дұрыс барлау жүргізе алды және Орта Азия мемлекеттерінің ішкі алауыздықтарын оңды пайдалана білді. Олар жауының бірігуіне жол бермей, жеке-жеке талқандады. Қамалдарды қоршағанда, сол кездегі ең жаңа құралдарды пайдаланды.

Орыстардың жеңілу себебі жаудың күшін дұрыс бағалай алмауы, күштердің бытыраңқылығы, бірыңғай басшылықтың болмауы еді.

## §6. МОНГОЛ-ТҮРІКТЕРДІҢ ЕУРОПАҒА ЖОРЫҒЫ

Сүбедей жорығы Еуропаға барлау сипатында өтті. 1227 ж. Шыңғыс хан, 1225 ж. үлкен ұлы Жошы дүниеден өтті<sup>1</sup>. 1235 ж. Шыңғыс ханның үшінші ұлы Оқтай (Үкідай) құрылтай шақырып, Кореяға, Қытайға, Үндістанға және Еуропаға жорық жасау жөнінде шешім қабылдады. 1236 жылы Жошының

<sup>1</sup>Гуйсуйдің оңтүстік-батыс жағында (Пекиннің батысында) Ордос провинциясында Шыңғыс ханның моласы бар деген аңыз бар. (Ихе-ежден-хоро). Бұл жан-жағы қоршалған екі үлкен киіз үй. 1884 ж. моланы монғолдардың тархат (қорғаушы) тайпасы күзетіп тұрды. Белгілі орыс географы Потанин барлық салықтар мен міндеттерден босатылған 50-ге жуық тархат үйін санаған. Тархаттар моланы және оны сақтаушыларды асырау үшін Ордос тайпаларынан салық жинап тұрған. Салық жинау кезінде олар Шыңғыс ханның өзінен қалған деп есептелген ту мен қылышын алып жүрген.

ұлы Батый мен көмекшісі Сүбедей екеуі монғол әскерлерінің күшін біріктіріп, Ертісті өрлеп барып, Еділге қарай бет алды. Сүбедей болгарларды талқандауға тапсырыс алды. Ал негізгі күш Дон өзеніне қарай жылжыды.

**Бірінші жорық** – монғол-түріктердің Солтүстік-Шығыс Руське басып кіруі.

1237 жылы Батый Рязань князінен ондық салық төлеуді талап етті. Князь: «Біздің бәріміз, яғни бірде-біреуіміз тірі қалмай өлгенде, бәрі сенікі болады», – деп жауап берді.


Рязаньдіктер Владимир князі Юрийден көмек сұрады, бірақ ол монғол-түріктердің күшті әскерімен соғысудан бас тартты. Ішкі феодалдық бытыраңқылықтың асқынуы сыртқы қауіптің күшейген тұсында да бірігіп күресуге жол бермеді.

Алдымен монғолдар өздеріне қарсы шыққан Рязань князьдігінің жасағын талқандады. Кострома жылнамашысының айтуына қарағанда, Рязань жасағы қаһармандықпен шайқасып, бәрі өлтірілді. 1237 ж. желтоқсанның 16-да монғолдар Рязаньді қоршап алып, 9 күннен кейін басып кірді де, қаланы өртеп жіберді.

Монғолдар Рязань княздігін бөлшектеп, талқандады. Бұдан кейін Батый негізгі жау Владимир князі Юрий Всеволодовичті Коломна өзені бойында талқандап, Мәскеуді өртеп жіберді де, Владимирге бет алды. 1238 ж. ақпанның 3-де монғол түріктері өз күшінің бөлігін солтүстікке бағыттады, осылайша олар тверьліктер мен новгородтықтардың Владимир князімен бірігуін болдырмау үшін олардың жолын кесіп тастады. 1238 ж. 3 ақпанда монғолдар Владимирді үш жағынан қоршап, басып алды.

Князь Юрий Всеволодовичті солтүстікке әскер жинап, орыс княздіктерінің күшін біріктірмекші болды, бірақ кеш қалды. Орыс әскері жөнінде дерек алған монғолдар Тверь мен Ярославль арқылы орыс әскерінің оңтүстік қанатын талқандады.

1338 ж. наурыздың 4-інде Батый орыстардың негізгі күшіне шабуыл жасап, жеңіліске ұшыратты. Монғолдар енді Новгородқа беттеді. Новгородтықтар қорғанысқа дайындала бастады. Наурыздың 17-сі күні Новгородқа 200 шақырым қалғана, Батый кенеттен кейін қайтты. Кейбір тарихшылар монғолдар көктемгі батпақтан қашты деп түсіндірді. Шындығында, монғолдар бірталай шығынға ұшырағандықтан, соғысқа дайын әскермен айқасуға бата алмады. Қайтар жолында олар Козельск қаласын басып алмақшы болды. Алайда қала тұрғындарының табанды қарсылығына ұшырады. Ко-



Монголдардын орыс еліне және Батыс Еуропаға жорығы (1236-1242 жж.).



Батый хан

зельскіні алты күн бойы коршап, қорғанды арнайы машинамен киратып кірді. Козельскіліктер қасық қаны қалғанша айқасып, монғолдың 4 мың әскерін өлтірді, өздері де бірі қалмай қаза болды. Археологиялық қазбалар қаланы қорғауға ерлермен бірге әйелдер мен балалардың да қатысқанын көрсетеді. Козельскіні Батый «ашулы қала» деп атады.

**Екінші жорық** – оңтүстік орыс князьдіктерін талқандау және монғол-түріктердің Орталық Еуропаға жорығы.

Өз күштерін қайта қалпына келтіру үшін монғол-түріктер екі жыл бойы Еділ бойында аялдады. Тек 1239 ж. қысында монғолдар оңтүстік орыс князьдіктеріне жорық бастады.


Олар қыпшақ даласы арқылы, алдымен Чернигов қаласына келіп, оны басып алды да, өртеп жіберді. Киевке барлаушы жасақ жіберілді. Олар қаланың жанына келіп, Днепр жағасына жайғасты. Осыған қарамастан, Киев князьдері өзара қырқысын жалғастыра берді. Монғолдың негізгі күші келіп жеткенде, князьдар өз жасақтарымен қашып кетті. Қорғанысты мыңбасы Дмитрий басқарды. Қалалық полк жергілікті халықпен бірлесе отырып, тегеурінді қарсылық көрсетті, алайда монғолдардың саны жағынан көптігі және техникалық артықшылығы әсерін тигізді. 1240 ж. Киев құлады. Батыс Еуропаға жол ашылды. Бірақ бұл табыс аса қымбатқа түсті.

1241 ж. қаңтарда Батый өз әскерін үш отрядқа бөліп, Орталық Еуропаға жылжыды.

Бірінші отряд Польшаға, екіншісі Силезияға және Моравияға, үшіншісі Трансильвания арқылы Венгрияға аттанды.

Бірінші екі отряд 1241 ж. 18 наурызда поляктарды талқандап, Силезияға басып кірді. Лигнец түбінде екі жасақ бірігіп, неміс және поляк феодалдарынан біріккен Тевтон орденінің жиырма мыңдық әскерін талқандады. 1241 ж. сәуірдің 9-ында неміс және поляк рыцарларының біріккен әскерін монғол жеңіп атты әскері талқандап шықты.

Осыдан соң монғол-түріктер Моравияға басып кірді. Маусымның 24-інде Богем королі мен бояр Ярославтың



1241 ж. наурыз айында Сайо өзеніндегі венгрлер мен монғол-түріктердің арасында болған ұрыс.

біріккен әскері монғолдарға тұтқиылдан күшті соққы берді. Бұл монғол-түріктердің батыс Еуропадағы алғашқы үлкен қарсылық көруі еді. Келесі бір үлкен қарсылық оларға Чехияда кездесті. Чех королі Австрия герцогымен бірлесе отырып, монғолдарға соққы беріп, шайқасты тоқтатты, олар өздерінің негізгі күштеріне қарай шегінуге мәжбүр болды.

1241 ж. 12 наурызда Батый қолбасшылығымен венгр жасағы талқандалып, Карпат тауынан өтті. Венгер королі өзінің негізгі күшін Пешт түбінде жасақтады. Маусымның аяғында Венгрияға Сүбедей басқарған екінші жасақ жасап басып кірді. Пешт түбінде венгрлер, кroatтар, австриялықтар, француздар және Еуропадағы басқа да феодалдықтардың өкілдері жиналды. Олар заморка жиналып, монғолдарға соққы беруге шешім қабылдады. Бұларды ақсүйек рыцарьлар мен дінбасылар қолдады.

Көп ұзамай-ақ Пешт түбіне монғолдың Батый басқарған негізгі күші келіп жетті. Олар 2 ай тұрды да, шабуыл жасауға батылы бармай, кейін шегінді. 6 күн бойы венгерлер мен оның одақтастары жауды қуып жете алмады. 7-күні түнде

куып жетіп, Сайо өзені бойындағы төбелермен қоршалаған жазықта, монғолдардан небары 5-6 миль қашықтықта орналасып, өзеннен өтер көпірге күзет қойды.

#### **Ұрыстың алғашқы кезеңі.**

Түнде монғолдар мен түріктер шабуылға шықты. Олар көпірді күзетіп тұрған алдыңғы жасақты шегеріп тастап, негізгі күшті басқа жақтан өткізді. Таңертең одақтастар монғолдың атты әскеріне шабуыл жасады. Бірақ рыцарьлардың шабуылын садақшылар мен тас ататын машиналар тоқтатты. Рыцарьлардың 2-шабуылы өздерінің түбіне жетті. Монғолдар өтірік шегініп, қоршап алды, рыцарьлар әскерін құртып жіберді.

**Ұрыстың екінші кезеңі** – одақтастар әскерінің шегінуі және оларды монғолдардың қууы.

Монғолдар төбелерге орналасып алып, рыцарьларды садақпен, тас ататын машинамен атқылады. Одақтастардың әскері Дунайға қарай шегіне бастады. Осыны пайдаланған монғолдар жаппай шабуылға шықты. Олар шегінгендерді оң және сол қанаттан бірдей шабуылдай отырып, шағын бөлшектерге бөліп алып, талқандай берді. Алты күннің ішінде одақтастар толық талқандалды. Монғолдар Пешт қаласына басып кірді.

Сүбедей мен Қадан басқарған жасақ Венгрия қалаларын түгел алып, Далмация, Славония, Сербия арқылы жүріп өтті де, 1242 ж. Дунайдың жағасында негізгі күшпен қосылды. Сөйтіп, Қара теңіз жағалауы арқылы Волгаға (Еділге) қайтып келді. Волганың бойында монғол-түріктер Алтын Орда мемлекетін құрды. Олар өздері бағындырған елдерді ауыр алым-салық төлеуге мәжбүр етті, өздері Еділ мен Днепр өзендері жағалауындағы далаларда көшіп жүрді: «Ресей мен Польшаны бағындырғаннан кейін, – деп жазады Ф.Энгельс, – олар (монғол-татарлар) 1241 жылы Силезияда біріккен поляк-неміс армиясымен кездесті. Ұзақ шайқастан кейін азияттар темір сауыт киінген рыцарьларды талқандады, бірақ бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Көшпенділердің күші әлсіреді. Монғолдар алдыға жылжыған жоқ, керісінше кері кетті»<sup>1</sup>.

Қайсыбір тарихшылардың айтуынша, Батыйдың Венгриядан қайтуы Оқтай (Үкідей) ханның дүниеден өтуіне байланысты болды деп есептелінді. Негізгі себеп монғол армиясының саяси-стратегиялық күшінің сарқылуы болды.

<sup>1</sup>К Маркс, Ф.Энгельс, Шығ. XI том II 445-бет.

Монғол-түрік күшінің негізгі көзі болған рулық қоғамның сақталуы еді. Әскери жағдайда – жеңіл атты әскердің артықшылығы.

Алайда түрік-монғол әскерлерінің негізгі қарсыластарының ауыз бірлігі күшті болмады.

## **§7. МОНҒОЛ-ТҮРІК ӘСКЕРІНІҢ ТАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН КОМАНДАЛЫҚ ҚҰРАМЫ**

Монғол-түріктердің әскери ұйымдарының құрылымын зерттеу, олардың әскери саясаты мен соғыс жүргізу ерекшеліктері әрі жеңіл атты әскерді жаппай шайқаста пайдалануы ғылыми қызығушылық туғызады. Монғол-түріктердің әскери өнері тарихын кірістірмейінше, әскери өнер тарихын толық зерттеу жеткіліксіз болады.

Стратегиялық формалардың өзіндік ерекшеліктері болды және ол әр түрлі болды. Олардың ішіндегі ең негізгілері: жалтарып кету, яғни былайша айтқанда, қорғанысы мықты жерлерді айналып өту, стратегиялық басшылыққа ие болу, стратегиялық бұзып-жару, өлкелерді жеке-жеке бөліп жаулап алу (Повольже, Солтүстік Шығыс Русь, Оңтүстік-Батыс Русь, Орталық Еуропа, оның ішіндегі жеке-жеке аудандар: Рязань князьдігі, Владимир князьдігі т.с.с.), жаудың бір жақ қанатына және барлық жағынан бірдей шабуылдау, әдейі шегіне отырып, қарсы шабуылға шығу, жауды толық талқандағанша артынан кудалау.

Монғол-түріктердің негізгі стратегиялық іс-қимылы негізгі шайқастардан жалтарып кетуі болып табылады.

Монғол-түрік әскерлерінің тактикасында өзіне ғана тән көптеген ерекшеліктері болды: жақсы ұйымдастырылған әскери барлау, өз әскерлерін тактикалық жағынан бөлу, маневрді дұрыс ұйымдастыру, шайқасты басқара білу.

Монғол-түріктер өздерінің бүкіл өмірін әскери қызметке арнады. Олар өте жақсы атты садақшылар болды. Шайқаста олар тас ататын машиналарды, түтіндеткіштерді қолданды. Күндізгі ұрыста белгі ретінде ысқыратын жебелерді, ал түнде түрлі түсті фонарларды пайдаланды. «Ақылға сыймастай шапшаң, табанды әрі үнсіз олар тек бұйрық арқылы ғана қимыл жасайтын сияқты», – деп жазды сол кезде өмір сүрген біреу.



Монғол-түріктер қолбасы іріктеуге де аса үлкен мән берді. Қолбасыны таңдағанда ең алдымен қойылатын талап: олардың шығу тегі, жасы, қызметі емес, жеке бас қасиеті, әскери бейімділігі, басқару қабілеті есепке алынып отырды. Сүбедей 25-ке толғанда, он мың әскерге басшылық жасады, өз өмірінде 82 шайқасты табысты өткізіп, 65-інде жеңіске жетті. Шыңғыс хан былай деді: «Алғырлар мен табандыларды әскер басқаратын бек қылдым, сенімділер мен ептілерді табыншы қылдым, табанды еместерді, жасықтарды мал бағуға жібердім...<sup>1</sup>»

«Әскербасылардың ішінде Есутайдан өткен батыр жоқ. Оның бойына біткен қасиет басқа бірде-бір қолбасыда жоқ. Ол ұзақ жорықтардан шаршамайды. Еш уақытта аштық пен шөлді сезінбейді. Алайда ол өз басқаруындағы жауынгерлерді де өзі сияқты деп ойлайды. Сондықтан ол үлкен әскерді басқаруға жарамайды. Қолбасы мұндай қиыншылықтарды жете түсініп, өз қол астындағыларының ауыртпашылыққа күйзелетінін сезіне алу керек. Сөйтіп өз адамдары мен малдарының күшін сақтай білуі қажет»<sup>2</sup>. Басшы өз қол астындағыларға қамқорлық жасауға және талап қоя білуге міндетті. Өз адамдарының өмірін пайдасыз тәуекелге байлауға еш қақысы жоқ. Батый Сүбедейді Буда түбіндегі шайқасқа кешігіп жеткендігі үшін кінәлады: «Сенің кінәннан мен Багадурдан және 23 жауынгерден айырылдым», – деді.

Қатал тәртіп тапсырманың уақытында орындалуын қамтамасыз етті. Әрбір жорық алдында байқау өткізіліп, сонда әрбір жауынгердің қару-жарағы, торсығы мен инесіне дейін тексерілді. Жорық кезінде артта келе жатқан салт атты жауынгер алдыңғы бөлімдегілерден түсіп қалған затты алуға ерінсе, өлім жазасына кесіледі. Ұрыс кезінде жолдасына көмектеспеген кінәлі де өлім жазасына кесіледі.

Әскери барлау монғол-түрік басшылығына толықтай мәлімдеме беріп, сол арқылы әскери шараның түрі белгіленді.

Егер Батыс Еуропа рыцарлары, негізінен, қолма-қол шайқасатын болса, ал монғол-түріктерде атылатын қару ана-ғұрлым жақсы дамыды. Монғолдар садақпен өте жақсы атағын. Олар жебемен ұшып бара жатқан құсты атып түсіретін.

Монғол-түріктердің әскери тәртібі майданды тоғыз қатарға дейін бөлшектей құрды. Күшті орналастыруда орта-

<sup>1</sup>Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов, Л, 1934, с. 95.

<sup>2</sup>Иваннин. О военном искусстве и завоеваниях монголо-татар, СПб, 1875, с. 317.

лыққа қарағанда екі қанаттың мықты болуы ескерілді, бұл қарсыластарын қоршап алуға мүмкіндік берді. Әскердің негізгі бөлігі өте шапшаң қимылдады. Шайқас даласына үнемі қатар сайын қосымша күш жіберіліп тұрды.

Егер монғол-түріктер тегеурінді қарсыласқа кездесетін болса, онда олар әрі қарай шайқасудан бас тартып, басқа бағытқа бұрылды немесе жаңадан шабуылға шығуға дайындалу үшін қайтып кетті. Орталық Еділге, Новгородқа, Батыс Еуропаға жорық кезінде дәл осылай болды. Монғол-түрік атты әскерінің тез қимылы олардың жаудан құтылуына және ешқандай шығынсыз шегініп кетуіне мүмкіндік туғызады. Сондықтан монғол жасағының шабулы қырғын соғыссыз, ал соғыстары шығынсыз өтумен сипатталады. Монғол-түрік жылқыларының аласалығы мен осалдықтары оларды қолма-қол шайқаста әлсіз етті. Монғол-түрік қатты қарсыласқа тап болғанда, жауларын тас ататын машинаның көмегімен жойды. Кейбір орыстың әскери тарихшылары Монғол-түрік әскери өнерін әсірелеп көрсетіп, ол орыстың әскери өнерінің дамуында шешуші рөл атқарды деп есептейді. Бұл XIV–XVI ғғ. орыс мемлекетінің соғыс жүргізу әдістері мен қарулы күшінің дамуы тұрғысынан алғанда толық шындыққа сай келеді. Дегенмен, орыс әскерінің стратегиясы мен тактикасы, оның ішінде ұрыс жүргізу тәртібінің ұлттық ерекшелігі болды, оны орыс әскери өнерінің даму тарихынан іздестіру қажет. Орыс әскери күшінің құрамы мен құрылымы ерекше саяси және қоғамдық ерекшелікте қалыптасты. Славяндардың қарулы күштерінің стратегиялық ерекшелігі—шауып алу және соғыста стратегиялық инициативаны өз қолдарында ұстау. Солтүстік-Батыс орыс жерінің тылында монғол-түрік жасағының тұрғанына қарамастан, олардың аса күшті неміс-швед феодалдарымен соғысуына тура келді. Александр Невский монғол-түріктермен келісім жасау саясатын ұстанды, сонымен қоса, орыс әскерінің солтүстік-батыс шекараларына стратегиялық қауіп төндірген швед және неміс феодал-рыцарьларын талқандады. Бұл орыстардың қорғаныс соғысындағы стратегиялық мақсатының шешілуі болатын.

Монғол-түріктердің негізгі мақсаты Азия мен Еуропа халықтарын өзіне бағындыру болатын. Олар қаптаған жеңіл атты әскерлерінің алдына ішкі саяси, тайпааралық және діни соғыстарда әлсіреген мемлекеттерді талқандау міндеттерін қойды және олардағы алауыздықтарды шебер пайдалана білді. Нәтижесінде Қытай, Орта Азия халықтары,

Шығыс Еуропа мен Кіші Азия бағындырылды. Монғол-түрік әскерлерінің стратегиялық ерекшеліктерін анықтауда мынаны есте ұстау керек. Олардың әскерінде қатынас жолдары қазіргі біздің ұғымымыздағыдай болған жоқ. Егер арабтар өздерінің оазистерінде азық-түлік қорларын ұстаса, монғол-түрік әскерлері өздерімен бірге көшіп жүрген малды тамақ етеді. Жауынгерлер өздеріне қажетті құралдарды – жебені, найзаны, т.б. өздері дайындап алады. Әйелдер мен балалар жауынгерлердің тамақтану мен тынығуына жағдай туғызды. Киіз үйлерді құруда және бууда арнайы міндеттер бөлініп берілді, әр киіз үйдегі әрбір отбасы мүшесі қатал тәртіппен әр нәрсені өз орнына қоя білді. Әйелдер мен балалар соғыс жағдайына қосымша әскери бөлімдер ретінде ұсталды және өз мүліктерімен тылды қорғап тұрды.

«Қатынас жолдары» монғол-түрік ұғымында – тылдан майданға қозғалу емес, монғол-түріктер шабуыл жасайтын ауданнан қарсыластарының ішкі тылына, яғни байлықты тонап, басқаны құлға айналдыру үшін аттану.

Ұрыс алаңында жаяу әскер мен атты әскер бірлесе қимылдады. Феодалдық бытыраңқылық кезінен бастап, монғол-түрік әскер жасақтарының тәртібі майдан мен оның ішіне қарай рет-ретімен бөлшектене орналастырылды. Әрбір әскери бөліктің тактикалық атауы болды. Ол негізгі бөлімнен, оң, сол қанаттан және күзетші полктен тұрды. Ұрысты күзетші полк бастады. Екі жақ қанат мықты жауынгерлерден іріктеліп алынды да, орталыққа қарағанда күштірек болды. Ол жауды қоршауға алуға мүмкіндік берді. Қоршауды бұзып шыққандардың артынан қуғын ұйымдастырылды. Қуғын жауды толық талқандағанға дейін созылды.

## **§8. ТЕМІРЛАН АРМИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ СОҒЫС ӨНЕРІ. МОНҒОЛ-ТҮРІК МЕМЛЕКЕТІНІҢ БЫДЫРАУЫ**

Барлық империя сияқты, монғол империясы да тұрақты болған жоқ. Шыңғыс хан дүниеден өткеннен кейін ол төрт хандыққа бөлініп кетті:

I. Шыңғыс хандығы (Қытай, Манчжурия, Үндістанның бір бөлігі мен Монғолия).

II. Жошы-Шағатай ордасы (Ертістің жоғарғы бөлігі мен Обь өзені және бүкіл Қазақстан мен Орта Азия).

III. Алтын Орда (Түркістанның солтүстік бөлігі, оңтүстік Ресейден төменгі Дунайға дейін).

#### IV. Парсы хандығы (Ауғанстан, персия, т.с.с.)

Шыңғыс хан ұлыстарды өзінің балалары мен жақын туыстарына үлестірді. Ұлыс басшыларының көптеген міндеттері болды, соның ішінде ең бастысы – әскери қызмет атқару. Ұлыс басшылары бұйрық алысымен, өз әскерімен келіп жетуге тиіс болды. Ұлыс көлемі үй саны мен жауынгер санына байланысты айқындалды. Әрбір ұлыс басшысы өз руымен ханға ант беріп тұрды. Әскербасыларды өзіне тәуелді ету үшін, олардың қызметін де мұраға қалдыратын қылып, әр ұлысқа бөліп берді де, оларды ноян деп атады. Нояндар ұлы басшы – ханға бағынды. Хан тек «ақсүйектер» арасынан, яғни Шыңғыс ханның тұқымынан сайланды. Өз иелігіне басшылық жасау үшін әр ноян өз ханынан жарлық (грамота) алды.

Әр хан немесе ханзада нояннан билікті тартып ала алатын, бірақ ноянның басқа ұлысқа кетіп қалуға еркі болмайтын. Мұның өзі феодалдық қатынастың дамуын көрсетті.

Барлық монғолдар мен түріктер нояндар мен ақсүйектердің иелігінде болды. Нояндар тек қана халықты басқарумен шектелмейді, белгілі бір жерге иелік етті. Дегенмен, ноян өзінің қол астындағы барлық малдың иесі емес еді.

Әрбір көшпенді монғол-түріктің өзінің жеке мал-мүлкі болды. Осылайша монғол-түріктерде феодалдық қатынас дамып, вассалдық тәртіп орнады.



Темірлан

Шыңғыс хан мен оның мұрагерлерінің жүргізген шараларының бәрі хандық билікті нығайтуға бағытталды. Шындығында, Еуропадағы сияқты бұл шаралар кері нәтиже берді. Әрбір ноян вассалдық тәуелділіктен құтылуға тырысты. Сөйтіп, нояндар ханға бағынудан бас тарта бастады, мұның өзі монғол-түрік мемлекетінің ыдырауына жол ашты.

Феодалдардың өзара бітіспейтін соғысы монғол мемлекетін қатты әлсіретіп жіберді. Кейбір нояндар мен әмірлер осы алауыздықты

тізгіндеп, монғол-түрік мемлекетін уақытша болса да қайта күшейтті. Сондай әмірлердің бірі – Темірлан (1333–1405).

Темірлан (Әмір Темір, қазақтар Ақсақ Темір деп те атайды) Бұхараның оңтүстік-батысындағы Кеш қаласында дүниеге келді. Оның әкесі кішігірім ұлысты басқарды. Бала кезінен бастап Темірланның дене бітімі еркеше болды. Әскери жаттығулардан өткеннен кейін, ол 12 жасынан бастап, әкесімен бірге жорықтарға қатыса бастады, осылайша жасынан-ақ қатал әскери мектептен өтті және тәжірибелі жауынгер болды. Бұған қоса ол мұсылман дінін қатты ұстады.

1359 ж. Шыңғыс хан ұрпағы Тоғұлқ хан Орта Азияны жаулап алды. Шыңғыс ханның кейбір ұрпақтары Ауғанстанға қашты, қалғандары Тоғұлыққа бағынды. Оның ішінде Темірлан да болды. Пара мен мол сыйлық ұсынудың арқасында, ол өзінің және өз одақтарының иеліктерін сақтап қалды. Көп ұзамай ол Тоғұлықтың көзіне түсіп, түменбасы дәрежесіне дейін көтерілді.

Өзбектерге қарсы соғысқан кезден бастап, Тоғұлық Темірланды өлтіруге бұйрық берді.

Бұл бұйрық Темірланның өз қолына түсіп, ол 60 жауынгер ертіп, Әмудария бойындағы Бадахшан тауына барып тығылды. Ол жерден бұған тағы бірнеше ондаған адам қосылды. Темірланға қарсы мың жауынгер жіберілді. Қатты қақтығыстан кейін, жіберілгендер талқандалып, тірі қалған елу адам тапсырманы орындай алмай, кейін қайтты.

Темірлан өзбектермен соғысу үшін қызу дайындық бастады. Ол түркмендерді өзбектерге қарсы үгіттеді. 1369 ж. Самарханда халық көтерілісі болды. Темірлан қаланы басып алып, көтерілісшілерді талқандады да, өзбектерге қарсы соғыс бастады. Өзбектерді Тоғұлықтың баласы басқарды. Оның жүз мыңдай әскері болды да, 80 мыңы қамалдарда тұрды. Темірланның жасағында бар-жоғы 2 мыңдай адам болды. Өзбектердің күші бірікпегенін пайдаланып, Темірлан оларға бірнеше рет соққы берді. 1370 жылға қарай өзбектер Сырдарияның ар жағына қарай шегінді. Темірлан Тоғұлықтың ұлының атынан қамал басшыларына қамалдарын тастап, Сырдарияға шегінуге бұйрық берді. Осы кулықтың арқасында барлық қамалдар босатылды.

Темірлан өзін өзбектердің құтқарушысы етіп көрсетуге тырысты. Сөйтіп, 1370 ж. құрылтай шақырылып, онда бай және ақсүйек монғолдар Шыңғыс ханның тұқымы Қобыл-Шах Оғланды хан етіп сайлады. Көп ұзамай Темірлан бұл




Темірланның атты әскері

ханды өлтіріп, өзін әмірші деп жариялады, Самархан қаласын өзіне астана қылды. Содан кейін бірнеше әлсіз мемлекеттер жаулап алынды. Темірлан әскери басшылықта Шыңғыс хан мен түріктердің әскери тәжірибесін пайдаланды (**2-құжатты қараңыз: 68–71-беттер**).

Өзінің Түркістанға таласуы кезінде үнемі қасында болған 313 адамның ішінен ол 100 адамды онбасы, 100 адамды жүзбасы және 100 адамды мыңбасы етіп бекітті. Қалған 13 адам жоғарғы қызметке ие болды. Басшы таңдауға үлкен мән берілді. «Таяқ пен камшыдан билігі осал басшы басшы емес», – деді ол. Онбасылар ондықтың ішінен іріктелді. Ал жүзбасылар, мыңбасылар және одан жоғары басшылар жоғарыдан тағайындалды.

Темірлан әскерлері белгілі бір мөлшерде жалақы алып отырды. Қатардағы жауынгер екіден төртке дейін жылқының құнын алды; онбасы өзінің одағының жалақысын алды (сондықтан ол өз жауынгерлерінің көп табыс табуына мүдделі болды); жүзбасы алты онбасының жалақысын және т.с.с. Бір ескертуден кейін жалақының оннан бірі кесілді. Батыр, ер жүрек жауынгерлер үшін көтермелеу шаралары коданылды: мадақтау, жалақыны көтеру, сыйлықпен марапаттау, атақ-дәрежесін жоғарылату, жасақ туын сеніп тапсыру.

Қатардағы атты жауынгерлер мынадай қарумен қаруланды: садақ, 18-20 жебе, он жебенің ұшы, балта, ара, біз, ине, арқан, су, айран құйылған торсық және өзінің жеке аты.



XIVғ. аяғында түрік-монғол жауынгерлерінің ұрыс жүргізу әдісі.

19 жауынгерге бір шатыр бөлінді. Бұл – жеңіл қаруланған атты әскер. Бұған қоса ауыр қаруланған атты әскер болды. Ондағы жауынгерлер шлем (бас киім), сауыт киді, семсер және садақпен қаруланды. Екі аты болды. Бес адамға бір шатыр бөлінді.

Бұларда жеңіл жаяу әскердің семсері, садағы, отыз жебесі болды. Жеңіл қаруланған жаяу әскер бір жерді қорғау үшін және қорғанды алу үшін пайдаланылатын болды. Бұдан басқа Темірлан тауда шайқасу үшін арнайы жаяу әскер ұстады (таулық жаяу әскер).

Түріктер сол кездегі ең жаңа техниканы пайдаланды. Ол әскер басқаруды қиындатты, әрі әскер басылардан шеберлікті талап етті. Түрік әскерінде қамал бұзатын техниканы «грек отын» пайдалана алатын арнайы мамандар болды.

Жауынгерлер тәртіпті ұйым мен арнайы қатарда тұруды меңгерді. Әр жауынгер ондықтағы, ондық жүздіктегі өз орнын жақсы білді, тағы сол секілді. Әскери бөлімдер қатармен жүруді жақсы игерді және әр бөлімнің киімінде, қару-жарағында, туында айырмашылықтар, яғни өзіне тән түс, белгілер болды.

Кейбір жасақтар жылқылары арқылы ерекшеленді. Шыңғыс ханның жорық алдында жауынгерлер дайындығын тексеруден өткізу әдісін Темірлан бұлжытпай жүргізіп

отырды. Әскерлер орналасқан лагерьге күзет қойылды. Күзетші бөлім 3–4 шақырым жерде орналасқан. Онда арнайы постылар қойылып, сақшылар тұратын болды.

Шайқас үшін үлкен, тегіс алаң таңдалып алынды. Шыжыған ыстыққа ұрынып, күн көзіне қақтыкпау үшін бұл алаңның маңайында су, жайылым шөбі мол жері болуына мән берілді. Орталыққа қарағанда екі жақ канаттағы әскердің мықты болуы қадағаланды. Бұл жауды қоршау үшін қажет болды. Темірлан шешуші соққы беру үшін аса мықты қосымша әскер ұстады.

Алдымен жеңіл қаруланған жаяу әскерлер жауға жебе мен тас жаудырды. Содан кейін шабуыл басталды. Жау әскері әлсіреген кезде қосымша әскер іске кірісті. «Оныншы шабуыл жеңіске жеткізеді», – дейтін Темірлан. XIV ғ. аяғында түрік әскерінде атты әскердің стратегиялық және тактикалық ұйымдасуы жоғары дәрежеде болды. Бұл кезде әлі окпен атылатын қару шыққан жоқ болатын. Тұрақты әскер жауынгерлері көптеген қасиеттерді меңгерді: соғысты ұйымдастыра білді, әскери қатармен жүру, техниканы тиімді уақытта пайдалана білу, қару-жарактың бірыңғай болуы, т.с.с. Әр түрлі әскери бөлімдердің бірыңғай қарулануы және бірыңғай атқа мінуі тек сырттай ғана әдемі көрініп қойған жоқ, басқаруда да жеңілдік туғызды. Темірлан өзінің балаларына саясат пен соғыс ісін жете білуді мұра етіп қалдырды.

## **§9. ТЕМІРЛАН КЕЗІНДЕГІ ӘСКЕРИ ӨНЕРДІҢ ДАМУЫ**

XIV ғ. түріктер, негізінен, Азияны жаулап алу саясатын жүргізді. 1371 жылы самархандықтар Темірланның басшылығымен өзбектерге соққы берді. 1376 жылы ол Шыңғыс ханның ұрпағы Тоқтамыстың қыпшақтарға хан болуына қолдау көрсетті.

1378 жылы Темірланды жақтаушылар Хорезмге қайта басып кіріп, оны жаулап алды. Одан кейін Ауғанстан басып алынды және Персия мен Кавказға шабуыл басталды. Содан соң Дербент-Тбилиси-Эрзерум бағытында шабуыл жасап, Грузияны басып алды. Грузин патшасы қолға түсті.

Грузиндердің Вардзия камалы Темірлан әскеріне қатты қарсылық көрсетті. Қамалға тек үңгірде орналасқан арнайы есік арқылы ғана еруге болатын. Қамалды қорғаушылар үңгірге түскен жауларын жебе, тас, ыстық смоланың астына



алды. Қамал жер асты жолдары арқылы Тмовги, Накалакеви, Ванис, Кваби камалдарымен байланысып жатты. Монғолдар бұл қамалды көрші таудан ұзын арқандар арқылы түсірілген қамал ұрғыш дөңбектердің күшімен алды. Темірлан әскерінде шабуылға инженерлік дайындық жақсы жолға қойылды.

Темірлан басып алынған елдерден жүз елу мыңға жуық қолөнерші шеберді өз астанасы Самарханға алып келді, оның бұйрығы бойынша, қалада және қаланың сыртында көптеген әсем сарайлар салынды. Сарайларда Темірланның жеңісті жорықтары бейнеленді.

Темірлан Персиямен соғысып жатқан кезде оның иелігіне Алтын Орда ханы Тоқтамыс шабуыл жасады. Темірлан Самархандқа қайтып келді де, Тоқтамыспен соғысуға мұқият дайындалды. Ол үшін екі жарым мың шақырым даламен жүру керек болатын.

1389 жылы Темірланның әскері Балқаш көлінің маңайына шабуыл жасады, ал 1391 жылы Тоқтамысқа қарсы жорық жасады. Тоқтамыс әскері Самара түбінде ауыр жеңіліске ұшырады.


1392–1398 жылдар аралығында Персия мен Кавказды жаулап алу жалғастырылды. 1395 жылы Алтын Орда екінші рет талқандалды, сөйтіп, орыстардың тәуелсіз мемлекет құруына көмектесті.

1398–1399 жылдары Темірлан Үндістанға басып кірді. Соғыс Ганга өзенінің бойында жүргізілді. Монғол-түріктердің атты әскері өзендегі 48 үнді кемесімен шайқаста жеңді.

1399 жылы Темірлан Батысқа қарай үлкен жорыққа дайындалды. Ең алдымен олар Түркияны бағындыруға тырысты. Түркия бұл кезде феодалдық алауыздықтан, шаруалар көтерілісінен, мұнымен қоса батыс Еуропа феодалдарымен соғыстан қатты әлсіреп тұрды. Темірлан осыны пайдаланып қалуды ойлады.

Түрік сұлтанының қол астына бұл кезде Кіші Азия мен Балқан түбегі бағынатын. Түріктердің әскері әр түрлі тайпалар мен халықтардан (түрік, татар жалдамалары, сербтер, тағы басқалары) тұрды. Бұл мол әскер еді, бірақ олардың соғысқа дайындығы нашар болатын.

Темірлан алғашында Баязитпен хат арқылы достық байланысты орнатты. Өзі бұл кезде Грузияны, Сирияны, Месопотомияны басып алды да, тылын күшейтті. 1402 жылы Темірлан 300 мың әскер жинады. Алайда бұл цифр аса ұлғайтылып көрсетілген.



Монгольдын Тимурлан колбашылыгымен жасаган жорыктары (XIV ғ. соңы мен XV ғ. басы).

### **Соғысқа дайындықтың бірінші кезеңі.**

1402 жылы мамырда Темірлан әскері жорыққа шықты. Олар алдымен Кемак қаласын алды, одан кейін Сивас бағытында жылжыды. Осы жерде оған Баязит елшілері келіп жетті де, елшілерге ол өз елінің әскерлерінің санын және соғыс өнерін көрсетті.

Бұл байқау елшілерге және солар арқылы әр түрлі тайпалардан құралған түрік әскерлеріне қатты әсер қалдырды.

Сивастан Темірлан жаудың күшін байқап келу үшін Қызыл Ирмак өзені арқылы барлау жіберді. Барлаушылар Анкараның солтүстік жағында түрік әскерлерінің жиналып тұрғанын мәлімдеді.

### **Соғысқа дайындықтың екінші кезеңі.**

Түрік әскерлерін Египет, Сирия, Бағдаттан бөліп тастау үшін және түрік жасағын таулы-орманды алқаптардан шығару үшін Темірлан Кесарияға, одан Анкараға жылжыды.

Кишериге келгенде Темірлан бір мың адамдық атты жасақты тағы да барлауға жіберді. Содан соң түріктердің астанасы Анкараны қоршап, оларды жазық далаға шығуға мәжбүр етті. Енді Темірлан Анкараны қоршауды тоқтатып, біраз жер жүрді де, майдан шебін қайта құра бастады.

Темірлан түрік әскерлерінің көптен бері жалақы алмағанына байланысты Баязитке наразы екенін естіді. Ол өзінің адамдарын жіберіп, егер оның жағына шықса жалақымен қамтамасыз ететінін мәлімдеді.

### **Соғысқа дайындықтың үшінші кезеңі.**

Шығыс деректерінде Темірланда 250–300 мың адам және 32 соғыс пілі бар еді деп көрсетілген, ал түріктерде 120–200 мың адам болды делінген. Бұл цифр да әсіреленіп берілген, дегенмен Темірланның өз қарсыластарынан сан жағынан екі есе басым екені көрініп тұр.

Баязит өз әскерін таудың етегіне орналастырды. Орталығы күшті, екі қанаты әлсіз болды. Темірланда, керісінше, екі жақ қанаты күшті болды, әрі қосымша отыз мың таңдаулы әскері болды.

### **Шайқастың бірінші кезеңі.**

Шайқасты Темірланның жеңіл салт аттылары бастады, бірақ оң қанаттағы сербтер қатты қарсылық көрсетті. Сол қанатта 18 мың жалдамалы түрік әскері Темірлан жағына шығып кетті де, Темірлан әскері сербтерді орталықтан бөліп тастауға тырысты. Дегенмен сербтер қоршауды бұзып өтіп, негізгі күш янычарларға барып қосылды.

### **Шайқастың екінші кезеңі.**

Темірлан қосымша әскерді шабуылға шығарды. Олар түріктердің негізгі күшін қоршап алды. Баязиттің ұлы Сүлеймен бастаған сербтер батысқа қарай шегінді. Темірлан әскері янычарларды айналып өтіп, қоршауға алды да, оңай құртып жіберді.

### **Шайқастың үшінші кезеңі.**

Түрік әскерінің қалғанын құрту үшін Темірлан 30 мың адам бөлді. Оның 4 мыңы бес күн бойы түріктердің соңынан түсті. Ақырында Сүлеймен шағын қолмен Брюссеге келіп жетті де, кемеге отырып, жағадан алыстап кетті.


Баязиттің әскерін талқандағаннан кейін, Темірлан Смирн қаласын басып алды да, талан-таражға салды. Сонан соң Грузияға қайтып оралып, оны тағы да шапқыншылыққа ұшыратты. Содан соң Самарханға қайтып келді. Осы жерде 70 жасар Темірлан Қытаймен соғысқа дайындала бастады, бірақ дайындақ бігер кезінде, 1405 жылы кенеттен қайтыс болды.

Түріктермен соғыста Темірлан әскері өздерінің тылын қорғауды қамтамасыз еткен және түріктерді қоршап алған мықты база құра білді. Темірлан жау әскерін және жер жағдайын барлау арқылы зерттеп алды, алдына нақты мақсат қойып, жоспар жасады, шабуыл тізгінін өз қолына алып, жаудың тылын құртып жіберді. Түрік әскеріндегі әр түрлі тайпалардың наразылықтарын пайдаланып, оларды аса қиын жағдайда шайқасуға мәжбүр етті.

Қорыта келгенде, монғол-түрік әскерлері соғысты, негізінен, жеңіл атты әскерлер арқылы жүргізді. Олар бір орталыққа бағынған, тәртібі өте қатал, бұйрықты бұлжытпай орындайтын, жоғары беделді әскери билікке ие болды.

Темірлан әскерлерінің күші негізінен олардың рулық және тайпалық қатынастарында жатыр, бұл қатынастар ішкі бытыраңқылыққа ұшыраған басқа елдерге қарағанда үлкен артықшылыққа ие болды. (Орта Азиядағы діни және тайпалық қақтығыстар, Еуропадағы феодалдық бытыраңқылық). Саяси және әскери феодалдық бытыраңқылыққа бір орталыққа бағынған Темірлан мемлекеті қарсы тұрды. Бұл бытыраңқылық Темірланның оларға қарсы күресте ірі жеңістерге жетуіне себепші болды.

Темірлан мемлекеті арабтар сияқты, ғылым мен техниканың жетістіктерін кеңінен пайдаланды. Олар қытайлардан тек техника алып қана қойған жоқ, оқ-дәріні үйренді, бұған



1402 жылы Анкара тұсында болған шайқас.

қоса әскери ғылымын да меңгерді. Темірланның өз қарсыластарынан ең басты артықшылығы – олардың жеңіл атты әскерінің шапшаң қимылында.

Темірлан қолбасшыларының саясаты ең алдымен қарсыластарының ішкі қайшылықтарына қарсы бағытталды, халық пен үкімет арасында келіспеушілік қарсыластарының қорғаныс күшін әлсіретіп жіберді.

## 2 - қ ұ ж а т. ӘМІР ТЕМІР. БИЛІК ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ.

Дүниені дүр сілкіндірген жағангер, атакты қолбасшы Әмір Темірдің өмірге келгеніне 660 жыл. Бұл мереке ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. Осыған орай әйгілі жағангердің ел және әскер басқару ісін заңмен, қағидамен қалай бекіткені, қандай құрамға бөлінгені жөніндегі өз атымен жазылып қалған ойларын назарларыңызға ұсынып отырмыз. Әйгілі қолбасшының билік және оның құрамы туралы айтқан ойларының бүгінгі күндері де өзінің құнын түсірмегенін еріксіз мойындауға болады.

«Ел басқару ісін заңмен, қағидалармен растап, салтанат-сарайымды одан сайын әрлендіре, көріктендіре түстім. Билік-

ті он екі құрамға бөліп, соларға сүйене отырып, іс атқардым. Заң, қарар-қағидаларды осы он екі құрамға орайлас етіп құрдым. Бұл он екі ай, ел басқару аясының он екі ұстын-тірегі деп есептедім.

*Бірінші құрам* – пайғамбар әулетінің адамдары, ғұлама, шайқылар, білімдарлар қауымы. Оларды мен ең жақыным деп есептедім. Олар менің сарайыма ылғи да келіп-кетіп, жиын-кеңесіме көмегімен қоса көрік беріп отырды. Діни, адами мәселелерді ортаға салып, құнды пікірлерін білдірді. Діни тағылымын, адалдық пен ыарамдықтың аужай-төркінін мен солардан үйрендім.

*Екінші құрам* – ақылды кісілер мен кеңесшілерді, жауапты қызметкерлерді, алдын-артын көріп, алыс-жақындықты сергектікпен сезуші кексе, іскер кісілерді мәжілісіме тартып, сыр-сұхбаттарынан нәр алып, нәп көріп, тәжірибе жинақтадым.

*Үшінші құрам* – аузы дуалы, батағөй кісілерді қадір тұттым. Оларды оңаша сұхбатыма шақырып, алға қойған арман, мақсатымды айтып, олардан ақ тілеу, алғыс, аманат алдым. Мәжілістерде, көңілді сауық-сайрандарда, ұрыскеріс, арасат алаңында, қантөгіс майданда олардан көп-көп көмек таптым, пайда көрдім. Ұрыс-соғыс кезінде олардың дуалары дарып, жеңіске жеттім, жаудан басым түстім.

*Төртінші құрам* – әмірлер, шекара қызметіндегілер мен әскер басылардың әрқайсысына мәжілісімнен лайықты орын беріп, мәртебелерін биіктеттім. Оларды ортақ әңгімеге тарта отырып, түрліше сауалдар бердім. Ұрыс кезінде көрсеткен ерліктерін еске алып, шын көңілдерімен берген ақыл-кеңестерін өз керегіме жараттым. Майданға ат қойдым, атой салып кіріп, шығу тәсілдерін, жау әскерінің қолтығын сөгіп, арасын бұзып кіріп, найза шаншып, садақатып, қылыштасуды, айқас-шайқастан басқа да бүкіл айла-амалдарын солардан сұраушы едім. Ерлік, қаһармандық жорықтарында оларға арқа сүйеп, қиын-қыстау кезеңдерде солардан кеңес күттім.

*Бесінші құрам* – лауазымды кісіге де, қара халыққа да бірдей қарадым. Ерлігімен еркеше танылған баһадүрлер мен жаужүрек, батырларға шоқ жұлдыздай жарқыраған отаға, кемер белдік, оқ толы қорамсақ сыйлап, мәртебелерін асырдым. Әр ел, әр мемлекеттің аузы дуалы ақсақалдарын, ұлықтарын қадірледім, оларға деген сый-сыяпатымды аямай, адал қызметтерін өзіме пайдаландым. Жауынгерлерімді қай кезде де ұрысқа сай әзірледім, жағдайларын жасап, айлық ақыларын сұраттырмай беріп тұрдым. Бір ғана мысал, Румға аттанар алдында бұрынғы және алдағы атқарар

қызметтері үшін әскерімнің азық-ауқаттарын алдын ала бергіздім. Лауазым иелері мен қарапайым халықтың арасын мүмкіндігінше тепе-тең жағдайда ұстап, біріншісінің екіншісіне үстемдік жасап, ірі сөз айтпауын, дөрекі іске бармауын қатаң түрде қадағалап отырдым. Әсіресе лауазымды кісілерді өз білік, дәрежелерінде шектеп, олардың өсіп, бөсіп кетпеуін назарыма алдым. Олардың мәртебелерін аса көтеріп те жібергем жоқ, тым төмен де құлдыратпадым. Қай-қайсысы бірер қызметімен көзге іліксе, алдына тарту-таралғы тартып, басқалардан айрықша құрмет көрсеттім. Қай-қайсысының ақыл-амалы, пайым-парасаты өзгелерден өзгешелеу окшауланып жатса, оны ерекше тәрбиеге алып, әмірлік дәрежеге әзірледім. Көрсеткен қызметіне сай мәртебесін өсіріп, лауазымын асырдым.

*Алтыншы құрам* – ақылды, тәжірибелі, ең сенімді кісілерді жаныма топтап, ел басқарудың сыры мен қырын олардан жасырмай, керісінше, кеңес сұраушы едім. Әмісе олармен сырлас, сұхбаттас болып, құпия мәселелерді, жасырын жайларды соларға жүктеп, соларға тапсырдым.

*Жетінші құрам* – уәзірлер, бас хатшы, тарихшы-шежірешілер тәж-тағымның, салтанат-сарайымның көркі де, ажары да бола білді. Оларды алыс-жақын мемлекеттерді, елдерді қалтықсыз бақылап, қапысыз танитын көз дүрбіме баладым. Бүкіл өңір-өлкелердегі үкімет істерін, күнделікті оқиғаларды, бұқара халықтың тұрмыс-күйін, хал-ахуалын маған күнбе-күн хабарлап отыратын да солар болды. Олар мемлекет қазынасын арттырып, қазына қарауына түскен ырыс пен құтты, байлық пен берекені шашау шығармай сақтап, әмірімнің артуы, мемлекетімнің гүлденуі үшін аянбай қызмет атқарды.

*Сегізінші құрам* – шипагерлер, тәуіптер, жұлдыз санаушылар, сән-салауат шеберлері және басқа да кәсіп пен несіп иелерінің қай-қайсысын да шетке қақпай, керісінше, айнала-төңірегіме топтастырдым. Шипагерлер мен тәуіптердің көмегімен ауруларды емдедім. Жұлдыз санаушылардан есеп, болжамдары бойынша, аспан әлемінің құтсыз күндерін, сәтсіз сағаттарды алдын ала біліп отырдым. Сән-сәулет шеберлерін санатыма тарту арқылы ғажайып ғимараттар салып, болашақ бағау-бостандардың сұлбасын сыздым, тұлғасын тұрғыздым.

*Тоғызыншы құрам* – зиялыларды, пайғамбарлар мен олардың әулеті, сахабалары хақында хикая, естелік жазушы тарихшылар мен шежірешілерді өз маңайыма ұстап, пай-

ғамбарлар мен әулиелердің өмірінен, бұрын-соңды өткен патшалар жайындағы деректерді, олардың қандай жағдайда таққа отырып, билік құрғанын, бастарынан бақ, астарынан тақ қалай тайғанын ерінбей-жалықпай сұрап, біліп отырдым. Әрқайсысының өмірі мен өнегесін, сөздері мен істерін естіп, жақсысынан ғибрат, жаманынан сабақ тандым. Әлемде болып жатқан оқиғаларды олар арқылы айнадан көргендей бақылап, шартараптан сәт сайын хабар алып тұрдым.

*Оныншы құрам* – майшайықтар, сопылар, тәңірімен тіл табысқан данагөйлер. Олармен ылғи да байланысымды үзбей, етене жақын сырластым, сұхбаттастым. Ақыл-кеңес, ақыреттік пайдаларын алдым. Олардың ділінен тәңірінің тілін танып, ғажайып кереметтерге кезіктім, өнегелі әдеттерін бойыма сіңірдім, бейілдерінен рахат тауып, әңгімелеріне ұйыдым.

*Он бірінші құрам* – өнер және мәдениет қайреткерлері. Бұлардың әрқайсысын ел-елден, шет-шалгайдан іздестіріп жүріп таптырып, мейлінше үздігі мен айрықша озықтарын сарайыма алдырып, орда ішінен орын сайладым. Жорықта да, орнықты өмірде де олар ләшкеріме керекті қару-жарақ, құрал-саймандарды дер кезінде әзірлеумен бірге, жеңісіме рух беріп, өрісіме құт тілеп отырды.

*Он екінші құрам* – әр ел, жердегі саяхатшылар мен мүсәпірлердің өмірлерін асырап, көңілдерін аулап отыруым арқылы, олар маған алыс-жақын аймақтардың бәрінен күнбе-күн жаңалық хабарлар жеткізіп тұрды. Әр елге, жерге саудагерлер мен керуенбасылар жіберіп, қай қиырда жүрмесін, олар Хутан, Чин Мачин (Қытай), Үндістан, Араб мемлекеттері, Мысыр, Шам, Рум, Жазайыр (Израиль), Франстан, Еуропа елдерін түгел шарлап, сауда-саттық пен қоса сауғасарқыттар үлестіріп, қайтарда қымбат бағалы асыл бұйым-киімдермен қоса, сол елдің ахуал-аужайын, ондағы жұрттың тұрмыс-тіршілігін алақандағыдай айтып беріп отырды»<sup>1</sup>.

---

<sup>1</sup>Тамерлан: Автобиография Тамерлана. Пер. с тюркского Н.Лыкотина, Ташкент. 1804.



## §10. МОНГОЛ-ТҮРІК ӘСКЕРІНІҢ БАРЛАУ ІСІ ЖӘНЕ ҚАРСЫЛАСТАРЫНА ІРІТКІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Қарсыластарын әлсірету үшін монғол-түріктер барлық мүмкіндіктерді пайдаланды. Ең алдымен олар сол елге өз тыңшыларын қаптатып жіберді және тыңшылыққа сатқын ақсүйектерді де пайдаланды. Тыңшылар сол елдің саяси, әскери, экономикалық жағдайы жөнінде өте көп мәліметтер жинап отырды. Өздерінің бүлдіргіш әрекеттері арқылы ел ішінде өзара соғыс туғызуға тырысты.

Тыңшылық әрекетінің негізгі бір мақсаты халық пен әскердің үкіметке назарылығын туғызу болды. Тыңшылар халық арасына кейбір шенеуніктер мен әскербасылардың, кейде бүкіл үкіметтің сатылып кеткені жөнінде өсек таратып отырды. Мысалы, Сун мемлекетінің жорық кезінде түрік-монғолдар осы мемлекеттің басшыларының сатылып кеткені жөнінде өсек таратып, бұған қоса бірнеше ірі әскербасыларды сатып алды, сөйтіп, алғашындағы өсек соңынан шындыққа айналды. Олар ірі әскербасыларды сатып алып, елдің қорғаныс қабілетін әлсіретті.

Монғол-түріктер қарсыластар әскері арасында өздерінің жеңілмейтіндіктері жөнінде сөз таратып, әскер арасында абыржушылық туғызды және қарсыласудың пайдасыз екендігі жөнінде әңгіме шығарды.

Монғол-түріктер қорқыту үшін, негізінен, мынадай әдіс қолданды. Қарсыластарына ультиматум қойылды, онда қарсылық көрсеткендердің бұдан бұрын аяусыз жазаланғандығын ескерте отырып, соғыспай бағынуды ұсынды. Талаптар, негізінен, мынадай болды: қорғаныс қамалдарын жою, жыл сайын салық төлеу, монғолдарға әскер беру және өз жері арқылы монғол әскерлерін өткізу. Бұл талаптар орындалмаған жағдайда, елшілер былай деп мәлімдеді: «Не болса, ол болсын, не болатынын біз білмейміз, бір Құдай ғана біледі». Ал талап орындалған жағдайда монғол-түріктер уәдесін орындады.

Одақтастар арасында келіспеушілік туғызу – монғол-түріктердің негізгі саясаты. Қыпшақтар (40 мыңдай адам) ешқандай соғыссыз оңтүстік орыс даласынан Венгрияға шегінді. Монғол-түріктер қыпшақтарға әдейі венгр короліне түрік тілінде жазылған хатты қолға түсіртті. Бұл қыпшақтар мен венгрлер арасында алауыздық туғызды, сөйтіп, екі жақ-

тың да қарсылық күші әлсіреді. Тағы бір шара – «бейбіт шабуыл». Оның бір мысалы – Баян бастаған монғол-түріктердің Сун мемлекетін бағындыруы. Бұл мемлекеттің аса үлкен жері және көп санды халқы болды. Баян халық пен үкімет арасын бөлу шарасын қарастырды.

Монғол-түріктер Сун мемлекетінің жеріне бірте-бірте, ақырындап қоныстана бастады. Баян «адам өлтіруге болмайды» деген бұйрық шығарды. Бұған қоса арнайы бөлінген отряд жергілікті халыққа ауыл шаруашылыққа көмектерін көрсетті (тұқым, азық-түлік, ақша). Мұның өзі монғол-түрік көшінің бейбіт екенін көрсетті. Бір ауданда жұқпалы ару шыққан кезде, Баян ол жаққа өз дәрігерлерін жіберді. Монғол-түрік тыңшылары халық арасында монғол-түріктердің бейбітшіл екенін, бірақ өз басшыларының қытайларды соғысуға арандатып отырғаны жөнінде өссек таратты. Егер қақтығыс болған жағдайда, Баян оның жауапкершілігін Сун үкіметіне артып, өлген әскербасыларды көміп, оларға сиынып отырды. Сөйтіп, 9 жыл ішінде қытайлар өздерінің монғол-түрікке қалай бағынғанын білмей қалды.

## IV тарау

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ СОҒЫС ӨНЕРІ, ӘСКЕРИ ЖОРЫҚТАРЫ. ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ӘСКЕРИ МІНДЕТ (1466–1718 ж.ж.)

### §1. «ҚАЗАҚ» АТАУЫНЫҢ ХАТҚА ТҮСУІ

Қазақ хандықтарының әскери жорықтары мен соғыс өнерін баяндауға кіріспес бұрын «қазақ» сөзінің шығуы мен қалыптасуына біраз тоқталып өткеніміз жөн болар деп есептейміз.

Қазақтың аты баяғыда хатқа түскен ежелгі халық екені жөнінде бізге бұлтартпас дерек ретінде нақты хабар жеткізген еңбек Х–ХІ ғасырларда өмір сүрген тәжік ақыны Фирдаусидің<sup>1</sup> «Шаһнама» дастаны.

«Шаһнама» мәліметін зерттеп, шындыққа әлемнің көзін ашқан ғалым – А. Вамбери<sup>2</sup>.

Ол 1885 жылы «Түрік халықтарының этнологиясы мен этнографиясы» атты неміс тілінде зерттеу жасап, «қазақ» атауы ІХ–Х ғасырларда болғанын әдеби, тарихи деректермен дәлелдеп берді. Онда былай делінген: «Қазақ, қазақ хандығы деген ел Көк теңіздің (Арал теңізі) солтүстігін мекендеп отырған күшті әрі көп санды жұрт екендігі айтылды. Қазақтар Тұранның кастасы Иранды қорқытпақ болды».

В.В.Вельяминов-Зернов жинаған мәліметтерде «1356 жылы қазақтар Мауераннаһрға шабуыл жасады» деген дерек

<sup>1</sup>Фирдауси Әбілкасым – шамамен 940 ж. туылған, парсы-тәжік халқының ұлы ақыны. Еңбектері Ирандағы Сасани әулетіне тән тарихи хроника жанрында жазылған. «Патшалар кітабы» («Хватай намак») негізіндегі мәліметтерге сүйеніп, Сасани әулетінің тарихи хроникасында жоқ ІІ Систан мен Рүстем жайлы үлкен аңыз-жырларды өзінің «Шаһнама» атты еңбегінде тыңнан қосады. Тарихи бөлімде Дари, Ескендір, тағы басқа тарихи тұлғалар сөз етіледі. Осы саланың бәрінде Иран, Тұран халықтарының басынан кешкен төрт мың жылдық тарихи оқиғалары тұтасымен шығарма желісіне сіңірілген. Дастанда елу патшаның өмір тарихы суреттелгендіктен, Фирдауси шығармасының атын «Шаһнама» деп атаған. Кеңес елінде «Шаһнама» ХІІІ–ХІV ғасырлардағы қолжазбаның негізімен салыстырылып, 1960-1971 жылдар аралығында 9 том болып жарияланды. (Қ.С.Э, 11-том. 503-бет).

<sup>2</sup>Вамбери Армений (Герман) (19.3.1832–15.9.1913) – венгер ғалымы, тілші-түрколог әрі этнограф. Ол ХІХ ғасырдың 60-жылдарында Орта Азия мен Иранға жасаған саяхаты туралы жазған еңбектерімен танылған. 1863 жылы Түркістан, Хиуа, Бұхара, Самархандта болды. «Орта Азияға саяхат» (1874 ж.), «Ежелгі заманнан бүгінге дейінгі Бұхара немесе Трансаксония тарихы» (1873 ж.), «Орта Азия очерктері», тағы басқа еңбектерінде жергілікті халықтармен бірге қазақтардың әдет-ғұрпы, шаруашылығы, тарихи жөнінде біраз деректер бар. Ол деректер күні бүгінге дейін ғылыми құндылығын жойған жоқ (Қ.С.Э, 2-т. 594-б).

бар<sup>1</sup>. Осы автордың айтуынша: «Мұсылман әлемінде» деген газеттің 1911 жылғы шілденің 22-сіндегі 14-санында 1397 жылы Қырымның Литваға ауып барған татарлары өздерін қазақпыз дегені туралы мәлімет келтіріледі<sup>2</sup>.

1185 жылы бір оқиға туралы Лаврентьев жылнамасында мынадай дерек бар: «Они же половцы казаке рекуще — Пойдете по свою братью аль мы иедем по свою братью к вам»<sup>3</sup>. Осыған орай, И.М. Карамзин арқылы жеткен мына бір мәліметті де ойда ұстаған жөн. Оңтүстік орыс даласына монғолдар келгенге дейін «торктер мен берендейлер өздерін черкеспіз, қазақпыз<sup>4</sup>» деп атаған. Бұл черкеспіз, қазақпыз дегендер кейбір тарихшылар пайымдағандай, бір ұғым емес, керісінше қазақ, черкес тайпаларының бұрыннан бірге өмір сүріп келе жатқанын білдіретін егіз, қатар ұғым. Монғол шапқыншылығына дейін-ақ, торк пен берендейлер елдерін қазақ деп, 1185 жылы қыпшақтар қазақша сөйлеген болса, ендеше монғол шапқыншылығына дейін-ақ қыпшақтар өздерін қазақ қауымына қоса бастаған.

Қазақ атауы әуелі қыпшақтарда, сонан соң біртіндеп сол төңіректегі түркі тайпаларына жайылған да, XIV ғасырда Қырым, Азов, Қазан шеңберіндегі қалың жұрт қазақ атана бастаған. Қазақтар туралы арнайы қалам тартқан, әсіресе, XIV ғасырдың авторы Ибн Рузбехан Исфакхани<sup>5</sup> еді.

Бұл деректер «қазақ» деген халық бұрын болмаған, түркілер мен монғолдардың арасынан шыққан, өткен-кеткені жоқ балаң халық деген, құлаққа әбден сіңісті ұғымды өзгертеді және көне заманнан қалыптасқан халық екенімізге дәлел болды.

<sup>1</sup>Ахынжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы, 1989, с. 37.

<sup>2</sup>Ахынжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы, 1989, с. 37.

<sup>3</sup>Рыбаков Б.А. «Слово о полку Игореве» и его современники. с. 180.

<sup>4</sup>Карамзин И.М. История государства Российского. Т.5. М., 1993, с. 39.

<sup>5</sup>Рузбехан (толық аты-жөні — Абу-л-Хаир Фазаллах ибн Рузбехан әл-Хунджи әл-Исафалани әл-Амини) 1457-1521 жж. өмір сүрген. XV ғ. аяғы мен XVI ғ. бас астында парсы тілінде жазған тарихшы әрі әдебиетші. Орта Азия мен Қазақстанның тарихы жөніндегі «Михман-нама-и Бухара» («Бұхара мейманының жазбасы») атты шығарманың авторы. Рузбехан Әзірбайжандығы Сұлтан Якуб Аққойлының сарайында қызмет еткен (1478-1490 жж.). 1491-1492 жж. Аққойлы әулетіне арналған «Тарих-ил-Аламар-и-Амини» атты тарихи шығармасын аяқтады. Сұлтан Якуб қайтыс болғаннан кейін ол Темір Әулетінің өкілі Сұлтан Хұсайын мырзаның қол астында қызмет істеді (1496-1504 жж.). 1504 жылы Рузбехан Иранды тастап, Мауераннахрдағы Мұхаммед Шайбани хан қайтыс болған соң, Рузбехан оның жиені Ұбайдолла ханға қызмет етті. Рузбехан Орта Азия мен Қазақстан тарихнамасына «Михман-нама-и-Бухара» атты кітаптың авторы ретінде енді. Бұл шығарма Мұхаммед Шайбани ханның 1508-1509 жылдардағы қазақтарға қарсы шығарған жарлығына арналған және қазақтар мен көшпелі өзбектердің этникалық құрамын дәл сипаттап берген (Қ.С.Э, 9-том, 573-бет).

Шамамен алғанда, XIV ғ. 50–60 жылдары Ақ Орданы мекендеген тайпалар дәстүрлі «қыпшақтар» деген атының орнына «өзбектер» деп жиі атала бастады. Ибн Рузбехан Исфаһани өзбектерге үш халықты, анығын айтқанда, саяси бағдарына қарай бөлінген тайпалардың үш тобын жатқызды: олардың біріншісі «шайбандықтар» деп аталды, бұл қыпшақ тайпаларының немесе оның бөлімшелерінің Мұхаммед Шайбаниге бағынған бір тармағы, екіншісі «қазақ» деп аталды, бұл Еділден Сырдарияға дейінгі ұлан-байтақ далада көшіп-қонып жүрген, алғашқы қазақ хандарының қол астындағылар, үшіншісі «маңғыт» деп аталды, бұл топ Ноғай ордасының бір бөлігін қамтиды.

Қазақ хандығының құрылуына байланысты, жинақтаушы этникалық-саяси ұғым өзгерді. Қалыптасқан халықты деректемелерде «өзбек-қазақ», кейін «қазақ» деп те атай бастады. Өзбек ұғымы Мұхаммед Шайбанидің бастауымен Орта Азия жер аумағына ауысқан тайпалар бірлестігінің этониміне айналды<sup>1</sup>.

Сонымен, «қазақ» сөзінің, қазақ ұлтының қазақ хандығы құрылғаннан көп бұрын белгілі болғанын көреміз. Қазақ аты көне дәуірде-ақ алыс-жақын іргелес жұрттарға танымал болғаны ақиқат. Қазақ хандығы өз есімін аспаннан алған жоқ, солардан алды, ол туралы деректемелердегі фактілер де жетерлік.

## §2. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

XV ғасырдың ортасында қазақ хандығының құрылуына себеп болған маңызды тарихи оқиғаның мән-жайы мынадай болатын.

Тарихтан белгілі, Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін төрт ұлына бөліп берді (Жошы, Шағатай, Үгедей, Толы). XVI ғасырдың екінші жартысында Жошының үлкен ұлы Орда-Еженнің жері Ақ Орда екі аймаққа: батыс және шығысқа бөлінді. Шығыс аймаққа Қазақстанның оңтүстік, орталық және солтүстік шығыс бөлігі енді<sup>2</sup>. Бұл хандықты бұрын Орыс ханнан бастап Ақ Орданың ақырғы ханы Барақ ханға<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ССР тарихы. 2-том, Алматы. 1981, 263–265-беттер.

<sup>2</sup>Ахынжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы, 1995. стр. 211–212.

<sup>3</sup>Барақ хан (туған жылы белгісіз, 1428 ж. өлген) – Ақ Орда ханы (1423–1428 ж.), Шыңғыс хан әулетінен шыққан, Құйыршық ханның баласы, Орыс ханның немересі. Барақ хан – қазақ хандарының түп атасы. Сығанақ қаласын салдырушылардың

дейін Орда-Ежен ұрпағы билеген екен. Орталығы Сыр өзені өңіріндегі Сығанақ қаласы болды.

Ал Батыс өңірге Аралдың солтүстігі, Еділ (Волга) өзеніне дейінгі жерлер кірді. Ол жерде Әбілқайыр<sup>1</sup> хандығы мен Ноғай хандығы, кейіннен одағы құрылды.

Әбілқайыр хан Барақ хан ұрпақтарының ішкі қырқыстарын пайдаланып, 1428 жылы Ақ Орданың шығыс бөлігіне өз үстемдігін орнатты. 1446 жылы Әбілқайыр хан өз астанасын Сыр өңіріндегі Сығанақ қаласына көшірді. Мемлекет өзбек ұлысы деп аталды. Шайбандық Әбілқайырды жақтаушы сұлтандардың Сыр өңіріне көшіп келуі Орда-Ежендік сұлтандарға өте аруыр болды. Ең жақсы жайылымдар мен қыстаулардан айырылу Орда-Ежен сұлтандары үшін көп қиыншылыққа ұшырау болды.

Сонан соң Керей мен Жәнібек сұлтан Әбілқайыр ханға бағыну мен мойынсұну шегінен шығып, Отанынан кетіп қалуды жөн көрді<sup>2</sup>.

Әбілқайырдың 1456–57 жылдары қалмақтардан ойсырай жеңілуіне байланысты күшейе түскен бұқара халық наразылығын Әбілқайыр ханның дұшпандары – Шыңғыс әулетінен шыққан сұлтандар, Ақ Орда билеушілері Орыс хан мен Барақ ханның ұрпақтары – Жәнібек пен Керей шебер пайдаланды. Олар қазақ халқының жеке мемлекетін құру, саяси және мәдени-экономикалық тәуелсіздік алу жолындағы

бірі. XV ғ. басында Алтын Орда ыдырай бастаған кезде, Шыңғыс әулеттерінің өзара таққа таласы салдарынан Ақ Орда бірқатар иеліктерге бөлінді. Таққа таласушылардың бірі Барақ хан болды. 1416 ж. Сырдарияның төменгі бойын иемдену үшін Дешті Қыпшақ билеушілері мен Темірдің немересі Ұлықбек арасында күрес басталды. Күрес бір ғасырға созылды. Ұлықбектің араласуына Барақ ханның Самарханға келіп (1419 жылғы мамыр айы), одан көмек сұрауы себеп болды. Ұлықбек оны жақсы қарсы алып, көмек көрсетті. Барақ хан қарсыластарын жеңіп, өз үстемдігін нығайтты. 1422 ж. басты бәсекелесінің бірі Мұхаммед ханның Ордасын басып алып, Дешті Қыпшақтың көпшілік бөлігін (Сырдың төменгі бойынан Арал теңізіне дейін, солтүстікте Жайықтан Тобылға, солтүстік-шығыста Ертіске дейін) бағындырып, билік туын көтерді. 1423 ж. хан болғаннан кейін, Барақ хан Мауераннахрға қарсы саясат жүргізді. 1425 ж. Ұлықбек мемлекетімен шекаралас тұрған Сығанаққа келіп, бұрын атасы Орыс ханның қарауында болған, кейін Темір жаулап алған Сыр бойындағы Ақ Орданың иеліктерін қайтаруды талап етті. 1427 ж. басында Сығанақ маңында Ұлықбек пен Барақ хан әскерлері арасында ірі шайқас болды. Ұлықбек әскері жеңілді. Барақ хан оларды Самарханға дейін қуды, тек 1427 ж. мамырда Шахрух бастаған Гират әскерлерінің соғысқа араласуына байланысты, Барақ хан Дешті Қыпшаққа қайтуға мәжбүр болды. Сығанақ қайтадан Орыс хан ұрпақтарының Ордасына айналды. Барақ хан 1428 ж. Моғолстан сұлтаны Махмұд оғланға қарсы шайқаста қаза тапты. (Қ.С.Э, 2-том, 163-бет).

<sup>1</sup>Әбілқайыр хан – Жошы тұқымынан, Шайбани (Баты ханның 5-ұлы) ұрпағы, Дәулет Шайының ұлы. 1427–1428 жылдары Шығыс Дешті Қыпшақтың ханы деп жарияланды, 1468 жыл шамасында қайтыс болған.

<sup>2</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV–XIII вв. Алматы, 1969, с. 352–353.

талабын өз қимылдарына арқау етті. Ол туралы «Таварих-и-гузида-и-Нурсат-намада»<sup>1</sup>(«Жеңістер кітабының таңдаулы тарихы»); «Сол заманда дұшпандық Әбілқайыр ханның жұртында<sup>2</sup> пайда болды. Бұл жаулардың есімдері: Қажы-Мұхаммед-Тарханның ұлы<sup>3</sup> Санидек және Қажы Мұхаммед ханның немересі Мұхаммед ханның ұлы Ибак<sup>4</sup>, Барақ ханның ұлдары<sup>5</sup> Жәнібек пен Керей»<sup>6</sup> – дейді.

Керей мен Жәнібек сұлтандар өздеріне қараған қолмен Әбілқайыр хандығынан бөлініп, 1456 жылы Моғолстанға<sup>7</sup> көшіп келді. Моғолстан халқының көпшілігі ежелден осы өңірді мекендеген түркі тілдес тайпалар, олардың ішінде жергілікті түркі тілдес халықтарға сіңіп, түркіленіп кеткен монғол тайпалары да болды. Шын мәнісінде, Моғолстанның негізгі халқы қазіргі қазақтар еді. Моғолстанның алғашқы ханы – Тұғлық Темірдің моғолдарға ислам дінін таратып, қалыптастыруға көп күш салуы оның беделін арттырып, үстемдігін нығайта түсті. Тұғлық Темір 1348 жылы 18 жасында хан тағына отырды, 22 жасында мұсылман болды.

Моғолстан шекарасы мырза Хайдардың (Мұхамед Хайдар Дулати) «Тарих-ир-рашиди» атты кітабында былай баяндалады: «Қазір Моғолстан деп аталатын жер аумағының ені мен ұзындығы 7–8 айға созылатын жерді көрсетеді. Моғолстанның Шығыс шеті қалмақтар жеріне кіріп жатыр, ол өзіне Барыс көл, Еміл, Ертісті қосып алды. Солтүстігінде Көкше теңізбен (Балқаш көлі), Бом, Қараталмен, батысында Түркістан және Ташкентпен, оңтүстігінде Ферғана, Қашқар,

<sup>1</sup>Шығарманың тексінде автор есімі көрсетілмеген.

<sup>2</sup>«Жұрт» – белгілі Әкімшілік-патшалық ел көшіп жүретін (жүрген) жер аумағы.

<sup>3</sup>Дұрысы – Қажы Мұхаммед хан.

<sup>4</sup>Ибак – ол әрі Абак хан және Айбек хан.

<sup>5</sup>Жәнібек пен Керей Барақ ханның алыс туыстары болған, олардың бабалары-қазақ хандары әулетінің негізін салушы Орыс хан (1369-1376 жж. билік еткен).

<sup>6</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. Алматы, 1969, с. 19, с. 496.

<sup>7</sup>«Моғол» – сөзі қалыптасқан халықтың аты емес, әскери-саяси одақтың ғана аты. В.В.Бартольдтың айтуына қарағанда, Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай мемлекеті көп тұрған жоқ. Өзара тартыстың әсерінен, XIV ғ. қыркыншы және елуінші жылдары ол он шақты иелікке бөлініп кетті. Сол кезде Шағатай мемлекетінің шығыс жақ бір бөлігін «моғолдар» деп атады. Сол сөз осылайша халықтың аты ретінде айтылып және жазылып қалды. Сол кезде осы атаудан географиялық парсылық Моғолстан атауы пайда болды. Бұл географиялық бөлікке кейіннен Жошы ұлысының оңтүстік шағын бөлігі де енді. XIV ғасырдың ортасында осы «моғол» әскери одағы негіз болып құрылған хандық Моғолстан деп аталды. Моғолстан мемлекетінің негізгі халқы түркі тілдес тайпалар – дулат, албан, суан, қаңлы, керей, арғын, т.б. Бұлар ежелден осы өңірді мекендеген түркі тектес және тілі, діні бір тайпалар. Шын мәнісінде, Моғолстанның негізгі халқы қазіргі қазақтар еді.

Ақсу, Шалыш және Турфанмен шектеседі». Яғни сол кездегі Моғолстанға қазіргі Оңтүстік-шығыс және Оңтүстік Қазақстан жер аумағы кірген.

Одан әрі қарай Хайдар былай жалғастырады: «Моғолстанда үлкен өзендер көп, үлкендігі Джейхунға (Әмудария) ұқсайды. Олардың ішінде Іле, Еміл, Ертіс, Шұйлық және Нарын бар. Бұл өзендер Сырдариядан кем түспейді. Бұл өзендердің көп бөлігі Көкше теңізге (Балқаш) құяды, ол Моғолстан мен Өзбек ұлысының ортасын бөліп тұрады<sup>1</sup>. Бұл мемлекет Шағатай ұлысының бір бөлігі еді, ал екінші бөлігінде Мауераннаһр – Иран мемлекеті жағынан қарағанда Әмудария мен Сырдария арасындағы ел өмір сүріп жатты.

Моғолстанның құрамына Түркістан, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан облыстары және Орта Азияның кейбір облыстары кірді. Орта ғасырлық авторлардың тарихи деректемелерінде, Моғолстан өзінің құрылу кезеңдеріне қарай «моғол» атты этникалық-саяси біртұтастыққа енудің ұзақ араласу және сіңісу процесінен өткен жергілікті түркі және түркіленген монғол тайпаларының мемлекеттік-саяси бірлестігі болып көрінеді. Оған кіретін тайпалар: дулат, албан, суан, қаңлы, керей, арғын, барлас, т.б. Моғолстан ордасының орныққан орталығы Алмалық қаласы болды. Моғолстан бұрынғы Шағатай ұлысының және Жошының оңтүстік-шығыстағы әскерлеріне толық билік жүргізді.

Керей мен Жәнібекті жергілікті ру-тайпа көсемдері қолдай бастаған секілді. Өйткені 1428 жылы Әбілқайырдың хандыққа отыруына Дешті Қыпшақтың 71 ру-тайпа басшысы «дауыс» берсе, 1457 жылы Сығанақ түбегіндегі қалмақтармен соғысқа түсу үшін хан жарлығымен небары 17 тайпадан ғана жасақ жиналды.

Ал Әбілқайырды тастап, көшіп келген Керей мен Жәнібекті Моғолстан ханы Есен-Бұқа хан аса құрметпен қабылдап, өз иелігінің батыс жағынан Шу бойы мен Қозыбасы өңірін бөліп берді. Есен-Бұқаның Керей мен Жәнібекті бұлайша қарсы алуының да өзіндік себебі бар еді. Бұл кезде ол ағасы Жүніспен<sup>2</sup> соғысып жатқан. Осындай сындарлы шақта Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келуі Есен-Бұқа

---

<sup>1</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV–XVII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинении). Алматы. 1969, 219-бет.

<sup>2</sup>Жүніс хан – Уәйс ханның үлкен ұлы, әкесі қайтыс болғаннан кейін, Моғолстандағы билік үшін күресте өзінің інісі Есен-Бұқаның бақталасы болды. Інісі қайтыс болғаннан кейін, Жүніс Моғолстанның батыс бөлігіне орнығып, нығайып алды, ал шығыс бөлігіне Есен-Бұқаның ұлы Дос-Мұхаммед билік етті.



ханға көктен түскен жақсылықтай көрінді. Бұлардың бөлініп келуі, біріншіден, ағасы Жүністі қолдап отырған Әбілқайыр күшін азайтса, екіншіден, Керей мен Жәнібек сұлтандардың соңынан ерген батыр жауынгерлерін Жүніске және сол кезде Моғолстанға қысым жасай бастаған ойраттарға қарсы нақты тойтарсын берер әскери күш ретінде пайдалануға мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, Есен-Бұқа ханның иелігі мен Жүніс ханның иелігі арасындағы жерден үлес алған Керей мен Жәнібек осында өз хандықтарын құрды. Осы бір қилы кезенді тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-ир-рашиди» атты еңбегінде былай көрсетті: «ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілқайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде, Жәнібек пен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есен-Бұқа хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбасы аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілқайыр хан дүние салды. Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханның қол астына көшіп кетті. Сөйтіп, олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды «өзбектер», «қазақтар» деп атады. Керей хан мен Жәнібек хан 1465–1466 жылдары билік жүргізе бастады»<sup>1</sup>.

Қазақтың хандары Керей хан мен Жәнібек хан құрған мемлекет туралы Мұхаммед Хайдар Дулати ары қарай былай баяндады: Әбілқайыр хан өлгеннен кейін Өзбек ұлысында өзара қырқыс басталды. Мүмкіндігі болғанның бәрі қауіп-қатерсіз және тыныш өмір іздеп, Керей мен Жәнібек ханға кете берді. Осының нәтижесінде, олар едәуір күшейіп алды»<sup>2</sup>.

Қазақ хандығының алдына үш үлкен тарихи міндет қойылды:

1. Мал жайылымдарын пайдаланудың Дешті Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан дағдылы тәртібін қалпына келтіру (бұл тәртіп Әбілқайыр хандығындағы аласапыран арқылы бұзылған) көшпелі шаруалардың көкейкесті мүддесі еді.

2. Шығыс пен Батыс арасындағы сауда керуен жолы үстіне

---

<sup>1</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинении). Алматы. 1969, с. 95 немесе Вяткин М., Қазақ ССР тарихының очеркі. 1941. 77-бет.

<sup>2</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. Алматы. 1969, с. 202–203 бет.

орнаған Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Яссы (Түркістан), т.б. қалаларды Қазақ хандығына қарату. Бұлар осы өңірдегі саяси-экономикалық және әскери-стратегиялық база болатын.

3. Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық жер аумағын біріктіру, бұлардың ішіндегі ең маңызды міндет Сырдария жағасындағы қалаларды қарату күресі болды.

Сырдария бойындағы бай қалалар бұдан бұрынғы мемлекеттік бірлестіктердің: Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының саяси-әкімшілік, сауда-экономикалық және соғыс-стратегиялық орталықтары еді.

Сондықтан бұл қалалардың саяси-экономикалық және соғыс-стратегиялық маңызы зор еді. Сырдария бойындағы егіншілігі, қолөнері өркендеген қалалы аудандармен саудасаттық жасауға тек қаланың әкімдері ғана емес, Дешті Қыпшақтардың шаруалары да ділгір болып отырды.

Алғашқыда қазақ хандығы Батыс Жетісу жеріне (Шу мен Талас өзендерінің алабына) орналасты. Міне, тап осы жер аумағына қатысты деректемелерде «қазақ» деген атау қолданылды. Қазақ хандығы Дешті Қыпшақтан келгендермен бірге, жергілікті рулар мен тайпаларды да біріктірді. Жетісудағы қазақ рулары мен тайпаларының Жәнібек пен Керейдің қол астына келуі 1462 жылы Моғолстан ханы Есен-Бұқа өлгеннен кейін және осы мемлекеттегі феодалдық алауыздықтардың күшеюіне байланысты жиілей түсті. Әбілқайыр ханның қарамағынан көшіп келіп жатқан қазақ рулары қазақ хандығын нығайта түсті. Соғыс қуатын арттырып, Жетісуда сенімді тыл жасап алған Жәнібек пен Керей хан 1468 жылы Әбілқайыр өлгеннен кейін Шығыс Дешті Қыпшақты билеу үшін Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға қарсы күрес бастады.

Осы күрестің нәтижесінде, XV ғасырдың 70-жылдарында, жаңа мемлекет шекарасы бірте-бірте кеңейе берді. Хандық құрамына барған сайын этникалық жаңа топтар (қыпшақтар, наймандар, қаңлылар, керейттер, т.б.) қосылумен болды.

Қазақ хандарының даланы көшпелі тайпалармен билеу, қазақтардың этникалық жер аумағын біріктіру жолындағы Әбілқайыр ұрпақтары Хайдар ханмен, Мұхаммед Шайбани ханмен<sup>1</sup> күресі Сырдария бойындағы қалаларды (Отырар, Сауран, Сығанақ, Түркістан және т.б.) басып алу күресіне

<sup>1</sup>Мұхаммед Шайбани хан – Шайбанид, Әбілқайыр ханның ұлы Шаһ-Будағ сұлтанның баласы, Орта Азиядағы Шайбанидтер мемлекетінің негізін қалаушы, 1451 жылы туып, 1510 жылы өлтірілген.

ұласты. Қарсыластар бұл қалаларды (Қазақ хандары мен Шайбани әулетінен басқа, бұл қалаларға Темір әулеті, Моңғол хандары – Жүніс пен Мұхаммед сұлтан да көз тік-ті) Дешті Қыпшақты билеу жолындағы күресте өздерінің экономикалық және соғыс тірегіне айналдырмақ болды. Дала әкімдері үшін Сырдария бойындағы қалалар ауданының маңызы зор еді. Бұдан бұрынғы мемлекеттік бірлестіктер – Ақ Орданың, Әбілқайырдың, Өзбек хандығының саяси-әкімшілік және сауда-экономикалық орталықтары осында болды.

Сонымен, XV ғасырдың ортасында Әбілқайыр хан өлгеннен кейін, оның қол астындағы көшпелі тайпалар бірлестігі ыдырап, «Қазақ», «Өзбек» хандығы болып екіге бөлінді. Қазақ хандығы бұрынғы Жошы ұлысының батысы мен шығыс өлкесін (Ақ Орда жерін) тегіс мирас етіп, Жайық пен Ертіс, Тюмень мен Сырдария арасына қоныстанды. XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында бұларға Моғолстан өлкесін мекендеген ұлы орда қазақтары (үйсіндер) қосылды. Қазақ хандығының белгілі жері болуымен бірге, оның барлық халқы бір тілде сөйледі, шаруашылығы, тұрмыс-салты өзара ұқсас, етене жақын болды. XV ғасырдан XVI ғасырдың бас кезіне дейін бұлар бірде өзбек, бірде қазақ атанып жүргенмен, XV ғасырдың 50 жылдарынан былай қарай, «қазақ» деген этникалық атау түпкілікті айқындала бастады.

Қазақ хандығының құрамына Қазақ хандығы құрылудан бұрынғы 4 хандықтағы – Әбілқайыр хандығындағы, Моғолстан хандығындағы, Ноғай хандығындағы және Сібір хандығына қараған көпшілік қазақ тайпалары енді, Қазақ хандығында бас қосты.

Сонымен, жеке қазақ хандығының тарихы XV ғасырдың екінші жартысынан басталды. Оның құрылуының тарихы 1456 және 1468 жылдардағы Өзбек ұлысының<sup>1</sup> бір бөлігінің бағынбаған сұлтандары Орыс ханның<sup>2</sup> ұрпақтарының бастауымен (көшуімен) Моғолстанның<sup>3</sup> шекарасына көшумен және «Көшпелі өзбектер» деп аталатын мемлекеттің 1468 жылы Әбілқайыр хан өлімінен кейінгі құлдырауымен байланысты.

<sup>1</sup>Ол кезде қазіргі Қазақстан жер аумағының бір бөлігі Өзбек ұлысы, ал өзгесі Моғолстан деп аталған.

<sup>2</sup>Орыс хан – туған, өлген жылы белгісіз, XIV ғасырдағы (1372–1380 жж.) Ақ Орда ханы, қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы (Жошы, Жошының ұлы Тоқа Темір, Тоқа Темірдің ұлы Өз Темір, Өз Темірдің ұлы Қожа-Бәдік, Бәдіктің ұлы – Орыс хан).

<sup>3</sup>Жетісудағы Моғолстан мемлекеті XIV ғ. орта шені мен XIV ғ. бас кезіне дейін болды. Оған Жетісу, қазіргі Қырғызстан және Шығыс Түркістанның біраз бөлігі қарады. (Қ.С.Ә. 4-том. 437-бет).

Қазақ хандығын құру жолында Керей мен Жәнібек – екі ханның атқарған істерін бөле-жара айту мүмкін емес. Хандықтың құрылуы кезеңіне қатысты аз ғана дерек мәліметтерде екі ханды үнемі бірге айтады.

Қазақ хандығының құрылуын шартты түрде екі кезеңге бөліп қарауға болады. Бірінші кезеңде Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуі және 1468 жылға, яғни Әбілқайыр хан қайтыс болғанға дейінгі хандық құрып тұруы жатады. Бұл кезде Қазақ хандығы толық, дербес хандық емес еді. Моғолстанның батысына орналасып, оның батыстағы «қорғаны» рөлін атқарды. Хандықтың халқы «өзбек-қазақ» этнонимімен аталынды. Әбілқайырға наразылар есебінен хандықтың халқы өсе түсті.

Бірінші кезең ішінде хандықтың мемлекеттік тұрғыдан нығаюына әсер еткен оқиға Есен-Бұқа ханның қайтыс болуы және оның орнына ағасы Жүніс ханның келуі жатты. 1458 жылдан 1462 жылға дейін Қазақ хандығы арқасында Есен-Бұқа хан билігіне Жүніс те, басқа біреу де қауіп төндіре алмаған еді. Ал 1462 жылдан бастап жаңа хан Жүніс пен қазақ хандары арасында жақсы қарым-қатынас орнайды<sup>1</sup>.

Екінші кезеңге 1469–1472 жылдар жатады. Егер бірінші кезең жылдары Керей мен Жәнібек хандар бірге айтылса, екінші кезең деректерінде тек Жәнібек хан есімі ғана кездеседі. Б.Кәрібаевтың<sup>2</sup> жариялаған тарихи зерттеулеріне қарағанда, Керей хан он жылдай билік құрып, Хантауда жерленген. Керейден соң хандыққа Жәнібектің келуі ата дәстүріне сай жүзеге асады. Дәстүр бойынша, X–XIII ғасырларда қыпшақтарда хандық билік әкеден балаға емес, әкеден ініге не немере туысқанға келіп отырған. Жергілікті тайпалардың бұл дәстүрі XV ғасырда да өз жалғасын табады. Фазлаллах ибн Рузбехан өз еңбегінде «Керейден соң хандықта бірнеше адам болды, сосын кезек Бұрындық ханға тиді», – деп жазса, «Тарихи Кипчак ханы» еңбегінің авторы 1469–1470 жылдары қазақ ханы Жәнібек деп көрсетеді.

---

<sup>1</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. Алматы, 1969, с. 353.

<sup>2</sup>Кәрібаев Б. Жәнібек хан. «Егемен Қазақстан». 1997 ж., 14 маусым.

### §3. ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ӘСКЕРИ ЖОРЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІН НЫҒАЙТУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қазақ хандығы ұлан-байтақ жерді қамтыған феодалдық мемлекет болды. Басқару жүйесінде, әкімшілік бөліктерін айыруда көшпелі қазақ қоғамында бұрыннан қалыптасқан ру-тайпалық тәртіп сақталып отырды. Туыстығы жақын он шақты түгін – бір ауыл, жеті атадан тараған туыстығы жақын бірнеше ауыл бір ата (аймақ) болып есептелді. 13-15 атадан қосылатын аймақтар бір ру болды. Осы рулардан тайпа құрылды. Жалпы, қазақ қауымы үш ордаға бөлінді. Үш орданың қазағы Қазақ хандығына бағынды. Үш орданы билеген қазақ ханы Ұлы хан болды. Ол қазақ хандығының азаматтық, әскери, әкімшілік және сот құқығын қолына ұстаған жеке дара билеуші атанды. Жүздерді кіші хандар, ұлыстарды сұлтандар<sup>1</sup>, тайпаларды билер, руларды рубасылар, аталарды (аймақтарды) ақсақалдар, ауылдары ауыл ағалары басқарды. Бұл жеті сатылы басқару жүйесі көшпелі қазақ қоғамында тым ертеден келе жатқан тәртіп болатын.

XVI ғасырда өмір сүрген тарихшы Рузбехан Исфәханидің деректеріне қарағанда, қазақ хандығында он ұлыс болған, әр ұлыстың жан саны – жүз мың адам. Бұл Мұхаммед Хайдар Дулатидің қазақ хандығының жан саны бір млн. адам деген дерегіне сай келеді<sup>2</sup>. Ұлыстарды хан тұқымынан шыққан сұлтандар басқарды.

Хандар мұрагерлік жолмен қойылды: хан өлсе, орнына ағалары не ер жеткен баласы отырды. Бірақ хан мұрагерлерінің таққа отыруы сұлтандар мен ру-тайпа шонжарлары өкілдері жиналысындағы «хан көтеру» деп аталатын сайлаудан өтуге тиісті болды. Олар оны хан болуға лайық деп ұйғарып, дәстүр бойынша ақ киізге отырғызып, хан көтеру салты сақталды. Хан етіп тағайындайтын сұлтанның руының ең беделді адамдары болашақ хан отырған ақ киіздің жан-жағынан ұстай көтеріп, үш рет «Хан! Хан! Хан» деп айғайлаған. Хан отырған киіз шөпке тиген кезде, оны жүгіріп жеткен топ көтеріп алып, киізге қайта көтереді. Сонан соң тақ сияқты болған киізді қырық бөлікке бөліп жыртады. Әрбір адам өзінің хан тағайындау мерекесіне қатысқанының белгісі

<sup>1</sup>Сұлтан – XV–XVI ғасырларда Қазақстанда, Орта Азияда және Түркістанда хан тегінен шыққан Шыңғыс ұрпағы ханзадаларын білдіретін атау.

<sup>2</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. Алматы. 1969, с. 353.

ретінде естелікке жыртып алып кетуге тырысатын. Бұл ғұрып мерекемен басталып, көп күндік базарлы тойға ұласатын.

Орта ғасыр деректерінде қоғамдағы хандық билік жалпы былай сипатталады: хан өзінің қол астындағыларына «анасының балаларына» қарағандай қарауы тиіс, ал қол астындағылар ханды «өз әкесі» ретінде қорық керек және оған шын ниетімен берілуі тиіс. Ханда бұл саладағы құқықтар мен қызметтердің кем дегенде бесеуі болды:

1. Хан үстем рудың басшысы және бар қазақ тайпаларының жоғары қолбасшысы ретінде хандықтың бар жер аумағында билік жүргізе алады: елді сыртқы жаулардан қорғау оның негізгі қызметі мен басты міндеті болғандықтан, ұлысқа кіретін барлық жерге билік жүргізуге құқықты болды.

2. Жоғарғы қолбасшылық қызметі бойынша, ханға соғыс ашу мен бейбітшілік жариялау құқығы берілді.

3. Мемлекеттің сыртқы саяси істерін анықтау қызметінің нәтижесі ретінде ханның шетелдік мемлекеттермен келіссөз жүргізу құқығы болды.

4. Оның жоғарғы сот қызметінің нәтижесі болып табылатын бағыныштысын өлтіруге не қалдыруға құқығы болды. Бұл хан қызметі мен құқығы «Жеті жарғыда» анық бекітілген.

5. Оған өмір сүріп отырған қоғамның құрылысы мен тәртібін сақтау қызметінің нәтижесі болып табылатын қоғамның барлық мүшесіне міндетті бұйрықтар мен заңдар шығару құқығы берілді<sup>1</sup>.

Енді XV–XVI ғасырларда Қазақ хандығы тарихында хандықтың құрылуы мен күшеюіне тікелей араласып, өз үлесін қосқан және жоғарғы қолбасшы ретінде елді сыртқы жаулардан қорғауда нәтижелі соғыс жүргізген хандарға жеке-жеке тоқталайық. Олар хандықтың батысында ноғай мырзаларымен, оңтүстігінде шайбанилық сұлтандармен ұзаққа созылған күресті бастан кешірді. Солардың ішінде Керей мен Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Хақназар, Тәуекел хандар халыққа кең танымал болды. Олардай болмаса да, Мамаш, Тақыр, Бұйдаш, Тоғым, Шығай хандар есімі де бізге жақсы таныс. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін алғашқы саяси даму кезеңі тікелей осы хандардың есімімен байланысты.

Қазақ хандары елді сыртқы жаулардан қорғауда, әскери күш-қуатты негізінен дипломатиялық келісіммен нығайтуға ұмытылды. Бірінші хан хандық билікке шамамен 1465–66 жылдары отырған.

<sup>1</sup>Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы. «Рауан», 1992, с. 354.

Жәнібек ханның билігі 6–7 жылға созылды. Оның тұсында хандық тарихында үлкен маңызға ие бірнеше оқиға болды. Біріншісі, 1469 жылғы Әбілқайыр ханның Қазақ хандығына жасаған жорығы сәтсіз аяқталып, ханның өзі қайтыс болды. Бұл жағдай «көшпелі өзбектер» мемлекетінің толық күйреуінің басталуын тездетті. Екіншісі – Дешті Қыпшақта шайбанилық әулет билігінің жойылуы. Шайбанилер әулетінің билігі өздігінен жойылмады, оны жойды. Жойғандардың ішінде Сібір хандығы, ноғай мырзалары, Алтын Орда хандығы болды. Жәнібек ханның атқарған тарихи рөлі осы жерде көрінді.

Кезінде Керей ханның айтқан «Алла тағала сәтін салған күні батысқа – Түркістанға жол жүруіміз керек» деген өсиетін іске асырып, Жәнібек хан Қазақ хандығының билігін Дешті Қыпшаққа толық жүргізе бастады. Бұл кез 1472–1473 жылдары болатын, яғни Қазақ хандығының толық дербес, жеке ел ретінде өмір сүре бастаған жылдары. Жәнібек ханның «Әз» деп аталуы осы тұстарда болса керек. Дешті Қыпшақ тайпаларының Қазақ хандығы билігін мойындауы Жәнібек ханның ақылымен жүргізген байсалды, ең бастысы жергілікті халықтың ата дәстүріне сәйкес келетін ішкі саясаты халық көңілінен шығып, халық мүддесіне сай келсе, ханның есімі халық есінде сақталып, жақсы жатталды. Жәнібек ханның Әз Жәнібек атанып, жарты мың жыл бойы қазақ халқының санасында орын алуы соған дәлел<sup>1</sup>.

Сыр өңірі үшін болған күрес жылдары Қазақ хандығын Бұрындық хан билеп тұрды. Жәнібек ханның қашан қайтыс болып, Бұрындықтың қай жылдардан бастап билік құра бастағаны бізге белгісіз. Т.И. Сұлтановтың пікірі бойынша, Бұрындық хан 1473–1474 жылдардан бастап билік құра бастаған.

### **Бұрындық ханның Сыр өңіріне жасаған әскери жорықтары**

Шах-Хайдарға қарсы Қазақ хандығы тарапынан күресті басқарушы Жәнібек хан болса, ал оны іске асырушы Бұрындық болған. Бұл жөнінде дерск мәліметі: «Жәнібек хан адамдары ішінен Бұрындық хан өз ұлысын жиып, Әбілқайыр хан ұлдарына тарпа бас салды. Олардың қарсыласуға күштері келмей, жан-жаққа бытырай қашты. Бұрындық кейін қайтқан

<sup>1</sup>Кәрібаев Б. Жәнібек хан. «Егемен Қазақстан», 1997, 14 маусым.

соң, олар қайта жиналып бас қосты»<sup>1</sup>, – деп баяндайды. Дерек мәліметінен көріп отырғанымыздай, Бұрындық Жәнібек хан тапсырмасын орындаушы, жорықтың мақсаты Дешті Қыпшақтағы шайбанилық сұлтандарды жою болған. Жорық біршама сәтті аяқталғанмен, негізгі түпкі мақсат орындалмаған секілді. Бұрындықтың кейін оралуымен, бас сауғалап қашқан Әбілқайыр ұлдары қайта жиналды. Соған қарамастан, Бұрындықтың бұл жорығы оны тарихта қалдырды. Сөйтіп, ол Қазақ хандығының құрылу кезеңіне, әсіресе оның екінші кезеңінде өз үлесін қосады.

Бұрындық ханның қазақ тарихында аты жарқырап көрінген тұсы XV ғасырдың 70–90-жылдары болды. Бұл жылдары Қазақ хандығы үшін күшею, нығаю және халқының этникалық жер аумағын біріктіру жолындағы күрес дәуірі еді. Дәуірдегі ең басты оқиғаға көрсетілген жылдар ішіндегі Қазақ хандығының Сыр өңірі үшін мауераннаһрлық билеушілермен, шайбанилық сұлтандармен және Моғолстан хандарымен жүргізген ұрыстары жатты. Осы ұрыстарда тарих сахнасына қазақ хандарының екінші буыны – Бұрындық, Қасым хандар шығып, қазақ мемлекеттілігінің одан әрі күшейіп, нығаюына өз үлестерін қосады.

Қыс мезгіліне қарамастан, Бұрындық хан бастаған қазақ әскерлері Мұхаммед Шайбани хан бекінген Сығанақ, Сауран және Созақ өңірлерінде ұрысқа түсті. Бірнеше рет болған ұрыстарда жеңілген Шайбани хан қашуға мәжбүр болды. Аймақтың басқа да өңірлерінен айырылу қаупін сезген аймақтың әкімі Мұхаммед Мазид-Тархан Шайбани ханды Самарханға кетуге көндірді. Осылайша күрестің алғашқы кезеңі қазақ хандығы үшін сәтті басталып, аймақтың солтүстік өңірлері қазақ хандығына өтеді. Орны келгенде айта кету керек, бүкіл хандықты Бұрындық басқарып, алғашқы жеңістерге қол жеткізілсе де, деректерде атап өтілгендей, Жәнібек хан ұлдары Қасым, Жиренше, Махмұд сұлтандар ерекше көзге түседі. Бұл ұрыстар, шамамен алғанда, 1470 жылдардың ортасында өтеді.

Ал XV ғасырдың 80-жылдарында Шайбани хан Мауераннаһр билеушілеріне арқа сүйеп, аймаққа тағы да еніп, солтүстік өңірді басып алады. Бұрындық хан және Жәнібек хан ұлдарының қарсы қолданған әрекеттерінің нәтижесінде, Әбілқайыр ханның немересі Түркістан аймағынан кетуге мәжбүр болды. Ал Қазақ хандығы болса, аймақтың солтүстік

<sup>1</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. Алматы. 1969, с. 393.



өңірін қорғап қана қоймай, аймақтың орталық және оңтүстік өңірлерінде өз ықпалын күшейте бастайды. Негізінен, аймақта Жәнібек ханның тоғыз ұлының ықпалы өседі. Олардың ұлыстары кеңейіп, қалалар мен жақсы қысқы жайылымдар солардың иелігіне көшеді<sup>1</sup>.

XV ғасырдың 80–90-жылдары Мауераннаһрда феодалдық бытыраңқылықтың одан әрі тереңдеуі Қазақ хандығына өте тиімді болды. Қазақтардың аймақта күшеюіне енді Моғолстан қарсылық білдіре бастайды. Моғол ханы Сұлтан Махмут хан тікелей ашық соғысқа бара алмай, ол да Шайбани ханды қазақтарға қарсы көтереді. Сұлтан Махмут хан Мауераннаһрдан аймақтың бір бөлігін тартып алып, онда Шайбани ханды билеуші етіп қояды. Деректерде Моғол ханның бұл ісіне қарсы Қазақ хандығы наразылық білдіреді, осыған байланысты, екі жақ арасында екі рет ұрыс болды, екеуінде де қазақтар жеңіске жетті деп жазады. Осы кездердегі сыртқы саясаттағы жеңістердің барлығында да Бұрындық ханның үлесі өте зор. Оның беделінің, жеке атақ-даңқының әбден өскен кезі де осы тұс.

XV ғасырдың 90-жылдарында Бұрындық хан мен Жәнібек хан ұлдары арасында қайшылықтар туа бастайды. Біздің ойымызша, қайшылықтың негізінде Сыр өңірінде Жәнібек хан ұлдарының ықпалының өсуі мен нығаюы жатыр. Ішкі саяси өмірдегі осы қайшылық сыртқы саясатқа да өз салқындығын тигізді. Сол себепті де 1493–1496 жылдары Түркістан аймағы үшін болған ұрыстар қиын да ауыр, әрі ұзақ болды. Шайбани хан бірде моғол ханы жағына, бірде мауераннаһрлық билеушілер жағына шығып, өз бағытын өзгертіп отырды. Тіпті ол негізгі қарсыласы Бұрындық ханмен де жақындасуға ұмытылды. Жәнібек хан ұлдарымен арадағы қайшылықтың одан әрі шиеленісуі Бұрындықты Шайбани ханмен одақтас еткізді. Сөйтіп, 1496 жылы үш жылға созылған ұзақ ұрыстан соң, соғысушы жақтар келісімге келді. Келісімнің қорытындысы бойынша, Түркістан аймағы үшке бөлініп, оның солтүстігінде Қазақ хандығы, оңтүстігінде Моғолстан, орталығында Шайбани хан билік жүргізуге тиіс болды<sup>2</sup>.

Сонымен бірге, Бұрындық хан Шайбани хан екеуі арасындағы одақтастықты тереңдету үшін екі қызын шайбанилық екі сұлтанға ұzataды. Мұндай одақтастыққа қарсы Жәнібек хан ұлдары Моғолстан ханымен жақындасып, қарсы одақ құрады. Қасым сұлтанның ағасы Әдік сұлтан Моғол ханының

<sup>1</sup>Кәрібаев Б. Бұрындық хан. «Егемен Қазақстан», 1998, 16 қазан.

<sup>2</sup>Сонда.

қарындасына үйленеді. Осылайша қазақ қоғамындағы хандық әулет ішінде бір-біріне қарама-қарсы күштер қалыптасады. Көріп отырғанымыздай, Бұрындық хан тұсында, XV ғасыр соңында, Қазақ хандығындағы саяси күштер екіге бөлініп, ол хандықтың сыртқы саяси жағдайына әсерін тигізеді. Бірақ қалыптасқан жағдай Бұрындық ханға абырой әкелмеді. Хан ретінде мемлекеттегі барлық саяси күштердің басын қосудың орнына, керісінше олардың бір-біріне қарсы тұруына жағдай тудырды, ол күштердің бірінде өзі болуы оның беделінің құлдырауының басы болды. Бұрындық хан өмірінің қайғылы жағы да осында еді.

XVI ғасырдың алғашқы он жылдығында Бұрындық хан өміріне түбегейлі бетбұрыс әкелген күрделі, ірі оқиғалар болып өтті. Ол оқиға тағы да Мұхаммед Шайбани хан есімімен байланысты еді. 1500 жылдың жазында Самархан тағына келген шайбанилық сұлтан айналасы 3–4 жыл ішінде бүкіл Мауераннаһрды біріктіріп, Моғолстанның қол астындағы Ташкентті моғол ханынан тартып алды. Моғол хандары Сұлтан Махмут пен Сұлтан Ахмет хандар қолға түсірілді, бірақ Шайбани хан оларды босатып жіберді. Әбден күшейген Мұхаммед Шайбани хан 1505 жылдан 1510 жылға дейін Қазақ хандығына қарсы төрт рет жорық ұйымдастырды. Жорықтардың алдына қойған саяси және экономикалық мақсаттарына: Қазақ хандығын бағындыру не әлсірету және Түркістан аймағын Мауераннаһрға қосу жатты. Бұрындық хан дәл осы жорықтар кезінде үлкен қателіктер жіберді деп есептейміз. Оған дәлеліміз мынадай, алғашқы үш жорық кезінде Бұрындық хан жауға қарсы ешқандай шара қолданбады. Шайбани хан Жәнібек ханның ұлдары Жаныштың, Тыныштың ұлыстарын ойрандап, мыңдаған мал-жанды олжалайды. Тіпті 1509 жылдың қысында болған үшінші жорық кезінде, Бұрындық хан өз ұлысына қарай жау әскерлерінің келе жатқанынан хабардар болып, ешқандай қарсылық көрсетпей, қашуға мәжбүр болды. Бұрындық ханның шарасыздық ісін оның әдейі жасаған жоспарлы ойы деп түсінеміз. Жәнібек хан ұлдары неғұрлым әлсіресе, соғұрлым оның күші өсуі тиіс еді. Бірақ бәрі керісінше шықты.

1510 жылдың қысында жау тағы да қазақтарға жорық жасады. Бұл жолғы жорық мақсаты Қасым сұлтан ұлысына қарсы бағытталды. Қасым ресми хан болмаса да, осы жылдары оның беделі Бұрындық ханнан да күшті еді. Ол жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-ир-Рашиди» еңбегінде былай деп жазады: «... Бұл кезде Бұрындық хан болып санал-

ғанымен, хандықты басқару және толық билік Қасым ханның қолында болды<sup>1</sup>».

Осы жорығында Шайбани хан Қасым ханнан тас-талқан болып жеңілді. Ал Қасым ханның жеңісі Дешті Қыпшаққа түгел тарап, оның атағын өсірді.

Қасым ханның осы жеңісінен кейін Бұрындықтың тағдыры өте қайғылы жағдайда өтеді. Ол жөнінде тағы да Мұхаммед Хайдар Дулати: «...Қасым ханның атақ-абыройының өскендігі сонша, ол Бұрындық ханды қуып жіберді<sup>2</sup>, – деп баяндайды. Бұл шамамен алғанда, 1510 жылдың соңында немесе 1511 жылдың басында болған.

Осылайша Қазақ хандығының құрылуы кезінде белсене араласып, одан кейінге кезеңдерде хандықтың күшеюіне өз үлесін қосқан Бұрындық хан XVI ғасырдың алғашқы жылдарында үлкен мемлекеттік дәрежеде көргендік көрсете алмайды. Елдік мүддеден жеке, тар мүддеге көшу оның беделін түсіртті, атақ-абыройын жоғалтты. Бұрындық ханның тағдыры әркімге де тарихи сабақ бола алады.

### **Қасым ханның Шайбани ханмен соғыстары және оның қорытындысы**

XV ғасырдың 70-жылдарынан бастап, Қазақ хандығының тарихында жаңа кезең басталды. Саяси тарих тұрғысынан қарасақ, бұл кезең Қазақ хандығының күшеюімен, нығаяуымен, ұлттық жер аумағының біріктірілуінің басталуымен сипатталады. Мұндағы ең басты оқиға Қазақ хандығының Сырдарияның орта ағысы бойындағы қалалар мен далаларды қайтару үшін Мауераннаһр билеушілерімен жүргізген күресі болды. Бұл күрес 1470 жылдан 1598 жылға дейін созылды. Бір ғасырдан астам уақытқа созылған соғыстың бірнеше кезеңі бар. Алғашқы кезеңі 1470–1520 жылдар аралығында өтті. Міне, осы кезеңде Қасым хан өзін ірі қолбасшы, әрі ірі мемлекет басшысы ретінде көрсетіп, замандастарының жазбаларында ұлы тұлға ретінде көрініс табады. Мұны сол кездегі тарихшылар да аңғарған. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулати: «Қасым ханның күшінің өскендігі соншалықты, Бұрындық хан туралы ешкім де ойламады» және «хандықты басқару мен ондағы бүкіл билікті өз қолына алды», – деп жазады.

<sup>1</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. Алматы. 1969. с. 217.

<sup>2</sup>Бұл да сонда.

Шайбани ханның келесі жорықтарынан хабардар болған Қасым хан оған алдын ала әзірленді. 1510 жылғы Шайбани ханның соңғы жорығында Қасым хан өз ордасын ішкері қарай, Ұлытау маңына қондырады. Және ордада аз күш қалдырып, негізгі күшін кейін шегіндірді. Оңай жеңіске масаттанған жау қаннен-қаперсіз бірнеше күн бойы ордада тойлайды. Осы тұста Қасым хан әскерлерін қарсы шабуылға шығарды. Қазақтардан мұндай қарсы әрекетті күтпеген жау әскері ешқандай қарсылық көрсете алмай, бас сауғалап, қашуға мәжбүр болды. Қазақтар жауын Ұлытаудан Сыр өңіріне дейін қуып, Сығанақ түбінде тас-талқан етеді. Шайбани хан әскерінің қалдықтары деректе жазылғандай, қорыққанан арттарына қарауға мұршасы келмей, Самарханға дейін қашып кетеді<sup>1</sup>. Бұған дейін ешбір жеңілістің дәмін татпаған Шайбани хан әскері Қасым хан әскерінен 1510 жылдың қысы мен көктемінде осылай жеңіледі.

Орта Азия билеушісінің бұл жеңілісін сол тұстағы тарихшы Балхи былай деп бағалайды: «Бір сөзбен айтқанда, Шайбани ханның үлесіне ірі жеңіліс тиді. Өзінің ең шырқау биігіне жеткен оның билігі енді құлдырай бастады». Көріп отырғанымыздай, Қасым хан тек қазақ елін құтқарып қана қойған жоқ, қарсыласы Шайбанидің белін үзіп, омыртқасын опырғандай соққы берді. Орны келгенде айта кетсек, Қасым ханнан жеңілген соң, Шайбани хан өшін айналасындағы сұлтандардан алып, олардың иеліктерінің бәрін өзгертеді. Өз кезінде бұған сұлтандар наразы болып, іштей қарсылық білдіреді, бірақ бірден сыртқа шығара алмайды. Сол жылы оның Бадахшанның таулы тайпаларына жасаған жорығы сәтсіз аяқталады. Күзде Мерв қаласында Иран шахы Исмайыл шах әскерінің қоршауында қалғанда, оған жалғыз Самарханнан келген Темір сұлтаннан басқа бірде-бір сұлтаннан көмек келмейді<sup>2</sup>. Сөйтіп, 1510 жылы күз айын-да ол қоршауда қаза табады, ал бірнеше жыл бойы Орта Азияны саяси бытыраңқылық жайлайды. Міне, Қасым ханнан жеңілген Мұхаммед Шайбани ханның және ол құрған мемлекеттің тағдыры осылай аяқталды.

Қасым ханның Шайбани ханды жеңуі оның ролін одан әрі өсіреді, сонымен бірге ол билеген Қазақ хандығының халықаралық жағдайы арта түседі. Жалпы алғанда, Шайбани хан жорықтарына қарсы күресі, оны талқандау – Қасым ханның қазақ халқы алдына сіңірген еңбегінің бірі.

<sup>1</sup> Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. 2-кітап. «Білім» баспасы, Алматы, 1997. 141-бет.

<sup>2</sup> Сонда. 142-бет.

Қазақ жұрты алдында беделінің жоғалғандығын көрген Бұрындық 1511 жылы Мауераннаһрға кетеді. Ешбір деректе жазылмаса да, осы жылдан бастап, Қасым ханның ресми хандық дәуірі басталды.

Қасым хан қазақ хандығында он жыл (1511–1521 жж.) отырды. Қазақ халқы үшін осы он жыл ішінде бірнеше хан ұрпағы атқаратын істі атқарып кетті. Ол хандық құрған жылдар ішінде қазақ елін, қазақ жұртын іргесіндегі көршіден бастап, алыстағы Еуропа елдеріне дейін танып білді.

Шайбани хан өлгеннен кейін, 1510–1513 жж. Орта Азияда саяси бытыраңқылық белең алып, Сыр өңірінде оның ықпалы әлсірейді. Сондай-ақ Жетісу мен Шығыс Түркістанда бір жарым ғасырдан астам өмір сүрген Моғолстан ыдырайды. Қазақ хандығы үшін қалыптасқан осындай қолайлы сәттерді шебер пайдалана білген Қасым хан Жетісуда, толығымен Сыр өңірінде қазақ хандығының билігін орнатты. Мұнда бір ескертетін жай, бұл аталған аймақтар ешбір ұрыссыз қазақ халқының этникалық жер аумағына енді. Себебі, мұндағы тайпалар қазақ халқының этникалық құрамдарының бірі болатын.

Ал XVI ғасыр басындағы Қасым ханның билігі тұсында қазақ халқының этникалық жер аумағының қалыптасу үрдісінің Жетісу, Сыр өңірлерінде бейбіт өтуі бірнеше мәнжайды ашады. Біріншіден, этникалық процестің біртұтас этноаумақта жүруі этникалық компоненттердің этно-психологиялық жағынан жақындауын тездетеді. Сол себепті Жетісу мен Сыр өңіріндегі этникалық топтар, саяси кедергілер жойылғаннан кейін, өзінің негізгі этникалық ұйытқысына қосылды. Екіншіден, мұндай күрделі істің қырғын соғыссыз өтуіне өз заманының ұлы қайраткері – Қасым хан себепші болды. Жеке адамдардың тарихи кезеңдердегі тарихи рөлін Қасым ханның атқарған қызметі арқылы түсінуге және түсіндіруге болады.

Қасым хан қазақ халқының жер аумағын қалыптастырумен қатар, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де күш салды. Оған дәлел 1513 жылғы оның Ташкентке жорық жасауы болды. Осы жылдары Ташкенттің Қазақ хандығына өтуі бірнеше мәселені шешкен болар еді. Біріншіден, Ташкентті алу арқылы Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен елді мекендердің бейбіт өмірін сақтау, хандықтың оңтүстік шекарасын қауіпсіздендіру және бір саяси кеңістіктегі Дешті Қыпшақ пен оңтүстігіндегі Сайрамға дейін Сыр өңірінің этникалық тұтастығын қамтамасыз ету, дамыту

болды. Екіншіден, дәл осындай мақсаттар Жетісуға да қатысты болды. Мауераннаһр тарапынан Жетісуға және Сыр өңіріне апаратын қысқа және төте жол Ташкент арқылы өтеді. Сондықтан да қаланың қазақтарға өтуінің әскери-стратегиялық маңызы болды. Үшіншіден, Қасым хан алдында саяси міндет 1513 жылдың басынан бастап қайта күшейе бастаған шайбанилық сұлтандардың күшін, Ташкент аймағындағы ықпалын әлсірету болды. Міне, осындай маңызды мақсаттар Қасым ханды Ташкентті алуға итермеледі. Жорықтың басталуына Сайрам қаласын өз еркімен Қасым ханға берген Қаттабектің ұсынысы түрткі болды. Бірақ та Қасым ханның Ташкентке жасаған 1513 жылғы жорығы сәтсіз аяқталды. Кейін шегінген қазақ әскері Ташкенттің солтүстігіндегі қала Сайрамға келіп тоқтайды. Уақытша болса да, бұл қала әскери-стратегиялық маңызға ие болды.

1513 жылдан кейін қайта бірігіп, күшейген Мауераннаһрдағы шайбанилық сұлтандар Қазақ хандығының Сыр өңіріндегі ықпалын жою мақсатымен 1516–1517 жылдың қысында жорық ұйымдыстырды. Бұл жолы қазақ ханы Қасым жаудан айласын асырып, шайбанилықтарға күйрете соққы береді. 1516–1517 жылғы оқиғадан соң Қасым хан қайтыс болғанға дейін Сыр өңірі мен Жетісу аймағындағы саяси талас-тартыс аяқталып, бейбіт өмір қалыптасады.

Қазақ хандығының солтүстігі және оңтүстік-шығыс бағыттардағы сыртқы саясатын сәтті аяқтаған Қасым хан 1517 жылдан бастап, күш-жігерін Батысқа – Жайық, Еділ бағытына жұмсайды. XVI ғасыр басында екі өзен аралығындағы Ноғай Ордасы ауыр саяси дағдарыста болатын, мырзалар, ру-тайпа көсемдері билік үшін өзара күресте мемлекетті толығымен ыдыратып, бір-біріне бағынбайтын дербес иеліктерге бөлініп кеткен еді. Ноғай мырзаларының өзара күресінен әбден шаршаған ру-тайпалар өздерінің этникалық ортасы, этникалық кеңістіктегі құрамдас бөлігі – қазақ этносына қосыла бастайды. Этникалық бірігу саяси тұрғыдан қолдауға ие болды. Қазақ ханы Қасым мұнда да көрегендік танытып, қазақ халқының этникалық жер аумағының қалыптасу үрдісін соғыссыз, бейбіт түрде жүзеге асырды. Тарихшы А.Исиннің зерттеулерінде кейбір ноғай мырзаларының 1519 жылы Еділдің оң жағалауына ығыстырылғандығы жөнінде айтылады. Ал сонда сол жағалауда Қазақ хандығының билігі жүре бастайды да, ол енді Астрахань хандығымен шектеседі. Өз кезінде бұл жағдай Қазақ хандығына Алтын Орда ыдырағаннан кейін, оның батыс бөлігіндегі саяси қарым-

қатынастарға белсене араласуға мүмкіндік береді. Және Қазан, Астрахань, Қырым, сондай-ақ Мәскеу князьдіктерімен осы тұста Қасым хан кезінде дипломатиялық қатынастар орнатылады<sup>1</sup>.

Алтын Орда мұрагері болуға ұмтылған Қазан, Қырым және Астрахань хандықтары бір-бірімен күресте өздеріне мықты одақтастар іздестіреді. Мәскеу князьдігі бұл кезде әлі де болса қуатты емес еді. Сондықтан да күшті одақтас Қасым хан деп танылды. Орыс деректерінде, 1520 жылы Қырым хандығына қазақтардан елші келгендігі айтылады. Жазба деректер бұл жөнінде мардымды ештеңе айтпаса да, осы жылдардағы үздіксіз болған байланыстар халық ауыз әдебиетінде жақсы сақталған. Тарихи, батырлық жырларда Қырым, Қазан хандықтарында, жекелеген батырларға байланысты көптеген оқиғалар баяндалады.

Бұрынғы Жошы ұлысы, одан кейінгі Алтын Орда жерінде XVI ғасырдың басында ең қуатты мемлекет Қазақ хандығы болды. Оның ханы – Қасым хан. Дәл осы кезде Мәскеу князьдігі Қазақ хандығымен байланыс орнатуға ұмтылды. Бұл байланыс арқылы Мәскеу қазақтар туралы, Қазақ хандығы және Қасым хан туралы көп мәлімет алуға тырысты. Өйткені енді-енді Алтын Орда езгісінен құтылған Мәскеу князьдарының есінде кешегі күн елестері көп еді. Олар Алтын Орда аумағында жаңа қуатты мемлекеттің пайда болуынан қатты сескенді<sup>2</sup>.

Мәскеудің Қасым ханға жеке көңіл аударуы, біріншіден, Қазақ хандығының қуаттылығына байланысты болса, екіншіден, оның мемлекет қайреткері ретіндегі рөліне байланысты туындаған деп санаймыз.

Ортағасырлық тарихшылар қазақ хандары ішінде Қасым ханнан басқа ешкімге көп баға берген емес. Бұл жай оның тарихи тұлғасын сол кездің өзінде-ақ көпшіліктің танығандығын көрсетеді. Ал ол туралы замандастарының пікірін тыңдап көрелік. Захир-ад-Дин Бабыр: «Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде 300 мың адам болған», – десе, Мұхаммед Хайдар Дулати: «Ол Дешті Қыпшаққа толық билігін таратты, оның халқы миллионнан асты. Жошы ханнан кейін бұл жұртта дәл мұндай күшті хан болған жоқ»<sup>3</sup>, – деп жазады. Ал Қадырғали

<sup>1</sup>«Егемен Қазақстан». 1996, 24 желтоқсан.

<sup>2</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. Алматы. 1969, с. 531.

<sup>3</sup>«Егемен Қазақстан». 1996, 24 желтоқсан.

Жалаири болса: «Жәнібек хан ұлдарының ішінде аса белгілі болған Қасым хан еді. Ұзақ уақыт атасының ұлысына патшалық етті. Төңірегіндегі уәлаяттарды өзіне қаратты», – дейді. «Қасым хан Дешті Қыпшақ аймақтарында өз билігін күшейткені соншалық, оның әскерінде 200 мыңнан аса адам болды», – деп Махмуд ибн Уәли баяндаса, Хайдар Рази: «1515–1516 жылдары Қасым хан Жошы ұлысын тәртіпке келтіргендігі сондай, бұдан артықты көз алдыңызға елестету мүмкін емес, оның халқының саны миллионға дейін жетті», – деп хабар береді. Ал Гафари деген тарихшы: «Қасым хан Дештінің ханы болды. Шайбани хан екеуінің арасында кикілжіндер болып, 1509–1510 жж. Шайбани хан оған қарсы аттанды, бірақ жеңіліс тапты», – деп жазады.

Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығы жайындағы хабарлар Еуропа елдеріне де жетеді. 1525 жылы Мәскеу князьдігі туралы кітап жазған итальяндық әдебиетші Иовий «Московияның шығысындағы көршілерді» жалпы атаумен «татарлар» деп, «олардың жер аумағы Қытайға дейін созылып жатыр», – деп түсіндірді. Бұл тұңғыш рет қазақ деген халықтың Еуропа халықтарына таныстырылуы, белгілі болуы еді. Мұнда, әрине, Қасым ханның рөлі айрықша орын алды.

Қасым ханның тарихи рөлі жоғарыда айтылған пікірлермен шектелмейді. Қасым ханның билігі тұсында бұрыннан қолданылып келе жатқан «Дешті Қыпшақ», «көшпелі өзбектер», «өзбек-қазақ» деген әр түрлі мәні бар атаулардың орнына бір ортақ этноним – «қазақ» және этносаяси термин – «Қазақстан» атауы қолданыла бастады.

1512–1513 жылдардағы оқиғаларды баяндайтын Мұхамед Талибтың «Матлаб ат-таблибин» атты шығармаларында алғаш рет «Қазақстан» термині айтылды. Одан кейін 1537 жылғы оқиғаларға байланысты Васфидің «Бадай ал-Вакай» еңбегінде де бұл термин тілге тиек болды. «Қазақ», «Қазақстан» атауларының көршілес елдердің тарихына енуі де Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының нығайғандығына байланысты болса керек<sup>1</sup>.

Қасым ханның қазақ билеушілерінің болашақ өкілдеріне қалдырған онеге жолы елдің саяси бірлігін сақтауы мен мемлекеттің ең басты көрсеткіші хандық билікті, қарулы күшті нығайтуы, оны мойындатуы еді. Жоғарыда келтірілген ортағасырлық авторлар мәліметтерінен біз осындай ойларды табамыз.

<sup>1</sup>«Егемен Қазақстан». 1996, 24 желтоқсан.



Қасым ханнан кейін, Қазақ хандығы үшін XVI ғасырдың 20–30 жылдары «уақытша әлсіреу» кезеңі болып табылады. Бұл кезеңнің тағы бір белгісі – саяси бытыраңқылық. Өйткені осы тұста Қазақ хандығына бірнеше хан бір мезгілде бірнеше аймақта билік етеді. Оңтүстік-Шығыс бөлікте – алдымен Тақыр, одан кейін Бұйдаш хандар билікте болып, негізінен, моғолдармен, қалмақтармен, қарым-қатынаста болса, батыс бөлікте Ахмет хан Ноғай тайпаларымен күрес жүргізді. Ал оңтүстік бөлікте Тоғым хан билеуші болып, негізінен, Мауераннаһрдағы және Хорезмдегі шайбанилар әулеттерімен қатынастар жасайды.

«Уақытша әлсіреу» кезеңіндегі саяси бытыраңқылықта бір мезгілде Қазақстанның үш өңірінде үш билеуші билік етті. Бұл XVIII ғасырдағы үш орданың пайда болуына алғы шарттар әзірлеген деп білеміз.

### **Хақназар ханның ішкі және сыртқы саясаты**

Қасым ханнан кейін Қазақ хандығы біртіндеп әлсірей берді. Сұлтандар мен басқа да феодалдардың өзара алауыздық қырқысында хандықтың мұрагері Мамаш хан 1523 жылы мерт болды да, үкімет Қасым ханның немересі Тақыр ханның қолына көшті. Жаңа хан алауыздықтарды тыя алмады. Сырдария бойындағы Шайбани әулетімен арадағы феодалдық соғыс сәтсіз аяқталып, Тақыр ханның Ноғай ордасымен ара қатынасы шиеленісе түсті. Осының барлығы ішкі берекесіздікті күшейтті. Феодалдық қанауға, берекесіздік соғыс ауыртпалығына, Тақыр ханның қаталдығына шыдай алмаған бұқара халық көшіп кете бастады. Тақыр хан Қазақстанның үлкен бөлігінде өз үстемдігінен айырылып, тек Жетісуда ғана билік құрып қалды. Мұнда қырғыздармен бірге сұлтан Сағид ханның Тянь-Шань мен Жетісудағы өз билігін қалпына келтірмек болған әрекеттеріне тойтарыс беріп отыруына тура келді. Осындай күрделі жағдайлармен бетпе-бет келген Хақназар хан (1538–1580 жж.) Қазақ хандығының сыртқы саясатын өзгерте бастады. Өзінен бұрынғы қазақ хандарымен жауласып келген Мауераннаһрдағы Шайбани әулетімен одақтасуға ұмтылды. Орта Азияның ең ірі қалаларының бірі – Ташкентті басып алуға бағытталған әскери қимылды тоқтатты. Сөйтіп, Шайбани әулетінен шыққан Бұхара ханы II Абдолла мен қазақ ханы Хақназар айырылмай дос болып, өзара көмектесу жөнінде анттасып, шарт жасасты. Хақназар ханның бұл дипломатиялық шарасы

өте орынды болды. XVI ғасырдың 60–70 жылдары соғыс қимылдары тоқтап, қазақтардың Орта Азия халықтарымен сауда-саттық қарым-қатынасы, экономикалық байланысы өрістеді. Мұның өзі Қазақ хандығының ішкі жағдайын жақсартуға, халық тұрмысының оңалуына мүмкіндік берді.

Бұхара ханы II Абдолланың (1557–1598 жж.) тұсында Ташкент маңын билеген Норазахмет (Барак) ханның баласы Баба сұлтан Бұхара хандығынан бөлініп шығуға әрекет етті. Қазақ ханы Хакназар өзбек хандарының өзара кырқысына араласып, біресе Баба сұлтанды, біресе II Абдолланы қолдап, екеуін де әлсіретуге, осылайша өзіне мол пайда түсіруге тырысып бақты. 1579 жылы II Абдолла Баба сұлтанға қарсы жорыққа шықты. Қазақ ханы Хакназар оны қолдады. Қазақ хандығы осының бодауына Абдолла ханнан Түркістан аймағындағы бірнеше қаланы қайтарып алды. Бұдан кейін Ташкент билеушісі Баба сұлтан Қазақ хандығына Түркістан, Сауран қалаларын берген кезде қазақ сұлтандары Баба сұлтанға да қолдау көрсетті. 1579 жылдың екінші жартысында қазақ сұлтандары өз әскерлерімен Ташкентке келді. Олар қайтадан II Абдолланың жағына шықпақ болып, Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы астыртын әрекет жүргізді. Бірақ бұны сезіп қалған Баба сұлтан Хакназар ханның екі ұлын өлтіреді. Қазақтар мен Ташкент билеушісі арасындағы қарым-қатынас шиеленісіп кетті.

Хакназар (Ақназар) хан хандықты нығайтып, біртіндеп Жайықтың сол жағалауындағы толып жатқан көшпелі ұлыстарды бағындырды. Жетісу мен Тянь-Шаньға көз тіккен Моғол ханы Әбдірашитке қарсы күресті одан әрі жалғастырды. Жетісудің шығысындағы ойраттар (қалмақтар) қысымға тойтарыс берді. Алауыздықтың бәсеңдеуі, ішкі саяси өмірдің нығаюы мал және егін шаруашылықтарының, сауда қатынасының өркендеуіне қолайлы жағдай туғызады. Орыс мемлекетімен саяси және экономикалық байланыс барған сайын кеңейді. 60–70-жылдарда қазақтардың Орта Азия халықтарымен бейбіт экономикалық-сауда қатынастары жанданды. Хакназар алауыздық күресте өзбек ханы II Абдолланы қолдап, Сырдарияның бірқатар қалаларын (Сауран, Түркістан) өзіне қаратты.

Сонымен бірге, XVI ғасырдың 50-жылдарының аяғынан бастап, Қазақ хандығы ноғайларға, Көшімнің Сібір хандығына, Орта Азия хандықтарына елеулі қауіп төндірді. Мәселен, 1558–1559 жылдары Орта Азияда болған ағылшын көпесі А.Дженкинсон «мұсылман дініндегі қассақтар»

туралы өте күшті және саны көп халық деген пікір айтқан. Ол өзі келерден бұрын қазақтар Ташкентті үш жылдан бері тықсырып келгенін және шабуыл жасау арқылы керуендердің еркін жүріп өтуіне кедергі жасап отырғанын хабарлаған. Бұл Ташкентке үнемі қатер төндірген Хақназар ханның қосындары болатын.

1573 жылы ағайынды Строгановтардың қатты өтінуімен Хақназар ханға Третьяк Чебуков бастаған орыс елшілерін жіберген кезде Иван Грозныйдың елшілердің алдына Қазақ хандығымен тікелей байланыс орнату мақсатын ғана емес, сонымен Сібір ханы Көшімге қарсы әскери одақ жасау мақсатын да қойғаны кездейсоқ емес.

Хақназар ханның кезінде Қазақ хандығының сыртқы саясаты кілт бұрылыс жасады. Керей мен Жәнібектен бастап, әрбір әмірші өзгенің жерін тартып алып, өз шекарасын кеңейтіп отырды. Ал Хақназар тұсында сыртқы саясат шарықтау шегіне жетті. Сыр өңіріндегі қалалар үшін қазақтар шайбанидтермен, одан кейін аштарханидтермен<sup>1</sup> шайқасты. Сойтіп, қазақ хандары ұлан-ғайыр аймаққа иелік етті. Әйтесе де, қазақ жеріне сырттан қызығып, сұғынушылар тыныштық бермеді. Дәл сол кезде Қазақ хандығының үш ордаға ыдыраған шағына дейін одақтар жасалып, шайбанидтермен коалицияға бірікті, сондай-ақ қазақтар орыстармен, ноғайлармен де одақтасты. Бұл тұста қазақ хандарының сыртқы саясатына тән екі кезеңді айтпасқа болмайды. Оның біріншісі – сыртқы саясаттағы күллі дәстүрлі бағыттарды бір жүйеге келтіру, екіншісі соғыс ашпай, өз қарамағындағы жаулап алған қолайлы жерлерді ұстап тұру үшін әскери әрекеттер жасау еді.

XVI ғасырдың екінші жартысында, әсіресе Тәуекел ханның тұсында (1582–1598 жж.) Қазақ хандығы саяси жағынан Хақназар кезіндегідей өрлеу үстінде болды. Тәуекел хан Орта Азияның сауда орталықтарына жол ашу ісіндегі Хақназар ханның саясатын жалғастырды. 1583 жылы Сырдариядағы Оңтүстік Қазақстан қалалары мен Ташкентті басып алды. 1598 жылы Самархан мен Бұхараға жорық жасау кезінде жараланып, қайтыс болды. Тәуекел хан туралы: «Тарих-и-Кипчаки» (Қыпшақ тарихы) атты еңбектің авторы былай дейді: «Қазақ Тәуекел Әбді-Момын ханды өлтіріп, Пір-Мұхаммед ханның<sup>2</sup> билік құра бастағаны туралы хабар

<sup>1</sup> Аштрахан Әулеті – Бұхар хандарының әулеті (1599-1753).

<sup>2</sup> Пір-Мұхаммед хан деп тегінде Дін-Мұхаммед ханды айтып отырса керек.

алған кезде ол Ташкент пен Мауераннаһрды бағындыру үшін (жолға) шықты. Ол әуелі Ташкентті қаратты, содан соң Самарханды басып алды және Бұхараға қарай бет бұрды. Пір-Мұхаммед хан ашық шайқасқа шығу мүмкін емес деп тауып, қамалға бекінді».

Шамамен жиырма күн бойы Тәуекел хан<sup>1</sup> және оның әскері Бұхара маңын тонады. Күн шығып, батқанға дейінгі уақыт аралығында екі жақтың арасында үнемі қақтығыстар болып тұрды. Ақыр аяғында қазақтар жеңіліс тапты. Тәуекел хан Самарханға шегінді. Бауыры Есім ханмен одақтасып, Пір-Мұхаммед ханмен шайқасуға әзірленді. Хан (оларды) тағы да шайқаспақ ниетпен қарсы алды. Осы кезде (оған) Дін-Мұхаммед ханның інісі Бақи-Мұхаммед сұлтан келіп қосылды. Хан оның келуін жақсылықтың нышаны деп жорыды және оған құрмет көрсетті. Екі жақ әскерлерінің арасында бір айдай қақтығыстар болып тұрды. Бір жолы Тәуекел хан түн жамылып шабуыл жасады. Кескілескен шайқас болды. Тәуекел ауыр жараланды.

«... Ол еш нәрсеге қол жеткізе алмағандықтан, ат тізгінін Ташкент жаққа бұрды. Сол жорықта Тәуекел хан о дүниеге асығыс аттанып кетті...»<sup>2</sup>.

XVI ғасырдағы қазақ-өзбек арасындағы ұзаққа созылған соғыстың қорытындысы қазақтар үшін де, өзбектер үшін де пайдасыз болды. Қазақ және өзбек билеушілерінің Қазақстанның оңтүстігіндегі маңызды сауда, қолөнер орталықтарын иемдену үшін ұзақ уақыт бойы жүргізген бұл соғыс ел ішіндегі өндіргіш күштердің дамуын тежеп, қалалардың экономикалық және мәдени өміріне, егіншілер мен малшылар шаруашылығына кесірін тигізді. Бұл соғыс бейбіт шарушалық қатынстарын дамытуға ұмтылған Орта Азия мен Қазақстан халықтарының мүддесіне қайшы келді.

## Тәуке хан және оның әскери реформасы

Бізге жетіп отырған тарихи деректерде Тәукенің туған жылы белгісіз, ал қайтыс болған жылы туралы ғылыми зерттеулерде қарама-қайшы пікірлер бар. Жарық көрген

<sup>1</sup>Тәуекел хан – Шығай ханның ұлы. 1581–1582 жылдары II Абдолланың сұлтандары қатарында қызмет етті. Одан Афаргенкентті еншіге алды. Бірақ көп ұзамай, Абдолланың ниетінің бұзылғанын сезіп, Дешті Қыпшаққа қайтып оралды. II Абдолла өлгеннен кейін Мауераннаһрға ие болуға әрекеттенді. Бұхара түбіндегі шайқаста жараланып, Ташкентке шегінді, сонда қайтыс болды.

<sup>2</sup>Материалы по истории Казахских ханств XV–XIII вв. Алматы, 1969, с. 394–395, 556.

тарихи әдебиеттерде Тәуке 1718 ж. дүние салды деген пікір тұрақты болып қалыптасқан. Ал қазақ тарихын зерттеуші ғалым В.А. Моисеевтің тұжырымдауынша, Тәуке ханның есімі орыс тарихнамасында сақталған құжаттарда 1716 жылдан бастап мүлдем кездеспейді. Оның ойынша, осыған қарағанда Тәуке хан 1715 жылы қайтыс болуы әбден мүмкін<sup>1</sup>.

Бұл мәселе болашақта қытай тіліндегі құжаттарды зерттеуде нақтылы анықталады деген ойдамыз.

Тегі жағынан алып қарайтын болсақ, Тәуке хан – Есім ханның немересі, Жәңгір ханның баласы. Шежіре түрінде былайша көрінеді: Керей – Бұрындық – Жәдігер – Шығай – Есім – Жәңгір – Тәуке. Одан Болат, Сәмке, Қосым, Қасым, Қошын, Ғайып, Мұрат, Тұрсын.

Бізге жеткен деректер мен аңыз-әңгімелерге қарағанда, Тәукенің әкесі Жәңгір хан бар өмірін қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан қорғаумен өткізген, өзі жауымен кезекті шайқаста ерлікпен қаза тапқан. Халық оны «Салқам Жәңгір» деп атап кеткен. Жәңгір хан туа біткен данышпан, көреген қайреткер және соғыстың әр түрлі айла-тәсілдерін, ұрыстың өзіндік ерекшеліктерін пайдалана білетін ірі қолбасшы ретінде танылады. Ол қазақ жерін сыртқы жаулардан қорғауға баға жетпес еңбек сіңірген, елінің тәуелсіздігін сақтау мақсатында келер ұрпақ алдына сүйіспеншілікке бөленген ірі тұлға болғаны ақиқат, тарихи шындық.

Әкесі Жәңгір ханның ерлікке толы қимыл-әрекеттері Тәуке ханның бойына дарығандығын аңғармасқа болмайды. Тәуке хан жас кезінен-ақ саясатқа жақын болған, әкесі оған жастығына қарамастан, сенімін артып, елшілікке жіберіп отырған.

Тәуке ханның тұсында, әсіресе, 1698–1715 жылдар аралығында қазақ жеріне жоңғар феодалдары баса-көктеп кіріп, бейбіт өмір сүріп жатқан көшпелі қазақ халқының кең даласын қанға бояды. Дәл осындай қиын-қыстау кезеңде Тәуке ханның ірі қолбасшылық, реформаторлық қасиеттері айқын көрінді. Ішкі әскери-стратегиялық саясатта Тәуке хан қазақ даласында шайқастың бірнеше тактикасын ойлап тауып, жаудың қарулы күштері мен жасақтарын әлсіретіп барып, ойсырата соққы беруді дағдыға айналдырды. Қазақ әскері негізінде Шыңғыс хан құрған әскери басқаруды қайта жандандырды. Орда хандары, батырлар, белгілі дінбасылар

<sup>1</sup>«Егемен Қазақстан». 1998, 10 желтоқсан.

мен қазақ билерінен тұратын әскери кеңес құрды. Әскерде қатаң тәртіп орнатылды. Әскерде басшылық ету онбасы, жүзбасы, мыңбасы болып қалыптасты. Мыңбасыға Тәуке ханның ұсынысымен, «Билер кеңесі» аса ерлік көрсеткен ақылгөй батырларды бекіткен. Бас қолбасшылық Тәуке ханның қолында болды. Тәуке ханның әскерінің жалпы саны соғыс жылдарында 80 мың сарбазға жетіп отырған. Ал бейбіт өмір сүрген кезеңде қысқы мерзімдерде хан ордасында, негізінен, 500–1000-ға жуық тұрақты жасақтар ғана болған. Олардың негізгі функциялары хан ордасын ішкі бүлікшіліктен қорғау және ханның қауіпсіздігін сақтаумен шектеліп отырған<sup>1</sup>.

Тәуке хан әскердің соғысу қабілетінің күшті болуына ерекше назар аударған. Соғыс өнерінің әр саласынан хабары бар адамдар жауынгерлерді арнайы дайындықтан өткізуді мақсат еткен. Дайындық барысында жауынгерлер ат үстінен садақпен оқ ату, аттан аударып түсіру, арқан тастау сияқты соғыс өнерін жетік меңгеретін болған.

Сыртқы саясатта Тәуке хан ең әуелі жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беру мақсатында көрші мемлекеттермен қатынасты нығайтты. Ең алдымен, Тәуке хан діні бір, тілі жақын көрші орналасқан Бұхарамен дипломатиялық қатынастарды биік дәрежеге көтерді. Екі ел арасындағы қақтығыстар, негізінен, бір-бірінің керуендерін тонаудан болып тұрады. Тәуке хан өзінің арнайы жарғысымен қазақ жерінен өткен Бұхара елінің керуен, саудагерлерін тонауға тыйым салды. Бұдан былай бұндай әрекеттер болған жағдайда кінәлі адамдар қатаң түрде жазаға тартылатын болды. Бұхарада Тәуке ханның бұл қадамдары жылы қабылданды, қазақ еліне жасаланып жатқан шабуылдар пышақ кескендей тоқталды. Бірақ Тәуке ханның Бұхара басшыларын жоңғар шапқыншылығына қарсы бірге күреске шақыруы ешқандай қолдау таппады, не болса да соғыстың артын бағу саясатын көздеген еді.

1694 жылы Тәуке хан Түркістанда Феодор Скибин, Матвей Тошихин деген орыс елшілерін сән-салтанатпен қабылдап, қазақ елінің әскери күшін көрсете отырып, келіссөз соңында оларға батыл түрде: «Түрік сұлтанының немесе Қызылбас (парсы) шахының менен, Тәуке ханнан несі артық? Олар да мен сияқты ғой», – деп сөз қайтарған екен. Бір сөзбен айтқанда ол қазақ елінің сол кездің өзінде барлық елдермен тең құқықтық жағдайда болуын талап еткен, отарлық саясаттың қандай түріне де үзілді-кесілді қарсы тұрған. Тіпті қазақ

пен орыс халықтарының арасында қақтығыстар болып қалған жағдайдың өзінде, өз халқының ұлттық ар-намысын аяққа бастырмауға тырысқан. Осыған бір дәлел, 1709 жылы Ресейде Кондратий Булавиннің туының астында болған мыңдаған орыс казактары І Петрдің жазаға тарту саясатынан қашып, Дон өзенінен өткен соң, қазақ даласына қарай бет алды. Бұлардың көбісі баукеспе қарақшылар, орыс үкіметінің заңы алдында жауапқа тартылу қажет, бірақ қолға түспей, қашып кеткен қауіпті қылмыскерлер тобы болған. Бұл қарақшылар Еділ мен Жайық өңірінде қоныс теуіп отырған қазақ халқына қырғидай тиеді. Қазақ елінің қонысын ғана тартып алып қоймай, бейбіт өмір сүріп отырған қазақтарға қарсы хайуандық, бассыздық, зорлық-зомбылық әрекеттер жасайды. Мылтықпен қаруланған орыс казактары көшпелі елдің өміріне ойран салды, еркін даланы қанға бояйды. Мұндай әрекеттерді естіген Тәуке хан тез арада «Билер кеңесін» шақырып, орыс қашқындарының бассыздық әрекеттерін тыю мақсатына Әбілқайыр сұлтан мен Бөгенбай батырды 30 мың сарбазбен жорыққа аттандырады<sup>1</sup>. Бұл жасақ өзінің алдына қойған мақсатын ойдағыдай орындайды. Көп шығынға ұшырамай, қысқа мерзім ішінде бассыздық жасаған қарақшыларды күл-талқан етеді. Қалған аз ғана құрамы Еділ өзенінің арғы жағына өтіп, әрең дегенде қашып құтылады. Осының нәтижесінде, қазақ елінің Ресей жағындағы шекарасы ондаған жылдарға дейін берік болып тұрған.

#### **§4. ҚАЗАҚ ХАНДЫғыНДАғы ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ӘСКЕРИ МІНДЕТ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ӨНЕРДІҢ ДАМУЫ (XV ғ. 2-жартысынан XVIII ғ. 1-жартысына дейін)**

Түркі елдерінде ер адамның басты міндеті отбасын қорғау мен мал-мүлкін сақтау және соғысқа қатысу еді. Көшпенділердің өмірінде әскери дәстүрдің үлкен маңызы болды: әскери бағыныштылық – дала ережелерінің ең басты, маңызды тармағы. Дала тұрғындары, негізінен, қаруланған адамдар болды. Мейлі, аңға шықсын, мейлі, көңіл көтеруге, серуенге барсын, ешқашан садақ, жебе және қанжарсыз жүрмеген. Қаруланып жүру тек қана заңды хұқық емес, сонымен

<sup>1</sup> Сәкен Өзбекұлы. Тәуке хан және Жеті жарғы. «Егемен Қазақстан». 1998. 10 желтоқсан.

қатар міндет болып табылды. Мысалы, халықтық жиналыста қарусыз адамның даусы есепке алынбады, кішілер оған құрметтеп орын бермеді<sup>1</sup>.

Қазақтардың тұрақты әскері көп болмады, ру-тайпалық жасақтар керек кезінде тез жиналып отырды. Ру-тайпалық жасақтардың өзін-өзі басқаратын әскери бірлігі болды. Оның басшысы ру басшысы болып есептелді. Әрбір әскери жасақтың өз таңбасы мен ұраны болды. Осындай бір-біріне тәуелсіз жасақтардың бірқатар бөлімдері ұлыстық жауынгерлер санын құрады. Ұлыс басшысы ұлыс әскерінің басшысы болып табылды. Оның өз туы, өз ұраны болды. Хан біріккен әскердің жоғарғы қолбасшысы болып, жауынгерлік құраманы жеке-дара басқарды. Хандар өз өміріне төнген қауіп пен қиындықтарды жауынгерлермен бірге көрді. Бұл жерде Қасым хан мен Бұрындық ханның соғыста жаралы болуын, Хақназар хан мен Мамаш, Әбілқайыр хандардың ұрыста қаза табуы және Тәуекел ханның шайбанилерге қарсы жүргізілген 1598 жылғы жорықта жаралануы мысал бола алады.

Ру-тайпалық әскерді қару-жарақпен қамтамасыз ету әскер басыларының негізгі міндеті болды. Оны хан өзі шайқас алдында қатал тексеріп, тиісті бағасын берген. Мысалы, 1428–1429 жылдары Әбілқайыр ханның Моғолстан жағына жорыққа аттанысы кезінде: «Ұлыстың<sup>2</sup> барлық қолбасшылары мен әскербасылары белгіленген уақытта өздерінің ондықтарымен, жүздіктерімен және мыңдықтарымен Аттила өзенінің жағасында қасиетті жасаққа қосылсын» деген хан жарлығы берілді де, Әбілқайыр ханның өзі әскерлердің қару-жарағын, сауыт-сайманы мен шайқас құралдарын тексерумен айналысты. Жеңіспен оралған әскерлерге ол берекелі қазынадан жалақы төледі<sup>3</sup> деп көрсетілді.

Қазақ хандарының мемлекетінде жалпыға бірдей әскери міндет енгізгендіктен, олардың саны өте көп болған.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-ир-Рашиди» шығармасында Қасым ханның Әндіжанға бет алғанда әскер құрамында үш жүз мың (300 000) адам болған<sup>4</sup>, Махмуд ибн Уәлидің «Бахр-әс-Асрар фи-Манакіб-әл-Ахиар» («Қайы-

---

<sup>1</sup>Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. «Рауан», Алматы, 1992, с. 339.

<sup>2</sup>Ұлыс – әкімшілік өлшемі (облыс, аймақ).

<sup>3</sup>Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. Алматы, 1969, с. 358-361, 551-552.

<sup>4</sup>Сонда. 352-353-бет.



рымды адамдардың жоғарғы қасиеттері жөніндегі құпиялар теңізі») шығармасында: «Қасым ханның Дешті Қыпшақ уәлаятындағы армиясында екі жүз мыңнан (200 000) астам атты әскер болды»<sup>1</sup> – делінген.

Қасым хан Шайбани ханмен көп соғысты.

1598 жылы Тәуекел ханның Мауераннахрға жүргізген жорығында, әскер қолының құрамында өз қазақтарымен бірге «Ташкент пен Түркістанның сұлтандары, қырғыздар мен қыпшықтар» болғаны айтылады. Осы жорықта Қазақ хандығының әскер саны 90–10 мың адам болған. Махмуд ибн Уәлидің айтуынша, Қазақ ханы Тұрсын, Мұхаммед, Аштар ханид Иманқұл ханға қарсы 100 мың әскер шығарған, оның ішінде 10 мың қырғыз тайпалық жасағын құрғандар<sup>2</sup>.

Сөз болып отырған кезеңдегі қазақтардың, басты қаруы қылыш пен садақ болған. Соғыс қаруларының басқатүрлерінен қарсыласын ерден құлату үшін жасалған ілмегі бар ұзын найзалар, қанжар, семсер, айбалта айтылады. Шайбанидің деректерінде, мысалы, Дешті Қыпшақпен соғысушы сұлтан былай суреттелсі: оның кеудесінде аспан түстес көк қалқан, басында жылтыраған дулыға, белі қылыш ілінген белдікпен буылған. Қару-жарақтың негізгі түрлерін қазақтар өздері жасаған. Жебені олар ақ қайыңнан, садақтың тартпасын жылқының қылынан жасаған. Қазақтарда атылатын қару түрі көп болған. Қоспалардан дәрі жасай білген, сонымен бірге Ұлытаудан және басқа жерлерден өндірілетін қорғасын мен мыс рудасынан жеке оқ жасай білген.

Көшпенділердің әскери қарулануының бас белгісі – Ту. Ол соғыс кезінде кем дегенде екі қызметті орындады: бірінші, ол – қасиетті белгі, екінші, ұрыс кезі мен сапта әскерге түрлі белгі беру үшін пайдаланылған. Әрбір тайпаның, ұлыс сұлтанның, ханның тулары болды. Дәстүр бойынша, тудың ханда болатын ең жоғарғы саны – тоғыз. «Тоғыз тулы хан» туралы айтқанда, халық көз алдына өте күшті билеушілерді елестететін. Орта ғасыр авторларының айтуынша, алғашқы қазақ билеушілері «тоғыз тулы хандар» болған. Ту әскер қолбасшысының тек сыртқы белгісі емес, сонымен бірге әскери атақ пен даңқтың белгісі болатын. Негізгі туды бейбіт уақытта мемлекеттік қасиетті нәрсе ретінде ұқыпты сақтап, тек соғыста ғана шығарған. Әдетте жоғарғы қолбасшыдан

<sup>1</sup>Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. Алматы, 1969, с. 352–353.

<sup>2</sup>Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы, «Рауан», 1992, с. 341.

кейінгі әскердегі бірінші адам сұлтан не беделді би жорықта әскери тудың сақтаушысы болып тағайындалған. Ту ерек-ше жасаққа тапсырылады. Шабуыл кезінде нағыз ұрыс қарсыластың туы үшін жүргізіледі. Ту ұстаушы жауынгердің өлімі әрқашан жауынгерлер арасында абыржу туғызатын, ал негізгі тудың құлауы не жоғалуы әскердің жеңілгенін білдіретін.

Соғысқа алынған әрбір жауынгердің кем дегенде екі аты және өзінің соғыс жорықтары болды. Далалық көшпенділердің атты әскерлері жылдамдығымен ерекшеленетін және жаңа шабуылға тез күш жинай алатын.

Шабуылға үлкен ұқыптылықпен дайындалған – барлық қару-жарақтарын сакадай сай етіп қойған. Ұрыс алдында жауынгерлер аттарына жабу жауып, қалқандарын қорғанысқа әзірлеген. Өздерін басқадан айыру үшін қолдарына өз әскери туының түсімен бірдей белгі (байлауыш) байлаған. Белгіленген уақытта ту ұстаушы негізгі туды көтерісімен, әскер жауына қарсы аттанады.

Міне, екі жақ жақындап қалды. Екі жақтан естілген ұранның да қаттылығы сонша, аспан мен жер тітірегендей болатын. «Қайсарлық алаңында» бірінші болып атақты батырлар бірін-бірі ұрысқа шақырады. Көргендердің айтуынша, шабуыл кезінде Дешті Қыпшақтар арасында өз басын ұмытып кететіндер көп кездеседі екен. Олар қауіпті елемейді, тек алға шабады, ойланбастан жауын баудай түсіреді. Деректерде түрік-монғол көшпелі тайпалардың соғыс өнері туралы айтылғандар да аз емес. Мысалы, егер қолбасшылар тапсырма берген жағдайда, атпен соғысуды қажетсіз деп тапса, жауынгерлер атының тізгінін беліне байлап алып, жауға қарсы жебе-оқтарын жаудыртып, бірге алып жүретін үш аяқты «мосыағаштармен» жолын бөгейді. Егер жау оларға ойламаған жерден тап бермесе, әскер жасақтарын майданға бейімдеп үлгермесе, бір-бірінің сыртын айналған бірнеше шеңбер құруға тырысады. Соғыста жүріп, «түркі дәстүрі бойынша» осылай бірнеше шеңбер құрады.

Дешті Қыпшақ көшпенділері шабуылда тұлғама немесе тұлғамыш деп аталатын тәсілді қолданған. Бұл екі сөз де «тұлғама» – «айналдыра қоршау, қарату» деген түркі етістігінен шыққан<sup>1</sup>. Тұлғама ұрыс жүргізу тәсілі – жауды қоршап алып, қоршаудағы жауға не оның тылына шабуыл жасау. Бабыр өзінің қолжазбаларында тұлғаманы Дешті Қыпшақ

<sup>1</sup>Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы, «Рауан», 1992, с. 344.

өзбектерінің шабуылдағы ұлы өнері ретінде көрсетеді. Бабырдың 1501 жылы Шайбани ханмен соғысында мынадай үзінді бар: «Екі жақ жақындаған кезде, жау біздің оң қанаттан ту сыртымызға өтпек болды; мен айбарлы топты соларға бұрдым; талай айқасты бастан кешірген біздің жайсаң сарбаздарымыз алдында бір адам қалдырмай жайпады. Жұлқынып шыққан жаудың бетін қайтарып, оз ортасына қарай ығыстырдық; жаудың сескенгені сондай, Шайбани ханның кексе аксүйектері: «Кетуіміз керек, тіресетін уақыт өтті» деді. Бірақ Шайбани хан міз бақпады.

Жаудың оң қанаты біздің сол қанатымызды ығыстырып, ту сыртымызға шықты. Біздің алдыңғы шебіміз оң қанатта қалып қойды да, майдан шебіміз қорғаусыз қалды. Жаудың адамдары алдымыздан да, артымыздан да тиісіп, жебені боратты. Бірақ бізге жәрдемге келген моғол әскерінде соғыс күші жоқ еді. Олар жаумен шайқасқанның орнына біздің адамдардың аттарына жармасты, кейбірін атынан аударып та тастады. Бұл бірінші рет емес еді; жеңіске қол жетсе, тонауға кіріседі, ал өздері жеңіліп бара жатса, өз адамдарын аттан аударып, дүниесіне жармасады.

Жауға қарсы әлденеше рет ұмытылып, ығыстырып, тықсырып тастадық та; біздің алдыңғы қатардағылар шабуылға да шықты. Ту сыртымызға өткен адамдар таяу келіп, алды-артымыздан атқылағанда біздің адамдар дүрлігіп қалды. Өзбектердің шайқастағы үлкен өнері – тұлғама. Тұлғамасыз оларда бір де айқас өтпейді. Олардың шабуылындағылардың тағы бір әдісі: алдыңғылары мен соңғылары, бектер мен нөкерлер садақты тартып, бірден лап қояды, кейін шегінгенде де ретсіздік көрсетпей, қапталдасып зымырайды»<sup>1</sup>.

Бабырдың айтуынша, қыпшақ даласы тұрғындарының бір шабулы да тұлғамасыз өтпейді. Осы жерде Бабыр Дешті Қыпшақ көшпенділерінің тағы бір соғыс тәсілі туралы айтады. Бұл шабуыл тәсілінің мәні мынадай: бектер мен нөкерлер бәрі бірдей қарсыласының жағына қарай бар күшімен шабады, оқ атады, кенеттен аттарынан түседі де, кері бұрылып, тізгіндерін жібере салып, шашыла шабады.

Бұл кезде жауынгерлік ерлік жоғары бағаланды, кім

---

<sup>1</sup>Бабыр Захир ад-Дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. Алматы, «Ататек», 1993. 110–111-беттер.

бәрінен көп «бас шауып, қан төксе», сол көшпелі мемлекетте үлкен құрметке ие болды. Соғыстағы жеке ерлігі үшін, соғыс қимылдарын ұтымды басқара білгені үшін құрметті батырға баһадүр<sup>1</sup> атағы берілген. Ерекше шабуылдарға, ұрыс дала-сының көп реткі батырларына, XV ғасырдағы деректің куәландыруынша, толыбатыр (толыбаһадүр – толық батыр, яғни шексіз қайсарлық) деген атақ берілген. «Батыр» сөзі атақ ретінде жауынгер есіміне қосылды.

Мұндай құрметті атақты өзінің жауынгерлік ерлігі үшін кез келген көшпелі жауынгер ала алады (ол қатардағы жауынгер немесе бекзада, сұлтан болуы да мүмкін). Көне жазбаларға қарағанда, қазақ ханы Тәуке де, Абылай да батыр атанған.

Жауынгерлік заманда қазақтардың әскери қызметінің өзіндік еркешелігі: әскери міндет, бағыныштылық дала ережелерінің басты әрі маңыздысы болды.

Ру-тайпалық жасақтар керек мезгілінде жиналып тұрды. Оның басшысы ру басшысы болып, әр жасақтың өз таңбасы, ұраны болған. Осындай тәуелсіз жасақтар бір құрамға бірігіп, ұлыстың жауынгерлер санын құрайды. Хан біріккен әскердің жоғарғы қолбасшысы болды. Ұран екі түрлі болды. Бір тайпаның өз ұраны, екіншісі – бүкіл әскерге тән ортақ ұран, яғни ұлыстық ұран. Соғыс кезінде көбінесе екі сөзден құралған ұран белгіленген, яғни айқасқа бет түзеген екі адамның алғашқысы ұранның бір сөзін айтса, екіншісі сол ұранның екінші сөзін айтуға міндетті болып, дос пен дұшпанды ажыратып отырған<sup>2</sup>.

Қарулас әскери қол жорыққа аттанарда аттың жал-құйрығын түю арқылы өзара серттен қайтпаудың шартты белгісін білдірген. Түркі тілінде «түй» сөзінің ант, серт деген ауыспалы мағынасы бар. «Ат құйрығын түйісу» дәстүрінде серттесіп майданға шығу деген ұғым бар.

XV–XVII ғасырларда қазақ әскерінің оң қанаттағы жауынгерлері оң жақта, сол қанаттағы жауынгерлері сол жақта, орта тұсы ортада болып, әр тайпа өз орындарын хан белгілеген тәртіппен алып жүрген. Орны жоғарғы тайпа (белді тайпа) жасағы оң қанатта соғысқан.

<sup>1</sup>Баһадүр – бастапқы мағынасында ұрыс алдында жауды жекпе-жекке шақыратын батыр, ер, яғни феодалдық әскери-көшпенді ақсүйек өкілдері атақтарының бірі. Батыр, ер дегендер жалпылама мағынасында қолданылады.

<sup>2</sup>Бабыр Захир ад-Дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабасқұлы. Алматы, «Ататск», 1993.

Жаудан қорғану үшін мықты қамал тұрғызып, сыртын айналдыра ор қазып, оны сумен толтырған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде, 1643 жылы Жетісу қазақтары тау шатқалдарын берік қорғанысқа айналдырып, жауға тұтқиылдан соққы берген<sup>1</sup>.

Қарсы жауды жеңу үшін ұлыстың мақсатына сай, жер және уақыт жағдайын, инженерлік тосқауылдарды ескере отырып, атыс аймағын не атыс жүйесін әзірлеген<sup>2</sup>. Мысалы, 1643 жылы қазақтардың 600 сарбазы Орбұлақ шайқасында 50 мың жоңғар әскерін тоқтатуы осыған дәлел<sup>3</sup>.

Қазақ хандарының әскері, негізінен, атты әскер болған. Атты әскер ауыр, орта, жеңіл болып бөлінген. Ұрыстарда бұл әскер тобы шешуші рөл атқарып, жекпе-жек шайқастарда пайдаланылған. Түркі елдерінде жеңіл түрі кең дамыған. Олардың атты әскерінде шалымдылық пен айлакерлік өте жоғары болған.

Көшпенділердің кез келген жауынгерлік жорығы атпен байланысты болып келеді. Қазақ хандары XV–XVII ғасырларда арнаулы атты жасақ ұстаған. Олардың құрамы жаугершілік заманда 3000-нан 5000-ға дейін жеткен. Қазақ атты жасақтары жазда жиналып, қысқа қарай ханды қорғайтын аз ғана сарбаздан басқасы тарап кетіп отырған.

Тұрақты әскері жоқ қазақ қауымында ерекше жағдайда жасакталған қалың қолды сарбаз (парысша: басшыға еруші) деп атаған. Оларды жүзбасы, мыңбасы, ал жалпы әскерді сардар басқарған<sup>4</sup>.

Атты әскерге қарағанда, әскердің байырғы әрі негізгі түрі – жаяу әскердің сан құрамы басымырақ болған. Бұл әскер уақыт талғамай, кез келген жерде табан тірескен ұзақ ұрыс жүргізе алған. Олар әскердің өзге түрлерімен қоян-қолтық қимыл жасай отырып, шабуылға шығады, жау тұрағын (позициясын) басып алады, қорғаныс кезінде жау шабуылын тойтарып, бекінген тұрағын берік ұстап тұра алады, қарсы шабуылға шығып, дұшпанға ауыр соққы беру міндеттерін атқарады. Олар қалқан, сауыт, дулыға секілді қорғаныс құралдарын иемденген. Дұшпанға соққы беру үшін ауыр және орта жаяу әскер түрлері жинақы, түзу шеп құрып соғысқан. Жаяу әскердің міндеті – әскердің негізгі бөлігін қалқалау. Садақшылардан жасалған, жеңіл жаяу әскер ұрысқа шай-

<sup>1</sup>ҚСЭ. 4-том, 346-бет.

<sup>2</sup>ҚСЭ. 1-том, 567-бет.

<sup>3</sup>«Қазақстан Сарбазы». 1993, 13 маусым.

<sup>4</sup>ҚСЭ. 10-том, 30-бет.

қас қызыған кезде қосылған. Атыс қаруының дамуына байланысты, жаяу әскер кейіндеп, қайта үстемдік алды.

Соғысқа кірмес бұрын қазақ әскербасылары қалай шайқасулары керектігін ханмен бірлесіп ойласқан. Әскердің көсем-басшылары соғысқа қатыспай, алысырақ тұрған және оның айналасында әйелдер, жас жігіттер тұратын болған.

Кейде олар жау жағы әскер саны көп екен деп ойласын деп, атқа адамның қуыршақ бейнесін мінгізіп қойған. Көбінесе олар жаудың қарсы алдына тұтқындардан құралған әскерді жіберген. Ал шындалған күшті әскерді алыстан, оң және сол қанаттан жіберген, олар бұл әдісті жау көрмеу үшін қолданған. Осы әдіспен жауларын ортаға қамап, қоршауға алған. Бұл әдісті Дешті Қыпшақ көшпенділеріне және жоңғарлардан қорғану үшін қолданылған қазақ халқында әскери үрдіс ретінде қалыптасып қалған.

Тарихи деректерде түркі-қазақ көшпенділерінің соғыс өнері туралы аз айтылмаған. Мысалы, Плато Карпини мен Гильмо де Рубруктың айтуы бойынша, түркі-монғолдар әскери қактығыстарда, қиын жағдайларда өте айлакер, жол тапқыш болған. Егер олар алдарынан өзен кездесіп қалса, әдісін тапса, жауынгерлерін де, аттарын да, мүліктерін де оңай алып өткен. Ауқаттылар дөңгелек, жұмсақ тері торсық иеленеді. Олар теріні дөңгелек қап тәріздендіріп тігіп, ішіне киім, мүліктерін салады да, бір-бірімен ұштастырып байлайды. Ортасына ер, басқадай заттарды қойып, адамдар үстіне отырады. Осы әдіспен жасалған қайықты адамдар ат құйрығына байлап, оны жүзуге пайдаланған. Кейде екі ескек алып, есе отырып, арғы бетке өткен. Ал аттарын мына әдіспен алып өткен: жақсы жүзетін бір адам атын жетектеп суға түседі, басқа барлық аттылар соның соңынан жүзіп өтеді. Ал кедейлері теріден мықтылап тігілген қалта немесе қапшық ұстаған. Мұны алып жүруге кез келген әскери адам міндетті болған. Онымен де жоғарғыдағы әдіс бойынша жүзіп өткен.

Алдыңғы әскер легін жау көріп қалса, оған жақындап барып, садақпен бірнеше рет атқан. Жау сескенбесе, оны алдау үшін кейін шегініп, негізгі әскердің торылуына ілестіріп келген, сойтіп, қоршауға түсірген. Егер жаудың күші аса басым екеніне көзі жетсе, одан бір немесе екі күндік жерге қаша шегініп кетіп, басқа жасырын жолға түсіріп, торуылдай жүріп, қырғынға ұшыратқан. Егер бұл әдіспен ала алмаса, он-он екі күндік жерге шегініп кетіп, қауіпсіз бекіністі жерге орналасып, бөлшектеніп жеткен жауды жеңу амалын тапқан. Әскердің саны аздық етсе, әйелдер мен бозбалаларды және

адам кескініндегі қуыршақтарды атқа қондыру арқылы жауға көп етіп көрсеткен. Бұл әдіс әдетте қарсыласына үрей туғызады. Егер жаулары басым түссе, олар жауларына қуалауға жол берген. Бір-бірінен бөлінген кезде іздеріне түсіп қуа жүріп, майдандағыдан бетер қырғынға ұшыратқан<sup>1</sup>.

Мұндай айла-тәсілдер қазақ халқының жоңғарлармен қақтығысында көп байқалады. Мысалы, Сарысу бойындағы Айран төгілген деген жердегі қазақ-жоңғар тартысында қазақтар жағы «ай қораланды», «қоян қашты» дейтін әскери әдістерді пайдаланған. «Ай қораланды» ұрысы – жауын айналдыра қоршап алып, сонан соң біртіндеп қыса түсу болған<sup>2</sup>. «Қоян қаштыда» өздері әдейі қашып, бөлініп қуған жауды қоршап алып, жойып жіберіп отырған.

Қазақтардың әскери өнері көшпелі өмірдің әсерімен, көршілес елдермен тұрақты атыс-шабыстарда, сыртқы жаулардың шапқыншылығынан қорғану барысында шыңдалады. Ұрыс өнері тек жай ату, шабу, найзалау ғана емес. Мақсат тек жеңу болғанмен, оған да үлкен әдіс-амал керек. Ол – соғысқа қатысқан адамды көп шығындамай, аман алып шығу. Көссіз ерлік жасау, қызбалық жасау соғыста абыройға жеткізе бермеген. Бұлай істегендер өз жағынан да жазаланып отырған. Қазақтар өздері жетілдірген осындай айла-тәсілдерді қолданғандықтан, жоңғарлар, зеңбіректері болғанымен, жетістікке жете бермеді. Осының нәтижесінде, қазақ елі үшін тарихи маңызы бар ұлы жеңістерге қол жетті. Ол жеңістер – 1643 жылғы Орбұлақ шайқасы, 1718 жылғы Аягөз өзенінің жанындағы, 1728 жылғы Бұланты өзені бойындағы–Қарасиырдағы жеңіс, 1730 жылғы көктемдегі Балқаштың оңтүстігіндегі Аңырақай шайқасындағы жеңістер.

---

<sup>1</sup>Плано Карпини, Гильома де Рубрук. Путешествия в восточные страны. Алматы, 1993, стр. 45–46.

<sup>2</sup>Қазыбек би Тауасарұлы. Түп-түқияннан өзіме шейін. Алматы, 1993, 233–234-беттер.

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖОҢҒАР ХАНДЫҚТАРЫ  
АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫС ЖӘНЕ ЖОҢҒАР  
ХАНДЫҒЫНЫҢ КҮЙРЕУІ  
(1635–1758 жж.)**

**§1. ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСЫНЫҢ ҚЫСҚАША  
ТАРИХНАМАСЫ**

Бүгінгі күні кеңестік империя ыдырап, коммунистік қағидалар келмеске кетіп, уақыт әр нәрсені өз орнына қойып жатқан заманда бұрын бұрмаланып келген қазақ-жоңғар соғысы туралы шындықты қалпына келтіру керек.

Қазақ елінің өткендегі тарихында елеулі із қалдырған, дүркін-дүркін үзілістермен 100 жылға жалғасқан қазақ-жоңғар соғысын жазуда оқушылардың қалың көпшілігіне арналған еңбектерде 1729–1730 жылдардағы Аңырақай шайқасына дейінгі кезеңде 1711, 1718, 1723–1727-жылдардағы қазақтардың жоңғарлармен соғысын жазғанда қазақтардың елін, жерін қорғауын, ерен ерліктерін төмендетуге тырысушылықтың бар екенін байқаймыз. Тіпті қазақтардың жеңісін бұрмалап, қазақтар халық ретінде жоқ болып құрып кетер еді деп жазғандар да болған. Қазақ хандығы жойылды, қазақтар түгел босқын болды деп көрсетуге ыңғай білдірген пиғылдар да болды. Мысалы, М. Тевкелевтің<sup>1</sup> Ресейге жазған бір хабарламасында: «қазақ елі Ресей империясының құрамына алынғанша ит қуған қояндай кең далада безіп жүрген, еш-қашан тыныштық көрмеген еді. Қашып, босып жүріп, малынан да, тіпті кейде қатын-баласынан да айырылып, өз бастарын сақтау үшін бас паналайтын жаққа кетті. Жоңғар қалмақтары шапқанда былай қашты, башқұрттар шапқанда кері қашты. Ал Еділ бойындағы қалмақтар мен Жайық бойындағы орыс, Сібірдегі орыс-қазақтар бас салғанда, барар жер, басар тау таппай қалды» деген сөзі сақталып қалыпты.

Тевкелевтен кейін орыс тарихшылары қазақ-жоңғар соғысын жазғанда қазақтардың мемлекеті жоқ болып кетті, қазақтар елін, жерін қорғаған халық емес, «ресей империясының қарамағына алынғанша ит қуған қояндай кең далада безіп жүрген» деп, аңдарға теңеуден бастады.

<sup>1</sup>Тевкелев Мәмбет (Құтлымбет) – орыс патшасының қазақ даласына 1732 ж. жіберген елшісі, ұлты башқұрт, христиан дінін қабылдаған адам.



Ал жалпы алғанда, бас-аяғы жарты ғасырға созылған қазақ-жоңғар соғысы, Тевкелевтің пікірінше, тек Ресейге қосылудың алғы шарты болды делініп, қазақтың өз алдына дербес өмір сүре алмайтынының бір белгісі ретінде ғана қарастырылды. Осы секілді жалған пікірлер Ш. Уәлихановтың еңбектерінде де кездеседі. Қазақ-жоңғар соғыстарының бірі болған 1723 ж. оқиғаны Ш. Уәлиханов тым әсірелеп: «Қанқұмар Жоңғарлар өкшелей қуған қазақтар бейне бір үріккен киіктей жол бойы дүние-мүлкін, жүре алмай қалған жас-балаларын, қарттарын, арық малдарын тастап... босып кетті...»<sup>1</sup> – деп жазған еді.

Ал қазақ КСР тарихының I-томында: «1723 ж. Жоңғар шапқыншылығында Орта жүз бен Ұлы жүз руларының көпшілігі қатты күйзеліске ұшырап, мал-жандары қырылды. Ел топ-топ болып бас сауғалап, Оңтүстік пен Шығысқа қарай қашты. Тек Ресеймен қарым-қатынастың күшеюі, орыстардың туысқандық қалтықсыз көмегі қазақ халқының азаттық күресіне көмектесіп, оларды жау тепкісіне қалу қаупінен құтқарып қалды»<sup>2</sup>, – дейді.

Анығына келсек, қазақтар «үріккен киіктей» немесе «ит қуған қояндай» қаша бермеген. Ол туралы архивтік деректер орыс ғалымдарының еңбектерінде, қазақтардың батырлар жыры және шежірелерде де бар. Солардың ішінде: Томск Мемлекеттік университетіндегі ғылыми кітапханада сақталған тетрадь Зюнгар шежіресі материалдар 18 лл 15-73; Россия Сыртқы саясатының архиві (АВПР), Қырғыз-қайсақ істері қоры, 1743, 3 іс; Россия Сыртқы саясатының архиві қоры. АВПР, Ф. Зюнгарские дела, д. 4 , 1756 года, лл 17-235; АВПР, Ф. Киргиз-кайсацкие дела, 1758, д. 4. л 110-200; фонд Зюнгарские дела по 113-1, 1752-1753 гг. Д. 5 лл 3-42 Россия сыртқы саясатының архиві (АВПР), қырғыз-қайсақ істері; бас архив, 1-9; қорлар;

Ежелгі актілер орталық мемлекеттік архиві (ЦГАДА РФ), 119-құжат, қалмақ істері; қырғыз-қайсақ істері; 349, 1100, 1267, 1274;

Омбы облысының мемлекеттік архиві, фонд 3, 19, 67, 270, 366, 662, 1089;

АВПР. фонд Сибирские дела по 130/2, 1746-1754 гг. Д. 1. лл 4-80;

АВПР. фонд Зюнгарские дела по 113/1, 1753 год. Дело 2. лл 6-11;

<sup>1</sup>Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. Алма-Ата, 1995, с. 427.

<sup>2</sup>Қазақ КСР тарихы, I том, 1957, 232-бет.

АВПР. фонд Зюнгарские дела по, 113/1, 1758 год. Д 4 лл 2-32; тағы басқа да корларда қазақ халқының ерлік соғыстары баянадалған. Мысалы, Хроника Дацинской династии годов, правления императора Гао-Цзун Токио, 1937, Цзюнь (глава) с. 512; (Да Цин Гао-Цзун Чин Хуанди Шилу) цз 548 лл 4-13; цз 780 лл 14-35;

«Циньдин пиндин Чжуньгер фанлюс «Чженбень» цз 27. лл 21-216; цз 28 лл 5-66; Да цин Гао Цзунь Хуанди Шилу» цз 520, л. 8.

Жоғарғыдағы материалдарды пайдаланған жапон ғалымы Зокота «Ресей және Орта Азия» деген кітабында сол құжаттарға сүйеніп, былай жазады: «сол кездегі жоңғарлар Орта Азиядағы ірі сахара патшалығы болды. Оларға ұйғырлар қарсылықсыз бағынды. Қырғыздар бір мезет қарсылық көрсеткенмен, сұрапыл тегеурінге төтеп бере алмады. Ал ұзақ жылдар бойына жоңғарлармен табан тірескен қазақтар ғана болды. Жоңғарлар қазақ елінің шығыс және оңтүстік жағындағы бірсыпыра кең-байтағын басып алды».

Бір айта кететін мәселе қазақтардың «ит қуған киіктей немесе қояндай қашқаны» туралы сөз жоқ. Архив құжаттарымен қоса, қазақтардың 1723 ж. өз жерін ерлікпен қорғағаны туралы орыс авторларының, соның ішінде «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей» под руководством Щербины Ф.А. (Том-12, Воронеж. 1898–1909 жж.) деген еңбектің 1-12 томының барлығында қазақтардың өз жері мен елін ерлікпен қорғағанын көреміз. Мәселен, Ф.А.Щербина: «Шідерті өзенінің жоғарғы жағында уездің оңтүстік-батыс бұрышындағы «Шүршіт қырған» қыратымен уездің оңтүстік-шығысындағы «Қалмақ қырылған» тауы-қазақтар мен қалмақтар арасындағы Павлодар уезінің жерінде болған сондай қырғындардан қалған мәңгілік ескерткіш»<sup>1</sup>, – дейді.

Ф.А. Щербина қазақ батыры қамал бұзғыш Олжабайдың ерекше бір қасиеті жайында айта келе, мынандай қызықты дерек келтіреді: «Олжабайдың тастан қашалған бейнесі ретінде сақталған сол соғыстың ескерткіштері қазіргі уақытқа дейін бар. Қазақтардың айтуынша, оның жеңіске жеткен жеріне ескерткіш қоятын әдеті болған»<sup>2</sup>.

<sup>1</sup>Щербина Ф.А. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по пользованию степных областей Семипалатинской области Павлодарского уезда. 4-том, Воронеж. 1923, с. 4–5 (ары қарай Ф.А.Щербинаның көрсетілген еңбегі).

<sup>2</sup>Ф.А. Щербинаның көрсетілген еңбегі, 4-том, 120–121-беттер.

Олжабай батырдың қалдырған ескерткіштерін қазіргі Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Жезқазған, Шығыс Қазақстан облыстарынан да кездестіреміз. Қазақтар өз жері, өз елін ерлікпен қорғағаны туралы Қазан төңкерісіне дейінгі жарық көрген тарихи еңбектер де кездеседі. Солардың ішінде: «Хронологическая справка по истории завоевания Средней Азии. С приложением списков георгиевских кавалеров и получивших золотые оружия «За храбрость». Ташкент, изд. Штаба Туркестанского военного округа, 1909. 36 с; 1л схем. То же изд 2-е, 1910.

«Перселенческие участки степных областей: Тургайской, Уральской, Акмолинской и Семипалатинской». СПб, 1907. 168 с.с. лл.

«Летопись события в Туркестанском крае (1155–1879 гг) Краткое описание Ташкента, Верного, Ферганы и др городов». СПб 1879.

Дело Посольство к Зюнгарскому хун-тайчжи Цеван-Работану капитана от артиллерии Ивана Унковского и путевой журнал его за 1722-1724 годы – Записки ИрГО по отделению этнографии. СПб. 1887, X том, вып 2. с. 193.

Потов. Очерки по истории алтайцев. М. 1960.

М.Я. Бичурин (Иакино) Собранные сведения по исторической географии Восточной и Средней Азии. Чебоксары. 1960.

Златкин И.Я. Русские архивные материалы об Амурсане. Филиология и история монгольских народов. М., 1958.

Осы еңбектерге сүйеніп, қазақ тарихын жазған М.Тыншыбаевтың айтуына қарағанда, барлық қазақтар біркелкі дәрежеде «Ақтабан шұбырындыға» ұшырамаған. Әсіресе, Ұлы жүздің ішінде қоныс аудару болмаған<sup>1</sup>. Бұл өңірге шығыстан ығысып келген кейбір тайпалардың бөлігі ғана Сырдарияның төменгі жағына қарай қарақалпақтармен бірге көшкені белгілі дейді<sup>2</sup>. Қазақтардың түгелдей босқынға ұшырамағанын, өз жерінде жаумен табан тіресе соғысқанын көреміз.

«Өтеген батыр» жырында Орта жүз бен Ұлы жүздегі дулат, жалайыр, албан, найман руларынан әскер жасақталғаны жайында айтылады. Дулаттардың біразы Сарысуға қоныс аударған кезінде Өтеген солармен бірге кетпекші болғанда, ақын Өтегенге арнап:

<sup>1</sup>Шалекенов У.Х. Ертедегі және орта ғасырдағы қазақ жеріндегі қалалар. ҚазМУ хабаршысы, Тарих сериясы, N 12, 1999, 20-бет.

<sup>2</sup>Сонда.

*Ақтабан болған алыс жол,  
Бұл сапардан сескенем.  
Атыңның басын кейін бұр,  
Күтеді көмек ел сенен<sup>1</sup>, –*

деген халықтың сөзінен Өтеген шыға алмай мойынсұнады. Орта жүз Ұлы жүзге, үйсіндерге көмекке келеді.

*Екі жүздің баласы  
Төмен қарай бір ықты.  
Елді қорғап өлімнен,  
Жауға қарай қол шақты.  
Қолды бастап, найза ұстап,  
Өтеген батыр ол шықты<sup>2</sup>, –*

дейді. Қазақтардың жоңғарлармен соғысын айта келе, белгілі ғалым У.Шалекенов өз еңбегінде: «1723 ж. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» көбірек ұшыраған Қазақстанның оңтүстігі болып, осы жерге шығыстан ығыстырылып келген кейбір қазақ тайпалары Сырдарияны төмендей көшіп, Мұғалжар тауына дейін барған»<sup>3</sup>, олар онша көп болған жоқ деген қорытынды жасайды.

Шындығына келсек, 1723 ж. жоңғарларға іргелес отырған найман, керей, үйсін руларының ішінара жоңғарларға бағынуы қазақ елінің болашағына қатер бұлтын төндіргенмен, бірақ ол алғашқы кезеңде ел тағдырын шешетіндей басты оқиға бола қойған жоқ. Өйткені 1723 ж. көктемде дулат, шымыр, жаныс рулары әлі қысқы қыстауында еді, дәлірек айтқанда, олардың қыстаулары Ташкент төңірегіндегі Сарыағаш маңайы болған. Қарақамыс аталатын жерде де шымырлар, жаныстар қыстаған еді. Ал Ұлы жүздің жаз жайлауы – Билікөл, Аккөл, Шу маңайы. Арқадағы Ұлытауға дейін әлі көшіп келе қойған жоқ болатын.

Қазақ хандығының жасақтары (әскерлері) 1723 ж. Түркістан, Ташкентті тастап шегінгенмен, қазақ хандығы жойылған жоқ, қазақтар өздерінің мемлекеттігін сақтап қалды. Ал Ш. Уәлиханов айтқан «...Шошынған ел (қазақтар) сайғақтың үйіріндей дүние-мүлкі мен мал-жанын тастап, түстікке қашқан, Орта жүз Самархан маңына, Кіші жүз Хиуа

<sup>1</sup> Қазақ тарихы жырларының мәселелері. Алматы, «Ғылым», 1979, 156-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда. 155-бет.

<sup>3</sup> Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата, 1960. с. 148–149 или Вестник КазГНУ №12, Алма-Ата, 1999. с. 20.

мен Бұхараға дейін барып тоқтағаны»<sup>1</sup> туралы құжат жоқ. Ш.Уәлихановтың бұл сөзі тарихи шындық емес, Ұлы жүз бен Орта жүз негізінен, өздерінің ата-қонысында жоңғар шапқыншылығы кезінде де қала берді. Сондағы аңғарғанымыз—1723 ж. жоңғарлардың алғашқы шабуылында Ш.Уәлиханов айтқандай, Орта жүз Самархан, Кіші жүз Хиуа мен Бұхара маңына шегінбеген, өздерінің ата қонысындағы қыстауында болып, әлі жайлауға көшпеген.

Тағы бір көңіл аударар мәселе, ол тарихшылардың тілге тиек етіп жүрген «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» сөз тіркесі мен «Елім-ай» өлеңі. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» тіркесін жер аты жоқ мақал-мәтелдерге ұқсас пайдаланады. Ал «Елім-ай» жыр-өлеңіне келсек, ол — ел бірлігін сақтап, азаттық жолында күш біріктіру, мемлекетті сақтау идеясы. Өлең Түркістанды қорғау кезінде шыққан көрінеді. Сонымен, бұл өлең қазақтың «ит қуған қояндай қашқаны» емес, Отанды, жерді, мемлекетті, елді қорғауға шақырған үндеуі еді. Осындай Отанды жаудан қорғауға шақырған үндеулердің басқа түрлері де болған. Батырларды, азаматтарды жауға қарсы тұрар ерлікке шақырып, бірлікті дәріптеу, батырларды намысқа шақыру үндеулері көп болған. Мәселен, соның бірі:

*Қатын-бала, бауырың жауда кетті.  
Қаратаудан қатал жау бермен өтті.  
Қайдасыңдар, қазақтың батырлары?  
Жасақ бастап, алсаңшы жаудан кекті?, —*

деп, жазықсыз қатын-баланың көз жасы үшін ата жаумен соғысқа аттан деген үндеуі еді. Осындай үндеулер хундар заманынан бар. Ол халықты жауға тойтарыс беруге шақырады. Кейбір деректерге қарағанда, ел қорғауға үндеу түрі хундар заманынан бар десек, мәселен, біздің заманымызға дейінгі 121 жылы Хо Цюнь-Бин басқарған қытай әскерлері хундарды Еңілік (Яньчжун) тау мен Цилян тау алқабынан ығыстырып шығарғанда, туған жерінен босып келе жатқан хундар ата-мекенімен қоштасып, өлең шығарғаны белгілі. Өлең мәтінінің қытай жылнамаларының жазбаларында сақталып қалған («Қара таудың басынан көш келедіге» ұқсайды) төрт жолы төмендегідей:

<sup>1</sup>Валиханов Ч. Собр. соч. в 5-и томах. I том. Алма-Ата, 1961, с. 426–427.

<sup>2</sup>Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, «Ғылым», 1979, 70-бет.

*Еңілік тауынан айырылды,  
Қыз-келіншектеріміз Еңіліксіз қалды.  
Цзянь тауынан айырылды,  
Алты түлік малымыз қысыр қалды!*

Жау шапқыншылығының салдарынан тозған хундардың ұрпақтары қазақтардың «Қара таудың басынан көш келеді», «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген тіркес сөздері тарихи өлеңге, термин үндеуге айналғанын да байқауға болады және бұл өлеңдердің композициялық құрылысы да бір-біріне қайшы келмейді. Тек «Қара таудың басынан көш келеді» өлеңін өз алдына бір нұсқа, халыққа үндеу деп қарау керек.

Сонымен, «Елім-ай» өлеңі қазақ халқының түгелдей босқынға ұшырағанын көрсетпейді. «Елім-ай» өлеңі өзінің көркемдік кестесі, бейнелеу әдісі мен тәсілі жөнінен тарихи жағынан гөрі әсерлі сезім өрнегімен өріле келіп, лирикалық жанрға жақын деп атап көрсеткіміз келеді. Жалпы, үндеу жырлары қазақтар мен қалмақтарға, орыстарға да тән болған. Қалмақтарда үндеуді аңырау, жылау жыры деген, орыстарда «Слово о полку Игореве» дейді. 1730 ж. Аңырақай шайқасында қазақтардан жеңілген жоңғарлардың жылап-еңіреп, аңырау жырын айтқаны белгілі:

*Ойхой-ойхой-ойхой-ай!  
Қалың қалмақ жайлаған.  
Мыңғырта мал айдаған,  
Желілеп бие байлаған,  
Сарыарқа сайран жер қайда?  
Аққу-қаз қонған көл қайда?  
Қалың қалмақ ел қайда?  
Ұзын аққан Шу қайда?  
Сарысу, Балқаш су қайда?  
Желкілдеген ту қайда?  
Ұзын аққан Шу кетті,  
Сарысу, Балқаш су кетті,  
Айдын көлден су кетті.  
Желкілдек ту құлады,  
Жайсаңдар тегіс сұлады,  
Жетім-жесір жылады.  
Аналар қалды аңырап,*

<sup>1</sup>Материалы по истории Сюнну по китайским источникам. М, 1968, с. 147-148.

*Иесіз мал жамырап,  
Үйлер қалды қаңырап,  
Күніміз ылғи түн болды,  
Заманымыз сұм болды,  
Тірі қалмақ кім болды?  
Қалмақ ұлы құл болды,  
Қалмақ қызы күң болды,  
Жігеріміз құм болды,  
Ойхой-ойхой-ойхой-ай!<sup>1</sup> –*

деп анырайды. Елінің қайғылы тағдырын еске алатын осы бір қалмақ әйелдерінің жыры қазақтың «Елім-айын» қайталайтын секілді. Ал орыстарға келсек, «Слово о полку Игореве» және оған қоса кешегі 1941 ж. соғысқа шыққан «Священная война», «Вставай, страна огромная» сияқты үндеу-өлеңдерді еске алсақ та жеткілікті.

Сонымен, 1723 ж. қазақтар жоңғар шапқыншылығы кезінде «ит қуған қояндай кең далада безіп жүргені» туралы ешқандай дерек жоқ, тек жалған пікір бар. Қайта Қазақ хандығы бірлігін сақтап, сыртқы жаудан ел мен жерді қорғау үшін бір тудың астына жиналған. Қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасқанын, елдігін дәлелдеген кезең болды деуімізге толық болады.

Тарихнамаға қатысты екінші бір шешілетін мәселе ол–Абылай және қазақ әскерлерінің мыңбасыларының жоңғар соғысына қатысуына байланысты жазылған еңбектердегі кемшіліктеріміз туралы. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газеті (1989 ж. 1 қаңтарда) «1725–1727 жылдары Бөгенбай батыр Абылай ханмен бірге қазақтың астанасы Түркістанды және Сауран қаласын жоңғарлардан босату соғысын басқарды» дегенді айтады. Ал тарихи фактіге жүгінсек, Абылай 1725 ж. бар-жоғы он төрт жаста. Әлі 15-ке толған жоқ, Төле бидің түйесін бағып жүрген кезі болатын. Абылай туралы ел есінде сақталған деректерде оның 1711 ж. Шыңғыс әулеті Уәлидің шаңырағында дүниеге келгені айтылады<sup>2</sup>. Олай болса, 1725ж. Абылайды Бөгенбай батырмен бірге Түркістанды қорғауға қатыстыруымыз тым ертерек сияқты.

Бөгенбайдың Сабалақты (Абылайды) Төле биден сұрап алып, майданға қатыстыруы XVIII ғасырдың отызыншы жылдарының басы болса керек.

<sup>1</sup>Әбілдас Бактияр. Аңырақай шайқасы. Қазақ батырлары.

<sup>2</sup>Сүлейменов Р. Абылай. Аңыз бен ақиқат. «Қазақстан коммунисті» журналы. 1991, №2, 53-бет.

Қазақ КСР Ғылым Академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты шығарған «Батырлар жырының» I-томының алғысөзінде әйгілі ғалымдарымыз Қ.Жұмалиев пен М.Ғабдуллин: «1726 ж. Сарысудың батыс беті Бұланты өзенінің бойында Қанжығалы Бөгенбай батыр бастаған қазақ қолы қалмақтарға қарсы соғыс ашып, үлкен жеңіске ие болды. Бұл жеңістің мәні зор, өйткені мықты жаудың беті қайтты, жеңілушілердің көңілі өсті. Бұрынғы «оларды жеңуге болмас» деген жалған лақап, жалған сенімдердің күлі көкке ұшты», – деп жазған. Әрине, бұл ұрысқа Абылай қатыспаған.

Аңырақай шайқасын айта келе, белгілі тарихшы Рамазан Сүлейменов Абылайдың қазақ-қалмақ шайқастарына қатысып, батырлар сайысындағы жекпе-жекте Шарышты 1231 ж. жазында мерт қылғанын айтады<sup>1</sup>. Бұл уақытта Абылай 20 жаста, ал Абылайдың жекпе-жегі туралы Шәді төре Жәңгірұлының (1855–1933) «Тарихат» деген дастанындағы төмендегі төрт жолдан тұратын өлеңінен аңғаруға болады:

*«Сажакөз сауытының қойған нәмі,  
Болаттан шығыршықтың еді бәрі.  
Абылай хан атқан оғы тесіп өтіп,  
Серіштің тілге келмей шықты жаны»<sup>2</sup> –*

дейді. Сондай-ақ, 1982 ж. «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақ тарихының» 3-томының 21-бетіндегі мәлімет бойынша 1723–1725 жж. халық жасақтарын басқарған батырларды айта келе, Кіші жүздің батыры Тайлақ, Орта жүзден Бөгенбай батыр, Ұлы жүзден Саурық батырларды айтады және «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарындағы күрестердің қаһармандары болды дейді. Бұл шындық емес. Саурық батыр ол кезде туған жоқ. Саурық батыр шамамен 1814 ж. Қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген<sup>3</sup>. Саурық батыр – Қоқан хандарының шапқыншылығына қарсы күресте 1846 ж. қол бастаған қазақ батыры (қараңыз: ҚСЭ, 10-том, 61-бет). Сол секілді Тайлақ деген батырдың да сол кезде өмірде болғаны туралы тарихи деректер жоқ. Бірақ әйтеуір осылай болу керек деген болжаммен бұл оқиғадан жүз жыл кейін өмір сүрген Саурық

<sup>1</sup>Сүлейменов Р. Абылай. Аңыз бен ақиқат. «Қазақстан коммунисті» журналы. 1991, №2, 54-бет.

<sup>2</sup>«Егемен Қазақстан», 1999, 25 тамыз.

<sup>3</sup>Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, 1979, 252-бет.



батырды да қосып жібергеніміз артық. Тағы да сол Қазақ КСР тарихының 3-томындағы 18-бетте: «1723 ж. шабуылда жоңғар әскерлерінің жалпы саны 100 мың адамға жетті»,<sup>1</sup> – дейді. Бұл – ақылға сыйымсыз сан. Жоңғарияның гүлденген кезеңінде 600 мың адам өмір сүрді<sup>2</sup> десек, 1723 ж. қазақ жеріне шабуылға үлкен екі тайпа: Іле өзені бойындағы шорстар, Қара Ертіс бойындағы дөрбіттер қатысты. Әрқайсысында шамамен 200-250 мың адам болған. Ал торғауыттар, шамамен 250 мың адам, Еділ өзенінің төменгі ағысына қоныстанған болатын. Ал хұшоуыттар Үрімші маңынан Тибетке барып қоныстанған еді (шамамен 200 мың адам). Бұл тайпалар 1723 ж. Қазақ жеріне шабуылға пәлендей әскер қосқан жоқ. Сонда қазақ жеріне шабуыл жасауға жоңғарлардан 28-30 мың адам қатысты. Бұны халықтың 7-8 пайызы әскерге жарамды деген ғылыми қорытындыға байланысты беріп отырмыз.

Қазақ КСР тарихында: «Орыстардың туыскандық қалтықсыз көмегі қазақтарды жау тепкісінде калудан құтқарды»<sup>3</sup>, – деген де шындық емес. Орыстардың әрекетін өз көзімен көрген жауынгер жырау Қожаберген сыншы Толыбайұлының былай деп күйіне айтқаны белгілі:

*Мылтығын орыс, қытай қалмаққа сатты,  
Айдап сап малғұндарды қоқаңдатты.  
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,  
Орыстар қамалдарын салып жатты»<sup>4</sup>.*

Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы Отан қорғау соғысының белгілі батырының бірі жырау Қожабергеннің даусыз тарихи куәлігі осындай.

Біраз мақалаларда жоңғар батырларын Батый хан батырларымен шатыстыру бар. Мәселен, «Социалистік Қазақстан» газетінде (1991 ж. 16 ақпан), «Егемен Қазақстан» газетінде (1999 ж. 8. VI) Боралдай батыр туралы жазғанында да жаңсақтық кездеседі. Қалмақтарда Боралдай батыр 1710–1758 жылдары соғысқа қатысқан жоқ.

Рашид-ад-Диннің айтуынша, Бұрындай (Боралдай) 1237 ж. Батыйдың Руське қарсы монғол әскерлерінің оң қанатын басқарған адам. Оның 38 мың жауынгері болған. Оның әскерлерінің негізі Толы ұлысынан шыққан болатын.

<sup>1</sup>Қазақ КСР тарихы, V томдық. 3-том. Алматы, «Ғылым», 1982, 18-бет.

<sup>2</sup>АВПР. Ф. Зюнгарский, д 4; 1756 г, л 235.

<sup>3</sup>Қазақ ССР тарихы, I том, Алматы, 1957, 232-бет.

<sup>4</sup>«Егемен Қазақстан». 1992, 21 қараша.

Бұрындаймен (Боралдай) бірге жорықта Толының ұлдары Мөнке мен Беген де болған<sup>1</sup>. Бұрындай (Боралдай) әскерінің ордасы 1236 ж. қазіргі Алматы қаласының оңтүстік-шығысында қыстап шықты<sup>2</sup>. Содан бері бұл жер Боралдай деп аталады.

1236 ж. көктемде Боралдай (Бұрындай) батырдың әскері Шымкенттен батысқа қарай 30 шақырым қашықтықта жатқан Ордабасы тауының етегіндегі өзенге келіп тоқтайды. Ол өзен күні бүгінге дейін Боралдай батыр атымен аталады.

Сол секілді оқу құралдарының да қазақ, қалмақ батырлары жайында жазғандарында жаңсақтықтар кездеседі. Мәселен, «Исторический опыт защиты Отечества» атты еңбектің (Алматы, 1999 ж.) «Войны с джунгарями в XVI–XVII вв.» бөлімінің 67-бетінде 1723 ж. қазақ жеріне шабуылға қатысқан қалмақ түмендерін Халдан Цереннің ұлдары Лама Доржи мен Цеван Доржи, жиені Әмірсана басқарды дегенді айтады. Ал тарихи фактіге жүгінсек, бұл жылы Әмірсана не бары 7 жаста, Лама Доржи 3 жаста, Цеван Доржи әлі тұмаған болатын. Ол 1723 ж. дүниеге келген<sup>3</sup>. Ал «Қазақ батырлары» газетінде (1991 ж. 10 мамыр) Райымбек батыр туралы көп жаңсақтықтар жіберілген. Онда Райымбек бабамызды «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына да, кейінгі Анырақай шайқасына да қатыстыра береді. Райымбекті Қабанбай, Бөгенбай батырлармен тұрғылас, үзеңгілес етіп көрсетеді. Ал шын мәнінде, бұл батырдың «Ақтабаннан» кейін туғанын, Қабанбай, Бөгенбай батырлармен оның атасы Хангелді батыр замандас болғанын, ал жиырмадағы жас Райымбек елуінші жылдардағы қазақ жерін азат ететін соңғы жорықтарға ғана қатысқанын айтқымыз келеді.

Қорыта келгенде, қазақ пен қалмақтың соғысы тек қана екі көшпелі халықтың соғысы еді деген түсінік тарихи шындыққа жанаспаса керек. Шын мәнінде олардың артында Цинь империясы мен Орыс империясы тұрды. Бұл халықтар шығыс пен батыстағы осы екі империяның саяси ойыншығына айналды.

Бұл империялар өз мақсаттарына жету үшін екі мемлекетті бір-біріне айдап салу арқылы әлсіретуді көздеді. Сөйтіп, қытайлар жоңғарларға, ал орыстар қазақтарға өз ықпалын

<sup>1</sup> Кошесв В.Б. Еще раз о численности монгольского войска в 1237 г. Вопросы истории. 1993, №1.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Бичурин М.Я. Историческое обозрение ойратов и калмыков с XV столетия до насто-ящего времсни. Санкт-Петербург, 1834. с. 105.

жүргізіп, бағындырып алуды ойлады. Әдебиетте жоңғарлар қазақ елінің жеріне қызықты, малына жайылым іздеді, сауда жолына қызықты, қазақ елін құл қылуды көздеді деген себептер айтылды.

Сөз жоқ, мұндай себептердің бары рас. Ал шын мәніне келсек, көшпелі халықтардың соғысы екі халықтың ғана өзара саясатынан туындамаған-ды. Қос империяның қыспағына түскен халықтардың соғысы империялық саясаттың да нәтижесі болатын. Сол дәуірдегі Азия даласындағы екі ірі жауынгер халықтың соғысы бір-бірін әлсіретті, қалжыратты, жоңғар мемлекеті жоқ болды. Ал қазақ халқы мемлекетігінен айырылуға аз-ақ қалды.

Түйіндей келсек, сол ауыр жылдарда қазақтың ел қамын, мемлекеттің мүддесін ойлаған билері, хандар мен батырлары халықты қазақ жерін басқыншы жаудан азат ету жолындағы нағыз Отан соғысын бастады. Енді сол қазақтар соғысқан жоңғарлар кімдер, олардың шыққан тегі, ата мекені мен қазақ шекарасына келу тарихына қысқаша тоқталайық.

## **§2. ЖОҢҒАР, ОЙРАТ, ҚАЛМАҚ СӨЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ЖОҢҒАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ**

Қазақ және Жоңғар хандықтары арасындағы соғыстарды баяндаудан бұрын жоңғарлар, ойраттар, қалмақтар кімдер, олардың шығу тегі, ата мекені, қазақ шекарасына келу тарихы, ұлт болып қалыптасып, мемлекет құру тарихына, даму кезеңдеріне біраз тоқталып өткеніміз жөн болар деп есептейміз

### **Жоңғар халқының қалыптасуы**

Қазақша қалмақ, ойрат, қытайша элюттер, орысша зюнгар (жоңғар) деген атаулардың бәрі – бір халық. Қалмақ деп түркілер батыс монғолдарды айтатын болған. Олар өздерін ойраттар дейді, қытай кітаптарында элюттер деп аталады. Қалмақ деген сөз В.В.Бартольдтің тұжырымдауынша, мұсылман кітаптары ішінде Шараф-ад-Дин Иаздінің 1425 ж. жазылып біткен Зарафнамасында, мукадимасында бұл сөз түркілердің «қалу» деген етістігінен, ойраттардың отқа табынушылары қатарында қалғанына байланысты сияқты. Ал «ойрат» деген сөздің шығу тарихы әлі анықталмаған. Мон-

ғол зерттеушілерінің бірі бұл сөз «жақтастар» деген ұғымды береді десе, енді біреулер «ойрат» «орман адамдары» дегенді білдіреді деп тұжырымдайды. Бұл сөз ешқандай да ұғымға сәйкес келмейді дейтін зерттеушілер де бар.

Айналып келгенде, қалмақ, ойрат, элют және жоңғар (сол қанаттағы адамдар) деген сөздер чорос, хошауыт, торғауыт, дөрбэт деген батыс монғолдардың аттары. Олар XIV ғ. 2-жартысында «ойраттар одағын» құрып, монғол хандығының қол астынан кетіп, өз тайпаларының басқаруында болды.

И.Я. Златкиннің айтуынша, сол уақытта олар шығысында Хангай тауының батыс жоталары, оңтүстігінде Гоби шөлі, батысында моголстан, терістігінде Ертіс пент Енисей аралығындағы онша үлкен емес аймақты жайлаған. Батыс монғол тайпалары өзара қақтығысатын еді, кейде бастары бірігіп қалатын, сондай күшейген кездері көршілерін шабатын. Олардан көп шапқыншылыққа ұшырайтын Монғолия еді. XV ғасырдың ортасында қалмақтарды қайратты да, іскер Тоған (1418–1440), оның ұлы Эсен тайша (1440–1455 жж.) басқарды. Ол ойрат тайпаларын біріктіріп қана қоймай, өз билігін бүкіл Шығыс Монғолияға таратты. Эсен тайша өлгеннен кейін (1455 ж.) олардың саяси қуаты да уақытша таусылды. Алайда ойрат билігі онша ұзаққа созылған жоқ. XV ғ. 2-жартысында Монғолиядағы билігінен айырылды<sup>1</sup>.

Шығыс Монғолияның қалқа тайпаларынан жеңілген ойрат тайпалары өздерінің бұрынғы өріс-қоныстарынан айырылып, топ-топ болып қоныс аударуға мәжбүр болды. Олар бірте-бірте қазақ даласына – Ертіс, Іле, Жетісу, Алтай, Тарбағатай өңіріне ене бастады. Бұл арадағы жайылымдық жерлер үшін жергілікті тайпалармен қақтығысты. Бұл кезде бытыраңқы ойрат тайпалары қазақ хандарының шапқыншылығына ұшырады.

Өздерінің алғашқы шабуылдарында сәтсіздікке ұшырап, қазақ хандығынан жеңілген ойрат тайпаларының бір бөлігі XVI ғ. Қазақ хандығына бағынып, тәуелді болды. 1598 ж. Тәуекел өзін қазақ және қалмақ ханы деп жариялады.

Сонымен, ойраттар алғашқы кезде Енисейдің бас жағында тұрды. Қырғыздардың жақын көршісі болды және одақ құрды. Ойраттар мен қырғыздардың Моғолстанға (Жетісуға) жорығы 1470 ж. болды<sup>2</sup>. Осы қозғалысқа қатысқан қырғыздар сол кезде Моғолстанның оңтүстік бөлігінде Тянь-Шань тауында

<sup>1</sup>Қазақ Совет Энциклопедиясы. 4-том, 474-бет.

<sup>2</sup>Бартольд В.В. Собр. соч., V том, 1968, с. 215.

орналасты<sup>1</sup> және осында қоныстанып қалды. Қырғыздардың қазақтармен жақындасуы оларда ислам дінінің орнығуына әсерін тигізді<sup>2</sup> және қырғыздар ойраттардан қол үзді.

### Жоңғар хандығының құрылуы мен сыртқы саясаты

Ойраттардың Жоңғар хандығы деп аталатын саяси бірлестігі 1635–1758 жылдары өмір сүрді. XVI ғасырдың ақырында ойраттар торғауыт, дәрбіт, хошоуыт, шоре деп аталатын төрт ірі тайпалық бірлестіктен құрылды. Торғауыттар Тарбағатай тауынан шығысқа қарай созылған жерлерді, дәрбіттер Ертіс өзенінің батыс жағын, хошауыттар қазіргі Үрімші маңын, ал шорстар Іле өзенінің бойын (бас жағын) қоныстанды<sup>3</sup>. Олар әсіресе, орыстармен қатынасын жақсартқаннан кейін, Сібірдегі орыс қалалары мен бекіністерін айырбас сауда жасап, олардан қару-жарақ сатып алып отырды.

XVII ғасырдың басында ғана ойраттар ішінде қайратты, жаугер басшылар шыға бастады. Олардың ішіндегі біріншісі шорстың Қарақұла (Хара-Хула) тайшасы еді. Қарқұла барлық ойраттарды қазақтарды шабуға біріктірді, ақыр аяғы Жоңғар хандығы пайда болды. 1634 ж. Қарақұла өлгенде, билік оның ұлы Батыр хонтайшыға көшті, ғылымда осы 1635 ж. Жоңғар хандығы құрылған жыл деп есептеледі.

Қазақ жерін жаулау баяу және бірте-бірте жүргізілді. Әскери қақтығыстар мен бітімге келу қалмақтардың алдыңғы топтарының қазақ хандары мен сұлтандарының қол астына өтуімен кезектесіп отырды. 1598 ж. Тәуекел орыс патшасына өзін қазақ және қалмақ ханы деп жазады.

XVII ғасырдың басында қалмақтардың алдыңғы топтарының батысқа ұзағаны сонша, Хорезмге шабуыл жасай бастады. 1603-1604 жылдардың қысында қалмақ әскері келіп, Қожакелден бастап Түк бекінісіне дейінгі аралықта өзен жағасында отырған елге бүлік салып, Бүрлі арқылы (Әмудің оң жағында Түйе мойын маңы) жетті деп жазады Әбілғазы. Хиуалықтардың басшысы Арабхан қалмақтарды қуып жетіп, тұтқындар мен алған олжаларын қайтарады. Әұл қалмақтардың Хорезмге бірінші жорығы еді, – дейді Әбілғазы<sup>4</sup>.

Орыс архивтеріндегі құжаттарда 1604 ж. тамыз айында

<sup>1</sup>Бартольд В.В. Собр. соч., V том, 1968, с. 215.

<sup>2</sup>Сонда.

<sup>3</sup>Қазақ КСР тарихы. 2-том, 299-бет.

<sup>4</sup>Әбілғазы. Түрік шежіресі. «Ана тілі», Алматы, 1992, 34–37-беттер.

«барлық қалмақ тайшалары мен ұлыстары қазақ ордаларымен ұрысқа енді» делінген. Бірақ бұл жорық қалмақтарға онша қолайлы болған жоқ. Олар қазақтар мен ноғайлардың біріккен күшінен қатты тойтарыс көрді. Сөйтіп, оңтүстік пен батыстан қысым көрген қалмақтар солтүстікке көшіп, онда орыс үкіметімен өз тылын қамтамасыз ету үшін келісімге келуге мәжбүр болды. Мәскеумен келісімге келу қалмақтардың қазақтарға қарсы артына қарайламай, соғысуына мүмкіндік берді. Қазақтардың Есім ханы қалмақтармен ұдайы соғысты, алайда жеңіске жете алмады.

XVII ғасырдың 20-жылдары шығыста монғолдар мен қытайлардан қуғын көрген қалмақтар қазақтар мен ноғайлардан жаңа жау тауып, өте қиын жағдайда қалып, қазақтармен бітімге келу жолын іздеді.

П.Семеновтың айтуынша, 1620 ж. қалмақ тайшасы өз елшілерін Есім ханға жібереді. Келіссөз кезінде қалмақтар қазақ ауылдарын шапқанына ашулы Есім хан елшілерді өлтіріп, көп күшпен қалмақтарға қарсы жүрді. Сол ұрыста көптеген қалмақ қырылып, екі тайша өлді.

20-жылдардың басында қалмақтар екінші жаумен де соғысуға мәжбүр болады. Бұл Бұхара ханы Имамқұл еді. Бұхара саудагерлерін тонап, өлтіргенге шыдамай, қойған шарты орындалмаған соң, Имамқұл өз әскерлерін қалмаққа қарай жібереді. Әйтсе де қалмақтар кейбір қақтығыстарда жеңіске жетіп, бұхаралықтарды тұтқындап, түмендегі орыстарға тұтқынға түскен қалмақтарға айырбастап отырды. 1624 жылдан 1627 жылға дейін тыныштық орнады. 1627–1628 жылдары Есім ханның жорығында қалмақтар жеңіліп, қазақ елінен іргелерін аулақ салуға мәжбүр болды. Бұл соғыста шабуыл жасап, олжа алу, салық төлету, құлдыққа адам алу жоңғарлардың да, қазақтардың да ең басты мақсаты болған. Жоңғарлар қазақтардың, қазақтар жоңғарлардың саяси өміріне араласпаған, тіпті қазақтармен бірігіп, өзгелерге қарсы соғысып, әр қилы қатынаста болған. Соғыста жеңіске жеткенімен, жоңғарлар қазақ жерінде тұрақтап қалмаған.

XVII ғасырдың бірінші жартысында ойрат-қалмақтар арасында елеулі оқиғалар болды. Ойрат одағы төртке бөлініп: хошауттар Тибетке кетті, торғауыттар (250 мыңдай адам) Хо-Урлюктің бастауымен Еділдің төменгі жағалауына қашып, қалымақ (қалмақ) атауын алды. Қалғандары шорыс, дәрбіт өз князьдерінің маңына бірігіп, 1635 ж. Ертіс бойында басқа ойрат хандығын құрды. Бұл Батыр хонтайшы басқарған Жоңғар хандығы еді.

Есім ханның ұлы Жәңгір хан басқарған қазақтар жеңіліс таба бастады. 1635 ж. бір ұрыста Жәңгір хан қалмақ тұтқынына түсіп, әрең дегенде құтылып кетті. Содан бастап ол қалмақтардың ата жауына айналды. 1643 ж. Батыр хонтайшы 50 мың әскермен қазақ еліне келіп кірді. Басында қалмақтар үшін жақсы басталған бұл соғыс бұларды үлкен жеңіліске ұшыратты. Бұл шайқаста Жәңгір хан және Қарасай батыр соғыс алаңында қорғаныс шебін шебер пайдаланғандықтан, Батыр хонтайшы күйрей жеңіліп, шегінуге мәжбүр болды. Бұл оқиға туралы тарихи материалдарда былай делінген: «Жәңгір өз тобының бір бөлігіне жоңғарлар тар асудан асып келгенше екі таудың арасындағы тар жырада ор қазып, бекініс жасауға бұйырады. Ал өзі екінші бөлігімен таудың екінші бетіне жасырынады. Хонтайшы ор қазып, ерлікпен қорғанып жатқандарға шабуыл жасайды. Осы кезде Жәңгір жаудың ту сыртынан лап береді. Сөйтіп, жоңғарларды қатты жеңіліске ұшыратқаны соншалық, олар жақтан он мыңдай адам өледі. Ұрыс бітуге жақындағанда 20 мыңдай әскермен Самархан билеушісі атақты Жалаңтөс батыр Жәңгірге көмекке келеді. Батыр хонтайшы кейін шегінуге мәжбүр болады»<sup>1</sup>.

Қалмақтар кек қайтару үшін орыстардан қару-жарак сатып ала бастады. Кейбір тайшалар қарсы болғандықтан, жорық басталмай қалады. Ойрат шежірешісі Зая-Пандиттің айтуынша, жорық 1652 ж. ғана басталды. Осы жорықта 17 жасар Қалдан Церен Жәңгірді өлтірді. Келесі 1658 ж. қысында Батыр хонтайшы өлді. Сол уақыттан бастап, оның орнына хонтайшы Сенге (1658–1670 жж.) отырған жыл ішінде билік үшін талас бір сәт толастаған жоқ. Қазақ пен Жоңғар арасында тыныштық орнады. Бірақ хонтайшы Қалдан Бошақты (1670–1697 жж.) басқарған кезде ойрат тайшалары Оңтүстік Қазақстанға, Орта Азияға, Шығыс Түркістанға жаңа жорықтар бастады. 1681 ж. Қалдан Бошақты Шу өзені арқылы өтіп, Сайрам қаласын қоршады, бірақ ала алмады. 1683 ж. жаңа жорық жасалды, 1684 ж. Сайрам алынды. Қытайлармен арадағы әскери әрекеттерге алаң болған қалмақтар тоналған, қираған Сайрамды тастап, сол маңының көптеген халқын Жоңғарияға тұтқын етіп әкетті. 1683–1685 жылдары Қалдан Бошақты Ош пен Әндіжанға жорық жасап, қырғыздар мен өзбектерден тойтарыс көріп, оларды ала алмай қайтты. Содан кейін Қалдан Шығыс Монғолияға жорық жасап, өте қатты

---

<sup>1</sup>Златкин И.Я. История джунгарского ханства (1635–1758 гг.), М., 1983, стр. 130.

соққы жеп, 1697 жылы өзін-өзі өлтіреді. Қалдан Бошақты өлген соң, оның немересі Цэбан Рабтанға жоңғар басшылығы беріледі.

Билікке Цэбан Рабтан (1697–1727 жж.) келгеннен кейін қазақ-жоңғар ара қатынасы қайта бұзылады. Екі ел арасындағы бір соғыстың аяғы басқа соғысқа ұласып отырды. Оның ішінде айтарлықтай ұрыстар 1711–1712, 1714, 1717, 1723, 1725, 1729–1730, 1740, 1742 жылдары болды. Бұл соғыстардың ішіндегі қазақтар үшін ең ауыр болғаны–1723 ж. соғыс. Енді қазақ тарихына «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен енген 1723 жылғы қазақ-қалмақ соғысының кезеңдеріне тоқталайық.

### **§3. ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ШАБУЫЛДАУШЫ ЖОҢҒАР ӘСКЕРИ ТОБЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ СОҒЫСУШЫ ЕКІ ЖАҚТЫҢ ӘСКЕР САНЫ (1723–1727 жж.)**

Соғыстың бірінші кезеңі 1711 жылы ойраттың қалың қолы Шу, Талас аңғарынан, Алатау қырларынан қаптай басып кіруінен басталды. Бірақ бұл жолғы шабуыл қанша қауарлы болғанымен, тегеурінді қарсылыққа тап болды. Қазақ ханы Тәуке басшылық еткен қазақ жасақтары Іле басында отырған Цэбан-Рабтан ордасына дейін жоңғар әскерлерін қуып барды. Бұл жеңіске Тәуке қандай дандайсымаса, Цэбан-Рабтан хан да еңсесін түсірген жоқ. Өйткені қазақ ханы мұны ойратпен арадағы соғыстың басталуы деп есептесе, хонтайшы бұл шабуылды қарсы жақтың дайындығына жасалған барлау деп санады. Ең бастысы, жоңғарлар орыс, қытай мамандарының көмегімен болашақ соғысқа деген тактикалық-стратегиялық жоспар жасады. Бұл стратегиялық жоспардың басты мақсаты: қазақтарға қарсы соғыста стратегиялық инициативаны өз қолдарында ұстау және қарқынды шабуылмен алға жылжу болды. Алға жылжудың негізгі мақсаты қазақ әскери күшін қазақтардың қыстауда отырған жерінде бөлшектеп талқандау арқылы малға құнарлы жайылымдарды басып алу болды. Осы мақсатқа жету үшін қазақ еліндегі рулық, тайпааралық алауыздықты олар шебер пайдалана білді. Соның нәтижесінде жоңғар басқыншылары 1723 ж. Ташкентті алып, Сырдария озені бойындағы қалаларды алу үшін шабуылды одан әрі орістетті. Жоңғар әскер жасақтарының соғыс тактикасының тәртібі майдан мен оның ішіне қарай рет-ретімен бөлшектене



шабуылдау мақсатында орналастырылды. Әрбір әскери бөліктің тактикалық атауы болды. Ол негізгі бөлімнен, он және сол қанаттан және күзетші полктен тұрды. Соғысты күзетші полк бастады. Екі жақ қанат мықты жауынгерлерден іріктелініп алынды да, орталыққа қарағанда күштірек болды. Ол қазақтарды қоршауға алуға мүмкіндік берді. Қоршауды бұзып шыққандардың артынан қуғын ұйымдастырылды. Шабуыл шегінген қазақтарды толық талқандағанға дейін жалғастырылды. Жоңғарларды осындай жетістіктерге жеткізген тактикалық ерекшеліктерін анықтауда мынаны есте ұстау керек. Жоңғарлар отбасыларын өздерімен бірге 100–150 шақырым тылда ала жүрді. Әйелдер мен балалар жауынгерлердің тамақтануына, тынығуына жағдай тұғызды. Олар соғыс жағдайына қосымша әскери бөлім ретінде ұсталды және өз күштерімен тылды қорғап тұрды. Ең бастысы, Цэбан Рабтан әскерінде темірдей тәртіп пен өте жақсы ұйымдастырушылық әрекеттің арқасында ғана қазіргідей байланыс құралдары жоқ жағдайда аса үлкен әскерге басшылық үздіксіз жасалды.

1722 ж. қытай императоры Хон-Сидің өлімінен кейін жоңғарлар, 1723 ж. жоңғар-қытай бітімі жасалып<sup>1</sup>, шығыстағы өз тылын қауіпсіздендіріп алған соң, жоңғар хонтайшысы қажет территорияны қытайдың қолдауымен кеңейту үшін қазақтармен соғысуға белсене әзірлене бастады<sup>2</sup>.

Жоңғарлар енді Алтайдағы ұлыстардан күш толықтырып, 1717 ж. Бие, Абақан, Қатын өзендерінен өтіп, қазақ жеріне қарай ене бастады. Нәтижесінде жолын жалмап келе жатқан ойрат әскерлері 1718 ж. Аягөз өзенінен келіп шықты. Мұнда жауды Әбілқайыр мен Қайып сұлтандар басқарған қазақ жасағы жеңіліп, жауға арқа берді (шегінді). Ал 1718 ж. көктемде жоңғар әскерлерінің шолғыншы тобы Түркістан, Бөген, Шаян және Арыс өзендеріне жетіп, қазақтармен қақтығысқан<sup>3</sup> еді.

1723 ж. жоңғарлар қазақ хандығын Ташкент, Түркістан, Сайрам секілді қалалақ қолөнер және сауда орталықтарынан бөліп тастады<sup>4</sup>.

<sup>1</sup>Бартольд В.В. Очерки истории Семиречья. Фрунзе, 1953, с. 86.

<sup>2</sup>Посольство к Зюнгарскому хун-тайчжи Цэван Рабтану капитан от артиллерии Ивана Унковского и путевой журнал его за 1722–1724 годы. Записки ИРГО по отделению этнографии. СПб., 1887, т. 10. вып. 2, с. 192–193.

<sup>3</sup>Казахско-русские отношения в XVI–XIII вв. (Сборник документов и материалов). Алма-Ата, 1961, с. 22.

<sup>4</sup>Посольство к Зюнгарскому хун-тайчжи Цэван Рабтану капитан от артиллерии Ивана Унковского и путевой журнал его за 1722–1724 годы. Записки ИРГО по отделению этнографии. СПб., 1887, т. 10. вып. 2, с. 193.

Енді Цэбан Рабтанның жаулап алу бағдарламасының ен шырақау шыңы 1723 ж. жойқын жорығынан көрінеді. Көктемде басталған алапат бұл шабуылға жоңғар мемлекетінің бүкіл соғыс қуаты түгел дерлік пайдаланылды. Кейбір деректерде 30, кейбір деректерде 40 мың қол Қаратау жоталарынан, Шыршық, Шу өзендері аңғарынан бірнеше бағытта жаппай басып кіреді.

Жоңғарлармен соғыста қазақ сауыттары қорғасын оқты орыс мылтығына төтеп бере алмайтын. Қазақ қолында жоқ мұндай мылтықтар, зеңбіректерді орыс саудагерлері керуенмен алып келіп, тек қалмақтарға ғана сататын<sup>1</sup> еді. Бұл қарулар қазақтың садақ, найзасынан артықшылығын көрсетті.

Сол жылдары жоңғарлар қазақ руларын Алтай мен Тарбағатай өңірінен ығыстыра бастаған болатын. Ал 1723 ж. кейін бүкіл Жетісу өлкесі, Шу мен Талас аңғары, Ташкент пен Түркістан басқыншы жаудың қол асында қалған. Демек, бүгінгі түсінікпен айтқанда, Шығыс Қазақстанның жері түгелдей, Семей облысының шығыс аудандары, Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары түгелімен қазақтардың қолынан кеткенін анықтайды. Ендеше осыншама территорияны азат ету жолындағы, ұзын-ырғасы 25 жылға созылған ұлы шайқасты, бүкілхалықтық Отан соғысын ұйымдастырушы қазақ мемлекеті, шешуші күш қазақ халқы демегенде не деу керек? Жаңадан жазылатын болашақ тарихымызда, міне, осы ұғымды түбегейлі орнықтыруымыз керек.

Әділін айту керек, жоңғарлар қазақ үшін оңай жау болған жоқ. 30-жылдары қазақ әскері теке-тіреске жарағанмен, қашан Цэбан Рабтан өлгенше, қалмақ қолы бет қаратпай келді. Мұның басты себептері – қазақ жүздеріндегі ауызбірліктің жоқтығы, бейғамдық, қапыда қалушылық десек, ең негізгі себеп Жоңғар хандығының әскери-қоғамдық құрлысы, қару-жарағы қазақ елінен гөрі соғысқа бейімірек болды. Бір сөзбен айтқанда, жоңғардың бүкіл халқы бала-шаға, мал-жанымен көшіп жүрген әскерлер десек, ал қазақ жасағы дегеніміз – ел басына күн туғанда амалсыздан қолына қару алған шаруалар еді. Аттаныс пен қорғанысты қолма-қол ұйымдастыруға келгенде, жаңағы айырмашылықтар өз әсерін тигізбей қойған жоқ.

Сонымен, бұл реткі соғыста ойрат әскерінің жеңіске жетуіне тұтқиылдан жасалған шабуыл, қазақтардың қапы қалуы,

<sup>1</sup>«Егемен Қазақстан». 1992, 21 қараша.

жау қолында дәрімен атылатын мылтық, зеңбірек сияқты қаһарлы қарудың болуы, жоңғарлардың манчжур-қытай әскерімен соғысып, тәжірибе жинауы басты себеп болып еді. Бірақ бірінші кезеңде (1711–1727 жж.) бұл айтылғандарға қарамастан, ойраттардың қазақтарды толық жеңе алмағаны, әсіресе, Орта жүздің жауға тізе бүкпегені байқалады. Жоңғарлар шабуылдап келген жолынан шалғайда, бұрыста қалған Ұлы жүздің албан, суан, дулат, шапырашты рулары өз тарапынан жау әскерімен үнемі бетпе-бет келіп отырған. Сөйтіп, жаудың Түркістан мен Ташкентті алуын қиындатқан. Орта жүз ханы тұрған Түркістан мен Ұлы жүз ханы тұрған Ташкент қаласы 1724 ж. ғана қолдан кетеді. Бірақ есте сақтайтын бір мәселе, қазақтар түгел оңтүстікке шегінген жоқ. Белгілі тарихшы Уақит Шалекенов: «Ақтабан шұбырындыға ұшырағанмен, әсіресе, Ұлы жүздің ішінде қоныс аудару болмаған. Өзінің жайлаған аймағында қалып қойған»<sup>1</sup>, – дейді. Тарихи әдебиеттерге сүйенсек, Ұлы жүз тайпаларының көпшілігі 1723 ж. Шілік, Шарын, Текес, Талдысуға шегінген. Сол секілді Орта жүз рулары Сарысу, Есіл, Нұра, Ұлытау, Көкшетауға шегінген, бірақ тылдан жоңғарларға соғысты тоқтатпаған. Алға жылжып кеткен жаудың көшін бөліп тастап, оларды үлкен шығынға ұшыратып отырған. Мәселен, Дулаттың төрт баласының әрқайсысы мыңдықтан әскер жинап, тылда жоңғарларға қарсы соғысқан. Сиқым қолын – Рысбек, Ботбай қолын – Сәмен, Жаныс қолын – Өтеген, Шымыр қолын Қойкелді батырлар басқарған. Осылайша партизан соғыстарын жүргізген. «Өтеген батыр» жырында:

*Артында дулат қалың ел,  
Халық үшін ат мініп,  
Найза ұстап, буды бел, –* дейді.

Соғыстың бірінші кезеңінде қазақтар Қойкелді батырдың басшылығымен Жиделі Байсын, Қарақалпақстан жерінде біраз уақыт күш жинаған соң, Қойкелді Ташкентті жаудан босатуға кіріседі. Бозсу өзенін басынан байлап тастап, он екі қақпаның ең әлсізін қиратып, қаланы жаудан азат етеді<sup>2</sup>.

Қазақтар Ташкент үшін болған соғыста қалмақтың Ташкенттегі қамалын қоршап алып, іштегісін сыртқа, сыртта-

<sup>1</sup>Шалекенов У.Х. Ертедегі және орта ғасырлардағы қазақ жеріндегі қалалар. ҚазМу хабаршысы, тарих сериясы, №12, 1999, 20-бет.

<sup>2</sup>«Егемен Қазақстан». 1992, 21 қараша.

ғысын ішке кіргізбейді. Екі аптадай су жолын бөгеп, жауды тізе бүктіреді. Сол кездегі бір өлеңде:

*Шөбі қалды тозған тордай қиылып,  
Өлік жатыр жер-жаһанды ап үйіліп!* – деп келеді.

Осы орайда 1726 ж. қазақ астанасы Түркістан қаласы маңындағы Ордабасы биігінде өткен ұлы кеңес пен оның басқыншыға қарсы шайқасатын қазақтың біріккен қолын құру туралы тарихи шешімін айрықша айту керек. Біріккен әскери күштің қазақ қалаларын бірінен соң бірін алып, азат етіп, жауға әлденеше ойсырата соққы бергені мәлім.

Қазақтың үш ордасының біріккен шешімі Жәнібек батырдың орыс елшісіне айтқаны: «... Өз туыстарымды және ар-намысымды қорғау үшін оларға (жоңғарларға) қарсы соғысуға мәжбүр болдым...»<sup>2</sup> – дейтін сөзіне толық сай келеді.

Енді сол кездегі деректерге көз жіберсек, орыстың әскери тарихшысы В.Н. Витиевский өзінің «И.И. Неплюев. Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г.» деген еңбегінің бірінші томында: «... XVIII ғасырдың басында қазақтардың арасында алауыздық таластар басталды. Бұл алауыздықты пайдаланып, көршілес елдер, әсіресе, жоңғарлық қалмақтардың Қалдан Церен бастаған қолдары тыным бермеді. Ішкі тынышсыздық пен сыртқы қысымдардың салдарынан 1710 ж. шамасында қазақ хандары орыс патшасынан қорғаныс іздеуге мәжбүр болды. Бірақ Қарақұмда болған жиында атақты қазақ батыры Бөгенбай халықты қалмаққа қарсы шығуға көндірді. Көтеріліске шыққан қазақтардың қолбасы болып Бөгенбай бірауыздан сайланды, ал хандық билікті Әбілқайырға тапсырды. Әйгілі батырдың тапқырлығының, шапшандығының, икемділігінің және айла тапқыштығының арқасында қалмақтар шын мәнісінде тас-талқан болып жеңіліп еді...»<sup>3</sup> – деп келтірді.

1726–1728 жылдары қазір картамызда қақ болып қалған Шұбар теңіз маңындағы майдан, Бұланты, Қарасиыр, Қалмақырылған деген жерлер Бөгенбай, Қабанбай, Шақшақ Жәнібек батырлардың өрен ерлік көрсеткен жерлері осы алқап, қазір бұл Жезқазған облысы Жезді ауданының жері

<sup>1</sup>Қазақ тарихы жырларының мәселелері. Алматы, «Ғылым», 1979, 133-бет.

<sup>2</sup>Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1961, стр. 146-147.

<sup>3</sup>Витиевский В.Н. «Неплюев И.И. и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г.» Ист. монография. Вып. 2, Казань, 1890.

болып саналады. Сарысу өзенінің бойы XVIII ғасырдың басында қазақтың Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билердің, Тәуке хан бас болып, үлкен құрылтай-жора құрған, тайпа-руларға таңба бөліскен мекендері жаудан азат етілді.

Сол кездегі қазақтардың қорғаныс соғыста негізгі стратегиялық жоспарын жасаушы Төле би жоңғарлармен соғысуымен қатар келіссөз жүргізу саясатын да ұстанды. Сонымен қоса, Орта Азия хандарымен одақтасып, жоңғар әскерлерін талқандаудың жоспарын ұсынады. Бұл қазақтардың қорғаныс соғысындағы стратегиялық мақсатының басты жетістігі болатын.

Сонымен, екі бүйірінен (Ресей мен Қытайдан) сығылған екі халық – қазақ-жоңғар өз қайшылықтарын өзара соғыс алаңында шешіп жатты. Екі жақ та соғыстың бірінші кезеңінде түпкілікті мақсаттарына жете алмады.

Ендігі жоңғар әскерінің 1723 ж. санына келсек: қазақтың батырлар жырларында жоңғарлардың көптігі айтылса, Қазақ КСР тарихында жүз мыңдап (1982 ж. 3-том, 18-бет) көрсетіледі. Цэбан Рабтан әскерінің саны жөніндегі мәселе әзірге тарихшылар арасында шешімін таппай келеді. Кеңес үкіметі кезіндегі қазақ тарихшыларының жоңғар хонтайшысы Цэбан Рабтанға жіберілген орыс елшісі капитан Иван Унковскийдің (1722–1724 жылдардағы) күнделік дәптерінде келтірген «Өзі билік жүргізе бастағаннан бері хонтайшы (Цэбан Рабтан) қазақ ордасымен үздіксіз соғыста қазақ ордасы қарақалпақтармен бірлесіп соғысуда, ал хонтайшы қазақ ордасына қарсы 30 мыңдай адам ұстап отырды»<sup>1</sup> деп жазғанын айтумен келеді.

Кейінгі кезде газет-журналдардағы кейбір деректерде Цэбан Рабтан әскерін 80 мыңдай деп, кейбіреулері батырлар жырларына сүйеніп, тіпті 200 мыңға дейін жеткізеді. Бірақ көпшілік тарихшылар 30 мың деген санды дәлелдеумен келеді. Алайда Иван Унковскийдің айтқанынан, батырлар жырларындағы мағұлматтардан жоңғар әскерінің санын дәл анықтау мүмкін емес. Дегенмен, демографиялық мәліметтерді қосып, жоңғар әскерлерінің отбасы олармен бірге көшіп жүргенін, соғыс алаңында әскерлерді азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыратын жоңғарларды ескерсек, сонымен қоса, бізге жеткен жоңғар қариялары қалдырған шежірелерде жоңғар әскерінің саны шамамен 32–33 мың деуге болады. Жоңғарлардың халық саны XVIII ғасырдың басында 600

<sup>1</sup>АВП.Ф. Зюнгарские дела, д. 4. 1756, л. 235.

мың адам десек<sup>1</sup>, олардың 7-8 пайызы 45–55 мың адам. Ал әскерге жарамдылардың жартысы әйелдер мен балалар. Сонда әскери қызметке жарамдылар тек 20–25 мың адам. Оларға әскер жасынан асқан, бірақ соғысқа қатысқандарын есептесек, сонымен Цэбан Рабтан әскерінің саны бұрыннан айтып жүргендей 30, 80, 100 мың емес, шамамен қазақ жеріне басқыншылық жорығына қатысқан әскер саны 27–30 мың деуге болады. Алайда әскердің бестен бір бөлігі жоңғарлардың көшін күзетуге қалдырылып отырғанын ескерсек, онда жоңғар әскерінің қазақ жеріне 1723 ж. жасаған басқыншылық жорығына тікелей қатысқандардың саны 25–27 мың деп шамалауға болады. Қазақтардың да шегінген әскер саны осы шамада деп мөлшерлеуге болады.

Бірақ жоңғарлардың әскері Аягөз жеңісінен кейін таулық аймақтарға шегінгендердің ізіне түсіп, негізгі күштен бөлініп кетті де, оларды найман, үйсін тайпалары жойып жіберіп отырды. Қазақтар мен жоңғарлар арасындағы негізгі ірі шайқастар Түркістан, Ташкент, Сауран қалаларында өтті. Ал жоңғарлардың әскер күші 1723 ж. салыстырғанда 1725 ж. әлдеқайда аз болды. Өйткені Жетісудан Түркістанға дейінгі соғыста көптеген жоңғар әскері шығынға ұшырады және қалаларды, жолдарды күзетуге қалдырып, жаралылар мен аурулары көбейіп, тылға жіберілді. Көп ұзамай, қазақтар жоңғарларды Сырдарияға жеткізбей тоқтатты және Түркістан, Ташкент қалаларын жаудан азат етті.

Сонымен, соғыстың бірінші кезеңінің қорытындысы Қазақ халқы «Ақтабан шұбырындының» ауыр жолдарына сұмдық қиындықтардан қажымай, бойындағы бар қайратын сарқа жұмсап, тұс-тұсынан қаптаған жауға қарсы қажырлы күрес жүргізе отырып, өзінің азаттығын, елдік еркін қорғап, мемлекеттігін сақтап қалды. Қазақ халқы жерінің едәуір бөлігін жоғалтып, бірқатар кезеңдерді басынан кешкеніне қарамастан, елдің саяси және экономикалық дербестігін сақтай білді. Жауына соққы беретін тың күш жинап, жоғалтқан иеліктерін қайтарып алуға күш жинады<sup>2</sup>.

Бұл күрестің негізгі күші хандар емес, халық бұқарасы еді. Оны ұйымдастырушылар қарапайым халық ішінен шыққан ел-жұртына деген адалдығымен, ерлігімен танылған қазақ батырлары болды. «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», «Шақшак Жәнібек батыр», «Қойгелді батыр», «Өтеген ба-

<sup>1</sup> АВПР, Ф. Зюнгарские дела, д. 4. 1756, л. 235.

<sup>2</sup> Қазақ Совет энциклопедиясы, 6-том, 241-бет.

тыр» сияқты ондаған тарихи жырлар осы күресті, ел қорғаған батырларды бейнелейді. Халық басына зор зобалаң, қиын-қыстау күн туғанда басын бәйгеге тігіп, ел қорғаған ерлерді қазақ халқы дастан етіп жырлады, олардың аты соғыс жылдары ұранға айналып отырды.

#### §4. ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ СОҒЫСЫНДАҒЫ ТҮБЕГЕЙЛІ БЕТБҰРЫС ЖӘНЕ АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ (1730 ж.)

Қазақ-қалмақ соғысының екінші кезеңіндегі қазақ хандығының сыртқы саясатына келсек, қазақ жеріне аш бөрідей анталаған Қоқан хандығы, қалмақ, орыс, қытай елдерінің қауіпін білген ақын бір ауыз өлеңмен сол кездегі қазақ хандығының сыртқы қатынасын бедерлейді:

*Былай барсаң, Қоқан бар,  
Қоқаңдаған әкең бар.  
Былай барсаң, қалмақ бар,  
Күшіңді ептеп алмақ бар.  
Былай барсаң, қытай бар,  
Жапырағыңды бұтай бар.  
Былай барсаң, орыс бар,  
Балаңды берсең қоныс бар.*

Шындығында, батыс пен солтүстіктен Ресей империясы кеуделеп келе жатты, шығысында Қытай империясы, оңтүстігінде ислам фанатизмін басшылыққа алған Қоқан хандығы. Осынау аш бөрідей анталаған елдердің ішіндегі Ресей мен Қытайдың агрессияшыл саясатына алданған ең қауіптісі Жоңғария болатын.

Осындай ауыр, жан-жағынан қоршаған жауға қарсы тұрып, жерін, елін қорғау үшін XVIII ғасырдың 20-жылдарының аяғында Сайрамға жақын іргелес Сазтөбе деген жерде Үш орданың ел билеушілері мен ру басылары қатысқан бүкіл қазақтың үш ордасының съезі шақырылды. Съезден кейін Кіші орданың хандық билігі Әбілқайырдың, Орта орда Сәмеке мен Күшіктің қолына көшті. Ұлы орда билігі Төле биде қалды<sup>1</sup>. Қазақ даласының үш Ордаға (жүзге) бөлінуі біздің қазіргі ұғымымыздағы бір-біріне тәуелсіз бөліну емес, оның себебі жаугершілік заманда қазақтың

<sup>1</sup>«Қазақстан коммунисті» журналы, 1991, №2, 55-бет.

кең-байтақ аумағын батыстығы, солтүстіктегі, шығыстағы және оңтүстіктегі жаудан қорғау үшін үш майданға бөлініп, елді қорғауға және керек кезде даяр болу үшін қабылданған шешім болатын. Осылайша елді жаугершілік жылдарда үш бөлікке бөліп басқару Хундар, Түрік империясы, Шыңғыс хан заманынан келе жатқан дәстүр болатын. Сол дәстүрмен оң қанат, сол қанат және орталық әскер тобын құрып, даяр болу үшін көбіне-көп географиялық, саяси бірлікке ұласудан шыққан айла еді<sup>1</sup>.

Бірақ кейіннен үш ордаға бөлінудің Хун империясына да, Шыңғыс хан империясына да, Қазақ хандығына да пайдасынан гөрі залалы көп болды. Оған кейінірек тоқталамыз.

1726 ж. ұлы кеңесте елімізді, жерімізді жоңғар басқыншыларынан азат ету үшін қазақ халқы бір тоқтамға келіп, барлық күшті жауға қарсы жұмылдыру жөнінде бір пікірге келгені туралы А.И. Левшиннің айтуынша, дұшпанға қарсы алғашқы бірігу басталды<sup>2</sup>.

Қазақ фольклорын жинаушы Ә.Диваевтың айтуынша, Кіші Орда, Орта Орда және Ұлы Орданың қосылып, Кіші жүзден шыққан Саңырақ батыр мен Орта жүзден Қабанбай батыр, Ұлы жүзден Ошақты (Тасжүрек) бірігіп, Бұланты және Бөленті өзендері Қарасиыр деп аталатын жерлерде қалмақтарға түпкілікті соққы бергенге дейін соғысқаны айтылады. Бұл жерлер күні бүгінге дейін «Қалмақ қырылған» деп аталады.

Бұланты және Бөленті өзендері «Қара сиыр» немесе «Қалмақ қырылған» жеңісінен кейін де үш-төрт жылға созылып, сол аймақтарда қалмақтардың тағы да жеңілген және тағы қанды соғыс болған жерді «Қан сасыған» деп атайды.

Осы кездегі қазақ тарихына байланысты қазақ ордаларының бір жерге топтасуы туралы мәселені айқындауға географиялық атаулар көмектеседі. Мұндай атауларға: Бадам станциясынан бес шақырымда және Шымкенттен батысқа қарай 30 шақырымда жатқан кішігірім Ордабасы тауы, Боралдай және Қошқарата өзендерінің жоғарғы жағында орналасқан Арқарлы таудағы Үлкен Орда және Кіші Орда деген бір-бірінен 4–5 шақырым қашықтықта жатқан екі шатқал, Әулиеатадан шығысқа қарай Ақтөбе және Подгорное станцияларына қарсы «Сұңқайыт» және «Әбілхайыр» деп аталатын екі сай жатады.

<sup>1</sup>«Егемен Қазақстан». 1993, 27 ақпан.

<sup>2</sup>Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. стр. 167-168.



Үш бағытта шабуылдаушы әскерге басшы топтардың бірігуі орналасқан жерінің ыңғайына қарай Ордабасы тауынан басталған, ал екінші тарихи жер үш орданың ханы Болат ханның «үлкен ордасы» қонған жер болса керек. Сондай-ақ, барлық қазақ қарулы күштерінің қолбасшысы Әбілхайыр ханның уақытша тұрағы «Кіші Орда қонған» жер «Әбілхайыр сайы» деп аталды<sup>1</sup>. Әбілхайыр ордасында мыңдық әскер басшылары белгіленіп, оларды жасақтайтын ру-тайпалардың саны қатаң түрде көрсетілді. Әскерге қатаң тәртіп орнатылып, барлау жүргізуге жан-жақты мән берілді. Әбілхайыр Бұхарадан қару-жарақ сатып алды, аткөлік жинастырды, әскердің дайындығын тексеруге билерді, батырларды аттандырды. Қолда бар архив материалдарына және Бұқар жыраудың «Қабанбай батыр» жырына сүйенсек, мыңдық тан әскер құраған 20 сардардың, батырлардың рулары мен есімдері түгел толық келтірілген. Олар: 1. Қаракерей Қабанбай, 2. Қанжығалы Бөгенбай, 3. Көкжарлы көкжал Барак, 4. Керей Жәнібек, 5. Шанышқылы Бердіқожа, 6. Керей Жанатай ер, 7. Тоғас Қосай, 8. Тума Шағалақ, 9. Мұрын Боранбай, 10. Үйсін Саршуаш, 11. Қыпшақ Есім хан, 12. Қыржы Бостан, 13. Тарақты Баймұрат, 14. Тоқпақ Қосабай, 15. Матай батыр, 16. Сибан Шынқожа, 17. Шойбек Сенкібай, 18. Қаңлы Құлан, 19. Сіргелі Елшібек, 20. Қаратай, 21. Ыстық Төлек, 22. Сикымнан – Шінет, Рысбек, 23. Ботбай Сәмен, 24. Шымыр Қойкелді, 25. Қоңырат Төлебай, Болат, 26. Рамадан Алшынбай, 27. Қарақалпақ Құлашбек, 28. Жаныс Өтеген, 29. Шапырашты Наурызбай батырларды білеміз. Олар кезінде ел ардақтап атайтын әруақты жандар еді. Бір еске салатынымыз, қазақ мыңдықтарын басқарған басшыларының есімдері рулық, жүздік деңгейден асып, жалпы ұлттық межеге көтерілген. Олар қанды сайыстарда талай рет суырылып шыққан ерлер еді. Олардың даңқы бір ғана Аңырақай шайқасында емес, басқыншы жаудан қазақ жерін толық тазартқанша есімдері ұлы далаға аңыз болып, ұран болып, ұлттық сананы қалыптастыруға өз үлестерін жеткізді. Аңырақай шайқасына қазақтар да, қалмақтар да қатысты. Аңырақай шайқасына қазақ әскерінің жалпы саны мыңдықтармен есептесек, 29 мыңдық немесе 29 мың адам болды. Қазақ әскерінің сол қанатын Әбілмәмбет хан, Сәмеке сұлтан, Қазыбек би, Қабанбай батыр басқарды. Әскердің оң қанатын Төле бидің өзімен бірге Қойгелді, Қосы Шінет, ол кезде 17-

<sup>1</sup>Нүрпейісов Ы., Мектеп А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. «Ақиқат» журналы, 1998, №8.

18 жасар Мәмбет, Сәңкібай, Шойбек сияқты батырлар басқарды. Орталық әскер тобын Әбілқайырдың өзі, Әйтеке би, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлар басқарды. Қазақ әскерінің құрамына келсек, негізгі адам күші үш жүзден түгел қамтып құрылды.

Қазақ әскерінің оң қанатын басқарған Төле бидің түменінде әскер басшылары Қойгелдінің шамамен әскер құрамы 7-8 мың жауынгері болды. Оларды Жетісудан қосылған Рысбек, Сәмен, Өтеген жасағы (шамамен 3 мың жауынгер) толықтырды. Сонда оң қанаттағы адам саны 10-11 мыңға жетті. Сол қанаттағы әскерлерді Әбілмәмбет хан, Сәмеке сұлтан, Қазыбек би, Қабанбай батыр басқарды. Олардың жауынгерлерінің саны 11-12 мың адам болды. Орталық әскер тобын бас сардар Әбілхайыр хан, Әйтеке би, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Рамадан Алшынбай, Қарақалпақ Құлашбек басқарды. Шамамен әскер саны 7-8 мың адам болды. Аңырақай шайқасына қатысқан қазақтардың барлық әскер санын шамамен 28-31 мың адам деп есептеуге болады. Бұл тарихи деректерден көп алшақ кетпейді. Мәселен, соңғы деректерде XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың ортасында жоңғарлармен 1643 жылдан үздік-үздік қазақтардың саны шамамен бір мезгілде 85-100 мың адам жинала алды. Бірақ олардың жартысы әскер жасындағы әйелдер, 25 пайызы әскерге кейін шақырылатын 13-14 жасар балалар десек, әскерге жарамдысы тек 25-27 мың адам болды. Және де Кіші жүз Аңырақай шайқасына өзінің адам күшін толық қатыстырған жоқ, себебі батыстағы қалмақтармен, башқұрттармен, орыс-қазақтармен қарулы қақтығыстар болып тұрды. Ал біз келтірген 28-31 мың мен 25-27 мың сан алшақтығына келсек, әскер қатарында жасы 50-70 жас шамасындағы ақсақалдардың өте көп болуынан деп түсінуге болады. Енді қалмақтардың әскер құрамына келсек, Томск университетіндегі ғылыми кітапханада сақталған Зюнгар шежіресі мен материалдардағы көрсетілген цифрлар бойынша жоңғарлардың Аңырақай шайқасына дайындалған әскер құрамы шамамен 28-30 мың деп шамалауымызға болады. Олай дейтініміз XVIII ғасырдың ортасында жоңғар хандығының жалпы адам саны 600 мың адам болған. Жоңғарлар XVI–XVII ғасырларда, негізінен, үлкен төрт тайпадан – дөрбіт, шорс, торғауыт және хошаут – құрылған болса, XVII ғасырдың ортасында торғауыттар Тарбағатайдан кетіп (шамамен 250 мың адам), Еділ өзенінің төменгі ағысына қоныстанды. Ал хошауттар Үрімші маңынан көшіп (шамамен 200 мың адам),

Тибетке қоныстанды. Олар Аңырақай шайқасы кезінде елеулі әскер жібере қойған жоқ. Тағы бір ескеретін мәселе жоңғар әскері өздерімен бірге отбасын, мал-мүлкін алып жүргендіктен, әскердің бір бөлігін көшті күзетуге қалдырып отырған (шамамен 9-12 мың адам).

Сонымен, Аңырақай шайқасына жоңғарлардың үлкен екі тайпасы – Іле өзені бойындағы шорстар және Қара Ертіс өзенінің жоғарғы ағысындағы дәрбіттер (жалпы саны шамамен 600 мың адам) қатысты. Қорыта келгенде, Аңырақай шайқасына екі жақтың топталған әскер күші қазақтарда 28-31 мың адам, жоңғарларда 28-30 мың адам болды.

Енді 1730 ж. көктемде болған Аңырақай шайқасының барысына тоқталайық. Қазақтардан Аңырақай шайқасына 29 мыңдық қатынасып, оларға басшылық еткен сардарлардың шыққан руының аты-жөнін алдыңғы беттерде айтып өткенбіз. 29 мыңдық үш түменге біріктірілген болатын. Әр түменде шамамен тоғыз-он мың адам болған. Түмендердің туын ұстаушылар Қойгелді, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлар болған. Тарихи жазбаларға қарағанда, Аңырақай шайқасында қазақ әскери тәртібі майданда тоғыз қатарға дейін бөлшектей құрылды. Күшті орналастыруда орталыққа қарағанда екі қанаттың мықты болуы ескерілді. Бұл қарсыластарды қоршап алуға мүмкіндік берді. Әскердің негізгі бөлігі өте шапшаң қимылдады. Шайқас даласына үнемі қатар сайын қосымша күш жіберіліп тұрды. Қазақ әскерінің оң қанатындағы Төле би бастаған әскер тобы оңтүстіктен, қазіргі Іле өзені бойының шығыс жағынан қазіргі Шеңгелді, Қосөзеннен Бақанас, Береке ауылына қарай тікелей шабуыл бастап, жаудың ту сыртына шықты. Әбілқайыр бастаған қазақ әскерлерінің орталық тобы жоңғарлардың тікелей шабуылынан көп шығынға ұшырағанмен, өздері шеп құрған Іле өзені аймағында қорғанды. Сол кезде жоңғарлардың ту сыртынан қарқынды шабуыл бастаған Қабанбайдың әскер тобы жоңғарларды өкшелей қуып, Іленің төменгі бойындағы ертедегі үйсіндер салған қалашықтың ең ірісі Ақтам бекінісіне (Бақанас кентінен 120 шақырым қашықтықта) қарай шегіндірді.

Сонымен, қорыта келгенде, Аңырақай шайқасы 1730 ж. көктемде Іле өзеніне жақын Қараой, Ақдала және қазіргі аудан орталығы Бақанастан 17 шақырым жердегі Береке ауылы тұрған аумақты қамтыды. Соғыстың шешуші кезеңі Итішпес көлі маңындағы жазық далада бірнеше тәулікке жалғасты. Қанды шайқасқа қазақтың үш Ордасы толық қа-

тысты. Аңырақай шайқасының өзгешелігі қазақтың 28-31 мың, жоңғарлардың 28-30 мың жауынгері бір жерге сап құрып, жекпе-жектен басталып соғысқан емес. Әбілқайыр бастаған қазақтың әскер тобы Қосөзен мен Іле өзені бойындағы қорғаныста тұрғанда, Төле би, Қойгелді, Өтеген батыр бастаған әскер тобы Іле өзенінен өтіп, жоңғарлардың оңтүстік бүйірінен шабуылдады. Жоңғарлар Әбілқайырдың әскер тобына қарсы тікелей шабуылға шыққанда, Қабанбай батыр бастаған әскер тобы екіге бөлініп, солтүстік бүйірден қазіргі Іленің төменгі ағысы Балқаш көліне құяр ертедегі үйсіндер-қаңлылар салған қалашық Ақтам<sup>1</sup> бекінісіне шегіндірді. Қарсы шабуылға шыққан Әбілқайыр бастаған орталық әскер тобы мен Қойгелді басқарған әскер тобы жоңғарларды Итішпес көліне шегіндірді. Сол кезде жанамалап солтүстік-батыстан соғыс жүргізген Қабанбай бастаған әскер тобы келіп жетіп, жоңғарларды үш жақтан қыспаққа алды. Жоғарыдағы қазақ әскері тобының қос бүйірден қыспақ қимылы Әбілқайыр ханның тікелей кеңесімен іске асты. Сонымен, Итішпес көлінің маңындағы тарихтағы Аңырақай шайқасының барысына келсек, шайқасты Қойгелді, Өтеген бастаған топ оңтүстіктен бірінші болып бастады да, жаудың солтүстік-батысында тұрған Қабанбай әскер тобымен қосылды. Солтүстік-батыстағы Қабанбай бастаған әскер тобы солтүстік бүйірден қыспаққа алғанда, қарсы тұрған Әбілқайырдың әскер тобы қарсы алдыдан шабуылға шықты. Жоңғарлар Аягөзге, одан әрі Ертіске шегінуге мәжбүр болды. Аңырақай шайқасына негізгі қатысушылар екі жақтан да атты әскер болғандықтан, соғыс даласы қазіргі Іле өзеніне жақын жерде Қосөзен, Қараой, Ақдала және қазіргі Қонаев, Береке ауылы, Итішпес көлі маңы, әсіресе, Ақдалада жылжымалы шайқас болды. Аңырақай шайқасында қазақтардың негізгі қаруы садақ, найза, қылыш, айбалта, қанжар, арқан болғанымен, отты қаруы бар жоңғарды жеңу себебі ұлттық сананың қалыптасуы, патриотизм десек те, Әбілқайыр бастаған қазақ батырларының жауды көпшілік жағдайда қоршауға алып, жекпе-жекте жойып жіберіп және жаудың тылымен байланысын үзіп тастап отыру тактикасының табысы деу-

<sup>1</sup>Ақтам қалашығы – Іле өзенінің төменгі ағысы бойындағы бекіністердің ең ірісі. Ол Бақанас кентінен 120 км қашықтықта орналасқан. Оның биіктігі 2 м қабырғамен қоршалған. Оңтүстік-батысы мен солтүстік-шығысы 180 м. Оңтүстік-шығысы мен солтүстік-шығысы 170 м. Төрт бұрышты дм. 11-12 м, биіктігі 2,5-3 м мұнаралармен бекітілген. Ұзын қабырғалары 33-35 м сайын мұнара қойылған. Ішке кіріздер кеңдігі 8 м. Олар Г әрпі тәрізді алға 10 м шығыңқы қабырға бөліктерімен қоршаулы (Қадырбаев М.К. Новое в археологии Казахстана. Алматы, 1968. с. 70).

ге болады. Ол туралы Ресей сыртқы саясатының архиві; Қырғыз-қайсақ істері 1-9 қор; Зюнгарские дела (1752–53 гг.); Сибирские дела (1746–54 гг.); зюнгар шежірелері, тағы басқа да қорларда сақталған.

Жоңғарлар Аңырақай шайқасында шамамен өлідей 15-16 мың, жаралы, қолға түскендері бар 6-7 мың адамынан, көптеген мал басынан айырылды. Қалған 8-9 мың адам ғана отбасыларымен Ертіске, Тарбағатай тауына шегінді. Қазақтар шешуші жеңіске жеткен осы айқас орны жоңғарлардың жылап, еңіреп, аңырап (аңырау – қалмақша сыңсып жылау) қалған жері ретінде әлі күнге дейін Аңырақай даласы аталады. Ол туралы жоңғар шежіресінің аңырау (жылау, сыңсу) өлеңінде:

*Желкілдеген ту құлады,  
Жайсаңдар тегіс сұлады.  
Жесір-жетім жылады,  
Аналары қалды аңырап,  
Иесіз мал жамырап,  
Үйлер қалды қаңырап.  
Күніміз ылғи тұн болды,  
Заманымыз сұм болды,  
Тірі қалмақ кім болды?  
Қалмақ ұлы құл болды,  
Қалмақ қызы күң болды,  
Жігеріміз құм болды, –*

деп қалмақ әйелдері сыңсып жылады. Қазақтарда да адам шығыны көп болды, әсіресе, адам шығынының көбі орталық майдандағы қанды соғыстың ең ауыртпалығына душар болған Әбілқайыр әскер тобында болды. Сонымен, 1730 ж. көктемде<sup>1</sup> Аңырақай шайқасында жоңғар әскерлері күйрей жеңіліп, шығысқа қарай асығыс шегінуге мәжбүр болды<sup>2</sup>.

Аңырақай жеңісінен кейін, үш орданың (үш жүздің) ханы Болат қайтыс болып, оның орнына хан болуға үш орданың қолбасшысы Кіші Орданың (кіші жүздің) ханы Әбілқайыр үміткер еді. Бірақ Әбілқайыр бұрын хан сайланбаған кіші тармақтан тарайды. Тақтан екінші үміткер Болаттың ағасы Шахмұхамед (Сәмеке) түркі-монғол салты бойынша жолы үлкендігіне қарай өзін тақ мұрагерімін деп есептеді. Тақтан үшінші үміткер Болаттың ұлы Әбілмәмбет еді. Сонымен,

<sup>1</sup>Қазақ ССР тарихы. V томдық. Алматы, «Ғылым», 1982, 3-том, 22-бет.

<sup>2</sup>Сонда.

бұлардың арасынан ұлы хан болып Әбілмәмбет сайланды. Бұған келіспеген алдымен Әбілқайыр, одан соң Сәмеке майдан даласын тастап кетті. Сөйтіп Әбілқайыр бастаған Кіші Орда мен Сәмеке бастаған Орта Орданың бөлігі шайқасты тастап, қайтып кетті<sup>1</sup>.

Соғысты жеңіспен аяқтаған қазақтар шегінген қалмақ әскерінің ізіне түсіп талқандауды ұйымдастырды. Жаудың аман қалғандары Ертіске, Алтай, Тарбағатай тауларына шегініп кетті де, тағы да күш жинай бастады. Осы соғыста әскер басшысы болған, ерлік көрсеткен Әбілқайыр Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлармен бірге батысқа кетті. Қабанбай Іленің арғы жағымен Арқаға бет алды. Кейіннен Қабанбайға Наурызбай, Бөгенбай, Өтеген батырлар қосылды. 1730 ж. тамызда орыстарға арқа сүйеу мақсатымен Әбілқайырдың елшілері Уфада болды<sup>2</sup>. Осылайша Әбілқайырдың майданды тастап кетуіне дейінгі мерзімде алғашқы ірі жеңіске дейін жоңғарлармен соғыста Әбілқайыр үш жылдай қазақ әскерінің қолбасшысы болды. Кейін жеңіспен аяқталған жорық тағы да үш-төрт жылды қамтыды, барлығы 6-7 жыл. Қорыта келгенде, қазақтардың алғашқы ірі 1726 ж. немесе сәл кейінірек 1727 ж. болған, Бұланты өзені бойындағы «Қара сиыр» және «Аңырақай» шайқасы мен Болат ханның өлімі қазақтар үшін ең басты оқиға болды. Осындай ертеңі белгісіз ауыр кезеңде қазақ әскерінің басына Абылай сұлтан келді.

## **§5. АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫНАН KEЙІНГІ ЖОҢҒАРЛАР ЖӘНЕ АБЫЛАЙ БАСШЫЛЫҒЫН- ДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘСКЕРІ (1731–1745 жж.)**

Аңырақай шайқасынан кейін қазақтардың және Кіші жүздің орыс шекарасына кеткенін мұқият қадағалаған Қалдан Церен бастаған жоңғар қолы 1731–1733 жылдары Қара Ертістің бойы мен Зайсан көлі маңына қайтадан тоқтап, Аягөзге жетіп, Қарқаралы, Баянауыл тауларынан асып, тіпті күзетші бөлімдері Ерейменге жетеді<sup>3</sup>.

Жоңғар хандарының мақсаты жайылымдық жерлерін кеңейтіп, сауда жолдарына өз үстемдіктерін жүргізу болды.

<sup>1</sup>Тынышбаев М. История казахского народа. Қазақ университеті. Алматы, 1993, с. 167.

<sup>2</sup>Тынышбаев М. История казахского народа. Алматы, 1993, с. 190; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. с. 168.

<sup>3</sup>Уәлиханов Ш.Ш. Абылай. Шығармалар жинағы. 4-том, 112-бет.

1731 ж. Ұлытауда Ұлы және Орта Ордалардың жасақшылары мен ойрат қалмақтарының арасында зор шайқас болды. Осы шайқас басталар алдында жекпе-жек ұрысқа шыққан Әбілмансұр (Абылай) ойрат әскерінің қолбасшысы, қалмақ ханы Қалдан Цереннің емшектес туысқаны Шарыш батырды мерт қылды. Ойраттар ойсырай жеңіліске ұшырады. Осы шайқаста атасының атын атап, ұран шақырып, «Я, Абылайдың аруағы» деп жауға дүркін-дүркін ат қойған Әбілмансұрды ел Абылай деп атап кеткен<sup>1</sup>. «Абылай осы шайқас кезінде жеке басының ерлігін де көрсетті. Ол берген пайдалы кеңес пен стратегиялық ұсыныс – деп жазды Шоқан, – оның даналығына елдің көзін оңай жеткізді»<sup>2</sup>.

Абылай маңына өзі сияқты халқы үшін жанын аямайтын нағыз батылдар мен батырларды топтастыра білген. Қарекерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек, Тарақты Байғозы, Балта Керей Тұрсынбай, Уақ Баян батыр, Бәсентиін Малайсары, Үсен, Шақантай сияқты азаттық күресте аттары аңызға айналған батырлар – оның жақын серіктері. Хан болғанға дейін де үш жүздің басын қосқан, ортақ мүддені алдыға көлденеңнен тартып, топтастыра алған еді. Осы кез туралы Чиң патшасы Чинзүнның «Орда естелігінде»: «Қазақ жасақтары жоңғарлардың 700-ден артық адамын айдап кеткендіктен, Қалдан Церен қайта оралып, қазақ даласына шабуыл жасамақ болды», – деп жазылған. Естелікте одан әрі қазақтарға қарсы соғыстың барысы былай баяндалады: «Жоңғар әскерлерінің қазақтармен соғысы туралы суық хабар ахуалды тіпті нашарлатып жіберді. Кейбір қалмақтар түгелдей қырыла жаздады. Бастапқыда жоңғарлар қазақтардың көптеген адамдары мен малдарын олжаға түсірдік деп даурығып еді, кейін өздері қора-қора малды тастап, жаяу қашып келді. Оларды шалғайдағы ұлыстардың шетіне қоныстандырып, қазақтардың шабуылынан аман алып қалды. Сондай-ақ, жоңғарлар аз адамымен сыртқа шығуға да бата алмайтын күйге түсті», – дейді. Бұл қазақ халқының жоңғарларға қарсы Аңырақай шайқасынан кейінгі Абылайдың басшылығымен қол жеткен жеңісінің нәтижесі еді. Міне, осы жеңістерден соң, өз ағайыны Орта Орданың ханы Әбілмәмбеттің қолдауымен Абылай сұлтанға арғын руының іргелі де зор бір бұтағы

<sup>1</sup>Сүлейменов Р. Абылай. Аңыз бен ақиқат. «Қазақстан коммунисті» журналы. 1991, №2, 54-бет.

<sup>2</sup>Уәлиханов Ш.Ш. Абылай. Шығармалар жинағы. Алматы, 1985, 4-том, 112-бет.

атығай руына иелік ету тапсырылды<sup>1</sup>. Дегенмен, орыс және қытай үкіметінен қару-жарақпен қолдау тапқан жоңғарлар Қалдан Цереннің үлкен ұлы Лама Доржы мен жоңғар нояны Септемнің басшылығымен Ұлы және Орта Орда жеріне үш жақтан: 1-бөлігі – Ташкент, 2-бөлігі – Есіл, 3-бөлігі Түркістан арқылы қазақ жеріне шабуылдады<sup>2</sup>.

1734 ж. қазақтардың негізгі қолын талқандап, қайтадан Түркістан, Ташкентті басып алды. Олардың әскерінің күшті болғаны соншалық, тек алдыңғы күзетші полкінің өзінде үш мың адам болған. Міне, осындай қиын-қыстау шақта Қойгелді батыр Төле бидің айтумен ел азаттығы үшін күш жинап, Дулат Сеңкібай, Шойбек, Мәмбет, Ошақты Саңырық, Сарымерген батырларды Көкшетаудағы Абылайға көмекке келуін сұрап жіберді. Көп ұзамай көмекке Қабанбай батыр бастаған Орта Орда әскері келіп жетеді. Қабанбай мен Бөгенбай бастаған Орта Орда әскері Өлеңті өзені мен Қаратауда жоңғарлармен соғысады. Қаратауға Орта жүзден келген әскердің жаудан Ташкент пен Түркістанды қорғауы кейіннен Абылайдың Ұлы және Орта Орданың ханы болып сайлануына себепкер болды. Абылай Орта жүздің әскерімен Түркістанға келуге ниет білдірді, бірақ Төле ойраттардан оңтүстікті түгел тазартқанша хандықтың әзірше Көкшетауда қала тұрғаны жөн, ал үш орданың басының болашақта бір мемлекетте ұйысуы болашақтың ірі мақсат-мүддесі деген екен<sup>3</sup>.

1737 ж. Орта Орданың ханы Сәмеке қайтыс болып, орнына Әбілмәмбет хан болып сайланғанын білеміз. 1739 ж. Ұлы жүз ханы Жолбарыс қайтыс болады. Міне, осындай жағдайда қазақ елі жоңғар жаулаушыларына қарсы бірден ұйымдасқан күш көрсете алмады. 1739–1740 жылдары қыста жоңғарлар қазақ жеріне бір мезгілде екі жақты шабуыл бастады: әскер басы Септен бастаған жоңғар әскерінің солтүстік тобы Есіл мен Тобыл арасында көшіп-қонып жүрген қазақтың ру-тайпаларына соққы берді. Ал оңтүстік топтағы әскерді басқарған ноян Сары Манжы Сырдария ауданына жалпы саны 30 мың әскермен басып кірді<sup>4</sup>.

<sup>1</sup>Сүлейменов Р. Абылай. Аңыз бен ақиқат. «Қазақстан коммунисті» журналы. 1991, № 2, 54-бет.

<sup>2</sup>Монсеев В.А. Джунгарские ханства и казахи XVII–XVIII вв. Алматы, «Наука» 1991, с. 116.

<sup>3</sup>Сүлейменов Р. Абылай. Аңыз бен ақиқат. «Қазақстан коммунисті» журналы. 1991, №2, 56-бет.

<sup>4</sup>Гурьевич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII-первой половине XIX в. М; «Наука», 1983. с. 131.



Қазақ-қалмақ соғысының екінші кезеңі 1741 ж. бастап 1746 ж. Қалдан Церен өлгеннен соң аяқталды. Өзінің әскерін жақсылап сайлап алған Қалдан Церен 1740 ж. әскерін қазақтарды өкшелей қууға жіберді. 1741–1742 жылдары жоңғар феодалдары Ұлы жүз бен Орта жүз жерлеріне қайтадан басып кірді. Олар біраз уақыт Есіл, Ор, Ырғыз, Елек өзендеріне бұзып-жарып өтеді<sup>1</sup>.

Жоңғарлардың мол күшіне тойтарыс беру үшін тек әскери ұйымдастыру қабілеті басым, тәжірибелі, әскери қолбасшы керек еді. Осындай қасиеттері бойынан табылған Абылай 1740 жылғы соғыста қазақ әскеріне тікелей өзі қолбасшылық етті. Қазақ әскері жоңғарларға ойсырата соққы берді. Бұл жолы жоңғарлар шағын жеңіске жетсе де, түпкі стратегиялық мақсатын – қазақ әскерінің негізгі күштерін талқандау, сауда жолдарына үстемдік етуге қол жеткізе алмады. Жоңғар әскері көп шығынға ұшырап, кейін шегінуге мәжбүр болды. Бірақ осымен бір мезгілде Абылай үш Орданың басын біріктіріп, жоңғарлардың қол астында қалған қазақ жерлерін азат ету мақсатымен Орта Орда жерінде Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Көкжал Барақ, т.б. батырларды топтастырып, қол жинады. Алдымен ұзақ жылдар бойы жоңғар хандығына бодан болып келген Ұлы Орда жерлерін – Жетісу, Сыр бойындағы қалалар, Талас пен Шу өңірін азат ету көзделді. Соғыс қақтығыстарының бірінде 1741 ж. жазында барлаушылардың қосынын басқарып жүрген Абылай жаудың күшті бір әскери тобының қоршауында қалып қойып, қалмақтардың қолына тұтқынға түседі<sup>2</sup>.

Абылайдың жанында Құдайменді батырмен бірге аз ғана төлеңгіттер де болған. Абылайдың тұтқынға түскені туралы орыс архивінде Ямышев комендатурасының Сібір губерниясының кеңсесіне 1741ж. 1 маусымда жеткізген мәлімдемесінде: «...Сыптан әскерімен Есікте Шілік пен Шідерті өзендерінің бойында болғанда оларға, қалмақтарға Абылай сұлтан қазақ ордасының екі жүз адамдық қолымен шабуыл жасады. Қалмақтар оларды талқандап, сұлтан Абылайдың өзін қолға түсірді»<sup>3</sup>, – делінген.

Бірақ 1741 ж. жоңғарлар Нұра, Торғай, Ырғыз өзендерінен өтіп, Еділдің төменгі ағысындағы қалмақтарға (торғауыттарға) Сарайшық қаласы маңында қосылмақ болған жос-

<sup>1</sup>Қазақ ССР тарихы. Алматы. 1957, I том. 257-бет.

<sup>2</sup>«Қазақстан коммунисті» журналы. 1991. №2, 56-57-беттер.

<sup>3</sup>Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, «Білім», 1999, 3-кітап, 69-бет.

пары іске аспай қалды. Сарайшыққа 400-500 шақырым-дай қалғанда Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Олжа-бай батырлар бастаған қазақ әскерінен жеңіліс тауып, кейін шегінді. Сонымен жоңғарлардың Еділ қалмақтарына қосылу мақсаты іске аспай қалды. Бұл жеңістің бір ғана себебі бар: ол – қазақтардың Аңырақай шайқасынан кейінгі қайтадан бірігіп қарсылық көрсетуі. Міне осыдан соң, 1741–1742 жж. соғыс нәтижесінде жоңғарлар қазақтармен келіссөзге келіп, 1741 ж. күзінен жоңғар тұтқынында отырған Абылайды 1743 ж. 7 маусымда еліне қайтарады. Абылай еліне қайтып келе жатқанда орыстың шекара басшылары: «Абылай жоңғарлардан үлкен олжамен оралды...»<sup>1</sup>, – деп көрсетті. Бастысы – бітім жасалды. Қалдан Церен оларды босатқанда тұтқындардың әрқайсысына ...алтынмен апталған қылыш және күмістен тоқылған белбеу сыйға тартқан... Қазақ ордасына олар бұдан былай қазақтар мен жоңғарлар арасында тату көршілік қатынастар болсын, өзара ешқандай дау-жанжал болмасын, қажет болған жағдайда бір-біріне көмектессін деген шарт қайтарылған<sup>2</sup> болатын. Абылайдың елге оралғандағы басты мақсаты қазақтың күшті мемлекетін қайта қалпына келтіру, тәуелсіз ел ету болды. Сол мақсатқа жету үшін Абылай жоңғарларды Қоқан хандығына қарсы айдап салды. XVIII ғасырдың 40-жылдары жоңғар хандығы мен Қоқан хандығы арасында Ташкентке билік жүргізу үшін соғыс басталды. 1744 ж. Қоқан бегі Абдулкаримбектен жоңғарлар жеңіліске ұшырады. Бұл жоңғарлардың Орталық Азиядағы беделінің әлсіреуіне, соның нәтижесінде жоңғар езгісінен ұлы Орданың құтылуына әкеп тіреді<sup>3</sup>. Бұл саясат Абылайдың көрегендігі еді.

XVIII ғасырдың 40-жылдарының аяғы мен 50-жылдарының бас кезінде жоңғар хандығының құлдырауы күшейе түсті. 1745 жылы жоңғар хонтайшысы Қалдан Церен өлгеннен кейін таққа 13-ке енді ғана толған оның ортаншы ұлы Цеван Доржы отырады. Елде саяси бөлшектену сипат алды<sup>4</sup>. Осы жылдары Абылайдың алдына қойған мақсаты жоңғар шапқыншылығы кезінде басып алған қазақтардың тарихи Отанын қайтарып алу болды. Сол мақсатта ол негізгі әскер күшін Көкшетауда, Ұлытауда, Түркістан маңында

<sup>1</sup>АВПР, 1743, 3-іс, 122-бет

<sup>2</sup>Қазақ тарихи жырларының мәселелелері. Алматы, «Ғылым», 1979, 85-бет.

<sup>3</sup>Моисеев В. А. Джунгарские ханства и казахи XVII–XVIII вв. Алматы, «Ғылым» 1991, с. 173.

<sup>4</sup>Бичурин М. Я. Историческое обозрение ойратов и калмыков с XV столетия до настоящего времени. С-Петербург. 1834, с. 105.

топтастырды. Абылай стратегиясы оның азаттық саясатының жалғасы болды және арнайы қорғаныс әрі шабуылдық мақсатқа бағытталды. Тыңшылар берген терең стратегиялық барлау арқылы толықтырылып отырды (Талас, Шу, Шелек, Көксу, Іле, Балқаш көлі, Ұлытау, Ертіс өзені бойынан жіберілген барлау отрядтары, Абылайдың жіберген жасағы, т.с.с.). Бұл барлау кезінде жер қыртыстары бақыланды, қарсыластардың қарсылық көрсету қабілеті тексеріліп, моральдық қысым жасалды. Сөйтіп, шабуыл жасауға қолайлы сәт қарастырылды. Стратегиялық барлаудың ең бір негізгі міндеті малға құнарлы жайылым іздеу болды.

Саяси және стратегиялық барлаудың негізінде алдағы жорық жоспары жасалды. Ол құрылтайда талқыланып, шабуыл жасайтын жоңғар объектілері, әскери топтары белгіленді, стратегиялық мақсаттар мен әскери қолбасшылар бекітілді. Абылай негізгі шабуылды бүркемелеуге мән берді. Көп жағдайда әскерлер бейбіт көшпенділер керуені секілді қозғалып отырды, қарулар арнайы бумаларда сақталынды. Кей жағдайда қару-жарак алдын ала арнайы дайындалған орындарда тығулы тұрды. Жасақтардың жүрісі арқылы негізгі соққыны анықтау мүмкін емес еді. Қолға түскен тыңшылар жауға өтірік мәлімет беріп, оларды одан әрі шатыстырды. Мәселен, жоңғар хандығының Орта жүзге соғысы туралы Ямышев комендатурасының Сібір губерниясының кеңсесіне 1741 ж. 1 маусымда жеткізген мәлімдемесінде: «Бірнеше қазақ рулары бас сауғалап Тобыл бойына кеткен болатын, оларды қуып жету үшін қалмақтарды қолға түскен қазақтардың бірі бастап жүрді. Бірақ ол қасақана адастырып, оппа қарға ұрындырып, сақылдаған сары аязда қансыратты. Бір қатары суықтан үсіп, әрең жол тапқан қалмақтар қазақ ауылдарына шабуыл жасамас бұрын, бәлкім ондағылардың саны көп болғандықтан ба, оған жеткізбей жол бастап айдалаға адастырған тұтқынды азапқа салып, өртеп өлтірді. Әйтсе де, олар аяз азабынан әбден титықтағандықтан шабуылдауға батылдары бармай, кері қайтты. Қазақтар да қалмақтарға тиіскен жоқ... Сыптанмен бірге кері қайтқан қалмақ әскерлері 15 мыңдай еді. Ал қалмақ әскерлерінің қазақ руларын өз беттерінше іздеп шыққан бөліктерінің қайтып оралған, оралмағаны белгісіз»<sup>1</sup>, – дейді.

Абылай өзінің қазақ жерін күшпен азат ету саясатын бүркемелеп, жоңғарлармен бейбіт келіссөз жүргізіп отырды.

<sup>1</sup> Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы. «Білім», 1999, 69-бет.

Ол туралы Орынбор комиссиясының бастығы И.И.Неплюевтің қазақтар мен жоңғарлар арасындағы бейбіт келісімдер туралы 1742 ж. 7 маусымда сенатқа жеткізген мәліметінде «... Жоңғар билеушісі әскерлерінің барлығы бірдей қосындарына оралмаған-ды. Мысалы, Сары Мәнжі (Қалдан Цереннің күйеу баласы) бастаған мыңнан астам қол Талас өзені бойында қалған»<sup>1</sup>, – дейді. Бейбіт келіссөз жүргізе отырып, тұтқиылдан жоңғар әскеріне шабуыл жасау Абылай бастаған қазақ батырларының негізгі стратегиясы болды. Онда шабуылдың бағыты мен уақыты дәл белгіленді. Жоңғарлар басып алған жерлерді азат ету көктемде, күзде іске асырылды. Өйткені олар көп әскердің көктемде, күзде жол жүру мүмкіндігін естен шығарған болатын. Қазақтардың шабуылының бағыты аяқ астынан өзгеріп кетіп отырды. Абылайдың бұл тактикасы қазақтар үшін жемісті болды, қалмақтарды жаппай талқандап, қазақ жерінен қуалау басталды.

## **§6. ҚАЗАҚТАРДЫҢ АЗАТТЫҚ ШАБУЫЛЫ ЖӘНЕ ЖОҢҒАР ХАНДЫҒЫНЫҢ КҮЙРЕУІ (1746–1758 жж.)**

1745 ж. қыркүйекте Қалдан Церен қайтыс болды. Елде билік үшін талас басталды. Жоңғарлардың ішкі қырқысын пайдаланған Абылай бастаған қазақ әскерлері жаппай шабуылға шықты. Орта жүз ханы Сәмеке Бөгенбай қолының тез Ұлытау маңына аттануына әмір беріп, шапқыншыларын (хабар жеткізуші) жіберіп жатты. Жалпы, Бөгенбай қолы бетін Сарыарқаға бұрды. Оңтүстік Қазақстанда Шінетұлы Рысбек Жоңғар хонтайшысының Қаратаудағы жазғы ордасын талқандап, құлпарша етті. Ошақты Саңырық, Сарымерген, Қалет батырлар мергендер тобын басқарды. Қырғын соғыс әсіресе, қазіргі Қаратау каласының оңтүстік-шығыс жағындағы Қотырбұлақта болды. Осында қырылған қалмақтардың оба-молалары әлі күнге дейін үйінді болып жатыр. Осы жердегі «Шолақтау» кеңшары қазір Қойгелді атындағы бірлестік аталып отыр. Сондай-ақ, мұндағы «Майтөбе» атанған Майдантөбе қырғынының орны Талас ауданының орталығы Ақкөл маңында қырылған қалмақтардың төрткүл обасы әлі күнге тұр... Бұлар тек Талас ауданының ғана жеріндегі

<sup>1</sup>Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы. «Білім», 1999, 70-71-беттер.

соғыстардан қалған белгілердің біразы ғана. Жетісу жерінде Қойгелді мен Қабанбай, Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай батырлар жеңіс туын тігіскен. Шілік деген жерде осы топты басқарғандар арасында садақшыларға жетекшілік еткен Саңырық, ал жалпы әскер ішінде мыңдықтар басқарған Өтеген, Қосы, Оқым, Қортыс, Мәмбет, Шойбек, Сеңкібай, Сәмен, қаңлы Тілеуке, қарақалпақ Қылышбек... сияқты батырлар болған<sup>1</sup>.

Сол кездегі қазақ-қалмақ соғысын көзбен көрген, көргенді көкейге түйген осы батырлардың соңындағы ел-жұрты:

*Қалмақпенен ұрысып,  
Айдан аса сүзісіп,  
Найзалары майысып,  
Жаннан күдер үзісіп,  
Тіземенен тіресіп,  
Кеудеменен сіресіп,  
Шайқасқан жер айтақыр,  
Қатардан шықты қос батыр.  
Нелер боздақ жас батыр,  
Кірді сонда ұрындап,  
Бір жағынан Райымбек,  
Қос мүйізді Өтеген.  
Қабанбай мен Наурызбай  
Түсірді жауға найзағай.  
Бұғаты мен Торайғыр,  
Тұрысқан жердің шамасы,  
Екі таудың парасы,  
Ат шаптырып арасы  
Қан сасыды лезде  
Көкпектінің даласы.  
Қазақ, қалмақ шабысқан,  
Жер мен судың таласы.  
Ерлер ұран салғанда,  
Алладан болды панасы.  
Айдан аса алысып,  
Төбе болды моласы.  
Тірі қалған қалмақты  
Күнишығысқа қашырды...*

---

<sup>1</sup>«Егемен Қазақстан». 1992, 21 қараша.

Осы жылдары Бөгенбай батыр бастаған әскер тобы Алакөл, Мақаншы, Көкпекті өзені, Ертіс бойындағы Бұқтырма деген жерде жоңғарларға күйрете соққы беріп, қазақ елін түбегейлі жеңіске жеткізді. Ал Қаракерей Қабанбай әскері Тарбағатай тауы мен Қандысу өзені бойында жоңғар әскерін талқандап, Шілік асуымен Зайсан көліне дейін жоңғарлардың ізінс түсіп, Шитөбе, Талдыаралды (Аманжол қыстауы болған жер) азат етіп, соңғы қанды шайқастарын қазіргі Үлкен Қаратал, Көкқошқар, Кендірлік, Аққола деген жерлерде жеңіспен аяқтады. Жоңғарлар жеңілгендіктерін мойындап, қазақ батырларына ақ отау тігіп, ақ тұлпар шалып, достық нышаны ретінде сойылған тұлпардың басын тартып, бұдан былай қазақ халқымен жауласпау шартына қол қойған келісім жасалды. Сөйтіп, Зайсан жерінде қазақ халқы ғасыр бойы созылған күресін жеңіспен аяқтады. Үмбетей жыраудың «Бөгенбай өліміне» деген жоқтау жырында:

*Баянауыл, Қызылтау,  
Абыралы, Шыңғыстау,  
Қозымаңырақ, Қоймаңырақ  
Арасы толған көп қалмақ.  
Қалмақты қуып қашырдың,  
Қара Ертістен өткізіп,  
Алтай тауға асырдың!  
Ақ Шәуліге қос тігіп,  
Ауыр қол жиып алдырдың,  
Қалмаққа ойран салдырдың.  
Қабанбай мен Бөгенбай,  
Арғын менен найманға  
Қоныс қылып қалдырдың! —*

дейді. Жырлап отырған жер аттары қазіргі Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан облыстары. Өскемен қазақтарының аузында Бұқтырма асуының тұсында «Бөгенбай Тескентауы» деген үңгір бар. Бұл жайдың өзі де өткенді аңыз етіп қана қоймай, әйгілі ұрыстардың топонимінен де белгі береді. Үмбетайдың «Қара Ертістен өткізіп, Алтай тауға асырдың!» деген анықтамасы айқындала түседі. Семей жерінде Ақшәулі мен Қоңыршәулі деген жер аттары осы күнге дейін сақталған. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Тағы бір айта кететін мәселе, соғыстың үшінші кезеңінде шегінген жоңғар әскерлері қамалдарға жиналып бекініп, күш жинауға кірісті. Мәселен, Ертістің бір

саласы Сібе өзені жағасындағы Абылай кит қамалы 1654 ж. салынған еді. Ол жоңғарлардың қазақ жерін жаулауда негізгі тірегі болып, Ресейден Қытайға баратын жоңғарлардың өз қолдарына ұстап отыруға пайдаланған болатын. Міне, соған үш мың жоңғар әскері келіп паналады. Қазақтардың қамалды шабуылмен алуы өте қиынға соқты. Қамал жан-жағы мидай жазық, өзен болды, ал қоршаған жартасты биік жота. Жота етегіне салынған қамал арқылы өзен бойындағы жазықтықты, Сібе көлін және батыстағы Тарғын даласын, одан әрі Ертіске өтетін жолдарды бақылауға қолайлы<sup>1</sup> еді. Қазақтар Абылайкит қамалын ала алмай, бірсыпыра шығынға ұшырап сырттай қоршап тұрды. Майданға бір күн кешігіп қалған Олжабай батыр<sup>2</sup> бастаған әскери құрама қамалға үдере шабуылға шығып, темір қақпаны бұзып кіреді. Артынша қамалға қалың қол да лап береді<sup>3</sup>. Міне, осы қамалдың темір қақпасын бұзып кіру Олжабай батырдың атақ-абыройын көтереді<sup>4</sup>. Олжабай содан былай қамал бұзғыш деген атақ алды. Осы шабуылға Олжабайдың қолының қоспасынан оқ тигенге қарамастан, шегінбей, жоңғарлар бекінген қамалды тізе бүктірді<sup>5</sup>. Олжабайдың сол соғыста көрсеткен ерлігін Сақау дейтін ақын өзінің «Олжабай батыр» толғауында былай жырлайды:

*Олжабай орта жүзде ту ұстаған,  
Балапан түйгын құстай құныстанған.  
Қолының қоспасынан оқ тисе де,  
Ту ұстаған жерінен жылыспаған.*

Олжабай жаралы қолымен жоңғар әскер басшысының қайта кезенген мылтығын атып түсіреді. Ерлігі мен мергендігіне тәнті болған жоңғар әскербасы «Олжабай» жырында:

*Ойлап ем қақпа бұзған қандай қазақ?  
Сындырып мылтығымды салдың азап.  
Қан төгіскен қырғынды тоқтатайық,  
Армызда татулық жүрсін ұзақ, –*

<sup>1</sup>Орынтаев Қ. Абылайкит бұтханасы. «Дидар», 1991, 4 қазан.

<sup>2</sup>Олжабай Толыбайұлы 1709 жылы туып, 1785 жылы Ереймен тауының сырғындағы Сілті өзенінің басында қайтыс болған. Денесі Көкшетау мен Қызылжардың арасындағы бір белгілі жерге қойылып, басына қара кірпіштен там салынған.

<sup>3</sup>Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, «Ғылым», 1979, 139-бет.

<sup>4</sup>Бұл да сонда. 139-140-беттер.

<sup>5</sup>Бұл да сонда. 143-бет.

деп, қамалдағы әскер басы Олжабайдан бітім сұрайды. Қалмақтар қазақ жерін тастап, Алтайдан асып шегінеді. Алтайдан шегінген қалмақтардың айтқаны:

*Тас бұлағың шайдай боп,  
Тарбұғаның (суыр) тайдай боп,  
Қайран Алтай қалдың-ау...!*

Осы бітімнен кейін Олжабайдың абырой-атағы бұрынғыдан да асып, атақ-даңқы «он сан орта жүзге ұран болады»<sup>2</sup>. Көп ұзамай Абылайдың өзі бастаған екінші әскер тобы да қамалға кіреді. Қамал енді Абылайдың атымен аталады. Кейін Өскемендегі орыстар Абылай қамалды тастап, Көкшетауға кеткеніне қуанып, абылай кетті деп немесе Абылайкит деп атап кеткен. Ол бүгін де солай аталады.

Қазақ жерін жоңғарлардан азат еткенен кейін рулар мен тайпалар жаппай ата мекендеріне орала бастады. Ұлы Орда тайпалары Сырдария жағалауларынан, Түркістан аймағынан, Жетісу жеріне; Орта Орда тайпалары Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстандағы атамекендеріне оралды<sup>3</sup>. Қазақ хандығы өзінің шекарасына шығысымен, Қытай империясы Жоңғар хандығына шабуыл жасай бастады. XVIII ғасырдың орта шенінде ішкі Қытайдағы шаруалар қозғалысын басқан манчжур-қытай (Цинь) империясының екі армиясы тоқсан мың әскермен<sup>4</sup> жоңғар хандығының жеріне келіп кірді. Қытайлардың Жоңғарияға басып кіруіне 1754 ж. жоңғар тағына үміткерлердің бірі – Әмірсананың билік үшін күресте Цинь үкіметінен көмек сұрауы себеп болды. 1755ж. мамырында Цинь әскері Әмірсананың басшылығымен Текес (Жоңғария) алқабына басып кірді. Көп кешікпей Жоңғар хандығының негізгі күші талқандалып, толығымен жойылды. Жоңғар хандығының қайта қалпына келуіне жол бермеу үшін қытайлықтар Әмірсананы бүкіл ойраттың басы етіп қоямыз деген уәделерін орындамай, хандықты төрт бөлікке бөліп тастады<sup>5</sup>. Бұл жағдай Әмірсананың бұрынғы жақтаушыларына қарсы шығуға алып келді. Олардың ара-

<sup>1</sup>Рахымжан Аманжолұлы айтқан 1943 жылы.

<sup>2</sup>Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, «Ғылым», 1979, 143–144-беттер.

<sup>3</sup>Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. Алматы. 1994, 16-бет.

<sup>4</sup>Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. 2-кітап, Алматы, «Білім» 1997, 199-бет.

<sup>5</sup>Бичурин М.Я. Собранные сведения по исторической географии Восточной и Средней Азии. Чебрксары, 1960. стр. 540.



сындағы киян-кескі ұрыс 1757 ж. Әмірсананың аз нөкерлерімен қашып кетуімен аяқталды. Жоңғарияны басып алған Цинь әскерлері ойрат тұрғындарын аяусыз қырып-жойды. Оны қытай тарихшылары да мойындауға мәжбүр болды. Бұған «Қытай тарихы очеркінде» ерекше көңіл аударылып, «Қытайлар жоңғар халқын ешбір аяусыз, бірін қалдырмастан қырып-жою арқылы жеңіске жетті»<sup>1</sup> – делінген.

Жоңғарияның гүлденген кезеңінде 600 мыңнан аса адам өмір сүрді. Әскери талқандаудан кейін халықтың оннан үш бөлігі жойылды, ал оннан төрті шешек ауруынан қайтыс болды. Өлім аузынан аман қалған жоңғарлар бас сауғалап, қазақ даласына қашуға мәжбүр болды<sup>2</sup>. Бұл босқыншылық көпшілік сипатқа ие болды. Оқиғаның осындай нәтижесі 1756 ж. 1 маусымдағы заңдастырылған үкімет жарлығымен қазақтардың ежелгі жері Алтай аймағын қайтарып алу міндеті қойылды<sup>3</sup>.

Қазақтың бұрынғы жерлері Ертістің жоғарғы ағасы, Үлбіге құяр сағасы, Бұқтырма, Нарын өзендерінің жоғарғы бөлігі қазақ еліне қарады<sup>4</sup>. Сонымен ойрат-жоңғарлардың көпшілігі қазақ жерінен кетіп, Сібірдің аудандарына және басқа да жерлерге орналасты. Ойрат басшысы Әмірсана қазақ жерін паналады. Көп кешікпей манчжур-қытайлықтар Әмірсана мен басқа да ойрат босқындарынан іздеуді сылтау етіп, қазақтар тарапынан қарсылық болған жағдайда әскери күш қолдануды көздеп, Қазақстан аумағына басып кірді<sup>5</sup>.

Осы кезде ежелгі қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат еткен сұлтан Абылай өз ықпалын тек Орта жүзге ғана емес, ұлы жүзге де жүргізді. Ол манчжур-қытайларға қарсы күш жинай бастады. 1756 ж. тамызында Цинь әскерлері мен Абылай басқарған қазақ жасақтары арасында әскери қақтығыс болып, қазақтардың Цинь әскеріне тойтарыс берумен аяқталды. Осы жылдың жазында Жоңғарияны жаулап алуды аяқтамастан, Әмірсана мен басқа да ойрат басшыларын ұстауды сылтауратып, манчжур-қытай отрядтары Қазақстанға бірнеше жерден басып кірді. Цинь билеушілері қазақтарға қатысты ресми жарлықтарында

<sup>1</sup>Очерки истории Китая с древности до «опиумных» войн. под ред. проф. Шан Юэ. М., 1959, с. 549 (пер. с кит).

<sup>2</sup>АВПР. Ф. Зюнгарские дела д. 4, 1756 г., л. 235.

<sup>3</sup>Потапов Л.П. Очерки по истории Алтайцев. Очерки истории СССР. Период феодализма России во второй половине XVIII в. М. 1956, с. 670-71.

<sup>4</sup>Сонда. 672-бет.

<sup>5</sup>«Да Цинь Гмо-цзун Чунь хуанди шилу» («Хроника Дацинской династии годов правления императора Гао цзуна»). Токио, 1937, гл. 512, с. 23.

«Циньдерге қарсы шығушы ойраттарды жасырғандығы үшін аяусыз қырып-жоятындығы, тіпті қазақ елінің толық жойылуына дейін барады»<sup>1</sup>, – деп қорқытты.

Ол кезде орыс үкіметі Ұлы және Орта жүз қазақтарына манчжур экспансиясына қарсы тұрарлықтай жеткілікті қару-жарақ, әскери күш бере алмады. Беделді сұлтан Абылай және басқа да қазақ басшыларының жасақтары манчжурларға қарумен қарсылық көрсетуге ұмтылды. Бірақ алғашқы ұрыстың өзінде-ақ екі жақ та жеңіске жете алмады. Қытайдың ресми мәліметтері бойынша мыңнан аса қазақ өлген, қытайлықтардың әскері де сол мөлшерде<sup>2</sup>.

Князь Цигунджабаның 1756 ж. жазындағы антициндік көтерілісі манчжур әскерлерін қысқа қарай жерін тастап кетуге мәжбүр етті. Бұл манчжур әскерінің монғол тылындағы тұрақсыздығын көрсетеді.

Манчжур әскерлерінің Қазақстанға келесі жорығы Әмір-сана Қазақстаннан Ресейге қашып кеткеннен кейін 1757 ж. болды<sup>3</sup>. Содан кейін Абылай сұлтанның Цинь билеушілерімен келіссөздері жалғасты. Ол келіссөздің мақсаты болашақта Қазақ мемлекетінің Ресей-Қытай әскерлерінің қоршауынан құтылу жолы еді<sup>4</sup>,

Император Цян-Лун 1757 ж. өзінің бір жарлығында көрсетілгендей, қазақ-қытай қарым-қатынасы Қытайдың басқа да іргелес, сол кездегі Пекиннің вассалдары болып табылатын Азия мемлекеттері – Вьетнам, Таиланд, т.б.<sup>5</sup> елдермен арадағы қарым-қатынасқа ұқсас қатынас болып табылды. Цинь өкіметі 1767 ж. қазақтарды өзінің ата қонысы Тарбағатайға қоныстануына келісім беруге мәжбүр болды<sup>6</sup>. Осылайша қазақтар өздерінің ата қоныстарын алды. Цинь империясы қазақтар мен қырғыздарға жаулаушылық жоспарын жүзеге асыру мүмкін еместігіне көз жеткен соң, қазақ-қырғыздардың орналасқан жерін, яғни Ресей мен Қытайдың арасындағы аралық жер ретінде мойындады<sup>7</sup>. Сонымен жөңғарлар билігі жойылғаннан кейін оның орнын Цинь патшасы басты. Ұзақ жылдар соғыстан қалжыраған қазақтардың жасақтарының

<sup>1</sup> Сонда. 8-бет.

<sup>2</sup> «Циньдин пин дин чжунгер фанлюс». «Чженбянь» цз. 27. лл 21-216; цз. 28. лл. 5-66, 76., «Да цинь Гао-цзун Чунь хуанди шилу», цз 520, л. 86.

<sup>3</sup> Златкин И. Я. Русские архивные материалы об Амурсане. Филология и история монгольских народов. М., 1958, с. 310.

<sup>4</sup> АВГР, ф. Киргиз-кайсацкие дела. 1958, д. 4, л. 200.

<sup>5</sup> «Да цин Гао-цзун чунь хуанди шилу» цз. 548, л. 13.

<sup>6</sup> «Да цин Гао-цзун чунь хуанди шилу» цз. 780, л. 34-35.

<sup>7</sup> Сун юнь Цинь дин Синцзян Шилгос. Б.М. 1821, цз. 7, л. 1 с.

Цинь патшасы әскерлерімен соғысуынан сақтанған Абылай қытайға елшілікке Бөгенбай батырды жіберді. Сол қысылтаяң уақытта қаракесек Қазыбек бидің Абылай ханға айтқаны:

*Сүйеуге арқа жарайды,  
Мынау көрші орысың,  
Сәтсіздеу боп тынып тұр  
Богда ханмен соғысың.  
Тұрпанды шапқан Бөгенбай  
Жаратамын сол ісін!  
Батыр аңғырт десек те,  
Көрсеткендей ел күшін!...*

Қазақтар Цинь империясымен келіссөз жүргізуге елшілер аттандырып жатқанда, 1758 ж. Қытай әскері Жоңғарияда мейлінше ойран салып, халқын тоздырып жіберді. Жоңғария мемлекеті біржолата жоқ болды. Бұл жөнінде КСРО өкіметінің 1969 ж. 13 маусымдағы мәлімдемесінде: «Манчжур-қытай империясы Жоңғариядағы ойраттар хандығын жойып, оның халқының көпшілігін – бір миллионнан аса адамды қырды»<sup>1</sup>, – деп көрсетілген.

Қорыта келгенде, қалмақтар 1757–1758 жылдардан кейін қарсылық көрсету күшін сарқып, мемлекеті жойылды және қытай, орыс билеушілерінің жемтігіне айналды.

100 жылдық соғысқа төтеп берген Қазақ хандығы өзінің өміршендігін көрсетті, ұлттық санасы қалыптасты. Абылай бастаған әскердің жауынгерлік рухы шындалды. 1771 ж. Әбілмәмбет хан дүние салғаннан кейін хандық билік Абылайға көшті. Абылайды ел-жұрт бір ауыздан үш орданың ханы етіп сайлады.

Ал қазақтармен соғысу жоңғарлардың өз бастарына таял болып жетті. Өйткені құбақалмақтар қазақ елінің шығысында атымен өшті, қалған-құтқаны біржола бас көтере алмастай болып, кең дүниенің бетінен сызылып, қара жамылып қалды. Ал қазақ халқының бақыты үшін жанын жалдап, тісін қайрап, оның табанына кірген тікен менің маңдайыма шөгір болып кадалсын деген Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Қойгелді, Шақшақ Жәнібектің аты оның ұрпағына, бүгінгі қазақ халқының есінде жатталып қалды. Енді қысқаша сол батырларға, олардың ерлік дәстүрлеріне тоқталайық.

<sup>1</sup>Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. 2-кітап, Алматы, «Білім» 1997, 201-бет.

## §7. ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСЫНДАҒЫ ТАРИХ КӨШІН БАСТАҒАН БАТЫРЛАР

### а) Қаракерей Қабанбай батыр

Атақты, ақылды, абыройлы хан әрі қолбасшы батыр Абылайға арнап айтқан сөзінде Қабанбайдың тарихта алатын құрметті орнын сәуегей жырау, кемеңгер би Бұқар айқындап айтып кеткен:

*Қаркерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Қаз дауысты Қазыбек,  
Шақшақұлы Жәнібек,  
Ормандай көп орта жүз,  
Содан шыққан төрт тірек.  
Тұғыр болған сол еді,  
Сіздей төре сұңқарға, –*

деген. Тарихи шындықты дәл, әділ айтқан. Енді қысқаша сол батырлардың өмір жолына тоқталмақпыз.

Адам айтқысыз жарты ғасырға созылған қазақ-жоңғар алапат соғысында қазақ батырлары ғаламат ерліктер көрсетті. Солардың қасқа маңдайында Қабанбай жүрді. Ал бүкіл майданның, тұтас жеңістің алтын діңгегі Абылай болды. Абылайдың хандығынан батырлығы әлдеқайда басым жатыр. Оның тарих сахнасына билікпен емес, батырлықпен шыққаны әмбеге белгілі. Оның үстіне, Абылайдың бар ғұмыры ат үстінде жорықта өтті. Абылай – қазақтың бас батыры. Жауды жеңуге Абылайдың данышпандығы, көрегендігі ұйытқы болды. Тағдыр оған Қабанбай сияқты қас батырларды тұстас келтірді. Олар бір-біріне сүйеніш бола білді. Қабанбайға «Дарабоз», «Хан батыры» деген атақты берген де Абылайдың өзі. Деректерге қарағанда, ұзақ тірескен осы соғыста Қабанбай бас сардарлық міндет атқарды. Мұны оған Абылайдың «Хан батыры» атағын беруі де дәлелдейді. Жоңғарларды жеңу барысында қазақ даласында бір-неше жерде шешуші соғыстар өтеді. Соның барлығында қазақ батырлары Қабанбайдың қолбасшылығымен ірі-ірі жеңістерге жетіп, ақыры жоңғарларды жерімізден біржола аластайды.

Қабанбай батырдың анық туған жылы белгісіз. Дегенмен, батыр өмірін зерттеушілердің шамалауынша, ол 1691 ж.

дүниеге келген. Қабанбай батырдың туған жері туралы да толық мәлімет жоқ. Кейбір пікірлер бойынша Сыр бойында туған делінді... Қабанбай батыр шамамен 1769 ж. 78 жасында дүниеден қайтқан. Оның қай жерде жерленгені туралы пікірлер де әр қилы. Қабанбай батырдікі деген зираттар Семей, Талдықорған, Көкшетау өңірлерінде әлденешеу.

Әсілі, көшпенділер салтында батыр атану үшін кемінде жаудың бір батырын жекпе-жекте жеңу керек болған. Ал қолбасы, сардар атану үшін асқан ерлік, батырлықтың сыртында артында тіреп тұрған елің, қолдаушы серіктерің болуы шарт. Қабанбай – осы шарттың бәрін толықтырған, қырық жыл бойы қылышын қынабына салмай соғысқан кісі. Атты түмендер шайқасының стратегі, ат үстіндегі жекпе-жектің теңдесі жоқ шебері. Ол өз өмірінде 100-ден аса ұрысқа қатынасып, ондаған жекпе-жекте жеңіске жеткен. Қалмақтың Арсалаң, Өлдежырғыл, Долаңқара, Бадынжа, Арқауыл, Церен Доржи секілді талай нояндарын өз қолымен о дүниеге аттандырған. Осындай ерен ерлігі үшін хан да, қара да төбесіне көтеріп, жасының кішілігіне қарамай, халық өзі жасаған тізімде оны Қанжығалы қарт Бөгенбайдан да, Шақшақ Жәнібектен де бұрын атаған. Халықтың пір тұтқан батыры жайында әр кезеңде шығарылған дастан, жырлары да жеткілікті.

Қабанбай Қожағұлұлының өмір сүрген уақыты шамамен 1691–1769 жылдары аралығы, қайсыбір деректерде 1695–1758 жж. Алапат шайқастар мен жекпе-жек соғыстарда көзге түсіп, бірте-бірте қазақ әскерінің ірі қолбасшысына дейін көтерілді. Бала күнінде Қабанбайдың әкесін қалмақтар өлтіріпті. Аягөз маңындағы бір соғыста жасөспірім Қабанбай әкесін өлтірген қалмақ әскербасынан кек алады да, өз жерінен кетіп, керейдегі апасын паналайды. Қабанбайдың азан шақырылып қойылған аты Избасар. Қабан атын ол керей жерінде жүріп, торғауыттарға қарсы соғыста көрсеткен ерен ерлігі үшін алады. Қаракерей, Байжігіт еліне қайтып оралған соң Қабанбай атанады. Бұдан кейінгі өміріндегі 1726–1740 жылдар аралығы ұдайы соғыс үстінде өтеді. Жеке басының ерлігі әскербасылық өнерімен ұштасып, Қабанбай даңқы шартарапқа тарайды.

Қабанбай батыр бастаған қазақ әскерлері соғыс жүргізген жерлер жер атаулары арқылы да дәлелдене түседі. «Қабанбай» жырында: Алакөл, Ақсу, Сарысу, Қызылсу, Еміл, Есіл, Нұра сияқты өзен-көл аттары мен Алатау, Сарыбел, Көкқайнар, Қаратау, Арқаралы, Көкпекті сияқты жер аттары кездеседі.

Зейін қойып байқасақ, қазіргі Астана (Ақмола) атырабынан бастап, Шығыс Қазақстан, Түркістанға одан Алатауға дейінгі үлкен аумақтың Қабанбай бастаған қазақ әскерлерінің соғыс жүргізген жерлері екенін көреміз.

Қазақ халқының елі мен жерінің тұтастығы, бүтін ел, мемлекет болу арманы Қабанбайды Абылайға жақындастырды. 1755–1757 жылдары Қабанбай батыр басқарған қазақ әскерлері Тарбағатай, Алакөл төңірегін жаудан босатып алады. «Қабанбай» жырындағы «барып ем өзім бастап Алакөлге, Өктемдік жүргізіп ем талай елге» деген сөздер өмірлік шындықпен үйлеседі. (**Қараңыз:** Қазақ тарихи жырларының мәселесі. Алматы, «Ғылым», 1797, 106–113 беттер)

Қабанбай батыр туралы толығырақ мағұлмат жазып қалдырған адам – тарихшы-этнограф Құрбанғали Халидұлы (1846–1911 жж.). Оның «Тауарих Хамса...» атты үлкен еңбегі (көлемі 900 беттей) Қазан қаласында екі рет басылып шыққан (1910, 1911 жж.). Сол кітаптың «Абылай хан» деп аталатын тарауында қазақ хандарының ең атақтысы Абылай екенін айта келіп: «Абылайдың соғысы қалмақпен болып, қалмақты Қызылжар, Қарқаралы жерінен, Аягөз суынан өткенше қуып айдап, қырып, кеңіте түсті», – дейді. «Абылай заманында батыр, әскербасы болған адамдар: Қаракерей Қабанбай батыр, Алтыбай батыр, Ақтамберді батыр, Еспенбет батыр, Матай Шөңкей батыр, Керей Жәнібек батыр, Бәсентиін Малайсары батыр. Бұлардың әрбірі батырлықпен көзге түсіп, батыры атанған адамдары болса да, бәрінен үздігі Қабанбай батыр екен»<sup>1</sup>, – дейді.

Ал Қабанбай туының астына жиналған: Барак, Дәулетбай, ер Еспенбет, Баймұрат, Шынғожа, Ақпантай, Оразымбет, Орақбай, Қосай, Шөрек, Тентек сынды батырлардың әрқайсысы бір елге қорған болардай көкжалдар болатын. Бұлардың сыртында Дарабозды қорғап-қоршаған Ақтамберді жырау, Боранбай, Төбет, Қу дауысты Құттыбай, Есенгелді секілді ақылшы билер қаншама! Мұндағы Боранбай – Әбілқайыр өліміне байланысты Барак сұлтанды ақтап үкім шығарған жеті бидің бірі. Құттыбай болса, Қаз дауысты Қазыбек тұғырдан тайған соң, ұлы бидің орнын басып, Қу дауысты Құттыбай атанған, 1760 ж. Абылай атынан Пекинге елші болып барған адам. Ол – атақты Ақтайлақ бидің, Сабырбай ақынның арғы атасы. Сол заманның асқан ақылгөйі Бұқар жыраудың жырларында Абылаймен қатар көбірек арқау болған батыр–

<sup>1</sup>«Қазақ әдебиеті». 1991 жыл 1 қараша.

Қабанбай. Көпті көрген қарт жыраудың Қабанбай жасы ұлғайып, жарық дүниемен қоштасар шағында арыздаса айтқан сөзінде де батырдың сипатын айрықша ашады:

*Айналайын Қабанбай,  
Жау тигенде жарағым.  
Алыстан асып дау келсе,  
Түрулі тұрған құлағым.  
Жақыннан жарым жау шықса,  
Белдеудегі пырағым.  
Мың жылқыны суарған  
Төскейден аққан бұлағым.  
Кеше түсте естідім  
Қабанбай ауру дегенде,  
Жетімсіреп жыладым,  
Бір құдайдан сұрадым.  
Аргыннан айттым жүз кісі,  
Найманнан айттым жүз кісі,  
Үйсіннен айттым жүз кісі,  
Үш жүз кісі болар ма,  
Айналайын Қабанбай,  
Қара мойын лағың?  
Әулиенің арты едің,  
Бұл дүниенің қарты едің,  
Айналайын Қабанбай,  
Қайда болар тұрағың? – дейді.*

Міне, бұл жырдан батырдың бүкіл қазақ қауымына аса сыйлы, қадірлі болғанын аңғарамыз. Іргесі ажырамаған елдің ортақ баласы болғанын аңғарамыз.

### **ә) Қанжығалы Бөгенбай батыр**

Қанжығалы Бөгенбай Ақшаұлы – шамамен 1690–1775 жж. өмір сүрген, Абылай заманындағы атақты қолбасшы батыр. Ол кездегі қазақ жауынгерлерінің үлкен ағасы, сондықтан оны халық аңыздарында ардақтап, «Қанжығалы қарт Бөгенбай» деп кеткен<sup>1</sup>. Ол Қабанбай, Олжабай, Малайсары, т.б. батырлармен тізе қосып, елінің тәуелсіздігі үшін талай ірі шайқастарға кірді. 1725–1727 жылдары қазақ халқының астанасы Түркістанды қорғауда қайрат көрсеткен Қабанбай, Қойгелді батырларымен бірге қазақ әскерінің бір құрамын

<sup>1</sup>ҚСЭ. 2-том, Алматы, 1971, 435-бет.

соғысқа бастады, кейінен Түркістан, Ташкент, Саураннан жоңғарларды қуып шығысты. Бөгенбайдың соңғы үлкен жорығының бірі – 1750 жылдары Аягөз, Көкпекті, Бұқтырма, Ертіс өзені бойындағы болған соғыс. Осы шайқастарда Бөгенбай бастаған қазақ әскерлері жоңғарларға қатты соққы беріп, ойыстыра жеңді.

Бөгенбай батыр арғынның қанжығалы тайпасынан шыққан. Қонысы – Ақмола облысындағы Ерейментау төңірегі. Бөгенбай батырдың алыптығын ақын М. Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасында (жоңғар шапқыншыларына күйрете соққы бсруде Абылай ханның ордасына жиналған батырларға баға бергенде) былай жырлайды:

*Жиылды өңшең ноян ығай-сығай,  
Байжігіт, Тасболат пен би  
Төлебай,  
О баста Абылайды хан көтерген,  
Қамқоры қарауылдың шешен  
Қанай,  
Ашуы жауған қардай, шөккен  
нардай,  
Қарт қыран Қанжығалы қарт  
Бөгенбай.*

Болмаса Олжабай ақын:

*Ақиадан асып туған ер Бөгенбай,  
Ел қамын Едігедей жер Бөгенбай,  
Қалмақты қысқа күнде қырық  
шауып,  
Орнатқан тыныштықты сол  
Бөгенбай.*

Осы екі ауыз өлеңнен-ақ Бөгенбай батырдың халқына адал патриот, қамқоршы, қиыспайтын ер екені аңғарылмай ма?

Енді Бөгенбай батырдың ерлік істері жөнінде сөз қозғасақ, ол тек қызыл шокпар батыр емес, сонымен қатар саналы, ойлы, айлалы ел басшысы және дипломат. Ол – тумысынан терең ойлы данышпан. Осы қасиетіне орай Абылай хан оны 1762 ж. өзінің ұлы Әділді қосып, Қытай мемлекетіне тыныштық келісімін жасауға да жіберген.



## б) Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы

Қазақ тарихында үш Жәнібек бар: Өз Жәнібек, Шақшақ Жәнібек және Керей Жәнібек. Керей Жәнібек осылардың бәрінен жас.

Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы – XVII–XVIII ғасырларда өмір сүрген, замандастары Қабанбай, Бөгенбай, Байғозы, т.б. батырлармен бірге қазақ елін-жерін жоңғарлық қалмақ шапқыншыларынан қорғаған батырлардың, қолбасылардың бірі. Ол Қабанбай, Бөгенбай, Қойгелді, Барлыбай, Жаулыбай, найман Жанатай, Барақ, аргын Олжабай, Сүгірәлі, тама Есет, Сүйіндік, тағы басқа батырлармен бірге үш жүз сауын айтып, жасақ құрып, жоңғар басқыншыларына қарсы халық жасағын бастайды<sup>1</sup>.

Сөзімізге қайтып оралсақ, қазақтың қалмаққа қарсы Абылайдан бұрынғы ең үлкен топтасуы, ұлы жорығы айтулы «Ақтабан» және одан арғыларын айтпағанда, Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Жолбарыс ханның тұсы. Дәл осы тұста асқан батырлық көрсеткен, кейін жорықтан шығып, елдік мемлекеттік тұрғыда даналық, билік құрған, Орта жүздің қайраткер тұтқасы болған, халық аузында Шақшақ Жәнібек, яки Қошқарұлы Жәнібек тархан. Барлық жазба тарихта, әсіресе, орыс оқымыстыларының кітаптары мен алғашқы қазақ даласындағы орыс әкімшілігінің ақпар, құжат қағаздарында Жәнібек туралы мағлұмат өте көп. Ал халық аузындағы әңгімелер мен дастан-жырларда, сонау Бұқар, Үмбетей, Жиенбай жыраулардың сөздерінде Жәнібектің көбінесе ерлігі, жорықтығы батырлығы жырланады да («Ер Жәнібек»), «Жәнібек батыр» дастандары), деректі жазбаларда оның ел біріктірушісі, дипломат, саясаткерлігі, көрегендігі, қайраткерлігі айтылады. Шақшақ Жәнібектің бақыттылығы да сол – ол туралы архивтерде құжаттар көп сақталған. Олар Жәнібектің ерлігін, азаматтық іс-әрекеттерін ешкімнің бұрмалауына жол бермейді.

Тура сөзбен айтсақ, сол тұстағы Орта жүздің билігі мен сөзін ұстаған төрт тағанның бірі. Абылайдың өзінің ұстазы, оны алғаш ақ киізге көтеріп, Орта жүздің ханы етіп тағайындаушылардың бірі – осы Жәнібек. Халық сөзінде бұл төртеуі – Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Қарабалуан Жәнібек. Шындығында – бесеу. Қарабалуан – жеке адам. Оның шын аты – Жанұзақ батыр. Бұл екеуінің қоса аталуының себебі ағайынды, туыскандығы

<sup>1</sup>Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, «Ғылым», 1979, 132-бет.

бар. Торғай, Қостанай өлкесінде қалың қыпшақтың арасында тоқал арғынның екі баласы бар, олар – Сары жетім, Шақшақ. Шәкәрім шежіресінде анық жазылған. Бұлардың өзі жоғарғы шекті, төменгі шекті болып бөлінеді. Кейбіреулер бұларды Кіші жүздің шекті руымен шатыстырады. Өйткені ол шектілердің көші-қонысы қатар екені де рас. Шәкәрімнің «кіші жүздегі арғындар» дейтіні содан.

Шақшақ Жәнібек батыр тек ел аузындағы аңыз-жырларда ғана емес, тарихи жазба деректерде де дарынды, әскери маман ретінде белгілі. Мәселен, генерал-лейтенант, князь Урусовтың Кіші жүз бен орта жүз өкілдерімен жүргізген келіссөздері туралы (құжатта) журналда Жәнібек батырдың орыстардың түріктерден Азов теңізін қорғау туралы кеңесі туралы былай деп жазылған: «Табиғатынан әскери қабілетті және ақылсыз да емес Жәнібек батыр сөзге араласты және одан әрі осындай әскери мәселелер туралы айтқанды тәуір көреді: «Азов тек құрлықпен емес, ағаш қайықтар жасап, сумен де барлық жағынан қоршап алынады», – деді»<sup>1</sup>.

Қорыта келгенде, Жәнібек Қошқарұлы – «Шақшақ» ұранды батыр, қолбасшы, кемеңгер саясатшы, кемел ақыл кеніші, мемлекеттік жоғарғы дәрежедегі қайраткер, қасы да, досы да мойындаған асқар таудай тарихи тұлғаның қазақтың маңдайына біткені үшін бүгінгі ұрпақ мақтануы керек. Оның кіндігінен тараған қазақ зиялы қауымының көркі болған Ахмет Байтұрсыновтай ұрпақтары бар адам. Ол қазақ тарихынан белді орын алуы керек.

### **в) Қойгелді батыр**

Қойгелді батыр шамамен 1702–1795 жылдары өмір сүрген. Төле бидің Қойгелдіге берген батасынан үзінді:

*Аталы ұлдың сөзі баян-ды,  
Атасыз ұлдың сөзі шаян-ды.  
Аталы ұл Қойгелді  
Ел үшін неден аянды?!  
Желкесін үзді сұм жаудың,  
Дегенде қатер таянды...*

Қойгелдінің аты әуелі батырлығымен шыққан. Ол жоңғардың тоғыз батырымен тоғыз рет жекпе-жекке шығып, бәрін де жеңген. Қойгелді 1723 ж. Түркістан қаласын қорғауға, 1730 ж.

<sup>1</sup>«Егемен Қазақстан» газеті. 1993 жыл 27 ақпан.

Аңырақай шайқасына, 1734 ж. жоңғарлардың екінші қайтара шабуылына қарсы күресте оңтүстік қазақтардың әскербасы болып, қазақ әскерлерін отты қарумен қаруландырды. Ол қаруларды орыстардан тартып алды.

1739 ж. Орынбор жерінен артынып-тартынып тағы бір қару-жарақ керуені Түркістан асып, Ташкентке жақындайды. Осы керуенді Қойгелді қолға түсіреді. Кейін 1740–1750 жылдары жоңғар қалмақтарын қазақ жерінен қуу жолындағы ақтық шайқастарда осы Қойгелді қолға түсірген мылтықтары жаудың талай сауыттарының жібесін сөгіп, жер жастандырған болатын<sup>1</sup>. 1756 ж. Оңтүстік Қазақстанда он мың әскерге қолбасшы болып, Оңтүстік Қазақстанды және Алматы облыстарын қалмақтардан азат етуде жеке басының батырлығымен қоса әскери шеберлігін де көрсете біледі.

Батыр сардар Қойгелді туралы Ресей архивтерінде де материалдар баршылық. Қойгелді өте сауатты болған. Жеті жасынан он жеті жасына шыққанша Бұхарада терең білім алып, тіпті білім іздеп Иран жұртына да барып қайтады. Қойгелді батырдың Ташкентте, Сарыағашта, Сайрамда, Шымкентте салдырған керуен сарайлары, мешіт-медіреселері, қаздырған тоған-арықтары ұмытылған жоқ. Мысалы, Ташкентте соңғы 250 жыл бойы Қойгелді көшесі, Қойгелді базары, Қойгелді қақпасы, Қойгелді арығы<sup>2</sup> деп, күні бүгінге дейін айтылып келеді.

### г) Шапырашты Наурызбай

Шапырашты Наурызбай Құтпанбетұлы (1706–1781 жж.)– жоңғарларға қарсы соғысты басқарушы батырлардың бірі, Ұлы жүз Шапырашты тайпасының асыл руынан шыққан, қазіргі Алматы әкімшілігі Жамбыл ауданындағы Жалпақтас, Серіктас деген жерде туған. Наурызбай 1729 жылы жоңғардың Шамалхан мен Қаскел деген батырларын жекпе-жекте өлтірген. Абылай ханның ту ұстаушы үш батырының бірі, он мың әскерге қолбасшы. Өмірі жоңғарларға қарсы соғыспен өткен. 1756–1757 жылдары ол бәсентиін Малайсары, Шапырашты Қасқара батырлармен бірге жоңғарларды Тұрфаннан (Шығыс Түркістан) асыра қуып, жеңіске жеткен. Көптеген қазақ жастарын жоңғар тұтқынынан босатқан<sup>3</sup> батыр.

<sup>1</sup>«Егемен Қазақстан» газеті. 1992 жыл 21 қараша.

<sup>2</sup>Рысбайұлы К. Қойгелді батыр. «Егемен Қазақстан» газеті. 1992 жыл 21 қараша.

<sup>3</sup>ҚСЭ. 8-том, 288-бет.

Әйгілі Бұқар жырау:

*Қалданмен ұрысып,  
Жеті күндей сүрісіп,  
Сондағы жолдас адамдар:  
Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Шақшақұлы Жәнібек,  
Сіргелі қара Тілеуке,  
Қарақалпақ Қылышбек,  
Тігеден шыққан Естенбек,  
Үйсiнен жүр Райымбек,  
Шапырашты Наурызбай,  
Құдаймендi Жібекбай,  
Секербай мен Шүйбекбай  
Жауды қуды түйдектей, – дейді.*

Қазақ батырлары өздерінің жеке бастарының қамынан гөрі халықтың қамын жоғары қойып, сол үшін барлық саналы өмірін сарп еткен адамдар, халқының адал перзенттері. Қандай халықты аламайық, оның ел болып, мемлекеттік санатқа ілінуі – көшбасшы көсемдерінің тарихи жеңістерінің қорытынды жинағы.

Міне, осындай қазақ халқын сақтап қалған, ұлтарақтай жерін жауға бермей, ұлан-байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырларды Бұқар жырау жырында аттары мен руларын толық атайды. Соның ішінде:

*Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай  
Шапырашты Наурызбай,  
Ту тұсында тұр еді.  
Абылай хан осы күн  
Айбатты-дағы сұр еді.  
Құрт пен малта ас болып,  
Қалмақпенен қас болып,  
Балғалы Барақ бас болып,  
Туға таман жақындап,  
Қатарға Сасан қосылды.  
Қалмақтың кетіп кенеуі,  
Ойындары осылды...  
Матайдан шыққан Шәкәрім,*

Бурадан шыққан Боранбай  
Көрсеткен жауға қаһарын.  
Дәрімбет, Дақа, Садырым,  
Көтерген шоқпар содырым.  
Уақ – Сарман Шағыным,  
Төртуыл Найман Бағарым  
Қалмақ қашып қаз тұрдық,  
Көбейсін енді бағарың.  
Рысқұл, Сақан, Доғалбай  
Жұдырығы добалдай  
Аттың басын жібердім,  
Жырымды төктім жоғармай.  
Қабанбай қолы түп-түгел  
Бәрлерің жиыл деді,  
Тас-түйін боп үйіл деді,  
Абылай асып-тасыды,  
Береді енді сыйын деді.

.....

Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Шапырашты Наурызбай,  
Ту тұсында тұр еді.  
Абылай хан асқынды,  
Беретін шүлен-шүр еді.  
Үшемге келді жақындап,  
Шақшақұлы Жәнібек  
Жаныкештің жанында  
Өңкей алмас, бәрі – бек.  
Алтайдан шыққан Олжабай,  
Құдаменді Құлжадай,  
Естербек ерім қылыштай,  
Душпаннан тұрар ығыспай.  
Қаракесек Қарабек,  
Темеш Нұра қаракөк,  
Атығайдан Ағындық,  
Барлық қазақ шіркін-ай,  
Бейқұт күнді сағындық.  
Тарақтыдан тоғайым,  
Айнақұл Бәти ішінде  
Бұл бір шақта күшінде.  
Қарауыл Қасым, Қалабек

*Ағаты жоқ ісінде.  
Бөгенбай қолы түп-түгел.  
Бәрлерің жиыл деді  
Тас-түйі боп үйіл деді,  
Абылай хан бауардан  
Тартады қазір сыйын деді.*

.....

*Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Ту түбінде тұр еді.  
Айбатты бұ күн Абылай  
Төбеде жыға шаншылып,  
Әрі-бері жүр еді.  
Сіргелі қара тілек,  
Қарақалпақ Қылышбек,  
Текеден шыққан Сатай, Бөлек  
Келді туға жанасып,  
Көп қосынды шатқа бөлеп.  
Батырлардың асқары  
Қазыбекұлы Қасқары  
Қаумен, Дәулет қасында,  
Бақ-дәулеті басында,  
Сеңкібай мен Шойбек бар,  
Таңсық Қожа, Мәмбет бар  
Осылардың қосында.  
Қасқары ұлы Молдабай,  
Қара күші мол Бағай,  
Бәрің батыр, бәрің бек,  
Тұрсың-ау ығай мен сығай...  
Наурызбай қолы түп-түгел,  
Бәрлерің жиыл деді,  
Тас-түйін боп үйіл деді,  
Абылай хан береді  
енді қазір сыйын деді...<sup>1</sup> .*

Қазақтың ар-намысы аяққа басылып, ақтабан шұбырындыға ұшыраса да, осы аттары аталған батырлардың жанкештілігі, ұлттық сана-сезімі арқасында қазақ халқы өзінің елдігі мен мемлекеттік тұтастығын жоймады<sup>2</sup>, бастарын бірік-

<sup>1</sup>«Социалистік Қазақстан» газеті. 1991 жыл 16 ақпан.

<sup>2</sup>Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, «Ғылым», 1979, 69-бет.

тіріп, бір жеңінен қол, бір жағадан бас шығарды. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына байланысты туған бір өлеңде:

*Боларсың, бірің артық, бірің кем де,  
Біріңді-бірің сүйе сүрінгенге.  
Ынтымақ аз болсаң да рулы елге<sup>1</sup>, – дейді.*

Ұлттық бірлік, ұлт мүддесі негізгі мақсат болды. Қазақ елі соғыстың бірінші кезеңінде ауыр жағдайға душар болса да, түптің түбінде жоңғарлардан үстем шығып, өзінің байтақ даласын сырт елдің көмегінсіз, өз күшімен азат еткеніне көзіміз жетеді.

Сонымен, жоғарыда аттары аталған батырлардың бәрі де қазақ-жоңғар соғысының даңқты қаһармандары. Демек, олардың біріккен қимылдарынан келешек ұрпақ үлгі алуы керек.

---

<sup>1</sup>Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932, 41-бет..

## *VI тарау*

### **ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰРЫЛҒАН ҰЛТТЫҚ БӨЛІМДЕРІ (1918–1940 жж.)**

1918 ж. 18 қаңтарда Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.И. Ленин «Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясын құру туралы» декретке қол қойды. Алғашқы кезде Қызыл армия сріктілерден құрылды, өйткені Кеңес үкіметінің армияны жергілікті жерде есепке алып, ұйымдастырып, оны қару-жарақпен қамтамасыз етіп отыратын әскери аппараттары болмады.

1918 ж. көктемінде Антанта елдері Кеңестік Ресейге қарсы ашық интервенция бастады. Англия, Франция, АҚШ, Жапония, Италия әскерлері кеңестік солтүстік пен Қиыр Шығысқа басып кірді. Мамыр айында Антанта Кеңес өкіметі босатқан соғыс тұтқындарынан құрылған чехословак корпусының контрреволюциялық бүлігін ұйымдастырды.

Корпусқа орыстың көптеген ақ гвардияшылары қосылды. Бұл бүлік Волгадан Владивостокқа дейінгі ұлан-бай-тақ жерді қамтыды. Бүлікшілер қарусыз халыққа ойран салып, Самараны, Қазанды, Симбирскіні, Новосибирскіні, Петропавлды, Омбыны, Семейді, Қостанайды, Уфаны басып алды. Бұл жағдай ішкі контрреволюцияшыл күштерді жандандырды. Волгада, Оралда, Сібірде кулактардың бүліктері шықты.

Антантаның көмегіне сүйеніп, адмирал Колчак пен генерал Толстов қылмысты әрекеттерін өрістетті. Ақ гвардияшы атаман Дутовтың әскерлері Орынборды басып алып, Қазақстан мен Түркістанның кеңес аудандарын елдің орталығынан уақытша бөліп тастады.

Осындай ауыр кезде, 1918 ж. 14 маусым күні В. И. Лениннің Кеңес Қызыл Армиясының ұлттық бөлімдерін ұйымдастыру туралы «Барлық еңбекші мұсылмандарға» деген үндеуі шықты.

Патшалы Ресей ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ елін толық жаулап алып, оны үш әкімшілік құрамына бөліп тастады. Қазан төңкерісіне дейін, Қазақстанда бір орталықтан басқаратын әкімшілік болған жоқ. Қазіргі Қазақстан Республикасының Сырдария, Жетісу, Түркістан генерал-губернаторлығы, Семей және Ақмола облыстары, Далалық генерал-губернаторлығы, Торғай облысы – Орынбор губерниясы сияқты әкімшілік бірліктері құрамында болды.



Алдын ала еске салайық, Қазақстан азамат соғысы жылдарында біртұтас мемлекет болмағандықтан, шетел интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында мұнда құрылған Қызыл Армияның ұлттық құрамдарын екі негізгі облыстарға бөлуге болады. Біріншісін, Түркістан Автономиялы Кеңестік Республикасы құрамына кіретін облыстардың – Жетісу, Сырдария (Амудария бөлімін қоса), Закаспий бөлімдерінің және Алтай губерниясының қазақтары мен басқа орыс емес ұлттарын құрайды<sup>1</sup>.

Екіншісін, Қазақ әскери комиссариаты құрған Қызыл Армияны ұлттық қазақ әскер бөлімдері құрайды.

## **§1. ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯЛЫ КЕҢЕСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРІ**

1918 ж. екінші жартысында Н.А. Поскуцкий басқарған Закаспий майданының командованиесі қазақтардан атты әскер бөлімдерін құру туралы мәселе көтеріп, бұл істі Әндіжан кеңесіндегі жұмыстарда өзін белсенді көрсеткен большевик У.Бапишевке тапсырды.

Қызыл Армия бөлімдерін құруға Қазалы, Перовск, Ақмешіт, Шиелі және Ферғана облысы мен басқа да облыстардың бірқатар елді мекендерінің жергілікті халқы белсене қатысты.

Жауапты өкіл Бунятов 1918 ж. аяғында Ташкентте жергілікті қазақтардан құрылған еріктілердің бірнеше эшелондарын жіберді: Қазалыдан 130, Первоскіден 135, Шиеліден 161, Ферғана облысынан 118 адам болды.

1918 ж. қараша айы бойына Бунятов Түркістан Орталық Атқару Комитеті бекіткен Түркістан әскери комиссариатының №17083 мандатын алды, онда Закаспий майданы штабының өкілі У.Бапишевке мұсылман (қазақ) Қызыл Армиясын құру туралы тапсырма бергені айтылады.

1918 ж. аяғында Әндіжан мұсылмандық Кеңесі Атқару комитетінің Ашхабад майданы әскери-саяси штабының төрағасы У.Бапишевке жіберген баяндамасында қысқа мерзімде мұсылман Қызыл армиясы құрылып, оның жаттықтырылған бір бөлігі социалистік Қызыл Армияның қатарын толықтыру үшін Ташкентке жіберілгені хабарланды. Баяндамада соны-

<sup>1</sup>Образование Казахской ССР, Сб. документов и материалов, Алма-Ата. 1948. с. 195.

мен қатар 300 мұсылманның әскери іске үйретіліп жатқаны, олардың қайда бүлік болса, сонда жіберілетіні айтылады.

1918 ж. 18 қыркүйекте Түркістан қаласында атты қазақ жүздігінің екі эскадроны, сонымен қатар социалистік мұсылмандық армияны ұйымдастыру жөніндегі штаб құрылды. Штаб бірден жұмысқа кірісті. 1919 ж. 14 ақпанда У.Бапишев қол қойған №2 бұйрық жарияланды, онда қабылдау комиссиясынан өткен қызыл әскерлердің тізімі берілді. Бұл тізімде 1919 ж. 13 қаңтардан 12 ақпанға дейін қабылданған жергілікті ұлттардың өкілдерінен құрылған 117 еріктілердің есімдері аталды.

Еріктілерді қабылдаумен қатар, әскери штаб киім, аяқ киім дайындау үшін еріктілер материалдар іздеумен, азық-түлік дайындаумен, т.б. шұғылданады. 1919 ж. 20 ақпанда штаб Ұра төбедегі Кеңес төрағасы «әскери киім үшін шұға сатып алуға» 100000 сом жібереді. Ал 20 ақпандағы №6 бұйрықта «Қоқан атқару комитетінен 1319 пар етік, Ташкент қоймасынан 400 пар іш киім, 100 пұт ұн, 50 пұт сұлы, 5 жәшік сіріңке» алынғаны хабарланды.

1919 ж. наурызының аяғында 316 еріктілер қабылданды, 1919 ж. 13 наурызда жалған жаламен Түркістан әскери комиссариаты У.Бапишевтің тұтқынға алынғанына байланысты оның қызметі эскадрон командирі Добровольскийге жүктелді.

Әулиеата уезінде қабылданатын еріктілер санын 1000-ға жеткізу жоспарланды, алайда қажетті жағдайлардың болмауы бұл жұмысты тежеп отырды. Кадрлар, әскери киім, азық-түлік жетіспеді. Сол кездегі социалистік мұсылмандық армияны құру жөніндегі штабты тарату туралы мәселе қойылды, бірақ Добровольскийдің баяндамасы бойынша әскери комиссариат штабы қайтадан құрумен ғана шектелді.

Штабқа әзірше жиналған еріктілерден жеке мұсылмандық Қызыл Армия емес, тек 4 эскадроннан тұратын атты әскер полкін құру тапсырылды. Бұл мәселе Ресей Федерациясының 1919 ж. 9 сәуірдегі Түркістан Республикасының әскери істері жөніндегі №297 бұйрығында айтылады: «Ташкент қаласында округ бойынша 1919 жылы жарияланған №123 бұйрықта көрсетілген штатқа сәйкес 4 эскадроннан тұратын кеңестік мұсылмандық атты әскер полкі құрылатыны республика басшылығына хабарланады».

1919 ж. 19 наурызда уақытша комиссия Түркістан республикасының армиясы құрамына тоқымашы-жұмысшылардан құрылған қазақ полкін енгізу туралы шешім қабылдады.

Жаңадан құрылған қазақ атты әскер полкінде 1919 ж. 1 сәуірде командалық құрам белгіленді. Полк командирі болып Демидов, көмекшісі болып Муравьев тағайындалды. Муравьевке қызыл әскерлерге әскери және саяси тәрбие беру міндеті жүктелді.

Жергілікті ұлттардың ерікті өкілдерінен құрылған және қысқа мерзімде әскери іске жаттықтырылған полк әжептәуір ірі жауынгер бөлім еді, оны Түркістан Республикасы әскерлері қолбасшысының бұйрығы бойынша 1919 ж. 19 сәуірде Закаспий майданына жіберді.

Социалистік Қызыл Армияны құру жөніндегі штаб бойынша берілген №11 бұйрықта былай делінген: «I. Полк командирі Демидов жолдасқа тез арада сағат 9-ға бүкіл полк құрамын жинап, Ашхабад майданына аттануды бұйырамын. Аттаныс алдында барлық қызыл әскерлер мен командалық құрамды жинап, тізім бойынша тексеріп, майданға қанша адам аттанатыны жөнінде мәлімет беру керек. Бұйрық орындалмаса, ату жазасына дейінгі қатаң шаралар қолданылады».

Полктің 4 эскадронында барлығы 443 қызыл әскер, ішінде полк командирі Демидов, оның көмекшісі Муравьев, адъютант Смирнов аттанды.

Полк майданға аттанды, ал мұсылман Қызыл Армиясын құру жөніндегі штаб Ташкентте қалып, жаңа ұлттық бөлімдерге еріктілер жинау бағытындағы жұмысын жалғастыра берді.

15 адамнан тұратын алғашқы еріктілер тобы мұсылмандық жаяу әскер ротасын құруға негіз болды. Рота құрамы күн сайын 3-10 адаммен толығып отырды, бұлар негізінен Перовск және Түркістан уездерінен жиналды.

Басқа қалалардан да еріктілер эшелондары ағылып келіп жатты. 1919 ж. 7 тамызда Ташкентке Арыстан Ахметбаев басқарған 89 еріктілер келіп жетті.

1919 ж. мамырынан бастап мұсылмандық Қызыл Армияны құру жөніндегі штабтың құрамында өзгерістер жасалды, жаяу әскер, атты әскер және пулемет істері жөніндегі бөлімдері құрылды. Штаб «Мұсылмандық армияны құру жөніндегі республикалық штаб» болып аталды. Мұсылмандық Қызыл Армия штабының бастығы болып, әскери комиссардың жетекшісі және Түркістан Республикасы әскери Кеңесінің мүшесі Б.Шагабутдинов тағайындалды.

Штабтың жұмысы кең өріс алды. Мұсылмандық Қызыл Армияны ұйымдастырушы, республика әскери комиссарының көмекшісі Б.Шагабутдинов штабтың алдына зор

міндет – бұқаралық мұсылмандық Қызыл Армия құру міндетін қойды. Осыған байланысты бүкіл Түркістан Республикасы бойынша мұсылмандық Қызыл Армияны құру ісін ұйымдастыратын жергілікті ұйымдар құрылды. Б.Шагабутдинов белсенді әрекеті арқасында қысқа мерзімде 1919 ж. 24 мамырынан 18 маусымға дейін мұсылмандық Қызыл Армияны ұйымдастыру жөніндегі уездік бөлімшелер Әулиеатада, Самарқанда, Түркістанда, Бетпақдалада, Әндіжанда, Ошта, Черняевта (Шымкентте), Ходжентте, Перовскіде, Пішпекте құрылды. Мерке селосында да учаскелік бөлімше ұйымдастырылды.

Мұсылмандық Қызыл Армияны ұйымдастырушы Б.Шагабутдинов Әулиеата уезінде еріктілерді мұсылмандық Қызыл Армияға қабылдау туралы нұсқаулар бере келіп, былай деп жазды: «Еріктілер мұсылмандық Қызыл Армия қатарына ұлтына қарамастан барлығы қабылдануға тиісті».

1919 ж. 19 маусымда Б.Шагабутдинов «мұсылмандық Қызыл Армияны құру туралы» баяндаманы тыңдады, бұдан кейін ол үшін орасан көп қаржы, материалдық резервтер, әскери және саяси маман кадрлар, қазармалар керек екені анықталды. Ал бұған Түркістан Республикасының сол кездегі жағдайына қарағанда Революциялық-әскери кеңесінің мүмкіншілігі жетпейтін еді. Сондықтан Революциялық-әскери кеңесі мынадай қарар қабылдады.

«Республика Революциялық-әскери кеңесінің қарамағында қару-жарақ, соғыс жабдығы, азық-түлік және киім-кешек жеткіліксіз болғандықтан, мұсылмандық армияны кең көлемде құру мүмкін емес. Армия қатарына алынған мұсылман жолдастардан Самарқан қаласында бір запас жаяу әскер батальонын және роталар дайындау үшін бір атты әскер дивизионын құру керек».

Түркістан Республикасы Революциялық-әскери кеңесінің бұйрығын орындай отырып, мұсылмандық Қызыл Армияны құру жөніндегі республикалық штаб 1919 ж. 21 маусымда мынадай бұйрық шығарады: «Мұсылмандық Қызыл Армияны құру жағдайлары өзгергендіктен, Әулиеатадағы, Самарқандағы, Түркістандағы, Ходженттегі, Перовскідегі, Пішпектегі және Мерке селосындағы уездік бөлімшілер қабылды. Аталған бөлімшелер тез арада еріктілерді қабылдауды тоқтатып, барлық жұмыстарын бітіруге тиісті... Қызметкерлерді қызметтен босатып, бөлімшелер менгерушілері штабқа ақша есебін, қабылданған еріктілер мен жылқыларды алып, Ташкентке келулері қажет».

1919 ж. желтоқсанда Ташкенттегі мұсылмандық Қызыл Армияны құру жөніндегі штаб таратылды. Әскери істер жөніндегі комиссариат Ташкенттегі және Кеңестік Түркістанның басқа да мекендеріндегі штабтарды таратуда Түркістан Республикасы Кеңестерінің VIII съезінің шешімдерін басшылыққа алды. Съезд бекіткен қорғаныс секциясы қарарларының 3-пунктінде былай деп көрсетілген еді: «Қызыл Армияның мұсылмандық штабтарын таратып, оларды әскери бөлімдердің құрамына ерекше бөлімшелер ретінде кіргізу керек».

Түркістан республикасының әскери істері жөніндегі комиссариаттың 1919 ж. 17 қазандағы №1429 бұйрығында бұл бөлімшелердің міндеті – «Әскери бөлімдерге республиканың Қызыл Армия бөлімдерін мұсылмандардан шыққан әскерлер мен командирлермен толықтыруға көмектесу, армиядағы жергілікті халықтар мен еуропалықтарды біртұтас достық семьясына біріктіру мәселелерін ойластыру және оларды республика әскери комиссарының белгіленген бағыты бойынша іске қосу», – деп көрсетілді.

1919 ж. 9 желтоқсанда Қызыл армияның 2-Түркістан полкіне Перовск уезінің қазақтарынан құрылған 60 адамдық еріктілер командасы жіберілді.

1919 ж. аяғынан бастап барлық әскери-ұйымдастыру жұмыстары құрамында «мұсылмандық бөлім» құрылған Түркістан майданы басқармасына берілді.

1919 ж. күзі Солтүстік Жетісу майданының әскерлері үшін аса бір қиын кезең болды. Түркістан Республикасы Революциялық-әскери кеңесінің төрағасы Д.Саликов, республика әскерлерінің бас қолбасшысы И.П.Белов, бас штаб бастығы П.В.Благовещенский 1919 ж. 1 тамызда Мәскеуге Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен Революциялық-әскери кеңеске жолдаған хабарда былай деп жазған еді: «Жетісу құлауға жақын, Сергиополь мен Үржар жақтан 12000 колчакшылар шабуылы үдеп келеді. Черкасск, Антоновка, т.б. Лепсі өзенінің селолары 20 күннен бері қорғанып отыр, оларға көмек беруге ешқандай мүмкіншілік жоқ, қару болса, патрон жоқ. Түркістанды құтқару түгелдей сіздердің Орынбор майданын жылдам бұзып өтулеріңізге байланысты. Түркістан пролетариаты Кеңес үкіметі үшін қанын да, жанын да беруге дайын, бірақ жалаңаш қолмен қорғау үмітсіз болар еді».

1919 ж. қазанның басында Жетісуға Ташкенттен құрамында 200 қылышы бар коммунистік экспедициялық отряд (батальон), құрамында 460 қылышы бар 1 атты әскер полкі, ал қазанның аяғында 620 қылышы бар 1 мұсылмандық батальон жіберілген.

1919 ж. күзінде Ташкенттен Жетісуға жіберілген жеке мұсылмандық батальон полкке айналды да, 27-Түркістан атқыштар полкі деп аталды. Сонымен қатар, 1919 ж. Жетісуда 1 және 2-атты әскер полктері құрамында қазақтардан, қырғыздардан және ұйғырлардан тұратын 2 эскадрон құрылды. Осы жылдың аяғында қазақ және басқа жергілікті халықтар өкілдерінен құрылған атты әскер полкінің құрылуы Жетісу майданын әжептәуір нығайтты.

1919 ж. 6 қарашада Жетісу тобының Революциялық-әскери кеңесі құрылды, оны И.П.Белов пен Түркістан майданы Революциялық-әскери кеңесінің жауапты өкілі Д.А. Фурманов басқаратын болды.

Жетісу облысы Армиясының Революциялық-Әскери кеңесінің 1919 ж. 12 қарашадағы бұйрығы бойынша Верный (Алматы) қаласындағы мұсылмандық Қызыл Армияны құру жөнінде комиссия таратылды. Облыстық әскери штаб жанынан мұсылмандық қызыл әскер бөлімдерін ұйымдастыратын бөлім құрылды.

Жетісуда Қызыл Армияның жаңа ұлттық бөлімдерін ұйымдастыратын бөлімге жетекшілік ету облысқа 1919 ж. қарашада келген Жетісу Революциялық-әскери кеңесінің мүшесі және облыстық әскери комиссар болып тағайындалған көрнекті әскери қызметкер Б.Шагабутдиновқа тапсырылды.

1919 ж. қарашада Верныйда және облыстың басқа жерлерінде мұсылман қызыл әскерлерге сыйлық жинау және түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін «мұсылман-қызыл әскер апталығы» өткізілді.

1920 ж. 1 қаңтарда Түркістан майданындағы жалпы әскерлер саны 36370 адам болды, құрамында Закаспий майданында әрекет жасаған 1-Түркістан дивизиясы, Ферғана майданында әрекет жасаған 2-Түркістан дивизиясы, Жетісу майданында әрекет жасаған 3-Түркістан дивизиясы; 1 және 2- жеке атты әскер бригадалары, артиллерия, арнаулы, броньды, авиациялық, және басқа да бөлімдер болды. Майданның ұлттық құрамы мынадай еді: орыстар – 28 394 немесе 77,9 пайыз, Орта Азия еңбекшілері – 4190 немесе 11,5 пайыз, бас-қа ұлттар өкілдері – 3 831 немесе 10,6 пайыз.

1920 ж. 5 ақпанда В.В.Куйбышев Жетісу майданында атты әскер отрядтарында жүрген қазақ, ұйғыр, дүңгандардан жеке Қазақ атты бригадасын құру туралы бұйрыққа қол қойды. Бұйрықта былай делінді: «Жетісу облысының қазақтарынан

жеке атты бригада құрылып, ол «Жеке Қазақ атты бригадасы» деп аталсын. Бригаданы құру жұмысын 3-Түркістан атқыштар дивизиясы бастығының бақылауымен Упрформ жүргізеді. Ұйымдастыру орталығы Верный қаласы».

Кейіннен екі полктен тұратын жеке Қазақ атты бригадасы 1-Түркістан атты әскер дивизиясының құрамына кіргізілді.

1920 ж. 21 наурызда М.В.Фрунзе Жетісу әскерлері тобына солтүстікке әрекет етіп жүрген 5-Қызыл Армияның бөлімдерімен бірлесіп, атаман Анненков тобына қарсы шешуші шабуылға шығу туралы бұйрық берді. Сәуірдің басында атаман Анненковтың ақгвардияшыл әскерлері талқандалды. Атаман Анненков таңдаулы баскесерлерімен бірге Қытайға қашып кетті. 5-армия кеңестік әскерлерінің семейлік тобы жауға соққы бере отырып, Шәуешек ауданында Қытаймен шекараға шықты да, бұл бағыттағы Жетісу майданының ақгвардияшыл әскерлерінің қалдықтары жойылды.

М.В.Фрунзе 1920 ж. 14 сәуірде Түркістанның әскери және саяси жағдайы туралы В.И. Ленинге жіберген телеграммасында былай деп жазды: «Түркістан майдандарындағы соғыс жағдайлары туралы көп айтуды қажет етпейді. Майданның денесіндегі соңғы тікен Солтүстік Жетісу ауданы еді, онда қазір кең көлемді соғыс операциялары аяқталды. Жойылмаған бірнеше басмашылар топтары Ферғанада және Самарқан облысының Бұхарамен шектесетін Ұра-Тобе ауданында сақталып қалды. Бірақ бұл топтар көбінесе өзінің міндеттері және күрес әдістері жөнінен қоғамдық-саяси мақсаттан алыс қарақшылық ұйымдар болып табылады».

Жетісу майданындағы ақ гвардияшыл әскерлер жойылғаннан кейін де Қызыл Армияның ұлттық бөлімдерін құру жұмысы жалғастырыла берді.

Азамат соғысының ең қызу кезеңі кезінде, 1920 ж. мамыр айының басында В.И. Лениннің қолы қойылған Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің қаулысы шықты: «Түркістанның және басқа шет аймақтардың орыс емес ұлттарының азаматтары Қызыл Армияның қатарына Ресей Федеративтік Кеңес Республикасының барлық азаматтарымен бірдей негізде шақырылуы керек деп табылсын» делінген<sup>1</sup>.

Сонымен, Революциялық-әскери Кеңес, 1920 ж. 7 мамырда Қызыл Армия қатарына жергілікті халықтардан жасы 19-бен 35-тің арасындағы азаматтарды алу туралы қаулыға қол қойды. Мұның өзі Қазақстанда тұрақты армия құрудың негізі болды.

<sup>1</sup> Ленин В.И. «Орта Азия мен Қазақстан туралы», Алматы, 1960, 51-бет.

Бұл бұйрықта былай делінген: «Түркістан майданын Қызыл армиясының өзіне берілген әскери және экономикалық міндеттерін ойдағыдай орындауына жағдай жасау үшін, онымен бірге социалистік Отанымызды қорғауға жергілікті халықты еуропалық халықпен теңеу үшін Революциялық-Әскери кеңестің Түркістан Орталық Атқару Комитеті бұйрық етеді:

1. Жұмысшы-Шаруа Армиясының қатарына Түркістан өлкесінің жасы 19-бен 35-тің арасындағы жергілікті мұсылмандарынан 30 мың адам қабылдау.

2. Әскерге шақырылатындардың мөлшерін халықтың тілегіне байланысты жергілікті органдар (қыстақ, ауыл Кеңестері және т.б. органдар) арқылы бірдей етіп бөлу.

3. Түркістан майданының саяси бөлімі мен барлық ревкомдарға, атқару комитеттеріне және т.б. халық арасында әскерге шақыру жөніндегі бұйрық және шақырылғандардың міндеттері туралы үгіт жұмыстарын жүргізуге барлық шараларды қолдану»<sup>1</sup>.

Осы әскерге шақыруға байланысты, Лениннің ұлт саясатына сүйеніп әскери-саяси жұмысты жүргізу үшін, 1920 ж. 6-10 мамырға дейін Түркістан АКСР-нің облыстық, уездік және аудандық әскери комиссарларының, әскери жетекшілерінің, жалпыға бірдей мектеп оқуының бастықтарының, жабдықтау мекемелерінің бастықтарының съезі өтті. Съезге 4 облыстан (Жетісу, Сырдария, Ферғана, Каспий сырты), 24 уезден және 15 аудандық әскери комиссариаттан делегаттар келді. Съезде «Қазіргі жағдай, Қызыл армияның міндеттері және Түркістандағы Кеңес үкіметінің әскери саясаты» деген тақырыпта М.Ф. Фрунзе сөз сөйледі<sup>2</sup>.

М.Ф. Фрунзе өзінің сөзінде Түркістанның әскери қуатын нығайтудағы әскери қызметкерлердің міндеттерін айқын көрсетті және оны іске асырудың жолдарын анықтады. Сөз сөйлеуші жергілікті халықтардың ерекшелігін еске ала отырып, оларға туыстарына қамқорлықпен қарап, мемлекетті қорғауға тарту керектігін айтты.

Съезде «Түркістандағы партия ұйымдарының міндеттері және партия жұмыстары» деген тақырыпта В.В. Куйбышев сөз сөйледі. «Түркістан орталықтан шалғайда болғандықтан, – деді ол, – біздің армиямызға бұрын-соңды әскер қатарында болмаған мұсылман азаматтары алынатындықтан, коммунистік бастауыш мұсылмандар арасында жұмыстарын жақ-

<sup>1</sup>Қызыл Армия Орталық мемлекеттік архиві. Ф. 110, ОП-5 Д-425, л. 12.

<sup>2</sup>Сонда. ОП-39, Д-34, л. 56.



сартып, олар арқылы мұсылмандар арасында таптық түсінушілікті өрістетуге керек»<sup>1</sup>.

«Ол үшін – деді В.В. Куйбышев – саяси бөлімдер құрып, жергілікті халық арасында мәдени-ағарту жұмыстарын өрістетуге, Ресей мемлекетінің қуатын нығайту үшін Түркістан пролетариатын Ресей пролетариатымен бірге жұмысқа жұмылдыру керек: армияда жұмыс істеуші комитеттер большевиктер партиясының және алдыңғы қатардағы орыс пролетариаттарының негізгі принциптерін жүзеге асыру керек, өйткені – Біз – Ресей пролетариатының ең жайлы жетекшісіміз»<sup>2</sup>.

Жетісудағы Қызыл Армияның жаңа ұлт бөлімдерін ұйымдастырудағы жұмыстарға басшылық ету, осы облысқа 1919 ж. қарашасында келген әскери қызметкер Б.Шагабутдиновқа тапсырылды. Ол Жетісудағы Революциялық-әскери Кеңестің мүшесі және облыстық әскери комиссар болып тағайындалды.

1920 ж. 12 қазанда Верный қаласында Жетісу облыстық әскери комиссариатының №187 бұйрығы негізінде жеке Түркістандық Дұнған атты әскер полкі құрыла бастады. 1920 ж. желтоқсанда полкті құру жұмысы аяқталды.

1921 ж. 18 ақпанда полкке Жетісу облыстық әскери комиссариатының 57-түркістандық атты әскер полкі деген ат берілді.

1921 ж. 7 наурыздан бастап Жетісу облыстық әскери комиссариатының 56-түркістандық атты әскер полкі деп аталды. 1921 ж. 26 маусымда полк таратылды.

Полк Верный қаласында және облыс селоларында жасақталды. Полк командирлері М. Масанчи, В. Лихарев, әскери комиссарлар – Масанчи, Сүлейменов.

Дұнған полкінің құрылуы және жауынгерлік іс-әрекеті жайында М.Масанчи былай деп жазды: «1920 ж. қыркүйекте Фрунзе мен Куйбышев жолдастардың нұсқауымен Дұнған полкін ұйымдастыру үшін Алматыға аттандым. 56 күн ішінде мен тапсырманы орындап, Түркістан майданы штабына полк оның қарамағында екенін хабарладым. Фрунзе жолдастың нұсқауы бойынша Революциялық-әскери Кеңес мені полкпен бірге Ферғана қаласына аттандырды. Қоқан қыстағы түбінде бізге құрамында Архонов Али, Буадинбеков және басқа бірқатар ұсақ құрбашылар бар басымшылардың ірі тобымен шайқасуға тура келді. Шайқас өте қызу жүрді және күш тең емес еді – жау күші бізден әлдеқайда басым еді. Алайда бұл

<sup>1</sup>Қызыл Армия Орталық мемлекеттік архиві. Ф. 110, ОП-39, Д-34, л. 16.

<sup>2</sup>Сонда, л. 44.

жағдайға қарамастан, біз басымшыларды талқандап, Мақсұр құрбашыны жігіттермен қоса тұтқынға алдық. Бұл операция кезінде полк қысқа мерзімде үлкен шығынға ұшырады. Біздің полк Революциялық-Әскери кеңестің жорық тәртібімен Бетпақдалаға аттануға бұйрық алды. Мұндай жағдайда біз бірқатар басымшылар ұяларынан өтуге тиіс болдық».

1920 ж. күзде Жетісуға ұйғырлардан жеке атты әскер эскадроны құрылды, ол 1921 ж. басында жеке атты әскер дивизионы болып қайта құрылды, оның комиссарлығына көрнекті партия және кеңес қызметкері А.Розыбакиев тағайындалды.

1921 ж. 23 қаңтарда Жетісу облыстық әскери комиссары В.И.Ленинге Қызыл Армия қатарына кіру үшін 575 ерікті ұйғырлардың өз аттарымен келгендігі туралы телеграмма жіберді.

Жергілікті ұлттар еңбекшілерінен шекара қызметін атақаратын бөлімдер де құрылды. 1920 ж. жазда қазақтар мен қырғыздардан Жаркентте, Пржевальскіде (Қаракөлде) және Нарында шекара күзететін атты әскер эскадроны құрылды.

Қазақ, ұйғыр және дұнған еңбекшілері Жұмысшы-шаруа Қызыл армиясы құрамына белсенді түрде жазылып жатты. Еріктілер көп болды, олардың кейбіреулері әскери қызметке өз аттарымен келіп жатты. Мысалы, О.Жандосов, ТүрікЦИК-ке жіберген телеграммасында Жетісу мұсылмандарын армия қатарына тартудың табысты өтіп жатқаны туралы былай деп хабарлады: «Верный уезінің 9 көшпелі қазақ болысында ғана Қызыл Армия қатарына ерікті түрде 225 жігіт кірді. Олардың 1920 ж. 19 желтоқсанда Верныйға келуі шын мәнінде халықтың тамаша шеруіне айналды: ерікті-қазақтар Қызыл Армияға асыл тұқымды аттар мен қазақ батырының ежелгі қару-жарағын сыйлады. Сөз сөйлеген бір ерікті былай деді: «Кеңес үкіметі қазақ кедейлерін түсінді. Қазақ кедейлері Кеңес үкіметін түсінді. Кеңес үкіметі ендігі жерде қазақ еңбекші бұқарасы өзімен бірге деп білсін және сенсін».

Жетісудың басқа аудандарында да армия қатарына еріктілер тарту жоғары дәрежеде жүргізілді. Пржевальск уезіндегі Қызыл Армия қатарына ерікті түрде жергілікті халықтың 637 өкілі кірді.

1920 ж. 15 желтоқсанда Жетісу облыстық әскери комиссары Түркістан майданы революциялық-әскери кеңесіне жіберген телеграммасында былай деп хабарлады: «Қазір ғана армия қатарына еріктілер тарту жұмысына байланысты қазақтардың өте бір революциялық көңілкүйде екендігі туралы хабар алдық». «Ерікті түрде шақырылған қызыл әскер, ат,

ер-тоқым, винтовка, патрондар алды. Ол кезде бұдан артық бұйым туралы біз ойламайтын едік. Осындай қару-көлік алғандардың әрқайсысы өзін «жетінші аспанда» жүргендей, бақайшағына дейін қаруланған, жеңілмейтін батырдай сезінді», – деп жа-зады бұрынғы қызыл әскер Гуламов.

Егер 1920 жылдың ортасында, Түркістан майданының ұлттық құрамында орыстар – 69,7 пайыз, қазақтар мен қырғыздар – 5,6 пайыз, татарлар – 3,3 пайыз және басқа ұлттар 14,5 пайыз болса, 1920 жылдың 30 желтоқсанына қарай Түркістан Республикасы шақыру пункттеріне жоспарда белгіленген 300 000-ның орнына жергілікті халықтың 31113 өкілі келді, Қызыл Армияға 25 000 адам алынды.

1920 ж. аяғына қарай Түркістан майданы армиясының құрамындағы қызыл әскерлердің 33 пайызы жергілікті халықтардың өкілдері болды.

Қызыл Армия қатарына шақыру ұйымшылдықпен жүргізілді, көбінесе еріктілер шақыру пунктінен хабар алысымен-ақ жиналып отырды. Шақырылғандардан ұлттық бөлімдер құрылып, олар Қызыл Армия қатарын толықтырып отырды.

1919 ж. аяғында Сібір революциялық комитеті Қызыл Армия азат еткен Ақмола және Семей облыстарының қазақ жастарынан Бірінші Сібір Қазақ ерікті полкін құрды, ол 1920 ж. Алтай губерниясына жіберілді.

1920 ж. жаңа ұлттық бөлімдер мен бөлімшелер құрылды.

1920 ж. ортасында Шымкент қаласына негізінен Жетісу қазақтарынан 2-Қазақ атты әскер бригадасы құрылды, оның командирі С.С. Алибей Эдигей болды.

1920 ж. 22 тамызынан бастап 2-қазақ атты әскер бригадасын құру және жабдықтау ісімен тікелей майдан штабы және бригаданы адамдармен, атпен қамтамасыз етіп отырған Сырдария әскери комиссариаты айналысатын болды. 1920ж. 20 қыркүйектегі №138 бұйрығында Сырдария әскери комиссары бригада командирінен Әулиеатадағы жылқы қорынан 200 ат алу үшін жауапты адамдар жіберуді талап етеді.

Бригада құрамын толықтыру 1920 ж. қыркүйек-қазанда белсенді түрде жүргізілді.

1920 ж. 7 қыркүйекте 2-Қазақ бригадасын толықтыруға келгендер тізімінде 110 адам аталды.

26 қыркүйекте толықтыруға Қапал уезінің 150 қазағы келді, оның 100-і 3-атты әскер полкіне, 50-і 4-қазақ атты әскер полкіне берілді. 30 қыркүйекте Жетісудан 98 адам келді, оның 32-сі 3-қазақ атты әскер полкіне, 66-сы 4-қазақ атты әскер полкіне берілді. Бригаданы жабдықтау жұмысымен

Д. Фурмановтың нұсқауымен О. Жандосов пен М. Масанчи де айналысты.

2-қазақ атты әскер бригадасына еріктілерді тарту жұмысы туралы М. Масанчи өз естелігінде былай деп жазады: «Бірнеше күннен кейін әскери басшылық мені Қапалға жауапты өкіл жолдас Жандосовтың қарамағына еркітілер тарту жұмысына жіберді. Жандосов қандай істерге жауапты екенін білмедім. Бүлік кезінде ол таудан жергілікті тұрғындарға шабуыл жасап жүрген Анненков бандыларының қалдықтарын жою операцияларына жетекшілік жасады. Оның Фурмановпен тікелей байланыс жасайтыны есімде, Фурманов оған көптеген мәселелерді, әсіресе әскери іске байланысты мәселелерді өз бетінше шешуге право берген еді. Жандосов жолдаспен бірге мен аз уақыт ішінде өз аттары бар 800 қызыл әскерді жинадым».

Бригада үнемі жергілікті ұлттардың ішінен шыққан қызыл командирлермен толықтырылып отырды. Мысалы, Түркістан майданы штабынан бригада қарамағына жіберілген Бакуев сафа, Гаригов Исмаил 3-қазақ атты әскер полкіне тағайындалды, ал Абдулла Исмаев 4-қазақ атты әскер полкіне тағайындалды.

1920 ж. 18 қазанда бригаданы жабдықтауға нұсқаушы қазақтар Байрашев Омар, Татұқов Әбдірайым келді, олар запастағы эскадронға тағайындалды.

Бригаданың командирлік құрамында да қазақтар болды, атап айтқанда, Юсупжанов эскадрон командирінің көмекшісі, Токин бұрынғы унтер офицер, атты әскер взводының командирі, Молдажанов – тілмаш, Қаржау – бұрынғы атты әскер прапорщигі, енді атты әскер полкінің әскери комиссары.

Бригада екі полктен тұрды (3-полк және 4-полк). Полктер 1920 ж. №1353 бұйрық бойынша жабдықталды. Штат бойынша полк командирі – 1, әскери комиссар – 1, штабта — 33, полктегі эскадрондар – 4, эскадронның адамдар құрамы – 197, барлығы полкте 784 адам болды.

Қазанның басында бригада толық ұйымдасып болды. Бригаданың командирі С.С. Алибей Эдигейдің 1920 ж. 6 қазандағы №116 бұйрығы бойынша 3-қазақ атты әскер полкінің командирі Вишне夫斯基 және 4-қазақ атты әскер полкінің командирі Рукунджа тез арада Харьковке аттануға тиіс болды.

6 қазанда полк командирлерімен бірге бригаданың бірінші эшалоны аттандырылды. 8 қазанда Шымкенттен құрамында

3-полктың және 3 және 4-эскадронадары, соның ішінде 191 адам, 192 ат бар екінші эшалон аттандырылды. 10 қазанда Харьков құрамында 3-полктің 1-эскадроны бар, соның ішінде 177 адам, 195 ат бар үшінші эшалон аттандырылды. Эшалонмен бірге бригада дәрігері А.И. Кутебаров та кетті. 21 қазанда Шымкенттен құрамында 4-қазақ атты әскер полкінің 1-эскадроны бар, соның ішінде 142 адам, 248 ат бар бесінші эшалон аттандырылды. 22 қазанда Шымкенттен құрамында 4-полктің штабы, байланыс командасы және шарушалық командасы бар, соның ішінде командирлік құрамы – 12 адам, 125 атты әскерлер, 87 ат, 8 өгіз, 247 қой, 250 пұт әр түрлі жүгі бар эшалон аттандырылды. Бригаданың соңғы эшалоны Шымкенттен 27 қазанда аттанды. Белгіленген жерге келген соң бригада Оңтүстік майдан резервінің құрамына кірді.

Оңтүстік майдан армия қолбасшысының 1920 ж. 1 қазандағы №165/36 бұйрығы бойынша Түркістан майданының 2-қазақ атты әскер бригадасы қайта құрылған 2-Түркістан атты әскер дивизиясының құрамына кіргізілді де, 2-нөмір алды, дивизияның құрамына 1-өзбек бригадасы да кірді. Революциялық-Әскери Кеңестің саяси бөлімі бастығының 1920 ж. 14 қарашадағы №17336 бұйрығы бойынша 2-қазақ бригадасының әскери комиссары А.И. Астраханцев дивизияның әскери комиссары болып тағайындалды. 2-Түркістан атты әскери дивизиясының басшысы болып қазақ атты әскер бригадасының командирі С.С. Алибей Эдигей тағайындалды. 2-Түркістан атты әскер дивизиясы бойынша берілген 1920 ж. 15 қарашадағы №2 бұйрық негізінде 4-қазақ атты әскер полкінің командирі Рукунджа 2-қазақ атты әскер бригадасының командирі болып тағайындалды. 3-қазақ атты әскер полкінің әскери комиссары болып Қаржаудың орнына Бирбаев жолдас тағайындалды.

Бригада Махно бандаларын талқандау шайқастарына қатысты. Врангельге қарсы соғыс әрекеттері тоқтаған соң Революциялық-әскери кеңес Махно армиясын шектен шыққан қылықтарына байланысты махношыларды жою туралы шешім қабылдады. 2-қазақ атты әскер бригадасы Махно бандаларын талқандауға қатысуға тиісті болды.

2-Түркістан атты әскер дивизиясының 24 қарашадағы бұйрығында 3-қазақ атты әскер полкінің алдына мынадай міндет қойылды: 3-қазақ атты әскер полкінің командирі Либовский жолдасқа: 500 адамы, 13 пулеметі және 2 зеңбірегі бар жау «Хорошое» селосын басып алып, Петропавловкаға бет алды. Сізге Кахвокада демалыс жасап, аттарды жемдеп алып, Петропавловкаға бару, сол жерде жауға солтүстіктен және

солтүстік-батыстан шабуыл жасап, талқандау бұйырылады, ал оңтүстіктен 4-қазақ атты әскер полкінің пулеметтері бар 1,2-эскадронадары шабуыл жасайды.

1921 ж. 20 сәуірде 2-Түркістан атты әскер дивизиясы басқармасы таратылды. Дивизияның 1-бригадасы 9-атты әскер дивизиясының қарамағына берілді.

Завольже округі әскерлер бойынша 1920 ж. 4 шілдеде берілген №48 бұйрық негізінде Самара ауданында 2-Түркістан атты әскер дивизиясының бөлімдерінен 9-атты әскери дивизиясы құрылды. Осы жылдың тамызында дивизия Оңтүстік-Батыс майдандағы Армияның атты тобына кірді, бұл топ осы айда Оңтүстік майданның 3-атты корпусы болып қайта құрылды.

1921 ж. наурызда IV армияның жойылуына байланысты 3-атты корпусының құрамындағы 9-атты дивизия Киев әскери округінің құрамына көшті. 1921 ж. сәуірде дивизия 3-атты корпусының таратылған 2-Түркістан атты әскер дивизиясының атты әскер бригадасымен толықтырылды. 1921 ж. қыркүйекте дивизияға Котовскийдің жеке атты бригадасы енгізілді де, Котовский 9-атты әскер дивизиясының командирі болып тағайындалды. 1921 ж. қарашада 9-атты әскер дивизиясы 3-атты корпусының және Киев әскери округінің құрамынан шықты. 1921 ж. қаңтарында дивизияға Қырым дивизиясы деген ат, ал сол жылдың маусымында 9-Қырым дивизиясы деген ат берілді.

Азамат соғысы жыдарында Түркістан АКСР-і территориясында Жетісу, Сырдария әскери комиссариаттары және Сибревком қазақтардан, ұйғырлардан және дұнғандардан 12 ұлттық бөлімдер құрды. Оның ішінде атты әскер бригадалары – 2, атты әскер полктері – 3, жаяу әскер полктері – 2, атты әскер дивизионы – 1, атты эскадронадары 4-еу болды.

Ұлттық әскери бөлімдерінің командирлерінің бірі У.Бапишев жергілікті ұлттар жауынгерлерінің ерлігі мен батылдығы туралы былай деп жазады: «Ұрыс даласындағы тәжірибе мынаны көрсетті: социалистік рухта тәрбиеленген, революцияның сыналған жауынгерлері жетекшілік еткен мұсылмандық бөлімдер тек сенімді әскер болып қана қоймай сонымен қатар өздерінің тәртіптілігіне байланысты олар болашақта үлкен қызмет көрсете алады және Түркістандағы революцияға тірек бола алады.

Жергілікті климат жағдайларына үйренген Қызыл Армияның мұсылман жауынгерлеріне майдан басшылары да назар аударды.

Социализмнің ұлы көсемдері сепкен ғажайып тұқым Түркістанда өзінің жақсы жемістерін берді, мұсылмандар пролетариаты өзінің ағайыны орыс жұмысшыларының қатқыл қолын қуана қысып, қарсы алды».

Өткен кезеңдерде армияның көп ұлттылығы оның әлсіздігі ретінде қаралса, Кеңес Армиясының көп ұлттылығы оның қуаттылығы мен жеңімпаздығының факторына айналды.

## **§2. ҚАЗАҚ ӨЛКЕЛІК ӘСКЕРИ КОМИССАРИАТЫ ЖАНЫНДА ҚҰРЫЛҒАН ҚИЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ БӨЛІМДЕРІ**

1917 ж. 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында алашордалықтардың Бүкілқазақтық съезі болды. Съездің шешіміне байланысты Алаш территориясын ұлттық автономия деп жариялап, оның құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Сырдария, Ферғана, Жетісу, Бөкей Ордасы, Маңғышылақ уездерін, Закаспий облысын, Самарқан облысының Жизак уезін, Сырдарияның Амудария бөлігін тез арада беру керек және Алтай губерниясының Славгород, Змеиногород, Бийск уездерінің қазақтары кіру керек еді. Съезден кейінгі Ташкент темір жолы линиясы бойындағы соғыс жағдайы Алашорданың Ә. Бөкейханов бастаған бір бөлігін Семей облысына кетіп, саяси жұмыс жүргізуге, келесі бөлігін Жымпиты және Орал облысының қазақтары арасында саяси жұмыс жүргізуге мәжбүр етті. Кейіннен бұл бөлігі Алашорданың батыс бөлігі деп атала бастады, басшылары Жанша және Халел Досмұхамедовтар болды.

Қазақ аймағының автономиялығын тану туралы Кеңес үкіметімен келіссөз жүргізу үшін Алашорданың батыс бөлігінен Мәскеуге делегация барды. Мәскеудегі орталық Алашты автономия деп танудан бас тартты.

Ешбір мәселеге келісе алмаған делегация Оралға қайтып келді. Кейін Алашорда мүшелері жасарын түрде Жымпиты қаласына жиналып, өз үкіметін құрды және Орал облысының қазақтарын қаруландыру, соғыс ісіне үйрету туралы шешім қабылдады және ақгвардияшыл әскери өкіметімен келісімге келді. Бұл келісімнің негізгі мәні мынада еді.

1. Алашорда үкіметі қызылдар ақ қазақтарды өз территорияларынан ығыстырған жағдайда қазақтардың әскерлеріне де, қашқындарға да пана болды.

2. Қазақтың әскери бөлімдері ақ қазақтардың майданына қатыспайды, тек қазақ (Алашорда) жерлерін ғана қорғайды.

3. Қазақтар қазақ даласының ішкі істеріне араласпай, қажетті жағдайда қару-жарақ, құрал-жабдық жағынан көмек беруге тиісті болды.

Осы айтылған мәселелерді іске асыру үшін тірек күші ретінде Алашордаға 20000 кісіден атты әскер бөлімін құруға рұқсат етіліп, әскер қатарына өз аты және әскери қару-жарағы бар ауыл тұрғындары алынды. Кейінірек Алашорданың Батыс бөлігінің рұқсатынсыз, келіспестен, Торғай облысының алашордалық мүшелері бөлініп шығып, Алашорданың 3 бөлімін құрды. Бұған дейін бұл батыс бөлімге барлық жағынан бағынышты еді. Шілде айындағы чехтардың Самарды алғаннан кейін құрылған құрылтай жиналысының комитетін Алашорда өз мүддесіне пайдаланғысы келді. Алашорда үкіметі өз делегациясын Самараға жіберіп, Құрылтай жиналысымен төмендегідей келісімге келді.

1. Қазақ аймағының автономиясын заңды түрде тану.

2. 1000 адамға жететін қару-жарақ және құрал-жабдық, сонымен қатар 2 миллион сомға жуық ақшалай көмек алуға келісім болды. Оның 500 мың сомын Алашорданың Батыс бөлімі алды, қалғанын Семей бөлімі алды.

Қызыл әскер күшімен ығысқан казактар Орал казактарынан көмек беруді талап етіп, ал Алашорда басшылары қазақ жігіттері өз жерін қорғауға ғана ант берген, казак майданында соғыспайды дегенді сылтау етті. Бірақ казактар талаптарын күшейтіп, күш көрсетуге беталды. Мұны естіген Жымпиты гарнизонының әскері қазақтарға қарулы қарсылық көрсетті, олардың өкілдерін өлтірді. Осыдан кейін ғана ақ казактардың өз талаптарынан бас тартуына тура келді. Елде болып жатқан революциялық оқиғалар қазақ және басқа ұлт еңбекшілерінің саяси санасын өсірді, белсенділігін арттыруға ықпал етті, ұл-азаттық қозғалыстың негізі жер үшін күрес, отарлық езгіге қарсы ұлттық және әлеуметтік бостандық үшін күрес еді.

Алашорда үкіметінің төрағасы Ә. Бөкейханов 1919 ж. басында Омбыда Колчактан қару-жарақ сұрауға барғанында, Алашорда үкіметіне бағынышты әскердің құрамын, тұрған жерін, санын айтады. Солардың ішінде Жетісу майданында – 700 адам, Троицкіде – 540 адам, Орал басында 2000 адамнан құралған екі әскер полкі құрылғанын көреміз<sup>1</sup>.

---

<sup>1</sup>Кәкішев Т. Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы. Қазақстан коммунисі. 1990. № 5. 80-81 беттер.



Колчак қазақ автономиясын мойындаудан бас тартқан соң, Алашорда үкіметінің басшылары Кеңес үкіметімен келісімге келді. Ал А. Байтұрсынов 1919 ж. 24 шілдеде Кирревкомның мүшесі болып, В.И. Лениннің қолынан мандат алды.

1919 ж. 10 шілдеде РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қазақ (қырғыз) аймағын басқару туралы декретіне Ленин қол қойғаннан кейін, Қазақ Ревкомитетінің қарамағына, Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары және Астарханның бір бөлігі бұрынғы Бөкей хандығы территориясындағы әскери-азаматтық басшылық қолына шоғырландырылды. Қазақстанда Қызыл Армияның алғашқы бөлімдерін құру 1918 ж. көктемінде іске аса бастады.

Ұлттар туралы халық комиссарлар кеңесінің жанынан Мұхамедияр Тұнғаншин және С. Күшімбаев басқарған қазақ бөлімі бекітілді. 1918 ж. 25 маусымда С. Күшімбаевтің келмеуіне байланысты, Тұнғаншиннің орынбасары болып Торғай облысы Атқару комитетінің мүшесі Құсайын Бекентаев сайланды.

Осы кезде қазақтың ұлттық мәселелері бойынша комиссариат жоғарғы әскери кеңеске қазақ әскери бөлімдерін құру туралы жоспарын ұсынды. Бұл жоспардың негізінде берілген шешімдер жоғарғы әскери кеңес қазақ әскери бөлімдерін құруды қолдайтынын білдірді.

1918 ж. 4 тамызда жоғарғы әскери кеңестің №4017 шешімі қазақтың әскери бөлімінің құрылғанын жариялады.

1918 ж. 1–10 қыркүйегінде болып өткен Бөкей ордасы кеңестерінің съезінде Кеңес үкіметі чехтардан, ақ гвардияшылардан, ақ казак бандыларынан қорғау үшін Қызыл Армия бөлімдерін құру туралы мәселе қаралды. Қазақ әскери бөлімдерін құру туралы жоспар қабылданды.

Ұлттық Халық Комиссарлар Кеңесі 1918 ж. 8 қазанда қазақтың әскери бөлімдерін құру туралы жоспарды құптады, бұл жоспардың негізгі мазмұны мынадай деді: Қазақ Қызыл Армиясы Ресейдің Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасына бағынышты және бұл әскери бөлімдерді толықтыру еріктілер негізінде құрылатыны айтылған.

1918 ж. қазанда Шығыс майданының Революциялық-Әскери Кеңесі Қызыл Армияның қазақ әскери бөлімі құрылуы туралы шешім бекітті. Сонымен бірге ұлттар халық комиссариаты жанындағы қазақ бөлімі коллегияның мүшесінің біреуін осыған бөлді.

1918 ж. 24 қазанда Шығыс майданының №62 бұйрығы бойынша қазақ әскери бөлімдерін құру жөнінде бөлім құрылды.

Тұрақты орны Орда қаласы болып белгіленді. Орда қаласына келген комиссариат тұңғыш рет Кеңестік Қазақстанның бірінші үлгілі атты әскер полкін құра бастады.

Қазақтың атты әскер полкі құрылғаны туралы Шығыс майданының командшысы 1918 ж. 21 қазанда №62 бұйрық жариялады. Бұл бұйрықта, республикалық Революциялық-әскери Кеңестің комиссары Тұнғаншинге алты эскадрондық, бір үлгілі атты полкін тек қана қазақтардан және еріктілерден құру тапсырылды. Командирлер мен полктің шаруашылығын басқарушылар уақытша қазақ емес азаматтардан тағайындалды. Аталған полктің командиріне барлық мәселе бойынша бөлімнің әскери комиссарымен келісе отырып, полкті құруға кірісу, оқыту және үйрету жүктелді.

Қазақтың үлгілі полкінің қару-жарақ, құрал-жабдық, азық-түлік сияқты қажетті бұйымдары жалпы негізде қамтамасыз етілді, ал командалық шаруашылықтың басшыларының жаалақысы майданның далалық ерекшелігіне байланысты 50 пайызға арттырылды. Әскерді аттармен қамтамасыз етуді әскери халық комиссариатының бекіткен бағасымен ақшаға сатып алу арқылы жүрізу керек болды.

Полк құрылып және жаттықтырылып болғаннан кейін оның төрт эскадроны төрт эскадрондық атты әскер полкі ретінде бөлінді де, ал екі эскадрон қалатын болды. Полктің шендер (киім-кешек) формасын жасауды ұйымдастыру бөліміне тапсыру және команда бойынша бекіту ұсынылды.

Қазақтың кедейлерінен, батырақтардан және орта шаруалардан шыққан жастар кеңестік атты әскер полктеріне белсенді түрде жазылып жатты. Жалынды үгітшілердің бірі халық мұғалімі және ақын, коммунист Бейсенғали Жаникешов болды. Ол біріншілер қатарында полкке кірді және арнаулы өкіл ретінде 300-ден астам жігітті әскер қатарына тартты. Бұл жігіттер балық кәсіпшілігі, тұз кендері мен темір жолдың жұмысшылары және батырақтары, ауыл кедейлері еді. Қызыл Армия құрамына контрреволюциялық элементтердің кіріп кетуіне жол бермеу үшін еріктілерден – уездік және облыстық кеңестерден немесе большевиктік ұйымдардың екі мүшесінен кепілдеме алып келу талап етілді.

Осыдан екі жыл бұрын патша жарлығына бағынбаған және оған 1919 ж. көтеріліспен жауап берген қазақ жігіттері енді өз еріктерімен Қызыл Армия қатарына жазыла бастады. Халық комиссариатының мәліметі бойынша 1918 ж. қыркүйек айында қазақтың кавалериялық полкі құрылды және оның қатарына 600-ден астам еріктілер жазылды деп хабарланды.

1918 ж. қыркүйекте полк қалыптасып, «Бірінші үлгілі кеңес қазақ атты әскер полкі» деген атқа ие болды. Оның құрамына б эскадрон, пулеметшілер командасы, артиллериялық батарея, байланыс командасы, полктің кіші командир мектебі болды, құрылған кезінен бастап полкті қару-жарақ, киім-кешекпен тікелей Мәскеу қамтамасыз етіп отырды.

Ерікті полкті құрылуындағы табыстарды «Правданың» 1919 ж. 7 ақпандағы нөмірінен көруге болады. Онда былай деп жазылған: «Бөкей даласындағы аштыққа және ақ гвардияшылдардың Кеңес үкіметіне қарсы үгітіне, ауыр жағдайға қарамастан, ерікті қызыл полкті құру жақсы жүріп жатыр. Екі аптаның ішінде ғана мыңға тарта еріктілер жазылды». 1919 ж. сәуірдің ортасында Орда қаласында қазақтың бірінші кеңестік атты полкі құрылып, ізінше 2-атты полк және атты батарея құру қолға алынды. Қазақтардың әскери іске машық еместігіне қарамастан, полкті құру, жинақтау өте жақсы жүрді. Қазақтар бұған бар ынта-ықласымен жазылуда», – деп жазды қазақ бөлімінің меңгерушісі Ұлттар Халық Комиссарлар Кеңесіне.

1919 ж. 17 сәуірде Ұлттар Халық Комиссарлар Кеңесіне Тұңғаншин былай деп жазды: «Мен Орда қаласына келгеннен кейін мыналарға көзім жетті: қазақтың әскери бөлімдерін құру өте тез қарқынмен жүріп жатыр, қазірдің өзінде бірінші кеңестік үлгілі қазақ полкі құрылып болды, атты батареяны құруға кірісе бастады. Орал майданындағы, сонымен бірге даладағы ауыр жағдайға байланысты қазақтарды жаппай жинақтау туралы берілген менің бұйрығым бойынша 2-атты полк және 1-жаяу әскери бөлімдерін құруға мүмкіндік туды. Бірақ Орда қаласында бірінші үлгілі кеңестік атты әскер полкі құрылғаннан кейін басшы командир орындарына Троцкийдің нұсқауымен көптеген контрреволюциялық пікірдегі адамдар және бұрынғы патшаның офицерлері кіріп кетті...»

Офицерлердің еркінсігені соншалық, тіпті 1919 ж. 23 ақпанда болған Қызыл Армияның 1 жылдығына арналған қызыл әскерлердің жиналысын қуып таратқан еді. Ал саптағы жаттығулар кезінде жігіттерді темір сымдармен ұрды. Ақ гвардияшылдар Ордадағы радиостанцияларды пайдалана отырып, генерал Толстовтың командованиесімен байланыс жасады және командировка деген желеумен өз адамдарын ақтар армиясына өткізіп тұрды. Мысалы, осындай сылтаумен ат және ірі қара сатып алу жөніндегі комиссия деген атпен Приморье округіне генерал Толстовтың тұрағына әскери комиссариат пен полк шабы өз адамдарын өткізді.

Арызға жауап көп күттірмеді. Қысқа мерзім ішінде Ордаға жергілікті партия ұйымдарына көмекке саяси және әскери адамдар тобы келді. Мамыр және маусым айларында Мәскеу мен Астарханнан және IV, XI армиялардан Нариманов, Еникеев, Озолин, Суканце, Гульц сияқты саяси қызметкерлер жіберілді.

1919 ж. наурыз-маусым айларында әскери бөлімдерді бұрынғы офицерлерден тазалауда және Бөкей ордасында Кеңес және партия жұмыстарын күшейту мен өрістетуде үлкен жұмыстар істелді.

Ақ гвардияшылдар позицияларын бірінен соң бірін жоғалтып жатқанын сезді. Бірақ олар да күрессіз берілгісі келмеді. Олар Ордада да контрреволюциялық төңкеріс дайындады. Олар пулемет ұясын, зеңбіректі және полктің маңызды бөлімдерін басып алуды және оларды қарусыздандыруды, полктің бар көлігін жинауды және Орда мен оның маңындағы тұрғындарынан тасымал көліктерін Орал майданына, генерал Толстовтың бандаларына апаруды көздеді.

Бірақ бүліктің беті ашылды. Бүлікшілердің біразы тұтқындалды. Тек кейбіреулер, мысалы 2-полктің командирі граф Симанский, князь Мещерский және басқалар ақ гвардияшыл генерал Толстовтың бандаларына қашып кетті. 1919 жылдың мамыр айының орта шенінде революцияға қарсы ұйымға қатысушылар 1-полк басшысы Чуреев, дворян Барский, есаул Преображенский секілді адамдар тұтқындалып, пролетариат диктатурасынан өздеріне тиісті жазаларын алды.

Контрреволюциялық элементтерден полкті тазартумен қатар, қазақ атты әскер полкін қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізіліп жатты.

1918 ж. маусымда полктің сан құрамы 1700 адамға жетті. Қазақ комиссариатының әскери жұмысындағы баяндамасында полктің жауынгерлік қызметі, оның ішінде 1919ж. көктеміне қарай Орал ақ казактарына қарсы күрестегі қызметі жоғары бағаланды. «Өз туған ауылдарын қорғай отырып, – деп баяндамада көрсетілгендей, – жігіттер көптеген қырағылық пен ерліктер, теңдесі жоқ әскери ерліктің үлгілерін, ептілік пен икемділік әдістерін, тапқырлық пен жылдамдық үлгілері бұл атты әскерлерге ең қажетті қасиеттерін толық көрсетті», – деді.

Бүкілодақтық ресейлік орталық атқару комитеті әскери жетістіктері үшін полкті құрметті Қызыл тумен наградтады. 1919 ж. 3 маусым күні ұлттар ісі жөніндегі Халық Комиссары

Н.Н.Нариманов полкке Қызыл ту тапсырды. Полктің жауынгерлік қабілеті қалмақ жеке атты әскери дивизиясының штаб бастығының оперативті істер жөніндегі көмекшісі өз баяндамасында штаб бастығына Хан ставкасында орналасқан қазақ әскери бөлімімен байланыс жасап, олардың жауынгерлік жағдайлары туралы төмендегілерді жазды: «Біз Хан ставкасына келгеннен бері уақыт ішінде мынадай жағдай анықталды. Қазақ далалық әскери комиссариатының алдына қойған мақсат әзірше қазақ атты әскер бригадасы құрамын 1-2 немесе 3 үлгілі қазақ атты полктерінен, 6 эскадрондық құрамнан құру және бригаданы құрғаннан кейін дивизияға дейін кеңейтуді сізге жеткіземін».

Полктің қызыл әскерлері орыс үлгісіндегі атты әскери винтовкалармен және қылышпен қаруланған командалық құрамы мен атты пулемет командасы – револьвермен және қылыштармен қаруланған. Полкте құрамында 10 пулеметі бар атты-пулемет командасы, 5-3 дюймдік зеңбіректерден тұратын батареялар бар. Әскери комиссар Лукашевтің сөзі бойынша полкте ондаған мың снарядтар мен миллиондаған патрондар бар.

...Осы жаздың 3 маусымы күні болған қазақ еңбекші халқының облыстық съезінде ту беру құрметіне арналған парадты бақылау қорытындысында қызыл әскерлер ұстамдылығымен, жақсы көңілкүйлерімен көзге көрінді. Қашқындық жағдайлары онша байқалған жоқ. Полк қажетті жағдайларда жауынгерлік қабілеті бар деп сеніммен айтуға болады. 2-полкті ұйымдастыруға кірісті. Жаңа командалық құрам тағайындалды. Әскери комиссариаттың қолындағы бар қару-жарақ, киім-кешек, т.б. заттар екінші полкті қамтамасыз етуге толығымен жетеді. Осындай қазақ атты әскер бригадасының ойдағыдай құрылуы тек жұмыстың жақсы жүргізілуіне байланысты емес, сонымен қатар әскери комиссариат құрылып жатқан бөлімде тікелей барлық қажеттілікті орталықтан алып отырғанына да байланысты болды.

1919 ж. Ордада В.В.Куйбышев болды. Ол полкке жоғары баға бере отырып, мынаны айтады: «Мен өзім қазақстандықпын, қазақ халқын жақсы білемін, кішіпейіл және қырағы, ақылды халық. Сендер осы халықтың ұлдарысыңдар, батырлықпен өз облыстарыңды ақ гвардияшылардан қорғадыңдар, оны Қазақстандағы Кеңес үкіметінің тірек пунктіне айналдыра алдыңдар. Бұл үлкен тарихи жұмыс. Мен өзімнің жерлес қазақтарымның ерлігіне мақтана аламын! Рақмет сіздерге, жолдастар! Мен қазір сіздерден бір мәселе бойынша пікір-

леріңізді білгім келеді. Сіздердің командирлеріңіздің біреуі менен өз полкін үлкен майданға жіберуді сұрады. Келісесіздер ме сіздер онымен? – келісеміз, – деп бірауыздан жауап қатты. Өте жақсы, мен жолдас Фрунземен байланысып, сіздердің тілектеріңізді оған жеткіземін».

Сол кезде IV армияның Революциялық-әскери Кеңесінің мүшесі В.В.Куйбышев Ордаға келген кезде I қазақ полкінің IV-XI армия бөлімдерімен біріге отырып, ақ қазақ бандаларынан Таловке және Жанқала аудандарын, сонымен қатар Бөкей Ордасындағы бірінші Приморск округін тазарту тапсырмаларын абыроймен орындады.

Ақтобе майданындағы жаумен күрестегі төзімділігі мен ержүректігі үшін қазақ атты әскерлеріне РКФСР-дің Қызыл туы тапсырылды.

Одан кейін қазақ атты әскер полкі Орал қаласын ақ гвардияшылдардан азат етуге қатысты.

Бірінші қазақ атты әскер полкі бұдан былайғы уақытта Қазақстандағы ұлттық әскери құрылысты ұйымдастырудағы мықты базаға айналды. Бұл полктен көптеген өте жақсы жауынгерлер және РККА бөлімдерінің ұлттық командирлері шықты, полктің бұрынғы қызыл әскерлері мен командирлерінің көбі жауапты партия мен кеңес қызметкерлері болды.

Қазақстандағы 1919 ж. көктемдегі және жаздағы ұлттық бөлімдері ұйымдастыру ісін көрнекті саяси-әскери қайраткерлер В.М.Фрунзе және В.В.Куйбышев басқарды.

1919 ж. 16 ақпанда М.В.Фрунзе қазақ халқына жолдаған үндеуінде былай деп жазды: «... Қазақ бауырластар, сіздерге, тарих азабы көп өгей шешедей болған, өмірлері қайғы мен мұңға толған халыққа арнаймын осы сөзімді... сендер де бір кісідей көтерілсін деп отырмын. Патша өкіметі қазақ халқына қаншама кедейлік пен қасірет тартқызды, жақсы жерінен қуып, оларды далаға айдады, аштық пен азап шегуге мәжбүр етті. Қазақ халқының білім жорығына жол ашуына, өз өмірлерін жақсартулары туралы жағдай жасап па екен, соны естеріне түсіріндерші, қазақ бауырлар?»

...Мен, Қызыл Армияның Орал майданындағы басшысы, мен өз әскерлерімнің атынан сіздерге тез арада бауырластық қолымды беремін, жедел қарулы көмек көрсетемін, жедел түрде өкілдерді сайлап, оларды осында Оралға, облыстық ревкомға жіберіңдер, оларға мұнда не істеу керектігін айтып береді. Тез арада өз жігіттеріңді, кедейдің қорғаушыларын маған жіберіңдер, мен оларға қару беремін, олардан еңбекші халықты қорғайтын полктер құрамын».

«Жизнь национальностей» газеті былай деп жазған: «Қазақ даласының түпкір-түпкірлерінен ақ қазақ бандаларымен күресе алатын отрядтар ұйымдастыру үшін қару-жарақ жіберуге талаптар түсуде. Қызыл Армия қатарына қосылу үшін аудандардан, кейде жау қоршап алған территориялардан кеңес аудандарына жас жігіттер өтіп кетіп жүрген. М.В. Фрунзенің зор көмегі нәтижесінде Ә.Жанкелдин мен А.Иманов 1919 ж. қаңтар-наурыз айларында қазақ жастарына бірнеше қазақ атты әскер эскадрондарын ұйымдастырды. Торғайда 300 адамдық, Бірғызда 200 адамдық және Шалқарда 300 адамдық атты әскер эскадрондары ұйымдастырылды. А.Имановтың басшылығымен кіші командалық құрам мектебі ашылды және ол қазақ бөлімдері мен бөлімшелері үшін кадрлар дайындайтын болды. Құрылған эскадрондарда қатаң тәртіп орнатылды. Шабуылға атпен және жаяу қатармен жүруге үйрету енгізілді.

Бірғызда және Торғайда құрылған қазақ атты әскер эскадрондары майданның оң қанатын және кеңес бөлімдерінің тылын ақ қазақ және Торғай даласына кірген бандалардың соққысынан қорғап тұрды.

М.В. Фрунзенің 1919 ж. 24 маусымдағы бұйрығы бойынша Бөкей ордасында құрылған бұрынғы барлық қазақ атты әскер бөлімдері қазақ атты әскер бригадасы болып қалыптасты. Орал майданына жіберілген бұл атты әскер бригадасы 1919 ж. күзінде аңызға айналған В.И.Чапаевтің 25-дивизиясы қатарына қосылды. Қазақ атты әскер бригадасында 1919 ж. 15 тамызында жеке құрамында барлығы 1822 адам, 1450 қылыш, 2 зеңбірек, 17 пулемет, 1280 ат болды. 1919 ж. 10 қыркүйекте қазақ бригадасының жеке құрамында 1511 адам, 1994 қылыш, командалық құрамда 95,3 зеңбірек, 10 пулемет, 1247 ат болды.

4-армия құрамында 1919 ж. көктемінде Шығыс майданы Революциялық-Әскери Кеңесінің қаулысы бойынша тағы бір жеке қазақ атты әскер бригадасы – Батыс Қазақстандағы қазақ атты әскер бригадасы Батыс Қазақстандағы қазақ еңбекшілерінен құрылды. Бұл қазақтың екінші атты әскер бригадасының саяси бөлімінің бастығы болып Бақытжан Қаратаев тағайындалды. Бұл қазақ атты әскер бригадасы Оралдың арғы бөлімінің Бұхара жағындағы қазақ еңбекші жастарынан ұйымдастырылды. Бірақ шын мәнінде оны толықтыру мен қалыптастыру Саратов территориясында жүргізілген.

Бұл бригада ұйымдастырылуының басынан бастап Шығыс

майдандағы IV армияның Оңтүстік тобына кірді. Бұл бригаданы құруды ұйымдастырушылар, азамат соғысының белсенді қатысушылары, тәжірибелі большевиктер Ә.Әйтиев пен А.Әлібековтер еді.

1919 ж. қаңтарына қарай осы қазақ атты бригадасына 793 найза, 300 қылыш, 3 зеңбірек, 7 пулемет болды. IV Армияның Николаевск (кейінірек 22-ші) дивизиясы құрамында 197-мұсылман полкі болды. Оның ішінде қазақтар, татарлар, башқұрттар және басқа да жергілікті ұлттардың өкілдері бар еді.

197-мұсылман полкі 22-дивизияның басқа полктерімен бірге Орал ақ казактарына қарсы жауынгерлік соғыстарға қатысты. Ерлікпен айқасқан 5-атқыштар дивизия қатарында 14 ұлт өкілдерінен құралған мұсылман полкі де бар еді, бұл полкте қазақтар саны басым еді, – деп жазады Д.А. Фурманов.

Арал маңындағы ұрыста 1919 ж. 10 шілдеде 1-атты әскер полкі болып қайта құрылған Ырғыз орыс-қазақ партизан отряды өзін мәңгі өшпес даңққа бөледі. Ол оң қанаттың мызғымастығын қамтамасыз етті, колчакшылардың қызыл әскердің тылына кіретін барлық әрекеттеріне соққы берді.

Ленин Антантаның бірінші жорығы жоспарының талқандалуын талдай келе, еңбекшілерді – қазақтарды әскери қызметке тартуға назар аударды. Республикалық Революциялық-әскери Кеңестің төрағасы атына 1919 ж. 6 маусымда жолдаған хатында былай деп жазды: «Башқұрттардың өкілдері мен де болды, өздерінің әскерлерін оңтүстікке емес, шығысқа жіберуді өтінеді. Шығыста, өз өлкемізде Челябинскіні тез алуға көмектесер едік, өйткені қырғыздар (қазақтар) да бізбен бірге аттанар еді дейді, ал оңтүстікте олар осал және ештеңе істей алмаймыз деп қорқады. Бұл дәлелдерді салмақтап қарауды мейілінше өтінемін, меніңше дәлелдер орынды»<sup>1</sup>.

1919 ж. 10 шілдеде, азамат соғысының қызған шағында Ленин РКФСР Совнаркомның қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-Революциялық Комитетті құру жөніндегі декретке қол қойды, оның қарауына Қазақстандағы жоғарғы әскери-азаматтық басшылық көшті. Қазақ Әскери-Революциялық Комитетінің құрамына С.С.Пестовский (бастығы), Ә.Әйтиев, Ә.Т.Жанкелдин, С.М.Мендешев, т.б. кірді.

«Қазақстан жерінің біртіндеп жаудан азат етілуіне сәйкес жұмыс істейтін Қырғыз (қазақ) әскери комиссариаты бөлім

<sup>1</sup>Ленин В.И. Толық шығармалар жинағы, 50-том, 380-381-беттер.



ретінде революциялық комитеттің қармағына көшті». 1919 ж. 5 сәуірде республиканың Революциялық-Әскери Кеңесінің № 617 бұйрығы бойынша қазақ әскери бөлімінің орнына әскери істер бойынша Орталық Қазақстан Комиссариаты құрылды.

Түркістан майданының бастығы М.Ф.Фрунзе және Түркістан майданы Революциялық-әскери Кеңесінің мүшесі Ш.Элиава бекіткен уақытша қарарда: 1. Әскери істер бойынша құрылған қазақ өлкелік комиссариатының алдында тұрған міндет – РКФСР-ге берілген еңбекші қазақ халқының өкілдерінен қызыл қазақ әскери бөлімдерін құру.

2. Әскери істер бойынша қазақ өлкелік комиссариаты барлық қазақтардың қай губернияда немесе қай облыста тұрғанына қарамастан, орталық әскери орган болып саналады.

Революциялық-әскери Кеңес оларға нұсқау береді, өзіне бағынатын мекемелердің, басқармалардың, бөлімшелердің құрылымы мен жұмыстарын бақылап, оларға басшылық жасайды.

Әскери істер жөніндегі қазақ өлкелік комиссариатын қазақ әскери комиссары басқарады. Ол әскери істер бойынша өлкелік қазақ комиссариатының жоғарғы әскери өкіметінің өкілі ретінде саналады. Әскери мекемелер барлық басқармалар, әскери бөлімдер жөніндегі армия командашысының құқықтарын қолдануға ерікті. Қазақ өлкелік комиссариаты қажетті жағдайда өз бетінше губерниялық комиссариаттар негізінде облыстық комиссариаттар ашу құқығына ие болады. Әскери істер бойынша облыстық немесе учаскелік комиссариатты ашуды, оның штаттары туралы мәселелерді өлкелік әскери кеңес шешеді.

3. Әскери істер бойынша Қазақ өлкелік комиссариатының жанындағы саяси бөлім, саяси округтер ережесі және штаты бойынша жұмыс істейді. Барлық басқарма, мекеме орындарда, әскери бөлімшелерде саяси және мәдени-ағарту жұмысын жүргізеді. Саяси қайраткерлер және маңызды мекемелердегі комиссарларға кандидатты Қазақ әскери комиссарына бекітуге ұсынады. 1919 ж. 10 шілдедегі Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы В.И. Ленин қол қойған РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің декреті бойынша «Елімізде әскери істер жөніндегі революциялық комитеттің ұйымдасуына байланысты, бұрын құрылған, әскери оперативтік жөнінен Бүкілресейлік Бас штабқа тікелей бағынатын және ол туралы республиканың Революциялық-Әскери Кеңесі 1919 ж. 3 сәуірде бекіткен ережеге сәйкес №101 бұйрығы бойынша

Қазақ әскери комиссариаты округтік құқықтарымен қысқартылған штатпен қайта құрылды».

1919 ж. қазанда Қазақ өлкелік комиссариаты Орынборға – қазақтың тұңғыш астанасына көшіріліп, өз жұмысын негізгі үш бағытта жүргізе бастады.

1. Комиссариатты және жергілікті өкіметті қайта құруда губерниялық құқығы бар бір облыстық комиссариат Астрахан губерниясы Орда қаласында және бас уездік Ақтөбеде, Темірде, Ырғызда, Торғайда, Астраханда және 13 учаскелік комиссариат қайта құрылды. (Болыстық және уездік комиссариаттар арасындағы аралық орган).

2. 18–40 жастағы қазақтардың санағы жүргізілді. Мысалы, 1919 ж. аяғында Ақтөбе комиссариатында 11460 адам есепке алынса, Темірде – 7387, Қазақ комиссариатында – 5690, Бөкейде 4057 адам алынды. Санақ алу жұмысы қазақтар қыстаудан көшіп келгеннен кейін көктемде өткізілді. Әскери міндетті адамдармен қоса, аттың, сондай-ақ түйенің саны да есепке алынды.

3. Әскери міндеттілердің және аттың санын алумен қатар, жаңа ұлттық бөлімшелерді толықтыру жұмысы да жүргізілді.

4. Санақтан кейін жалпы әскери дайындық ұйымдастыру керек болды. Әскери дайындықтан, – дейді өлкелік комиссар, – 1500000 қазақ және 500000 орыс, татар және басқа ұлттар өкілдері өтуге тиісті. Сонымен қатар өлкелік комиссардың міндетіне жұмысшы ротасы, азық-түлік жинау отрядтарын, ерекше отрядтарды және әр түрлі ұсақ командаларын құру, стратегиялық пункттерді, байланыс жолдарын және бекініс жүйелерін күзету жұмыстары кіреді. Оған тұрақты құқықты ұйымдастыру, телеграф, телефон байланысын дамыту, көлік және жалпы байланыс жолдарын жақсартуға белсене қатысу, сонымен қатар кең түрде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, үндеулер мен плакаттар шығаруды ұйымдастыру да кіреді. 1920 ж. 26 ақпанда қазақ халқына арналған комиссариаттың үндеуінде былай делінген: «Азаматтар! Қызыл Армия қатарына өз еріктеріңмен келіңдер, ат, қару алып, қызыл атты әскер бөліміне аттаныңдар. Қызыл Армия – еңбек армиясы, ол сендерді езгіден азат етеді, сонымен қатар империализм иттеріне ақыретті кебін әкеледі».

Әскери істер жөніндегі қазақ комиссарына Ырғыз уездік комиссары өзінің жазған баяндамасында қазақ кедейлерінің көңіл күйі туралы былай дейді:

«Уезде бұрын болып көрмеген малдың өлімі, әсіресе

кедейлердің жағдайына ауыр әсер тигізді, өйткені олар экономикалық жағынан әлсіз, өмірге нашар бейімделген. Осы себептер кедейлерді бүлінген шарушылықтан Қызыл Армия қатарына кетуге итермелейді. Қазақ тұрғындарының әскери қызметке көзқарасының өзгергеніне көз жұмып қарамай, бұл жағдайды жаңа әскери бөлімді ұйымдастыруда, сонымен қатар қараңғы көпшіліктің және қазақ жастарының арасында жан-жақты және кең коммунистік үгіт жүргізу үшін пайдаланып қалу керек».

Қазақ кедейлері ұлттық бөлімдерді құрудың сенімді негізі болды. Бірақ Қызыл Армияға жаппай кірудің басты себебі экономикалық қиыншылықтан шығу емес екенін атап айту керек. Қазақтардан әскери бөлім құру мақсатындағы ақ гвардияшылардың әрекеттері іске аспады. Мысалы, атаман Дутовтың бұйрығымен Жымпидағы көтерілістен кейін екі алаш полкі қарусыздандырылды. «Біз бұратана халықтар жағынан келетін соққылардан қорғанып тұрғанымыз жоқ, соның салдарынан, үлкен, жағымсыз жағдайлар тууы мүмкін екенін үнемі ескеру керек», – деп жазады Дутов.

1919 ж. жаздың аяғында Орал майданының бір бөлігі қазақ территориясына қарай ығысты. Осы кезден бастап майданнан қашу және ақ казактар арасында ыдырау күшейді. Енді Орал казак армиясының жоғарғы басшылығы өзіне кедергі жасап жүрген қазақ өкіметін көзіне ілмей, тікелей армияны қазақ территориясы тұрғындарының есебінен толтырмақ болды.

Генерал Толстов тіпті қазақ территориясында «Оралдың ар жағын тәртіпке келтіру үшін генерал-губернаторды» тағайындады. Осындай жағдайда Алашорда өкіметі Орал ревкомымен және Түркістан майданының 4-армиясының Революциялық-әскери Кеңесімен байланысып, қазақ территориясын ақ казактардан тазарту үшін көмек сұрады. Революциялық комитет «Даланы азат ету жоспарын майдан ескеріп отыр және ол тез арада іске асырылуы тиісті. Алашорда өкіметі өзінің бұрынғы майданға пайдалы жұмысын жалғастыруы керек, яғни ақ казактар армиясын қару-жарақпен қамтамасыз етуге бар күшімен кедергі жасауы керек», – деп жазды. Содан соң Алашорда өкіметі 1919 ж. 27 желтоқсанда ақ казактарға қарсы ашық күреске шығуды ұйғарды. Олардың жолы болып, ақ казак бөлімдері Түркістан майданына бағынатын болды.

1920 ж. 11 қаңтарда Алашорданың батыс бөлімі мен армияның және қазақ әскери революциялық комитеті өкілдерінің келісім протоколы жасалды:

1. Алаштың батыс бөлімі қазақ әскери революциялық комитетімен бірігеді, оған Алашорданың бүкіл мүлкі мен капиталы беріледі;

2. Алашорда мүшелерінің жеке басының қауіпсіздігі қорғалады;

3. Тұрақты алаштың қазақ әскери бөлімшелері уақытша Түркістан майданына бағынады. Ал тұрақты бағынуы туралы мәселені республиканың жоғарғы басшылары шешеді.

4. Болыстық және ауылдық жасақтар, тұрғын халық қарусыздандырылады, қару-жарақ уездік революциялық комитетке беріледі, т.с.с. Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті Президиумның шақыруы бойынша 5 адамнан құрылған Алашорда өкілдігі Мәскеуге аттанды.

Лениннің нұсқауы бойынша Антантаның екінші жорығы кезінде Түркістан майданының негізгі күштері мұнайлы аудандарды азат етуді көздейді. Майданды және тылды жанармаймен қамтамасыз ету қажеттігі Түркістан майданына ерекше жауапкершілік жүктеді. 1919 ж. сәуірде Ленин №1 армияның Революциялық-әскери Кеңесінің мүшесі К.А.Механошинге телеграмма жіберді. Мұндайда аса қажеттігін көрсете келіп, Орал өзенінің бойымен Гурьевті ақ гвардияшылдардан алуды талап етті.

Лениндік нұсқаулар Түркістан майданының жауынгерлік басты соққыларының негізгі бағыттарын белгілеп берді. 1919 ж. 26 қазанда Түркістан майданының қолбасшысы М.В. Фрунзе армия әскерлеріне ақ казактар армиясын толық жою туралы міндет қойды. 29 қазанда басталған 4-армияның шабуылы табысты болды. Генерал Толстовтың армиясы Кеңес әскерлерінің қатты соққысына шыдамай, Каспийдің жағалауына дейін ығысты. И.С.Кутяков басаған даңқты 25-Чапаев дивизиясы басты бағытта қимыл жасап, жаудың күшті қарсылығына қарамастан, ақ казактар полкін аямай талқандап, жаудың ізіне түсіп, қыр соңынан қалмай қуып отырды.

Толстовтың ақ казак армиясымен күресі кезінде Қазақ атты әскер бөлімдері батырлық пен ержүректігін көрсетті. Чапаевтың ізбасары 25-Чапаев дивизиясының командирі И.С.Кутяков мынаны еске алады: «Маған 25-Чапаев дивизиясының бүкіл атты әскерлерін, соның ішінде қазақ атты әскер бригадасын генерал Толстовтың соққысын әлсірету үшін Орал түбінен Жаңаөзен учаскесінде ауыстыруға тура келді. Біздің дивизияда қазақ бригадасынан басқа да 6 атты әскер полкі жинақталды. Бұл интернационалдық топты И.К.Бубенец басқарды».

Қарашаның орта шенінде 25-Чапаев дивизиясындағы қазақ бригадасы, сонымен бірге Бубенецтің атты әскер тобы ақ казактарды Гурьев пен Ембіге дейін қуып, генерал Толстов әскерінің бөлімдерін талқандады. Толстов Кеңестік командованиенің тізе бүгуі жөніндегі ұсынысынан бас тартып, 1920 ж. қаңтарда Гурьевтен өзінің бандаларының қалдығын Адай даласы арқылы Александров (Шевченко) портына нағыз өлімге алып барды. Алданған мыңдаған адамдардың өлімі адам айтқысыз қайғылы болды. Көбісі суықтан үсіп, сүзектен және басқа аурулардан өлді.

1920 ж. 5 қаңтарда Оралдың ақ казак армиясының соңғы тірегі – Гурьев қаласы құлады. Олардың ақ казак армиясы түгел жойылды, Түрікстан майданының әскерлері күші басым жауды жеңіп шықты.

1920 ж. 5 қаңтарда М. В. Фрунзе Ленинге жазған телеграммасында: «Орал майданы жойылды, бүгін таңсәріде Н. армиясының атты әскер бөлімі үш күн ішінде 150 шақырым жүріп өтіп, жаудың соңғы тірегі – Гурьевті алып, Каспийдің жағасына дейін жетті. Нақтылы жағдайлары анықталып жатыр. Қазақ даласының түпкірінде, Ойыл мен Калмыково аралығында Илецкінің корпус штабының бастығы тұтқынға алынды».

Осы бір тамаша жеңістер кезінде Қызыл Армия көп олжаға ие болды. Шамамен Самараны алған күннен Гурьевті алғанға дейін жаудың 150 000 адамы тұтқынға түсті, 600 пулемет, 150 зеңбірек, миллиондаған снарядтар, 100 000-нан астам винтовка, 6 аэроплан, көптеген қылыш, ер-тоқымдар, ондаған жеңіл және жүк таситын автомобильдер, паровоздар, вагондар және техникалық, санитарлық поездар, броневиктер, радиостанциялар, шаруашылық және қазына бөлімдері, мұнай қорлары қолға түсті. Қызыл әскерлер және командалық құрам тылдан өте ауыр қиыншылықпен жеткізетін азық-түліктің, жем-шөптің аздығына қарамастан, санитарлық жағдайға, сүзек ауруының таралуына, қаһарлы қысқа, қыстың суығына қарамастан, жауынгерлік тапсырмаларды абыроймен орын-дап, өздерін жақсы жағынан көрсете алды.

1919 ж. 19 тамызда Қызыл Армияның бөлімдері Қостанайды ақ гвардияшылдан азат етті.

1919 ж. 17 қазанда М.В.Фрунзе Революциялық-Әскери кеңестің мүшесі Ш.З. Элиавамен бірге әскери істер жөніндегі Қазақ өлкелік комиссариатына 5 жеке қазақ атты эскадронын құру жөніндегі бұйрыққа қол қойды. Оның ұйымдастырылатын орны Орынбор қаласы деп тағайындалды. Осы бұйрықтың негізінде Ақтөбе және Орынбор әскери

комиссариаты жергілікті қолда бар қорлар арқылы бір-бірден атты әскер полкін ұйымдастыра бастады. 1919 ж. 5 қарашада Қазақ өлкелік әскери комиссары Ырғызда және Ақтөбеде өз еркімен келген қазақтардан бір-бірден өз алдына бөлек атты эскадрон жасақтау жөніндегі №2 бұйрыққа қол қойды.

Қазақ өлкелік соғыс істері жөніндегі комиссариаттың 1919 ж. 13 қарашадағы №4 бұйрығында былай деп көрсетілген: «Бөкей облыстық әскери комиссариатқа, соның маңайында қалыптасқан бөлек атты әскер эскадрондарының екеуі Қазақ өлкелік әскери істер жөніндегі комиссариат қарамағына Орынбор қаласына жіберілсін. Эскадрондар әскери киім-мен, қару-жарақтармен қамтамасыз етілетін болсын, эскадрондармен бірге Бөкей облыстық әскери комиссариаты 1-үлгілі қазақ кеңес әскери полкінен қалған барлық әскери киім қорын, қару және басқа жарақтарды да сонда жіберсін. Өздеріңе 1 эскадронға жететіндей ғана қалдырылсын».

Түркістан майданы қолбасшыларының 1919 ж. 15 қарашадағы №60 телеграммасы бойынша қазақ комиссариатына 6 полктен тұратын атты әскери дивизиясын құру туралы тапсырма берілді.

Өзінің бұйрығында М.В.Фрунзе ең алдымен бір қазақ атты әскер бригадасын ұйымдастыруды талап етті, ол 1919 ж. 20 желтоқсанына дейін құрылып бітуге тиісті, ал 5 атты әскер эскадрондарын ұйымдастыру жөніндегі бұйрық, өзінің күшінде қалады деп көрсетті.

Түркістан майданының қолбасшысы М.В.Фрунзенің бұйрығын орындау үшін, әскери істер жөніндегі Қазақ өлкелік комиссариаты 1919 ж. 24 қарашада №9 бұйрығын шығарды, онда уездік әскери комиссарларға мынадай талап қойды: «... Осы телеграмманы орындауды Ақтөбелік әскери комиссарға бұйырамын: «Ақтөбе қаласындағы төрт эскадроннан тұратын 1 атты әскер полкін құруға тез арада кірісу керек. Қалада қажетті үйлер болмағандықтан, полк қалыптасатын жерде қажетті ас үй, ат қора қоймалар тез арада дайындалсын. 2-атты әскер полкінің қалыптасатын орнына Орынбор қаласы белгіленсін, ол жайында келесі бұйрықтарда қосымша көрсетіледі».

Бұйрық бойынша Торғай қаласындағы кавалериялық бригаданың басқармасы, 1-қазақ әскери полкі, 2-қазақ әскери полкі құрылды.

Түркістан майданы қолбасшысының жіберген телеграммасында (№59 бұйрық) дивизияны құру әзірше тоқтатылсын, бірақ комиссариаттың алдына бір атты әскер бригадасын,

бір қамал полкін, инженерлік батальон, байланыс ротасын, екі бөлек позициялық батарея және радиостанция құру міндеті қойылсын деп бұйырылды. Түркістан майданының қолбасшысы М.В.Фрунзенің №101 нұсқауы бойынша, бір атқыштар батальоны және Ақтөбе қорғаныс ауданына жататын ерекше эскадрон құрылды.

Әскери істер жөніндегі Қазақ өлкелік әскери комиссариатының 1919 ж. 22 желтоқсандағы №19 бұйрығында қалыптастырып жатқан эскадрондарға мынадай әскери нөмірлер берілген:

Орынбор қаласында – жеке қазақ эскадроны.

Орда қаласында –2,3,4 жеке қазақ эскадроны.

Ырғыз қаласында – 6 қазақ жеке эскадроны.

Астрахань қаласында – 7 қазақ жеке эскадроны.

Торғай қаласында – 8 қазақ жеке эскадроны.

1920 ж. 16 ақпанда әскери ішкі істер жөніндегі қазақ өлкелік комиссариатының №35 бұйрығы бойынша Қызыл Армияның қазақ ұлттық бөлімшелерінің атаулары өзгертілді.

1-қазақ атты әскер бригадасының басқармасы 1-қазақтың қамалдық атты әскер бригадасы деп аталды.

1-Ақтөбелік және 2 атты қазақ әскери полкі 1 және 2-қазақ революциялық қамалдық атты әскер полктері деп аталды.

2-Қостанай атқыштар полкі 1 қазақ революциялық қамалдық атқыштар полкі деп аталды.

Осыдан кейін бұйрықта алдағы уақытта атқыштар және атты әскер полктерін ұйымдастыру тоқтатылсын деп көрсетілді. Комиссариаттың барлық басқармаларына тез арада жоғарыда аталған бөлімдерге инженерлік, артиллериялық және әкімшілік-шаруашылық бөлімдер құруға қажетті заттармен қамтамасыз етуді сұрау бағытында шаралар қолдану ұсынылды.

Қазақтың өлкелік комиссариатының жазбаша баяндамасында 1919 ж. 1 наурызынан 1920 ж. 1 сәуіріне дейін құрылған жаңа бөлімдер туралы былай деп хабарланды: «Түркістан майданының командашысының 1919 ж. 15 қарашада берілген № 60 телеграммасында Қазақ өлкелік әскери комитетіне алты полктен тұратын бір атты әскер дивизиясын құру міндеті тапсырылды, оны орындау үшін мынадай бөлімдер құрылды: Торғай қаласында 1-Қазақ қамалдық атты әскер бригадасының басқармасы, Ақтөбе қаласында 1-Қазақ революциялық қамалдық атты әскер полкі, Торғай қаласында 2-Қазақ революциялық қамалдық атты әскер полкі құрылды. Бірақ Түркістан майданы командашысының

1920 ж. 28 қаңтардағы нөмірсіз хабарлаған және 1-Армияның осы жылғы 31 қаңтардағы №59 бұйрығы бойынша, бұдан кейін бөлімдер құру тоқтатылды, ал Қазақ өлкелік әскери комиссариатына бір ғана атты әскер бригадасын, бір қамал полкін, инженерлік батальон, байланыс ротасын, екі жеңіл жеке позициялық батарея және радиостанция ұйымдастыру міндеті тапсырылды делінген.

Түркістан майданының 1919 ж. 17 қазандағы №125 бұйрығы бойынша және 1919 ж. 11 желтоқсан да Түркістан майданы әкімшілік басшылығының №139 телеграммасы бойынша Қазақ өлкелік әскери комитеті уездік әскери комиссариаттар қызметіне және әр түрлі командировкалар үшін уезде 9 жеке қазақ эскадрондарын құруға рұқсат берілді. Осыны орындау үшін Орынбор қаласында 1-жеке қазақ эскадроны, Астрахань губерниясындағы Орда қаласында 2-3 және 4-жеке қазақ эскадрондары, Ақтөбе қаласында 5-жеке қазақ эскадроны, Ырғыз қаласында 6-жеке қазақ эскадроны, Астрахань қаласында 7-жеке қазақ эскадроны, Торғай қаласында 8-жеке қазақ эскадроны және Орал облысының Темір қаласында 19-жеке қазақ эскадроны жасақталды.

Айдауылдық және гарнизондық қызметтерді орындау үшін барлық Қазақ уездік әскери комиссариаттарында жергілікті қарауылдық роталар құру жөнінде Түркістан майданы штабынан рұқсат сұралған. Соған орай Түркістан майданы әкімшілік басқармасы басшысының 1919 ж. 15 желтоқсандағы №1448 телеграммасы бойынша мынадай роталар құрылды. Қазақ өлкелік әскери комиссариаты қарамағында 3 взводтан тұратын жергілікті қарауылдық рота (екі жарым айдан кейін ол үлкен нарядтарға байланысты 4 взвод болып қайта құрылды), Ақтөбе, Темір, Ырғыз, Торғай, Бөкей облысы және Волга-Каспий облысы әскери комиссариатына қарасты 3 взводтық қарауыл уездік роталары құрылды».

Қазақ өлкелік әскери комиссариатына қарасты байланыс командасы шартты түрде құрылды, ол үшін 1919 ж. 17 қарашада Түркістан майданы басшысынан рұқсат сұрап, №46 рапорт берілді және 16 қаңтарда №737 телеграмма бойынша «Әкімшілік рұқсат әлі алынған жоқ, бірақ аталған команданы қалыптастыру жөніндегі мәселе орталыққа бекітуге берілгені» хабарланды. Осы аталғандардан басқа Түркістан майданының қолбасшысы М.В.Фрунзе өз ұйғарымы бойынша Түркістан бағытындағы ерекше қазақ полкін құру жөнінде осы жылдың 6 ақпанында №30 бұйрық берді. Ұйымдастыру орнына Торғай қаласының жанындағы Батпаққара белгіленді.



Ұйымдастыру, жаттықтыру және басқа жұмыстарға бақылау жүргізу 1-Қазақ атты әскер бригадасының командиріне тапсырылды. 1919 ж. 18 қарашада Қазақ өлкелік әскери комиссариатының қарамағына 1-Ақтөбелік қамал атқыштар полкі деп аталған 2-Қостанай атқыштар полкі берілді.

Барлық ұйымдастыру жұмыстары өте ауыр жағдайда жүргізілді: командирлер құрамы, киім-кешек, жабдықтар, көлік жетпейтін және Торғай мен Орал облыстарының уездік қалаларының арасында байланыс өте қиын еді.

1920 ж. көктемінде Қазақ өлкелік әскери комиссариаты Ақтөбе бекініс ауданының маңайында ерекше тапсырмалар отрядының штабын ұйымдастыра бастады. Түркістан майданы қолбасшысының №101 телеграммасы бойынша атқыш батальон және эскадрон құрылды. Түркістан майданы қолбасшысы орынбасарының 1920 ж. 27 наурыздағы №1400 телеграммасы бойынша Қазақ өлкелік әскери комиссариаты атты әскер дивизионын құруға кірісті. Қорыта келгенде, 1920 ж. 15 сәуірінде қазақ әскери бөлімдерінде 3878 қызыл әскерлер, 196 командалық құрам бар болатын.

1920 ж. басында Қазақ территориясында негізінен соғыс қимылдары тоқтатылды. Генерал Беловтың оңтүстік армиясы қоршауға алынып, жойылды. Орал ақ казактары талқандалды. Енді қазақ өлкелік әскери комиссариаты Орынбор қаласында әскери бөлімдер құрумен қатар, әскери дайындықтан өткізу мәселесін де қолға алады.

Қазақ өлкелік әскери комиссариатының 1920 ж. 2 мамырдағы бұйрығында былай деп көрсетілген: «Осы жылдың 30 сәуірінде мен жалпы сапта тұрған 1-Қазақ жеке эскадронын тексердім. Эскадрон құрамы 4 взводтан 9 қатарға тұрғызылған. Жалпы сапқа тұру тәртібі жақсы, бірақ сапта тұру кезіндегі тәртібінде артық қозғалыстар байқалады, жігіттердің жеке дайындығына көңіл бөлу керек, сол үшін командалық құрам бірінші кезекте үйренуді мындан бастауы қажет: 1. Сапқа тұру жарғысын меңгеруге, әсіресе сапта тұруға және жүруге көңіл бөлу керек. 2. Қылышпен белгі беру және кернеймен дабыл беріп, эскадронды басқару әдісі үйретілуі керек, оған тез арада кіріскен жөн. Өйткені атты қатарда көбінесе бөлімшені басқару қылыш белгісімен және керней сазымен беріледі, өте сирек жағдайда дауыспен берілген команданы естімегенде сап ауысқан кезде, бір-біріне сөйлеу, сапқа тұру, сыбырлау болмауы керек.

Команданың құрамына эскадронды дайындаған еңбегі үшін алғыс айта отырып, тек командалық құрам ғана емес,

жігіттердің де нағыз кавалерист болам деген, бірақ оған әлі қолы жетпеген, жететін мақсатқа ұмтылғандарын көре отырып, лагерьлердегі эскадронды атты әскер өнеріне әбден жетілген кезінде көремін деген үмітім бар.

1-жеке қазақ эскадронына ерекше қатаң талап қойылады, өйткені бұл тек қазақтардан құрылған эскадрон болғандықтан, басқа атты бөлімшелерге үлгі болуы керек және эскадронның құрамына алдыңғы қатардағы өнері жетік атты әскер боламын деген жігіттердің көмегі тиіп отырған жағдайда жаттықтыру ісін жоғарғы дәрежеге көтеруге болады деп сенемін».

Қазақ өлкелік әскери комиссариатының 1920 ж. 19 қарашадағы №2 бұйрығы бойынша 2-қазақ жеке революциялық қамал әскери бригадасына жедел түрде 2-қазақ революциялық атты әскер полкінің қалдықтарын Шалқар станциясына жіберу бұйырылады, ол жерде осы соңғы бөлім «Түркістандық бағыттағы ерекше атты әскер полкі» деп аталсын делінген.

«2-революциялық Қазақ атты әскер полкінің командиріне 1920 ж. 30 маусымда оған сеніп тапсырылған полкімен бірге Торғай қаласына шығып, Ырғыз қаласы арқылы Шалқар станциясына 14 шілдеден қалмай жетсін, сол жерде Қазақ өлкелік әскери комиссариатының қарамағына кірсін» деген бұйрық берілді.

Қызыл Армияның қазақ ұлттық бөлімдері азамат соғысының және шетел әскери интервенциясының барлық кезеңдерінде де сенімді ақтады.

Сонымен, шетел әскери интервенциясы және азамат соғысы жылдарында, әскери бөлімдерді қалыптастыру жөніндегі қазақ бөлімі және әскери істер жөніндегі өлкелік комиссариаты Қызыл Армияның 33 ұлттық бөлімдерінен ұйымдастырды, оның ішінде 2 атты бригада, 4 атты әскер полкі, 1 атқыш полкі, 1 қамал полкі, 1 атты дивизион, 13 атты эскадрон, 1 атқыштар батальоны, 1 позициялық батарея, 8 күзетші рота, 1 пулеметтік взвод толық жауынгерлік дәрежеде жасақталды.

Қорыта келгенде, азамат соғысы мен шетел интервенциясы жылдарында Түркістан АКСР-і мен әскери істер жөніндегі қазақ өлкелік комиссариаты Қызыл Армияның қазақтардан 45 ұлттық бөлімдерін құрды, оның ішінде 4 атты әскер бригадасы, 7 атты әскер полктері, 4 жаяу әскер полктері, 2 атты әскер дивизионы, 17 атты әскер эскадроны, 1 атқыштар батальоны, 1 позициялық батарея, 8 күзетші рота, 1 пулеметтік взвод жасақталды.

1920 ж. 26 тамызда Қазақтың Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. Қазақ АКСР-ін құру туралы декретте былай деп көрсетілді: «Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі 1919 ж. 10 шілдедегі Совнаркомның №354 декретін дамыта отырып, мынадай қаулы қабылдайды:

1. Қазақ АКСР-і РКФСР-дің бір бөлігі ретінде құрылып, құрамына облыстар бұрынғы әкімшілік шекаралары бойынша кіргізілсін;

а) Семей облысы: Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы уездері;

ә) Ақмола облысы: Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавловск уездері және Омск уезінің бір бөлігін қосу.

Ескерту: Омск уезінің Қазақ және Сібір бөліктерінің шекарасын анықтау Қазақ ревкомы мен Сібір облыстық ревкомы келісіммен жүргізіледі;

б) Торғай облысы: Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз және Торғай уездері;

в) Орал облысы: Орал, Лбищенск, Темір, Гурьев уездері;

г) Закаспий облысының Маңғышлақ уезіне: сол облыстың Красноводск уезінің 4–5 Адай болысы кіреді.

Ал Сафронов, Ганюшкино, Николаев болыстары шаруашылық жағынан басқа барлық мәселеде Қазақ ревкомы қарамағында қалады. Астрахань атқару комитеті жанынан Казревкоммен бірлесе отырып, халқы аралас тұрғындары бар облыстар мәселесін реттейтін комиссия құрылсын.

2. Қазіргі Түркістан Республикасына қарайтын қазақ территориясының Қазақ Республикасы құрамына енуі халықтың қалауына байланысты.

3. Қазақ АКСР-і басқару органдары жергілікті Кеңестер, ЦИК, Халық Комиссарлар Кеңесі болады.

4. КССР істерін басқару үшін халық комиссариаттары құрылды (барлық саны 12).

5. Әскери аппаратты басқару үшін Қазақ әскери комиссариаты құрылды, ол Завольже әскери округіне бағынды.

6. РКФС-дің барлық аймақтарында қаржы және шаруашылық саясатын біркелкі сақтау мақсатымен азық-түлік, қаржы, жұмысшы-шаруа инспекциясы, сонымен бірге Халық Шаруашылығы Кеңесі мен почта, телеграф мекемелері, Қазақ санақ бюросы, Каз ЧК, НКТ және НКПС тікелей РКФСР Халық Комиссариаттары қарауында қалады.

Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін 1920 ж. қазанда болған Құрылтай съезінде республиканың әскери-әкімшілік ап-

параттарын басқару үшін Қазақ өлкелік әскери комиссариаты құрылды.

1920 ж. 4 қазанда Қазақ АКСР-інің жоғарғы органы – Кеңестердің I съезінде қабылданған қазақ еңбекшілерінің құқықтары Декларациясында революцияны қарумен қорғау құрметті құқығы және соған сәйкес әскери дайындықтан өту тек қана еңбекшілерге беріледі делінген.

Қазақстанда жасақталған Қызыл Армия бөлімдері, құрамалары тәртіптің, жергілікті халықтың әдет-ғұрпына ықыласпен және ұқыптылықпен қараудың үлгісін көрсетті, сонымен бірге үзбей жүргізілген саяси-ағарту жұмыстары және қызыл әскер самьяларына берілген көмектер – осының барлығы қазақ халқының ертеден келе жатқан әскерге деген көзқарасының өзгеруіне әсер етті.

### **§3. ҚАЗАҚТЫҢ 48-ҰЛТТЫҚ АТТЫ ӘСКЕР ПОЛКІ (1925–1938 жж.)**

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін кеңес халқы бейбіт құрылысқа кірісті. Кеңес Армиясының сандық құрамы қысқартылып, ұлттық бөлімдер таратылды. 1924 ж. аяғында Революциялық-Әскери Кеңестің кеңесі ұлттық бөлімдер мен құрамаларды құрудың жоспарын бекітті, бұл жоспарда Өзбек КСР-і, Түркімен КСР-і, Закавказье Кеңестік Федеративтік Республикасы, Тәжік, Қырғыз, Бурят-Монғол, Якут, Татар және Башқұрт АКСР-лерінде және т.б. жерлердегі ұлттық әскери бөлімдері мен құрамаларды кеңейту мәселесі қаралған еді.

1925 ж. мамырда болған КСРО Кеңестерінің III съезі Революциялық-әскери Кеңестің Қызыл Армияның ұлттық құрылымдары саласындағы жұмысын мақұлдап, Бүкіл-одақтық Орталық Атқару комитетіне және КСРО Халық Комиссарлар Кеңесіне «Социалистік Отанды қорғау ісінде Кеңес Одағының барлық халықтарының мүдделеріне сәйкес ұлттық құрамалардың белгіленген жоспарын орындауды қамтамасыз етуді тапсырды. Съезд шешімдерінде жаңадан құрылған бөлімдер өзінің жауынгерлік қабілеті жөнінен жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының бұрыннан бар бөлімдерінен артта қалмау үшін ұлттық бөлімдерді құру жоспарын бірте-бірте іске асыру қажет екеніне назар аударды.

1925 ж. қазанда Қазақ АКСР-і әскери комиссариатының №127/3 бұйрығы бойынша Қызылорда қаласында атты

әскердің кіші командирлік құрамын дайындайтын казак ұлттық әскери мектебі құрылды. 1927 ж. қазанда бұл мектеп М.В.Фрунзе атындағы жеке казак ұлттық атты әскер дивизионы болып қайта құрылды. Дивизионның командалық-саяси құрамында мына жолдастар болды: дивизион командирі – Тройцкий Александр; комиссары – Қаратаев Шәміл; қылышты эскадрон командирі – Ақаев Абдулла; дивизион әскери мектебінің бастығы – Нұрбеков Әшім; дивизионның саяси жетекшілері – Әзмұхамбетов Әбілқайыр мен Мәжитов Хамит.

1928 ж. үкіметтің Қазақстан астанасын Қызылордадан Алматыға көшіру туралы шешіміне байланысты мамырда дивизион жорық сапында Қызылорда, Жаңақорған, Түркістан, Темірлановка, Шымкент, Түлкібас, Жамбыл, Луговой, Мерке маршрутымен Алматыға аттандырылды. 1928 ж. шілденің аяғында дивизион толық құрамымен Алматы қаласына жетті.

КСРО Революциялық-Әскери Кеңесінің 1930 ж. №199 бұйрығы бойынша 1931 ж. қаңтарынан бастап дивизион жеке казак территориялық атты әскер полкі болып қайта құрылды. Полкте төрт қылышты эскадрон, бір пулемет эскадроны, кіші командалық құрам дайындайтын полк мектебі, байланыс эскадроны (жарты эскадрон), жеке химиялық взвод, жеке саперлер взводы, жеке трубочистер взводы, қылышты эскадрондарының әрқайсысы мен пулемет эскадроны 4 взводтан тұрды, әр взводта 30-40 адам болды.

Полктің қару-жарағы: үш сызықты орыс винтовкасы, қылыш, Максимнің станокты пулеметі, Дегтеревтің қол пулеметі, револьвер, ТТ пистолеті. Полкті қару-жарақпен және көлік жабдықтарымен Орта Азия әскери округі қамтамасыз етіп отырды.

Полк негізінен жергілікті халықтан (қазақтардан) толықтырылып отырды. Полктің жеке құрамының шамамен 90 пайызы жергілікті халық өкілі болды. Полк территориялық сипатта еді, сондықтан полкті толықтырушылар Алматы, Семей облыстарының еңбеккерлері болды.

Бұл полктің командирі азамат соғысына қатысқан Ә.Жангелдиннің досы Төлесін Әлиев, комиссары Катков, штаб бастығы Никифоров, Борисов болды. Кейіннен полк командирі Александр Лучинский, комиссарлары Истамбеков, Омельченко, соңғы жылдарда Нұрхан Мусин тағайындалды. Штаб бастығының көмекшілері Байке Тыштыбаев, Орынтай Саурықов, Хұсайын Мендіғалиев, Кәрім Әсенов, Янышев

болды. Полк клубының меңгерушілері Сатыбалдиев пен Мырза Жанков болды. Полк үгітшісі Сатыбаев Фазыл, полк командирінің көмекшілері Ганженко, Озимин, Бейсенбаев Сейітқали болды. Партия ұйымының хатшылары Жангудинов, Бекбаев, Баймолдин, Есқайыр Қожахметов болды. Полк дәрігерлері болып Арганчеев Шәміл, Макиров Қуаныш, Губанов, Иван Транклеветский қызмет істеді. Комсомол ұйымының хатшылары Жетпісбаев, Тұрсынов, Ибраев болды. Олардың ішінде Балтабек Жетпісбаев ерекше көзге түсті, ол жауынгерлік және оқу жаттығуларында басқаларға айтарлықтай үлгі болды.

1937–1938 жылдарда полк үкіметтің тапсырмасымен Синцзянь провинсиясына жіберілді. Бұл кезде полк командирі Александр Лучинский, комиссары Нұрхан Мусин, штаб бастығы Борисов, штаб бастығының көмекшісі Орынтай Саурықов, партия ұйымының хатшысы Әбілқайыр Баймолдин, полк санитарлық комитетінің бастығы Шәміл Арганчеев, оның орынбасары Қуаныш Макиров болды.

Полк Қытайда бір жылға жуық болып, өзінің интернационалистік борышын өтеді де, Алматыға оралды.

1938 ж. 8 наурыздағы мәлімет бойынша қазақ атты әскер полкінің сан құрамы мынадай болды. Тізім бойынша саны – 60 командир, 573 қызыл әскер, қазақтар саны – 415.

1930 ж. аяғына қарай Қызыл Армияның жауынгерлік қуаты өсті, қару-жарақтың саны өсіп, сапасы жақсарды, ұйымдық құрылымы мен жауынгерлік дайындығы әжептәуір жақсарды, Қызыл Армия жабдықтаудың территориялық жүйесінен экстерриториялық, кадрлық жүйесіне толық көшті. Ұлттық құрылымдар өз территориясына бекітілген еді. Бұл жауынгерлер мен бөлімдердің әртүрлі табиғат жағдайлары мен жауынгерлік жағдайда соғыс әрекеттерін жүргізуге дайын болуына кедергі келтірді.

Ұлттық бөлімдерде әскери істі оқып-үйрену, басқару жұмыстары ұлттық тілде жүргізілді. Сонымен қатар қызыл әскерлердің командалық бұйрықтарды орыс тілінде үйрену ісі де жүргізілді. Мұның бәрі жауынгерлерді үйрету және тәрбиелеу процесін күрделендіріп жіберді және ұлттық құрылымдар тілдерінде жарғылар мен ережелер жасауды қиындатты.

Қару-жарақ және басқа жауынгерлік техниканың күрделенуіне байланысты жеке құрамды жауынгерлік дайындықтан өткізудің маңызды шарттарының бірі әскери оқуды бір ғана жалпы ұлттық тілде өткізу қажет болды. Орыс емес ұлттар

халықтарының орыс тілін меңгеруін заман талап етті, бұған көп ұлтты Кеңес Қарулы Күштерін одан әрі нығайту ісі де мүдделі еді. Ұлттық бөлімдерде офицерлер құрамының қызмет бабында өсуі тек полк, дивизия шегінде ғана еді, бұған командалық-басқару құрамындағылар наразы болды. Жоғарыдағы жағдайларға байланысты ВКП (б) Орталық Комитеті және КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі 1938 ж. 7 наурызда «Жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының ұлттық құрылымдары мен бөлімдері туралы» қаулы қабылдады.

1938 ж. маусымда полк Алматыдан Өзбекстанның Қатта-Курган қаласына көшірілді де, сол жерде таратылды. Командирлер мен комиссарларды Батыс Украина және Солтүстік Кавказ әскери округтеріне жіберді, ал кіші командирлер мен солдаттарды эшалондармен Қиыр Шығысқа аттандырды.

*VII тарау*  
**ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТА  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰРАМАЛАРДЫҢ ЖЕҢІС-  
ПЕН ӨТКЕН ЖОЛДАРЫ**  
**(1941–1945 жж.)**

**§1. ЖОРЫҚ ЖОЛЫН МӘСКЕУДЕН БАСТАҒАН  
ҚҰРАМАЛАР**

Қазақстандықтар өз Отанының қаһармандық жолын заңды мақтаныш етеді. Өткен сұрапыл соғыс жылдарында Қазақстан еңбекшілері жеңіске үлкен үлес қосты. Қазақстанда Қызыл Армияның ірі құрамалары Алматы, Жамбыл, Ақтөбе, Ақмола, Петропавл, Семей және басқа қалаларда жасақталды. Олардың арасында 238, 316-дивизиялармен қатар, 310, 312, 314, 387, 391-атқыштар дивизиясы болды. 1941 жылдың аяғына дейін тағы бір дивизия және үш бригада— 74, 75-теңіздік атқыштар және 39-курсанттық атқыштар бригадалары құрылды. Бұл құрамалар соғыс басталысымен іле-шала жасақталып, жедел әскери дайындықтан өтіп, майданға жөнелтілген қазақстандық дивизиялардың алғашқы тобына жатады.

1942 жылдың бас кезінде Қазақстаннан майданға 3 атқыштар және бір атты әскер дивизиясы, бір атқыштар бригадасы аттандырылды. Олардың ішінде 8-атқыштар дивизиясы (Семейде құрылған), 29-атқыштар дивизиясы (Ақмолада құрылған), 38-атқыштар дивизиясы (Алматыда құрылған) және 152-атқыштар бригадасы (Оралда жасақталған), 81-атты әскер дивизиясы (Жамбылда құрылған) болды<sup>1</sup>.

Қазақстандық әскери құрамалар жұмысшылардан (40 пайыздайы), қолхозшылардан (50 пайыздайы) және зиялылардан (10 пайызы) жасақталды. Дивизиялар құрамына: 3-4 атқыштар, бір артиллерия полкі, жеке танк жойғыш дивизион, миномет, сапер, байланыс, дәрігерлік-санитарлық батальондар, зениттік-артиллериялық батарея, барлау ротасы, авторота, химиялық қорғаныс ротасы, т.б. бөлімдер біріктірілді.

1941 ж. 13 қарашадағы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің алғашқы жоспары бойынша, Қазақстан аумағында республика ресурстарынан 5 атты әскер, 4 ұлттық атқыштар дивизиясы және 4 жекелеген ұлттық атқыштар бригадасы құрылуы тиіс

<sup>1</sup>Казakhstan в Великой Отечественной войне. Вып., 1, Алма-Ата, 1968, с. 33, 76.



еді, бірақ бұл жоспар көптеген себептерге байланысты орындалмады. Тек ұлттық 100, 101-атқыштар бригадалары, 105, 106, 96-атты әскер дивизиялары құрылды<sup>1</sup>.

Атқыштар бригадасындағы адам саны 4365-дан 6000-ға дейін жетті. Онда 3—4 атқыштар батальоны, артиллерия және миномет дивизиондары мен басқа да бөлімдері болды.

Соғыстың алғашқы кезеңінде Қазақстанда барлығы 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада жасақталып, майданға аттандырылды. Бұдан кейінірек 6 артиллериялық және авиация полкі, 12 құрылыс, 2 автобатальон, 7 автоматшылар батальоны құрылды. Осы кезеңде соғысып жатқан армияға толықтыру ретінде тылдағы он мыңдаған қазақстандық барып қосылды<sup>2</sup>. Қазақстан аумағында жасақталған дивизиялар Ұлы Отан соғысының алғашқы қиын кезеңінде ерлікпен шайқасып, Кеңес Қарулы Күштерінің мақтанышына айналды. Олардың мұнан кейінгі ерлікке толы жауынгерлік жолы да Ұлы Отан соғысы тарихынан лайықты орын алды.

Қазақстан еңбекшілерінің майдандағы ерлігі халықаралық құрметке де ие болды. Ағылшын тарихшысы А.Верт былай деп жазды: «Қызыл Армияның табанды жауынгерлерінің бірі қазақтар еді, соғыстың барысында қазақтар өздерін ең жақсы жақтарынан көрсетіп отырды. Ал Сталинградта үздік жауынгерлер қатарында Орта Азия халықтарының өкілдері—қырғыз, қазақ және башқұрттар болды»<sup>3</sup>.

Қазақстанда құрылған әскери құрамалар мен бөлімдер тамаша ерлік үлгісін көрсетті. Олардың бесеуіне гвардиялық дивизия деген құрметті атақ берілді. Бұлар 8-Панфилов атындағы, 72, 73-сталинградтық, 30, 27-гвардиялық дивизиялар еді. Соғыстың басынан аяғына дейін қазақстандық 9 дивизия өзгермей сақталды: 314, 310, 316 (8-гвардиялық атқыштар), 238 (30-гвардиялық атқыштар), 391, 387, 8, 29 (72-гвардиялық атқыштар), 38 (73-гвардиялық атқыштар) дивизиялар. Бұл құрамалар Мәскеуді, Ленинградты, Сталинградты қорғауда, Курск шайқасында, Украинаның оң жағалауын, Қырым мен Карпатты азат ету жолындағы шайқастарда өздерін өшпес даңққа бөледі. Украинаны азат ету кезіндегі жауынгерлік тапсырманы үлгілі орындағаны үшін

<sup>1</sup>Кашкенбаев З.Ш. Военно-организаторская работа Компартии республик Средней Азии и Казахстана в годы Великой Отечественной войны. Алма-Ата, 1970, с. 228.

<sup>2</sup>Дружбой великой сильны. Алма-Ата, 1972, с. 308-309.

<sup>3</sup>Верт А. Россия в войне 1941-1945 годов. М., 1967, с. 415.

72-гвардиялық дивизия Қызыл ту орденімен наградталды, оған «Красноград дивизиясы» құрметті атағы берілді. 118-дивизия «Мелитополь дивизиясы», 27-гвардиялық дивизия «Новобуг дивизиясы» және Қызыл тулы дивизия болды. 387-атқыштар дивизиясы Қырымды азат ету жолындағы шайқастарда «Перекоп дивизиясы», 8-атқыштар дивизиясы «Ямполь дивизиясы» және осы дивизияның екі полкі – 15-атқыштар және 62-артиллерия полкі «Карпат полкі» болып аталды, ал 229 және 310-атқыштар полкі – бірі III дәрежелі Суворов орденімен, екіншісі III дәрежелі Кутузов орденімен наградталды. Жоғарғы Бас Қолбасшысының бұйрығымен оларға бірнеше мәрте алғыс жарияланды, қаһарман кеңес жауынгерлерінің ерлігі бірнеше рет салютпен атап өтілді.

Соғыстың қарсаңында Гитлер былай деп сандырақтағанды: «Немістен басқа бірде-біреудің қару ұстауына ешқашан жол беруге болмайды... Славянин де, чех та, қазақ та, украин да емес, тек неміс қана қару ұстауға құқықты»<sup>1</sup>. Бұл сөздердің ғұмыры ұзаққа бармады. Өмір шындығы оның жалғандығын тағы да дәлелдеді. Қазақстанда соғыс жағдайының барлық талаптарына жауап беретіндей қуатты құрамалар жасақталды. 1941 ж. аяғы мен 1942 ж. бас кезінде мұнда 100 және 101-дербес ұлттық атқыштар бригадалары, үш атты әскер дивизиясы құрылды.

Бұл жылдары Қазақстанда барлығы 20-дан астам атқыштар және атты әскер дивизиясы мен бригадасы, бірнеше артиллерия және авиация полкі, алуан түрлі әскер түрлерінің ондағын батальоны жасақталып, майданға аттанды.

КСРО-ға қарсы соғыс жоспарын жасағанда фашистік Германияның стратегтері Кеңес Одағының астанасын басып алуға бірінші дәрежелі мән берді. «Бұл қаланы басып алу, – деп атап көрсетілді «Барбаросса» жоспарында, – саяси жағынан да шешуші табыс деген сөз»<sup>2</sup>.

Мәскеуді неғұрлым тез арада басып алуды Гитлер соғыстағы жеңістің кілті деп білді. Міне, сондықтан да Мәскеуге қарай вермахтың ең негізгі күштері бағытталды. Осылайша, фашистердің өз құрамына көптеген танктері мен ұшақтары бар неғұрлым күшті тобы Мәскеу бағытына жіберілді. Ол үшін барлығы 74-тен астам дивизия, оның ішінде 22 танк және моторлы дивизиялар шоғырландырылды, мұның өзі жаудың кеңес-герман майданындағы барлық күштерінің

<sup>1</sup>«Социалистік Қазақстан», 1985 ж. 8 мамыр.

<sup>2</sup>Великая Отечественная война Советского Союза (1941-1945). Краткая история. М., 1984, с. 31.

жартысына жуық еді<sup>1</sup>. Мәскеу шайқасы төрт айға жуық уақытқа созылды. Оған фашистердің ең таңдаулы және адам саны көп, қару жағынан жетілдірілген «Орталық» армия тобы қатынасты. 1941 ж. желтоқсан айының басында «Орталық» армия тобының адам саны 1708 мың, зеңбірегі мен минометі 13 500, танкісі 1170, самолеті 615 болды. Осы кездегі Мәскеуді қорғаушылардың саны 1110 мың, олардағы зеңбірек пен миномет 7652, танк 774, самолет 1 мың еді<sup>2</sup>.

Жауынгерлік іс-қималдың сипаты жағынан Мәскеу шайқасы екі кезеңге – қорғаныс және қарсы шабуылға шығу кезеңіне бөлінді. КСРО үшін ерекше қиын, тиімсіз стратегиялық жағдайда өткен оның бірінші кезеңінің «көзді ашып-жұмғанша бітетін соғыс» жоспарын іске асырмай тастауда, кеңес әскерлерінің қарсы шабуылға шығуы және неміс-фашист әскерлерін Мәскеу түбінде талқандау үшін зор маңызы болды.

Соғыс кеңес елі аумағында ересен күшпен қазандай қайнап жатқан және ол барған сайын жаңа аудандар мен облыстарды қамтып отырған жағдайда жауды тоқтату, оның Мәскеуге баратын жолына тосқауыл қою төтенше қиын міндет еді.

1941 жылдың қазан-қараша айларында-ақ Мәскеу майдан шебіндегі қалаға айналды.

Мәскеу түбегіндегі ұрыста орыстармен бірге еліміздің көптеген ұлттарының жауынгерлері де ержүректікпен шайқасты. Бұл ұрысқа соғыстың барысында одақтас республикаларда құрылған әскери бөлімдердің қосқан үлесі зор болды. Мәскеу маңында қорғаныс және қарсы шабуылға шығу кезінде Қызыл Армияның басқа құрамаларымен бірге қазақстандық 312, 316, 391, 387, 238-атқыштар дивизиялары, 74 және 75-теңіздік, 151, 100, 101-атқыштар бригадалары ерлікпен шайқасты.

Бұл дивизия мен бригадалар Мәскеуді қорғаудағы ерліктері арқылы тарих беттеріне өздерінің өшпес есімдерін жазды. Қазақстандық жауынгерлер мен офицерлер өздерінің әскери міндеттері мен анттарын абыроймен орындап шықты.

Енді Мәскеуді қорғасқан әр дивизияның, бригаданың жорық жолдарына тоқталайық.

### **1) 316-атқыштар дивизиясы**

316-атқыштар дивизиясы 1941 жылғы шілде айында ал-

<sup>1</sup>Қараңыз: Великая Отечественная война 1941–1945. Энциклопедия. М., 1985, 465-бет.

<sup>2</sup>Сонда, 465-бет.

ғашқылардың бірі болып Алматыда жасақталған еді. Бұл құрама Мәскеуді қорғауда бес фашистік дивизияға қарсы тұрды, одан соң Калинин облысындағы ұрыстарда да, Новгородтағы, Холм қаласы түбіндегі қанды шайқастарда да, Риганы азат етуде де, фашистердің Курляндия тобын талқандауда да гвардиялық жауынгерлік туды абыроймен алып жүрді.

316-атқыштар дивизиясының құрамы Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының, ішінара Қырғызстанның еңбекшілерінен жасақталды. Дивизия командирі болып Азамат соғысына қатысушы, аты аңызға айналған 25-Чапаев дивизиясының қатарында шайқасқан генерал-майор И.В. Панфилов тағайындалды. Дивизияның бөлімдері Алматы қаласы мен оның маңындағы жерлерде қысқа мерзімді әскери дайындықтан өткеннен кейін, 18 тамызда майданға аттанды<sup>1</sup>. Дивизияны майданға шығарып салуға жиналған жауынгерлер мен офицерлердің туған-туыстары мен достары оларға: «Жауға мейірімсіз болыңдар, жан аямай соғысып, жеңіспен оралыңдар!» деген аманат тапсырды.

«316-атқыштар дивизиясы алғашқыда солтүстік-батыс бағытта жөнелтіліп, кейіннен оны командование Мәскеу түбінде қалыптасқан қиын жағдайға байланысты астананы қорғауға жіберді. Қазан айында дивизия Волоколамск бағытын қорғаған 16-армияның құрамына қосылып, өзіне белгіленген Тарутино – Новинка – Бухлово – Козлово – Клетки – Прозорово – Болычево совхозы бойындағы 44 километрлік қорғаныс шебіне келіп орналасты»<sup>2</sup>.

1941 ж. 16 қазан күні Мәскеу түбінде қазақстандық жауынгерлер мен командирлер асқан ерлік көрсетті.

Бұл күні 1075-полктің бір батальонының штабы орналасқан Федосьенко деревнясына неміс полктерінің үлкен тобы келіп кірді. Полктің штаб бастығы капитан И.М.Манаенко қорғанысты ұйымдастырып, өршелене алға ұмтылған жауға қарсы ұрыс ашты. И.М.Манаенко гранатамен жаудың екі танкісін қиратты және жетпістен аса басқыншылардың көзін жойды. Ұрыста капитан И.М.Манаенко қаза тапты. Осы шайқастағы ерлігі мен табандылығы үшін ол Ленин орденімен наградталды. Сол күні 16-армияның сол қанатының қорғаныс шебіне гитлершілердің шабуылы басталған кезде, аға лейтенант, И.И.Райкиннің батальоны бірінші болып

<sup>1</sup>Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.), Алматы, 1985, 57-бет.

<sup>2</sup>Қазақстан в Великой Отечественной войне. Вып. 1, с. 11.

ұрысқа кірісті. Батальонға қарсы жаудың 40 танкісі бетпесте келе жатты. Бұл танктерді жауынгер Тілеуқабылов қарсы алды. Ол екі гранатаны қоса лақтырып, бірінші танкті жарып жіберді. Жанармай құйылған бөтелкені лақтырып, екінші танкті де өртеді. Ержүрек жауынгерге қарай үшінші танк келе жатты, ол ең соңғы байлаулы гранатасын әлгі танктің астына қарай лақтырып, шынжыр табанын қиратты. Бірақ жау өршелене алға ұмтылумен болды. Батальондағы адам да сирей берді, батальонның командирі И.И.Райкин ерлікпен қаза тапты. Генерал Панфиловтың бұйрығы бойынша, резервтегі батальон ұрысқа кірді. Дұшпанның танктері мен жасаған шабуылдарын ерлікпен тойтара отырып, батальон бір тәулік бойы дерлік өздерінің шебін ұстап тұрды. Осы 16 қазандағы ұрыста ғана дивизия жаудың 17 танкісін жойды.

Үш күннен кейін Осташево деревнясында 1075-полктің бірінші батальоны немістердің танк полкі мен атқыштар дивизияларына қарсы қызу ұрыс жүргізді. Батальон 18-25 қазан аралығында фашистерге тегеурінді тойтарыс берді. Оларға 1075-полктің 9-атқыштар ротасы көмекке келді. Осташевоға кірген 9-атқыштар ротасы жаудың жеті танкісін және көптеген атқыштарын жойып жіберді. Ротаның тірі қалған жауынгерлері Осташевоның солтүстік шетіне жиналды, бірақ бұлардың арасында рота командирі лейтенант Каюм Карипов жоқ еді. Ол жауынгерлерді шабуылға көтеру кезінде қаза тапты. Осташево ауданында немістер 40 танкісі мен 5 ұшағынан айырылды<sup>1</sup>.

Осташево қорғанысын басқарған 1-батальонның командирі, капитан Лысенко қаза тапты. Ол Ленин орденімен наградталды. Осташево түбіндегі ұрыста батальон комиссары Анашкин, миномет ротасының командирі Фролов, батальон командирінің орынбасары Прохоров көз жұмды.

26 қазан күні таңертең жау әскерінің жаңа шабуылы Волоколамск қаласына бағытталды. Авиацияның, танкінің қолдауымен жау әскері дивизияның қорғаныс шебіне кірді, бірақ 1073-атқыштар полкінің қарсы шабуылы жауды кері шегіндірді. 27 қазанда жау авиациясы 316-дивизияның қорғаныс шебін 3 сағат бойы бомбалағаннан кейін, немістер 4 полкімен және көптеген танк күшімен Волоколамскке кірді. Дивизия Ивановск, Порохово елді мекендерін қалдыруға мәжбүр болды.

Петелино деревнясы түбінде 1077-атқыштар полкі 6-ротасының саяси жетекшісі П.Б.Вихрев бастаған 14 жауынгер

<sup>1</sup>Казахстан в Великой Отечественной войне. Вып. 1, с. 14.

немістің бес танкісі мен бір взвод әскерін жойып жіберді.

Саяси жетекші жалғыз қалса да, шептен кетпей, гранатамен жаудың тағы екі танкін жойып, тұтқынға түспеу үшін соңғы патронын өзіне жұмсады. П.Б.Вихревке қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді<sup>1</sup>.

Сол күні Страково деревнясы түбінде 1077-атқыштар полкінің кіші лейтенанты П.И.Фиростов пен саяси жетекші А.М.Павлов бастаған саперлер мәңгі өшпес ерлік жасады. Батырлар бес сағат бойы жаудың жиырма танкі мен көптеген жаяу әскерлерін ілгері бастырмай қойды. Он бір патриот әскер өз бөлімінің жаңа шепке шегініп орналасуын қамтамасыз етті. Олардың бәрі де Ленин орденімен наградталды.

Мәскеу түбіндегі ұрыстарда батальон командирі аға лейтенант Б.Момышұлының әскери шеберлігі айқын көрінді. Горюны, Покровское деревняларында және Матренино станциясында тіректі пункттерге орналасқан атқыштар батальоны мен 1-гвардиялық танк бригадасының алты танкі, екі артиллерия батареясы, пулеметшілер ротасы және саперлер взводомен күшейтілген Момышұлының батальоны төрт тәулік бойы өз позицияларын ұстап тұрып, дивизияның жаңа шепке ауысып, ұрысқа даярлануына көмектесті. Волоколам тас жолындағы ұрыстан кейін көп кешікпей аға лейтенант Б.Момышұлы полк командирі болып тағайындалды<sup>2</sup>. Бұл позициядағы дивизия жауынгерлерінің көрсеткен ерліктері, жұмсаған күш-жігері жайлы армияның әскери кеңесі: «1941 ж. 20-27 қазан аралығындағы ұрыс кезінде 316-дивизия жаудың 3 жаяу әскер және бір танк дивизиясымен шайқасты, бірде-бір жауынгер жау танкісінен сескеніп, кейін шегінбеді. Дивизияның құрамындағы жеке бөлімдер ожеттікпен шайқасты. Қолдарында жанғыш бөтелкелері бар әр жауынгер танктерді жойды. Осы шабуылдарда дивизия көптеген қаруластарынан айырылды»<sup>3</sup>, – деп көрсетті.

15 қарашада гитлершілер Мәскеуге «шешуші» шабуылын бастады. Жау астананың солтүстік батыс жағындағы негізгі соққысын тағы да 316-дивизия мен оның көршілері тұрған төңіректен бастады. Неміс әскерлерінің Мәскеуге жасаған екінші шабуылының кезінде, 316-дивизия бөлімдеріне қарсы, немістердің артиллериямен және авиациямен күшейтілген 2 және 6 танк дивизиясы, 35 және 106-жаяу әскер дивизиялары

<sup>1</sup>Қараңыз: Қазақстандық Совет Одағының батырлары, 2-том, 177-бст.

<sup>2</sup>Кузнецов А.И. Генералы не умирают. А-Ата, 1963, с. 99.

<sup>3</sup>Коммунистическая партия в период Великой Отечественной войны. М., 1960, с. 205.

жинақталған болатын. Фашист басқыншылары Волоколамск түбінде қорғаныс шебін бұзып өтуге тырысты<sup>1</sup>.

Әуеден фашист ұшақтары қайта-қайта шабуыл жасап, жарылған бомба мен снарядтан жердің астаң-кестеңі шықты. Осындай аласапыран кезде жаудың танктері мен жаяу әскерлер дивизияның шебіне қарай өршелене ұмтылды.

Осы дивизияның 1075-полкіндегі 4-ротаның жиырма сегіз панфиловшысының Дубосеково разьезі түбіндегі шайқа-сы бүкіл әлемге мәлім. Алдымен таңертең елең-алаңда жау оларды авиация және артиллерия соққысының астына алды, содан соң фашистердің жаяу әскері шабуылға шыққан кезде жауынгерлер оларды 150 метрге дейін жақынға келтіріп алып, пулемет пен мылтықтан оқ боратып, көбін жер жастандырды.

20 танкіні алдына салған жау екінші шабуылын бастады. Шайқас төрт сағатқа созылды. Гитлершілер тағы да 30 танкіні ұрысқа қосты. Тірі қалған жолдастарына: «Ресей ұлан-байтақ, бірақ шегінетін жол жоқ. Артымызда – Мәскеу»<sup>2</sup>, – деп жігер берген саяси жетекші В.Клочковтың сөзі тарихта қалды. Күш мүлдем тең емес ұрыста жиырма сегіз панфиловшының көбі қаза тапты, бірақ жау танктері шепті кесіп өте алмады. Дегенмен, панфиловшылар шегінген жоқ. Жау танкілері қирап жатты. Батырлардың көбі осы жерде құрбан болды. Бұл жиырма сегіз батырдың даңқы бүкіл әлемге тарап кетті. Бұлардың асқан ерлігі басқаларға үлгі-өнеге бола бермек.

Бұлар кімдер? Халық өз батырларын білгісі келеді. Бұл жиырма сегіз батырдың көпшілігі Жетісу жерінің бұрынғы егіншілері, жұмысшылары, колхозшы-шаруалардың ұлдары еді. Орыс жігіттері – Николай Трофимов пен Иван Шадрин, украин – Иван Москаленко мен Иван Бондаренко, қазақ – Әлікбай Қосасев пен Нарсұтбай Есболатов, қырғыз–Дуйшенкұл Шопоқов және олардың Отан үшін құрбан болған жолдастарының есімдері ел есінде мәңгі қалды. Аты аңызға айналған өжет офицер Бауыржан Момышұлының есімі де осы кезде шықты. Ол өзінің ерлігімен, қиын кездегі тапқырлығымен, ұрысты жүргізу шеберлігімен, жауынгерлік тапсырманы мүлтіксіз орындаушылық қасиетімен жауынгер-офицерлердің, генерал И.В.Панфиловтың сүйіспеншілігіне бөленді. Осы бір қиын күндердегі жауынгер Алексей Блоха мен офицер Бауыржан Момышұлының достығы, офицер Бауыржан Момышұлы мен генерал И.В.Панфиловтың дос-

<sup>1</sup>Қазақ ССР тарихы. Социализм дәуірі. Алматы, 1964. 635-бет.

<sup>2</sup>Кривицкий А.Ю. Подмосковный караул. М., 1971, с. 63-67-беттер.

тығы кімге болса да зор өнеге болды. Шынайы достық, нағыз ынтымақтастық осындай қиын күнде, ел басына күн туған шақта ерекше көрінді.

Панфилов дивизиясында 26 ұлттың жауынгерлері: орыстар, қазақтар, қырғыздар, украиндар, татарлар, өзбектер, т.б. болды. Күші басым гитлершілермен Мәлік Ғабуллин бастаған автоматшылар тобы ерлікпен шайқасты. 1941 ж. 16 қарашада автоматшылар жаудың бірнеше шабуылын тойтарды. 200-ден аса фашист пен бірнеше танкті жойды. Топта 30 жауынгер болды. Орыс Алексей Попов пен қазақ Мәлік Ғабдуллин, украин Максим Коваленко мен өзбек Қасым Абдукаримов, татар Құсайын Саитов және т.б. болды<sup>1</sup>.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 ж. 17 қарашадағы Жарлығымен 316-атқыштар дивизиясына командованиенің тапсырмасын үлгілі орындағаны, Мәскеуді қорғаудағы жеке құрамының ерлігі мен батырлығы үшін ал-ғашқылардың қатарында гвардиялық дивизия атағы берілді, ал 18 қарашада дивизия Қызыл ту орденімен наградталды. Сол күні генерал И.В.Панфилов қазаға ұшырады. Майдан қолбасшысы, армия генералы Г.К.Жуков Панфиловқа Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы ұсыныс жасай отырып, былай деп жазды: «Ұрыстағы ең қиын жағдайларда да Панфилов жолдас әскер бөлімдеріне әрдайым басшылық етіп, басқара алды. Мәскеу төңірегінде толассыз ұрыс жүргізе отырып, дивизияның бөлімдері бір ай бойы өз позицияларын ұстап тұрып қана қоймай, сонымен бірге қарсы шабуылға шығып, жаудың 2-танк, 29-моторлы, 11 және 110-жаяу әскер дивизияларын талқандады, 9 мың неміс солдаты мен офицерін, 80-нен астам танкін, көптеген зеңбіректерін, минометтерін және т.б. жойды»<sup>2</sup>. 8-гвардиялық дивизия құрамының өті-ніші бойынша, оған Отан соғысының батырларының бірі И.В.Панфиловтың есімі берілді.

Бұл хабар панфиловшылардың жігерін тасытып, Отанға деген сүйіспеншілігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Сол күндері неміс әскерлерінің 5-армиялық корпусының командирі жоғарғы штабқа: «жақсы жабдықталған... және күшті мина төселген бағыттан 316-орыс дивизиясы адам таңданарлықтай табанды қарсылық көрсетуде»<sup>3</sup> деп хабарлады.

Крюково елді мекені шегіністің соңғы шебі және қарсы шабуылға шығудың бастапқы позициясы болды. Крюковоны

<sup>1</sup>Артемов А.П. Братский боевой союз народов СССР в Великой Отечественн. войне. М., 1975, с. 117-118.

<sup>2</sup>Выстояли и победили. Документы и материалы. М., 1966, с. 143-144.

<sup>3</sup>Қашқынбаев З.Ш. Ұлы халықтың ұлы жеңісі. Алматы, 1977, 8-бет.



азат етумен құраманың тарихындағы мәскеулік ең даңқты кезеңі аяқталды, бұл ұрыста панфиловшылар жаудың 31 танкін, 4 броньды машинасын, 49 автомашинасын және басқа да көптеген қару-жарағын қолға түсірді<sup>1</sup>.

Волоколам бағытындағы шайқаста генерал И.В.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы даңқты ерлік көрсетті. Дивизия гитлершілердің Мәскеуге қарай ұмтылған батыл әрекеттеріне тойтарыс берді. Бұл бағытта жау 3 жаяу әскер, бір танк дивизиясы және көптеген авиацияны шоғырландырған еді<sup>2</sup>.

Панфиловшы-жауынгерлер бір күнде жаудың бірнеше шабуылына тойтарыс бере отырып, бір айдан аса уақыт бойы өздері тұрған шептерін ерлікпен қорғады. Дивизия жауынгерлері мен командирлері бұрын болып көрмеген табандылық көрсетті. Жаудың Мәскеуге өту жолын бөгеуде өліммен бетпе-бет тұрған панфиловшылардың темірдей берік жігерін көп санды танк рейдтері де, аспаннан толасыз тасталған бомба да жасыта алмады. 1941 ж. 13 қазаннан 1942 ж. қаңтар айына дейінгі аралықта 316-дивизия жаудың 26 мыңнан астам солдатты мен офицерін, 114 танкін, 5 ұшағы мен басқа да көптеген техникасын жойды.

1941 ж. 5-6 желтоқсанда алғашқылардың бірі болып дивизия жауынгерлері Мәскеу аймағын жаудан тазарту үшін қарсы шабуылға шықты, дивизия тарихының жаңа беті ашылды – жау тылына ерлік жорығы басталды. Бұл жерде де, Мәскеу түбіндегі ұрыстардағыдай, жауынгерлер батылдық, ұстамдылық, табандылық көрсетті.

Шабуылды үдете отырып, дивизияның бөлімдері Истра қаласыназатетугеқатысты. Олардыңойдағыдайалғабасуына генерал А.М.Даватордың басқаруындағы атты әскерлердің жау тылына жасаған ерлік рейді де көмектесті. Жаудың талқандалған 35-жаяу әскер және 2-танк дивизияларының қалдықтары Волоколамскінің түбінде біржола жойылды.

1941 ж. 15 желтоқсанда 8-гвардиялық Панфилов дивизиясы шептен кейін шығарылып, Жоғарғы Бас Қолбасшының резервіне берілді. Дивизия бөлімдері Мәскеу түбіндегі Нахабино, Ново-Никольское, Исаково елді мекендеріне орналасты<sup>3</sup>. 1942 жылғы қаңтар айында 8-гвардиялық дивизия Алматыдан келген 2394 адаммен толықтырылды, олардың

<sup>1</sup>Қазақ ССР тарихы, 5-том, Алматы, 1984, 97-бет.

<sup>2</sup>Артемьев А.П. Көрсетілген еңбек. 116-117-беттер.

<sup>3</sup>В боях за Родину. Алма-Ата, 1966, с. 140.

көпшілігі қазақтар болды<sup>1</sup>. 1942 жылдың 18 қаңтарында тәжірибелі генерал Иван Михайлович Чистяков дивизияның командирі болып тағайындалды.

Сол күні 8-гвардиялық Панфилов дивизиясы Бологой және Валдай ауданына, солтүстік-батыс майданға келіп жетті. Одан әрі құрама қысты күнгі аязда 300 километрдей жол жүріп, Старая Русса қаласының шығыс жағына шоғырланды. Панфилов дивизиясы бұл жерде 2-гвардиялық атқыштар корпусына қосылды. Мұнда дивизияға корпустың негізгі күші ретінде авангардта болу міндеті жүктелді. Сөйтіп, 1942 ж. 3 ақпанда түнде 2-гвардиялық корпустың аванграды 8-гвардиялық дивизия жау қорғанысының алғы шебіне таяп келіп, фашистердің қорғаныс топтарын жойып жіберді. Одан әрі Бологое – Старая Русса маңындағы жаудың темір жол қатынасын бұза отырып, Киево-Филатово-Брагино-Старикова-Князово бағытымен ілгері жылжыды<sup>2</sup>.

Жолсыздық, қалың қар, шыңылтыр аяз, боранды бұрқасын бөлімдердің жылдам қимыл жасауын қиындатса да, гвардияшылар жаудың тірек пункттерін орап өтіп, оларға тыл жағынан соққы берді.

Старая Русса–Рамушево бағыты жаудың Демян тобын барлық керек-жарақпен қамтамасыз етіп отырған жолы еді. Немістер Старая Руссаның оңтүстігіне таман 30 километр жерде, айнала қорғаныс ұйымдастырып, күшті бекініс жасап алған. 8-гвардиялық дивизияның бөлімдері бұл жолы Филанщина, Сычево, Ожадово, Соколово деревняларындағы жау бекінісіне, артиллерияның кейінде кідіріп қалуына, т.б. қиыншылықтарға қарамастан, тегеурінді шабуыл бастады. Бірнеше күн бойы кескілескен ұрыстар болды. Неміс командованияесі Соколовода қалған гарнизонды 11 ақпанда жүк таситын ұшақтармен көшіріп әкетуге әрекет жасап бақты. Сол кезде Соколово маңына жолда кешігіп қалған дивизия артиллериясы мен танк батальоны келіп жетті, соның нәтижесінде 1077-полктің бөлімдері дұшпанның осы ірі тірек пунктін қолға түсірді.

Палистьевск тас жолындағы дұшпанның екінші қарсыласу торабы болған Бородино, Боркловица, Трошково селоларына шабуыл жасаған кезде панфиловшылар гвардиялық шеберлігін, табандылығын көрсетті. Егер Мәскеуді қорғаған кезде панфиловшылар кеңес гвардияшысының

<sup>1</sup>«Қазақстан коммунисті», 1984, №11, 70-71-беттер.

<sup>2</sup>В боях за Родину, с. 141-142.

«гвардия қорғанып жатқан жерден жау өте алмайды» деген өсиетін абыроймен орындап шыққан болса, енді олар екінші өсиетті – «гвардия шабуыл жасап жатқан жерде жау төтеп бере алмайды» деген өсиетті орындап шықты. Капитан П.Гундилович басқарған 2-атқыштар батальонының бөлімшелері Бородинодағы фашистерге тақырата соққы берді. Селоға бірінші болып кіргендер аға лейтенант Соловьев пен саяси жетекші Мәлік Ғабдуллин бастаған автоматшылар ротасы болды. 1942 ж. 7 ақпанда аға лейтенант Соловьев пен саяси жетекші Ғабдуллин бастаған автоматшылар ротасы Бородино селосындағы гитлершілердің тас-талқанын шығарып, батальон штабын басып алды.

Бородино үшін болған ұрыста автоматшы Т.Тоқтаров асқан ерлік көрсетті. Неміс взводомен жалғыз өзі шайқаса жүріп, ол елуге жуық фашисті жер жастандырды, бірақ өзі де ерлікпен қаза тапты.

Эссешілердің «Өлі бас» дивизиясының командованияесі осы маңызды тірек пункттерін қалай да қайтарып алмақ болды. Старая Русса жағынан, сонымен қатар Порховск жолымен батыс жақтан келе жатқан артиллериямен, танктермен күшейтілген неміс әскерлерінің тізбегі көрінді. Әлденеше сағат бойына толастамай жүрген қан төгіс ұрыстар басталды. Гвардияшылар жеңіп алған шептен бір адым да кейін шегінбеді. Бір ғана 1075-гвардиялық атқыштар полкі (командирі полковник Василий Иванович Капаров) жаудан 12 елді мекенді азат етіп, 800 фашистің көзін құртты, жаудың 4 станокты пулеметін, 2 зеңбірегін, 1 миномет батареясын жойды. 52 неміс солдатын қолға түсіріп, 2 зеңбіректі, 4 станокты пулеметті, 28 автомашинаны, 33 мотоциклді, 13 велосипедті, бір радиостанцияны, бір қару-жарақ қоймасын қолға түсірді<sup>1</sup>.

1073-атқыштар полкінің бөлімшелері 12 ақпанда жауға өкшелей соққы беріп, Наволок және Каменко селоларын алды.

Екінші жағынан Калинин майданының бөлімдері қыспаққа алған дұшпан Новечкидің маңында тас жолдан шығып, қару-жарағы мен транспортын тастап, Рдейский монастрi арқылы батысқа қарай жарып өтуге күш салуға мәжбүр болды. Жаудың адам күші мен техникасы жойып жіберілді, гитлершілердің аз ғана тобы өз әскерлеріне қосыла алды.

<sup>1</sup>Қараңыз: В боях за Родину, 161-бет.

Жоғарғы Бас Қолбасшының бұйрығын орындай отырып, дивизия жаудың терең тылына 200 километрлік даңқты жорық жасап, фашистік басқыншылардан 250 елді пунктті азат етті. 10 мыңнан аса фашист солдатты мен офицері Ленинград пен Калинин облыстарының ормандарында жер жастанды<sup>1</sup>.

1942 ж. 16 наурызда 8-гвардиялық Қызыл Тулы Панфилов дивизиясы фашистік басқыншылармен ұрыста жаппай көрсеткен ерлігі үшін Ленин орденімен наградталды<sup>2</sup>.

1943 ж. бас кезінде 8-гвардиялық дивизияның құрамын толықтыруға 750 солтүстік қазақстандық жіберілді және оның жауынгерлеріне сыйлықтар жөнелтілді. Дивизия командирі Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілеріне зор алғыс сезімін білдірді<sup>3</sup>.

1944 ж. 23 қаңтарда Псков облысының Мелихово деревнясы үшін болған ұрыста дивизияның қатардағы жауынгері, Гурьевтің бұрынғы балықшысы Григорий Постольников Александр Матросовтың ерлігін қайталап, жау дзотын кеудесімен жапты.

Қаза тапқан гвардияшы-панфиловшылардың орнын олардың бауырлары басты. Мысалы, Дубосекова разъезі үшін ұрыста ерлікпен қаза тапқан Петр Дутовтың орнына Иван Дутов келді. Ол пулеметші болды, жүздеген гитлершілерді жер жастандырып, еліне жеңіспен оралды.

1944 ж. 16 шілдеде Панфилов дивизиясы Латвия жеріне кіріп, оны азат ете бастады. Режицу қаласы үшін табанды да, қан төгісті ұрыстар басталды. Қалаға бірінші болып капитан Әбдірахманов бастаған жауынгерлер мен дивизияның барлаушылары кірді. 17 шілде күні таңертеңгі сағат тоғызда қала үстінде Қызыл Ту желбіреді.

Дивизия ауыр ұрыстар жүргізе отырып, Латвияның астанасы Рига қаласына жақындады және 10-гвардиялық армияның бөлімдерімен бірге қаланы азат етті.

Рига қаласын азат ету кезінде жауынгерлік тапсырмаларды табысты орындағаны, әскери іскерлік көрсеткені, қажырлылық пен ерлігі үшін 8-гвардиялық дивизия II дәрежелі Суворов орденімен наградталды. Бұл даңқты дивизияның жауынгерлік туына тағылған үшінші ордені еді.

1944 ж. 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы шабуылдың барлық жолында дерлік 10-гвардиялық армияның басты

<sup>1</sup>Қараңыз: Қазақ СССР тарихы. Социализм дәуірі, 642-бет.

<sup>2</sup>В боях за Родину, с. 193.

<sup>3</sup>«Қазақстан үгітшісі». 1985, №5, 27-бет.

соққысы бағытында жүріп отырды. Тамыз айының аяғына таман ол 300 километрдей жолдан өтіп, 800-ден астам елді мекенді жаудан тазартты. Латвия жеріндегі ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін Панфилов дивизиясына «Ригалық дивизия» деген құрметті атақ берілді<sup>1</sup>.

10-армияның құрамынан дивизия соғысы аяқталғанға дейін шыққан жоқ. Теңізге қарай тығылған, Тукумсы мен Либавой арасындағы жаудың курляндиялық топтары 37 дивизияға дейін жетті. Бұл неміс фашистерінің дивизиялары жарты жылға жуық ауыр ұрыстар жүргізді.

Бұл ұрыстарда панфиловшылар табандылықпен, ерлікпен соғысты. Бұған гвардия майоры Шапшаев Иван Леонтьевич басқарған полктің ерлігі мысал бола алады. Шабуыл кезінде полк жаудың қоршауында қалып қойып, 12 күн бойы оқ-дәрі мен азық-түліктің тапшылығына төзе отырып, ұрыс жүргізді. Полк командирінің қолын жау снарядының жарқыншағы жұлып әкетті. Гвардия майоры Шапшаев қансырағанына қарамастан, ұрысты жалғастыра берді және полк жау қоршауын бұзып өтті. Осы жолғы ерлігі үшін Иван Леонтьевич Шапшаев Кеңес Одағының Батыры атанды.

Панфиловшылар жаудың курляндиялық тобын толық талқандағанға және жау берілгенге дейін ұрыс жүргізді.

9 мамырдан бастап Курляндиядағы фашистер тұтқынға беріле бастады, ал СС бөлімшелері американдықтарға өтіп кетуге тырысты, бірақ панфиловшылардың құрасуынан бірде-бір фашист құтыла алмады.

Дивизия өзінің жауынгерлік жолын Эстонияның Хапсалу қаласында аяқтады<sup>2</sup>.

Соғыс жылдары Панфилов дивизиясының бір өзі қанды шайқастарда жаудың 85 мыңнан астам солдаты мен офицерінің көзін жойып, 387 танкісін, 65 броньды машинасын, 43 ұшағын, 451 зеңбірегін, 2010 автомобилін, 180 минометін, 828 пулеметін, басқа да көптеген қару-жарағын жойды немесе қолға түсірді. 34 панфиловшы Кеңес Одағының Батыры атағын алды және 9487 жауынгер мен офицер ордендермен, медальдармен наградталды<sup>3</sup>.

Аңызға айналған гвардияшылардың ерлігі Ұлы Отан соғысының тарихына алтын әріптерімен жазылды. И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы Ұлы Отан Соғысының тарихына мәңгі өшпес жарқын беттер

<sup>1</sup>Қараңыз: Қазақ СССР тарихы, 5-том, 179-180-беттер.

<sup>2</sup>«Қазақстан үгітшісі», 1985, №7, 11-бет.

<sup>3</sup>Қараңыз: Краснознаменный Туркестанский. М., 1976, 260-бет.

косты. Мәскеу түбіндегі Дубосекова разьезінде 28 панфиловшылар темірдей төзімділіктің, рухани ұлылық пен асқан қаһармандықтың үлгісін көрсетіп, бүкіл дүние жүзін таң қалдырды. Солардың барлығын жеңіске деген қалтқысыз сенім, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм мен интернационализмнің табиғи ұштасуы біріктірді.

## **2) 238-атқыштар дивизиясы**

Бұл интернационалдық дивизия еді. Онда отыздан астам ұлттың өкілдері тізе қосып, басқыншы жауға қарсы кескілескен ұрыс жүргізді.

238-атқыштар дивизиясы басқа құрамалардан сәл бұрынырақ 1941 ж. наурыз-маусым айларында Семей қаласында жасақталып, соғыс басталған кезде еліміздің оңтүстік шекарасында, Түркмения жерінде тұрған еді. Дивизия негізінен, Семей, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарының еңбекшілерінен жасақталған. Дивизияның командирі – полковник Г.П.Коротков, комиссары – С.В.Груданов, штаб бастығы полковник – С.С.Будских болды.

1941 ж. 10 қазанында 238-атқыштар дивизиясының бөлімдері Тулаға келіп жетті. Қазақстандық жауынгерлер Тула жұмысшыларымен бірге қаланың батыс шет аймақтарында бекініс шебін жасауға кірісті. Тулаға кіре беріс жерлерде дзоттар салынды. Қала түгелімен сым қоршаумен қоршалынып алынды. Қазанның алғашқы күндерінде дивизия генерал И.Г.Захаркиннің армиясында болып, Калуға маңындағы ұрыстарға қатысты. Дивизия бөлімдері Тула – Мәскеу тас жолына шықпақ болған жаудың 260-жаяу әскер дивизиясын талқандады. Дивизия жауынгерлерінің соғыста көрсеткен ерліктері жау солдаттарының үрейін ұшырды. «Қатты әрі тегеурінді қарсылыққа ұшыраған олар біздің қазақстандық дивизияны «Сібірдің тағы дивизиясы» деп атады»<sup>1</sup>, – дейді дивизия командирі Г.П.Коротков өзінің естелігінде. 1941 ж. қараша айының аяғында Гудерианның танк армиясының бөлімдері Алексин қаласына шабуыл жасап, Тулаға қарай ентеледі, сөйтіп, оны Мәскеуден бөліп тастап, бірден басып алғысы келді. Мұнда 49-армия әскерлерінің құрамында 238-қазақстандық атқыштар дивизиясы өз қорғаныс шебін табанды түрде қорғады. 1941 ж. 16 қазанда 238-дивизияның алдында жаңа міндет – дұшпанның бұзып өткен бөлімдерімен шабуылын тоқтатып, шығыс жағалауға шығуына жол

<sup>1</sup>Қараңыз: Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.), 60-бет.

бермеу міндеті қойылды. Бұл міндетті орындап, дивизияның бөлімдері 22 қазанда Егнышевка – Алексин — Шукино–Дugna шебінде қорғанысқа көшті. Дұшпанның шабуылы бұл учаскеде тоқтатылып, фашистердің Тула – Москва тас жолына шықпақ болған ойы іске аспай қалды. Мұның өзі біздің бөлімдерімізді ұйымдасқан түрде тылға көшіріп, Ока өзенінің шығыс жағалауында қорғаныс шебін құруына мүмкіндік берді. Дивизияның штабы мен Тула қалалық қорғаныс комитеті бірлесе отырып, қаланы жаудан қорғаудың шараларын белгіледі. Қала еңбекшілері де қорғаныс бекіністерін қазды, қолдарына қару алып, халық жасақшыларының қатарына қосылды. Әскери бөлімдерге барынша көмек көрсетті. Қуатты атыс жүйелері салынды. Тула қаласының бекініс жүйелері берік қамалға айналып, ентелеген жаудың броньды күштеріне мықты тосқауыл болды.

Сөйтіп, Тула – Мәскеу тас жолына тез шығамыз деген жаудың мақсаты орындалмады. Кеңес армиясы ерлікпен, қажырлықпен шайқасты. Кеңес Одағының маршалы Жуков былай деп жазды: «30 қазан күні Гудериан армиясының бөлімдерінің шабуылы тоқтатылды»<sup>1</sup>.

Тула маңындағы кескілескен ұрыстар қараша айынан желтоқсан айының бірінші жартысына дейін созылды. 238-дивизия қорғаныс құрған шепте фашистердің бес дивизиясы кейде жеке, кейде бірлесе ұрыс жүргізгеніне қарамастан, олар орталық және сол қанаттағы шепте ғана 12 километрге ілгерлей алды. Қазақстандық дивизияның бөлімдері ерекше табандылық көрсетті. Көптеген жауынгерлер шайқас даласында ерлікпен қаза тапты. Олардың арасында қазақ даласының батыры Амангелді Имановтың ұлы Рамазан да бар еді. «Қатардағы автоматшы Аманкелдиев, – делінген дивизия саясаты бөлімі бастығының хабарламасында, – бір топ неміс солдаттарының қоршауында өзі жалғыз қалып, басым күшке қарсы ұрысқа кірісті... Қаһарман жігіт соңғы патроны қалғанша өршеленген немістерге оқ жаудырды. Автоматшыларының табандылығына ызаланған фашистер оған гранат лақтырды. Р. Аманкелдиев қаза тапты, бірақ оның ажалы фашистер үшін қымбатқа түсті. Оның төңірегінде жаудың үш өлігі сұлап жатты»<sup>2</sup>.

238-атқыштар дивизиясының Туланың батыс жағынан қорғаныс шебін жасаудағы және Алексин мен Серпухово

<sup>1</sup>Провал гитлеровского наступление на Москву. М., 1966, с. 31.

<sup>2</sup>Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941–1945 гг., т. 1. Алма-Ата, с. 146.

түбінде жаудың сокқысына тойтарыс берудегі еңбегін бағалай келіп, Тула қалалық қорғаныс комитеті халықтардың мызғымас достығының және майдан мен тылдың құрыштай берік бірлігінің символы ретінде дивизияға облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің Қызыл Туын тапсыру жөнінде қаулы қабылдады<sup>1</sup>.

Дивизия 19 желтоқсанда қорғаныстан қарсы шабуылға көтерілді. Содан 1942 ж. сәуір айының ақырғы күніне дейін жанқиярлықпен ұрыс жүргізе отырып, Алексин, Юхнов қалаларын азат етуге қатысып, Угар өзенінен өтті. Жазға қарай Ока өзеніндегі плацдарымды алуға аттанды.

Осы шабуылға шыққан күндерде дивизия бөлімдері жау тылына өтіп алып, оның штабтары мен қару-жарақ қоймаларын талқандады, басқыншылар арасында үрей туғызды. Жау тылында тоғыз жолдың торабы Недельное селосын күтпеген жерден басып алған бөлімдер фашистердің мұндағы азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ сақталған майдандық қоймаларын қолға түсірді. Оның ішінде жаудың 13-армиялық корпусының әскерлеріне Жаңа жылға қарсы жіберілген сәлем-сауқаттарымен қоса, оларды наградтауға арналған 13 жәшік ордендер де бар еді<sup>2</sup>.

Дивизияның қорғаныстағы табандылығын, шабуылдағы батылдығын, адам құрамының тәртібі мен ұйымшылдығын Отанымыз лайықты атап өтті. 1942 ж. 3 мамырда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы 238-дивизияны Қызыл Ту орденімен наградтады, ал 24 мамырда 30-гвардиялық дивизия атағын берді<sup>3</sup>.

Бұл дивизия сол кездегі майдандағы қазақстандық гвардиялық екінші құрама еді. Дивизия жауынгерлері даңқты кеңес гвардиясы атағын алуына байланысты, Қазақстан еңбекшілері оларға құттықтау хат жолдады, онда былай делінді: «Жексұрын жаумен күресте сіздер ерлік пен батылдықтың, жаумен жағаласа білудің үлгісін көрсеттіңіздер... Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Панфилов атындағы қос орденді 8-гвардиялық дивизияның соңынан ілешала гвардиялық атаққа ие болған, қазақстандықтардан жасақталып, қасиетті Отан соғысының от-жалынындағы ұрыстарда шыныққан екінші құраманың даңқты гвардия қатарына қосылуын республика еңбекшілері мақтан етеді.

<sup>1</sup>Битва за Тулу, Сб. материалов и документов. Тула, 1957, с.126.

<sup>2</sup>Қараңыз. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза, т. I, с. 180.

<sup>3</sup>Қазақ СССР тарихы, 5-том, 100-бет.



Сіздерді майданға аттандырған туған өлке сіздер туралы қамқорлық жасаудан, сіздердің қуаныштарыңыз бен жеңістеріңізді қызықтаудан ешқашан жалықпайтыны естеріңізде болсын. Қазақстан еңбекшілерінде бір ғана ой, бір ғана тілек – ол майданға жауынгерлік тамаша резервтерді, қару-жарақты, азық-түлікті көп мөлшерде беру...»<sup>1</sup>. Бұл дивизия 1943 ж. жаудың Ржев маңындағы бекінісін талқандауға қатысты, Калинин облысының батыс аудандарын жаудан азат етуге зор үлес қосты.

49-армияның сол қанатында ұрыс жүргізе отырып, 30-гвардиялық дивизия бөлімдері командованиенің тапсырмасын ойдағыдай орындап, шабуылды өрсітете түскен негізгі күштердің бірі болды. 1943 ж. қыркүйекте құрама жауынгерлер 10-гвардиялық армия қатарында, Ельнидің батыс жағындағы ұзақ уақыт мықтап құрылған жау қорғанысын талқандады, басқа құрамалармен бірге Смоленскіні неміс фашистерінен азат етті, Белоруссия шекарасына шықты<sup>2</sup>.

1944 ж. шілде-тамыз айларында ғана 30-гвардиялық дивизияның жауынгерлері ерлікпен шайқаса отырып, 350 километр алға жылжыды, дұшпанның талай бекіністерінен, оннан аса су бөгеттерінен өтті. Қазақстан КП (б) Орталық Комитетіне жолдаған хатында дивизияның командиваниесі былай деп жазған еді: «Орманның ішінен, Лубан ойпатының кісі жүріп болмайтын саз батпағын кеше отырып, дивизия Видзем қыратына шығып, қазір Латвия КСР-інің орталық өңірінде соғысып жатыр»<sup>3</sup>.

1944 ж. 16 қазанда 30-гвардиялық дивизия Кеңестік Латвияны азат етудегі көрсеткен ерлігі үшін «Ригалық дивизия» деген құрметті атақ алды.

Фашистік басқыншыларға қарсы сұрапыл шайқасты Мәскеу түбінен бастаған 30-гвардиялық дивизия жаудың Ржев, Гжаст, Взьяма, Ельна, Смоленск маңындағы бекіністерін талқандап, жаудан азат етуге қатысты. Ұрыстардағы ерлігі үшін дивизияның 13 мыңнан астам жауынгері Кеңес Одағының орденімен және медальдарымен наградталды.

30-гвардиялық дивизияның Ұлы Отан соғысындағы ерлікке толы жорық жолы Прибалтиканың Салдуде қаласында аяқталды.

<sup>1</sup>Потапов А., Гладышев П. Огненный путь Алма-ата, 1986. с. 44.

<sup>2</sup>Краснознаменный Туркестанский, с. 223.

<sup>3</sup>Қазақ ССР тарихы. Социализм дәуірі. 698-699-беттер.

### 3) 312-атқыштар дивизиясы

1941 ж. шілде-тамыз айларында Ақтөбе облысында 312-атқыштар дивизиясы құрылды. Дивизияны құру үшін оның командирі полковник А.Ф. Наумов және комиссары Я.Э.Сировский күндіз-түні еңбек етті. Дивизияның әскери құрамының үштен бірін қазақтар құрады<sup>1</sup>. Сонымен қатар дивизияда орыстар, украиндар, белорустар, өзбектер, түрікмендер, татарлар және басқа да ұлт өкілдері болды. Ақтөбе облысының колхоздары мен совхоздары дивизияны машинамен, азық-түлікпен, т.б. керек-жарақпен қамтамасыз етіп отырды.

312-дивизия, Панфилов сияқты, қазанның ортасында Мәскеу түбінде Малоярославец қорғаныс шебіне жіберілді. Бұл жерде қазақстандық құрама Малоярославец қорғаныс учаскесінің шағын гарнизонымен бірлесе отырып, жаудың 57-моторлы корпусының шабуылына тойтарыс берді. Дивизия командирі А.Ф.Наумов осы Малоярославец соғыс учаскесінің бастығы болып тағайындалды.

Малоярославец учаскесінде шепте тұрған бөлімдер гитлершілермен алғаш рет 1941 ж. 12 қазанда ұрыс жүргізді. Мәскеуге қарай ентелеген күші басым жауға қарсы ұрыстарда асқан ерлік көрсеткен дивизияның барлық жауынгерлері мен командирлері астана жолын батыл қорғады. Тек 1083-атқыштар полкінің жауынгерлері ғана 13 қазанда жаудың бірнеше жойқын шабуылын тойтарды. Олар ұрысты қоршауда жүргізсе де, жеңіп шығып жүрді. Жау 20 автомашинасы бар жаяу әскерінен, бірнеше қару-жарақ пен минометінен, 13 танкісі мен 2 ұшағынан айырылды. Дивизияның жеке құрамының ерлігі мен батылдығының нәтижесінде, олар Мәскеуге қарай бір адым да жылжи алмады. Сөйтіп, жау құрамалары Нарва өзені аралығында қорғанысқа көшуге мәжбүр болды. 1941 жылғы қазан айында осы Малоярославец шебінде көрсеткен ерлігі үшін дивизияның 35 жауынгері ордендермен және медальдармен наградталды.

Дивизия командирі А.В.Наумов естелігінде былай деп жазды: «Мәскеудің шалғай шептерін қорғауда қазақстандықтар өзінің жауынгерлік міндетін абыроймен орындап шықты. Жаумен жағаласқан сұрапыл ұрыстардың нәтижесінде, біздің дивизияның күші әлсіреді, бірақ ол өзінің шығынынан гөрі жауды анағұрлым көп шығынға ұшыратып, ойсыратты, 312-атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің өткен соғыстағы ерліктері табандылық пен батырлықтың үлгісі бола алады»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup>Артемьев А.П. Братский боевой союз народов СССР, с. 40.

Жауынгерлердің ерлік істері жайлы дивизия командованиясы соғыс кезінде Ақтөбе еңбекшілеріне хат жолдап тұрды. Дивизия командирі, полковник А.В.Наумов 1941 ж. 20 желтоқсанда жолдаған хатында: «Ақтөбелік дивизия фашистермен қатты шайқасты, Мәскеу түбінде оларды аз жайратқан жоқ. Ақтөбелік дивизия Отан бұйрығын абыроймен орындап шықты... Оларды сіздердің мақтаныш етулеріңізге әбден болады, жерлестеріңіз жауға қарсы ерлікпен шайқасып, майданның барлық жерінде Отан бұйрығын адал орындай білді... Мен Ақтөбеде болған күндерді және өзімнің сүйікті әскери құрамамды қалай құрғанымды зор ризашылық сезіммен еске аламын»<sup>2</sup>, – деп жазды.

Осылайша, 312-дивизияның жауынгерлік жолы әрі қысқа, әрі даңқты болды. Жауға қарсы ұрыстарда асқан ерлік көрсеткен дивизия бөлімдерінің қатары әбден сегінеді. 1941 ж. 23 қазанда 43-армияның қолбасшысы генерал К.Д.Голубевтің ұйғаруы бойынша, 312, 17 және 58-атқыштар дивизияларының қалған адам құрамынан жаңа 312-дивизия құрылды<sup>3</sup>. Ерлікпен соғысқан бұл дивизия да 1941 жылғы желтоқсанда күші азайған соң, 53-атқыштар дивизиясының 12-атқыштар полкі болып қайта құрылып, Курск шайқасына, Днепрдің сол жағасын азат етуге қатысады<sup>4</sup>.

#### 4) 387-атқыштар дивизиясы

Қаһарлы 1941 ж. күзінде Қазақстанда құрылған құрамалардың бірі – 387-атқыштар дивизиясы. Бұл құрама Ақмола қаласында құрылды. Оның құрамы Ақмола облысының және оған көршілес Қарағанды, Қостанай облыстарының тұрғындарынан жасақталды. Дивизияның тұңғыш командирі полковник М.С.Сущенко болды. Дивизия 1941 жылдың қараша айында Батыс майданға жөнелтілді.

387-дивизия Мәскеуді қорғауға қатысты. Брянск майданындағы 61-армияның құрамында қимыл жасай отырып, дивизия 1941 жылғы 27 желтоқсанда Орел облысының (қазіргі Калуга облысы) Ульянов ауданындағы Троицкое және Городки селоларын азат етті<sup>5</sup>.

<sup>1</sup>По путям-дорогам фронтовым. Алма-Ата, 1965, с. 37.

<sup>2</sup>Балакаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.), 64–65-беттер.

<sup>3</sup>Мухамеджанов А. Қазақстанцы в боях за свободу Украины и Молдавии 1941–1944 гг. Алма-Ата, 1968, с. 37.

<sup>4</sup>Белан П.С. Казахстанцы в боях за свободу Украины и Молдавии. 1941–1944 гг., Алма-Ата, 1984, с. 83.

<sup>5</sup>Мухамеджанов А. Казахстанцы в битве под Москвой, с. 78–79.

Ал кейіннен 387-атқыштар дивизиясы Волга жағалауындағы шайқастың қызып тұрған кезінде Сталинград майданына жіберілді. Бұл 1942 жылдың желтоқсанында болатын. Ол кезде Сталинград түбінде қоршауға алынған Паулюстің армиясын құтқару үшін неміс командованиесі жанталаса әрекет жасап жатқан еді.

Гитлер командованиесі қоршауды бұзып өту үшін, неміс-фашист әскерлерінің фельдмаршал Манштейн басқарған Котельниково – Тормосин тобын Сталинградқа бұрды. Бұл топты талқандау генерал Р.Я. Малиновский басқарған 2-гвардиялық армияға жүктелген болатын. Бұл армияның құрамында қазақстандық 387-дивизия да болды. Құраманың алдында Васильевск – Капкино бағытында қоршауда қалған әскерлер тобына қарай дұшпанның жарып өтуіне жол бермеу міндеті тұрды. Бұл міндетті орындау үшін дивизия бөлімдері ашық далада, үскірік аяз бен қарлы боранда асқан табандылық, төзімділік көрсетті. Дұшпанның танктерімен жасаған талай-талай шабуылдарына тойтарыс бере отырып, дивизия 1942 жылғы 25 желтоқсанда өздері де шабуылға шықты. Желтоқсанның аяғында олар Доннан өтіп, Тормосин–Нижне – Чирская тас жолына жетті.

Көмекке келе жатқан жау әскерлері талқандалған соң, біздің 2-гвардиялық армия Ростов бағытына қарай шабуылды үдете түсті. Осы жолы 387-дивизия басқа да құрамалармен бірлесе қимыл жасай отырып, 31 желтоқсанда Тормосин қаласын азат етті.

Қоршаудағы Паулюс әскерлеріне көмекке ұмтылған гитлершілер тобы талқандалысымен, Сталинград майданының армиялары шабуылды бастады. 387-атқыштар дивизиясы (командирі – Полковник А.К.Макарьев, комиссары подполковник – В.М.Алексеев) Васильевка, Верхнекумский, Красноярский бағытына шегінген жаудың ізіне өкшелей түсуге бұйрық алды. Бұл бұйрық та өте ұйымдасқан түрде орындалды. 1943 ж. 16 қаңтарда 387-дивизия Красногорский және Михайловский поселкелерінің түбіндегі Северский Донец өзеніне жетті. Өзеннің қарсы жағалауында Украина жері жатты, бірақ сол күні біздің жерлестерімізге Украина жеріне аяқ басудың сәті түспеді: командованиенің бұйрығы бойынша, олар аз уақыт тыныс алған соң, Донның төменгі ағысы бойына қарай қозғалды.

Гитлершілердің жанталасқан қарсылығын да, ауа райының күрт өзгерістерін де табандылықпен жеңіп отырған 387-дивизия 13 ақпанда Новочеркасскіге келіп кірді, келесі күні

Несветай және Буденный ірі елді мекендерін азат етіп, Миус өзеніне шығып, оның батыс жағалауындағы биіктік үшін ұрыс жүргізді. Сталинградтан Ростов облысындағы Матвеев қорғанына дейінгі сан километрлік жолда дивизия бөлімдері фашистердің 5 мыңға жуық адамын, 67 танкісін, 7 ұшағын жойды<sup>1</sup>.

Оңтүстік майданның 5-екпінді армиясының құрамына енген 387-атқыштар дивизиясы 1943 ж. 18 тамызда Безымянный, Куйбышев хуторлары шебінен шабуылға шығып, табан тірескен ұрыстардан кейін Миус майданының күшті бекініс учаскелерінің бірін бұзып өтті. Донбасты азат еткеннен кейін казакстандықтар шайқаса отырып, Перекоп мойнағына шықты.

Сталинград түбіндегі және Миус өзенінің бойындағы ұрыстарда шыныққан қазақстандық дивизия 4-Украин майданының құрамында соғыса жүріп, 1944 ж. көктемінде Қырымды азат ету ұрыстарына қатысты. Қырымға шабуыл басталар алдында дивизияда 5954 жауынгер мен офицер, 86 зеңбірек, 70 миномет, 89 станок және 265 қол пулеметі, 1375 автомат, 136 танкіге қарсы қолданылатын мылтық болды<sup>2</sup>.

Қырым үшін болған ұрыстарда дұшпан тылына үш рет десант болып түскен 1271-атқыштар полкінің 2-батальоны айрықша табыстарға жетті. Батальонның барлық жауынгері мен офицері ордендермен және медальдармен наградталды, ал оның командирі майор Ф.Д.Дибровқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қырымды жаудан азат ету ұрыстарына қатысқан 387-атқыштар дивизиясы 1944 ж. сәуір айында «Перекоптық дивизия» құрметті атағына ие болды.

Бұл дивизия 3-Украина майданының құрамында Румынияны, ал одан кейін Болгарияны азат етуге қатысып, оның жорық жолдары Мәскеуден Шипкаға дейін созылды.

### **5) 391-атқыштар дивизиясы**

391-атқыштар дивизиясы Орта Азия әскери округінің 1941 ж. 19 тамыздағы бұйрығы бойынша Алматы қаласында құрылды. Бұл құрама 1900-1918 жылдары туған азаматтардан жасақталды.

Дивизия негізінен алғанда Қазақстанның Алматы, Семей, Шығыс Қазақстан және басқа облыстардың жұмысшыларынан, колхозшылары мен интеллигенттерінен құралған-ды<sup>3</sup>.

<sup>1</sup>Белан П.С. Көрсетілген еңбек, 39-бет.

<sup>2</sup>Бұл да сонда, 128-бет.

<sup>3</sup>Килибаев Р. Боевой путь 391-й. - В кн.: Всегда начеку. Алма-Ата, 1971. с. 128

391-атқыштар дивизиясын жасақтау зор патриоттық өрлеу жағдайында жүргізіліп, 1941 жылдың 28 қыркүйегінде барлық жағынан дайын болды. Оның құрамында жастары 25 пен 40 арасында орыстар, қазақтар, украиндар, ұйғырлар, өзбектер, басқа да ұлттардың өкілдері бар еді<sup>1</sup>.

Құрама командирлеріне полковник Д.А.Коваленко, комиссарлығына К.И.Федосеев, штаб бастықтығына майор Г.Ф.Демурин тағайындалды. Мұнда да дивизия мен полктердің басшысы құрамдары бұрыннан әскер қызметінде болған, жауынгерлік дайындық мектебінен, сынынан өткен, ысылған жандар еді.

Жоғарғы Бас командованиенің ұйғарымы және Орта Азия әскери округі Әскери Кеңесінің 1941 жылғы 3 қарашадағы бұйрығы бойынша, 391-атқыштар дивизиясы Сталинград облысындағы резервтегі 61-армияның қарамағына берілді<sup>2</sup>.

1941 ж. 8 қараша күні дивизияның құрамы жолға шықты. Сөйтіп, 27 қарашада бөлімдер өздері орналасатын Сталинград облысы Франковск ауданындағы Гуссенбах, Миловаткино және Нижняя Добринка селоларына келіп жетті. Ал желтоқсанның басында дивизия 61-армиядан алынып, Москваны қорғауға жіберілді.

1942 ж. қаңтар айының аяғында 391-атқыштар дивизиясы генерал-лейтенант М.А.Пуркаев басқарған 3-екпінді армияның қарамағына берілді, бұл Калинин майданы болатын. Дивизияның жауынгерлік сапары одан әрі жалғасты.

Шабуылды үдете отырып, 391-атқыштар дивизиясы 1942 жылғы 12 ақпанда Холм қаласына қарай бет түзеді, жолжөнекей Медово, Куземкино, Прибород, Брецькое деревняларын азат етті<sup>3</sup>.

Холм үшін шайқас дивизия жауынгерлерін сынақтан өткізген нағыз жойқын ұрыс болды. Жер аяқ алып жүргісіз лайсаң, аспаннан қар, жерден оқ борап тұр. Осыншама қиыншылықтарға қарамастан, жауынгерлер өздеріне жол ашып, жауға қос қанаттан соққы берді<sup>4</sup>.

Торопец – Холм операциясының соңғы кезінде, Холм қаласы үшін болған ұрыстарға 391-атқыштар дивизиясы атқыштар полкінің командирі И.Т.Гордиевский, оның комиссары, Азамат соғысы кезінде Ырғыз партизандарының

<sup>1</sup>«Социалистік Қазақстан», 1981 жылғы 5 желтоқсан.

<sup>2</sup>Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Көрсетілген еңбек, 79-бет.

<sup>3</sup>Қараныз: Қазақ ССР тарихы. Социализм дәуірі. 641-бет.

<sup>4</sup>Қиылыбасв Р. Көрсетілген еңбек, 129-130-беттер.

бұрынғы командирі болған И.Ф.Кисилев және басқа көптеген жауынгерлер нағыз ерлік көрсетті<sup>1</sup>.

391-атқыштар дивизиясы 3-екпінді армияның құрамында 1943 ж. 11 шілдеде жау шебін бұзып өтіп, шегінген гитлершілерді өкшелеп қуды. Осы ұрыстарда 951-артиллерия полкі дивизиондарының жауынгерлері кезектесе ілгері жылжу әдісін қолданды: бір-екі дивизион жауды атқылағанда, басқалары зеңбіректерді машиналарға тіркеп алып, алға жылжып отырды.

Латвияны азат етуде 391-атқыштар дивизиясының жауынгерлері асқан ерлік көрсетті.

Бұдан соң дивизия Солтүстік-Батыс, 2-Прибалтика, 1-Украина майдандарының құрамында болып, сан ұрыстарға қатысты. Командованиенің тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны үшін оған «Ригалық дивизия» деген құрметті атақ берілді.

1945 ж. жоғарғы Силезия операциясында 391-дивизия ерекше көзге түсті. Олар ұрысқа Гросс – Нейкрих түбінде енді де, 18 наурызға қараған түні 1024-атқыштар полкі мен 951-артиллерия полкі Хотценплиц (Особлага) өзеніне шықты, күтпеген жерден соққы беріп, Россевальтцтің (Рацловице – Сленске) солтүстік жағындағы көпірді алды. 18 наурыз күні сағат 14-те 1024 полктің екі батальоны Нейштадқа енді. Осы жолы Польша жеріндегі пәрменді ұрыс кимылдары, ерлігі мен өжеттігі үшін қазақстандық 391-атқыштар дивизиясы Қызыл Ту орденімен наградталды.

Чехословакия мен оның астанасы Параганы азат ету жолындағы ұрыстарға да 391-дивизия қатысты. Дивизия өзінің жауынгерлік жорығын осы арада аяқтады<sup>1</sup>.

Қазақстандық 391-ригалық Қызыл Тулы атқыштар дивизиясының мыңдаған жауынгерлеріне Отан наградасы беріліп, олардың тоғызы Кеңес Одағының Батыры деген жоғарғы атаққа ие болды. Солардың бірі – қазақ халқының ержүрек ұлы, Латвия жерінде қаза тапқан Үрмәш Түктібаев.

### **б) 74-дербес теңіздік атқыштар бригадасы**

1941 ж. желтоқсанында Қызылордада әскери теңізшілер мен Қазақстан еңбекшілерінен 74-дербес теңіздік атқыштар бригадасы жасақталды. Командирі генерал-майор С.В.Лишенков, әскери комиссары С.Г.Биберин болды. Бригада 1942 ж. 29 қаңтарда Старая Руссаның шығысында алғаш рет

<sup>1</sup>Қараңыз: Қазақ ССР тарихы, 5-том, 107-бет.

<sup>2</sup>Қазақ ССР тарихы. Социализм дәуірі, 704-бет.

ұрысқа кірді. Шечково, Чапово, Тулитово елді мекендерін азат етті. Жаудың ірі күшін тежей отырып, біздің әскерлердің немістің 16-армиясын қоршауға алуына қатысты.

Қысқы және көктемгі шайқастарда 74-бригада Пала станциясының түбінде және Рамушев манында жаудың 3 мың офицері мен солдаттың көзін жойды. 1942 ж. шілде айында құрама резервке шығарылып, 292-атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды<sup>1</sup>. 1942 ж. қыркүйектен бастап елді мекендер үшін аса ауыр қорғаныс және қарсы шабуыл ұрыстарын жүргізген дивизия Паулюс армиясын қоршауға және оны жоюға басынан аяғына дейін қатысты.

Сталинград шайқасы аяқталғаннан соң дивизия таратылып, әскери күш майданының басқа құрамаларына қосылды.

### **7) 75-дербес теңіздік атқыштар бригадасы**

1941 ж. желтоқсанда Қызылордада 75-дербес теңіздік атқыштар бригадасы құрылды. Командирі – I рангалы капитан К.Д.Сушиашвили, комиссары – А.А.Муравьев болы. Бригада 1942 ж. 3–17 ақпан аралығында Старая Руссаның шығысында немістердің қорғаныс шебін бұзып, Панфилов дивизиясымен бірге жау тылына 150 километрлік жорық жасай отырып, Холм қаласына жетті. Осы ұрыстарда немістердің 16-армиясын қоршауды аяқтап, 56 елді мекенді азат етті, 2 мыңнан астам басқыншының көзін жойды<sup>2</sup>. Ақпанның екінші жартысында және наурыздың бірінші жартысында бригада Локня – Холм тас жолы бойындағы шепті ұстап, гитлершілердің біздің әскерлеріміз қоршап алған Холм гарнизонымен қосылуға тырысқан барлық әрекеттерін іске асырмай тастады. Корпус командирі арнаулы бұйрықпен бригада құрамына алғыс жариялады, онда: «Барлық қызыл флотшыларды, командирлер мен саяси қызметкерлерді қанша ерлік көрсеткені және өжеттігі үшін үкімет наградаларына ұсынуға бұйырамын»<sup>3</sup>, – делінген. 1942 ж. 17 наурызда бригада 3-гвардиялық атқыштар бригадасы, ал 21 мамырда 27-гвардиялық атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды да, Сталинград майданына жөнелтілді<sup>4</sup>.

Дивизия құрамы республиканың әр түкпірінен келген қазақстандықтардың есебінен толықтырылды. 1942 ж. 23 тамызда 27-гвардиялық атқыштар дивизиясы генерал К.А.Ко-

<sup>1</sup>Қараңыз: Қазақ Совет Энциклопедиясы. 4-том, 438-бет.

<sup>2</sup>Қазақ Совет Энциклопедиясы. 5-том, 106-107-беттер.

<sup>3</sup>Қараңыз: «Правда», 1966 ж. 24 қараша.

<sup>4</sup>Қазақ Совет Энциклопедиясы. 4-том, 427-бет.



валенко басқарған армияның қатарына қосылып, Тянь-Шань станциясынан Нижне-Гниловск, Вертячи бағытында қорғаныс ұрыстарын жүргізді. 4-танк армиясының әскери кеңесінің 1942 ж. 7 қазандағы бұйрығында Сталинградтың солтүстік-батысында ұрыс жүргізген 27-гвардиялық атқыштар дивизиясының жеке құрамаларына алғыс жарияланды<sup>1</sup>.

Сталинград майданындағы қарсы шабуыл алдында дивизия жауынгерлері арасында 30 ұлттың өкілдері болды. Кең көлемді саяси жұмыс жүргізілді. Жаңа толықтырылған құрамдағы жауынгерлер бөлімнің Қызыл Туы алдында гвардиялық ант берді.

Гвардияшылар 1942 ж. 1 желтоқсанына дейін үздіксіз ұрыс жүргізді. Осы уақыт аралығында олар 150 километр алға жылжып, 10 елді мекенді азат етті, жаудың 1500 солдатты мен офицерінің көзін жойды, 29 танкісі мен өздігінен жүретін зеңбірегін, басқа да көптеген құрамаларды талқандады. Сталинградты қорғауда және қарсы шабуылға шыққан кезіндегі жауынгерлік ерлігі үшін 27-гвардиялық атқыштар дивизиясының 1213 жауынгері мен офицері үкімет наградаларын алды, ал дивизиялар туына Қызыл Ту ордені қадалды<sup>2</sup>.

27-гвардиялық атқыштар дивизиясы Клетск плацдармынан өзі шабуылға кірген үш аптаның ішінде жаудың бекініс шебін бұзып өтіп, 3300 солдатты мен офицерін жойып, 1900-ге жуық адамын тұтқынға алды<sup>3</sup>. Донбасты, Запорожье мен Солтүстік Тавриені азат етуге қатысқан дивизия гитлершілердің төрт полкін, екі барлау отряды мен бір батальонын талқандап, жаудың 5 мыңдай солдатты мен офицерінің көзін жойды<sup>4</sup>.

27-Қызыл тулы гвардиялық атқыштар дивизиясы (командирі – В.С.Глебов, комиссары – Д.П.Никишин) жауынгерлерінің Одесса бағытында жүргізген ұрыстарда көрсеткен ерлігі де сүйсінерлік. Атап айтқанда, олар дұшпанның Ингулец өзеніндегі қорғанысын бұзып, Новый Буг селосы мен оның жанындағы жол тораптарын азат етуге қатысты, операция аяқталар кезде Одессаны солтүстігінен және солтүстік-батысынан айналып өтіп, томенгі Днестрге шықты. Дивизияның жеке құрамының осы шайқастардағы ерлігі

<sup>1</sup>Белан П.С. Казахстанцы в Сталинградском сражении. - В кн.: Казахстан в годы Великой Отечественной войны. Вып. 1, с. 44.

<sup>2</sup>Артемьев А.П. Көрсетілген еңбек, 124-125-беттер.

<sup>3</sup>«Қазақстан коммунисті», 1983, № 1, 83-бет.

<sup>4</sup>Ершов А.П. Освобождение Донбасса. М., 1973, с. 117.

мен қаһармандығы жоғары бағаланып, оған «Новобуттік дивизия» деген құрметті атақ берілді. Дивизия туына екінші орден II дәрежелі Богдан Хмельницкий ордені қадалды. Шабуылды өрістете отырып, 27-гвардиялық дивизия мен оның көршілері көктемгі лайсаңға қарамастан, одан әрі ілгеріледі, сөйтіп, наурыздың орта шенінде Жаңа Одессаға шығып, шайқаса отырып, Оңтүстік Бугтан, Тилигулдан және бірнеше су жайылмаларынан өтті, содан соң олар Одессаны солтүстіктен және солтүсік-батыстан орағыта айналып, көрші құрамаларға осы ірі портты қаланы азат етуге көмектесті.

Люблин-Брест операциясы кезінде 8-гвардиялық армия 18 шілде күні жау қорғанысын бұзып, Батыс Буг өзеніне шықты. Бұл армияның қатарында генерал В.С.Глебов бастаған 27-гвардиялық атқыштар дивизиясы да болды.

Дивизияның саяси ұйымы Кеңес үкіметінің саясаты мен Қызыл Армияның фашистерден өз елі мен көрші халықты азат ету жолындағы күресінің мақсатын түсіндіруге үлкен жұмыс жүргізді, поляктар үшін арнайы газет шығарып тұрды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде, Батыс бугтағы поляктар 27-гвардиялық атқыштар дивизиясының әскерлерін өздерінің туыстарындай құшақ жая қарсы алды. Поляк азаматтары кеңес әскерлеріне миналанған жерлерді көрсетіп, оларды тазартуға ат салысты. Мысалы, Анна Рудковская 32 минаны залалсыздандыруға көмектесті<sup>1</sup>. Көптеген поляк азаматтары кеңес жауынгерлерін аман сақтап қалу үшін өз қандарын берді.

27-гвардиялық атқыштар дивизиясының қазақстандық жауынгерлері С.П.Храпко (Батыс Қазақстан облысы), М.Ю.Левин (Петропавловск), К.Рысқалиев (Гурьев), Н.Дарынбаев (Қызылорда облысы), К.Құстаев (Павлодар облысы), К.Мұқанов (Ақмола облысы), тағы басқа жауынгерлер Висла өзенінен өтуде және оның арғы жағалауын алуда ерлік көрсетті. Осы ұрыстарда батальон командирі Б.С.Верижников пен бөлімше командирі П.Бочек Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

1-Белорус майданы шабуылды 1945 ж. 14 қаңтарда бастады. 8-гвардиялық армия (оның құрамында 27-гвардиялық ат-қыштар дивизиясы бар) Магнушев плацдармында шабуылға шақты. Дивизияға гитлершілердің қорғанысын бұзып, барлық үш позицияны алу, Радом қаласына баратын жолдағы темір жолды кесіп өтіп, Едлинскінің солтүстігіне

<sup>1</sup>Крайнюков К.В. От Днепра до Вислы, М., 1971, с. 291-295.

шығу тапсырылды. Әскерлер бұл тапсырманы толығымен орындады. Он бір күн бойы шайқаста 27-гвардиялық атқыштар дивизиясының жауынгерлері 2300 гитлер солдаттарының көзін жойып, 1841 фашисті тұтқынға түсірді<sup>1</sup>. Шайқас кезінде 83-гвардиялық атқыштар полкінің зеңбірекшісі Ю.М.Левин, 76-гвардиялық атқыштар полкінің пулеметшілер взводының командирі К.Б.Мұқанов, 74-гвардиялық атқыштар полкінің рота командирі В.Байсмаков, автоматшы Т.Әбдірахманов көзге түсті.

1945 ж. 17 қаңтарда Польшаның астанасы Варшава азат етілді. Оны азат етуге де көптеген қазақстандықтар қатысты. 25 қаңтарда 27-атқыштар дивизиясы Познань қаласын нысанаға алды. Оны 62 мың гитлерші қорғап тұрған болатын. Познань үшін болған шайқаста 74-гвардиялық атқыштар полкі 1-атқыштар батальоны байланыс взводының командирі, ақтөбелік коммунист Тоқсанбай Бекмұрзин ерлерше шайқасты. Қандай қиын жағдайда да ол байланысты жалғастырып отырды. Познаньды алуда Кеңес Армиясы 25 мың фашистің көзін жойып, 23 мыңын (ішінде генерал Маттерно бар) тұтқынға алынды. Магнушев плацдармында болған шайқастың барысында 27-гвардиялық атқыштар дивизиясы 3-поляк жаяу әскер дивизиясымен кездесті. Өз жерлерін азат етуге КСРО жерінде құрылған поляк бөлімдері де қатысты. Қыркүйектің басында генерал Батов бастаған 65-армияның әскерлері Пультус және Сероцк аудандарындағы плацдармды алды. Бұл шабуыл барысында Г.Канцев, С.Токарев, В.Иванчиков және тағы басқа да қазақстандық жауынгерлер көзге түсті. Бұл жауынгерлерге Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілді<sup>2</sup>.

Берлин үшін болған шайқасқа, генерал-полковник В.И.Чуйков басқарған 2-гвардиялық армияның құрамында, новобүгтік Қызыл Тулы, Богдан Хмельницкий орденді 27-гвардиялық дивизия да қатысты. 1945 ж. 19 сәуір күні олар көрші құрамалармен біріге отырып, Минхеберг – Еггерсдорф маңындағы жау тылына басып кірді.

27-гвардиялық дивизия 24 сәуірде Моганесталь аэропортын иеленіп, Тельтов каналына жақындады. Көпірді алған жауынгерлер Брига қаласына кіріп, сол күні қаланы фашистерден азат етті. Олардың ендігі мақсаты Берлиннің орталығына шабуыл жасау еді, бірақ тағы да Тельтов каналы бөгет жасады.

<sup>1</sup>Қазақстан в Великой Отечественной войне, т. 2, с. 166.

<sup>2</sup>Қазақстан в Великой Отечественной войне, т. 2, с. 116.

27-гвардиялық дивизия 26 сәуірде Темпельгоф темір жол станциясын, 27 сәуір күні таңертең Темпельгоф аэропортын қолға түсірді. Ал 30 сәуір күні құраманың 83-полкі Ангальт вокзалын алды<sup>1</sup>.

27-гвардиялық дивизия үш тәулік бойы шегінген жауды үздіксіз өкшелеп қуып отырып, Дидерсдорф, Янсфельде, Егерсдорф, Шенфельде, Кинбаум, Нейбаденгрюн қалаларын гитлершілерден босатты.

Берлиннің орталық аудандарын алу үшін ауыр шайқас басталды. Мұнда да 27-гвардиялық дивизия ерекше көзге түсті. 1 мамыр күні құраманың бөлімдері Тиргартен паркінің оңтүстік-шығысына шығып, 3-екпінді армияның жауынгерлермен қосылып, Рейхстаг гарнизонын талқандады. Одерден Берлиннің орталығына дейін 27-гвардиялық дивизия 29 елді мекенді азат етіп, Кальк көлі, Шпрее және Дамме өзендерінен, Ландвер және Тельтов каналдарынан өтті. Жаудың 6,5 мың солдаты мен офицерін жер жастандырып, 55 танкісін, 112 зеңбірегін, т.б. қару-жарағын жойды. 2856 фашисті тұтқынға алып, 15 ұшағын, 44 танкісін, 31 қоймасын қолға түсірді<sup>2</sup>. Сөйтіп, 27-гвардиялық дивизия Одер өзенінен бастаған өзінің жорық жолын Берлинде аяқтады. Осы шайқастарда көрсеткен ерліктері үшін Жоғарғы Бас Қолбасшы дивизияға алғыс жариялап, «Берлиндік дивизия» деген құрметті атақ берді. Дивизия командирі В.С. Глебов Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

### **8) 151-атқыштар бригадасы**

151-атқыштар бригадасы 1941 ж. аяғында Қостанайда жасақталды. Командирі Л.В.Яковлев, әскери комиссары Столяров болды.

Бригада 1942 ж. 17 шілдеде майданға кіріп, немістердің Демян штабын (Солтүстік-батыс майдан) негізгі күштерімен байланыстыратын «Рамушев дәлізін» құртуға қатысты.

1942 ж. қыркүйекте Ловат өзенінде, Ильман көлі мен Старая Русса аралығында қорғаныс ұрыстарын жүргізген бригада 150-атқыштар дивизиясына 756-атқыштар полкі ба-рып қосылды<sup>3</sup>.

Дивизия РСФСР-дің солтүстік батыс аудандарын, Лат-

<sup>1</sup>Белан П.С. Казахстанцы в Берлинской операции. - В кн.: Казахстан в Великой Отечественной войне, вып. 2, с. 193.

<sup>2</sup>Белан П.С. Казахстанцы в Берлинской операции. - В кн.: Казахстан в Великой Отечественной Войне, вып. 2, с. 194.

<sup>3</sup>Қазақ Совет Энциклопедиясы, 4-том, 522-бет.

вияны, Польшаны азат етуге, Берлинді алуға ат салысып, «иддрицкілік және берлиндік дивизия» құрметті атақтары мен II дәрежелі Кутузов орденіне ие болды.

Берлинге кірген кеңес бөлімдері мен құрамаларының арасында орталық көшелерді басып алу мен Рейхстагқа Жеңіс Туын тігу жолындағы жарыс кең өрістеді. Көпір мен Рейхстагқа шығар жолда «Гиммлер үйі» деп аталған ішкі істер министрлігінің 6 қабатты ғимараты кедергі болды.

Қабырғаны тесіп «Гиммлер үйіне» бірінші болып Ақмола ауданының түлегі, лейтенант Рахымжан Қошқарбаев взводының жауынгері өтті. Жас жауынгер және оның достары ерлікпен шайқасты, бірақ үйді алу үшін бұл күш жеткіліксіз еді. Көмекке Нестроевтің батальонының жауынгерлері келді де, 30 сәуір күні таңға қарай «Гиммлер үйі» алынды.

Таңғы тұман арасынан жауынгерлер үлкен сұр үйді көрді. Мұның Рейхстаг екендігі анықталған кезде, серпіліс басталды. 756-полктің командирі полковник Зинченко былай деп еске түсірді. «Рейхстаг біздікі. Ура! Ура! – деп жауынгерлер айкайлап жатты. Мен оларға: «Оны әлі алу керек», – дедім. Рейхстагтың оңы да, солы да толы жау еді. Ал маған жауынгерлер: «Жолдас полковник, «біз Рейхстагты алдық» деп баяндай беруіңізге болады. Бәрібір біз оны аламыз», – деп жауап берді»<sup>1</sup>.

Рейхстагты рейх гитлершілерінің мемлекеттік саяси күшінің символы еді, ал Берлин үшін болған ұрыс кезінде кірпіш пен тастан тұрғызылған 2 қабатты үй қорғаныс орталығына айналды.

Рейхстаг мұнда 27 сәуір күні ұшақпен жеткізілген СС тобы мен 5-әскери-теңіз мектебінің курсанттарынан тұратын оберштурмбанфюрер Бабиктің құрама отряды қорғады. Бабиктің құрама отрядының саны шамамен 2 мың адам болды, ал қарулары Рейхстаг маңындағы ашық позицияларда тұрған артиллеристер мен зенитшілерді қосқанда мұнда 5 мыңға жуық офицер мен солдат қорғанып тұрған еді.

30 сәуір күні сағат 12-де артиллерия мен минометтер қаланы атқылады. Рейхстаг үйі мен оның айналасындағы кеңістік түтін мен шаңға көмілді. Артиллерия атысын бүркемеленіп, жаяу әскер көтерілді. 756 және 674-полктің жауынгерлері мен офицерлері орға жақындап келіп, кездейсоқ сақталған көпір арқылы одан әрі өте бастады. Бірақ ары қарай жүру мүмкін болмады. Тек ержүректің аз ғана тобы

<sup>1</sup>Зинченко Д. Со знаменем Победы. - В кн.: Штурм Берлина, с. 399-400.

Рейхстаг қабырғаларына жетіп, онда өз бөлімдерінің жаулауын қадады. Бірақ көп ұзамай олармен байланыс үзілді. Рейхстагқа дейін 120 метрдей ғана жер қалды, бірақ оны жүріп өту өте қиын еді. Тек көршілерінің көмегімен ғана полковник А.И.Негоды басқарған 171-атқыштар дивизиясы «дипломатия» өкілдерінің орамы мен Карл көпірін жаудан тазартуды аяқтады. Полковник В.М.Астафоттың 207-дивизиясы Тиргартен паркінің рейхстагқа жалғасып жатқан бөлігін атқылады. Бұл Рейхстагтың оң жақ қанатындағы фашистердің атыс ұясын әлсіретті.

Сағат 18-де Рейхстагға тікелей шабуыл басталды. Бұл жаңа, соңғы атакада осы уақытқа дейін резервте тұрған 756-полктің аға сержанты Сьянов бастаған 1-атқыштар ротасы маңызды рөл атқарды.

Артиллериялық дайындық кезінде ротаның 83 солдаты мен сержанты «Гиммлер үйінен» шабуылға шығып, атқылау тоқтаған сәтте ордан өтіп үлгерді, ендігі жерде кеңестік батырларды еш нәрсе де токтата алмады. Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып аға сержант И.Я.Сьянов ұмтылды.

Шабуыл қарсаңында рота командирінің орнын басқан Сьянов адамдарын взводтар мен бөлімшелерге шеберлікпен бөліп, оларға алға қарай жылжудың жолын дәл көрсетіп бере білді, әрбір жауынгердің ұрысқа дайындығын ұқыптылықпен тексеріп шықты.

И.Я.Сьяновтың ротасы Рейхстаг қабырғаларына бірінші болып жетті, тоқтамастан граната лақтыра отырып, ішке енді. Онымен бір мезгілде оңтүстіктен Рейхстагқа 674-полктің екі батальоны келіп жетті, солтүстіктен 171-дивизия 280-полкінің бірінші батальоны лап қойды. Екінші қабаттың негізгі кіре беріс колонналарының терезелерінде Рейхстагқа кірген бөлімдердің, бөлімшелер мен топтардың қызыл тулары желбіреді. 22 сағат 50 минутта Рейхстаг төбесіне – қазіргі күні жер жүзінде Жеңіс Туы ретінде және Кеңес Қарулы Күштерінің жауынгерлік даңқының ұлы дәстүрі ретінде белгілі болған 3-Екпінді армияның Әскери Кеңесінің Қызыл Туы тігілді.

Рейхстагтан шығу мүмкін емес екеніне көз жеткен соң фашистер Рейхстагты өртеді. Рейхстаг коменданты болып тағайындалған полковник Зинченко бөлімшелерге өрт кезінде үйді тастап кетуге рұқсат берді. Бірақ жауынгерлер қалуға ұйғарды. Жалын арасында бірнеше жаралылар өлді, көптеген жауынгерлердің киімдері күйді, бірақ бірде-біреуі ұрыс алаңынан кеткен жоқ.

Фашистерге «дипломатиялық» тәсілдер де көмектеспеді. Олар 3 рет ақ жалау тастап, берілу туралы келіссөз ұсынды. Бірақ алғашқы екі кездесу де нәтижесіз аяқталды. Фашистер үшінші рет елші сұрағанда және оның генерал шенінде болуын талап еткен кезде бір автоматшы мен аудармашыға қосып аға сержант И.Я.Сьянов жіберілді. Гитлер генералдары мен офицерлерін осындай төменгі дәрежелі жауынгермен келіссөз жүргізу туралы ойдың өзі үрейлендірді, бірақ жағдайға байланысты бұған келісуге мәжбүр болды және біздің жерлесіміз өзіне берілген тапсырманы тамаша орындай білді. 2 мамыр күні сағат 7-де Рейхстаг гарнизоны мен фашист астанасының орталық бөлігі берілді.

Жеңіс туы Рейхстаг үстінде желбіреді. Рейхстагті штурммен алғандардың ішінде оған бірінші болып кірген ротаны Қостанай облысы Семиозер ауданының түлегі, рота командирі және партрогы И.Я.Сьянов басқарды. И.С.Сьянов ротасының және басқа бөлімшелердің автоматшыларының қолдауымен барлаушылар Егоров пен Кантария Рейхстаг үстіне жеңіс туын қадады. Ал іле И.Я.Сьянов Берлинде қадалған жеңіс туымен Мәскеуге аттануға бұйрық алды. 1945 ж. 15 шілдеде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Армияға Ақмола аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылған Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагті алудағы ерлігі үшін Қызыл Ту орденімен наградталды<sup>1</sup>.

Рейхстагқа шабуыл жасаған 150-дивизия жауынгерлерінің ерлігі жоғары бағаланды. 1945 ж. 11 шілдедегі Жоғарғы Бас Қолбасшының бұйрығымен дивизияға «берлиндік дивизия» деген құрметті атақ берілді.

Бұлардың қатарында өзінің жауынгерлік жолын 151-бригадада, Ильмен көлінің жағасынан бастаған ардагерлердің үлкен тобы бар еді: дивизия клубының бастығы, лейтенант Бактияр Әлиев, жүргізуші, ефрейтор П.Барзилов, санитарлық нұсқаушы, сержант Бабек Бектұров, телеграфшы сержант А.Волочаев, минометшілер командирі, аға сержант Г.Гаркуше, атқыштар взводының командирлері, кіші лейтенант-тар Қабдолла Нұскенов пен Қасым Метов, танк жойғыш зеңбірек батареясының командирі, кіші сержант Қадық Сәрсембаев, батальон парторгы, аға лейтенант С.Сидров және кіші лейтенант Ғалымжан Шәкіров, батальон комсоргы, кіші лейтенант А.Шарафутдинов, дивизия штабының барлау

<sup>1</sup>«Қазақстан үгітшісі», 1985, №7, 18-бет.

бөлімінің бастығы, капитан Б.Чуперта және басқалары болды. Бұл күнде 150-атқыштар дивизиясының жауынгерлік туы Мәскеудегі Ресей Қарулы Күштерінің Орталық Әскери мұражайында сақтаулы тұр.

### 9) Ұлттық құрамалар

Қазақстанда ұлттық құрамалар да жасақталды. Оларды жасақтау туралы бастаманы соғыстың алғашқы қатерлі кезеңінде одақтас республикалар халық комиссариаттары көтерген болатын. Осыған орай, мемлекеттік Қорғаныс Комитеті 1941 ж. 13 қарашада қаулы қабылдады. Осыдан соң Қазақстан мен Орта Азия, Закавказье республикаларында ұлттық құрамалар жасақтау жұмысы басталды. Ұлттық құрамалардың жауынгер құрамы, ат-көлігі, киімі, қару-жарағы, олар толық жасақталып, Қорғаныс Халық Комиссариатына өткізілгенше, республиканың ішкі ресурсы арқылы жабдықталатын болды. Жергілікті кеңес және әскери органдар жүргізген ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде, қысқа мерзім ішінде ірі-ірі ұлттық құрамалар жасақталды. Бұл іс республика еңбекшілері тарапынан патриоттық қолдау тапты. Олардың көпшілігі өз еркімен ұлттық құрамаларға баруға тілек білдіріп отырды. Тек Семей облысынан ғана қысқа мерзім ішінде осындай тілекпен 3000 адам, оның ішінде 450 әйел өтініш берді<sup>1</sup>. Мұндай өтініштер республиканың барлық жерінен де түсіп жатты. Соғыстың тек алғашқы кезеңінде ғана Қазақстанда 3 ұлттық атты әскер дивизиясы, екі ұлттық атқыштар бригадасы жасақталды. Олар 105, 106, 96-атты әскер дивизиялары мен Ақтөбеде жасақталған 101, Алматыда жасақталған 100-ұлттық атқыштар бригадалары еді.

Жоғарыда аталған 105, 106 және 96-атты әскер дивизиялары Жамбыл, Ақмола, Өскемен қалаларында ұйымдастырылды. Алғашқы екеуі: 105, 106-дивизиялары 1941ж. қараша-желтоқсан айларында құрылса, 96-атты әскер дивизиясы 1942 ж. ақпан-наурыз айларында жасақталды. 96-атты әскер дивизиясы 1942 ж. сәуірде майданға жіберілді. Бірақ соғыстағы жағдайға байланысты, құрама басқа бөлімдерді толықтыруға пайдалану үшін таратылып, әр түрлі құрамаларға бөлініп кетті<sup>2</sup>.

Сол сияқты 106-атты әскер дивизиясы жасақталып болар-болмастан, 1942 ж. наурыз-сәуір айларында таратылды.

<sup>1</sup>Қараңыз: Қазақ Совет Энциклопедиясы, 6-том, 324-бет.

<sup>2</sup>Қараңыз: Қазақ Совет Энциклопедиясы, 11-том, 86-бет.



Бұл дивизияның адам құрамы басқа әскери бөлімдерге ауыстырылды немесе олардың негізінде жаңа әскери бөлімдер құрылып, кеңес-герман майданының әр түрлі учаскелеріне жіберілді.

105-дивизия бөлімдері 1942 ж. тамызына дейін әскери даярлықтан өтіп, сонан соң майдан сапарына дайындалды. Тамыз айында атты әскер дивизиясының эскадроналары мен полктері Мәскеу түбіне жеткізілді.

1942 ж. желтоқсан айында майданда аз уақыт болған соң, Мәскеу түбінде толықтырылып, осы дивизияның негізінде 6-гвардиялық әуе десанты дивизиясы болып қайта құрылды. Ол 1942–1943 жж. Старая Русса түбінде қоршауға алынған немістің 16-армиясына қарсы шайқасқа түсті.

1943 ж. жазында атақты Курск шайқасына қатысып, Белгород-Харков бағытында қимыл жасады. Дивизия бұл кезде Дала майданына қарасты генерал-лейтенант А.С.Жадов басқарған 5-гвардиялық армияның басқа да құрамаларымен бірге 1943 ж. 29 қыркүйекте Кременчуг қаласын жаудан азат етті. Енді бұдан былай ол 6-гвардиялық Кременчуг әуе-десанты дивизиясы деп аталатын болды. Бұл кезде 6-гвардиялықәуе-десанты дивизиясының командирі полковник Смирнов болатын<sup>1</sup>.

Біздің жерлестеріміздің, әсіресе капитан Б.Доскенов басқарған батальонның ерлік істері дивизия органы «Отан абыройы үшін» газетінің 1943 ж. 5, 13 тамыздағы нөмірінде әңгімеленеді. «Правда» газеті де дәл осы кезде: «... капитан Доскенов бастаған атқыштар батальоны асқан ерлікпен тіке шабуыл жасап, жауды бірнеше маңызды бекіністерден қуып шықты», – деп жазды.

## **§2. МӘСКЕУДІ ҚОРҒАҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАЛАРЫ**

Атты әскер дивизияларымен қатар Қазақстанда дербес атқыштар бригадалары да құрылды. Бұлар 100 және 107-дербес атқыштар бригадалары еді. Енді осы бригадалардың жауынгерлік жолына тоқталайық.

100-ұлттық дербес атқыштар бригадасын құру ісі 1941ж. желтоқсанында басталды да, оның қалыптасуы 1942ж. наурызында аяқталды. Бригада Алматы қаласында жасақталды, оның қатарына келіп сапқа тұрғандар, негізінен,

<sup>1</sup>Конов И.С. Записки командующего фр-онтом. 1943-1944. М., 1972, с. 61-62.

Қазақстанның Алматы, Шымкент, Семей, Шығыс Қазақстан, Талдықорған, Жамбыл облыстарынан келгендер еді.

Атқыштар бригадасының командирлігіне полковник В.Е.Шевцов, комиссарлығына «Социалистік Қазақстан» газетінің сол кездегі редакторы Сақтаған Бәйішов және саяси бөлім меңгерушілігіне Әбдірахман Досанов тағайындалды.

100-ұлттық дербес атқыштар бригадасының құрамында 1942 ж. желтоқсанында мынадай бөлімдер: 1, 2, 3-атқыштар батальоны, миномет батальоны, артиллерия дивизионы, барлаушылар, автоматшылар, саперлер, автомобиль, санитарлық роталар болды. Кейіннен 1942 ж. 5 мамырда бригада құрамына тағы бір батальон, яғни 4-дербес атқыштар батальоны қосылды. Бригаданың құрамында 1942 ж. ортасында бес мыңдай адам болды<sup>1</sup>.

Қаһарлы 1942 жылдың желтоқсаны. Бригада жаңа құрылып, жасақталып жатқан кез. Қызыл Армия неміс-фашист әскерлерін Мәскеу түбінде талқандап, қарсы шабуылға шыққан болатын. Қазан-қараша айлары кезінде Мәскеу бағытын қорғасып, ауыр ұрыстарға қатысқан қазақстандық 8-гвардиялық дивизияның қатарын толықтыру қажет болды. Осы жағдайға байланысты 1941 ж. 24 желтоқсанда 100-дербес атқыштар бригадасының құрамынан 1700 жауынгер мен кіші командир майданға жөнелтілді.

Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамын толықтыруға 1942 ж. 18 сәуірінде 100-бригададан тағы да 594 жауынгер мен кіші командир аттанды<sup>2</sup>.

Сөйтіп, 100-ұлттық дербес бригада соғысқа аттанғанға дейін өз құрамынан екі рет 8-гвардиялық дивизияның құрамын толықтыруға адам жіберді. Бригада құрамынан барлығы 1194 қазақ жауынгері майданға жөнелтіліп, даңқты панфиловшы-гвардияшылардың қатарын толықтырды. Бұл барғандардың алдыңғы тобының ішінде Панфилов дивизиясының атын шығарған даңқты ерлердің бірі Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаров бар еді. Ол Өскемен (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысындағы Лениногор түсті металл комбинатында жұмыс істеп жүрген жерінен 1941 ж. желтоқсанында жаңа құрыла бастаған қазақтың 100-дербес атқыштар бригадасының жауынгерлік сапына өз еркімен сұранып келіп қосылған еді.

<sup>1</sup>Нұршайықов Ә. Жауынгер жігіттер. «Қазақстан Коммунисті», 1984, №11, 70-71-беттер.

<sup>2</sup>Нұршайықов Ә. Көрсетілген еңбек.

1942 ж. 12 қаңтарда бригада жауынгерлері салтанатты түрде Қызыл Армияның әскери антын қабылдап, өздерінің Отанға, Коммунистік партияға деген шексіз сенімдерін білдірді.

Сәуір айының 12-сі күні болған бригаданың бөлімдері жазғы лагерьге шығып, Үлкен Алматы өзенінің бойына, «Екінші бес жылдық» колхозының маңына орналасты. Жауынгерлер әскер өнерін үйреніп, жаттығулар жасап, майданға аттануға даярланумен болды. Бригада құрамы майданға жіберілгендердің орнына жаңа адамдармен қайта толықтырылып болды. Мамырдың 5-і күні тағы бір дербес атқыштар батальоны құрылды. Енді бригадада төрт дербес атқыштар батальоны болды.

Шілде айының 7-сі күні салтанатты жағдайда бригадаға КСР Үкіметінің жауынгерлік Қызыл Туы тапсырылды. Бригада жауынгерлері Үлкен Алматы шатқалындағы жазғы лагерьге жайғасып, төрт ай бойы әскери даярлық жасады.

КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының 1942 ж. 9 тамызда-ғы бұйрығы бойынша, 100-ұлттық дербес атқыштар бригадасы Алматыдан Мәскеу облысының Бабушкин қаласына жеткізілуге тиіс болды. Бригада жауынгерлері отырған алғашқы эшалон I Алматы станциясынан 9 тамызда жолға шықты. Ал 27 тамызда бригаданың соңғы бөлімдері Бабушкин қаласына келіп жетті, сөйтіп, бригада бұйрық бойынша белгіленген жаңа орынға жайғасты<sup>1</sup>.

Жаңа жерге жайғасқаннан кейін құрама бөлімдері жоспарлы әскери және саяси әзірлікті жалғастыра берді. Қазанның 1-і күні құрамаға салтанатты жағдайда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жауынгерлік Қызыл Туы тапсырылды. Арада бірер күн өткеннен кейін бригада жорық жолымен 78 километр жүріп, Мәскеу облысының Наро-Фоминск ауданындағы Алабино лагеріне келіп жайғасты да, келесі бұйрықты күтті. Бұл бұйрық та көп күттірген жоқ. Мәскеу Әскери округінің 1942 ж. 9 қазандағы бұйрығы бойынша 100-бригада Калинин майданына беріліп, келесі күні-ақ құрама майдан шебіне қарай бет түзеді. Ол Калинин майданының 39-армиясының құрамына кіріп, 25 қарашада Молодой Туд өзені мен деревнясы маңында басталған алғашқы ұрысқа қатынасты<sup>2</sup>. 25 қарашадан 2 желтоқсанға дейінгі аралықта Волга өзенінің жоғарғы, оң жақ сағасы

<sup>1</sup> Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941-1945 жж.), Алматы, 1985, 126-бет.

<sup>2</sup> Кирсанов Н. А. В босвом строю народов братьев. М., 1984, с. 99.

болып табылатын Молодой Туд өзенінен бастап, Олено село­сына қарай шабуыл жүргізді. Бұл село жаудың негізгі бекінісі еді.

Бірнеше күнге созылған шайқастарда бригаданың жауынгерлері көптеген елді мекендерді, атап айтқанда, Тройня, Медвежевка, Большое Приволье, Березка, Толкачева, Вош­левское деревняларын және басқа да селоларды жаудан тазартты<sup>1</sup>.

Бригада жауынгерлері арасында жеңіске деген сенім, жауға деген өшпенділік, әскери антқа адалдық, қайсарлық пен табандылық жоғары болды.

1942 ж. 2 желтоқсанға дейінгі ауыр шайқастарда бригада 9 село мен деревняны босатып, жаудың Сталинградқа жібермекші болған ірі күштерін тежеп тұрды.

39-армия құрамында соғыса отырып, 100-дербес атқыштар бригадасы жаудың ірі күштерін ұстап тұру, олардың оңтүстікке – Сталинград майданына, Кавказға барып шоғырлануына мүмкіндік бермеу сияқты маңызды стратегиялық міндеттердің шешілуіне өз үлесін қосты. Алайда ауыр ұрыстардың алғашқы күндерінде бригада әр алуан тактикалық қиындықтарға кездесіп, көп шығынға ұшырады. Осы шайқастарда батальон комиссары Хатжан Әлжанов пен Сақипов сияқты қаһарман командирлеріміз, Қарабек Бұрышбаев, Төрбек Токмағамбетов, Ақай Әлин, Дінмұхамбет Шынғаев тәрізді көптеген батыр сержант, қатардағы ер жүрек жауынгерлеріміз ерлік көрсетті, Отанымызды зұлым жаудан азат ету жолында қаза тапты<sup>2</sup>.

1942 ж. желтоқсан айында 100-дербес атқыштар бригадасы боран жамылып, қар кешіп, тығыз түрде Великие Луки қаласына жетті. Калинин майданының жоғарыда аталған қараша шабуылы басталғанда 3-Екпінді армия жау қолындағы Великие Луки қаласын қоршап алып, қала гарнизонында қалған тоғыз мыңдай фашист әскерін талқандауға кірісті. Өйткені қала ортасындағы қамалға бекінген гарнизонның бастығы подполковник Фон Засс тізе бүгуден бас тартты. Осыдан кейін неміс командованияесі Гитлердің бұйрығы бойынша, қоршауда қалған гарнизонды құтқарып алуға бес ірі әскери құрамасын бағыттап (үш жаяу әскер дивизиясы мен екі механикаландырылған танк дивизиясы), жанталасып жатқан кезі еді. Бұл шақта Великие Луки ауданында біздің

<sup>1</sup>Бұл да сонда, 99-100 беттер.

<sup>2</sup>Нұршайықов Ә. Жауынгер жігіттер. «Қазақстан Коммунисті», 1984, № 11, 72-бет.

әскерлер қиян-кескі ұрыс жүргізді. Осы қиын-қыстау кезеңде 250 километрлік марш жасап, 100-бригада Великие Лукиге жетті. Енді бригада 3-Екпінді армияның құрамына кірді.

Великие Лукиге жетісімен, бригада бірден ұрысқа кірді. Бірақ сыртқы шеңберіне, Ширипино-Макарово ауданына жіберілді. Бұл бағытта фашистер танктер мен жаяу әскерлерін шоғырландырып жатқан еді. Новосокольникіден шыққан жау колонналары осы бағытқа қарай үсті-үстіне ағылумен болды. 3-Екпінді армияның қолбасшысы генерал-лейтенант К.Н.Галицкий біздің әскерлер қоршауға алған Великие Лукиге төніп келе жатқан осы қара күштің алдына тосқауыл етіп 100-атқыштар бригадасы мен 45-механикаландырылған бригаданы шығарды.

Жау бомбасы тынымсыз жарылып жатқан аса қиын жағдайда бригада бөлімдері қорғаныс шебіне жайғасты. 1943 ж. 5 қаңтарда таңертең гитлершілер аз ғана артиллериялық дайындықтан кейін майдан шебін тар көлемде бұзып өтіп, қалаға кіру үшін шабуылға шықты. Бұл аядай жерге дұшпан 205-жаяу әскер дивизиясын, 20-моторлы дивизиясын және 30 танк пен өздігінен жүретін зеңбіректерін шоғырландырды. Гитлершілер Великие Лукиге ұрымтал жерден кіріп, қаланы қайта басып алуды ойлады, тым болмаса қоршаудағы гарнизонын құтқарып әкетуге тырысты.

Новосокольникіден келіп, Великие Лукиге кіретін тас жол бойына жағалай жайғасқан бригада бөлімдері артиллеристер, жаяу әскер күші болып жаумен жағаласып, оның дүркін-дүркін шабуылын бірінен соң бірін тойтарып отырды.

Кіші лейтенант Мағзұм Көшеков жараланса да, ұрыс даласынан кетпеді. Өз жігіттеріне басшылық етіп, танкіге қарсы ататын мылтықпен, өңмендеп келе жатқан екі танкіні істен шығарды. Артиллерия дивизионының үшінші батареясындағы бұрынғы взвод командирі, қаһарман лейтенант Хажым Көшековтің көмекшісі сержант Рымбек Байсейітов басқарған взводтың екі расчеті ерекше ерлік көрсетті: сержант Әбдірахман Баймурзин мен қызыл әскер Мұқан Омарбаев және Байсейітов үшеуі бес танк, ал екінші расчеттағы саяси жетекшінің орынбасары Мырзаби Ерназов пен кіші сержант Халел Айбасов үш танкті өртеді. Батарейаның қалған екі зеңбірек расчеті да ерлік көрсетті. Үшінші батареяның төрт расчеті қасықтай қаны қалғанша жаумен арпалысып, мерт болды. Олардан Рымбек Байсейітов пен Мұқан Омарбаев қана тірі қалды.

Бригада 1943 ж. 5-12 қаңтар аралығында ауыр ұрыстар жүргізді. Құрама шабуылға көтерілген сәтте-ақ жаудың жаяу әскерлері мен танктері қарсы шабуылға шығып, қиян-кескі шайқас бастады. Қақаған қыс кезінде әрі жазық далада жүргізілген ұрыс бригаданы едәуір шығынға ұшыратты.

Бұл күні қазақстандықтар жауды бір адым да ілгері бастырмады. Капитан Жұмаділ Әубәкіров, лейтенант Әнуар Сейітахметов, кіші лейтенант Шәкен Зеленкин сияқты командирлер, көптеген қатардағы қаһарман жауынгерлер ерлікпен қаза тапты.

6 қаңтарда армия қолбасшысы, генерал Галицкийдің бұйрығы бойынша күшті артиллериялық дайындықтан кейін 100-дербес атқыштар бригадасы мен 360-атқыштар дивизиясы шабуылға шықты. Бірақ дұшпан біздің құрамаларға қарсы оқ, снаряд, бомбаны қардай боратып, бет қаратпады. Бірінші батальонның ер жүрек командирі капитан Углов оққа ұшты<sup>1</sup>.

Сағат 11-де біразға созылған артиллериялық дайындықтан кейін, фашистер қарсы шабуылға шықты. Бірақ біздің жігіттер қайыспады. 7-9 қаңтар күндері де қиян-кескі ұрыстармен өтті. Осы сұрапыл шайқас 16 қаңтарға дейін созылды.

Жау аздап ішке қарай сұғына түскенмен, қалаға кіре алмады. Подполковник Фон Засс басқарған фашист гарнизоны талқандалды. Қаңтардың екінші жартысында 3-екпінді армия шабуыл жасап, Ловать өзенінің шығыс жағындағы Великие Луки – Невель тас жолының бойындағы Ступино биігінің етегіне орналасты.

Бригада бөлімдері Қызыл Армияның басқа да құрамаларымен, яғни 32, 257-атқыштар және 19-гвардиялық атқыштар дивизияларымен бірлесе қимыл жасай отырып, жауды Великие Лукиге жібермеу жөніндегі армия штабының бұйрығын орындады. Оның батальондары Қаратай және Большой Иван көлдерінің аралығында, Изоча станциясы түбінде шайқасып, Невельдің солтүстік-шығысында қорғаныста болды. Тек қазанның ішінде ғана бригада жауынгерлері 1,5 мыңдай басқыншыны, 16 танкі және басқа да көптеген техниканы қатардан шығарды.

Қаңтар айындағы ауыр ұрыстардан кейін бригада қайта жасақталып, оның қатары тың күштерімен толықтырылды. 1943 ж. 28 ақпанда бригада құрамында 3599 адам болды. Қайта жасақталғаннан кейін ол қысқартылған штат бойынша

---

<sup>1</sup>Нұршайықов Ә. Көрсетілген еңбек. 1984, №11, 74-бет.

үш батальондық құрамада қалды. Жаз айларында бригада бөлімдері қорғаныс шептерін нығайтып, әскери даярлықтарын шыңдай түсті<sup>1</sup>.

1943 ж. қазанда Невель үшін болған ұрыстарға 3-екпінді армияның қарамағында бес атқыштар дивизиясы, үш атқыштар бригадасы қатысты. Осы күшпен және 4-екпінді армияның кейбір бөлімдерінің көмегімен тұтқиылдан шабуыл жасаған 3-екпінді армия 1943 ж. 6 қазанда Невель қаласын жаудан азат етті. Бұл Ұлы Отан соғысындағы ең тез аяқталған операциялардың бірі болды. Жаудан азат етілген қаланың әскери коменданты болып 100-дербес атқыштар бригадасы командирінің орынбасары подполковник Баймолдин тағайындалды. 1943 ж. 7 қазанда Жоғарғы Бас Қолбасшының бұйрығымен бұл операцияға қатысқан құрамалар мен бөлімдерге «Невель» атағы берілді. 3-Екпінді армияның 3945 адамы ордендермен, медальдармен наградталды. Жаудан жаңа ғана азат етілген Невельді фашистерден қорғау үшін 15 қазанда қиян-кескі ұрыстар болды. 3-Екпінді армияның оң қанатындағы 100-бригада Үлкен Иван көлі мен Қаратай көлінің аралығына орналасқан еді.

Осы ұрыстарда Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Мәметова ерекше көзге түсті. Ол бригада штабының писары қызыметінен өзін атқыштар батальондарының біріне ауыстыруды өтініп, пулеметті шебер меңгеріп алды. 1943 ж. 16 қазандағы ұрыста ол жалғыз өзі қалып, үш «Максимен» алма-кезек оқ жаудырып, фашистердің қарсы шабуылын тойтаруға тырысты, бірақ бұл шайқастағы жеңісті көре алмай, мерт болды<sup>2</sup>.

Халқымыздың ару қызы Мәншүк Мәметованың ерлігі туралы Қызыл Армияның Бас Саяси Басқармасы 1944 ж. арнаулы листовка шығарып, майдандағы жауынгерлер арасында таратты.

«1943 ж. қазан айында біздің әскерлер немістің күшті қорғанысын бұзып, Невель қаласын алды. Мәншүк Невель қаласы үшін болған ұрыстарда пулеметпен дұшпанды баудай түсіріп, өз бөлімшесінің ілгері жылжуына мүмкіндік жасады, – деп жазылды онда. – Қазақ халқының даңқты қызы Мәншүк Мәметова осы шайқаста ерлікпен қаза тапты. Оның пулеметтен атқан оғы фашистің 70-тен астам солдатты

<sup>1</sup>Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Көрсетілген еңбек, 128-129-беттер.

<sup>2</sup>Қазақстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 гг, т. 1, с. 318.

мен офицерін жойды, жаудың бірнеше қайтара жасаған шабуылын тойтарды, сөйтіп біздің жауынгерлерге жол ашты...»

1944 ж. 1 наурызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы жарияланып, Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

15 қазандағы ұрыста 239 фашисті жер жастандырған, қазақтың сұр мергені атанған Ыбырайым Сүлейменов тағы да елу дұшпанның көзін жойып, оққа ұшты<sup>1</sup>.

Мәметова мен Сүлейменов Невель қаласына жерленді.

100-дербес атқыштар бригадасының Отан алдындағы еңбегін 3-Екпінді армияның қолбасшысы, Кеңес Одағының Батыры, армия генералы Кузьма Никитович Галицкий өзінің «Сұрапыл сын жолдары, 1941–1945» кітабында ерекше ілтипатпен атап көрсетті. Ол былай деп жазды: «Невельдің оң жағын ала жасаған жаудың күшті шабуылына 100-атқыштар бригадасы ойдағыдай тойтарыс берді. Оның құрамында ерлікпен, жанқиярлықпен шайқасқан жауынгер қазақтар, тіпті көп болды. Бригада қорғаныста тұрғанда да дұшпанның барлық шабуылын тойтарып, асқан табандылық көрсетті.

Невель ауданындағы болған ұрыстарда қазақ халқының батыр қызы, пулеметші Мәншүк Мәметова өзінің өшпес ерлігін жасады».

1943 ж. 14 қарашада бригада 6-гвардиялық армияға қарайтын 23-гвардиялық атқыштар корпусының қарамағына көшті. Ал 12 желтоқсанда 6-гвардиялық армия штабының 1-атқыштар дивизиясын құру жөніндегі бұйрығы бойынша, 31 және 100-дербес атқыштар бригадалары бірігіп, 1-дивизияға айналды. Бригаданың барлық қатардағы жауынгерлері мен офицерлері, негізінен, 1-атқыштар дивизиясының құрамына енді. Бригада командирі полковник Марецки, бригада комиссары, подполковник С.Бәйішов, штаб бастығы, подполковник Мостовой, т.б. кейбір офицерлер 6-гвардиялық армияның резервіне ауысты.

Жаңа құрылған 1-атқыштар дивизиясының командирі болып бұрынғы 31-бригаданың командирі, полковник А.И.Бакуев, комиссарлығына полковник А.Г.Путихин тағайындалды.

1-атқыштар дивизиясы Кеңес Одағының Маршалы К.К.Рокоссовский басқарған 1-Белорусь майданының қарамағына берілді. Мұнда ол Украинаның Волыньск облысын,

<sup>1</sup> «Қазақстан коммунисті», 1984, №11, 75-бет.



Белоруссияның Брест облысын неміс фашистерінен тазартуға қатысты. Брест қаласын гитлершілерден босатуға ат салысқаны үшін 1-атқыштар дивизиясына «Брестік дивизия» деген құрметті атақ берілді. Көптеген жауынгерлер, командирлер наградталды.

Бұдан соң Польша жерін жаудан азат етуге қатысқан дивизияның барлық жауынгерлері «Варшаваны азат еткені үшін» медальмен наградталды. Дивизия жорық жолын Германияның солтүстік-батысындағы Висмар қаласында аяқтады.

\*\*\*

Ұлттық 101-дербес атқыштар бригадасы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің бұйрығы бойынша, 1941 ж. қараша айында Ақтөбе қаласында жасақтала бастады.

Бригада құрамына келіп сапқа тұрғандар, негізінен, Ақтөбе, Батыс Қазақстан (қазіргі Орал), Гурьев және Қызылорда обылыстарынан келген қазақ жастары болатын. Сондай-ақ оған Алматы, Шымкент, Семей тағы басқа облыстардан келгендер де аз болған жоқ. Тек Батыс Қазақстан және Ақтөбе обылыстарынан ғана бұл бригадаға 1485 қазақ жігіт келді. Бригада қатары жан-жақтан жиналған еріктілердің есебінен күн санап өсе берді.

Бригаданың командирі болып бұған дейін полкті басқарып, ұрысқа қатысқан тәжірибелі командир, полковник С.Я.Яковенко, комиссары болып Н.Әлиев тағайындалды. Оның командирлер құрамы әскери училищелерді бітірген жас офицерлермен және соғыста жараланып, әскери госпитальдардан емделіп шыққан тәжірибелі командирлермен толықтырылды. Бригаданың ұлттық құрамына байланысты, оның бөлімдеріндегі саяси жұмыстарды жүргізуге Қазақстан партия ұйымы партия комиттерінде қызмет істеп, ысылған кадрлар жіберді. Бригаданың командирлер құрамы да белгілі дәрежеде даярлығы бар осындай адамдармен толықтырылды<sup>1</sup>.

Сонымен қатар партия, комсомол ұйымдарының арнайы жолдамаларымен де келіп, бригаданың қатарын нығайтуға көмектесті. Осындай жолдамалармен бригаданың құрамына 270 қазақ азаматы келіп қосылды. Осының нәтижесінде бұл

<sup>1</sup>Бекішев Х. Батальон, алға! Алматы, 1985, 11-бет.

құрама жауынгерлерінің қатарында темірдей қатаң тәртіп орнатып, олардың жауынгерлік қабілетін арттыра түсті.

101-ұлттық дербес бригаданың қатарына басшы қызметінен келгендердің ішінде Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы Нұри Әлиев – бригада комиссары, Қостанай облыстық партия комитетінің хатшысы Бекайдар Берниязов – бригада саяси бөлімінің бастығы, бригада парткомиссиясының хатшысы болып тағайындалған Нұғыман Оразалин бар еді. Н.Оразалин бригада құрамына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінен, бұған дейін өнеркәсіп және транспорт жөніндегі Орталық Комитет хатшысының орынбасары болып қызмет атқарып жүрген жерінен келді. Ол кейіннен бригада саяси бөлімінің бастығы болып тағайындалды<sup>1</sup>. Саяси бөлім бастығының комсомол жұмысы жөніндегі көмекшісі Шайдахмет Серғазин болды.

Құраманың батальондық құрамын көптеген зерделі, ер жүрек командирлер басқарды, олар майор Хакім Бекішов, капитан Шаяхмет Хазияхметов, капитан Я.Д. Ершов, т.б. Бригаданың взвод, роталарын басқарғандардың арасында Ташкент пен Алматының әскери училищелерін бітіріп келген жас офицер көп еді.

Бригада 1942 ж. қаңтарында жасақталып бітті. Мұнда да, 100-бригададағы сияқты, төрт дербес атқыштар батальоны болды, ал сол кездегі құрамаларға тән басқа да қосымша бөлімдер өз алдына құрылды.

Бригада бөлімдері өзінің жауынгерлік әзірлік жұмысын шыңдап жатқан 1942 ж. мамырда Ақтөбеге Кеңес Одағының Маршалы К.Е.Ворошилов келді. Ол Жоғарғы Бас Командование Ставкасының өкілі ретінде 101-бригаданың жауынгерлік әзірлігін байқады және әскери жаттығу жұмыстарына қатысып, ұлттық бригаданың әскери-тактикалық даярлығын көрді. Ол бригаданың командалық құрамымен танысып, жауынгерлермен әңгімелесіп, ақыл-кеңестер берді және бригада құрамымен болған кездесу митингісінде сөз сөйлеп, бригаданың әскери даярлығын жоғары бағалады<sup>2</sup>.

Бұл бригада да 1942 ж. тамыз айында Мәскеу маңына келіп жетті. Мәскеу әскери округінің қарамағында біраз болып, қару-жарақтармен, әскери техникамен жабдықталған соң Калинин майданының құрамындағы 39-армияның қарамағына берілді.

<sup>1</sup>Қараңыз: Көпішев Қ. Қаһармандар. Алматы, 1981, 69-бет.

<sup>2</sup>«Социалистік Қазақстан», 1981, 22 қараша.

1942 ж. 25 қарашада 39-армия штабының бұйрығы бойынша, 101-бригада да ұрысқа кірісіп, Букарево, Кувшинова селоларын алды, бірақ жаудың Ржев бағытындағы мықты бекіністерінің бірі Мишуково селосына басқа да әскери бөлімдер және 81-танк бригадасымен бірлесе отырып, 29 қарашадан 3 желтоқсанға дейінгі жасаған шабуылдары нәтижесіз болды. Сондықтан да бригаданың Мишуковоның солтүстік-батыс жағында 7 желтоқсанға дейін қорғанысқа көшуіне тура келді. Бұдан соң шабуылға шығып, жаудың Оленин тобын талқандауға қатысты. 1942 ж. 25 қарашасынан 1943 ж. 22 қаңтарына дейінгі жүргізілген ұрыстар кезінде бригада бөлімдері 2462 фашисті жойды, 25 дзотты талқандады, көптеген олжаларды қолға түсірді.

Бригаданың бөлімдері қанды шайқастарда көптеген жауынгерлерінен айырылды. 101-атқыштар бригадасының құрамы 1942 ж. аяғында 50 пайызы қазақтар, 37 пайызы украиндар мен орыстар және 13 пайызы басқа ұлттардың өкілдері (өзбектер, татарлар, қырғыздар т.б.) болды<sup>1</sup>.

1943 ж. 17 қыркүйектен 10 қазанға дейін 4-екпінді армияның құрамында шайқасқан 101-атқыштар бригадасы Демидов қаласы ауданында жаудың қорғанысын бұзып өтіп, Смоленск және Витебск облыстарының 150 селосы мен деревнясын жаудан тазартты.

Витебск облыстық мұражайында сақталған құжатта былай деп жазылған: «... 1943 ж. 17 қыркүйек күні таңертең 101-бригаданың екінші атқыштар батальоны шабуылға шықты. Жауынгерлер жауып тұрған октың астында алға қарай жылжыды. Немістер екі дүркін қарсы шабуылға көтерілді. Бірақ екеуінде де кейін шегінуге мәжбүр болды. Сол күні түнгі шабуыл кезінде дивизион командирінің орынбасары С.Бегімбетов бастаған бір топ артиллеристер мен автоматшылар гитлершілердің күшті қорғанысын қиратты. Сөйтіп, бригада шабуыл барысында кескілескен ұрыс жүргізе отырып, 130 елді пунктті азат етті, Каспля өзенінен өтіп, көршілес әскери бөлімдердің алға басуына жағдай туғызды. Осылайша бригада он күн бойы қызу ұрыс жүргізіп, отыздан астам белорус селосын азат етті. Бригаданың осындай ерлік қимылдары үшін оның 594 жауынгері ордендермен және медальдармен наградталды»<sup>2</sup>.

1943 ж. күзінде Калинин майданы 1-Прибалтика майданы

<sup>1</sup>Қараңыз: Қазақ ССР тарихы, 5-том, 68-бет.

<sup>2</sup>«Жетісу», 1975, 30 сәуір.

болып аталды. 1943 ж. 1 желтосанынан 1944 ж. 1 сәуіріне дейін 101-дербес атқыштар бригадасы 1-Прибалтика майданының 4-екпінді және 6-гвардиялық армияларының құрамында болып, қорғаныс ұрыстарын жүргізді. Осы қорғаныс ұрыстарының кезінде бригада жауынгерлері жаудың 1500 адамын жойып, көптеген әскери техникасын істен шығарды. Бұл ұрыстарда біздің жауынгерлеріміз табандылық пен батылдылықтың үлгісін көрсетті, бригаданың 368 жауынгері мен офицері ордендермен және медальдармен наградталды<sup>1</sup>.

Толық емес мәліметтерге қарағанда, бір ғана 101-ұлттық дербес атқыштар бригадасы жауынгерлері 160 елді мекенді азат еткен, жаудың 3 жаяу әскер полкі мен 5 батальонын талқандаған, 9 000-нан астам солдатты мен офицерін, көптеген қару-жарағын, әскери техникасын жойған<sup>2</sup>.

1944 ж. шілде айында 101-ұлттық дербес атқыштар бригадасы таратылып, оның бөлімдері 47 және 90-атқыштар дивизияларының құрамымен біріктірілді.

### **§3. СТАЛИНГРАДТЫ ҚОРҒАУШЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР**

Сталинград майданының операциясы Ұлы Отан соғысындағы және екінші дүнижүзілік соғыстың барысындағы түбірлі өзгерістердің басталғанын көрсетті.

1942 ж. 28-30 маусым аралығындағы фашистер оңтүстік-батыс бағытта кең көлемді шабуылға шықты. Бұл шабуылдың мақсаты Қызыл Армияның Донның батыс жағындағы бөлімдер мен құрамаларын ығыстырып, Кавказдың мұнайлы аудандарын басып алу, Сталинград-Астрахань бағыты арқылы жеделдетіп Еділге шығу еді. Жау бұл мақсатта біраз алға жылжып, Дон өзеніне жетті. Осы уақытта Сталинград пен Солүстік Кавказға зор қауіп төнді. Сталинград бағытында қару-жарақтың барлық түрлерімен жақсы жарақтанған, Еуропадағы соғыста көп тәжірибе жинақтаған 6-далалық армиядан құрылған фашистің 14 дивизиясы тұрды. Оларда 270 мың адам, 3 мың зеңбірек пен миномет, 500-ге жуық танк, 1200 ұшақ болды. Жауға қарсы 62, 63 және 64-армияның 12 дивизиясы (160 мың адам, 2 мыңнан астам зеңбірек пен миномет, 400-ге жуық танкі, 452 ұшақ) тұрды<sup>3</sup>.

<sup>1</sup>Қараңыз: Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Көрсетілген еңбек, 134-бет.

<sup>2</sup>«Социалистік Қазақстан», 1983, 9 мамыр.

<sup>3</sup>История второй мировой войны 1939-1945 гг., т. 5, с. 158.

Жоғарғы Бас Командование 12 шілдеде Сталинград бағытында тұрған 62, 63 және 64-армиялардан Сталинград майданын құрды. Оның құрамына жоғарыда аталғандардан басқа бес жалпы әскери және бір әуе армиясы енді. Сталинград майданында жауға қарсы соққы бере отырып, 520 километрлік аралықта қорғаныс белдеуін құру мақсаты көзделді. Ал фашистердің біздің күштен адам саны жағынан 1,7 есе, зеңбірек пен танктен – 1,3, ұшақтан екі еседен астам артық болғанын ескерсек, бұл міндетті жүзеге асыру оңай болған жоқ<sup>1</sup>.

КСРО халықтарының берік топтасқандығының, олардың жауды жеңуге деген сенімдерінің үлгісі Сталинград шайқасы болды.

Волга үстіндегі ірі шайқас 1942 ж. шілдеде неміс-фашист әскерлерінің екпінді бөлімдерінің Донға шабуылынан басталып, 6,5 айға созылды<sup>2</sup>. Бұл фашист стратегтерінің 1941–1942 жж. қысқы жеңілістерінен кейінгі Шығысқа қарай жасаған аса қуатты шабуылы болды. Мәскеуге шабуыл жасау кезінде жүзеге асыра алмаған әскери-саяси мақсаттарын алға қоя отырып, Гитлер мен оның маңындағылар өз әскерлерінің 1942 ж. жазда жеңіске жететіндіктеріне сенімді еді. Бірақ олардың бұл есебі тағы да жүзеге аспай қалды.

...Ауыр қорғаныс шайқастары күндерінде әскерлердің рухын көтеру үшін әр жауынгердің бойында Сталинград үшін, Отан тағдыры үшін жауапкершілікті тәрбиелеуде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1942 ж. 28 шілдедегі Директивасының маңызы зор болды. Онда кеңес-герман майданындағы ауыр жағдай туралы қатал шындық айтылды, «шегіну» көңілкүйі айыпталды. Кез келген әдіспен неміс-фашист әскерлерінің алға жылжуын тоқтату керектігі атап көрсетілді. Ұрыс алаңында қорқақтық көрсеткендерге ең ауыр шаралар белгіленді. Жауынгерлердің әскери рухы мен тәртібін нығайтудың практикалық шаралары көзделді<sup>3</sup>.

Директивада Отанға төнген аса қауіпті жағдай туралы, партия, кеңес, кәсіподақ, комсомол ұйымдарын соғыс жағдайына орай тез арада қайта құру жайлы айтылды. Әрбір жауынгерді жаумен шайқаста бір тамшы қаны қалғанша күресуге, әр қала, әр село үшін ұрыста батырлықтың, қаһармандықтың үлгісін көрсетуге шақырды.

<sup>1</sup>«Социалистік Қазақстан», 1982, 19 қараша.

<sup>2</sup>Артсмысв А.П. Братский боевой союз народов СССР в Великой Отечественной войне, с. 121.

<sup>3</sup>История второй мировой войны 1939-1945, т. 5, с. 165.

Волгадағы шайқасқа қатысқан кеңес жауынгерлерінің құрамы көп ұлтты болды.

«Біз бұл Волга жағалауына Отанымыздың түкпір-түкпірінен, шексіз орыс қыратынан, Украин жазығынан, Белоруссия ормандарынан, Кавказ тауларынан, Қазақстан даласынан, алыстағы Сібірден келдік»<sup>1</sup>, – деп жазды Сталинград майданының жауынгерлері.

Көп ұлтты Кеңес мемлекеті халықтарының ұлдары тығыз топтасқан жауынгерлік сапта Сталинградты ерлікпен, жауға деген ашу-ызамен бір кісідей қорғады.

1942 ж. қазан айында даңқты 62-армия құрамында Сталинградты қорғауға қатысқан орыс емес халықтардың саны 49,4 пайыз<sup>2</sup> болды.

Тек Қазақстанның батыстығы үш облысы (Ақтөбе, Гурьев, Батыс Қазақстан) 1942 ж. маусым-қараша айларында Сталинград майданына 26225 ұл-қызын жіберді<sup>3</sup>.

Қазақстанда құрылған әскери құрамалардың негізгі кіндігі болған қазақстандықтар Сталинград майданына аттанып бара жатып былай деп жазды: «Біздің әскери жаттығуларымызды отпен сынаудың кезі келді... деп қазақ халқына ант етеміз»<sup>4</sup>.

1942 ж. 9 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы, Халық Комиссарлар Кеңесі және Қазақстан КП (б) Орталық Комитеті Сталинград шайқасына қатысушы майдангер қазақстандықтарға «Бір қадам да шегінбендер!» деген үндеу жолдады.

Сталинград шайқасында майдан жолын қазақстандық 5 дивизия, 1 бригада бастады. Олар 29, 38, 8, 102-атқыштар дивизиялары, 81-атты әскер дивизиясы және 152-атқыштар бригадасы еді.

### **1) 29-атқыштар дивизиясы**

1942 жылы көктемде Ақмола қаласынан Оңтүстік-Батыс майданына жөнелтілген 29-атқыштар дивизиясы да Сталинград бағытын қорғайтын әскерлердің құрамында болып шықты. Бұл құрама Орта Азия әскери округінің 1941 ж. 4 желтоқсандағы бұйрығы бойынша құрылып, 18 қаңтардағы бұйрығы бойынша 458-атқыштар дивизиясы деген алғашқы аты өзгертіліп, оған 29-атқыштар дивизиясы деген ат берілді.

<sup>1</sup>Мурадян В.А. Боевое братство, М., 1978, с.70.

<sup>2</sup>«Военно-исторический журнал», 1975, №7, с. 65.

<sup>3</sup>Досқалиев Қ. Қазақстандықтар Сталинград үшін шайқаста. Алматы, 1972, 9-бет.

<sup>4</sup>Досқалиев Қ. Қазақстандықтар Сталинград үшін шайқаста. Алматы, 1972, 9-бет.

Дивизияны жасақтау ісі 1941 ж. 15 желтоқсанда басталды<sup>1</sup>.

29-атқыштар дивизиясының құрамында үш атқыштар, бір артиллерия полкі және басқа да қосымша бөлімдер болды. Олар негізінен, сапер, санитарлық, байланыс батальондары, танк жойғыш артиллериялық дивизион, барлаушылар ротасы, авторота сияқты арнайы бөлімдерден құралды.

Дивизияның құрамында барлығы 11840 адам болды. Бұл әрине, адам құрамы жағынан сол кездегі штат бойынша толық қалыптасқан құрама еді. Ал сол кездегі осындай құрамалардың жалпы жағдайы туралы маршал К.К.Рокоссовский соғыстың алғашқы жылдарындағы жағдайды есек ала отырып, былай деп жазды: «Дивизияда 8 мың жауынгер болатынын біз ұмытқалы көп болған. Біздің құрамаларымызда адам саны 3,5 тіпті 2 мың адамнан аспады. 4 мың адамы бары сирек еді, ол да бір-екі ұрыстан кейін негізгілермен шамаласа қалатын». Осы айтылғандардың тұрғысынан қарағанда, 29-атқыштар дивизиясы өзінің саны жағынан да, сапасы жағынан да ко-мандованиенің тапсырмасын орындауға әзір тұрған тың әскери құрама болды.

Дивизияның командирлігіне полковник Н.Ф.Шабрев, комиссарлығына И.В.Шурша, штаб бастықтығына подполковник Д.С.Цалай, саяси бөлімінің бастықтығына А.С.Киселев тағайындалды<sup>2</sup>.

Бірнеше ай әскери дайындықтан өткеннен кейін 29-атқыштар дивизиясы 1942 ж. наурыз айында Тула маңында орналасқан резервтегі 1-армияның құрамына барып қосылды.

Майдан шебіне дивизия 10 шілдеде жөнелтілді де, 17 шілдеде Сталинград темір жолының бойындағы Жутово станциясында пойыздан түсірілді. Бұдан кейін дивизияның бөлімдері 64-армия<sup>3</sup> штабының бұйрығы бойынша, жорық тәртібімен 60 километрдей жер жүріп, Дон өзенінің шығыс жағасындағы Суворов және Верхне-Курмоярская станцияларының арасында қорғаныш шебін құрды. Дивизияның міндеті – неміс әскерлерінің Доннан өтуіне мүмкіндік бермеу.

29-атқыштар дивизиясы бөлімдерінің Дон бойындағы бекінген жері екі армияның (64 және 51) аралығы ғана емес,

<sup>1</sup>Қараңыз: Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941-1945 жж.), 83-бет.

<sup>2</sup>Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Көрсетілген еңбек, 84-бет.

<sup>3</sup>Резервтегі бұрынғы 1-армия 1942 ж. 10 шілдеден бастап 64-армия деп аталды.

екі майданның да түйіскен жері болатын, өйткені 51-армия Солтүстік Кавказ майданына қарайтын еді. Шілденің 19-ы күні кешке қарай дивизия бөлімдері белгіленген учаскеге орналасып та алды.

Армия қолбасшысының бұйрығы бойынша, 19 шілде күні дивизия құрамынан танк батальонымен күшейтілген бір батальон бөлініп, одан жылжымалы, яғни алдыңғы шептік отряд құрылды. Бұл отряд Цимлянская станциясының маңына, Донның сол жағалауына өтіп кеткен фашист әскерлерінің бөлімдерін жоюға жіберілді. Сөйтіп, 29-дивизияның жылжымалы отряды 20 шілдеден бастап Дон өзенінің бойында шайқасқа кірісті. Міне осы күннен бастап, дивизия жауынгерлері үшін Сталинград шайқасы басталды.

1942 ж. 20 шілдеден бастап, Дон өзенінің шығыс жағалауында қорғаныс ұрыстарына қатысқан 29-дивизия Сталинград шайқасы аяқталғанға дейін дамылсыз ауыр ұрыс ортасында болды. Тамыз айының ішінде дивизия бөлімдері Ақсай өзені бойында және Абганерова станциясының түбінде жау танктерінің шабуылдарына тойтарыс беріп, бекініс шебін қорғап тұрды. Бұл шайқастарда дивизия бөлімдері жау әскерлерін орасан зор шығынға ұшыратты. Бірақ күші басым жаумен бетпе-бет шайқаста дивизияның өзі де әлсіреп, қатары қатты сетінеді. Соған қарамастан тылға жарып өткен 6 неміс армиясының шабуылы шілденің аяқ кезінде тоқтатылды. Кеңес әскерлерінің Донның батыс жағалауында табан тіресіп жүргізген қорғаныс ұрыстары фашист командованияесінің Сталинградты жедел алмақшы болған жоспарын іске асыртпай тастады. Сол кезде өзінің шабуылын күшейте түсу үшін фашистер командованияесі Сталинградқа қарай 4-танк армиясын жіберді, бұл армияның авангарды 5 тамызда Абганерова маңына шыққан еді. Майданның осы учаскесінде 29-дивизияның жауынгерлері жаумен табан тіресе ұрыс жүргізді<sup>1</sup>. Қазақстандықтар халықтың: «Өліспей, беріспеңдер!» деген тапсырмасын адал орындап, жаппай ерлік көрсетті.

Қазақстан жауынгерлері өз позицияларын берік ұстап тұрды. Жақсы ұйымдастырылған қорғаныс барлаумен, қарсы шабуылдармен ұштасып отырды. Дивизияның бөлімдері жауды Волганың жағалауына өткізбеді. «Волганың ар жағында біз үшін жер жоқ!» деген мерген Василий Зайцевтің сөздері бүкіл майданға тез тарап кетті,

<sup>1</sup>Қараңыз: Қазақ КСР тарихы. Социализм дәуірі. 656-бет.



қаланы қоршаушылардың барлығының да, соның ішінде қазақстандық жауынгерлердің де теңдесі жоқ ерлігі мен бұрын-соңды болып көрмеген табандылығы осы сөздерден-ақ білініп тұр.

Қазақстандық дивизияның жоғарғы моральдық-жауынгерлік қасиеттері, әсіресе тамыз айының бас кезінде Ақсай өзенінің шығысында ерекше айқын көрінді. Бұл ұрыста дивизия дұшпанның танк және моторлы дивизияларының шабуылына төтеп берді. Неміс генералы Г. Дерр кейінірек осы жолғы сәтсіздіктерін ақтап: «Жанармайдың жеткіліксіздігі танкілердің ілгері жылжуына мүмкіндік бермеді», – деп жазды. Бірақ фактілер жағдайдың бұдан керісінше болғанын дәлелдейді. Неміс танкілерінің жанармайы 29-дивизияның жауынгерлік шептеріне басып кіруіне де, кейін шегінуіне де жетіп жатты. Дегенмен олардың танкілерінің бәрі бірдей шегініп кете алмады. Жаудың 17 танкісі – өртелді немесе қиратылды, соның ішінде бір танк дивизия командирінің жертөлесі жанында өртелді<sup>1</sup>.

Юркин совхозы жерінде (Абганерово станциясының маңында) дивизия жауынгерлеріне жаудың танкілерімен табан тірескен ауыр шайқасқа шығуына тура келді. «Дивизияның бір де бір жауынгері, – деп көрсетеді 64-армия командирінің жазған рапортында, – орнынан жылжымады, олар жаудың броньдалған керемет күшімен қасық қандары қалғанша шайқасты»<sup>2</sup>.

Сталинградтың оңтүстігіндегі Абганерово станциясының түбінде жүргізілген ұрыстарда дивизия бөлімдері жаудың екі полктей жаяу әскерін, 17 танкісін, 18 артиллерия және миномет батареясын, 150-ден астам автомашинасын жойды<sup>3</sup>.

Алайда жау өзінің танк және жаяу әскерлер күшін біріктіре отырып, авиацияның қолдауымен 29 тамызда дивизияны қоршауға алуға, сөйтіп жойып жіберуге тырысты. Бірақ тамыздың 30-ына қараған түні дивизия бөлімдері күші басым жаумен, оның ішінде 100-ге жуық танкілермен де ұрыс жүргізе отырып, қоршауды бұзып шықты. Осы күндердегі ауыр шайқастарда дивизия өзінің көптеген адамдары мен әскери техникасынан айырылып, небары 1828 адамы ғана қалды. Осы құраманың ардагері А.Дубицкийдің мәліметі бойынша, 29 тамызда дивизияның құрамында 8

<sup>1</sup>«Исторический архив», 1958, № 3, с. 95-96.

<sup>2</sup>Дружбой великой сильны, Алма-Ата, 1972, с. 317-318.

<sup>3</sup>Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Көрсетілген еңбек, 86-бет.

мың адам болған<sup>1</sup>. Дивизияның қоршаудан шыққан бөлімдері І қыр-күйекте Сталинград маңындағы Бекетовка, Купоросное по-селкелеріне жиналды да, Елха деревнясы маңында қорғанысқа көшті.

Бұл қорғаныс шебінде де дивизия жауынгерлері 64-армияның басқа да құрамаларымен бірге немістердің 4-танк армиясы бөлімдерінің шабуылдарына тойтарыс беріп, Сталинградқа онтүстігінен бірде-бір фашисті өткізбей тұрды.

Кейіннен дивизияның құрамы қайта толықтырылды, сөйтіп, ол Сталинград түбіндегі шайқастың барлық кезең-деріне қатысты. Дивизия командирі полковник А.И.Коло-бутиннің оқуға кетуіне байланысты, оның орнына 1942ж. қарашада подполковник А.И.Лосев командир болып тағайындалды, дивизия штабының бастығы да өзгерді, оған майор Г.К.Володкин бекітілді.

64-армия құрамындағы 29-атқыштар дивизиясы да жау қоршауын талқандауға қатысып, Сталинград түбіндегі ұлы жеңіске өз үлесін қосты.

Қазақстаннан құрылған 29-атқыштар дивизиясының құрамы да көп ұлтты болды. Дивизия Сталинградтың түбіндегі шайқасқа қатысып, қаланы ерлікпен қорғады. Неміс-фашист әскерлерінің қоршауын бұза отырып, дивизияның бір бөлігі ғана 18389 жау солдатты мен офицерін, оның ішінде 3 генералын тұтқынға түсірді. 1544 жауынгері мен офицері осы шайқастағы ерлігі үшін наградаларға ие болды<sup>2</sup>.

29-атқыштар дивизиясының Сталинград шайқасы кезіндегі жауынгерлік қимылдарын сипаттай келіп, 64-армия командирі оған гвардиялық дивизия деген атақ беруді сұрап, былай деп жазды:

«Неміс фашистерімен ұрыста 29-атқыштар дивизиясы тарихи Сталинград шайқасының өн бойында ерліктің, жаппай батырлықтың, тәртіптіліктің, ұйымшылдықтың, бөлімдерге үзбей басшылық ете білудің үлгісін көрсетті. Шабуыл жасаушы күші басым жауға қарсы ауыр ұрыстар үстінде дивизия табандылықтың, белсенді қорғаныс ұйымдастыра білудің үлгісі болды.

Сталинград маңында қоршауға алынған неміс-фашист әскерлерін жою жөніндегі қарымды ұрыстарға қатыса отырып, командирлері мен саяси қызметкерлер пәрменді шабуыл жа-

<sup>1</sup>Дубицкий А. На грозном ветру. А-Ата, 1970, с. 28.

<sup>2</sup>Артемов А.П. Братский боевой союз народов СССР в Великой Отечественной войне, с. 123.

сауда инициатива көрсетіп, аз қолмен күші өзінен бірнеше есе басым жауды жеңе алатындықтарын танытты.

29-атқыштар дивизиясының бүкіл жауынгерлік жолы–неміс-фашист басқыншыларына қарсы қажырлы күрес жүргізу жолы, бұл жолда дивизия бөлімдерінің жауынгерлік қабілеті, тәжірибесі үздіксіз артып отырды, бұл жағдай маған дивизияны Қызыл Армияның таңдаулы құрамаларының қатарына санап, оған гвардиялық атақ беруді сұрауға құқық берді»<sup>1</sup>.

Сөйтіп 29-атқыштар дивизиясына Сталинград шайқасында көрсеткен ерлігі үшін 1943 ж. 1 наурызда 72-гвардиялық дивизия деген атақ берілді. Кеңес гвардиясы деген құрметті атақты дивизия жауынгерлері әрдайым жоғары ұстап, Отан соғысының өн бойында өздерін даңқты істерімен көрсете білді.

1943 жылғы наурызда дивизия Воронеж майданының құрамына келіп қосылды. Жазда Курск шайқасына, одан соң немістердің Белгород – Харьков плацдармын жоюға қатысты.

72-гвардиялық атқыштар дивизиясының қорғаныс шебі Белгородтан оңтүстік шығысқа таман жерде болып, Северский, Донецің оң жағалауы бойындағы Нижний Ольшанец селосынан осы өзенге Нежеголь келіп құятын тұсқа дейін созылды. Дұшпан бұл учаскеге шабуыл жасауға екі жаяу әскер дивизиясы мен бір танк дивизиясын бағыттаған еді. Алты күн ішінде жау 7 мыңдай солдатты мен офицерінен, 46 танкісінен, 30 зеңбірегінен айырылды. Осындай ойсыраған шығынмен жау дивизия орталығынан және оң қанатта бар болғаны 20 километрдей ғана ілгері жылжи алды<sup>2</sup>.

Жауды тоқтатқан біздің бөлімдер шабуылға шықты. 24 шілдеде 72-гвардиялық дивизия өзінің бұрынғы позициясына жетіп, түнде солтүстік Донеціңтен өтіп, Нижний Ольшанец, Карнауковка, Топменка селоларынан фашистерді қуып шықты. Ұрыс шиеленісе түсті. Жау күніне 10-12 қарсы шабуыл жасап тұрды.

Бірақ жаудың қарсылығы тойтарылып, Белгород қаласы мен оның маңындағы аудандар азат етілді. Воронеж және Далалық майданның әскерлері Харьковке ұмтылды. 72-гвардиялық атқыштар дивизиясы ұрыста мыңдаған гитлершілердің көзін жойып, оларды орныққан елді мекендерден қуып, Харьковтың орталық аудандарын азат етуге қатысты.

1943 ж. 19 қыркүйегі қазақстандық 72-гвардиялық атқыш-

<sup>1</sup>Қараңыз: Балқаев Т., Алдажұманов К. Көрсетілген еңбек, 89-бет.

<sup>2</sup>Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 гг., I, с. 267, 307.

тар дивизиясының тарихында есте қалатын айрықша күн болды. Бұл күні құрамаға Красногород қаласын жаудан азат еткені үшін Жоғарғы Бас Қолбасшысының бұйрығымен «Красногордтық дивизия» деген құрметті атақ берілді.

Қыркүйектің аяғында дивизия бөлімдері Днепрден өтіп, жау бекіністерін талқандауға қатысты. Днепр үшін болған кескілескен ұрыстарда ерекше ерлік көрсеткені үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 ж. 26 қазандағы Жарлығымен 72-гвардиялық дивизияның 26 жауынгеріне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олардың арасында дивизия командирі генерал-майор А.И.Лосев те бар еді<sup>1</sup>. 1943 ж. аяғында 2-Украина майданының қарамағында болған 72-гвардиялық дивизияның бөлімдері Кировоград қаласын жаудан азат етуге қатысты. Осы шайқастағы қаһармандығы үшін дивизия 1944 ж. қаңтарда Қызыл Ту орденімен наградталды.

1944 ж. сәуір-мамыр айларында 72-гвардиялық дивизия Қырымды азат ету жолында ұрыс жүргізді. Бұдан соң құрама Яссы – Кишинев операциясы қарсыңанда Пашкани қаласының солтүстік-шығысына таман жердегі шепте тұрды. Жауға бірінші болып артиллеристер соққы берді. Артиллерия дайындығы аяқталуына бес минут қалған кезде жаяу әскер шабуылға көтеріліп, алғашқы сәттен-ақ барлық траншеялар мен қатынас жолдарын алды. Бірақ осы төңіректің ортасы іспеттес жота әлі алынбаған еді, жау көптеген доттар мен дзоттарды қолында ұстап, қарсы шабуыл ұйымдастыруға тырысты. Соған қарамастан, 1944 ж. 22 тамызда жаудың бекінісі толық талқандалды. Жотаның түбіндегі ұрыстар арқылы дивизия мен оның көршілері жаудың ірі күштерін тықсырып, майданның екпінді тобының басты бағытта дұшпан қорғанысын бұзып өтуін және Кишинев ауданына жаудың 18-дивизиясын қоршауға алуын жеңілдетті.

1945 ж. 5 мамырда Прагада қарулы көтеріліс басталды. Баррикадаларда 30 мың патриот өздерінен анағұрлым күші басым жауға қарсы аянбай шайқасты. Гитлер командованияесі Прагада «Орталық» әскери тобынан ірі әскери күш жібере бастағанда, көтерілісшілердің жағдайы тіпті қиындап кетті.

«Орталық» армия тобының командашысы генерал Шернер: «Прагадағы көтерілісті барлық құралдармен жаныштап тас-тау керек» деп бұйрық берді. Қалаға солтүстіктен «Рейх» танк дивизиясы, шығыстан «Викинг» танк дивизиясының күшейтілген полкі ұмтылды. Чехославакиядағы жау тобының

<sup>1</sup>Дубицкий А. На грозном ветру, с. 131.

жалпы саны 900 мыңнан астам адамға жететін. Чехтің ұлттық кеңесі радио арқылы одақтастар армиясының көмек беруін сұрады. Кеңес командованияесі көтерілісшілердің өтінішіне қызу үн қосып, Берлин түбінде шайқасып жатқан 1-Украина майданының 3, 4-танк армиясын Прагаға қарай бұрды. Тар жол, тау асуларын басып өткен Кеңес армиясы Прага патриоттарына көмекке жетіп үлгерді. Іле-шала майданның алдыңғы бөлімдері де жетті. Прага жаудан азат етілді. Қазақстандық 72-гвардиялық дивизия жеңіс күнін осылай Чехославакияның астанасы Праганың оңтүстігінде мерекеледі.

## 2) 38-атқыштар дивизиясы

38-атқыштар дивизиясы 1941 ж. желтоқсан айында Алматы қаласында құрылды (дивизия командирі подполковник Доценко Н.П., комиссары Орманов А.К.). Құрама өздерінің жорық жолын Харьковтан бастады<sup>1</sup>. Қазақстанда құрылған өзге де құрамалар сияқты дивизия құрамы көп ұлтты болды, онда 30-дан аса ұлттың өкілі болды.

Дивизияға командир болып алғашқыда генерал-майор В.И.Найденов тағайындалған еді, бірақ ол 1942 ж. қаңтарында кенеттен қайтыс болды да, оның орнын подполковник Н.П.Доценко басты. Дивизияның комиссары болып бұрынғы майданда жүріп жараланған, енді госпитальдан емделіп жаңа ғана шыққан аға батальондық комиссар Ахмет Кәрімұлы Орманов тағайындалды, штаб бастығы полковник А.В.Казимиров болды. Дивизия құрыла бастаған кезде оны Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы қамқорлыққа алды.

1942 ж. 16 ақпанда 38-атқыштар дивизиясы Алматыдан аттанып, Воронежоблысындағы Кантемировкастанциясының маңына орналасты. Наурыз-сәуір айларында жауынгерлік дайындықты жүргізе отырып, дивизия қару-жарақпен, әскери техникамен жабдықталды. Содан 20 сәуірден бастап құрама Оңтүстік-Батыс майданы 28-армиясының қарамағына көшті. Сөйтіп, дивизия бөлімдері 1942 ж. мамыр айының ішінде Оңтүстік-Батыс майданы әскерлерінің құрамында Харьков түбіндегі ұрысқа қатысты.

Майдан әскерлері шегінген кезде дивизия екі армияның түйіскен жерін қорғап тұрды. Сол ұрыстың бірінде 38-дивизия Кеңес Армиясының басқа құрамаларымен бірге шабуылды өрістете отырып, Совет селосында тұрған немістің үлкен

<sup>1</sup>Белан Т.С. Казахстанцы в боях за свободу Украины и Молдавии. 1941-1945 гг., Алма-Ата, 1984, с. 21.

бір гарнизонын қоршауға алды. Бұл селонның стратегиялық маңызы зор еді. Сондықтан да фашистер мұнда қорғаныс жұмысын өрістетіп, әрдайым жаңа күштер жіберіп отырды. Қоршаудан шығуға тырысқан дұшпан барлық күшін сала ұрысты. Фашистер қосымша жаяу әскерлер, танкілер мен ұшақтарды іске қосты. Бірақ шабуылдың бәрі де нәтижесіз аяқталды. Осы ұрыста 38-дивизияның жауынгерлері асқан ерлік корсетті<sup>1</sup>.

Күн өткен сайын шабуыл шиеленісе түсті. 1942 ж. 22 мамыр күні жау селоға кіріп, броньды машинамен өздерінің қалдықтарын алып кетуге мүмкіндік алды. 38-дивизия бөлімдері жаудың 600-ге жуық солдатын, 12 танкісін, 6 броньды машинасын құртып жіберді және көптеген қару-жарағын қолға түсірді<sup>2</sup>.

Оскол өзенінің бойында, Уразово қаласының түбінде, Терновая станциясында кескілескен ұрыс болды, бұл шайқастарда қазақстандық жауынгерлер 13 тәулік бойы қорғанысты ұстап тұрды. Осы уақыттың ішінде 214-артиллерия полкі жаудың 50-ге тарта танкісін, көптеген басқа техникасы мен адам күшін жойып жіберді.

Терновая станциясы үшін ұрыста жауынгерлер, командирлер мен саяси қызметкерлер бай әскери тәжірибеге ие болды. Ерекше көзге түскен жауынгерлер Веселов, Қалымбетов, Махмұтов, Смирнов, Ткаченко Ленин орденімен наградталды<sup>3</sup>.

Айдар өзенінің жағасында Ровенька селосының түбінде гитлершілер дивизияны қоршап алды. Алайда дивизия бөлімдері, майдан шебі шығысқа қарай 180 километрге шегініп кетсе де, өз позицияларын ұстап тұра берді. Тек бұйрық алғаннан кейін ғана қазақстандықтар қоршау шеңберін бұзып өтті. Жаңа Ростоши түбінде жау дивизияны тағы да қоршауға алды, бірақ 38-атқыштар дивизиясы бұл жолы да ажал құрсауынан сытылып кетті.

Дивизия бөлімдері жүргізіп жатқан осындай ұрыстардың кезінде 1942 ж. 13 маусым күні оның командирі подполковник Н.П.Доценко қаза тапты, ал дивизия комиссары А.К.Орманов ауыр жараланды. Осындай қиын кезде дивизияға полковник Ғ.Б.Сафиуллин басшылық жасады.

Дивизия бөлімдері Харьков маңынан шегінгеннен кейін, қоршаудан шыға жүріп, Курск, Воронеж, Ворошиловград,

<sup>1</sup>Едігенов Н. Алматы Ұлы Отан соғысы жылдарында. Алматы, 1970, 25-бет.

<sup>2</sup>Сафиуллин Ғ.Б. Жеңіс жолында. Алматы, 1969, 77-бет.

<sup>3</sup>Бұл да сонда.

Ростов облыстары жерінде жаумен жағаласа отырып, Сталинград маңына – тарихи шайқас болғалы тұрған жерге қарай ойысты. Осы кездегі қорғаныс ұрыстарын еске ала келіп, Ғ.Сайфуллин былай деп жазды: «Бірақ бұдан біз беталды кейін сырғып барамыз деген ой тумаса керек. Тіпті де олай емес. Жаудың қайнаған ортасында, өз армиямыздың негізгі күштерінен жүздеген километр қашықтықта жүріп, дивизияның бөлімдері немістерге соққы үстіне соққы беруен болды. Біз итальян жау әскерін, венгер атты әскерін, сондай-ақ эсэстік жауынгерсымақтарды талай рет тым-тырақай еттік»<sup>1</sup>. Міне, осылайша ұрыс сала отырып, дивизия бөлімдері Сталинград маңына қарай шегініп, жылжумен болды. Шегініс ұрыстар кезінде жеке полктерге бөлініп, Доннан өткен дивизияның бөлімдері Сталинград түбіндегі Рынок поселкісі маңына жиналды. Құрама қару-жарақтарын тәртіпке келтіріп, жаңа шайқасқа әзірленді. Шілденің 29-ы күні жинақталып болған дивизия бөлімдері 57-армияның қолбасшысы генерал Ф.И.Толбухиннің бұйрығы бойынша, Сталинград қаласының оңтүстігіндегі Абганерово станциясы маңына шұғыл түрде жетті. Дивизия бөлімдері бұл маңда қорғаныс шебін құрып, Сталинградқа оңтүстіктен ентелеп келе жатқан немістердің 4-танк армиясының бөлімдерімен қиян-кескі ұрыстар жүргізді. Бұл қорғаныс ұрыстары тамыз-қыркүйек айларында одан бетер қыза түсті. Әйтсе де, барлық қиындықтарға төзе білген қазақстандық 38-атқыштар дивизиясы Сталинградтың оңтүстік-батыс бағытын қорғап, осы ауданда тапжылмай ұрыс жүргізіп жатты.

1942 ж. 31 шілдеде 38-дивизияның бөлімдері Сталинград бекіністерінің сыртқы қоршауында, Васильевка – Абганерово – Тунгутан орманы маңында қорғаныс шебіне орналасты.

Фашистер 1942 ж. 6 тамызда Цимлянск маңында Доннан өтіп, танкілер мен моторлы бөлімдердің екпіндей соққы беруі арқылы Тингутан орманы маңында шепті бұзып, Волгаға қарай өтпек болды. 38-дивизияның бөлімдері қорғаныс шебін табан тіреп қорғап тұрды. Бірақ немістер 74-разъез учаскесінен қорғаныс шебін бұзып өтті. Сол кезде дивизия артиллерия мен танк бөлімдерімен бірге гитлершілерді разъезден қуып шықты, сөйтіп, оның адам күші мен техникасын көп шығынға ұшыратты: біздің әскерлердің қорғаныс шебі қайта қалпына келтірілді<sup>2</sup>.

Сталинградты жаудан қорғау жолында болған талай-талай

<sup>1</sup>Сафиуллин Ғ.Б. Жеңіс жолында, 143-бет.

<sup>2</sup>Қараңыз: Қазақ ССР тарихы. Социализм дәуірі. 657-бет.

кескілескен ұрыстарда осы дивизияның жауынгерлері асқан ерлік көрсетті.

Арнаулы бұйрық бойынша дивизия 4 тамыздан бастап генерал М.С.Шумиловтың 64-армиясына қарады.

Әсіресе осы дивизияның Тингутан орманшылығы орналасқан 214-гвардиялық артиллерия полкі қайсарлықпен қарсылық көрсетіп, ең соңғы оғы қалғанша жаумен атысты. Олар дұшпанның 60 танкісін, 8 автомашинасын, 4 минометін, 6 зеңбірегін, 5 броньды машинасын, 3 жаяу әскер батальонын жойып жіберді. Полк дұшпанның танк, артиллерия, жаяу әскерлерімен 3 күн бойы шайқасты. Қазақстан артиллеристерінің табандылығы, батырлығы арқасында ғана жау тоқтатылды, танкілер жалынға орнады. Ұрыс даласында жүздеген солдаттар мен офицерлер, көптеген қару-жарағын қалдырып, басқыншылар кейін шегінді.

21 тамызда дұшпан 62-армияның шебіне қарай жасаған шабуылын күшейте түсті. Ақыры қорғаныс шебінің сыртқы бөлігін бұзып өтіп, Гитлер әскерлері 23 тамызда Ерзовка – Рынок учаскесінде Волгаға шықты. Мұнымен бірге олардың танк бөлімдері мен моторлы жаяу әскерлері 38-дивизияның сол жағындағы көршісінің қорғаныс шебін бұзып өтіп, Тингута станциясы – Тингутан орманшылығы маңындағы тылға өтіп кетті. Дивизия қоршауда қалып, ауыр ұрыс жүргізе берді. Бұл ұрыстарда құрама дұшпанның ондаған танкісін, мыңдаған солдаты мен офицерін жойып, 28 тамызға қараған түні соғыса отырып қоршауды бұзып өтіп, 64-армияның әскерлеріне барып қосылды.

1942 ж. қыркүйектен қарашаның бірінші жартысына дейін қазақстандық 38-дивизия бөлімдері Сталинградтың кіре берісінің оңтүстік-батыс жағын берік қорғап тұрды.

Байланыс үздіксіз істеді. Байланысшылар Өміров пен Шәкіров кабельдің үзілген жері болса, жалғап, өне бойы артиллериядан жауған оқтың астында болды. Міне, әскери бұйрықты қазақстандықтар осылай орындады<sup>1</sup>.

Бұл кезде Сталинград майданының әскерлері қаланың ішкі қорғаныс шептеріне орналаса бастаған еді.

Неміс басқыншылары 38-дивизия орналасқан қорғанысты бұзып өту мақсатын алға қойып, бұл ауданға шабуылды жиіліте түсті. Бірақ жаудың ол мақсаты жүзеге аспады. Қазақстан жауынгерлері ерлікпен шайқасты. Ең қиын күндердің өзінде қазақстандықтар өздері қорғап тұрған шеп – Киров ауданына бір де бір дұшпанды өткізбеді. Жауынгерлердің өжеттігінен,

<sup>1</sup>Далабаев Б. Қазақстандықтар Сталинград шайқасында. Алматы, 1977, 46-бет.



патриотизімінен, халқына, Отанға деген зор сүйіспеншілігінен туған асқан ерлігінің нәтижесінде, қаланың бұл аудандарында Қызыл Ту әрдайым желбіреп тұрды. Мұндағы зауыттар мен шеберханалар бір қалыпты жұмыс атқарып, майдан мұқтажын өтеп жатты.

Сталинград майданының ауқымы күн өткен сайын кеңейе түсті. Әр қадам үшін кескілскен ұрыстар жүргізілді.

Қаланы басып алмақ болған ниетпен фашистер 38-атқыштар дивизиясының бөлімдері орналасқан Сталинградтың оңтүстік шетінде, Бекетовка және Талинград ГРЭС-і аудандарын тағы да бомбылап, артиллерия мен минометтен атқылай бастады. Дивизия жауынгерлері бұл ұрыстарда да ерлікпен күресті. Олар әсіресе 74-километр разъез маңындағы операцияда асқан батырлық көрсетті.

Сол ерлігі үшін дивизияның көптеген жауынгерлері мен командирлері наградаларға ие болды. Олардың арасында дивизия командирі Ғ.Б.Сафиуллинге Қызыл Ту ордені берілді<sup>1</sup>. Осы кезеңнің бір көрнісін еске ала отырып, Кеңес Одағының Маршалы Ф.И.Гөликов Ғани Сафиуллин жөнінде былай деп жазған еді: «Тингутан орманшылығы 3 фермасы ауданындағы тамыз айында болған ұрыс кездерінде мен 64-армияның 38-дивизиясының командирі полковник Ғани Бекенұлы Сафиуллинмен жиі кездесіп тұрдым. Ол кезде оның дивизиясының жауынгерлік даңқы тек өзінің армиясы ғана емес, бүкіл майданға әйгілі болатын. Жау талай рет бұлардың соққысынан ойсырай жеңілді. Сафиуллин тамаша командир, қара жұмысқа әбден көндіккен, білгір, инициативалы, соғыс ісін шебер білетін адам еді. Қарапайым, турашыл, шыншыл, өте салмақты, ұстамды, қарамағындағы жауынгерлердің беделі мен сүйіспеншілігіне бөленген командир болды»<sup>2</sup>.

1942 ж. 20 қарашада Сталинград майданының құрамында қазақстандық 38-атқыштар дивизиясы да шабуыл бастады. Жаудың күшті қорғанысын бұза отырып, дивизия бөлімдері маңызды биіктікті алды. Фашистік командование бұл шептің Паулюс әскерінің барлық тобының қорғанысы үшін өте маңызды екенін ескере отырып, биіктікті қайтарып алу үшін талай әрекет жасады.

Әскерін көбейте отырып, жау Қазақстан әскерлеріне қарсы дивизиядан көп жаяу әскер, 80 танк пен бірнеше ұшақ жіберді.

Қантөгіс шайқастар басталды. Полковник Ғ.Б.Сафиуллин

<sup>1</sup>Далабаев Б. Қазақстандықтар Сталинград шайқасында. Алматы, 1977, 47-бет.

<sup>2</sup>Сонда.

бастаған 38-атқыштар дивизиясының бөлімдері неміс-фашист әскерлерінің барлық қарсы шабуылдарының бетін қайтарып, өз позициясын ұстап тұрды.

Жау бұл жерде 3500 солдатты мен офицерінен, 22 танкісі мен көптеген техникасынан айырылды<sup>1</sup>. Гитлерлік әскерлердің Сталинград түбіндегі қоршауынан кейін дивизия оларды талқандау үшін белсенді әрекеттер жүргізді.

Осы 20-21 қарашада болған ұрыстарда тек қазақстандық 38-дивизияның ғана қол жеткен жетістігі мынадай болды:

1) 20-румын жаяу әскер дивизиясының қорғанысы бұзылып, 82-жаяу әскер полкінің 1-батальоны, 83-жаяу әскер полкінің екінші батальоны және 91-полктің бір батальоны толығымен жойылды. 20-жаяу әскер дивизиясының, 39-артиллерия полкінің бірінші, үшінші дивизиондары талқандалды;

2) дұшпанның 3000-нан астам солдатты мен офицері жер жастандырылды;

3) 160 адам тұтқынға алынды, 128,2 биіктігі маңындағы оқ-дәрі қоймасы жарылды;

4) 21 танк, 1 броньды машина қиратылды, үш зеңбірек, әр түрлі калибрлі үш миномет, т.б. көптеген қару-жарақ қолға түсірілді немесе жойылды<sup>2</sup>.

1942 жылдың 22 қарашасында 38-дивизия Бекетова селосының оңтүстік-шығыс жағына топтасты. Осы күні жауынгерлер Глубокая сайының оңтүстік жағасындағы үлкен қорғанға дивизияның Сталинград үшін болған шайқаста халқы үшін жанын пидә еткен жауынгерлерін қастерлеп жерледі. Полк командирінің орынбасары еврей Борис Злобинский, батальон командирі аға лейтенант армян Хачатуров, мергендер ротасының командирі, аға лейтенант орыс Николай Тимофеев бауырластар қабіріне қойылды.

1943 ж. 10 қаңтардан 2 ақпанға дейін екі арада қоршауға алынған Гитлер әскерлері толық жойылып жіберілді. Осы ұрыс қимылына Дон майданының құрамында 38-дивизия белсене қатысты. Қаланың кіре беріс іргесінде тұратын Воропаево станциясының тактикалық маңызын ескере отырып, дұшпан бұл араға өзінің 297-жаяу әскер дивизиясының таңдаулы полктерінің бірін бағыттады. Табан тірескен ұрыстар бірнеше тәулік бойы жүрді. 22 қаңтарда дивизияның бөлімдері Воропаевоның су шығаратын мұнарасының төбесіне қызыл жалау тікті. Жаудың әскер бөлімдерінің қалдықтары Сарай

<sup>1</sup>Артсмьев А.П. Братский боевой союз народов СССР в Великой Отечественной войне, с. 126-127.

<sup>2</sup>Сафиуллин Ф.Б. Жеңіс жолында, 214-бет.

ауданына қарай шегініп кетті. 23 қаңтардан 26 қаңтарға дейін 38-дивизия Сталинградтың батыс шет аймағына шабуыл жүргізді.

Сталинградты қорғаушылардың қатарында 38-атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің қаһармандықпен аты шықты. «Полковник Ғ.Сафиуллин басқарған 38-атқыштар дивизиясының төрттен үш бөлігі қазақ жігіттері еді. Олар генерал фон Дреббердің 297-дивизиясын талқандап, жаудың танк корпусын тізе бүктірді. 8 мыңға жуық гитлершілерді тұтқынға алды»<sup>1</sup>.

Гитлер армиясының 297-жаяу әскер дивизиясының командирі Мориц фон Дреббер тізе бүгер алдында былай деді: «Бұдан былайғы қарсыласуды пайдасыз деп білемін, қарауымдағы солдаттар мен офицерлердің өміріне жауапты болғандығымнан, ең болмаса қалғандарын сақтап қалғым кеп, мен дивизияның барша адамдарымен бірге Қызыл Армияның 38-атқыштар дивизиясының командиріне тұтқынға берілуді ұйғардым. Дұшпан болсақ та, сонау Харьковтан Волгаға дейін ерлікпен соғысып келе жатқан бұл дивизияның жауынгерлік ісін жақсы бағалауға тура келеді, оған бас иеміз».

Волга үшін ұрыстарда, яғни 1942 ж. тамызынан бастап, қоршалған гитлершілерді талқандағанға дейін қазақстандық 38-дивизияның бір өзі жаудың 12 мыңнан астам солдаты мен офицерін, соның ішінде 8 полковнигін, 2 генералын тұтқынға алды. 68 танкісін, 22 ұшағын, 3 броньды пойызын, 400-ден астам зеңбірегі мен минометін, көптеген вагондар мен паравоздарын, мыңнан астам автомашинасын, үш мың автоматын, 800 пулеметін, жүздеген қару-жарақ қоймаларын және басқа мүліктерін қолға түсірді. Фашистің 15 мыңнан астам солдаты мен офицерін, 108 танкісін, 5 ұшағын жойды.

Сталинград шайқасындағы жауынгерлер мен командирлерінің ерлігі, батылдығы үшін 1943 ж. 1 наурызда 38-дивизияға 73-гвардиялық дивизи деген құрметті атақ берілді. Осы 73-гвардиялық атқыштар дивизиясының 2882 адамы ордендермен және медальдармен наградталды. Құра-маның полк штабының бастығы, капитан Талғат Алмеев, батальон командирі Досжан Әлімжанов, жауынгерлері – Молдағұл Ералиев, Камшал Омаров және т.б. ерліктің тамаша үлгілерін көрсетіп, Отан наградаларына ие болды.

73-гвардиялық «сталинградтық дивизияның» командирі Ғани Сафиуллинге генерал-майор әскери дәрежесі берілді.

<sup>1</sup>Ершов В. Ерлікпен елдің даңқын асырған. «Қазақстан коммунисті», 1983, №2, 68-бет.

1943 ж. 1 қаңтарда дивизия қатарында 36 ұлт өкілдері: орыстар, украиндар, белорустар, қазақтар, ұйғырлар, өзбектер, татарлар, армияндар, грузиндер, әзірбайжандар, тәжіктер, түрікмендер, қырғыздар, еврейлер, чуваштар, мордвалар, башқұрттар және басқалары болды. Сталинградтағы қаһармандық – осы ұлттардың достығының, қоян-қолтық әрекет етуінің нәтижесі.

Кеңес Қарулы Күштерінің таңдаулы құрамаларының біріне айналған 73-гвардиялық дивизия біраз тынығып, құрамын толықтырып алғаннан кейін, 1943 ж. 5 наурызында батысқа қарай жол тартты. Енді ол Воронеж майданына келіп түсіп, генерал-лейтенант М.С.Шумиловтың 7-гвардиялық армиясының (бұрынғы 65-армия) құрамына қосылды. Наурыз айының аяғына қарай дивизия бөлімдері Солтүстік Донец өзенінің шығыс жағалауындағы шепте қорғанысқа көшті. Бұл Белгород қаласының шығыс жағалауындағы аудан болатын.

1943 ж. қысында 73-гвардиялық дивизия Қазақстаннан келген жауынгерлермен толықтырылды да, құрамындағы полктер Воронеж майданының құрамында Белгородтың маңындағы қорғаныс шебіне орналасты.

1943 ж. сәуірінде генерал-майор Ғ.Б.Сафиуллин 25-гвардиялық атқыштар корпусына, ал 73-гвардиялық дивизияға гвардия полковнигі С.А.Козак командир болып тағайындалды. Дивизия Воронеж майданындағы 25-гвардиялық атқыштар корпусының құрамына кіріп, атақты Курск шайқасына қатысты. Бұл жерде ол күші басым жауға қарсы жүргізген қорғаныс ұрыстарында асқан табандылық көрсетті. Кейін осы Курск-Белгород бағытында жүргізілген кеңес әскерлерінің шабуылына қатысып, Харьков, Белгород, Мерфа, Красноград, тағы басқа қалаларды азат етті.

Курск шайқасында 73-гвардиялық дивизия Қазақстанның данқын арттыра түсті. Бұл кезде құрама Солтүстік Донецтің шығыс жағалауында – Белгородтың түбінде қорғаныс шебінде тұрған еді. 1943 ж. 5 шілдеде неміс-фашист әскерлері қорғаныстың бірінші шебін бұзып өткен кезде, 73-гвардиялық дивизия жаумен қоян-қолтық ұрысқа кіріп, оларды одан әрі алға бастырмай қойды. Дивизия бес күн бойына жаудың басым күшіне қарсы ауыр қорғаныс ұрыстарын жүргізді. Кейбір күндерде гвардияшылар 4-11 танк шабуылын, әсіресе «Тигр» танкілерінің атакасын тойтарып отырды<sup>1</sup>.

6 шілдеде жау құрамының бақылау пунктіне таяп келіп

<sup>1</sup>Балақаев Т., Едігенов Н. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. Алматы, 1971, 18-бет.

қалған кезде полковник Козак дивизияның гвардиялық туын қорғаныс шебінің алдыңғы жағына алып шығуға бұйрық берді. Бұл жауынгерлерді жігерлендіріп, қарсы шабуылға көтерді. Осы ұрыстарда капитан Бельгиннің басқаруындағы батальон ерекше ерлік көрсетті. Батальонның қорғап тұрған шебіне қарай гитлершілердің 100-ге жуық танкісі, көптеген жаяу әскері өршелене ұмтылды. Бұлардың арасында немістердің ұрыс техникасының жаңа құрамалары да, «Тигр» танкілері және өздігінен жүретін «Фердинанд» зеңбіректері де болды. Жау танкілері 11 рет шабуыл жасағанмен, бәрі де сәтсіз аяқталды: көптеген қираған танкілер мен зеңбіректерін және оққа ұшқан солдаттары мен офицерлерінің өліктерін қалдырып, тым-тырақай кейін қашты. Түс кезінде гитлершілердің 70 танкісі гвардияшылардың окоптарына лап қойды, бірақ гвардияшылар саспады. Капитан Бельгин ерлік өліммен қаза тапты. Капитан Ильясовтің «Сүйікті комбатымыз үшін кек алайық» деген үндеуі жауынгерлердің жігерін қайрай түсті. Байланыс телефонмен басқара білген рота командирі капитан Ильясовтің окобын неміс танкілері бір сағат бойына таптай берді. Бірақ ерлер бір адым да кейін шегінбеді, арыстанша алысып, қасық қандары қалғанша танкілерді өртей берді.

1943 ж. 6 шілдедегі осы ұрыс қимылдарында көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін 7-гвардиялық армияның командашысы генерал-лейтенант Шумилов 73-гвардиялық дивизияның барлық жауынгерлері мен офицерлеріне алғыс жариялады. Белгород қаласының маңындағы кескілескен ұрыстарға қатысқан дивизияның 1040 гвардияшысы үкіметі наградасына ие болды. Қазақстанның 4 қаһарман ұлына Кеңес Одағының Батыры деген жоғарғы атақ берілді.

1943 ж. 30 шілдеде 73-гвардиялық дивизияның жауынгерлері мен командирлері, Қазақстан жастарына хат жолдады: «біз, сталинградтық 73-гвардиялық дивизиясының жауынгерлері мен командирлері сіздерге, жерлестерімізге, гвардиялық сәлемдемемізді жолдаймыз.

Он бес ай бойы біздің бөлім неміс басқыншыларымен кескілескен күрес жүргізіп келеді. Біз немістерді Харьков түбінде ойсырата жеңдік. Батыр қала Сталинградқа ұмтылған немістің таңдаулы дивизиясы талқандалды. Ол ұрыстарда гвардияшы деген құрметті атаққа ие болдық... Белгород түбіндегі қорғанысқа белсене қатыстық. Біз әрбір минутымызды бос жібермей, осы заманғы соғыс тактикасы және жауды талқандаудың жолдарын үйренуге пай-

даландық... Неміс әскерімен күресте ерекше көзге түскен 617 жас жауынгер наградаларға ие болды. Біз сіздердің аманаттарыңызды ойдағыдай орындадық. Неміс басқыншыларының бар азабын шеккен кеңес адамдарының әр тамшы қаны үшін, әр ананың көз жасы үшін фашистерден кек алдық»<sup>1</sup>.

Неміс-фашист әскерлерінің Курск мен Орелдің түбінде талқандаулы Ұлы Отан соғысының барысындағы басты бетбұрыс болды. Қызыл Армия Кеңес жерін фашист басқыншыларынан толық азат ету жолындағы шабуылды майданның оң бойында өрістете түсті. 23 тамызда Харьков азат етілді. Осы Харьковты, ал одан кейін Красноградты азат етуге 73-гвардиялық дивизияның жауынгерлері де қатысты. Жау әскерлерінің осы маңызды стратегиялық тораптан қуылуы бүкіл сол жақ Украинаны гитлершілдерден толық тазартуға қолайлы жағдай туғызатын еді.

Днепр өзенінен кеңес жауынгерлері асқан шеберлікпен жүзіп өтті. Өзеннің оң жағынан бірінші болып 73-гвардиялық дивизия плацдарм алды. Осы Днепрден өту операциясына Жоғарғы Бас командование қатты назар аударып, бұл маңдағы әскери құрамалардың, танк, авиация күштерінің санын 2 есеге жуық арттырды.

25 қыркүйекке қараған түні 73-гвардиялық дивизияның бөлімдері Старо-Орлик селосының маңынан Днепрдің оң жағынан өтіп, мұнда Бородаев селосындағы маңызды шепті жаудан босатты. Дивизия жауынгерлері күніне дұшпанның талай қарсы шабуылын тойтарып отырды.

Іле-шала Кировоград бағытында ірі шабуыл басталды. Осы шайқастарда асқан ерлік көрсеткен дивизияның бір мың жауынгері КСРО орденімен және медальдарымен наградалды. Бұлардың арасында дивизия командирі С.А.Козак бастаған 13 адамға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді<sup>2</sup>.

Украин жазушысы Петро Понч 1945 ж. 1 қаңтарда қазақ халқына жолдаған Жаңа жылдық құттықтауында былай деп жазды: « Достар басқа қиындық түскен кезде танылды. Украин халқы фашистік тобырлармен соғыста Украинға төнген қауіпті, бақытсыздық жылдарында өзіне көрсеткен сол бір туысқандық көмекті ешқашан ұмытпайды. Қазақтар біздің ағайындарды өз туыстарындай қарсы алды, оларға өз ошағының басын берді. Алайда украиндықтарға көрсетілген көмек бұл ғана емес: қазақ халқы өзінің таңдаулы ұлдарын

<sup>1</sup>«Правда», 1943 ж., 8 тамыз.

<sup>2</sup>Балакаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.), 98-бет.

украин жерін неміс басқыншыларынан азат етуге жіберді. Енді достық халықтар туысқандығы жолында төгілген қасиетті қанмен бекіді.

Біз қазақтың азат етілген украин жерінің әр метрін сүйгені туралы хабарды көңіліміз елжіреп, көзімізден жасымызды төге отырып қарсы алдық. Иә, оның есімі даңққа бөлене берсін. Қазақтар ұйытқысы болған 73-гвардиялық Сталинград дивизиясы гитлершілерді бүкіл Украина арқылы өкшелей қуды.

Днепрде бүкіл Украинаның тағдыры шешілді. Қазақтар өзеннің арғы жағалауына от-жалын арқылы алғашқылардың бірі болып жол салды. Осы теңдесі жоқ ерлігі үшін еліміз 20 гвардияшыны Кеңес Одағының Батырының жоғарғы атағымен наградтады. Украин халқы бізге қымбат есімдер – қызыл әскер, Жамбыл облысы Талас ауданының колхозшысы Сәду Шәкіровті, мерген, Оңтүстік Қазақстанның Сайрам ауданының колхозшысы Әбдібай Құрмантаевты, капитан Владимир Савваны, Балмағамбетовті, Садық Жақсықұловты және басқа көптеген жолдастарды әрдайым шынайы алғыспен және сүйіспеншілікпен есіне алады. Олар Днепрдің қаһармандары атанды, олардың есімдері мәңгі өшпейді<sup>1</sup>.

Днепрден өткеннен кейін генерал-майор С.А.Козак басқарған 73-гвардиялық дивизия жауды Оңтүстік Украина мен Молдавия жерінде талқандасып, Яссы – Кишинев операциясына қатысты. Ал бұдан кейін ол 37 және 57-армиялардың қарамағында бола жүріп, Румыния, Болгария мен Югославия жерін неміс-фашист басқыншыларынан азат етісті.

1944 ж. қазан айында қазақстандық 73-гвардиялық дивизия Югославияның астанасы Белградты жаудан тазартқан соң, Қызыл Ту орденімен наградталды. Белградты азат етудегі ерлігі мен батырлығы үшін 2 мың кеңес жауынгері мен офицері Югославия ордендері мен медальдарының иегері атанды. 13 кеңес жауынгеріне Югославияның халық батыры атағы берілді. Солардың ішінде қазақстандық Үйсінбай Қалынбаев та бар.

Осы жылдың қараша айында кеңес жауынгерлері Югославияны азат етуді аяқтап, Венгрия жеріне аяқ басты. Будапешт қаласының оңтүстігіне таман Дунай өзенінен өтіп, оның батыс жағалауындағы маңызды шептерге ие болғаны үшін құрама «дунайлық дивизия» деген құрметті атақ алды.

1945 ж. ақпан-наурыз айларында 73-дивизия Будапешт

<sup>1</sup>Қараңыз: «Қазақстан үгітшісі», 1980, №8, 14-бет.

бағытындағы ұрыстарға қатысып, немістің Балатон көлі маңындағы тобын талқандады. 1945 ж. наурыз айының орта кезеңінен бастап, дивизияны полковник В.И.Шербенко басқарды, өйткені бұл кезде С.А. Козак 21-гвардиялық атқыштар корпусына командир болып тағайындалды. Василий Иванович Шербенкоға 1945 ж. маусым айында генерал-майор атағы берілді, ол бұл дивизия таратылғанға дейін оған басшылық жасады.

Соғыстың соңғы айларында, яғни наурыздың аяғынан бастап, соғыс біткен күндерге дейін, дивизия бөлімдері 3-Украина майданының сол қанатында болып, Вена маңындағы операцияларға қатысты. Венгрияның, Югославияның, Австрияның көптеген қалаларын жаудан азат етті. Соғыс жорығына дивизия 1945 ж. 9 мамырда Австрияның Грац деген қаласының оңтүстік-батысындағы Альпі тауларының бөктерінде аяқтады.

Дивизия 3 жылдан аса уақыт, яғни 1942 ж. 10 сәуірінен 1945 ж. 9 мамырына дейін үздіксіз майданда болды. Дивизия ардагері, Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Н.И.Яшенконың сөзімен айтқанда, «осы үш жылдың ішінде бір рет қайта жасақталып көрген емес».

Соғыс жылдарында шайқаста көрсеткен ерліктері үшін дивизияның 36 жауынгеріне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, ал дивизия командирі генерал С.Козак бұл атаққа екі мәрте ие болды. Кеңес Одағының ордендерімен – 5514 адам, медальдармен – 10884 адам наградталды<sup>1</sup>.

Бұл күндері 73-гвардиялық дивизияның жауынгерлік туы Мәскеудегі Ресей Қарулы Күштерінің Орталық әскери мұражайында сақтаулы.

### **3) 8-атқыштар дивизиясы**

1941 ж. аяғында республикада жасақталған құрамалардың бірі – 8-атқыштар дивизиясы. Құрама 1941 ж. 11 желтоқсаннан бастап құрыла бастады да, 1942 ж. 1 қаңтарына қарай, негізінен, жасақталып бітті. Дивизия штабы мен оның негізгі құрамы Семей қаласына орналасты, тек бір атқыштар полкі мен дербес миномет батальоны ғана қала сыртында болды.

Дивизия, негізінен Семей, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарының еңбекшілерінен құрылды. Құрама командирлігіне полковник Г.А.Зверев (1942 ж. 2 ақпаннан бастап полковник И.И.Иванов) тағайындалды, комиссарлығына–

<sup>1</sup>Қараңыз: Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941-1945 жж.), 100-бет.



И.А.Кохновский, штаб бастығына – Л.Н.Лозанович бекітілді.

Жасақталған атқыштар дивизиясында: үш атқыштар полкі, бір артиллерия полкі, бір танк жойғыш дивизион, сондай-ақ миномет, байланес, медициналық, санитарлық батальондары, артиллерия батареясы, барлаушылар ротасы, авторота, жеке химиялық қорғану ротасы, т.б. болды.

8-атқыштар дивизиясын жасақтауға жергілікті партия, кеңес органдары қамқорлық жасады. Дивизияның орта командалық құрамы, басқа құрамалардағы сияқты әскери оқу орындарында дайындықтан өткен, жаяу әскер және артиллерия училищелерін бітірген жас офицерлерден жасақталды. Құраманың партия және комсомол ұйымдарын нығайту мақсатымен Семей облыстық партия комитеті дивизия бөлімдеріне 300 коммунист пен комсомол мүшесін жіберді<sup>1</sup>.

Дивизия құрылып болғаннан кейін жауынгерлер арасында әскери дайындық жұмыстары жүргізілді. Семей өңірінің қатал қысына қарамастан, дивизия бөлімдері қаңтар-наурыз айлары ішінде, яғни үш ай бойына тыңғылықты жауынгерлік даярлық жасады.

«Дивизия қатарына келгендердің дені бұрын әскери дайындықтан өтпеген, орыс тілін нашар білетін адамдар болды»<sup>2</sup>, – деп жазады В.Лупшев.

Дивизияға алынған әскер жасындағылардың көбі алыстағы ауылдардан келгендер, көбінің білім дәрежелері төмен, орыс тілін де нашар білетіндер еді. Міне, сондықтан да олармен әскери дайындық ісі және саяси-тәрбие жұмысы ана тілінде жүргізілді, ал бұл олардың жауынгерлік даярлығын шындай түсті.

Наурыз айында дивизия бөлімдерінің әскери дайындығын тексерген Қызыл Армияның әскери құрамаларды жасақтау жөніндегі бас басқармасының өкілі полковник Якушев бастаған комиссия жақсы бағамен қабылдады.

Әскери даярлықтан өтіп жатқан 8-атқыштар дивизиясының бөлімдеріне облыстық партия, кеңес және комсомол ұйымдары ерекше қамқорлық жасап, олардың материалдық-техникалық жағынан дұрыс жабдықталуына назар аударып отырды.

Дивизия майданға аттанардың алдында 1942 ж. 21 наурызда Семей облыстық партия комитеті мен еңбекшілері депутаттарының облыстық кеңесі әскери және саяси дайындықтың озаттарына сыйлық тапсырды.

<sup>1</sup> Лупшев В. 8-атқыштар дивизиясы. А., 1975, 8-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда.

1942 ж. 1 сәуірде дивизияның бөлімдері майданға аттанды. Құрама эшалондары Алматы – Орал – Саратов арқылы өтіп, сәуірдің 24-і күні Сталиногорск (қазіргі Новомосковск) қаласы маңына жетті. Құрама осы маңға шоғырландырылып, Брянск майданындағы 24-армияның қарамағына берілді. Бұл майдан резервіндегі армия еді. Ал енді бірер күннен кейін 8-атқыштар дивизиясы 3-армияның, іле-шала 48-армияның құрамына қосылды. Жау әскерлерінің Воронеж бағытында шабуыл жасауына байланысты, 1942 ж. 8 шілдесінен бастап, дивизия 13-армияның қарамағына өтіп, алғашқы шайқастарға қатысты. Сөйтіп, дивизия бөлімдері майданның басқа да құрамаларымен бірге, бес ай бойы қорғаныс ұрыстарын жүргізді. Бұл шайқастарда дивизия жауынгерлері жаудың 5 мыңдай адамын, 22 артиллерия батареясын, 12 танкісін жойды<sup>1</sup>.

1942 ж. 4 желтоқсаннан бастап, дивизия майдан қолбасшысының резервінде болды.

1943 ж. басында кеңес әскерлері үшін қолайлы стратегиялық жағдай туды. Сталинград түбіндегі жау әскерлері талқандалды. Сталинград маңынан басталған шабуылдар Солтүстік Кавказды, Донның төменгі сағасын, тағы басқа аудандарды жаудан азат етумен жалғасты. Міне, осы кезде, немістердің Воронеж – Касторное әскери тобы талқандалды. Оны талқандауға Воронеж майданының 40-армиясы қатысты. Генерал Н.Е.Пухов басқарған 13-армияның құрамында 8-атқыштар дивизиясы ұрыс жүргізді.

1943 ж. 26-28 қаңтар аралығында дивизия бөлімдері темір жолдың торабы Касторное қаласы бағытында шабуыл жасай отырып, 60 километрдей алға жылжыды. Жаудан 48 елді мекенді азат етті, бұлардың ішінде Урицкое селосы, Набережные темір жол станциясы, Касторное қаласы бар. Жаудың 5320 адамы жойылып, 3522 адамы тұтқынға алынды. Көптеген қару-жарак, азық-түлік, киім-кешек қоймалары, бір мыңнан аса ат, 2700 автомашина, т.б. қолға түсірілді. Ұрыс кезіндегі ерліктері үшін дивизияның 2071 адамы КСРО ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Үздіксіз ұрыстардың нәтижесінде дивизия қатары да сиреді. Дивизия резервте болған кезде батальондардың құрамы тыл бөлімшелерінің және госпитальдардан сауығып қайтқандардың есебінен толықтырылды. Алда курск шайқасы тұрды. Бұл 1943 ж. шілдесінде болды.

Курск шайқасының аяғына дейін ауыр ұрыстар жүргізген

---

<sup>1</sup>Балақаев Т., Алдажұманов К. Көрсетілген еңбек, 103-бет.

құрамалардың бірі – 8-атқыштар дивизиясы. Ол Орталық майданға қарайтын 13-армияның құрамында Курск шайқасы басталған күннен жау шабуылының бел ортасында болды.

Курск шайқасы басталардан бірнеше күн бұрын 8-дивизияға командир болып гвардия полковнигі Профирий Мартынович Гудзь келді. Ол 1943 ж. 16 қазанда Кеңес Одағының Батыры атанды. Бұл дивизияның оған дейінгі командирі генерал-майор И.И.Иванов 3 маусымда басқа бөлімге ауысқан еді. Жаңа командир келгенде дивизияның бөлімдері ұлы шайқастың қарсаңындағы барлық инженерлік жүйемен әзірленген өздерінің қорғаныс шебінде тұрды. Полковник Гудзь өзінің естелігінде былай деп көрсетеді: «8-дивизияға мен 1943 ж. 25 маусымында таң ата келдім... Дивизияның алдында қорғаныста немістердің 78-Врютемберг-Бадендік жаяу әскер дивизиясы тұрды, оның командирі генерал-лейтенант Фолькерс болды. Бізге күшті жаумен шайқасуға тура келді»<sup>1</sup>.

Бұл гитлерлік дивизия 1941 ж. 7 қарашада Мәскеуде Қызыл алаңда өткізілмекші болған әскери шеруге қатыспақ екен, бірақ Мәскеу түбіндегі шайқастың барысында оның өзінің талқаны шықты. Мәскеуде шеру жасамақ болған «сабаздар» кеңес әскерлерінің берген соққысының нәтижесінде, Мәскеудің қар жамылған даласында қырғынға ұшырады. Ал бұл Курск маңына келіп, 8-дивизиямен бетпестік шабуылға шыққалы тұрған фашистердің 78-жаяу әскер дивизиясының қайта жасақталып келген беті екен.

Курск шайқасы 5 шілде күні басталды. Қаптаған неміс танктері мен автоматшылары алға ұмтылды, оларды неміс авиациясы қолдап, біздің әскерлер бекінген шептерді көктен де, жерден де атқылады.

Осы жойқын шайқас кезінде, жау шабуылына қасқая қарсы тұрған 8-дивизияның ер жүрек жауынгерлері өз қорғаныс шептерінен бір адым да кейін шегінген жоқ. Жаудың броньды күшіне ойсырата соққы беріп, оларды алға жылжытпай қойды. Дивизия жауынгерлерінің ерлігіне сүйсінген дивизия командирі П.Гудзь: «1941 ж. желтоқсанында 8-дивизияны жасақтаған Қазақ КСР-і неміс фашистерінің тісі батпайтын мықты жаңғақ дайындаған... Курск доғасында Қызыл Армияның басқа да құрамаларымен бірге 8-дивизия, оның адамдары жауынгерлік міндетті абыроймен орындады және өз позицияларынан тапжылған жоқ. 8-дивизияның 400-ден

<sup>1</sup>Провал операции «Цитадель», М., 1967, с. 27.

астам жауынгері мен офицері үкімет наградасына ұсынылды»<sup>1</sup>, – деп еске алды.

Қарсы шабуылға шыққан қазақстандық құрама жауынгерлері жаудың Орел тобына аяусыз соққы берді. Ол Неручь өзені жағалауындағы қорғаныс шебінен Кромь қаласына дейін жүріп өтті, осы қаланы, сондай-ақ Глазуновка станциясын және басқа да 70 елді мекенді фашистерден босатып, 2400-ден астам гитлершінің көзін жойды.

Қыркүйектің соңғы күндерінде кеңес әскерлері шайқаса отырып, Днепрге таяп келді. Орталық Воронеж және Оңтүстік-Батыс майдандарының әскерлері өзенді бір мезгілде төрт жерінен: Гомельдің оңтүстігінен, Киевтің, Кременчугтің және Днепропетровскінің маңынан өтті. Днепр үшін болған шайқасқа мыңдаған қазақстандықтар қатысты. Днепрді бірінші болып өткен құрамалардың арасында 8-атқыштар дивизиясы да болды.

Курск шайқасы кезінде қорғаныс ұрыстарын жүргізген 8-атқыштар дивизиясының тәжірибесіне «Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес Армиясы тактикасының дамуы» атты еңбекте де ерекше мән берілді. Бұл еңбекті М.В.Фрунзе атындағы әскери академияның авторлар ұжымы жоғарғы әскери оқу орындарының тыңдаушылары үшін оқу құралы ретінде дайындаған болатын<sup>2</sup>. Жау Десна, Днепр және Припять өзендері бойында қорғаныс шептерін құрып, осы су тосқауылдары арқылы Қызыл Армияның батысқа қарай жылжуын бөгемек ниетте еді. Бірақ кеңес құрамаларының тегеурінді шабуылына еш нәрсе кедергі бола алған жоқ.

Дивизия болімдері 1943 ж. қыркүйектің 22-сінен 23-іне қараған түні Днепрден өте бастады. Олар бір тәуліктің ішінде өзеннен өтіп болып, белгіленген бағытпен ұрыс жүргізе берді.

Днепр өзенінен өту ұрыстары кезінде көптеген қазақстандық жауынгерлер ерлік көрсетті. Олардың есімдері Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысының тарихына алтын әріптермен жазылды. Олардың арасында 8-атқыштар дивизиясының батальоны командирі, капитан Н.Н.Силин, рота командирі, аға лейтенант Әбу Досмұхамбетов, т.б. бар еді.

Дивизия 1943 ж. күзінде оң жағалаудағы Украинаны азат етуге байланысты 1-Украина майданы жүргізген шабуылдарға да қатысты. Оның жауынгерлері кейін Чехосло-

<sup>1</sup>Провал операции «Цитадель», с. 40-41.

<sup>2</sup>Қараңыз: Лупшев В. 8-атқыштар дивизиясы, 44-бет.

вакияны да азат етісті. 1944 ж. наурызда Каменец-Подльск облысының Ямполь қаласын азат етудегі көрсеткен ерлігі үшін дивизия «ямпольдық дивизия» деген құрметті атақ алды. Чехословакияның көптеген қалаларын азат ету жолындағы ұрыстарға қатысқаны үшін дивизияның туына Қызыл Ту және II дәрежелі Суворов ордендері тағылды. Дивизия жауынгерлерінің арасынан 64-сы Кеңес Одағының Батыры деген атаққа ие болды<sup>1</sup>.

#### **4) 102-атқыштар дивизиясы**

102-дивизиясы 1941 ж. аяғы 1942 ж. басында Шымкентте құрылып, 5 мамырда Ворошилов облысының Славяносербск қаласы ауданына жөнелтілді.

Дивизияны генерал-майор П.Е.Ловягин басқарды, ал комиссары А.Т.Мусатов болды. Оның 410, 467, 519-атқыштар және 346-артиллерия полктері, 240-артиллерия және 162-миномет дивизиондары, 196-саперлік, 211-байланыс, 163-санитарлық батальондары және басқа бөлімшелері толығымен жабдықталды. Құрама жауынгерлерінің 8,5 пайызы партия мүшесі немесе партия мүшелігіне кандидат, 13,3 пайызы комсомол мүшесі және әрбір алтыншы адам бұған дейін соғысқа қатысқандар еді<sup>2</sup>.

1942 ж. шілдеде дивизия полковник Н.Г.Сыроваткиннің және комиссары М.С.Шевляковтың басқаруымен майданға аттанды.

102-атқыштар дивизиясы 37-армия құрамында Оңтүстік майданына, негізінен Лисичанск, Пролетарск маңында ұрысқа 7 шілдеде кіріп, төрт тәулік ішінде 11 шабуылға тойтарыс берді. Бірақ уақыт өте келе, дивизия армияның өзге құрамаларымен бірге ауыр ұрыстармен шығысқа шегіне отырып, 1942 ж. 14 тамызда таратылды. Осы дивизияның қатарындағы жерлестеріміз – капитан П.Рамазин, рота саяси жетекшісі М.Беличенко, жауынгерлер Алтынов, Жигалин, Ярославцев, Яцуна лажсыз шегініс кезінде ерліктің үлгісін көрсетті<sup>3</sup>.

#### **5) 81-атқыштар дивизиясы**

81-атты әскер дивизиясы 1942 ж. жазында Жамбыл қаласында құрылып, қазанда Сталинград майданының 28-ар-

<sup>1</sup>Қазақ ССР тарихы. 5-том, 152-бет.

<sup>2</sup>Белан П.С. Казахстанцы в боях за свободу Украины и Молдавии. 1941-1944 гг., с. 22.

<sup>3</sup>Қараңыз: «Южный Казахстан», 1976 ж. 6 шілде.

миясы құрамына жіберілді. Сталинградқа қарсы шабуыл басталғанша Волганың 80-100 километр жағасында, Астраханьнің солтүстігінде бұл дивизия қорғаныс шебін құрды. Қараша шабуылында генерал Т.Т.Шапкиннің 4-атты әскер корпусының құрамында болды<sup>1</sup>.

1942 ж. 21 қараша күні дивизия Сталинград – Ростов темір жолын кесіп, еікпінді топты оңтүстіктен қорғау міндетімен Цаца көлі мен Симкин хуторы учаскесіне бұзып өтті. Атты әскерлермен олардың көршілері өздеріне жүктелген міндетті орындап, бұл ұрыста қаһармандық көрсетті.

Абганеровоны, Ақсайды, Громославканы және басқа да бірнеше елді мекендерді босата отырып, дивизия Котельниково қаласы үшін тоғыз күнге созылған ұрысты бастады.

1942 ж. 27 қарашадан 14 желтоқсанға дейін дивизия жауынгерлері 60 танкіні, 40 автомашинаны, басқа да көптеген техниканы жойды, жүздеген басқыншыларды жер жастандырды. Майданқолбасшысының бұрынғы орынбасары генерал М.М.Поповтың атап айтқанындай, басты қорытынды «қараша айының аяғында-ақ осында (Котельниково түбінде) Паулус армиясымен қосылу мақсатын көздейтін Готтик неміс әскерлерінің қанша күші бар екендігін байқап, анықтау болды»<sup>2</sup>.

Котельниково бағытындағы ұрыстарда 4-атты әскерлер корпусының басқа бөлімдерінде қызмет атқарған қазақстандықтар да көзге түсті. Солардың бірі Шымкент облысының Шаян ауданындағы «Көктөбе» колхозының бұрынғы бригадирі, минометші Қ.Сыпатаев «Красный герой» колхозының түбінде 23 қарашада болған ұрыста саптан шыққан көздеушінің орнына тұрып, жаудың бір взводтай жаяу әскерін жойды. Екі күн өткен соң Шорнутов хуторының іргесінде Қ.Сыпатаев өзінің соңғы ерлігін жасады. Минометшілер қолдаған бөлім бекініп үлгергенше жау қарсы шабуыл жасап, көп ұзамай қоршап алды. Миномет тобынан жалғыз Қ. Сыпатаев қана тірі қалған болатын. Бірнеше рет үсті-үстіне мина жаудырып, ол неміс жаяу әскерін танкілерден бөліп тастап, олардың қатарына ажал оғын септі. Батареяның атыс позициясын орағытып өткен танкілердің бірі ер жүрек жауынгерге тақап келіп қалды. Тізбектен келесі бір минаны көтеріп алған жауынгер танкінің астына құлады.

<sup>1</sup>Белан П.С. Казахстанцы в Сталинградском сражении. - В кн.: Казахстан в Великой Отечественной войне. Вып. 1, Алма-Ата, 1986, с. 65.1941-1944 гг., с. 22.

<sup>2</sup>Попов М.М. Южнее Сталинграда. - В кн.: Сталинградская эпопея. М., 1968, с. 660-661.

1943 ж. 17 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы қазақ халқының ер жүрек ұлына Кеңес Одағы Батыры атағын берді<sup>1</sup>.

1943 ж. майданда атты әскер санының азаюына байланысты, 4-атты корпусы таратылды. Бұл корпустың қалған жауынгерлері 7-гвардиялық атты әскер корпусын толықтыруға берілді<sup>2</sup>, олардың қатарында қазақстандық 81-атты әскер дивизиясының қалған бөлімдері де болды.

Бұл 7-гвардиялық атты әскер корпусының жақынгерлік жолы данқты болды. Құраманың жауынгерлік жорық жолы Сталинградтан басталып, Украинаның, Белоруссияның аудандарында, Люблин – Брест – Варшава – Познань, шығыс Померан және Берлин операцияларына қатысумен аяқталды. Корпус жауынгерлерінің Берлинді алудағы ерлігі мен батылдығы үшін 1945 ж. сәуірде «бранденбургтік корпус» деген құрметті атақ берілді. Корпус шайқастарда кеңес гвардиясының даңқын асырып, соғыс жылдары Ленин, Қызыл Ту және II дәрежелі Суворов ордендерімен наградталды. 143 жауынгері Жоғарғы Кеңес Одағының Батыры атағын алды<sup>3</sup>.

#### **6) 152-дәрежелі бригадасы**

Қазақстан жерінде құрылған атқыштар бригадаларының бірі Оралда құрылған 152-атқыштар бригадасы (командирі – полковник Рогаткин, комиссары – С.Мартынов). Бұл бригада 1941 ж. соңы мен 1942 ж. басында құрылып, Сталинград майданындағы 28-армия қатарында соғысты. Құрама 1942 ж. тамыздың ортасында Астарханьның солтүстік-батысында 90 километр жерде, Волга мен Каспийдің төменгі ағысы бойында шабуылға шыққан жау әскерімен бетпе-бет кездесіп, алғаш рет шайқасқа түсті, әрбір құдық үшін кескілескен ұрыстар жүрді. Бригада мен оның көршілеріне Қалмақ АКСР-інің барлық оңтүстік-шығыс бөлігін ұстап тұрудың және жаудың Астраханьды басып алу жоспарын іске асырмай тастаудың сәті түсті. Жергілікті тұрғындар қазақстандық бригадаға Астархань қалалық комитеті мен қалмақ облыстық партия комитетінің ескерткіш туын тапсырды. 20 қарашада, яғни шабуылдың алғашқы күні-ақ 152-атқыштар бригадасы 6-танк бригадасымен біріге отырып, Хулхута поселкісінің солтүстік-батысындағы жау қорғанысын бұзып, штруммен Сянцк елді мекенін алды. Жауды қуа отырып, армия бөлімдері 1943 ж. қарсаңында Қал-

<sup>1</sup>Қазақстандық Совет Одағының Батырлары, 2-том, 255-256-беттер.

<sup>2</sup>Кирсанов Н.А. В боевом строю народов-братьев. М., 1984, с. 93-94.

<sup>3</sup>Великая Отечественная война 1941-1945. Энциклопедия. М., 1985, с. 108-109.

мақ АКСР-інің астанасы Элиста қаласын жаудан босатты<sup>1</sup>, қаңтардың ортасына қарай Маньч өзеніне шықты, ал 22 қаңтарда басқыншыларды Сальскіден қуды. 8 ақпанға қараған түні 152-бригаданың жауынгерлері мен офицерлері алғашқылардың бірі болып Дондағы Ростовқа қарай шабуылға шықты. Осы ұрыстарда Жоғарғы Бас Қолбасшысының бұйрығында көрсетілген ерекше көзге түскен бөлімдер мен құрамалардың ішінде 152-бригада да аталды.

Қазақстандық 152-атқыштар бригадасымен болған ұрыстарда 2 мыңнан астам солдатты мен офицерінен және 18 танкісінен айырылған жау Астраханьға шабуыл жасау әрекетінен бас тартты.

1943 ж. мамырдың аяғында аз уақытта орнаған тыныштық кезінде бригада резервке шығарылып, Ростов облысының Мясников ауданының Лениванан селосына жеткенде бригада өзінің қатарын толықтырып, 118-атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды<sup>2</sup>. 1943 ж. тамыз-қыркүйек айларында Солтүстік Таврия мен Мелитопольді азат етуге 118-атқыштар дивизиясы ат салысты. Құрама Миустағы неміс қорғанысын ауыр шайқастардан соң бұзып өтіп, олардың Сармат, сулы және құрағак Еланшак өзендері бойындағы аралық шептерге бекінуіне мүмкіндік берді. Дивизия Мелитопольді, Днепрден Молочная озені бойымен Азов теңізіне дейін өтетін шептердегі ұрыстарда ерекше көзге түсті. Он бес күннің ішінде дивизия фашистердің шабуылын тойтарып, Молочная өзеніндегі қаһармандық шай-қасы үшін «Мелитополь дивизиясы» құрметті атағын алды<sup>3</sup>. Ерлік көрсеткен жауын-герлер арасында қатардағы жауынгер А.Найманбаев, сержант Ж.Сәдуақасов, тағы басқалары болды.

4-Украина майданының Никополь – Кривой Рог операциясында 5-Екпінді армияның құрамында – 118-Мелитополь атқыштар дивизиясы да қатысты. 1944 ж. 7 ақпанда дивизия гитлершілдердің қорғанысын бұзып өтіп, басқа дивизиялармен бірге жаудың Днепрдің оң жағалауындағы Никополь палшдармын жойды, сөйтіп, 10 ақпанда Днепрден өте бастады...

Наурыз айында 118-дивизия 57-армияның карауына берілді, сөйтіп, енді оның құрамында шайқасқан дивизия 12 сәуір күні танертең Тирасопольдің солтүстік жағын алды, ал бір күн өткен соң Варница станциясының іргесінен Днестрден өтті.

<sup>1</sup>Белан П.С. Казахстанцы в боях за свободу Украины и Молдавии. 1941-1944 гг., с. 41.

<sup>2</sup>Белан П.С. Көрсетілген еңбек, 41-бет.

<sup>3</sup>Уткин Г.М. Штурм «Восточного вала», М., 1967, с. 321-324.



1944 ж. шілдеде 118-дивизия Висланның батыс жағалауындағы Львов – Сандомир плацдармын ұстап қалу және кеңейту үшін болған шайқастарға қатысты.

1944 ж. 18 шілдеде 1-Белорус майданының әскерлері жаудың қорғаныс шебін бұзды, ал 20 шілдеде Батыс Бугті азат етіп, Польша территориясына шықты.

118-атқыштар дивизиясы екпінді ұрыс қимылдарын Олова (Олова) қаласы түбінде, Бреслаудан (Вроцлав) оңтүстік-шығысқа таман бастады. Оның полктері 1945 ж. 31 қаңтардан бастап Одер өзенінің батыс жағалауындағы шепке шығу және оны кеңейту үшін табандылықпен ұрыс жүргізді. 398-атқыштар полкі осы ұрыстарда «Одер полкі» құрметті атағына ие болды. 463-Вислан атқыштар полкі Қызыл Жұлдыз орденімен, ал 527-атқыштар полкі II дәрежелі Богдан Хмельницкий ордендерімен наградталды<sup>1</sup>.

Соғыстың соңғы күндерінде 118-атқыштар дивизиясы 34-гвардиялық атқыштар корпусының құрамында Прага операциясына қатысты. Берлин және Прага операциясы кезінде ауыр шайқас үстінде Нейседен Эльбаға және Богемак тауының орта етегіне дейінгі шайқастарда жаудың 7 мың солдатымен офицерін жойып, мыңнан астам фашисті тұтқынға алды. Дивизияның 1200 жауынгері ерлігі мен батырлығы үшін ордендермен және медальдармен наградталды. Жеңіс күнін дивизия Чехословакия астанасының солтүстігіндегі Будине Костелец ауданында қарсы алды.

Жоғарыда аталған құрамалармен қоса, республикадан тыс жерлерде жасақталған әскери құрамалар мен бөлімдердің құрамына да қазақстандықтар кіріп отырды. Мысалы, 1942 ж. басында Чкалов облысында құрылған 196-атқыштар дивизиясының құрамында алғашқы армияға шақырылғандардың 80 пайызы қазақтар, ал қалғандары орыстар мен басқа ұлт өкілдері болды. 1942 ж. наурызда Чкалов облысында құрылған 195-атқыштар дивизиясы құрамының жартысынан көбі, яғни 4129-ы қазақтардан тұрды<sup>2</sup>.

196-атқыштар дивизиясы Сталинградты ерлікпен қорғауға қатынасты, 3 айға созылған қанды шайқастарда дивизияның жеке құрамасы жаудың 7 жаяу әскер батальонын, 87 танк, 5 ұшақ және т.б. техникасын талқандады. Сталинградты қорғаудағы ерлігі үшін 196-дивизия Қызыл Ту орденімен наградталды. Олар ұлттық болып құрылмаса да, іс жүзінде қазақстандық адам ресурстарымен толықтырылды.

<sup>1</sup>Қазақ ССР тарихы. 5-том, 182-бет.

<sup>2</sup>Аргъем А.П. Братский боевой союз народов, с. 40-41.

## **§4. ЛЕНИНГРАД ҚАЛАСЫН ҚОРҒАҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰРАМАЛАРДЫҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ**

Ленинград қаласын қорғау Ұлы Отан соғысының тарихынан айрықша орын алады. Жау Ленинград қаласына бір миллионнан астам адамнан тұратын күшпен шабуыл жасады, оларда 17 мыңнан астам зеңбірек пен миномет, 1500-дей танк және 2 мың ұшақ болды<sup>1</sup>. Ленинград 900 күн бойы қоршауда тұрды. Қаланың жүздеген тұрғындары мен қорғаушылары қаза тапты, олардың басым көпшілігі алғашқы ең ауыр ашаршылық күндерінде және қоршаудағы суық қыс кезінде көз жұмды.

Қызыл Армияның Ленинградты қорғаудағы ерлігі Ұлы Отан соғысындағы фашистік германияны талқандауда үлкен рөл атқарды. Өйткені Ленинградты тікелей шабуылмен ала алмайтынына көзі жеткен неміс-фашист командованияесі оны қорғаушыларды аштан қырамыз, алыстан атқылап, тынымсыз бомба жаудырып, жігерін құм қыламыз деп ойлады. Сөйтіп ұзаққа созылған қоршау басталды. Халықтың қолдауымен, жауынгерлер мен қала тұрғындары кескілескен шайқас пен ауыр еңбек үстінде, қаланы жанқиярлықпен қорғады. Олар ауыр жағдай мен аштық азабын табандылықпен жеңіп отырды. Осындай қиын-қыстау күн таяп, Ленинград қаласына қара бұлт төнген кезде, ленинградтықтарға Қазақстанда жасакталған 310, 314-атқыштар дивизиясы көмекке барды.

### **1) 310-атқыштар дивизиясы**

1941 ж. тамызында майдан шебіне қарай жол тартқан құрамалардың бірі қазақстандық 310-атқыштар дивизиясы еді.

Бұл шақ неміс-фашист әскерлері «Солтүстік» армия тобының Ленинградқа шабуыл жасап, оны қоршауға алу әрекетін жүргізіп жатқан кезі болатын. Гитлер командованияесінің «Барборосса» жоспары бойынша жүргізілген жазғы стратегиялық операциясы сәтсіз аяқталып, сөйтіп, жаз айларында-ақ Ленинград пен Мәскеуді басып алып, оларды жермен-жексен ету керек деген Гитлердің бұйрығы орындалмады. Жау әскерлері Қызыл Армияның мықты қарсылығына тап болып, Мәскеу мен Ленинградтың шалғай

<sup>1</sup>Қараңыз: Битва за Ленинград. 1941-1944. М., 1964. 19-20-беттер.

шептерінде үлкен шығынға ұшырады. Жоғарғы Бас Командованиенің Ставкасы Мәскеу мен Ленинград бағытын жаңа резервтермен толықтырып, жауға қарсы соққыны үдете түсті. Міне, осындай резервтер қатарындағы 310-атқыштар дивизиясы шілдеде-тамыз айларында Ақмола (қазіргі Астана) қаласында жасақталып, жауынгерлері қысқа мерзімді әскери дайындықтан өтті. Оның қатарында Ақмола маңының тұрғындарынан басқа Қостанай, Қарағанды облыстарының еңбекшілері болды. Дивизияның командирлігіне полковник Н.М.Замировский, комиссарлығына С.И.Шаманин, штаб бастықтығына полковник М.И.Кружков тағайындалды. Жаңа жасақталып жатқан дивизияның кіші командалық құрамы Ташкент пен Алматының әскери училищелерін бітірген жас командирлерден тұрды<sup>1</sup>.

Дивизияның басшы командирлері мен саяси қызметкерлері бұрын әскери қызметте ысылған, тәжірибелі адамдар, ал саяси жетекшілердің қалған құрамы Орта Азия әскери округіне қарасты әскери саяси училищелерде тәрбиеленгендер немесе партия, кеңес органдарында істеген, саяси және өмір мектебінен өткендер еді.

310-дивизия құрамының 40 пайызы – қазақтар, 30 пайызы – орыстар, 25 пайызы – украиндар, ал қалғандары басқа ұлт өкілдері болды. Олардың 30 пайызы – жұмысшылар, 60 пайызы – колхозшылар, 10 пайызы зиялылар еді. Дивизияның командалық құрамының 15 пайыздан астамы коммунистер мен комсомол мүшелері болды<sup>2</sup>.

1941 ж. 18 тамызда 310-дивизияның алғашқы бөлімдері майданға жол тартты. Ақмоладан аттанған бұл эшалондар 28 тамызда Тихвин қаласына келіп, онда дивизия Ленинград майданы әскерлерінің құрамына қосылды.

Қару-жарақтармен толық жабдықталғаннан кейін 310-дивизия 1941 жылғы 9 қыркүйектен бастап, Ленинград, Волхов және Карель майданының түрлі учаскелерінде шайқастарға қатысты. 1941 ж. қазанның аяғына дейін дивизия, 54-армияның басқа да құрамаларымен бірге, қаһарман қаланың блокадасын бұзып өтуге ұмтылды. Ал жау қоршаудың екінші шеңберін тұйықтау үшін Волхов өзенінің орта ағысынан Тихвин қаласына қарай шабуылға шыққан кезде 310-дивизия жедел түрде осында жіберілді. Дивизия мен оған қорші құрама көп шығынға ұшыраса да, Кириши ау-

<sup>1</sup>Белан П.С.: Казахстанцы в боях за Ленинград. Алма-Ата, 1973, с. 66-67.

<sup>2</sup>Балакаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941-1945 жж.), 66-67-беттер.

данындағы Пчевжа селосы түбінде жаудың шабуылына бір апта бойы төтеп берді. Бұл аптаны біздің командование жаңа күштерді жеткізу, сөйтіп, жаудың жоспарын біржолата іске асыртпай тастау үшін пайдаланды. Аса маңызды торап–Волхов қаласы біздің қолымызда тұрды<sup>1</sup>.

Неміс басқыншылары өлермендікпен үнемі алға ұмтылып, қысқы суық түскенше, қайткен күнде де Ладога көліне жетуді көздеді және солтүстіктен шабуыл жасап келе жатқан фин әскерлерімен қосылуды көздеді.

Волхов қаласы үшін жау айдан астам арпалыса ұрыс жүргізгенмен, одан ешбір нәтиже шығара алған жоқ.

Ленинград майданындағы дивизия бөлімдерінің көрсеткен ерлік істері жайлы кеңес информбюросының 1941 ж. 23 қараша күні берген хабарында былай делінді: «Ленинград майданы учаскелерінің бірінде қимыл жасаған Замировский жолдастың бөлімі екі ай бойы жүргізген ұрыстың нәтижесі, толық емес мәлімет бойынша, 3000-нан астам немістің солдатты мен офицерін жер жастандырды. Екі айдың ішінде Замировский жолдастың жауынгерлері 11 неміс танкісін, екі қару-жарақ қоймасын, екі ұшағын жойды, сонымен бірге жаудың 9 зеңбірегін, 22 минометін, 26 станокты және 104 қол пулеметін, үш полкінің туын, көптеген винтовкаларды, снарядтарды, автоматтарды, мина мен патрондарды қолға түсірді»<sup>2</sup>.

1941 ж. күзде Ленинград қорғанысы үшін маңызы зор шепті қолға ұстаған қазақстандық құраманың бұл табыстарының Кеңес информбюросының мәліметтерінде көрсетілуі жайдан-жай емес. Әрине, шығынсыз ұрыс та, жеңіс те болмайды. Дивизия қатары Ленинград маңынан келген бөлімдермен, Балтық флотының теңізшілерімен толықтырылып отырды. Шалғайдағы Қазақстаннан толықтыру күтіп жатуды ұрыс жағдайы көтермейтін еді. Дегенмен, ұрыс даласында шыныққан дивизия жауынгерлерінің арқауы қазақстандықтар болып қала берді.

Майдан шебінен шалғайда жатқан Ақмола облысының еңбекшілері өздері жасақтап, майданға аттандырған құраманың жауынгерлерін үнемі қамқорлыққа алып, арнайы делегация жіберіп тұрды. Ақмола облыстық партия комитетінің секретары И.И.Цветков бастаған Ақмола еңбекшілерінің делегациясы майдан шебіне 1942 ж. 4 наурызда келді.

Кеңес әскерлерінің Тихвин түбіндегі шабуылында 310-

<sup>1</sup>Қазақ ССР тарихы, 5-том, 104-бет.

<sup>2</sup>Белан П.С. Казахстанцы в боях за Ленинград, с. 80.

дивизияның бөлімдері маңызды рөл атқарды. Бұл құрама 1941 ж. 19 желтоқсанда Сорокина, Бор, Усадище деген елді пункттердің маңайындағы дұшпанның қарсыласу торабын басып алып, Тихвин-Волховстрой темір жолының соңғы учаскесін гитлершілерден тазартты. Кеңес әскерлерінің бұл ойдағыдай шабуыл жүргізуі фашистердің Ленинградты толық қоршап алмақ болған үмітін күл етті.

Ленинград пен Новгород түбіндегі фашистердің қорғаныс шебін бұзуға қатысқан қазақтың батыр ұлдарының бірі, ротаның партия ұйымдастырушысы, аға сержант Сұлтан Баймағамбетов Александр Матросовтың ерлігін қайталап, оқ шашып тұрған дзодтың амбразурасын өз денесімен жапты. Оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Дивизия үш жыл бойы Ленинград, Волхов, Карель майданында ұрыс жүргізіп, Ленинградтың оңтүстік және солтүстік-шығыс бөлігін жаудан толық тазартуға қатысты.

Волхов майданында шабуылға шыққан әскерлердің құрамында 310-дивизия да болды. Екі күн бойы жүрген кескілескен ұрыстан кейін дивизия бөлімдері дұшпанының қорғаныс шебін бұзып өтті. Сөйтіп 1944 ж. 20 қаңтар күні Новгород қаласын азат етті. Осы ұрыстардағы ерлігі үшін құрама Ленин орденімен наградталды. Қала тұрғындарының өтініші бойынша қазақстандықтарға «Новгород дивизиясы» деген құрметті атақ берілді.

1944 ж. жаз айларында дивизия Карелияны жаудан азат етіп, 1945 ж. ақпанда жаудың Померания тобын талқандауға қатысты, сондай-ақ Польшаны фашистерден тазартысып, Берлин бағытында жаппай шабуыл жасап бара жатқан Кеңес әскерлерінің оң қанатында болды. Ақырында құрама өзінің жауынгерлік жолын Балтық теңізіндегі Узедом аралында аяқтады.

## **2) 314-атқыштар дивизиясы**

310-атқыштар дивизиясымен бір мезгілде жасақталып, 1941 ж. күзіне таман Ленинград маңына жөнелтілген құрамалардың бірі – 314-атқыштар дивизиясы. Бұл құрама соғыстың қаһарлы күндері Петропавлда жасақталды. Бұның құрамында Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілерінен басқа, Қостанай, Көкшетау, Ақмола, Павлодар облыстарының тұрғындары болды. Дивизия командирі генерал-майор А.Д.Шеменков еді.

Дивизия штабын – палковник В.И.Кувшин, ал дивизия полктерін – А.А.Миренонка, В.П.Томашевич, Я.С.Скачков

және П.Ф.Ивашко басқарды. Бұлар тәжірибелері мол, өз кезіне сай әскери дайындықтан өткен жандар еді.

Дивизияның әскери комиссары болып М.М.Мартенко тағайындалды, ал оның саяси бөлімінің бастығы И.Куценко болды. Құрама Штабының саяси бөлімінде және басқа да әскери бөлімдерде саяси-тәрбие жұмысын жолға қоюға республиканың солтүстік облыстарындағы партия ұйымдары жіберген коммунистер мен комсомол мүшелері ерекше рөл атқарды. Жергілікті партия ұйымдары жаңадан жасақталып жатқан құрамаға 1800 коммунист пен комсомол мүшесін жіберді<sup>1</sup>. Бұлар әскери тәртіпті нығайтып, жауынгерлерді патриоттық және интернационалдық рухта тәрбиелеу жолында орасан зор жұмыстар жүргізді. Кеңестік Отанды қорғаудағы әр жауынгер командирінің міндеттерін терең түсіндіріп, оларды ауыр сынға төтеп беруге баулыды. Ендігі жерде жауынгерлерді әскери өнерге үйрету, соғыс жағдайына жедел жаттықтыру жұмысы қызу қолға алынды.

Ставканың бұйрығы бойынша, бұл дивизияда солтүстік-батыс бағытқа жөнелтіліп, тамыз айының аяғында Тихвин қаласының маңынан бір-ақ шықты.

314-дивизияның бөлімдері Свирь өзенінің бойындағы Лодейное поле қаласының маңына 7 қыркүйекте орналасып, генерал В.Д.Цветаевтің 7-армиясының құрамына қосылды<sup>2</sup>.

Бұл кезде жау Ленинградтың Ладога көлі маңындағы жалғыз ашық байланыс жолын кесіп тастауға ұмтылып, қауіп төндіріп тұр еді. Оңтүстік жақтан неміс әскерлері шабуыл жасаса, солтүстіктен, Онега – Ладога мойнағы тұсынан фин әскерлері шабуыл жасады. Финдер Гитлердің одақтасы ретінде, Ресейдің көп жерін олжалағысы келіп, әжептәуір дәмеленді.

Бұл кезде финдер Лодейное Поле қаласының маңында Свирь өзенінен өтіп, Ладога көлінің оңтүстігінде шабуыл жасап келе жатқан өздерінің одақтас неміс әскерлерімен қосылғысы келді. Олардың бүкіл мақсатын жүзеге асырмау үшін кеңес командованияесі шұғыл шаралар қолданды.

Свирь өзеніне таяу жердегі Заостровье станциясында эшаланнан түскен 314-дивизиясының бөлімдері өзеннен өтпек болған фин әскерлерімен шұғыл түрде шайқасқа түсті. Ұрысқа кіріскен осы күндерде дивизияның полктеріне ұзындығы 130 километрлік шепте қорғаныс ұрыстарын жүргізуге тура келді. Кейіннен, қыркүйектің аяқ кезінде,

<sup>1</sup>Король И., Егошин П. От Свири до Эльбы. А-Ата, 1978, с. 6.

<sup>2</sup>Сонда. 8-бет.

өздеріне көмекке келген 21 және 114-дивизиялардың арқасында, 314-дивизияның қорғаныс шебі 30 километр ғана болып қалды<sup>1</sup>.

Свирь өзенінің бойында кеңес жауынгерлерінің фин әскерлерімен жүргізілген табанды ұрыстары финдердің неміс әскерлерімен қосылу жөніндегі жоспарын жүзеге асыртпай тастады. Нәтижесінде финдерге қарсы бағытта, яғни Ладога көлінің оңтүстігінде ұрыс жүргізіп жатқан неміс корпусының жағдайын жақсарту үшін Свирь өзені маңында қайткенде де біздің әскерлердің шебін бұзып өтуді талап еткен неміс командованияесінің дегені орындалмады. Дивизия бөлімдерінің бәрі бұйрықты бұлжытпай орындай отырып, ерекше табандылық көрсетті.

Құрама басшыларының Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілеріне жолдаған есебінде көрсеткендей, алғашқы бес айдың ішінде дивизияның 160-тан астам жауынгері мен офицерін шайқаста айрықша көзге түскені үшін үкімет наградаларына ұсынды. Олардың ішінде 1941 ж. 16 желтоқсанда өз денесімен жау пулеметінің үнін өшіріп, өз өмірін құрбан ету арқылы қарулас жолдастарын құтқарып қалған атқыштар бөлімінің командирі Н.И.Сафронов, телефоншы К.Қайықбаев, Пресновкада туып-өскен коммунист М.И.Ралдугин бар еді.

Басқа да құрамалардағы сияқты, 314-дивизияда да 1941 ж. күзінде мергендер қозғалысы кеңінен өрістеді. Оны бастаған Солтүстік Қазақстан облысындағы Степан Разин атындағы ауыл шаруашылық артелінің бұрынғы колхозшысы, 1047-атқыштар полкінің қатардағы жауынгері Г.П.Зубков болды. Ол 1942 ж. наурызына қарай 67 фашистің көзін жойды. Саяси жетекші Н.Батыревтың қолдауымен патриот мергендер бөлімшесі құрылды, көп кешікпей, полк құралайды көзінен ататын мергендер мектебіне айналды<sup>2</sup>.

Бұдан кейінгі ұрыстарда да құрама жауынгерлері ерлік көрсетіп отырды. Мысалы, бір жау шабуылына тойтарыс беру кезінде аға сержант Нарутдинов, жауынгерлері Жүсіпов, Қалиақпаров, капитан Мұхамедиянов және басқа да ондаған жауынгерлер ерекше көзге түсті. Олар өз өмірлерін қия отырып, фашистердің шепті бұзып өтуіне мүмкіндік бермеді<sup>3</sup>.

Міне, бұл жөнінде соғыстан кейін неміс генералы

<sup>1</sup>Белан П.С. Казахстанцы в боях за Ленинград, с. 87.

<sup>2</sup>Қазақ ССР тарихы, 5-том, 105-бет.

<sup>3</sup>Мурадси В.А. Босвос братство. М., 1948, с. 148.

К.Типпельскирх «Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихы» атты еңбегінде фин армиясының немістердің тапсырмасын орындай алмағанын мойындады. Ал екінші бір неміс генералы Бутлар естелігінде жоғарыда айтылғандарды қуаттай келіп: «Жазғы науқанның ортасында Свирь өзеніне қарай финдердің шапшаң жылжығанына қарамастан, бұл маңда неміс әскерлерімен қосылуының сәті түспеді»<sup>1</sup>, – деп жазады.

1944 ж. Ораниенбаунның оңтүстігінде 2-Екпінді армияның құрамында 314-дивизияның полктері шабуыл жүргізді. Дүппанның табан тірескен қарсылығын баса отырып, дивизияның бөлімдері 1944 ж. 1 ақпанда Кингисеп қаласын азат етіп, Нарваға шықты. Құрамаға «Кингисептік дивизия» деген құрметті атақ берілді.

1944 ж. жазында Ладогодан Фин шығанағына дейін Ленинград майданы әскерлерінің шабуылы кең қанат жая түсті, бұл әскерлердің құрамында 314-дивизия да шайқас жүргізді.

314-атқыштар дивизиясы Ленинград қаласын қоршаудан азат еткен соң 1944 ж. күзінде Польша жеріне аяқ басты. Ол мұнда 1-Украина майданы әскерлерінің құрамында ұрысқа түсті.

1945 ж. 14 қаңтарда 314-атқыштар дивизиясы шайқаса отырып, 248 километр ілгері кетіп, Нида, Бяла, Черна Пшемша, Брыница, Одер өзендерінен өтті, 18 қаланы, 26 темір жол станциясын және басқа да 263 елді мекенді жаудан тазартты. 1945 ж. наурыз айында 314-дивизия Козель (Козле) қаласын және Леобшюцті (Глубчице) шабуылымен алып, гитлершілдердің Оппельн тобын талқандауға қатысты. Осы ұрыстан соң қазақстандық құрама ІІ дәрежелі Кутузов орденімен наградталды.

ІІ дәрежелі Кутузов ордені 314-кингисептік атқыштар дивизиясы Чехословакияның солтүстік аудандарында жорық жолын аяқтады.

Қорыта айтқанда, бұл дивизияның жауынгерлері Ленинград қоршауын бұзу, Ленинград – Новгород және Прага бағыты сияқты шешуші операцияларға қатысты. Құрама бөлімдердің бұл шайқастарда көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы Жоғары Қолбасшының бұйрығында жеті мәрте атап көрсетілді. Соғыс жылдары дивизияның 12 мыңнан астам жауынгері Кеңес Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды.

<sup>1</sup>Қараңыз: Мировая война 1939-1945 гг., М., 1957, 176-бст.



\*\*\*

Ұлы Отан соғысы ұрыстарының соңғы гүрсілінің үні әлдеқашан өшті. Кеңес халқы және Кеңес Қарулы Күштері адамзаттың зұлым жауын – герман фашизмін талқандап, тарихи жеңіске жетті.

Көп ұлтты Кеңес халқымен бірге Қазақстанның еңбекшілері де Ұлы Жеңіске айтарлықтай үлес қосты. Қазақстандық құрамалардың майдандағы ерлік жолы, өшпес даңқы мезгіл озған сайын тұлғалана бермек.

## **§5. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫ**

Соғыс жылдарында республика аумағында ең бірінші болып Алматыда атқыштар-пулеметшілер училищесі 1940 ж. маусым айында ашылды. 1941 ж. бұл училище 5-рет өз түлектерін шығарып, армияны 2,429 жас офицерлерімен толықтырылды. Училище барлығы 6,333 офицер куәлігін берді.

Соғыс кезінде Қазақстанға орталықтан көптеген училищелер көшірілді, олардың қатарында Алматының 22-әскери авиация мектебі командир, конструктор, ұшқыш, инженер-техник мамандарын және майданға түнде шабуылдайтын ұшқыштар дайындады. Бұл училище майданға 662, 991, 992-ұшқыш полктерін дайындап жіберді. 1942 ж. ақпаннан 1943 ж. сәуіріне дейін Атырауда жаяу әскер училищесі жұмыс істеді. 1942 ж. желтоқсанның 6-нда оның алғашқы түлектері бітіріп шықты.

Кеңес Одағының маршалы В.М.Шапошников атындағы Тамбов Қызыл Тулы жаяу әскер училищесі 1941 ж. күзінде Семейге көшіп келді. 1943 ж. шілдеге дейін 6 айлық, сосын 1 жылдық оқыту бағдарламасымен 2725 адамды оқытып шығарды. 1944 ж. сәуірінде тамбовқа қайта оралды.

1942 ж. қарашасынан 1945 ж. ақпанына дейін Талғарда Рязань атықштар училищесі орналасты. 1943 ж. наурыз айында 141 офицерді дайындап шығарды. Бітірушілердің 64-і Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының грамотасымен наградталды. Қостанайда орналасқан Сталинградтың Қызыл Тулы ұшқыштыр және әскери десанттық мамандар дайындайтын әуе училищесі 1941 ж. қазанның 6-сынан соғыстың

аяғына дейін 2444 ұшқыш оқытып шығарды. 26 адам Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен наградталды.

Чугуев (Харьков) облысынан келген әскери әуе училищесі Оңтүстік Қазақстанға, Серпухов әуе механиктерінің әскери училищесінің курсанттары мен командалық оқытушылар ұжымы келіп орналасты.

1941 ж. қыркүйегінен 1946 ж. шілдесіне дейін Оралда Одессаның әуе атқыштарын даярлайтын училищесі, 1941 ж. қараша – 1944 ж. мамыр айы аралығында әуе атқыштарын даярлайтын Ворошиловградтың 22-әскери училищесі орналасты.

Алматыда Мәскеудің жоғарғы шекара мектебі мен Харьков шекара кавалериялық атты әскери училищесі орнығып қалды. Ол қазір көп салада әскери мамандар дайындайтын әскери институтқа айналды. Бұлардан басқа Қазақстанға Баку жаяу әскер училищесі (Жамбыл), Моздоктан ұшқыштар және теңізшілер дайындайтын мектеп (Ақтөбе), Одессаның барлаушы-ұшқыштар мектебі (Жамбыл облысы, Құллан-Луговое ст.), 6-Воронеж және 16-Харьков арнаулы әуе мектебі, НКВД әскерлерінің Ленин орденді Жоғарғы мектебі (Алматы), НКВД әскерлерінің Ленинград әскери училищесі, Комышенск танк, 2-Бердичевск жаяу әскер училищесі, Ленинградтың байланыс әскери училищесі (Орал), 14-Харьков артиллерия арнаулы мектебі, т.б. көшіп келді.

Сонымен, барлығы біздің республикада 1941–1945 жж. 27 әскери оқу орындары орналасқан. 1941–1945 жж. бұл училищелерде 16 000 офицерлер, 10,5 мың сержант оқып, 10 000-нан аса түрлі мамандар дайындалып, майданға аттандырылды.

Жоғарыда аталған әскери мамандарға қоса, Қазақстан майданға 14 952 запастағы офицер жіберді. Оның 8146-сы қазақтар.

Сонымен, фашизмді талқандау жолындағы жеңіске қазақстандықтар өзге республикалармен бірге әскери құрамалар жасақтап, әскери мамандар дайындауға үлес қосты. Қазақтар туралы жазушы Илья Эренбург «Соғыс» деген атпен шығарылған жинағында екі мақала жариялады. 1942 ж. қазанның 18-інде жарияланған мақалада: «Бір офицер маған мынадай бір әңгіме айтты, – дейді автор, – Сұмдық бір қорқынышты солдаттар бізге қарсы шабуылға шықты, олар бораған оқты елемейді, бізді басып-жаншып өтетіндей, атой салып келе жатты. Олардың қазақтар екенін кейін естідім, әлемде мұндай халық бар екенін бұрын білмеуші едім», – депті.

И.Эренбург Ленинградты қорғаушы қазақтар жөнінде 1942 ж. шілденің 18-ндегі мақаласында: «Қазақтар далада жел жетпес жүйрік мініп дағдыланған, ал бірақ қажет болса еңбектей де біледі, биік тауларға өрмелеп шығады. Саз батпаққа малшынып та жата береді. Оларды ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайды», – деп жазады.

1941–1945 жж. ұрыс даласындағы қаһармандығы, батырлығы үшін наградталғандардың ішінде 99 мың қазақстандық бар, 550-дей қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алған, оның 99-ы қазақ. Әлікбай Қосаев, Сұлтан Баймағамбетов, Қарсыбай, Сыпатаев, Боран Нысанбаев, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров, Бауыржан Момышұлы сияқты жолбарыс жүректі батырлардың ерлігі халқымыздың аузында жыр болып кетті.

Ұрыс даласындағы жеңіс тылдағы қажырлы еңбекпен шындалды. Миллиондаған жұмысшылар мен шаруалар, фабрикалар мен зауыттарда металды, әскери техниканы еселеп берді, колхоздар мен совхоздарда бітік егін өсіріп, мал санын көбейтіп, майданды не керектің бәрімен жабдықтап отырды.

Қазақстан Ұлы Отан соғысының аса маңызды арсеналдарының біріне айналды. Қаһарлы кезеңде қазақ даласынан майданға әскери, қару-жарак, азық-түлік тиеген эшалондар үсті-үстіне жөнелтіліп жатты. Қарағанды көмір комбинаты, Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш мыс қорыту зауыты, Лениногор полиметалл комбинаты, Ембі мұнай кәсіпшіліктері майдан тапсырмаларын мүлтіксіз орындап отырды. Қазақстанда түсті металлургияның сан алуан жаңа салалары пайда болды. Вольфрам және молибден өнімдерін, сурьма, висмут, т.б. түсті прокатты өндіру ісі басталды.

Неміс-фашист басқыншыларымен кескілескен шайқастар кезінде Қазақстан бүкіл одақта өндірілген қорғасынның 80 пайызын, молибденнің 50 пайызын берді. Бұған қосымша, өндірілген вольфрам, мырыш пен қалайы қоспалары, мыс, алтын, күміс және басқа түсті металдар өз алдына бір тізбе. Гитлершілерге атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстанның қорғасыны, жезі мен мысынан жасалғаны мәлім.

Сын сағатта майдан мен тылдың, армия мен халықтың бірлігі еңбекшілердің патриоттық қозғалысынан да айқын көрінді. Майданға республиканың делегациялары барып-қайтып тұрды. Госпитальдар, майдангер отбасылары қамқорлыққа алынды. Отан қорғау қорына жылы киім, қаржы жи-

налды. Төрт жыл ішінде Қазақстан еңбекшілері ерікті түрде майдан мұқтажына өткізген жарна 94 миллиард 500 миллион сом болды.

Тәуелсіз Қазақстан халқымыздың қаһармандық дәстүрлерін әр уақыт қастерлеп, сақтайды, ілгері дамыта береді. Соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың ерлік салты бүгінгі Қазақстанның қарулы күштері қатарында қызмет етіп жүрген жас ұрпақтың азаматтық ары мен асыл арманында мәңгі сақталады.

## **§6. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ**

Екінші Дүниежүзілік соғыста антигитлерлік коалиция күштерінің және ең алдымен Кеңес Одағы жеңісінің нәтижесінде, Германияда гитлерлік тәртіп жойылып, Жапон милитаризмі құлатылды. Өткен соғыс халыққа, соның ішінде неміс халқына да адам айтқысыз құрбандық әкелді. Фашистік Германияның кеңес-герман майданындағы адам шығыны 6923700-ге жетті. Австрия, Люксембург, Эльзас, Лотарингия, Судет немістерін, басқа да мемлекеттердің ерікті құрамаларын қосқанда және оның одақтастарының шығынын (Венгрия, Италия, Румыния және Финляндия – 1725000 адам) қоса есептегенде, Германия мен оның одақтастарының орны толмас шығындары 8645500 адам санын құрады. Егер оған 1941 ж. 22 маусымынан 1945 ж. 9 мамырына дейінгі уақытта кеңес армиясы тұтқындаған қарсыласының 3777300 солдатты мен офицерлерін қоссақ (бұл санның ішінде немістер – 2389500, австриялықтар – 156800, венгрлер – 518800, румындар – 201800, итальяндықтар – 48900, финдіктер — 2400 адам болды. Қалған 46400 әскери тұтқындар КСРО-ға қарсы соғыста немістерге қызмет еткен ерікті құрамалардың құрамындағы басқа ұлттар – француздар, словақтар, чех-тар, поляктар, испандықтар, хорваттар, бельгиялықтар, голландықтар және басқалары), Германия мен оның одақтас-тары өлген және тұтқындалған 1242800 адамынан айырылды, оның ішінде 8313200-і немістер болды.

Фашистік Германияны жеңудегі антигитлерлік коалиция мемлекеттерінің құрбандығын ұмытуға, есептен шығарып тастауға болмайды. Англияның шығыны 370 мың, АҚШ-та 300 мың адамға жетті. Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағы Қарулы Күштерінің адам шығыны – қаза тапқандар, жара-

каттан және аурудан өлгендер, хабарсыз кеткендер, тұтқыннан қайтпағандар, Жапониямен соғысты қоса есептегенде 8668400-ге жетті.

Демографиялық баланс әдісімен, Ұлы Отан соғысы кезіндегі барлық адам шығыны 27 млн. деп есептелді.

Сонымен, фашизмді құрту жолындағы жеңіс халық пен антигитлерлік коалиция армиясының ортақ жеңісі, алайда онда шешуші рөл атқарған Кеңес Одағы болды.

Германия мен Италия фашизмі Еуропа мен Африкада үстемдік етуге тырысып, жаулап алған елдердің халқының мәдениеті мен мемлекеттік тәуелсіздігін айуандықпен құртып, сол елдерде жауыздық саясатын жүргізді. Еуропадағы ең агрессивті күш Германия мен Италия фашизмінің талқандалуына байланысты, Еуропаның барлық халқы үшін демократиялық дамудың кең мүмкіншіліктері ашылды. Одақтас-тар әскерлерінің милитаристік Жапонияны жеңуінің нәтижесінде, Кеңес Одағы 1904–1905 жж. Орыс-Жапон соғысында Жапондықтар жаулап алған өзінің байырғы жерлері оңтүстік Сахалинді және Курил аралдарын қайтарып алды. Бұл жерлер Кеңес Одағына Жапониямен соғысқа түсу шарты жөніндегі Ялта келісіміне сай қайтарылды. Кеңес Одағы Тынық мұхитына еркін шығуға мүмкіншілік алды. КСРО-ға шабуыл жасау үшін жапон милитаристері салған барлық плацдармдар мен әскери базалар жойылып, оның Қиыр Шығыс шекараларының қауіпсіздігі қамтамасыз етілді.

Жапонияның тізе бұгуімен Қиыр Шығыстағы соғыстың аяқталуы Қытай, Корея және Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресі үшін қолайлы жағдайлар жасады, олар жапон милитаристерінің бірнеше жыл бойғы аяусыз қанауынан құтылды.

Антифашистік коалицияның және шығыс елдерінің Жапониямен соғыстағы жеңісі Оңтүстік-Шығыс Азияда ұлт-азаттық қозғалыстың өрбуін туғызды. Вьетнамда көтеріліс бұрқ етті. Жапон басқыншылары елден қуылып шығарылды. 1945 ж. 25 тамызында демократиялық күштер Хо-Шиминнің басшылығымен уақытша үкімет құрды. 2 қыркүйекте Ханойда Вьетнам Демократиялық Республикасы жарияланып, тәуелсіздік Декларациясы қабылданды. 1945 ж. 17 тамызында Индонезия Республикасы жарияланды. Бирмада және Филипинде ұлт-азаттық қозғалыстар күшейді. Сонымен Жапонияның тізе бұгуінің бүкіл әлемдік тарихи маңызы болды. Әлемде көптен күткен бейбітшілік орнады.

Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің алдында демократиялық даму жолы ашылды. Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Индонезия Республикасының жариялануы отаршылдық жүйенің жойылуының бастамасын көрсетті.

Екінші Дүниежүзілік соғыс барысында қалыптасқан антигитлерлік коалиция тәжірибесі – маңызды да шешуші келісім жасау тәжірибесі қазіргі күнде де көп нәрсеге үйретті.

Екінші Дүниежүзілік соғыстың негізгі сабақтары қандай?

Бірінші басты сабақ – бұл бұдан әрі қырғын соғысты болдыртпау үшін күресу.

Екінші сабағы – үздіксіз қырағылықтың қажеттілігі, елдердің қорғаныс қабілетін нығайту керектігін ескертеді.

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ: ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ**

Қазақстанның Кеңес одағы ыдырағаннан кейінгі әскери саладағы жағдайы көңіл көншітерліктей емес еді. Кадрлардың басқа салаларға ауысуы күшейді, бұрынғы Кеңес Армиясы офицерлерінің көпшілігі бизнеске бет бұрды, өзге салаларды игере бастады немесе әскери қызмет үшін бұрынғы кеңестік кеңістіктің басқа елдерін таңдады.

Мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткен соң Қазақстанның алдында аса маңызды міндет – жас мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сенімді қамтамасыз ететін өзінің қорғаныс жүйесін құру міндеті тұрды. Мемлекеттің Қарулы Күштерін құру үшін республиканың мақсаттары мен ерекшеліктерін ескеретін армия құрылысының заңды негіздерін, тұжырымдамасы мен тетіктерін қалыптастыру қажет болды. Қазақ КСР-і Мемлекеттік Қорғаныс комитетін құру туралы Қазақстан Президентінің 1991 жылғы 25 қазанда қол қойған Жарлығы осы бағыттағы алғашқы қадам болды. Кейін келе, республикамыздың қорғаныс мәселелерін шешуде толық дербестікке жетуіне орай бұл Комитет Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне айналды. Мемлекеттің заң шығару құқығы және ТМД елдері арасындағы келісімдердің негізінде қабылданған Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы 1992 жылғы 7 мамырдағы Жарлығы әскери қауіпсіздік жүйесін құру жөніндегі келесі шешуші құжат болды. Бұл құжатта Қазақстанның Қарулы Күштері мен оның республика аумағында орналасқан мүліктері Қазақстанның меншігіне өтеді деп белгіленді. Еліміздің кеңбайтақ аумағында көптеген әскери бөлімдер, базалар, ғылыми-зерттеу нысандары, полигондар, оның ішінде ғарыштық зерттеулер мен әуе шабуылына қарсы қорғанысқа байланысты нысандар орналасқан. Аз уақыттың ішінде әскери техника мен қару-жарақтар қабылданды. Қарулы Күштерге басшылық жасауды Бас Қолбасшы ретінде Президент өз қолына алды, ал оны тікелей басқару міндеті қорғаныс министріне жүктелді. Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі болып Кеңес Одағының Батыры генерал-полковник С.К.Нұрмағамбетов тағайындалды, ол кейін республиканың қорғаныс қабілетін күшейтуге қосқан зор еңбегі үшін «Халық Қаһарманы» атағына ие болды.

Қазақстан Қарулы Күштерінің құрамына негізінен 40-жалпы әскери армияның жауынгерлері енді, олар 1979 жылдың 27 желтоқсанында генерал-майор А.Тухариновтың басшылығымен Ауғанстан шекарасынан өткен болатын. Жүз мың жауынгері бар бұл топ 9 жылдан астам уақыт моджахедтердің қарулы оппозициясына қарсы әскери операцияларға қатысқан. Женева келісімі бойынша белгіленген мерзімде, яғни 1989 жылдың 15 ақпанында 40-Армияның әскерлері Ауғанстаннан шығарылды. Бұл әскери бөлімдер, әдеттегідей, таратылды, қызметін өтеген солдаттар запасқа шығарылды, ал офицерлер мен прапорщиктер Ауғанстанға келгенге дейінгі өз әскери бөлімдеріне, көбіне отбасы тұратын жерлерге қайтарылды. 40-Армияның штабы Ташкентке көшірілді.

Көптеген «ауғандық» солдаттар мен офицерлердің КСРО Қорғаныс Министрлігі мен Құрлықтағы әскерлердің Бас штабына жолдаған өтініштеріне орай 1991 жылғы 7 маусымда жалпы әскери 40-Армия басқару орталығы Алматыда болып қайта құрылды.

Қазақстан Қарулы Күштерінің құрамына 40-Армиядан басқа, әскери-Әуе Күштері мен Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерелері, сондай-ақ оларға қызмет көрсету құрамалары мен бөлімдері кірді.

Қорғаныс министрлігіне осы мемлекеттік институттың құрылымы мен материалдық жағынан қамтамасыз етілуі жөніндегі ұйымдастыру мәселелерін шешуге тура келді. Қалыптасу кезеңінде әскери мүліктерді ұрлау мен талан-таражға салудың сан түрлі айла-шарғылары бой көрсете бастағандықтан, әскери техниканың, қару-жарақ пен материалдық-техникалық мүліктердің көшіп-қонуына бақылау орнату қажеттігі туды. Ұйымдастыру кезеңінің мерзімі қатаң түрде белгіленді: үш ай ішінде КСРО-дан қалған әскери мұра қабылданып, әскерлерге тікелей басшылық жасау және ТМД Қорғаныс министрлігінің ведомстволарымен өзара қимыл жасау жүйелері құрылды. Қазақстан Республикасының әскерлерін қаржылай, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету мәселелері шешілді.

Еліміздің басышылығы өмірдің аса маңызды салаларының бірі – мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тарихи шешімдер қабылдады. Егемен Қазақстанның Армиясы қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы ретінде әскери әлеуетті нығайту жолын таңдай отырып, орнықты дамып келеді. Оның заңнамалық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясына сүйенеді және «Әскери міндеттілік және



әскери қызмет туралы», «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғалуы туралы», «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңдармен реттеледі.

Еліміздің қорғаныс қабілеттілігі үшін жауаптылық республика Үкіметіне жүктелген, ол туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабында баянды етілген, мұнда Үкімет өзінің ең басты міндеттерінің бірі ретінде, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады деп айқындалған. Ал 36-баптың 1-тармағында «Қазақстан Республикасын қорғау—оның әрбір азаматтарының қасиетті борышы және міндеті» деп Қарулы Күштердің негізгі міндеттері тұжырымдалған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабының 3-тармағы бойынша «Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабының 2-тармағында баяндалған тұжырымдар қоғамның қорғауда болуының тағы бір кепілдігі ретінде танылады. Онда «Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіподақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлеуге тиіс» деп көрсетілген. Сонымен, Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар тарапынан мемлекеттік билікке қарсы бағытталған саяси іс-қимылдар Конституцияға қайшы іс-әрекеттер ретінде бағаланады. Армия қоғамда бірлік пен патриотизмді қолдау құралы ретінде маңызды рөл атқаруы тиіс.

Сөйтіп, заңнамалық негіз қазіргі кезде Республика Қарулы Күштерінің қорғаныс доктринасы мен тұжырымдамасының жалпы және түбегейлі мәселелерін шешіп берді. Ол қазақстандық әскери саясаттың әлемдік дәстүрге сәйкестігін қамтамасыз етіп, еліміздің әскери қауіпсіздігі, әскери қызметшілерді әлеуметтік-құқықтық қорғау, армияда құқықтық жұмыстарды, Отан қорғаушыларына патриоттық тәр-

бие беру және басқа мәселелер жөніндегі заңнамаларды бір жүйеге келтіретін көп факторлы ұйымдастыру жұмысын аяқтады. Қажеттігіне қарай түзетулер енгізілген нақты бағдарламаларды жүзеге асыру барысында әскери құрылыстың негізін құрайтын жетістіктер мен кемшіліктер де анықталды.

## **Қазақстан Республикасының әскери доктринасы**

Жас мемлекеттің Қарулы Күштері қалыптасқан айтарлықтай аз уақыттың ішінде көптеген шаруа жүзеге асырылды. Президент Н.Назарбаев Қорғаныс министрлігі алқасының кеңейтілген отырысында (10 ақпан 2004 жыл) армияның жаңа келбетін, тәуелсіз мемлекеттің Қарулы Күштеріне қойылатын бұдан былайғы талаптарды саралап көрсетті. Мемлекет басшысы біз қазір ХХІ ғасырдағы қазақстандық жауынгердің патриотизммен, зияткерлік дамуымен, салауатты өмір салтымен ерекшеленетін ұжымдық келбетін қалыптастырамыз деп атап көрсетті.

Республика Президенті өзінің «Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауында осы заманғы қауіпсіздікке қатер төндірушілерге тойтарыс бере алатын Қарулы Күштердің кәсіптік, әскери басқару корпусын құру қажеттігін және бұл жоспарларды жүзеге асырудағы Үкіметтің рөлін атап көрсетті.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 наурыздағы жаңа әскери доктрина туралы Жарлығы әлемдік ең жоғары стандарттарға сай келетін, Қазақстанның мемлекеттілігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын нығайтуға кепілдік беретін күштер мен құралдарды тез арада әрекетке келтіретін кәсіби армия құруды көздеген негізгі құжат болды.

2007 жылдың қыркүйек айында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 62-сессиясында сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті халықаралық қауіпсіздік жүйесі мәселелеріне тоқталды. Ол адамзатты жаппай қырып-жою қаруларын таратуды тоқтататын құқықтық тосқауылдар болуы қажеттігін атап көрсетіп, Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартты қазіргі шындыққа бейімдеуді ұсынды, ядролық мемлекеттерді өзінің атом қаруынан ерікті түрде бас тартқан Қазақстаннан үлгі алуға шақырды.

Сонымен қатар, Қазақстан әлем жұртшылығына ұжымдық қауіпсіздікті, сенім және әріптестік шараларды нығайтуды жақтаушы ретінде мәлім болды. Қазақстанның бастамасы бойынша немесе тікелей қатысуымен құрылған Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШОС), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ОДКБ) секілді мемлекетаралық бірлестіктер аймақтық қауіпсіздік мәселелерін шешуде өздерінің тиімділігін дәлелдеді.

Мемлекеттің Әскери доктринасында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына алғашқы және басым орын берілген. Бұл ұйымның міндеттеріне ұлттық Қарулы Күштердің өзара ортақ әрекет етуі үшін жағдай туғызу кіреді, ал бұл қазіргі Қазақстан армиясын осы ұжымдық қауіпсіздік ұйымының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы қатысушысы болған аймақтық құрылымдардың ішіндегі болашағы зор әрі пәрменділерінің бірі Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШОС) болып отыр. Бұл ұйымға мүше болу елімізге халықаралық лаңкестікпен, діни экстремизммен, ұлттық сепаратизммен, астыртын есірткі, қару-жарақ тасымалымен, көшіп-қонумен бірлесе күрес жүргізу арқылы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

Бүгінде Қазақстанның халықаралық деңгейде өткізілетін көптеген шараларға қатысу мүмкіндігі бар. 2007 жылғы тамыз айында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер Қарулы Күштерінің лаңкестікке қарсы командалық-штабтық жаттығуының қорытынды кезеңіне қатысқан еліміздің Президенті Қазақстанның осындай келесі жаттығуды өз аумағында өткізуге даярлығын мәлімдеді.

Біздің мемлекетіміз басқа да халықаралық қауіпсіздік құрылымдарымен, оның ішінде НАТО-мен де тікелей байланыстар орнатқан. Мәселен, «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасы көлемінде кадрлар даярлау және әскери құрылыс мәселелері бойынша ынтымақтастық жолға қойылған. Қазақстанның бірнеше жүздеген әскери қызметшілері әртүрлі халықаралық жаттығуларға қатысты. «Жоспарлау және талдау процесі» бағдарламасына қатысу материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында НАТО-мен ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік берді.

Аймақтық қауіпсіздік жөнінде әріптестер болып табылатын елдердің ішінде Ресей Федерациясына айрықша орын беріледі. Ресеймен мәңгі достықты білдіретін және ынтымақтастықтың барлық салаларын реттейтін құжаттар блогына

қол қойылған. Қазақстандық әскери қызметшілер Ресейдің әскери оқу орындарында оқып, білім алады, екі ел арасында қару-жарақ пен әскери техника алмасу жөніндегі уағдаластық жүзеге асырылады.

Шетелдермен әскери ынтымақтастық бейбіт өмірді жақтау, тең құқықтылық, өзара құрметтеу принциптері негізінде қамтамасыз етіледі.

## Қазіргі Қазақстан армиясы

Бүгінде еліміздің жақсы жарақтанған және даярланған Қарулы Күштері бар. Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан өзінің Қарулы Күштері алдында тұрған басым міндеттерді айқындаған. Олар: армияны дамытуға бағытталған мұқият қаржылай жоспарлау; әскердің қимыл даярлығын қамтамасыз ету; толық аумақтық қорғаныс жүйесін жасау; осы заманғы ұрыс техникасымен, жоғары дәлдіктегі қарумен қамтамасыз ету; әскери қызметтің беделін көтеру, әскери қызметшілердің әлеуметтік және тұрғын үй мәселелерін шешу; осы заманғы жағдайларды ескере отырып, мемлекеттік әскери-техникалық саясатты жүзеге асыру.

Соңғы жылдары республикамыздың қорғаныс саласына кіретін құрылымдардың қатары айтарлықтай артқанын атап оту керек.

Әскери доктрина бойынша, Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құрамалардың басты мақсаты – елді сыртқы агрессия мен өзге де әскери қауіп-қатерден қорғау.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамына мыналар кіреді: әскери басқару органдары, Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері, Әскери-Теңіз күштері, Әуе-десант әскерлері, Зымыран әскерлері мен артиллерия, арнаулы әскерлер, тыл, әскери оқу орындары, әскери-ғылыми мекемелер мен басқа да ұйымдар.

**Құрлық әскерлері** мемлекеттік шекараны қорғауға, агрессордың соққысына тойтарыс беруге, қолда бар аумақты, аудандарды, шептерді сақтап қалуға, қарсылас әскер топтарын қиратуға арналған. Соңғы онжылдықтар ішінде жер шарының түрлі аудандарында өршіген қарулы жанжалдар Құрлық әскерлерінің кемімей отырғанын көрсетуде. Қарсыластың шабуылын қайтарып, оған зымырандардың, авиация мен кемелердің көмегімен шешуші тойтарыс беруге болады. Алайда жер бетіндегі қарсыласты түптікті талқандауға Құрлық әскерлері шешуші рөл атқарады.

Құрлық әскерлерінің құрамында бірнеше әскерлер түрлерінің құрамалары мен бөлімдері және арнаулы әскерлер болады. Оларда алуан түрлі қару-жарак, ұрыс және басқа техника түрлері пайдаланылады.

Құрлық әскерлерінің негізін мотоатқыштар және танк әскерлері құрайды.

*Мотоатқыштар әскерлері* жоғары жауынгерлік дербестік пен әмбебаптыққа ие бола отырып, әр түрлі жердегі және ауа райы жағдайындағы басты және қосалқы бағыттарда, бірінші немесе екінші эшелонда, резервтердің, теңіз және әуе десанттарының құрамында көрсетілген барлық міндеттерді орындауға қабілетті болады. Мотоатқыштар (механикаландырылған) құрамалары мен бөлімдері мотоатқыштар әскерлерінің негізін құрайды. Олар алуан түрлі ұрыс жүргізу құралдарымен қаруланған және толығымен моторландырылған. Олардың бөлімдері мен бөлімшелері жаяу әскерлердің ұрыс жүргізу машиналарымен және бронетранспортерлермен қозғалып, ұрыс жүргізеді. Бұл жағдай оларды икемді әрі шапшаң әскер түріне айналдырды. Бұған қоса, мотоатқыштар әскерлерінің құрамында танктердің көп болуы олардың соққы беру және оқ борату қуатын айтарлықтай арттырады.

Жауынгерлер автоматтарымен қаруланған, бөлімшелерде пулеметтер, танктермен нәтижелі ұрыс жүргізу құралдары, оның ішінде танкке қарсы басқармалы зымырандық снарядтар бар. Мотоатқыштар құрамаларының (бөлімдерінің) құрамына толығымен моторландырылған артиллериялық, инженерлік, химиялық, автомобиль, байланыс және басқа бөлімшелер кіреді.

Мотоатқыштар – ең ежелгі әскер түрлері – жаяу әскердің мұрагерлері, олар сан ғасырлар бойы «дала патшалары», «жаяу әскер анасы» деп құрметпен аталып келді. Қазақстандық жаяу әскерлер Ұлы Отан соғысы жылдарында Мәскеу мен Ленинград, Сталинград түбіндегі және Днепрден өтудегі шайқастарда ұмытылмас даңққа бөленді. Қазақстан Қарулы Күштерінің мотоатқыш жауынгерлері айбынды жауынгерлердің осындай даңқы мен ерлік дәстүрлерін жүрегінде қастерлеп сақтап, ерлік еңбегімен арттыра түсуде.

*Танк әскерлері* – әскердің айтарлықтай жас түрі. Бұл әскердің тарихы Бірінші Дүниежүзілік соғыстан басталады. Қазіргі уақытта танк әскерлері Құрлық әскерлерінің басты екпінді күшін құрайды, олар аса маңызды міндеттерді орындау үшін негізінен басты бағыттарда пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің танк бөлім-

дері мен құрамаларының қару-жарақтары қатарында жеңіл (жүзетін) және орташа танктер бар.

Танктердің жақсы жүргіштігі, броньді қорғанышы, осы заманғы қару-жарақпен жарақтануы, түнде көру құралдарының болуы және су түбінде жүруге арналған жабдықтармен қамтамасыз етілуі оларды қазіргі жағдайларда барынша пайдалы күрес құралдарына айналдырды. Мықты броньмен жарақтануының арқасында олар ядролық жарылыстың соқпа толқын, жарықпен сәулелену, өтпелі радиация, радиоактивті улану секілді зақымдау факторларының әсеріне төзімді болып келеді.

Қазірде жан-жақты даярланған жігіттер ғана жақсы танкшілер бола алады. Осы заманғы қару-жарақ, қуатты двигатель, күрделі жүйелер, тораптар мен агрегаттар, жетілдірілген құралдар мен нысана көздеуіштер – осының бәрін терең білімі бар және техниканы сүйетін адамдар меңгере алады.

**Аэромобильді (әскери–десант) әскерлері**, құрлық әскерлерінің аса ыңғайлы дербес түрі болуының арқасында мемлекеттік шекараны қорғау әскерлерін және бірінші жедел эшелонды күшейтуге, кейбір бағыттарда міндеттерді дербес орындауға, дұшпанды әуеде ұстауға және оның тылында міндеттер атқаруға арналған. Аэромобильді әскерлер Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне сәйкес бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау жөніндегі шараларға қатыса алады.

«Қанатты жаяу әскер» деп аталатын десантшылар маңызды аудандар мен нысандарды алып, оларды шабуылдаушы әскерлер жеткенге дейін ұстап тұру, қарсыласты қоршауға алып, талқандау, дұшпанның штабтары мен тылдағы бөлімдерін жою секілді алуан түрлі әскери қимылдар жүргізуге арналған. Аэромобильді әскерлер өздеріне жүкелген міндеттерді орындау үшін осы заманғы зақымдау құралдарымен, әр түрлі жаңа техникамен, қажетті қорлармен қамтамасыз етілген. Оларды ұрыс алаңдарына жеткізу үшін әскери-көлік және армия авиациясы, теңіз десантшы-көлік және десант түсіру құралдары қолданылады.

**Зымыран әскерлері мен артиллерия** түрлі операциялар мен жалпы әскери ұрыстарда қарсыластарды жою мақсатында құрлықтағы топтардың мүддесіне сай міндеттерді орындайтын Құрлық әскерлерінің дербес түрі болып табылады.

Олардың соққысымен аз уақыт ішінде қарсыластың тұтас бөлімдері мен бөлімшелері жойылуы мүмкін.

Біздің армияның артиллериялық бөлімдері мен бөлімшелерінің пайдалануында әр түрлі үлгі мен калибрдегі артиллериялық қарулар, реактивтік артиллерия, сондай-ақ түрлі мақсаттарда пайдаланылатын снарядтар мен миналар бар. Құрлық әскерлерінің артиллериясы зеңбіректермен, гаубицалармен, реактивті қондырғылармен, танктерді жою қаруларымен, минометтермен, танктерге қарсы қолданылатын, алыс қашықтыққа ұшатын басқармалы реактивтік снарядтармен жабдықталған. Моторландырылған осындай құралдардың барлығы күшті оқ жаудыруы және ыңғайлы доңғалақтары болуының арқасында аз уақыт ішінде даярлыққа келіп, мотожаяулар мен танктерді қолдай отырып, шабуыл жүргізе алады.

**Әуе қорғанысы күштері (ӘҚК)** әуедегі қарсыласпен күрес жүргізуге, маңызды саяси-әкімшілік, өнеркәсіптік-экономикалық орталықтарды қорғауға арналған.

Әуе қорғанысы күштері әскери-әуе күштерінен, әуе қорғанысы әскерлерінен, байланыс әскерлерінен, радиотехникалық қамтамасыз ету және автоматтандырылған басқару жүйелері әскерлерінен, техникалық қамтамасыз ету бөлімдері мен құрамаларынан, арнаулы әскерлер мен тылдан тұрады.

*Әскери-әуе күштері* – шапшаң қимылды әскерлердің бір түрі. Олар әуеде шешуші рөл атқарады. Әскери-әуе күштерінің құрамы ұшқыштар басқаратын ұшақтар мен тікұшақтардан, ұшқышсыз ұшу аппараттары мен басқа да ұшу құралдарынан тұрады. Әскери-әуе күштерінің өздеріне тән ерекшелігі – қуатты зымыранды-зеңбіректі қару-жарақпен және жетілдірілген радиоэлектронды жабдықтармен жарақтанғандығы және олардың реактивтік, дыбыстан жылдам авиациямен қамтамасыз етілуі.

*Әуе қауіпсіздігі әскерлері* – Әуе қорғанысы әскерлерінің түрі, еліміздің саяси-әкімшілік, өнеркәсіптік-экономикалық орталықтарын, қарулы күштер топтарын, маңызды әскери және басқа нысандарды қарсыластың әуе соққысынан қорғауға арналған. Зениттік зымыран кешендерімен (жүйелерімен) жабдықталған мұндай әскерлер ұшақтарды, тікұшақтарды, қанатты зымырандарды және дұшпанның басқа да ұшу аппараттарын, жедел-тактикалық мақсаттағы баллистикалық зымырандарын жоя алады.

Қазақстанның **Әскери-теңіз күштері** бейбіт және соғыс кезеңінде Каспий теңізінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Әскери-теңіз күштерінің құрамында әр түрлі сынып пен

мақсаттағы су бетінде жүретін кемелер мен катерлер бар, олар қарсыластың сүңгуір және су бетінде жүретін кемелер мен катерлік, десант отрядтарын, конвойларды, теңіздегі жекелеген көліктерді (кемелерді) және мұнай-газ кешендерін тауып, жойып жібере алады.

Әскери әуе күштері сондай-ақ су бетінде жүзетін құралдарды, теңіз жаяу әскерлері мен жағалық әскерлерді қамтиды, бұлар Әскери-теңіз күштері әскерлерінің бір түрі болып саналады:

– *теңіз жаяу әскері* шапшаң қимылды әскерлер түрі болғандықтан, әскери-теңіз базаларын, жағалаудағы маңызды нысандарды қорғау үшін пайдаланылады.

– *жағалық әскерлер* жалпы әскери және артиллериялық бөлімдер мен құрамаларды қамти отырып, Әскери-теңіз күштері мен әскери нысандардың орналасу орнын құрлықтан, теңіз және әуе десанттарынан, жағалаудағы нысандарды, коммуникацияларды және әскер топтарын қарсылас кемелердің шабуылынан қорғап, теңіз және теңіз-әуе десанттарымен бірлесе әрекет етеді.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс жағдайында әскери салада арнаулы әскерлердің маңызы өлшеусіз өсіп отыр.

**Арнаулы әскерлер** Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік қызметін қамтамасыз етуге және оларға тән арнайы міндеттерді шешуге арналған. Бұлардың құрамына барлау бөлімдері мен құрамалары, байланыс, инженерлік, радиациялық, химиялық, бактериологиялық шабуылдан қорғану әскерлері, радиоэлектроникалық күрес жүргізу, техникалық қамтамасыз ету бөлімдері мен құрамалары, автомобиль және жол, инженерлік-аэродромдық және авиациялық-техникалық, іздестіру-құтқару қызметі, топогеодезиялық, гидрографиялық және гидрометеорологиялық бөлімдер мен мекемелер кіреді.

Қазіргі уақытта бұл бөлімдер мен бөлімшелер жас жауынгерлерден терең де жан-жақты білім мен дағдыларды, тәртіптілікті, ұстамдылықты, жақсы дене даярлығын талап ететін осы заманғы техникамен жарақтанған.

Армияның «көзі мен құлағы» болып саналатын *Барлау құрамалары мен бөлімдері* барланатын елдердің әскери-саяси жағдайы, олардың қарулы күштері, әскери-экономикалық әлеуеті және әскери іс-қимылдар жүргізетін аудандары туралы мағлұматтар жинауға арналған.

*Байланыс әскерлері* бөлімдер мен бөлімшелер арасында сенімді және орнықты байланыс болуын, бейбіт уақытта және



ұрыстың барлық түрлерінде әскерлерді ойдағыдай басқаруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан армиясының байланыс бөлімдері мен бөлімшелерінің құрамында ғылым мен техниканың ең жана жетістіктері негізінде құрылған және кез келген қашықтыққа үздіксіз байланысты қамтамасыз ететін радио және радиорелелік, өткізгіш құралдар бар.

*Инженерлік әскерлер.* Инженерлік қызметпен қамтамасыз етілмейінше, бірде-бір әскери міндет ойдағыдай шешілмейді. Мәселен, олар шабуыл кезінде әскердің ілгері жылжуын қамтамасыз етеді, жол салады, жолдар мен көпірлерді салады және қалпына келтіреді, су кедергілері арқылы өткелдер жасайды, қарсыластың қоршауларынан өтпе жолдар жүргізіп, миналардан арылтады, қорғаныс кезінде қорғану шептері мен қоршаулар орнатады.

*Радиациялық, химиялық, бактериологиялық шабуылдан қорғану әскерлері.* Ядролық қарулар мен басқа да жаппай зақымдау құралдарының пайда болуы, қарсыластар осындай қару түрлерін қолданатын жағдайда, әскерлерді қорғау шараларын қабылдау қажеттігін туғызды. Мұндай міндеттерді шешуде химиялық әскерлер маңызды рөл атқарады. Бұл үшін олар бөлімдер мен бөлімшелерді арнаулы өңдеуден өткізуге арналған арнаулы машиналармен, құралдармен, әр түрлі материалдармен қамтамасыз етілген.

*Радиоэлектрондық күрес жүргізу құрамалары мен бөлімдері* қарсыластың әскері мен қару-жарағын басқаруды бұзу жөніндегі міндеттерді оның байланыс құралдарын, радиолокациясын, радионовигациясын, радиоэлектрондық басқару құралдарын және қару-жарақты бағыттау жүйелерін радиоэлектрондық басып тастау жолымен орындайды.

*Техникалық қамтамасыз ету құрамалары мен бөлімдері* жедел-тактикалық, тактикалық, қанатты, зениттік зымырандардың қорлары болуын, олардың бөлшектері, техникалық дайындығы мен жеткізілуін, әскерлердің қару-жарақпен және әскери техникамен, оқ-дәрілермен және басқа әскери-техникалық мүлікпен жабдықталуын қамтамасыз етеді.

*Автомобиль бөлімдері* ұрыс жүргізіп жатқан бөлімдерге материалдық құралдар жеткізеді, жаралыарды, зақымданған қару-жарақтарды көшіреді, жүктерді тасымалдайды.

Жол, инженерлік-аэродромдық, авиациялық-техникалық, топогеодезиялық, гидрографиялық және гидрометеорологиялық бөлімдер, іздестіру-құтқару қызметі секілді бөлімшелер Қарулы Күштер үшін арнайы міндеттерді орындайды және осы заманғы армияның ажырамас бөлігі болып табылады.

**Қазақстан Қарулы Күштерінің тылы** бұл күштерді тылмен қамтамасыз ету міндеттерін атқарады. Бұл ауқымды сала әскерді материалдық құралдармен қамтамасыз етуді, оларды автомобиль көлігімен тасымалдауды (көшіруді), жанармай жеткізуді, жолмен және медициналық жабдықтауды, авиация мен Әскери-теңіз күштерінің орналасуын қамтамасыз етуді, малдәрігерлік, әскерлерді қорғау жөніндегі тылдағы шараларды, әскерді тұрмыстық-сауда шараларымен қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Соғыс кезеңінде Қарулы Күштердің құрамына Қарулы Күштердің өздерінен басқа Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекаралық қызметі, Республикалық ұлан, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқару органы азаматтық қорғанысының басқару органдары мен бөлімдері және арнаулы құрамалар кіреді.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері.** Республикада қылмыс жасау секілді құқық бұзушылықтар кездесетін қазіргі жағдайда Ішкі әскерлердің қажеттігі әзірше күн тәртібінен түспейді. Ішкі әскерлер құқықтық тұрақтылықты сақтауға, арнаулы мемлекеттік нысандарды қорғауға және басқа әскери-қызметтік міндеттерді орындауға арналған.

Ішкі әскерлердің жауынгерлері өздерінің әскери борышын орындауда ержүректілік пен жоғары саналылық көрсетеді. Ішкі әскерлер Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» заңының негізінде ұйымдастырылады.

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің сарбаздарына, сержанттары мен офицерлеріне белгіленген азық-түліктің, құқықтар мен жеңілдіктердің барлық түрлерін пайдаланады.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекаралық қызметі.** Қазақстан шекарашыларының Мемлекеттік шекараны, аумақтық суды (теңізді) және континенттік қайранды қорғау ісіне қашанда даяр тұруы, олардың шекараға жасалатын қарулы шабуылды тойтару қабілеті, шекарашы жауынгерлердің жоғары жауынгерлік шеберлігі Отанымыздың аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Шекарашылар өздерінің мінсіз қызметі арқылы Қазақстанның саяси, экономикалық және әскери мүдделерін қорғауға бағытталған маңызды міндеттерді орындайды. Шекарашылар ату қаруларының, танкіге қарсы қолданылатын құ-

ралдардың, осы заманғы әскери техника мен авиацияның, байланыс және бақылау құралдарының барлық түрлерімен қамтамасыз етілген.

**Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы.** Біздің еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап халықаралық байланыстарын белсене кеңейтіп, өзінің осы заманғы зиялы мемлекет ретіндегі келбетін нығайта түсті. әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің үлгісімен, Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 16 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланын құру туралы» №673 Жарлығына сәйкес айрықша мемлекеттік міндеттерді орындайтын және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын әскери құрама – Республикалық ұлан құрылды.

«Қазақстан Республикасының Республикалық ұланын құру туралы» Заңға сәйкес бұл ұланның мынадай міндеттері бар: қорғауға алынатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, рәсімдік салт-жоралардың орындалуына қатысу, тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын аса маңызды мемлекеттік нысандарды, ғимараттар мен қызметтік үй-жайларды, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туы мен Мемлекеттік елтаңбасы эталондарын қорғау, Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген тәртіппен әскери және төтенше жағдайлар режимінде және ҚР Президенті белгілейтін өзге де міндеттер мен шараларды жүзеге асыру.

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің** азаматтық қорғаныс бөлімдері мен бөлімшелері құтқару шараларын, табиғи және техногендік сипаттағы авариялар мен апаттардың, лаңкестік актілердің, осы заманғы зақымдау құралдарын қолданудың зардаптарын жою жөніндегі кезек күттірмейтін басқа да жұмыстарды жүргізеді.

Қарулы Күштердің барлық түрлері, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар жоғары әскери жаттығулардан өтіп, ұдайы жауынгерлік даярлықта тұрады. Олардың жауынгерлік шеберлігі әскери дайындық жөніндегі сабақтар мен көптеген әскери жаттығуларда ұдайы жетілдіріліп отырады.

## **Әскерлердегі негізгі проблемалар және оларды шешу жолдары**

Қазақстанның Қарулы Күштері құрылғаннан кейін Президент Н.Назарбаев және республика үкіметі Қазақстан армиясын реформалаудағы өзара байланысты басымдықтар ке-

шенін ұсынды. Бұл – әскерлердің құрылымын өзгерту, әскери кадрлар даярлау, армияны жарақтандыру, еуропалық бірлестік армияларымен ынтымақтастық, әскери қызметтің беделін көтеру, ең ақырында әскери ұжымдардағы ұлтаралық қатынас проблемаларын шешу.

Армияны реформалау жөнінде сөз қозғағанда, мұндағы басты проблеманы бөліп көрсету қажет: Қарулы Күштер – бұл шағын, тез қимылдайтын, жаттықтырылған және елді қорғау жөніндегі міндеттерді орындай алатын, осы заманғы үлгіде жарақтандырылған әскерлер.

Келесі проблема – әскери кадрлар мәселесі. Қазақстан Қарулы Күштерінің шамамен үштен бірі кәсіби кадрлардан тұрады. Қазақстанның алдында номенклатура бойынша қажетті әскери мамандар санын даярлау міндеті тұр. Салыстыру үшін мысал: 1990 жылы КСРО Қарулы Күштерінің тізбесіне 4 мыңнан астам мамандықтар енген. Жоғары білікті армия құру үшін жеткілікті мөлшерде әскери мамандар даярлау керек. Келісім-шарт деп аталатын контрактілі жүйеге көшу әскерді мамандармен қамтамасыз етудің тиімді нұсқаларының бірі болды. Армияны ерікті тәртіппен жалдау негізінде ұйымдастыру армияны құрудың бүкіл тарихы бойында қолданылып келгенін атап көрсеткен жөн.

Қазіргі уақытта Қазақстанның Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрамалары аумақтық принцип бойынша және Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңында белгіленген тәртіппен әскери қызметке ерікті түрде (келісім-шарт – контракт бойынша) келетін әскери қызметшілерден жасақталады.

Армия сонымен қатар қаржымен және басқа материалдық қорлармен қамтамасыз етудің біртұтас жүйесіне мұқтаж болады. Халық арасында әскери қызметтің беделін көтеру қажет, ал ол үшін нақты ақпараттық саясат, баспасөзде, теледидарда, бейнероликтерде армия қызметін жарнамалап отыру керек. Мұнда, жалпы алғанда, әскери қызметті емес, әскердің нақты түрлері мен аймақтардағы қызметті насихаттау керек, өйткені алдымызда түрлі топтардағы жастарға ықпал ету міндеті тұр.

Үшіншіден, республиканың Қарулы Күштерін ең жаңа қару-жарақпен және техникамен жарақтандыру міндеті маңызды болып отыр. Әзірше Қазақстанның жеткілікті қорғаныс өнеркісібі қалыптаспағандықтан, ол өзінің қауіпсіздігін ең алдымен Ресейдің әскери рыногынан сатып алумен байланыстырады. Бұрынғы КСРО-ның бүкіл қорғаныс өнер-

кәсібінің, яғни белгілі бір формада ұлттық қауіпсіздікке қызмет еткен негізі бөлігі нақ осы Ресей Федерациясының аумағында шоғырланған. Ресейдің әскери өнеркәсібі нарықтық экономика жағдайында жаңарған экономикалық және шаруашылық жүйеге біріге отырып, негізгі өнеркәсіпті сақтай білді. Демек, Қазақстанның сатып алу саясатын және ұлттық қауіпсіздігін анықтауда Республика әлемдік стандарттар деңгейінде қару-жарақ пен техника шығаратын Ресейге бағдарлануы тиіс. Алайда Қазақстанның қорғаныс қабілеті достық қатынаста болса да, басқа мемлекетке тәуелділікте қалмайтынын атап көрсету қажет. Алдыңғы қатарлы елдердің ғылыми техникалық ілгерілеушілігін және радио-электрондық аппаратураның байланыс және басқару құралдарының, әскери авиацияның сапалы дамуын, яғни бұлар кез келген елдің қорғаныс қабілетін айқындайтынын ұдайы назарда ұстау керек.

Төртінші проблема – Қазақстанның әскери кадрларын даярлау мәселелері бойынша жақын (Ресей, Беларусь), сондай-ақ алыс (Түркия, Германия, АҚШ, Қытай, Үндістан, Пәкістан) шет елдер армияларымен ынтымақтастық орнату. Жас егеменді Қазақстан Қарулы Күштерінің қалыптасуы кезеңінде бұл ең өткір проблема болды. Алайда қазір Қарулы Күштердің құрылғанына 16 жыл өткеннен кейін бұл проблема іс жүзінде жойылды деуге болады. Тәуелсіздік жылдарында елімізде әскери жоғары оқу орындарының қуатты жүйесі қалыптасты. Оған Ұлттық қорғаныс университеті, Құрлық әскерлерінің Әскери институты, ҰҚК Әскери институты, ІІМ Ішкі әскерлерінің Әскери институты, Әскери-теңіз институты, Әскери спорт колледжі және басқа да республиканың күш ведомстволары мен Қарулы Күштері әскерлерінің барлық түрлері үшін кадрлар даярлауға мүмкіндік беретін оқу орындары кіреді.

Қуатты әскери-экономикалық және ғылыми әлеуеті мен мүмкіндіктері бар Ресей Федерациясы әскери кадрлар даярлау мәселесінде маңызды орын алады. 1992 жылдан бастап Ресейдің жоғары әскери оқу орындары мен бе-делді әскери академиялары достас Қазақстаннан жаңа курсанттар мен тыңдаушыларды қабылдап, оның Қарулы Күштері үшін тапшы әскери кадрларды даярлап келеді.

Қазақстанның Ресеймен қашан да тығыз әскери-экономикалық және стратегиялық байланыстары болып келеді. Бұған тағы бір дәлел – ең жоғары деңгейде әскери делегациялар алмасып отыру, Гвардейский поселкесінде Республика Құрлық әскерлерінің оқу орталығы полигонында өткізілетін

«Өзара әрекет ету – 2008», Ресей Федерациясының Челябинь облысындағы Шұбаркөл жалпы әскери полигонындағы «Орталық – 2008» секілді бірлескен ресей-қазақстан жаттығуларын өткізу.

Әскери салада Қазақстанды әлемдік бірлестіктің толық құқықты мүшесі ретінде таныған дүние жүзінің басқа да елдерінде білікті офицерлер кадрлары даярлануда. Бұл үрдістің теориялық тұрғыда ғана емес, іс жүзінде нәтижелі өтіп келе жатқанын атап көрсетуге болады. Бұл ҚазБат және Ресей, АҚШ, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан әскери қызметшілерінің қатысуымен жыл сайын өтетін халықаралық көлемдегі «Дала қыраны» бірлескен бітімгерлік жаттығуларынан көрініс тапты. Мұндай жаттығуларда елдердің ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бірлескен мүдделілігі айқын көрінеді.

Әскери құрылыс, әскери кадрлар даярлау тәжірибесін алмасу бағытында Қазақстан Қарулы Күштер офицерлерінің шетелдердің әскери-оқу орындарына беру жүйесі жолға қойылған, Тәуелсіз Қазақстанның әскери білім беру саласындағы саясатын қолдайтын бұл елдерден тәжірибе алған бүгінгі академия тыңдаушылары мен курсанттары күні ертең мемлекет элитасын құрап, өз мемлекетінің геосаяси бағдарларын айқындайтын болады.

Шетелдермен ынтымақтастық орнату Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын жетілдіруге, олардың жауынгерлік даярлығын арттыруға, қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Президент Н.Назарбаев көтерген бесінші проблема, бұл әскери адамның беделін көтеру. Әскери қызметтің көптеген қиындықтары мен проблемалары бар. Мемлекет бірқатар жеңілдіктер беру, ақшалай жәрдем көрсету, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту арқылы олардың орнын толтыруда. Әскери мәселелерге қатысты бірқатар заңдар қабылданған.

Қазақстан Республикасының Президенті 1997 жылғы 26 наурызда ТМД елдерінің басқа да басшыларымен бірге «ТМД елдеріндегі әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілерді, азаматтарды және олардың отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы келісімге» қол қойды.

Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Заңдағы көптеген мәселелердің дұрыс шешілуі әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілер, азаматтар үшін Қазақстан Республика-

сының «Әскери қызметшілер мен олардың отба-сыларының мәртебесі және әлеуметтік қорғалуы туралы» Заңда, Қазақстан Республикасы Президентінің «Соғысқа қатысушыларға, мүгедектерге және оларға теңестірілген азаматтарға берілетін жеңілдіктер және әлеуметтік қорғау туралы» заң күші бар Жарлығында баяндалған көптеген жеңілдіктерді сақтауға мүмкіндік береді.

Алтыншы проблема – әмір беру тілі мәселесі. Республиканың ұлттық егемендік және мемлекеттік тәуелсіздік алуына орай өндірістік, шаруашылық тұрмыстық және әскери салалардағы қатынас құралы ретінде тіл проблемасы пайда болды. Бұл проблеманың жоғары дәрежеде саясаттануы көбіне жаппай ұлттық-мәдени жаңғыру процесіне байланысты болды.

Мемлекеттік тәуелділікке ие болған алғашқы күннен-ақ қазақ тілі өзіне жіті назар аударуды қажет етті. Қазақстан Конституциясының 7-бабында (1,2-тармақтар) былай деп атап көрсетілді: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады».

Негізгі ұлттың тіліне «тендестер арасындағы бірінші» ретінде болуға ұмтылуда, қайткенмен де орыс тілінің ең көп-ұлтты мемлекеттегі әмбебап коммуникация құралы ретінде ақпарат жеткізу және алмасу қызметін атқарып, бұрынғы кеңестік кеңістікке аумақтық және аумақаралық тұрақты байланысты қамтамасыз ететінін, жаңа республикалардың Конституцияларында көрсетілгендей, біртіндеп мемлекеттік тілге орын беретінін мойындау қажет.

1997 жылғы 11 шілдеде қабылданған, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңда былай деп көрсетілген: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, сондай-ақ барлық әскери және әскерилендірілген құрамаларында, мемлекеттік бақылау және қадағалау, азаматтарды құқықтық қорғау ұйымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінің қызмет етуі қамтамасыз етіледі».

Әскери саладағы әмір беру тілінің ұлттық аспектілері әскери реформаның іс жүзінде әрбір бағытында басымдыққа ие бола бастаған кезде әмір беру тілінде жаңаша жағдай қалыптасты.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңға сәйкес Қарулы Күштерде мемлекеттік тілдің мәртебесін орнықтыру мәселесіне зор көңіл бөлінеді. Жоғары әскери

оқу орындарында, барлық бөлімдер мен бөлімшелерде қазақ тілін оқып үйрену, іс қағаздарын жүргізу, тәрбиелік, мәдени-көпшілік шаралар қарқынды түрде қолға алынды, әскери даярлықтың көптеген сабақтары мемлекеттік тілде жүргізілуде, әскери қызметшілердің күнделікті жарғылық қарым-қатынасы (әмір беру, өзінен жоғары тұрған басшылыққа баяндауы) қазақ тілінде жүргізіледі.

Қарулы Күштерге қазақ тілін енгізуде Қызыл Армияның ұлттық бөлімдерінің Азаматтық және Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы тәжірибесі пайдаланылады.

Көптеген проблемалары бар әскери ұжымдардағы ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі жетінші проблема болып отыр. Біздің ұлттық сана-сезіміміз ұзақ уақыт бойы маркстік-лениндік идеологияның тұрпайы нұсқасының құрсауында болып келді. Бұл тұста да, адамдардың, оның ішінде әскери ұжымдардың мінез-құлқы мен тұрмыс салтындағы ұлттық ерекшеліктермен байланысты проблемаларды шешу қажеттігі болып отырды. Бұл проблемалардың шешілуі көп ретте жастармен жұмыс жүргізуге көп көңіл бөлу, оларды кеңестік патриотизм рухында социалистік интернационализм, халықтар достығы рухында тәрбиелеу керек деген ұрандармен ғана шектелумен болды.

Қазақстан Қарулы Күштерінде әуелден-ақ көпұлтты әскери ұжымдардағы қарым-қатынастар шынайы достық пен туысқандық негіздерінде құрылуы үшін объективтік жағдайлар болды. Олардың ішінде, сөз жоқ, жеке құрамның тәуелсіз Қазақстанның сенімді қауіпсіздігіне, бөлім мен бөлімшелердің жауынгерлік даярлығын нығайту жолында бірлесе жеңуге тура келетін қиындықтарға ортақ мүдделілігі бар. Бұл сондай-ақ жас жігітке күн сайын Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың өкілдерімен дерлік қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін армиядағы ұжымдардың көпұлттылығы болды.

Алайда мұндай мүмкіндіктер өзінен-өзі заңдылық пен құқық тәртібінің орындалуына кепілдік бола алмайды. Көпұлтты әскери ұжымда аймақтық белгілері бойынша бейресми топтардың пайда болуы құқық бұзушылықтың басты себептерінің бірі болады. Әскери қызметтің алғашқы кезеңдерінде жас сарбаз өзін сенімсіз ұстайды, бұл, әрине бөгде ортаға, жаңа тұрмыс салтына, туған жерден, туыстардан қашықтығына, орыс немесе қазақ тілін нашар білетініне байланысты болуы мүмкін. Сондықтан оның өз жерлестеріне жақындап, осы арқылы үйімен, достарымен алшақтықтың



орнын толтыруға тырысатынын түсінуге болады. Алайда мұндай «жерлестік» топтарда ұлттық менмендік (әдетте, бейресми жетекшінің ықпалымен) үстемдік ете бастаса, онда бұл тұтас алғанда, әскери ұжымның топтасқандығына теріс әсер етуі мүмкін. Егер ұлттық өзімшілдік басым түсетін болса, тіпті кездейсоқ, болмашы әлеуметтік-тұрмыстық жан-жал әсіресе «жерлестік» белгілері бойынша ұлттық топтар қалыптасқан ұжымдарда ұлттық реңкке ие болатын қауіп туады. Мұндай жағдайда «жерлестің әрекеті қашан да дұрыс» дейтін әлеуметтік-психологиялық жалған стереотип үстемдік етеді.

Сондықтан мұндай проблемаларды шешу үшін әскерлерде белгілі бір шаралар жүргізілді. Жастармен жұмыс жүргізетін офицерлер лауазымы қалпына келтірілді. Әрбір бөлімде «ұжым жетекшісі» қоғамдық лауазымы қайтадан енгізілді. Қарулы Күштер түрлеріндегі, олардың бөлімдері мен құрамаларындағы штаттарға әлеуметтанушылар лауазымдары қосылды. Бөлімдер мен құрамаларда реабилитациялық бөлімшелер құрылып, ойдағыдай қызмет етуде, тұңғыш рет әлеуметтік араағайындар лауазымы енгізілді.

Сегізінші проблема – Қарулы Күштерде «Әлімжеттілік» болып саналатын Жарғыдан тыс қарым-қатынастарды жою – бүгінде өзекті мәселе болып отыр. Оны шешудің бірнеше жолдары бар:

- армияны келісім-шарттық (контрактілік) негізге көшіру;
- құқық бұзушыларға тәртіптік ықпал етуді күшейту;
- Жарғыға жат қатынастар үшін қылмыстық жауаптылықты қатайту;
- соттылығы бар адамдарды қызметке шақырудан бас тарту;
- Жарғыға жат фактілерді жасырғаны үшін командирлердің жауаптылығын күшейту.

Қазақстан армиясын жаңа сапалық негізде құру әскери ұжымдардағы ұлтаралық қатынастар проблемаларына басыншы жіті көңіл бөлуді қажет етеді.

Ол үшін мынадай сәттерге назар аудару керек:

- 1) армияның, әсіресе командалық және әскери-техникалық кадрлардың құрамын одан әрі интернационалдандыру;
- 2) офицерлік кадрлардың жалпы мәдениет деңгейін көтеру, олардың материалдық, әлеуметтік қорғалуын зерттеу, тұрмыстық проблемаларын шешу;
- 3) республикадағы демографиялық жағдай мен көші-қон саясатына ұдайы талдау жасау, армия бөлімдері мен

бөлімшелерін ұлттық құрамы бойынша пропорциялы толықтыру;

4) жас сарбаздар жаппай келе бастаған кезде әскери тәртіптің бұзылуы фактілерін жасыруға, жүгенсіздікке жол бермеу мақсатында қазақ және орыс тілін білетін, тексеруден өткен тәжірибелі адамдардан кіші және ортаңғы буын командирлерін тағайындау;

5) әскерлерде арнайы тілдік және техникалық білім беру бағдарламаларын құру жөніндегі жұмысты жандандыру;

6) армияға шақырылатындармен жұмыс жүргізуге офицерлерді және негізгі ұлтқа жатпайтын өкілдерді кеңінен тарту;

7) жастардың басында армия дегеніміз – бұл қатаң тәртіп, сонымен бірге адамның абсолюттік кепілдігі деген белгілі моральдық-психологиялық стереотипті қалыптастыру.

Бүгінде әлемдік, аймақтық, сондай-ақ мемлекеттік деңгейдегі әскери-саяси жағдай, өтіп жатқан процестердің мәнін терең түсінуді ғана емес, сонымен қатар, әрбір әскери қызметшінің мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өз орнын айқын ажырата білуін талап ететін әдеттегіден тыс, күрделі күйінде қалып отыр.

Қоғамда болып жатқан сапалық өзгерістер Отанға деген сүйіспеншілік, борыш, Атамекенді қорғау жолында өз өмірін қиюға даяр болу секілді идеялық және рухани құндылықтар жүйесінде де айтарлықтай өзгерістер туғызды. Командирлер өздерінің қарамағындағы сарбаздармен күнделікті қарым-қатынаста әдеп сақтап, республиканың түрлі аймақтарынан шақырылған сарбаздардың ұлттық намысына шынайы құрметпен қарауы тиіс. Қазақстанда тұратын халықтардың тарихын, мәдениеті мен әскери дәстүрлерін зерттеп біліп, өз бойында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуі қажет.

Қазақстанның Қарулы Күштері болашақта кәсіби күштерге айналады. Бұл жеке құрамға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығын бұрынғыдан да арттыра түсуі тиіс, өйткені кәсіби жауынгер – бұл қару-жарақты, техниканы өте жақсы қолдана білетін тамаша маман ғана емес, сонымен қатар еңбектің маңызын жақсы сезінетін, оның патриоттық парызы неден тұратынын түсіне білетін азамат болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы, 1998 ж.
2. Указ Президента РК Н.А. Назарбаева о внесении изменений и дополнений в Закон РК «О всеобщей воинской обязанности и военной службе» – «Казахстанская правда». 22 ноября 1995 г.
3. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития суверенного Казахстана. – Алматы: РГЖИ «Дәуір». 1992 г.
4. Назарбаев Н.А. Пять лет независимости. – Алматы: «Казахстан», 1996 г.
5. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: «Өнер», 1996 г.
6. Назарбаев Н.А. Послание Президента народу Казахстана.– «Казахстанская правда». 30 ноября. 1997 г.

### I. Мұрағаттық қорлар

1. Томск Мемлекеттік университетіндегі ғылыми кітап-ханада сақталған 18-дәптер. Зюнгар шежіресі мен материалдары, 15-73-беттер.
2. Ресей сыртқы саясатының мұрағаты (АВПР) Қырғыз-қайсақ істері қоры, 1743, 3-іс.
3. Фонд Зюнгарские дела, оп 113-1, 1752-1753 гг. Д. 5 лл 3-42.
4. АВПР. Фонд Зюнгарские дела, оп 113/1, 1753 год. Дело 2. лл 6-11
5. АВПР. Фонд Сибирские дела, оп 130/2, 1746–1754 гг. Д. 1, лл 4-80.
6. АВПР. Фонд Зюнгарские дела Д. 4, 1756 г. лл 17-235;
7. АВПР. Қырғыз-қайсақ істері, бас мұрағат, 1-9 қорлар
8. АВПР. Фонд Киргиз-кайсацкие дела, 1758., Д. 4 лл 110-200;
9. Ежелгі актілер орталық мемлекеттік мұрағаты (ЦНА-ДАРФ), 119-құжат, қалмақ істері; Қырғыз-қайсақ істері; 349, 1100, 1267, 1274;
10. Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты. фонд 3, 19, 67, 270, 366, 662, 1089.
11. АВПР. Фонд Зюнгарские дела, оп 113/1, 1758 год. Д. «4 лл 2-32»

### II. Құжаттар мен материалдар

1. Аммиан Марцелин. История. Вып. III. Киев, 1908.
2. Арриан. Анабазис Александра. АПБ. 1912; Он не индия. Журнал «Вестник древней истории» №2, 1940.
3. Аристотель. Политика., пер. Жабелева. СПб, 1911; Политика, афинская политика. – М., 1997.
4. Геродот. История в девяти книгах., пер. Мищенко. Т, 4. СПб, 1913.
5. Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв., Сборник документов и материалов. А., 1961.
6. Курции Квинт. История об Александре Македонском, ч. 1-2, СПб 1819.
7. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов). Алматы, 1961.
8. Материалы по истории Сюнну по китайским источникам. М., 1968.
9. Материалы по истории казахских ханстов XV–XVIII вв., извлечения из персидских и тюрских сочинений. А., 1969.
10. Образование казахской ССР; Сборник документов и материалов. А., 1948.
11. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. 1 СПб, 1885.

12. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. 2. М. – Л., 1941.

13. Юстиан. Всеобщая история. Ч. 1., глШ. СПД., 1911

14. Хроника Даоцинской династии года, правления императора Гао-Цзун Токио., 1937., Цзюнь (Глава) с. 512: (Да цин Гао-Цзюн Чинь Хуанди Шилу (цз 548 ЛЛ4-13; цз 780 ЛЛ14-35; «Цинь дин пин дин Чжуньгер фанлюс Чжанбень» цз 27 ЛЛ21-216; лл. 5-66; 76., «Да цин Гао Цзун Чунь Ху-анди Шилу» Цз 520, л 8.)

### III. Монографиялар, жинақтар, естеліктер, оқулықтар.

15. Аманжолов К. Әкенің жолы–ұлға үлгі.– Алматы, 1988.

16. Аманжолов К. Екінші дүниежүзілік соғыс.– Алматы, 1995.

17. Аманжолов К. Ерліктің жарқын беттері.– Алматы, 1987.

18. Аманжолов К. Жауынгерлік туы астында. – Алматы, 1991.

19. Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. 2-кітап. – Алматы, 1997.

20. Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. 3-кітап. – Алматы, 1999.

21. Аннинский С.А. Известие венгерских миссионеров. XIII–XIV вв. О татарах и Восточной Европе. т. 3. М. – Л., 1940.

22. Аристов Н.А. Түркі тайпалары мен халықтарының эт-никалық құрамы және олардың саны туралы ескертпелер. СПб, 1887.

23. Археологическая карта Казахстана. – Алматы, 1960.

24. Әбілғазы. Түркі шежіресі. – Алматы, 1992.

25. Ахынжанов С.М. Кыпчаки в истории Средневекового Казахстана. – Алматы, 1989.

26. Әбілдаев Б. Аңырақай шайқасы. Қазақ батырлары.

27. Бабыр Закир ад-дин. Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Б.Қожабек-ұлы. – Алматы, 1993.

28. Бортольд В.В. Очерки истории Семиречья. – Фрунзе, 1953.

29. Бортольд В.В. Собрание сочинении. т. 1. – М., 1963.

30. Бортольд В.В. Собрание сочинении. т. 3. – М., 1965.

31. Бортольд В.В. Собрание сочинении. т. 5. – М., 1968.

32. Бичурин М.Я. Историческое обозрение ойратов и калмыков с XV столетия до настоящего времени. – С-Петербург, 1834.

33. Бичурин М.Я. Собрание сведения по исторической географии Восточной и Средней Азии. – Чебоксары, 1960.

34. Большаков О.Г. К истории Таласской битвы 751 г // Страны и народы Востока. – М., 1980, Вып. 22. кн. 2. 35

35. Бор-Раминский Е.Г. Феодално-рыцарское ополчение. – М., 1947.

36. Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. – Алматы, 1955.

37. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинении. т. 1. – Алматы, 1961.

38. Васильев В.П. История и древности восточной части Средней Азии от X до XIV вв. СПб, 1859.

39. Витевский В.Н. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Историческое монография. Вып. 2. – Казань, 1890.

40. Владимирцов Б. Общественный строй монголов. – Л., 1934.

41. Воробьев М.В. Чжуржени и государство Цзинь. – М., 1975.

42. Вяткин М. Қазак ССР тарихының очеркі. – 1941.

43. Греков И.Б. Шахмоғоно Ф.Ф. Мир истории.–М., 1986.

44. Греков И.Б. Якубовский. Золотая Орда. – Л., 1937.

45. Гурьевич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII пер. Полов XIX века. – М., 1983.

46. Дельбрюг Г. История военного искусства в рамках политической истории. Т.2. – М., 1937.
47. Довженко В.И. Землеустройство Древней Руси. – Киев 1967.
48. Дьякнов И.М. Методическое исследование по этнической истории киммерийцы-этнической проблемы истории Центральной Азии в древности. – М., 1981.
49. Златкин И.Я. История джунгарского ханства (1635-1758 гг.). – М., 1983.
50. Златкин И.Я. Русские архивные материалы об Амурсане. Филиология и история монгольских народов. – М., 1958
51. Иакинов. История первых 4-х ханов из домов шингизова. СПб, 1829.
52. Иванин М.И. О военном искусстве и завоеваниях мон-голо-татар и среднеазиатских народов. СПб, 1875; –Алматы 1998.
53. Қадырбаев М.К. Новое в археологии казахстана. – Алма-ата, 1968.
54. Қазақ ССР тарихы 1-т. – Алматы, 1957
55. Қазақ ССР тарихы 2-т. – Алматы, 1981
56. Қазақ ССР тарихы 3-т. –Алматы, 1982
57. Қазақ тарихи жырларының мәселелері.–Алматы, 1979.
58. Каргалов В.В. Внешнеполитические факторы развития феодальной Руси.– М., 1967.
59. Карамзин И.М. История государства Российского т. 5.– М., 1993.
60. Қасымбаев Ж. Жоңғар-қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер// “Қазақ тарихы” кітабында, 1993.
61. Козин. Сокровенное сказание. – М., 1941.
62. Кляшторный С.Г. Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий.– Алматы, 1992.
63. Левшин Л.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб, 1932.
64. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии. – М.-Л., 1959.
65. Марко Поло. Путешествия. – Л., 1940.
66. Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. т. 14.
67. Маркс К., Энгельс Ф. Шығармалар. 11-т.
68. Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. – Алматы, 1994.
69. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи в XVII-XVIII вв. – Алматы, 1991.
70. Оссон Д. История монголов. т. 1. Иркутск, 1937.
71. Очерки истории Китая с древнейших до опиумных воин. под. ред. Шан Юа. М., 1959.
72. Очерки по истории Русской деревни X-XIII вв. – М., Л., 1967.
73. Пашуто В.Т. Героическая борьба русского народа за независимость XIII в.– М., 1956.
74. Пашуто В.Т. Очерки по истории Галицко-Волынской Руси. – М., 1950.
75. ПIANO Карпини. История монголов. – М., 1957.
76. ПIANO Карпини. Гильома де Рубрук. Путешествия в Восточные страны.– Алма-Ата, 1993.
77. Тихомиров М.Н. Древнерусские города. – М., 1956.
78. Толочко П.П. Древний Киев. 1983.
79. Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993.
80. Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. 4-т. – Алматы, 1985.
81. Урланис Б.Ц. Рост населения в Европе. – М., 1941.
82. Қазыбек Тауасарұлы. Түп-тұқияннан өзіме шейін.– Алматы. 1993.

83. Щербина Ф.А. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по пользованию степных областей Семипалатинской области Павлодарского уезда. т. 4. 1923.

84. Ар-Рашид ибн аз-Зубаир. Китаб аз-заха, ир ва-т-Тухив ш-л. Кади ар-Рашид ибн аз Зубаир. – Ал-Кувайт. 1959. т. 2; т. 4.

85. Al-Magdisi. Le livre de la creation l'histoire de Votahhar ben Tahir el Magdisi6 puvlie ... paz CI Huart т. 6. p. 1919.

86. Да Цин Гао-Цзун Чунь Хуанди шилу (“Хроника Дацинской династии цзуна”)– Токио, 1937. гл. 512.

87. Циньдин пин дин чжунгер фанлюс, чженбянь. цз. 27, цз. 28. Да Цинь Гао-цзун Чунь хуанди шилу. цз 520, 548, 780.

88. Сун Юнь Цинь дин Синьзян Шилгос. Б.М. 1821, Цз. 7, л 1 с.

#### IV. Анықтама, энциклопедиялар

1. Военная энциклопедия Т. 9. СПб, 1913.

2. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 1, 2, 4, 6, 8, 9, 10, 11-том-дар. – Алматы, 1972.

#### V. Мерзімді басылымдар

1. Вилинбахов В. Источники требуют критического подхода. // Военно-исторический журнал. 1961. №4.

2. Кәкішев Т. Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы. «Қазақстан коммунисі». №5, 1990.

3. «Қазақстан коммунисі». 1991. №2.

4. Сүлейменов Р. Абылай: Аңыз бен ақиқат. «Қазақстан коммунисі». 1991. №2.

5. Көшеев В.Б. Еще раз о численности монгольского войска в 1237 г.

6. Нұрпейісов Ы., Мектеп А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармалары. “Ақиқат”. 1998. №3.

7. “Вестник Каз МУ. 1999. №1- 2.

8. Шалекенов У.Х. Ертедегі және орта ғасырдағы қазақ жеріндегі қалалар. “ҚазМУ хабаршысы”. Тарих сериясы, 1999. №2.

9. Хасенов А. Жүз жылдық жосын., Тарихымызды таразыласақ. «Қазақ әдебиеті». 1990, 12 қазан.

10. “Социалистік Қазақстан. 1991, 16 ақпан.

11. Орынтаев К. Абылайкит бұтханасы. «Дидар». 1991, 4 қазан.

12. «Қазақ әдебиеті». 1991, 1 қараша.

13. Рысбайұлы Қ.Қойгелді батыр. «Егемен Қазақстан», 1992. 21 қараша.

14. “Егемен Қазақстан”, 1993. 27 ақпан.

15. “Қазақстан сарбазы”. 1993, 13 маусым.

16. Кәрібаев Б. Қасым хан. «Егемен Қазақстан». 1996, 24 желтоқсан.

17. Кәрібаев Б. Жәнібек хан. «Егемен Қазақстан». 1997, 14 маусым.

18. Кәрібаев Б. Бұрындық хан. «Егемен Қазақстан». 1998, 16 қазан.

19. “Егемен Қазақстан” 1998. 11 қараша.

20. “Егемен Қазақстан” 1998. 25 қараша.

21. “Егемен Қазақстан” 1998. 2 желтоқсан.

22. “Егемен Қазақстан” 1998. 10 желтоқсан.

23. “Егемен Қазақстан” 1999. 27 наурыз.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
<b>I тарау.</b> Сақтар. Сақтардың парсы патшасы Кирді жеңуі және Александр Македонскиймен соғысы (б.з.д. 529, 330–328 жж.).....	6
§1. Сақтардың мекендеген жерлері.....	6
§2. Сақтардың қаруы, әскери өнері және парсы патшасы Кирді жеңуі (б.з.д. 529 ж.).....	8
§3. Сақтардың Александр Македонскиймен соғысы (б.з.д. 330–328 жж.).....	11
<b>II тарау.</b> Хұн, Түрік империялары. Олардың әскери құрылымы, соғыс өнері және жорық жолдары (б.з.д. I II ғ. – VIII ғ.).....	16
§1. Хұн империясындағы әскери өнердің дамуы және олардың жорықтары.....	16
§2. Түрік империясының әскери құрылымы мен соғыс өнері (VI – VIII ғғ.).....	24
§3. Түргеш қағандығы және оның Талас шайқасында Қытай армиясын жеңуі (751 ж.).....	27
<b>III тарау.</b> Шыңғыс хан империясы және монғол-татар қарулы күштерінің ұлттық құрамы, соғыс өнері, жорық жолдары.....	30
§1. “Монғол” және “татар” атауларының калыптасуы.....	30
§2. Шыңғыс хан әскерінің ұлттық құрамы мен саны.....	32
§3. Монғол мемлекеті және оның қарулы күші.....	36
§4. Монғол-түріктердің соғыс өнері.....	43
§5. Сүбедей жорығы және Қалқа бойындағы шайқас.....	47
§6. Монғол-түріктердің Еуропаға жорығы.....	49
§7. Монғол-түрік әскерінің тактикалық және стратегиялық ерекшеліктері мен командалық құрамы.....	55
§8. Темірлан армиясы және оның соғыс өнері. Монғол-түрік мемлекетінің ыдырауы.....	58
§9. Темірлан кезіндегі әскери өнердің дамуы.....	63
§10. Монғол-түрік әскерінің барлау ісі және қарсыластарына іріткі ұйымдастыру тәсілдері.....	72
<b>IV тарау.</b> Қазақ хандығы және қазақ хандарының соғыс өнері, әскери жорықтары. Жалпыға бірдей әскери міндет (1466–1718 жж.).....	74

§1. “Қазақ” атауының хатқа түсуі.....	74
§2. Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы.....	76
§3. Қазақ хандарының әскери жорықтары және олардың қазақ мемлекетінің нығайтуға қосқан үлесі.....	84
§4. Қазақ хандығындағы жалпыға бірдей әскери міндет және әскери өнердің дамуы (XV ғ. 2-жартысынан XVIII ғ. 1-жартысына дейін).....	102
<b>V тарау. Қазақ және жоңғар хандықтары арасындағы соғыс және жоңғар хандығының күйреуі (1635-1758 жж.).....</b>	<b>111</b>
§1. Қазақ-жоңғар соғысының қысқаша тарихнамасы.....	111
§2. Жоңғар, ойрат, калмақ сөздерінің қалыптасуы мен жоңғар хандығының құрылуы және сыртқы саясаты.....	122
§3. Қазақ жеріне шабуылдаушы жоңғар әскери тобының стратегиялық мақсаты және соғысушы екі жақтың әскер саны (1723–1727 жж.).....	127
§4. Қазақ-калмақ соғысындағы түбегейлі бетбұрыс және Аңырақай шайқасы (1730 ж.).....	134
§5. Аңырақай шайқасынан кейінгі жоңғарлар және Абылай басшылығындағы қазақ әскері (1731–1745жж.).....	141
§6. Қазақтардың азаттық шабуылы және жоңғар хандығының күйреуі (1746–1758 жж.).....	147
§7. Қазақ-жоңғар соғысында тарих көшін бастаған батырлар....	155
<b>VI тарау. Қызыл Армияның Қазақстанда құрылған ұлттық бөлімдері (1918–1940 жж.).....</b>	<b>167</b>
§1. Түркістан Автономиялы Кеңестік Республикасы құрған қазақтың әскери бөлімдері.....	168
§2. Қазақ өлкелік әскери комиссариаты жанында құрылған Қызыл Армияның ұлттық бөлімдері.....	182
§3. Қазақтың 48-ұлттық атты әскер полкі (1925–1938 жж.).....	203
<b>VII тарау. Екінші дүниежүзілік соғыста қазақстандық құрамалардың жеңіспен өткен жолдары (1941–1945 жж.).....</b>	<b>207</b>
§1. Жорық жолын Мәскеуден бастаған құрамалар.....	207
§2. Мәскеуді қорғаған қазақтың ұлттық құрамалары.....	240
§3. Сталинградты қорғаушы қазақстандықтар.....	251
§4. Ленинград қаласын қорғаған қазақстандық құрамалардың ерлік жолы.....	281
§5. Қазақстан аумағында орналасқан әскери оқу орындары.....	288
§6. Екінші дүние жүзілік соғыстың негізгі қорытындылары.....	291
<b>VIII тарау. Қазақстанның Қарулы Күштері: қалыптасуы және болашағы.....</b>	<b>294</b>
Қазақстан Республикасының әскери доктринасы.....	297
Қазіргі Қазақстан армиясы.....	299
Әскерлердегі негізгі проблемалар және оларды шешу жолдары.....	306
<b>Пайдаланылған әдебиеттер.....</b>	<b>314</b>